РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

1

ДАЛА ФОЛЬКЛОРЫНЫН АНТОЛОГИЯСЫ



БАТЫРЛАР ЖЫРЫ



«Дала фольклорының антологиясы» жобасы
Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың
«Ұлы даланың жеті қыры» еңбегінде көтерген бастамасымен
«Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасының аясында
жүзеге асырылды

«ДАЛА ФОЛЬКЛОРЫ МЕН МУЗЫКАСЫНЫҢ МЫҢ ЖЫЛЫ» ЖОБАСЫНЫҢ РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚАСЫ

Тәжин М. М., төраға
Балаева А. Ғ., жауапты хатшы

Әзібаева Б.У.
Әлбеков Т.К.
Жүсіпов Н.Қ.
Керім Ш.Т.
Күзембай С.Ә.
Қазтуғанова А.Ж.
Қасқабасов С.А.
Қирабаев С.С.
Қоңыратбай Т.Ә.
Қорабай С.С.
Матыжанов К.І.
Пангереев А.Ш.
Рахымов Б.С.
Ыбыраев Ш.Ы.

ДАЛА
ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ
АНТОЛОГИЯСЫ



ОН ТОМДЫҚ

1
ТОМ

БАТЫРЛАР ЖЫРЫ

Алматы, 2019

УДК 398
ББК 82
Д 15

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитетінің тапсырысы бойынша шығарылды

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Жалпы редакциясын басқарған
филология ғылымдарының докторы Матыжанов К. І.

Томның редакция алқасы: Матыжанов К. І. *(төраға)*, Қалиева А. Қ. *(жауапты хатшы)*, Қасқабасов С. А. *(ғылыми редактор)*, Әлбеков Т. К. *(жауапты редактор)*, Алпысбаева Қ. Б. *(жауапты шығарушы)*, Құрманғалиев Т. Қ. (*музыкалық редактор*).

Пікір жазғандар: профессор, доктор Фикрет Түркмен (Түркия),
филология ғылымдарының докторы, профессор Ыбыраев Ш. Ы.,
филология ғылымдарының докторы, профессор Жүсіпов Н. Қ.

Д 15 **Дала фольклорының антологиясы:** Он томдық / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Қ. Б. Алпысбаева, Ж. Ж. Шалғынбай, А. Оралбек, Қ. С. Ахметжанов. – Алматы: Brand Book, 2019.

ISBN 978-601-7218-29-4

Т. 1: Батырлар жыры. – 2019. 560 б.

ISBN 978-601-7218-30-0

Дала фольклоры антологиясының алғашқы томы батырлар жырына арналған. Оның «Көне эпос» деп аталатын бірінші бөліміне «Құламерген», «Дотан батыр» жырлары, «Батырлар жыры» деп аталатын екінші бөліміне «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Ер Едіге», «Шора батыр» сияқты классикалық эпостың таңдаулы үлгілері топтастырылған.

Кітаптың аудиожазбасы мен электронды нұсқасын көрсетілген QR код арқылы танымал порталдар мен сайттардан жүктеп алуға болады.

Антология мектеп оқушыларына, арнаулы және жоғары оқу орындарының студенттеріне, фольклорлық мұраны қастер тұтатын қалың оқырман қауымға арналған.

УДК 398
ББК 82

ISBN 978-601-7218-30-0 (том 1)
ISBN 978-601-7218-29-4 (жалпы)

© М.О. Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институты, 2019



«Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» жобасының аясында бізге «Дала фольклорының антологиясын» жасау керек. Мұнда Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілері — ертегілері, аңыз-әфсаналары, қиссалары мен эпостары жинақталады.

...Ұлы даланың фольклоры мен әуендері заманауи цифрлық форматта «жаңа тыныс» алуға тиіс.

Біздің мәдениетіміздің негізгі сюжеттерінде, кейіпкерлері мен сарындарында шегара болмайды, сол себепті оны жүйелі зерттеп, бүкіл Орталық Еуразия кеңістігі мен барша әлемде дәріптеуге тиіспіз.

Қазақстан Республикасының
Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың
«Ұлы даланың жеті қыры» атты еңбегінен

ДАЛА ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ ЖАУҺАРЛАРЫ

Қазақтың ілкі замандардан бергі атамекені — Ұлы дала қаншалықты кеңбайтақ, жазиралы жеруйық болса, оның рухани мұрасы да соншалықты шұрайлы, әлемде баламасы жоқ асыл қазына. Бағзыдан бүгінге тас бұлақтың тамшысындай мөлдіреп жеткен жыр жауһарлары — қазіргі қоғамда жүргізіліп жатқан «Рухани жаңғыру» үрдісіне де құнарлы нәр беретін ұлттық рухымыздың кәусар бұлағы. Сондықтан да Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасы Н. Ә. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» еңбегінде: «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек. ...Сол арқылы түп-тамырымызды білуге, ұлттық тарихымызға терең үңіліп, оның күрмеулі түйінін шешуге мүмкіндік туады», — дей келіп, «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» жобасының аясында «Дала фольклорының антологиясын» басып шығару қажеттігін күн тәртібіне қойды.

Қазақ фольклорының ең таңдамалы туындыларын топтастырған онтомдық антология — сол игі бастаманың алғашқы нәтижесі. Көлемі жағынан да, мазмұн байлығы тұрғысынан да әлемдік рухани мәдениеттің алтын қорынан ойып орын алатын Ұлы даланың сөз өнері — адамзат өркениетінің ешқашан ескірмейтін інжу-маржандары. Оның телегей-теңіз кең шалқары мен тұңғиық терең тылсымы жаһан жиһанкездері мен әлемтанушы ғалымдарды ғасырлар бойына таңдандырумен келеді.

Қазақ халқының тарихи тағдыры қаншалықты қилы, соқтықпалы-соқпақты дәуірлерді бастан кешірсе, оның рухани мұрасының даму, өркендеу, жиналу, жариялану, зерттелу тағдыры да соншалықты күрделі.

Уақыт тезінде шыңдалып, еленіп-екшеліп, ауызша жадының үздік үлгісіне айналған халық шығармашылығы — жұртымыздың ықылым замандардан бергі елеулі оқиғаларын, дәстүрлі дүниетанымын, тарихи тұлғаларын сөзбен сомдаған көркем шежіресі, еліміздің ұлт болып ұйысу кезеңдерінен, азаттық, еркіндік жолындағы сан алуан күрестерінен хабар беретін ұлттық санамыздың адастырмас темірқазығы, қазіргі тілмен айтқанда — «ұлттық коды».

Сондықтан да халықтың бүкіл тарихи жадын, көркемдік ой-толғамын, рухани өресі мен талғам-таразысын, ұлттық болмыс-бітімін, тілін, ділін, діни наным-сенімдері мен асқақ асыл мұраттарын бойына сіңірген мәйекті рухани мұра жылдар өткен сайын өзіне ынтықтыра түседі. Демек, фольклордың көп нұсқалы, синкретті, көп қатпарлы, көп сатылы табиғаты — заман жаңарған сайын оралып соғып, ұлттық даму үрдісін оқтын-оқтын бағамдап отыратын рухани бағыт-бағдар.

Сөз жоқ, халық шығармашылығы өзінің қалыптасу, даму жолында толассыз толығып, көркемдік-мазмұндық сапасы үздіксіз жетіліп отырды. Фольклорлық туындылардың мазмұны мен көркемдік кестесі де заман

үрдісіне қарай үздіксіз түрленумен келеді. Дәуір озған сайын оның эстетикалық, сейілдік, тәрбиелік мәні де ұштала түседі. Дегенмен, салыстырмалы түрде қарағанда, фольклордағы өзгерістер өте баяу жүреді, ол уақыт тезіне өте төзімді, дәстүрге берік, ғасырлар бойы орныққан мән-мазмұн мен формуларды аса ұзақ сақтайды. Алайда оның орнын жазба әдебиет пен кәсіби өнер алмастырған кезде фольклордың дамуы баяулап, тіпті тоқырауға ұшырайды деуге де болады. Сондықтан да оның бізге жеткен жанрлық түрлері мен құрамы тұрақты күйге түседі. XIX ғасырдың ортасына дейін көшпелі өмір салтын берік ұстанған қазақ даласында халық шығармашылығы кең қанат жайып, біздің дәуірге дейін қалпы бұзылмай сақталып келді. Сол себепті де оның ғалам жиһанкездері мен ғалымдарының, қазақ зиялыларының қамқор қолымен хатқа түскен үлгілері өркениетті деп есептелетін елдердің мұраларынан көлемі мен мазмұн байлығы тұрғысынан үстем болмаса, кем түспейді.

Ғалымдар фольклордың түп төркінін сонау алғашқы рулық қауымнан бастайды. Оның бүкіл болмыс-бітімінде Ұлы дала тарихында болып өткен тарихи кезеңдердің табы айқын таңбаланған. Халықтың тарихымен, тұрмыс-тіршілігімен, наным-сенімімен, әдет-ғұрпымен, рухани дүниетанымымен біте қайнасқан халық мұрасының жанрлық түрлерін қазақ фольклортанушылары бес ұлы арнаға топтап, қырықтан астам ішкі жанрлық түрлерге жіктеп, зерттеп келеді. Яғни, бүгінгі фольклортану ғылымының қалыбымен жүйелесек, оның жанрлық құрамын мына тұрғыда жіліктеп көрсетуге болады.

Ең алдымен, ел жадында аса берік сақталған, тіпті әлі күнге қолданыстан түспей келе жатқан халық мұрасының үлкен арнасы — *ғұрыптық фольклор*. Халықтың тұрмыс-тіршілігімен біте қайнасқан оның өзегіне халқымыздың ежелгі мифтік дүниетанымы, байырғы наным-сенімдері, діни ұғымдары, әдет-ғұрыптары арқау болып тартылған. Қоғам дамып, уақыт озған сайын бұл шығармалардың этнографиялық рәсімдермен, жол-жоралғылармен байланыстар типологиясы кезеңдік сатыларға көтеріліп, алуан түрлі сипатта өріс тейді. Бір шығармалар таза рәсімді атқару қажеттілігінен туып, соған кіндік бауы байланатын болса, екінші бір шығармалар оларға жанамалай қызмет етіп, қосымша ыңғайда орындалады, енді бірқатар туындылар дәстүрлі дүниетанымның идеялық өзегі мен ұстанымдарын мазмұндық өзегіне айналдырып, оны баяндай жырлайды.

Оның ішіндегі алғашқы қауымдық құрылыс заманынан елес беретін анимизм, тотемизм, магия, табу, аруаққа табыну, бақсылық сияқты ежелгі дүниетанымға негізделген халық шығармашылығын ғалымдар *наным-сенім фольклоры* (магиялық фольклор) деп топтастырады. Жаратылыстың толып жатқан құдіретті күштеріне табынып, сол тылсым дүниеге әртүрлі жолдармен әсер етуден туындаған сарындар халық жадында әлі күнге дейін сақталып келеді. Оларға табиғат құбылыстарына ықпал ететіндей «адамдардың әулиелік, сәуегейлік қасиеттері болады» деген наным-сенімдер, адамдар мен төрт түлікті бағып-қағу, оларды емдеуге байланысты тәжірибелер де қосылған. Халық бұл санаттағы шығармаларға орындалу мәнері, құрылымдық түрі мен мазмұндық ерекшеліктеріне қарай бәдік, алғыс, қарғыс, бата, түс жору, тыйым, дұға, арбау-байлау, жалбарыну, бақсы сарыны, дуалау, бал ашу, ұшықтау, аластау, құрт көшіру, жын шақыру және тағы басқаларына осылайша айдар таққан.

Адамның отбасылық ғұмырында атқарылатын салт-жоралғыларға, ырым-кәделерге қатысты айтылатын бала өсіру, үйлену, азалау рәсімдеріне байланысты өлең-жырлар *отбасылық ғұрып фольклорының* үлкен тобын құрайды.

Олар бесік жыры, әлпештеу поэзиясы, уату-алдарқату жырлары, тұсау кесу жыры, балалар өлеңдері, қаламақ, санамақ, мазақтама, жар-жар, сыңсу, жұбату, құттықтау, амандасу, көрісу, қоштасу, аңсау, тойбастар, тойтарқар, аушадияр, беташар, естірту, көңіл айту, жоқтау, т.б. толып жатқан ішкі жанрлық түрлерге жіктеледі.

Халық шаруашылығына байланысты ғұрыптық фольклордың тағы бір саласы *кәсіптік фольклор* деп аталады. Олардың қатарына қазақтың көшпелі өміріне орай туындаған төрт түлікке байланысты «Қамбар ата», «Ойсылқара», «Қошқар ата», «Зеңгі баба», «Шекшек атаға» қатысты өлеңдер мен егіншілікке, аңшылыққа қатысты шығармалар жатқызылады.

Мұнымен қатар наурыз жырларынан бастап, жылдың әр мезгілінде атқарылатын рәсімдерге байланысты туындыларды жинақтап, *маусымдық фольклордың* санатына жатқызады.

Қарасөзбен баяндалуына қарай *халық прозасы* деген атауға ие болған жанрлық үлкен арна *ертегілік проза*, *аңыздық проза* деген екі үлкен салаға бөлінеді. Соның ішінде елге аса танымал, барынша кең және терең зерттелген ертегілік прозаның өзі қиял-ғажайып, тұрмыс-салт, хайуанаттар туралы, батырлық, новеллалық, сатиралық т.б. болып іштей бірнеше түрге жіктеледі. Ал аңыздық прозаға жататын миф, аңыз, әпсана, хикая, хикаят, ауызекі әңгімелердің де әрқайсысының дүниені тану, бейнелеу мен баяндау ерекшеліктері де әрқилы.

Мәселен, тарихи аңыздардағы кейіпкерлер мен оқиғалардың дені бергі дәуірге біршама жақын, тыңдармандарға нанымды, ертегілерге қарағанда өмірлік оқиғалар басымдау болып келеді. Ондағы тарихи оқиғалар мен тұлғалардың тегі, атамекені, ел қорғаудағы шайқастары нақтырақ көрініс береді. Топонимдік (мифтер) аңыздарда қазақ даласындағы географиялық атаулардың (жер-су, өзен-көл, тау-тастың, т.б.) шығу тегінен хабар беретін болса, ал шежіре жырлар мен аңыздарда адамзаттың пайда болуынан бастап, түркі халықтарының, тайпаларының, елінің, «Алаш» ұғымының шығу төркіні, қазақтың мемлекет болып қалыптасу барысындағы тарихи мәліметтер баяндалады. Сол сияқты күй аңыздары — Қорқыт атадан бастап бүгінгі күнге дейін үзілмей келе жатқан дәстүрлі күй өнері туралы жәдігерлер.

Қазақтың бүгінге жеткен ауызекі әңгімелері шынайы тарихқа тым жақын. Себебі айтушы өзінің басынан өткізген жағдайды, қоғамдағы маңызды оқиғаларды, болмаса өзіне таныс адамның көріп-білген, кейде оқиға кейіпкерінің аузынан естіген әңгімелерді жеткізеді. Олардың көпшілігінде халықтың басына түскен ауыр кезеңдер, ұмытылмас қилы оқиғалар, отаршылдарға қарсы күрестер, елбасы, батыр және тарихи тұлғалардың ерлік, азаматтық істері суреттеледі.

Халық шығармашылығындағы жұртшылық жүрегіне ерекше жақын, танымал жанрдың бірі — *халық лирикасы* (өлеңдері). Олардың қатарына қара өлең, тарихи өлең, өтірік өлең, ән өлең, мысал өлең, шешендік толғаулар мен арнау, толғау, терме, мадақтау, даттау сияқты халықтың арман-мұраты мен күйініш-сүйінішін, адамның ішкі толғанысынан шыққан лирикалық иірімдері қою шығармалар жатқызылады. Халық өлеңдерінен әр дәуірдегі саяси-қоғамдық, әлеуметтік өзгерістерді, тарихи оқиғалар ізін, сүйіспеншілік, ғашықтық ынтызарлықты, отаншылдықты, адамгершілік асыл мұраттар мен халықтық әдеп-иба ұстанымдарын аңғарамыз.

Мақал-мәтел, тақпақ, жұмбақ, жаңылтпаш, нақыл, ғибрат, өсиет сөздер сияқты *шағын жанрларда* да халықтың ой-толғамы, әдеби-эстетикалық өресі,

тіл кестесі кеңінен көрініс береді. Олар — еленіп-екшелген көркем ойдың мәйегі, әлденеше ұрпақтың тарихи зердесінен өткен даналық әліппесі.

Қазақ фольклорының ең көркем, мазмұнға бай, тәрбиелік рухы жоғары, отансүйгіштік тәрбиенің қайнар бұлағына айналған, классикалық деңгейге көтерілген, әлемдік фольклор қазынасының алтын қорына қосылатын асыл мұра — *эпостық шығармалар*. Халықтың шексіз сүйіспеншілігіне бөленіп, ерекше кең таралғаны да, молынан жиналып, кітап болып басылып, ғалымдар назарына көп іліккені де — осы жырлар. Мазмұн байлығы, эпикалық кең құлашы мен жыр кестесі жағынан да оларды қазақ фольклорының інжу-маржаны деуге болады. XVIII—XIX ғасырларда өзінің биік шығармашылық деңгейіне жетіп, ел ішінде XX ғасырдың басына дейін фольклорлық мәдениеттің озық үлгісі болып келген қазақ эпостары аса қомақты көлем құрайды. Оларды мазмұны мен поэтикалық құрылымына қарай ғалымдар *көне эпос* (мифологиялық эпос, ежелгі эпос, архаикалық эпос), *батырлар жыры* (классикалық эпос, қаһармандық эпос, батырлық эпос), *тарихи эпос* (жырлар*), ғашықтық жырлар* (романдық эпос, лиро-эпос, балладалық эпос), дастандар деп әртүрлі атап, бірнеше топқа бөліп қарастырып келеді.

Ұлы дала даналығына суарылған, бай мазмұнды, көркемдігімен ерекшеленетін осыншама мол мұра тәуелсіздік алғанға дейінгі уақытта көп қағажу көрді. Телегей-теңіз рухани байлықтың бетінен қалқып алынған қаймағындай ғана жазбаға түскен үлгілердің өзі (жиналмағаны, әрине, одан да көп) толық жарияланбай, олардың нұсқалары мен версиялары ғылыми айналымға еркін енгізілмеді. Ең көп жарияланған классикалық эпос — «Батырлар жырының» өзі тәуелсіз іргелі ғылыми зерттеулер нысанасына толық айнала қойған жоқ. Жырларда бейнеленетін қилы кезеңдердің астарлы көрінісі, эпостық қаһармандардың болмыс-бітімі, тарихи және көркем шындықтың ара-жігі, ұлттың кәсібіне, тұрмыс-тіршілігіне, әдет-ғұрпына қатысты этнографиялық мағлұматтарды әлемдік үлгілерімен типологиялық тұрғыдан кең салыстыра зерттеуге ғалымдардың ойы тұсаулы, тілі байлаулы болды. Патшалық Ресей заманындағы бодандық пен мешеулік, кеңестік замандағы қуғын-сүргін мен саяси қыспақ ғылыми ізденіске тұсау, ұлттық рухқа кісен салды. Соның салдарынан ғұрыптық фольклор «ескінің қалдығы» ретінде тәрк етілсе, діни шығармалар қолданыстан мүлде шығарылды.

Ал азаттық рухының айбары болып саналатын хан-сұлтандардың, батыр-қолбасшылардың, елбасылары мен би-шоралардың ерлік істері, жорық жолдары, ел үшін атқарған елеулі еңбектері жырланатын тарихи жырлар отарлық идеологияның қырына ілігіп, жас ұрпақ жадынан мүлде аластатылды. Қазақ мемлекетінің қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан Керей, Жәнібек, Есім, Қасым, Тәуке, Абылай, Кенесары сынды хандардың, Көкжал Барақ, Қасым, Есенгелді, Наурызбай, Сыздық секілді сұлтандардың, ерлік пен батырлықтың символы болған Едіге, Жалаңтөс, Алатау, Қарасай, Бөгенбай, Қабанбай, Шапырашты Наурызбай, Райымбек, Өтеген, Олжабай, Жәнібек, Сырым, Исатай, Махамбет, Ағыбай, Жанқожа, Сұраншы т.б. қаһармандар туралы халық шығармалары елдің қолжазбалар қорында сарғайып жатты.

Қазақ даласы бағзы замандардан Парсы, Қытай, Үнді елдерімен, діндес мұсылман жұртымен іргелесіп, қатар өмір сүріп, тығыз әдеби-мәдени қарым-қатынаста болды. Әсіресе мұсылман дінінің кең қанат жаюына орай Ислам өркениеті далалық руханиятқа да айрықша ықпал етті. Соған орай Шығыс елдерінің фольклорлық мұралары мен әдебиеттерінің озық үлгілері қазақы ортаға да келіп сіңді, кейбір туындылардың оқиғалары жергілікті дәстүрмен үндесіп,

синкретті сарындағы жыр-дастандарға айналды. Әсіресе XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында шығыстық сюжеттердің жырлануы ерекше белең алып, назиралық үлгідегі тамаша шығармалар дүниеге келді. Олардың таңдаулылары XIX ғасырдың басында Қазан, Уфа қалаларында басылып шыға бастады. Қазақ зерттеушілері бұл дастандарды жанрлық ерекшеліктеріне орай хикаялық, новеллалық, ғашықтық, діни және қаһармандық дастандар деген сияқты жанрлық түрлерге жүйеледі. Ұлттық аңыз-әңгімелер, тарихи оқиғалар, жастардың сүйіспеншілігі, діни қаһармандар өмірі негіз болған дастандар да дүниеге келді. Халықтың ынтымақ-бірлігі, адал еңбек, инабатты, ізгілік сезім мен адамгершілік ар-ұят, имандылық қағидалары дастандардың басты тақырыбы болды. Өкінішке қарай, кеңестік солақай саясат халықтың ізгі арман-мұратын жеткізген осындай асыл мұраның өзін халық көзінен көлегейлеп келді. Осылардың барлығын жарияға шығаруға тек тәуелсіздік жылдары ғана мүмкіндік туды.

Демек, арғы замандағы үлгілері Көне түркі жазба ескерткіштерінде бедерленіп, Орта ғасырлардағы «Диуани луғат ат түрік», «Құтты білік», «Кодекс-куманикус», «Қорқыт Ата», «Оғызнаме» сияқты жазба ескерткіштерде көрініс тапқан халық даналығы — көмбеден енді ғана аршылып, жаңа ұрпақ жүрегіне жаңа жетіп жатқан ел рухының қайнар көзі. Оның әрбір жолы мен шумағы көне дәуірлерден жалғасып келе жатқан ұлттық руханиятты, елдік болмысты қамсаулап ұстап тұратын алтын жіпті зермен тең. Оны ғылыми тұрғыда зерделеп, ұлттың рухани қажетіне жарату — әр ұрпақтың аса жауапкершілікпен атқаратын перзенттік парызы.

Ел егемендігін алып, тәуелсіздік тұғыры беки түскен кейінгі жылдары ата-бабаларымыздан аманат болып қалған осынау жауһар жәдігерлерді бүкпесіз жарияға шығарып, уақыт талабына сай азат саналы ұрпақ игілігіне айналдыру «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру» сияқты мемлекеттік бағдарламалар аясында қолға алына бастады. Солардың ішінде фольклорлық мұра саласындағы ең көрнекті шара — «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясының басылым көрүі. Бұл ғылыми басылымға еліміздің қолжазбалар қорындағы фольклорлық мұра кеңінен жинақталып, олардың нұсқалары мен версиялары барынша молынан қамтылды. Соның өзінде де көптомдыққа сыймай қалған құндылықтар аз емес. Дегенмен қазақ фольклорының бүкіл ауқымы жүйеленіп, оның барша жанрлық түрі мен әртүрлі нұсқаларын қамтыған, ғылыми көптомды басылым жарыққа шықты. Бұл топтама, ең алдымен кәсіби мамандар мен зерттеуші-ғалымдарға, ғылыми ортаның еншісі болды. Ол рухани мұрамыздың етекжеңін жинақтап, ғылыми жүйеге түсіріп, келешек зерттеушілерге тиянақ болармақ мол мағлұмат кешенін қалыптастыруды мақсат етті. Бұл жағынан келгенде «Бабалар сөзі» сериясы отандық фольклортану ғылымының ғана емес, әлемдік мәдени мұраны жариялау өрісіндегі баламасы жоқ тың құбылыс болды. Алайда осындай ауыр да салмақты жүк арқалаған маңызды жобаның ғылыми ортаға берері мол болғанмен, ол қалың көпшіліктің, жасөспірімдер мен студенттердің қазіргі заманға лайықты сұранысын толық өтей алмайды.

Ендігі кезекте қазақ фольклорының қалың көпшіліктің қолдануына ыңғайлы, жастар мен студенттердің талабына лайық заманауи форматтағы қолжетімді, ықшам жинақ дайындап шығару қажеттігі туындады. Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың 2019 жылғы «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласы осы мәселенің түйінін тарқатты. Аталған еңбекте фольклорлық мұраны бүгінгі қоғам қажетіне жаратып, жас ұрпақты тәрбиелеу құралына айналдыру мақсатында

олардың таңдаулы үлгілерін «Дала фольклорының антологиясы» деген атаумен басып шығару қажеттігі күн тәртібіне қойылды. Бұл мәселе Үкімет тарапынан қолдау тауып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына он томдық «Дала фольклорының антологиясын» әзірлеп, жарыққа шығаруға тапсырыс берді.

Соған орай Институт ғалымдары сирек қорлардағы қолжазба мұраларды сараптай келіп, халық әдебиетінің барлық жанрлық түрлері бойынша ең таңдаулы үлгілерін 10 томға жүйелеп, бүгінгі аудиторияға қолжетімді ету үшін цифрлық форматпен (электронды және аудио нұсқаларымен қоса) кешенді түрде баспаға дайындау, сондай-ақ топтамаға енген шығармалардың сюжеттік желісін орыс (3 том), ағылшын тілдеріне (3 том) мазмұндап аудару жұмыстарын қолға алды.

«Дала фольклорының антологиясы» он томдық сериясының кітаби нұсқасы еліміздің қолжазба қорлары мен бұрын жарияланған жинақтардың, сондай-ақ, алыс-жақын шетелдердегі қазақ диаспораларының материалдарын жете саралап, іріктеу негізінде дайындалды. Барлық мәтін текстологиялық тұрғыдан қайыра салғастырылып, ғылыми сарапшылар арқылы іріктеліп, тілі көркем, сюжеттік құрылымы шымыр, мазмұны бай, жырлауға лайықты сарындарымен бірге таңдалып алынды. Әрбір том түрлі түсті сурет, нота, иллюстрация және фотолармен безендіріліп, түсініктемелер, суретті сөздік, түйінсөз (орыс, ағылшын тілдерінде) т.б. берілді. Антологияның электронды нұсқасы заманға лайықты әлемдік стандартқа сәйкес қолайлы форматта дайындалды. Дайын өнім Институттың, өзге де танымал сайттарға орналастырылып, оны арнайы құралдарға жүктеп алуға мүмкіндік тудыратын жеке коды кітаптың мұқабасында көрсетілді.

Онтомдықтың аудио нұсқасын дайындау — өте күрделі әрі жауапты жұмыс болды. Оған дәстүрлі халық музыкасын, ән-жырын жазып, жариялауға машықтанған кәсіби тәжірибесі бар, заманауи қондырғылармен жұмыс істей алатын білікті мамандар жұмылдырылды. Жұмыс барысында Құрманғазы атындағы Ұлттық консерваторияның, Т. Жүргенов атындағы Өнер академиясының ұстаз-оқытушылары мен өнерпаздары, қажеттігіне қарай өңірлердегі дәстүрлі өнер мектептерінен де жыршы-орындаушылар тартылды. Орындаушылардың аспапта ойнау қабілеттері де назарға алынды (қобызшылығы, домбырашылығы т.б.). Аудиожазба мен цифрландыру жұмыстары арнайы студияларда жүзеге асырылды.

Тұтастай алғанда, бұл топтама — қазақ фольклорының барлық жанрының таңдаулы үлгілерін жинақтаған, түрлі түсті суреттермен көмкеріліп, этнографиялық сөздікпен жарақталған, электронды, аудио нұсқасы қамтылған, он мың таралыммен жарияланып отырған еліміздегі тұңғыш толымды антология.

Антологияны баспаға дайындау жұмыстарын М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалым мамандарынан жасақталған арнайы шығармашылық топ жүзеге асырды және олардың жұмысына редакциялық алқа, жобаның ғылыми жетекшісі, ғылыми және жауапты редакторлар, ғалым-сарапшылар, сондай-ақ институттың Ғылыми кеңесі басшылық жасады.

Күрделі еңбектің жарыққа шығуына қолғабыс еткен ниеттес әріптестердің баршасына ризашылық білдіреміз.

Кенжехан Матыжанов, *жоба жетекшісі,*
филология ғылымдарының докторы

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

Бүгінде М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен еліміздің басқа да сирек кітаптар мен қолжазба қорларында мыңдаған халық мұрасының мәтіндері қастерлі мұра ретінде сақталып келеді. Олардың басым бөлігін эпостық жырлар құрайды: «Құбығұл», «Сұрмерген», «Қарамерген», «Еділ мен Жайық», «Мұңлық – Зарлық», «Көрұғлы», «Әділ сұлтан», «Қарабек батыр», «Күреңбай батыр», «Жетіген батыр», «Әуелбек батыр», «Шағзада батыр», «Ахметбек – Жүсіпбек», «Оралбек батыр», «Шаян батыр», «Әуез батыр», «Есекей батыр», «Кейпін батыр», «Бөген батыр», «Шалкиіз батыр», «Рауан батыр» сияқты жүздеген эпикалық жырлардың 500-ден аса әртүрлі қолжазба нұсқалары – рухани мұраның алтын жауһарлары. Бұлардың басым көпшілігі тәуелсіздік жылдарынан кейін ғана жарыққа шығып, мақсатты зерттеудің нысанына енді айнала бастады.

Ұлттық мәдениеттің тарихында арнайы басылым көріп отырған «Дала фольклорының антологиясының» 1-томын баспаға дайындауда Институт мамандарынан құралған құрастырушылар тобы еліміздің көрнекті фольклортанушылары мен мұратанушы мамандардың қатысуымен жыр нұсқаларын текстологиялық тұрғыда қайта саралап, мәтіндерді іріктеу мақсатында арнайы зерттеулер жүргізді.

Ғылыми сарапшылардың ұсыныстары Институттың ғылыми кеңесінде талқыланып, ғалым-зерттеушілердің тұжырымдары басты бағдарға алынды. Нәтижесінде томның құрылымы анықталып, көне эпостан: «Құламерген», «Дотан батыр»; батырлар жырынан: «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Ер Едіге», «Шора батыр» эпостарының таңдаулы нұсқалары іріктеліп алынды. Бұл жырлар қадім, төте араб жазуларындағы түпнұсқа мәтіндермен салыстырылып, қате оқылған, болмаса қалып кеткен сөздер, тіркестер, қысқартылған тұстар, ілгерідегі редакциялық өзгерістер қайыра қалпына келтірілді.


Басылым, негізінен, оқушыларға, студенттерге, қазіргі жас оқырмандарға арналғандықтан, мәтіндерде кездесетін кейбір бейәдеп сөздер мен тармақтар ішінара қысқартылып, орнына көп нүкте қойылды. Ал мүлде өзгертуге болмайтын мәтіндер сол қалпында сақталып, түсініктер берілді. Мәселен, эпостарда кейінгі жылдары оқырмандарға оғаштау көрініп жүрген «арақ, шарап» ұғымдарының аракідік кездесіп қалатыны бар. Дегенмен, «отқа салса, күймейтін», «суға салса, батпайтын» батырлардың асына «арақ-шарап» сияқты уытты зат қосып беріп, масайтып қолға түсіру эпостық сюжеттерде ежелден бар. Сол сияқты кейбір жырларда кейіпкерлердің «шылым» шегетін тұстары да кездесіп қалады. Бұл да бүгінгі оқырмандар арасында оғаш ой туғызуы мүмкін. Бірақ контекстегі

«шылым» ұғымын темекі деп ұғынбаған жөн. Оның негізгі мағынасы — бағзы замандардан бері Шығыс елдерінде кеңінен қолданыста болған есірткі, қорқор (кальян). Сыртқы жаулары эпос кейіпкеріне есірткі қосылған қорқор шеккізіп, санасын улап өз мақсаттарына пайдаланған. Мәтіндердегі осы тектес көріністер түпнұсқа бойынша жіберілді. Себебі сан ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, ауызша жеткен халық мұрасына орынсыз өзгерістер енгізу ғылыми әдепке жатпайды.


Томның құрылымдық жүйесі, жалпы «Дала фольклорының антологиясы» он томдығына қатысты алғысөз, құрастырушылардан, көне эпос пен батырлар жырларының қысқаша анықтамасы, батырлар жырының дәстүрлі иллюстрациялық суреттері, шығарманы жырлаушы-жеткізушілердің фотосуреттері, аудио нұсқасы, ноталар, кірме сөздер түсініктемесі, этнографиялық суретті сөздік, пайдаланылған әдебиеттер, түйіндеме (орыс, ағылшын тілдерінде) сияқты қосымшалармен жарақталған. Оқырмандарға ыңғайлы болуы үшін мәтіндерде кездесетін көне түркі, жергілікті, кірме (араб, парсы, орыс т.б.) сөздерге түсінік сол беттің соңында берілді. Иллюстрацияға Ә. Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейінің қорындағы суреттер пайдаланылды.

Томның электронды, аудио нұсқалары бүгінгі заманға лайық форматта дайындалып, сайттарға орналастырылған, олардың дерегін білдіретін арнайы коды кітаптың мұқабасында көрсетілді. Шығармаларды орындаушылар жыршылық дәстүрге байланысты Қазақстанның шығыс, орталық, батыс, оңтүстік және Жетісу өңірлерінен шақырылып, қобыздың, домбыраның сүйемелдеуімен әр мектепке тән мақамдармен жырланды және арнайы студияда жазылды.

Томның кітаби, электронды және аудио нұсқаларының сапалы дайындалып, әлемдік стандарттарға сәйкес шығуына атсалысқан ғалымдарға, редакторларға, жыршыларға, музыкатанушыларға, студия мамандарына, техникалық қызметкерлерге, сондай-ақ барша жанашыр қауымға ризашылығымызды білдіреміз.



КӨНЕ ЭПОС



Көне эпос — болмыс-бітімінде ежелгі дәуірлердің дүниетанымы молырақ сақталған, мифтік сана мен ескі наным-сенімдерге байланысты фабулалар мен мотивтер көп кездесетін эпикалық жырлардың бір саласы. Бұл санаттағы жырлар түп негізін көне дәуірлерден алатындықтан, оқиғалар желісінде қиял-ғажайып оқиғалар, магиялық наным-сенімдерге байланысты элементтер молынан ұшырасады. Сондықтан сюжет желісінде жалмауыз кемпір, дию, пері, жезтырнақ т.б. кейіпкерлер жиі көрініс береді. Оның мазмұндық құрылымының заман ағымына орай түрленіп, ертегілік оқиғаларды да бойына сіңіріп, кейіннен батырлық жырларға тән сипаттарға ие болғаны аңғарылады.

Фольклортанушы ғалымдар бұл топтағы жырларды жоғарыдағы сипаттарына қарай «мифологиялық эпос», «архаикалық эпос», «көне эпос» (ежелгі эпос) деп әртүрлі атап келді. Томды баспаға дайындау барысында фольклортанушы ғалымдар соңғы кезде ғылыми орта мен оқу құралдарында біршама орныққан ұғым ретінде «көне эпос» терминін қолдануды ұйғарды.

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының сирек қолжазбалар қорында «Құламерген», «Сұрмерген», «Құбығұл», «Дотан батыр», «Еділ—Жайық» сияқты көне эпос нұсқалары сақталған. Солардың таңдаулы үлгілері ретінде антологияға «Құламерген» мен «Дотан батыр» жырлары енгізілді.



Суретші Е.М. Сидоркин

ҚҰЛАМЕРГЕН

«Құламерген» — ежелгі мифтік-ертегілік сарындары басым, түрлі сиқырлы күш иелері әрекет ететін көне эпосқа тән сипаты айқын жыр үлгісі. Онда матриархат дәуірінің нышандары байқалғанмен, негізінен қоғамдағы ер адамның рөліне ерекше басымдық беріледі. Бұл ретте аңшылық кәсіп мергендікпен сабақтасып, батырлыққа ұласады. Құламерген де, оның ұлы Жоямерген де жеке бастарының, отбасының, өз жұртының қауіпсіздігін алдыңғы кезекке қояды. Жауларымен сол мүдде үшін шайқасқа түседі. Бұл — жыр оқиғасының атаеркі дәуірінде қалыптасқандығын аңғартады. Сюжет желісінің кейбір оқиғалары жер астындағы (төменгі әлем) жыландар патшалығында өтуі де эпостың архаикалық сипатын айқындай түседі. Дегенмен шығарманың мазмұнындағы дүниені адал мен арам, адамды дос пен қас деп ұғындыратын эпизодтардан мифтік, ертегілік сананың бірте-бірте қаһармандық эпосқа көшу эволюциясының бастапқы үдерісін көрсетеді.

XIX ғасырдың аяғында эпостың омбылық Әбдірахман Бектасов жырлаған алғашқы нұсқасы Қазанда бірнеше рет (1889, 1909, 1912) жеке кітап болып басылды, кейін «Батырлар жыры» жинақтарында (1964, 2008) жарияланды. Еліміздің сирек қолжазбалар қорында І. Молдажанов, Ғ. Мұстафин, С. Дайырбеков, Б. Сүлейменов жеткізген шығарманың өзге де 5 нұсқасы сақталған. «Құламерген» жыры М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Ә. Қоңыратбаев, М. Ғабдуллин, Т. Сыдықов, Р. Бердібай, С. Қасқабасов, Ш. Ыбраев сынды ғалымдардың еңбектерінде зерттелген.

Томды баспаға дайындау барысында оның барлық қолжазбалары сараланып, Қазан нұсқасы (1889) таңдалды. Түпнұсқа Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында сақталған (849-Вост.).

...Тыңдаңыз, Құламерген бұрын өткен,
Ақырда мұратына о да жеткен.
Мұхиттың Ғазар деген аралында,
Өнерпаз мергендікпен кәсіп еткен.

Астында Құлагер ат мініп жүрер,
Құс алып, қаршыға сап, дәурен сүрер.
Қызықтың неше түрлі бәрі өзінде,
Бүркіт пен күндіз-түні ит жүгіртер.

Күнайым сұлу деген қатыны бар,
Шәрипа жеті жаста бір қызы бар.
Күнайым талай жаннан көркем екен,
Қараса, көркемдігі Күнді тұтар.

Үш жаста Жоямерген ұғылы бар,
Ақырда бұлардың да қызығы бар.
Күнайым ақ ордадан бір күн шығып,
Дариядан жез құманмен су алдылар.

Құманға суды келіп құйып алды,
Алтын шаш жуайын деп суға салды.
Ғажайып шашын жуып отырғанда,
Дарияға шашы жиділп кетіп қалды.

Алтын шаш дарияға ағып кетті,
Күнайым қайғыланып, зар еңірепті.
Күнайым ақ ордаға қайтып келіп,
Мергенге оқиғасын баян етті.

Сөз сөйлер Күнайымға Мерген тұрып,
Айтады шаштың жөнін баян қылып.
Ал, батыр қатынына сөз сөйлейді:
«Тыңдашы, әй, Күнайым, мойның бұрып.

Япырым-ай, мынау шашың болды жаман,
Мұндайға кез келтірді Хақ Тағалам.
Еш пенде алтын шашың көрген емес,
Бұл шашты ғашық болар көрген адам.

Тыңдашы, сөз сөйлейін саған, — деді, —
Ұстауға келмеді ме шаман? — деді. —
Шашыңды бұл дүниеде көрген пенде
Ғашық боп, өш болады маған», — деді.

Тамамдап Мерген сөзін айтып бітті,
Дарияға шашы жиділп ағып кетті.

Мұхиттың жағасында Бұлғар шаһар,
Шашы ағып, сол шаһарға келіп жетті.

Дарияда балық аулар бір шал бар-ды,
Ауына дариядағы көзін салды.
Алтын шаш ауына кеп оралыпты,
Ауынан әлгі шашты жазып алды.

Шал көріп, әлгі шашты жазып алды,
Алдына падишаның алып барды.
«Ауыма ілініпті бұл алтын», — деп,
Тарту ғып падишаға бере салды.

Өрілген алтын шашты патша көрді,
Неткен шаш ол екенін еш білмеді.
Ап келген әлгі алтынды ғаріп[1] шалға
Мың тіллә[2] қазынадан алып берді.

Падиша сонда халқын жиып алды,
Алдына халайықтың шашты салды.
«Не нәрсе екенін кім тауып берсе,
Жетер, — деп, — арманына» сөз сөйледі.

Жиып ап тамам халқын ақылдасты,
Ұйғарып әр нәрсеге, жақындасты.
Дүниенің жамандықпен түбін тескен
Бір кемпір сонда отырып тақылдапты.

«Әй, патша, мен сөйлейін саған, — дейді, —
Не нәрсе екенін мен табам, — дейді. —
Тілегім дүниедегі менің осы —
Некелеп ұлың қоссаң маған», — дейді.

Бұл сөзін ол Құртқаның патша көрді,
Кемпірдің айласына көз жіберді.
Қайта алмай айтқан сөзден енді патша,
Кемпірдің ол тілегін бермек болды.

Ал сонда Құртқа шешең сөз сөйлеген:
«Бар, — деді, — бұл мұхитта Құламерген,
Күнайым шашы алтын қатыны бар,
Білмесең, сол сұлудың шашы», — деген.

Патшаға ол алтынды айтқан тауып,
Падиша кетті сонда көңілі ауып.

[1] Ғаріп /араб/ — бейшара, мүсәпір, міскін.
[2] Тіллә — алтын ақша.

Падиша сонда отырып арыз қылды,
Қайтадан тағы жұртын жиып алып.

Падиша алтын шашқа болды ғашық,
Есінен айтқаннан соң кетті адасып.
Құртқаға сонда тұрып сөз сөйлейді:
«Азғырып соны маған, қылшы нәсіп».

Шешеңіз мұны естіп, оңтайланды,
Бір қайық шеберлерге ыңғайлатты.
«Патшаны арманына жеткізем», — деп,
Ол Құртқа қайығына мініп алды.

Дарияға қайық мініп кетті серпіп,
Үш күнде келді залым ағылдырып.
Дариядан бір күн шығып, талып жатты,
Аралға Ғазар деген келіп тұрып.

Күнайым бір күн суға келіп қапты,
Кемпірді талып жатқан тауып апты.
«Мергенім көрсе мұны өлтірер», — деп,
Әкеліп, абдыраға[1] мықтап сапты.

Бір күні Мерген аңға кетіп қалды,
Ал Құртқа азғыруға ой ойлады.
«Күнайым, бұ сөзіме құлақ сал», — деп,
Отырып кемпір залым сөз сөйледі.

«Тыңдашы, әй, Күнайым, менің сөзім,
Айтқалы бір кеңесті келді кезім.
Көрген жан бір қарайтын, тыңдасаңыз,
Жасымда көркем едім менің өзім.

Көрген жан маған ғашық болушы еді,
Сарғайып зағыпырандай[2] солушы еді.
Қарамас осы кезде жалғыз адам,
Қайтейін, сол заманым өтті», — деді.

Күнайым сонда отырып сөйлер сөзін,
Шашы ұзын ұрғашының азғырлығын:
«Мен дағы қартаям ба сіздей болып,
Қаңғырып бір аралда өтті күнім».
Қатынды азғырылған кемпір білді,
Жылмыңдап әлгі залым қатты күлді.

[1] Абдыра /көне/ — сандық.
[2] Зағыпыран — сары гүл (шафран).

«Ғейш-ғишрат[1] жас күнінде қыла алмасаң,
Дәуренің мендей болып өтер», — деді.

Әлқисса, Құртқаның Күнайымға айтқан сөзі:

Кемпір сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
«Әй, Күнайым, құлақ сал,
Айтқан сөзді ұғып ал.
Бұлғар деген шаһарда
Асым атты патша бар.
Салтанаты артық-дүр,
Жете алмас оған мың мен сан.
Қырық уәзірі қаста бар,
Алтын айдар баста бар,
Келтіре алман ауызбен,
Күндіз-түні аулар аң.
Сол патшамен қосылып,
Ғейш-ғишрат дәурен сал.
Екі жасты қосқанға
Бұ дүниеде сауап бар.
Қосылуға сен соған
Жаһаттанып[2] ойыңа ал.
Шамам келсе, иншалла,
Асым деген патшаны
Шаһарға барып азғырам.
Мергендігі болмаса,
Байында қанша өнер бар.
Тең емес саған күйеуің,
Соның үшін айтам зар».

Әлқисса, Күнайымның берген жауабы:

Күнайым сонда отырып сөз сөйлейді:
«Сөйледің жаның ашып маған, — дейді. —
Мергенге Асым патша әлі келмес,
Келсе де қырар қанша адам», — дейді.

Құртқаның сонда жауап айтқан сөзі,
Бек аяр[3] амалшы еді оның өзі.
«Мергенің ондай күшті батыр болса,
Ұйықтайтын бар ма, — дейді, — оның кезі?»

[1] Ғейш-ғишрат /араб/ — сауық-сайран.
[2] Жаһат /араб/ — ниет, ықылас, ынта.
[3] Аяр /араб/ — сұм, қу, көлгір, залым.

Күнайым сонда тұрып жауап айтар:
«Шешеке, осы жерге қылдың сапар,
Ішінде әр жұманың дүйсенбі күн
Мергенім үш күн, үш түн ұйықтап жатар.

Әскерің дүйсенбі күн келсін, — дейді, —
Қай жерде Құлагер ат көрсін, — дейді. —
Төбеде қылыш жатса, аты сыртта,
Сол кезде келген әскер енсін, — дейді. —

Байланса Құлагер ат босағаға,
Сүйеулі тұрар бірге қылышы да.
Сол кезде келген әскер көзге түссе,
Жаныңнан, жиылған жан, үміт қылма!»

Соны естіп, қайығына кемпір мінді,
Өзінің шаһарына қайта жүрді.
Осылай оқиғаның бәрін теріп,
Патшаға Құртқа шешең айтып берді.

Падиша естіген соң оңтайланды,
Шеберді шаһарында жиып алды.
Бір кеме шеберлерге жасаттырып,
Жиғызып үш жүз палуан даярланды.

Кемеге жүрмек болып мініп алды,
Ақылшы қырық уәзірін бірге салды.
Кемеде үш күн, үш түн бұлар жүріп,
Мергеннің аралына жақындады.

Аралға кеме кіріп жақын келді,
Байлаулы сыртта тұрған атын көрді.
Жануар жауды біліп, Құлагер ат
Пысқырып иесіне хабар берді.

Ал сонда Мерген шошып оянады,
Қойыны көз жасымен боялады.
«Атыңды босағаға байлайын», — деп,
Ойына қатын сұмдық сонда алады.

«Байла», — деп Мерген айтып салды дейді,
Далаға қатын шығып барды дейді.
Кер атты бір аулаққа байлап қойды,
Қауіпсіз Мерген ұйықтап қалды дейді.

Сол кезде үш жүз палуан кіріп келді,
Мергенді ұйықтап жатқан көзі көрді.

Оянды ұйқысынан сонда батыр,
Жабылып үш жүз палуан байлайды енді.

Жабылды үш жүз палуан келіп қалып,
Мойнына темір шынжыр арқан салып.
Байлады үш жүз палуан көптігімен,
Байлауда тұрды Мерген ол шіреніп.

Бұлқынып шыдай алмай Мерген тұрды,
Өзінің байланғанын көзі көрді.
Ақырып, қаһарланып ұмтылғанда,
Байлаған арқандарын дал-дұл қылды.

Арқанның үзілгенін бұлар көрді,
Ұстауға айла қылды әрбір түрлі.
«Еш нәрсе мұнан басқа бекітпес», — деп,
Күнайым бір арқанды әкеп берді.

Падиша байлатады жолдасына,
Батырды байлап сонда қоймасын ба.
Байласып әлгі арқанмен қойған шақта,
Қар[1] терісі сыпырылды қол басына.

Байланып тұрды сонда көзі жайнап,
Падиша көп батырды алған сайлап.
Алдында есігінің бір бәйтерек,
Апарып сол ағашқа қойды байлап.

Апарып бәйтерекке байлап кетті,
Падиша палуандарын сайлап кепті.
Байлаған биік таудай бәйтерегін
Жұлып ап орнынменен жөнеліпті.

Күнайым сонда отырып сөз сөйледі:
«Тыңдаңыз құлақ салып сіздер, — деді. —
Ақ орда алты қанат босағасы
Бекітер, білмесеңіз, мұны», — деді. —

Қор болмас жамағаттар, тілімді алса,
Жабылды Мергеніңе палуан барша.
Еш нәрсе бекітпейді мұнан басқа,
Босаға оң жағына байламаса».

Мергенді босағаға салды байлап,
Жатады босағада көзі жайнап.

[1] Қар — қолдың шынтақтан иыққа дейінгі бөлігі.

Өзгесін келген әскер қайтарады,
Қырық уәзір падишамен жатыр ойнап.

Құдайым кез келтірді мұндай істі,
Кеш болып, патша ол күн һәм қоныпты.
Ұйқыда патша, ханым жатқан шақта
Мергеннің қызы жылап оянып ты.

Әлқисса, Құламергеннің қызын жылап шақырғаны:

Құламерген ал сонда
Қызын жылап шақырды,
Қайғыменен аһ ұрды:
«Қарағым, қалқам, қандаймын,
Зар болып, саған зарлаймын.
Сендерді, қалқам, көргенде,
Боталаған нардаймын.
Маңдайыңнан иіскетші,
Бұл опасыз дүниеде
Арманда болып қалмайын.
Айналайын Шәрипа,
Қасыма менің келсеңші,
Маңдайыңнан сүйгізіп,
Тілегімді берсеңші.
Жеткізер Жаппар Құдайым,
Тіл тигізбей, жылайын.
Қасыма келші, қарағым,
Мен армансыз болайын».

Осылай сөйлеп зарлады,
Тап-тақаты қалмады.
Шәрипа қызы дұшпан боп,
Әкесінің бұ сөзін
Құлағына алмады.

Әлқисса, Шәрипа қыздың берген жауабы:

Шәрипа сонда тұрып сөз сөйлеген:
«Сен емес менің атам, Құламерген!
Сөзіңнің бұл сөйлеген керегі жоқ,
Төсекте атам жатыр шешемменен».

Шәрипа бұ сөзді айтып жүріп кетті,
Қарамай атасына тұрып кетті.
Көрген соң Құламерген мұндай істі,
«Құдай-а, не жаздым?!» — деп зар еңірепті.

Жөнелді қарамастан әлгі қызы,
Алланың бұл да болса бір жазуы.
«Төсекте менің жатыр патша атам», — деп
Жөнелді, осылайша айтқан сөзі.

Зарлады Құламерген бір Аллаға,
Құданың құдіретіне бар ма шара?!
Зар жылап Құламерген жатқан шақта,
Оянды Жоямерген ұғылы жаңа.

Әлқисса, Құламергеннің ұлын шақырғаны:

Құламерген ал сонда
Ұлына қарап, жылады,
Көзінің жасын бұлады.
«Айналайын жан ұлым,
Маңдайыңнан иіскет», — деп,
Қатты зарлық қылады.

Жоямерген ұғылы
Сонда зарлап барады.
Атасының алдына
Зарлап жүгіріп келеді,
Келіп сөйлей береді:

«Айналайын жан ата,
Тым болмаса он жасқа
Балиғ[1] болып келмедім.
Байланған сенің кезіңде
Соғысып бірге жүрмедім».
Осылай зарлап сөйлейді:
«Босатар едім мен сізді,
Шешуге халім келмейді».

Сабыр қып Жоямерген тұрады енді,
Бір кеңес Құламерген құрады енді:
«Атамның алтын сапты қынын[2] бер», — деп,
Шешеңнен соны сұрап, жыла», — деді.

Зар жылап Жоямерген жүріп кетті,
Алдына шешесінің барып жетті.
«Ат қылып сапы[3] қынын ойнаймын», — деп,
Барды да шешесіне талап етті.

[1] Балиғ /араб/ — балиғатқа толу, ержету.
[2] Қын — қылыш, пышақ сияқты өткір құралдарды салып қою үшін жасалған қап.
[3] Сапы — кішкене өткір қылыш, семсер.

Падиша төсегінде сөз сөйледі:
«Не нәрсе сұрағаны мұның? — деді. —
Бері қарай жарым түннен мазамды алды,
Жылатпай сұрағанын бергін», — деді.

Балаға сапыны алып, қынын берді,
Ол бала ат қып ойнап, біраз жүрді.
Әрі-бері ойнап жүріп, әлгі қынды
Алдына Құламерген әкеп берді.

Мергенің сапы қынын алды қолға,
Көріңіз не қылғанын әуелінде.
«Қатынға қойныңдағы сенбе» деген,
Бір қару пышағы бар бір жерінде.

Қатынға қойнындағы сенбейді екен,
Ол пышақты Күнайым көрмейді екен.
Жасырған қында пышақ барын білсе,
Күнайым Мерген қынын бермейді екен.

Баласы қынды әкеп, ашып берді,
Тығулы ол пышағын көзі көрді.
Баласы ол пышақты алды-дағы,
Арқанның бір жерін кеп кескіледі.

Жад қылып Мерген тұрды бір Алланы,
Бір жері арқанының кесіледі.
«Құдай-а, бергеніңе мың шүкір!» — деп,
Арқаннан халас[1] болып босанады.

Босанып, бір Аллаға шүкір қылды,
Жағалай қырық уәзірдің бәрін қырды.
Бәрін де уәзірлердің тамам қырып,
Орнына байланғандай қайта тұрды.

Айламен босағада қайыра отыр,
Падиша Күнайымға сөйлейді сыр.
Сөйлесіп патша, қатын жатқан шақта,
Батырдың мынау айтқан жауабын көр:

«Әй, патша, білгенімді қылыппын, — дер, —
Орнымнан мен түсімде тұрыппын, — дер. —
Босанып арқанымнан мен түсімде,
Жағалай қырық уәзірді қырыппын», — дер.

[1] Халас /араб/ — құтылу, босау.

Падиша тұра келіп, қаһарланды,
Қылышын ашуланып қолына алды.
«Жайыңа к...ті қысып жатпайсың», — деп,
Қасына «өлтірем» деп жетіп барды.

Сол кезде батыр тұрып ашуланды,
Маңдайға жұдырықпен қойып қалды.
Бір ұрған жұдырығын көтере алмай,
Падиша жатқан жерде дүние салды.

Патшаны өліп қалған қатын көрді,
Бір Аллаға жалынып, жылайды енді.
«Иә, Алла, бергеніңе шүкірлік», — деп,
Қауіпсіз Мерген ұйықтап жата берді.

Біліңіз не де болса жалғыз Хақтан,
Қауіпсіз Мерген үш күн ұйықтап жатқан.
Оянды ұйқысынан Мерген сонда,
Ағарып күншығыстан таң кеп атқан.

Қызарып таң атқан соң күн де шыққан,
Күнайым ұялғаннан қайғы жұтқан.
Шәрипа, Күнайыммен қосақтап ап,
Жөнелді өткізіп ап арал жақтан.

Мінгесті Жоямерген ат белiне,
Қатынды енді айдады төркініне.
Үш айдай қосақтаулы қатын-қызын
Өзінің айдап барды төркініне.

Үйіне атасының Мерген келді,
Баласын, жиенімен көзі көрді.
«Не жаза қылды саған, шырағым?» — деп,
Мергеннен атасы да сұрай берді.

Ал батыр баяндады сонда тұрып,
Атасы мәні-жайын алды біліп.
Не түрлі бейнеттерін бастан-аяқ
Сөйледі атасына баян қылып.

Күнайым, Шәрипамен асты дарға,
Жеді миын шашып құзғын, қарға.
«Жоқ деген аққа зауал», әй, жарандар,
Жақсылық сөйтіп берсін әрбір жанға.

Мұратқа сабырлықпен жетті дейді,
Жамандық өздеріне кепті дейді.

Тағы да Баллу Маржан балдызы бар,
Мергенге соны неках[1] етті дейді.

Мергенге кіші қызын неках қылды,
Өткізді қайынында дәл төрт жылды.
Одан соң бес жыл тұрып және тағы,
Тоғыз жыл үшбу жерді мекен қылды.

Бір күні атасына Мерген келді,
Алдына атасының сәлем берді.
«Әркімнің үйренген жер Мысыр шаһар,
Өзімнің аралыма барам», — деді.

Осылай атасына сөйлер кеңес,
«Тұрғаным осы жерде бір жөн емес».
Атасы күйеуіне рұқсат берді,
Өзінің аралына барам деген.

Қайтам деп Жоямерген отырады,
Жиенін сонда атасы шақырады.
Тоғыз мың жылқысы бар атасының,
Ішіне көп жылқының апарады.

Жиенін жылқыға ертіп келді дейді,
Бір шұбар Ділдәш деген берді дейді.
Шұбардың жайын айтып нағашысы
Балаға Жоямерген сөз сөйлейді.

Әлқисса, нағашысының айтқан сөзі:

«Ділдәш атым бергенім —
Жаратып атты көр дедім.
Сұрап келді көп батыр,
Бәріне соның бермедім.
Алла жазды Ділдәшті,
Жиенім, саған бергенім.
Жануардың жүрісін
Бір мініп өзім көрмедім.
Алты басар айлықты,
Тыңда, балам, Мергенім!»

Сол жерде Жоямерген оңтайланды,
Қасына Ділдәш аттың жетіп барды.
Иесі келгеннен соң Ділдәш аты
Иіскеп ол баланы, тұра қалды.

[1] Неках /араб/ — неке.

Жүгендеп, Ділдәш атқа алды мініп,
Қайырадан әкесіне келді жүріп.
Енші алып атасынан Құламерген,
Жөнелді аралына сапар қылып.

Жөнелді амандасып Баллу Маржан,
Көш жүріп, орта жолға келіп қалған.
Алдында Құламерген келе жатып,
Жас бала жылап жатқан тауып алған.

«Баланы, — Баллу Маржан, — алма, — деді, —
Бәлеге бала алам деп қалма, — деді. —
Дүниеде дұшпаның көп батыр едің,
Өзіңе-өзің қайғы салма», — деді.

Сол жерде Құламерген сөз сөйлейді;
«Алмаспын қатын тілін», — деп сөйлейді,
«Алам деп апаң тілін қапа болғам», —
Мергенің бұл сөзді айтып, жүре берді.

Көтеріп ол баланы жерден алды,
Алды да қанжығаға байлап салды.
Пысқырды Құлагер ат бір кездерде,
Сол жерде Құламерген қайран қалды.

Артына сасқанынан тұрды қарап,
Көңілі қорыққанынан әрбір тарап.
Садағы, найза, мылтық — бәрі де жоқ,
Жас бала түсіріпті ол сиқырлап.

Әлқисса, жолдағы баланың не нәрсе екендігі жайлы:

Сөйлейін енді, жарандар,
Сөзім тыңдап қараңдар.
Бұлғар деген шаһарда
Күнайымды азғырған
Құртқа деген кемпір бар.
Сол кемпірдің шешесі —
Жеті басты жалмауыз
Жер астында тұрған-ды.
Сол кемпірдің баласы —
Орақ деген ұлы бар.
Қанын іздеп патшаның
Орақ батыр келген-ді.
Келе жатқан Орағың
Мергенді тани қалыпты,
Жас бала болып сиқырмен,

Жолда жата қалыпты.
Мерген тауып алыпты,
Сауыт, сайман, қылыш, оқ
Сиқырменен Орағың
Бәрін түсіріп қалыпты.

Жоямерген сол кезде
Жан-жағына қарады.
Бір тау келед қимылдап,
Тамаша-қайран қалады.
Жоямерген ал сонда:
«Атеке, жақын кел, — дейді. —
Бір тау келед қимылдап,
Осы тауға барайын,
Рұқсат маған бер», — дейді.

Рұқсат алып Мергеннен
Тауға кетіп барады.
Жүріп келед үлкен тау,
Тау дегені — бір батыр,
Келіп, көзін салады.
Аспанменен күрескен,
Бұлтпенен тірескен,
«Сақтай көр, — деп, — бір Алла!» —
Құдіретке қылды нала.

Жоямерген ал сонда:
«Алыспақ саған керек пе,
Иә болмаса, атыспақ?» —
Бұлай сөйлей салады.
Орақ батыр менсінбей,
Қыртыстап көзін қарады.
Ашуланып ал бала,
Піл үстінде Орақтың
Белбеуінен алады.
Жоямерген қаһармен
Қатты тартып қалғанда
Пілден түсіп қалады.
Аттан түсіп екеуі,
Енді күрес салады.

Екеуі бір-біріне жетіп келген,
Батырға таудай талап Құдай берген.
Орақпен үш күн, үш түн сонда алысып,
Қайратын бір-бірінің көзі көрген.

Екеуі үш күн ұдай алысыпты,
Көшіріп жер-дүниені салысыпты.

Жас бала күші толған мезгілі емес,
Қалжырап, тал шыбықтай майысыпты.

Сол кезде Құламерген жетіп келген,
Шаршаған жас баласын көзі көрген.
«Табайын мұның жайын, жан шырағым,
Орақты енді маған берші», — деген.

Сол жерде Жоямерген қаһарланды,
Қызарып екі көзі оттай жанды.
Тіресіп жүрген батыр өзі дендеп,
Орақты жерден тартып жұлып алды.

Көтеріп оны жерден жұлып алды,
Батырды айналдырып жерге салды.
Семсермен басын кесіп домалатып,
Өзінің әскеріне жібереді.

Лақтырды басын кесіп әскеріне,
Қараңыз өнер қылған қаһарына.
Әскерден бас тиіп, бес кісі өлді,
Қараңыз кез келуін ажалына.

Әлқисса, Жоямергеннің жауға кіргені:.

Жоямерген ал сонда
Жауға таман жүреді,
Сайманын алып Орақтың,
Желігіп жауға тиеді.
Көп қойға келді бір қасқыр,
Бір шетінен кіреді.
Мылтық жеткен жер болса,
Атып кетіп барады,
Садақ жеткен жер болса,
Тартып кетіп барады.
Ділдәш аты жануар
Кезі келген жауларды
Тарпып кетіп барады.
Үш мыңдайын әскерді
Қырып кетіп барады.
Өз білгенін Мергенің
Қылып кетіп барады.
Үш күн, үш түн қырады,
Төртінші күн болғанда
Үш мыңдайын әскерді
Тәммат тамам қылады.

Сол уақытта қараса,
Болған екен тамаша,
Үш мың әскер таусылып,
Өзі қапты оңаша.
Бір үш адам қалыпты,
Оны да ұстап алыпты.
Құлағын кесті құнтитып,
Мұрнын кесті тымпитып,
Сақал-мұртын күзеп ап,
Қойды үшеуін шұнтитып.
«Еліңе барсаң, сәлем айт», — деп,
Қоя берді сымпитып.

Әлқисса, Мергеннің аралына көшіп барғаны.

Бұл жерден жауын қырып, көшіп кетті,
Өзінің аралына барып жетті.
Қызықпен неше түрлі аңын аулап,
Өзінің аралында мекен етті.

Мергеннің аралында жүрген кезі,
Қызықпен аңын аулап жүрген кезі.
Аң аулап Құламерген жүре тұрсын,
Келеді үш кісінің біраз сөзі.

Үшеуі құнтиысып жетті еліне,
Өзінің Бұлғар деген елдеріне.
Қырғанын осылай деп бастан-аяқ
Сөз сөйлеп, баян қылды жерлеріне.

Патшасы бұл қырғынды есітті анық,
«Қалайша қырған?» — дейді қайран қалып.
«Мергеннен не қылсаң да өшіңді ал», — деп,
Жіберді жалмауызға хабар салып.

Жалмауыз бұ хабарды есітіпті,
Орақты естіген соң есі кетті.
«Қаныңды, Құламерген, ішермін», — деп,
Мініп ап, желмаямен жөнеліпті.

Баласын есіткен соң кетті жүріп,
Тұрмайды орта жолда еш кідіріп.
Қарайды Құламерген сонда үйін,
Аралға Ғазар деген келіп тұрып.

Әр жерден Мерген үйін қарап жүрер,
Ол залым жамандықтың бәрін білер.

Жалғызы Орақ батыр өлгеннен соң
Бұған да кемпір қайтіп сабыр қылар.

Аралап Ғазар арал келді дейді,
Келген соң ақ орданы көрді дейді.
Алдына ақ орданың жақын келіп,
«Қайда, — деп, — Құламерген?» сұрақ қойды.

Далаға Баллу Маржан сонда шықты,
Көрген соң жалмауыздан бек қорықты.
Бар екен бір денеде жеті басы,
Үйінен қорыққаннан шыға алмапты.

Шыға алмай Баллу Маржан үйде тұрды,
Сөз сөйлеп, мыстан кемпір сонда ақырды.
«Күйеуің Құламерген қайда кетті?
Айтпасаң, жұтамын», — деп жауап күтті.

Бейшара қорыққаннан жауап берді:
«Мергенім баласымен аңда», — деді.
«Соғысам бесінші күн Қаратауда», —
Жалмауыз бұ сөзді айтып жүре берді.

Аң аулап Құламерген келді мұнда,
Айтады кемпір сөзін Маржан сонда.
Көтеріп оң қолымен көзін сүртіп,
Жылайды кемпір жайын айтып онда.

Сонда Мерген сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
«Баллу Маржан, құлақ сал,
Айтатұғын сөзім бар,
Бір денеде малғұнның
Жеті басын көрдіңдер,
Әр басында кемпірдің
Жүз кісінің күші бар.
Өліп қалған Орағың
Сол кемпірдің баласы,
Құртқа деген бұл кемпір
Үш жүз жасқа барғаны.
Күнайымды азғырып,
Әуелде қорлық салғаны,
О да соның бәлесі,
Сөзімнің жоқ-ты жалғаны.
Тобылғы менен мейіз сал,
Бір тоқымды сырығын.
Осылайша амал қып

Бұл кемпірден қашамын.
Өзіме азық — мейізің,
Кер атқа азық — тобылғың».

Тоқымын айтқан бітірді,
Кер атқа мініп ол тұрды.
Кер атқа мініп тұрады,
Көзінің жасын бұлады.
«Кемпір келсе, артымнан,
Жолыма салып жібер, — деп, —
Тәуекел!» — деп шығады.

Тұрады Құламерген атын мініп,
Жылады баласына зарлық қылып:
«Әгарда кемпір келсе, ізіме сал,
Пәлеге қала көрме қарсы тұрып».

Зарланып Құламерген көп жылады,
Қайғысын қатын-бала жеп жылады.
«Аман бол, Жоямерген, жалғызым», — деп,
Бет қойып жапан түзге жөнеледі.

Жөнелді Құламерген мауқын басып,
Қалыпты қатын-бала зар жыласып.
Тағы да үш күн, үш түн өткеннен соң,
Бір күні кемпір келді асып-сасып.

Жалмауыз жетіп келіп, ақырады,
«Қайда, — деп, — Құламерген?» шақырады.
Кемпірді қаһарланған көргеннен соң,
Бейшара Баллу Маржан қалтырады.

«Айт, — деді, — қайда кетті Құламерген?
Ішкелі оның қанын мұнда келгем.
Айтпасаң, балаңменен жұтамын», — деп,
Ақырып, айбаттанып жақын келген.

Шыдамай айбатына жаман састы,
«Қашты, — деп, — Мерген батыр» айтып сапты.
Көрсетті Құламерген келіп ізін,
Қазылған жүрген жері жерошақ-ты.

Ол кемпір желмаямен кетті қуып,
Артынан жете алмады бір ай жүріп.
Және де екі ай қуып желмаямен,
Төрт айда жете алмады жақын-жуық.

Бес айдай сонда малғұн қуалады,
Артынан сонша қуып, жете алмады.
Тұрғанда алтыншы айдың жүзін көріп,
Қарасы Құламерген бұлдырады.

Жалмауыз біраздан соң жетті жуық,
Ол залым жақындады алты ай қуып.
Сол кезде биік тауға жеткен жақын,
Айнала Орал тауды қашты жүріп.

Айнала Орал тауды қашты бұғып,
Артынан жақындады кемпір қуып.
Мейізді тоқымдағы өзі нәр қып,
Жүреді тобылғысын атқа беріп.

Мергенің Орал тауда қашып жүрді,
Қысылып жалмауыздан, сасып жүрді.
Батырың Орал тауда жүре тұрсын,
Естіңіз қатынынан біраз сөзді.

Бір күні Маржан сұлу ұйықтап жатқан,
Біраз түс ұйықтап көрді Мерген жақтан.
Шақырып Жоямерген қасына алып,
Мәнісін көрген түстің оған айтқан.

Әлқисса, шешесінің көрген түсін баян қылғаны:

— Жоямерген, құлақ сал,
Сөзімді айтқан ұғып ал,
Әкең сорлы кеткелі
Ұйқы көрмей жүрдім мен.
Бүгін түнде ұйықтап ем,
Әкең маған сөйлеген:
«Жоямерген жалғызым,
Бұл жалғанда арманда
Мені мұндай қылғыздың.
Алты ай болды көрмедім,
Жүзіңді көрмей, еңіредім.
Бір көрсем, қалқам, жүзіңді
Армансыз болам мен, — дейді. —
Тілегім берсін бір Құдай,
Құла да атым арыды-ай.
Мойным болған ырғайдай,
Битім болған торғайдай,
Кемпір жетті жақындап,
Көрем бе, — деп жылайды, —
Жоямерген жалғызды-ай».

Сөзіме менің құлақ салғын, балам,
Әкеңе осы кезде барғын, балам.
Берейін жөнін айтып, Жоямерген,
Әкеңнің сен жүзігін алғын, балам.

Барасың жүзік алып, Орал тауға,
Көрінер әкең қашқан қарсы алдыңда.
Жүзікті қарсы алдына тастай берсең,
Әкең де қайраттанар біліп сонда.

Әкеңіз жерден сонда жүзікті алар,
Сол кезде барғаныңды біліп қалар.
Кер аты астындағы о да біліп,
Жануар құстай ұшып, қаһарланар.

Кетеді әкең асып сонда қырдан,
Артында жақын келер кемпір қуған.
Алтын оқ мен беремін садағымен,
Кемпірді атып қалғын дәл маңдайдан.

Жығылып кемпір сонда қайғы ойлайды,
Малғұн сонда жатып, сөз сөйлейді.
«Ер болсаң, Жоямерген, екі атқын!» — деп,
Жалмауыз сонда жатып айқайлайды.

Бір атқан жалғыз оғың жетер, — дейді, —
Жаны оның жаһаннамға кетер, — дейді. —
Екі атпа, сөзімді ұқсаң, Жоямерген,
Өлтіріп екеуіңді кетер, — дейді. —

Шырағым, мен сөйледім, тілімді алсаң,
Әкеңе сәлем айтқын бізден, барсаң.
Бар енді, жолың болсын, жан шырағым,
Әкеңді өлтіреді көп кешіксең.

Ділдәшқа мініп алды Жоямерген,
Қоштасып шешесімен, жүре берген.
Жүрісі жануардың сондай қатты,
Оралға он күн жүріп жетіп келген.

Оралға он күн жүріп жетіп келді,
Әкесін қашып жүрген көзі көрді.
Жүзігін қалтасынан алды-дағы,
Алдына атасының тастай берді.

Жүзікті көріп Мерген, жерден алды,
Жануар Құлагер ат қаһарланды.

Жүзікті Құламерген алған шақта,
Ғайып боп көз ұшында кетіп қалды.

Ақырып кемпір сонда келе жатты,
Артынан арқан бойы жақындапты.
Айқайлап Жоямерген ақырғанда,
Балаға сонда кемпір жалт қарапты.

Маңдайда жалғыз көзден қалды басып,
Жығылды сонда кемпір омақасып.
«Ер болсаң, Жоямерген, екі атқын!» — деп,
Жатады сонда малғұн қарсыласып.

Жатады сонда кемпір ыза болып,
Қасына Жоямерген тұрды келіп.
Қараса, жаһаннамға кетті жаны,
Қуанды Жоямерген мұны көріп.

Әкесі Құламерген о да келді,
Баласын келіп тұрған көзі көрді.
Келген соң Құламерген аттан түсіп,
Бұ келген баласымен көріседі.

Құламерген жылайды,
Көзінің жасын бұлайды,
Жоямерген келген соң,
Жыламай қалай шыдайды:

«Жоямерген жалғызым,
Алты ай сені көрмедім,
Жүзіңді көрмей, еңіредім.
Кемпір қуып жеткенде,
Маған да, қалқам, келгенің.
Құдіреттен осылай
Жазуы бар Алланың.
Жоямерген қарағым,
Үш ажалдан құтқардың.
Әуелгі ажал, қарағым,
Босағада байландым.
Екінші ажал, қарағым,
Жас баланы алғанда,
Айырылып сайман қалғанда,
Қырып жауды сен салдың.
Үшінші ажал — мынасы,
Құлагер ат арыған,
Алты ай жүріп сорлы атаң
Қарадай бүйтіп қажыған.

Кер ат пенен атаңыз
Осы кезде алжыған.
Әкеңнен тұр сын кетіп,
Кер аттан тұр әл кетіп.
Алаңдап тұрған кезімде
Келдің, қалқам, сен жетіп.
Кемпірді келіп өлтірдің,
Малғұнды қоймай дәндетіп».

Мергенің бір күн, бір түн — көп жылады,
Қайғысын бір басының жеп жылады.
«Жалғызым, тірі көрдім бұ жалғанда,
Өлсем де арманым жоқ», — деп жылады.

Екеуі атқа мінді онан кейін,
Өлеңмен қайтқандарын мен сөйлейін.
Үш айда аралына келді жүріп,
Тыңдасаң, мен сөйлейін келгендерін.

«Аралға, — Құламерген, — қайтам, — деді,
Баласы сонда тұрып айтады енді.
«Аң аулап, ай, жан ата, түзде жүріп,
Артыңнан кешке жақын барсам», — деді.

Аралға Құламерген жүріп кетті,
Секіртіп дариядан келді де өтті.
Аң аулап Жоямерген түзде жүрді,
Азырақ қайтқанынан есті кепті.

Дарияға қайтайын деп жетіп келді,
Дариядан таңғажайып бір іс көрді.
Бір қуық су бетінде қалқып жүрген,
Келді де тамаша қып қарап тұрды.

Қарады тамаша қып көзін салып,
Білмеді немене деп аң-таң қалып.
Жақындап тамаша ғып тұрған шақта,
Жөнелді әлгі қуық тартып алып.

Мергенді әлгі қуық тартып алды,
Тоңқайып ат-матымен барып қалды.
Ішіне күлдір-салдыр кетті түсіп,
Жас бала не екенін біле алмады.

Атымен жұтып кетті биттей қуық,
Барады үш күн, үш түн қуық жүріп.
Ең түбі дарияның — бір сахара,
Сахараға қоя берді оны апарып.

Сахара бір далаға қалды келіп,
Жүре алмас ешбір жаққа жөнін біліп.
Бетімен сахарада жүре берді,
«Құдай-а, көрсеткенің немене?» — деп.

Зар жылап жүре берді Жоямерген,
Бетімен жөнін білмей жүре берген.
Бетімен айдалада келе жатса,
Ақ орда, алты қанат үйді көрген.

Сол үйге қадам басты бала пақыр,
Алланың не жазғанын көреді ақыр.
Алыстан үйді көріп тұрғанында
Бір адам ақ шалмалы келе жатыр.

Бір адам ақ сақалды жақын келді,
Басында ақ шалмасы, бала көрді.
«Япырым-ай, жолды айтатын бабам ба?» — деп,
Қасына жақын келіп, сәлем берді.

«Уағалайкумассалам, балам! — деді, —
Бір Алла медет берсін саған, — деді. —
Жыланбек — жер астының падишасы
Есіткен батырлығың тамам, — деді. —

Жыланбек қайратыңа ғашық болған,
Сынайды әлі сені әрбір жолдан.
Қайратын өзім көрем, батыр болса,
Берем деп Күнсұлуды, уағда қылған.

Күнсұлу — Жыланбектің жалғыз қызы,
Көрсеңіз, хор қызындай нұрлы жүзі.
Көп адам жұмысына жарамаған,
Өлтірді әр батырды оның өзі.

Ақ орда патша үйі — анау тұрған,
Ғайын[1] деген сиқырға сені алдырған.
Қуық боп Ғайын әрбір сиқырменен,
Ішіне салып сені, алып келген».

Бұлай деп жөнін айтты Қызыр бабаң,
«Күтіңіз не болса да бір Алладан,
Жеті қат бұ келгенің жердің асты», —
Мұны айтып ғайып болды әлгі адам.

[1] Ғайын /араб/ — көз.

Көрінген ақ ордаға жүре берді,
Ол үйге барайын деп жақын келді.
Астында Ділдәш аты тұра қалып,
Тіл бітіп, ол балаға сөз сөйледі.

Әлқисса, Ділдәшқа тіл бітіп, сөйлеген сөзі:

Тіл бітіп Ділдәш сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
«Жоямерген, құлақ сал,
Сөзімді айтқан ұғып ал.
Ақ орданың ішінде
Бір үй толған жылан бар.
Үйіне кіріп барғанда,
Сол жыландар ысқырар,
Қайраттанып сол кезде,
Күшіңді бойға жиып ал.
Босағада ақ жылан
Оң балақтан кеп кірер,
Өне бойды аралап,
Қатты ысқырып ол жүрер,
Жалап бәрін өн бойдың,
Жағаңнан барып ол шығар.
Қимылдама, Мергенім,
Қимылдасаң — өлгенің.
Көре алмай сізді мен-дағы
Қайғыменен өлгенім.
Сұр жылан тағы келеді,
Оны көзің көреді.
Өне бойды тағы да
Әуелгідей аралап,
Жағадан шығып ақырда,
Өз бетімен жүреді.
Онан соң тағы сары жылан,
О да ысқырып келеді.
Балағыңнан енеді,
Өне бойды аралап,
Бұрынғыдай жүреді.
Қимылдама, жан достым,
Қимылдасаң — өлгенің,
Көп мехнат көргенің.
Онан соң тағы көресің
Қызыл жылан келгенін.
Аузыңнан келіп кіреді,
Ішіңді түгел аралап,
Ішек-қарныңда жүреді.
Ұзыннан біткен омыртқаң,

Қарсы біткен қабырғаң,
Түгендеп бәрін көреді.
Ең соңында, жан достым,
Мұрныңа келіп тұрады.
Өн бойыңды түгендеп,
Осылайша қылады.
Қимылдама, Мергенім,
Қимылдасаң, шағады».

Зар-зар жылап Ділдәш ат,
Осы жерде қалады.
Жоямерген батырың
Ақ ордаға барады.

Еніпті ақ ордаға сәлем беріп,
Қорықты жыландарды көзі көріп.
Шуласып көп жыландар тұс-тұс жақтан,
Көрген соң түрегелді бәрі де өріп.

Ақ жылан босағадан түрегелді,
Әуелі оң балақтан кіре берді,
Ысқырып өне бойды бәрін жалап,
Бойында сұп-суық боп жүре берді.

Ысқырып бір сұр жылан тағы келді,
Қаһарын ол жыланның қатты көрді.
Қаһармен айбаттанып әлгі жылан
Әуелі оң балақтан келді де енді.

Аралап әуелгідей тағы жүрді,
Қозғалмай Жоямерген, сабыр қылды.
Жағалап жағасынан барып шығып,
Бір патша алтын таққа барып мінді.

Тұрыпты Жоямерген сабыр қылып,
Жыланның адам болған бәрін көріп.
Сиынып бір Аллаға тұрған шақта,
Сары жылан келе жатыр тағы ысқырып.

Қорқады сол жыланнан көп сандалып,
Тұрады сонда дағы қайраттанып.
Кіріп ап оң балақтан ең әуелі,
Жүреді бұрынғыдай шыр айналып.

Жүреді өне бойды қылып сайран,
Ақырда шықты келіп жағасынан.
Отырды бәйбіше боп жүзі айдай,
Бұл іске Жоямерген қалды қайран.

Көрініп қызыл жылан қатты ысқырды,
Зәресі кетіп, Мерген әзер тұрды.
«Құдай-ау, бұ жыланнан сақтай көр», — деп,
Айбатын бәрінен де артық көрді.

Көрініп қызыл жылан айбаттанды,
Мергенің қатты қорқып, есін танды.
Қайырадан есін жиып тұрған шақта,
Аузынан жылан келіп кіріп алды.

Ысқырып айбаттанды жылан кіріп,
Өн бойын аралады түгел жүріп.
Түгендеп ішек-қарны мен жұлын-жота,
Мұрнына ысқырады келіп тұрып.

Мұрнына келіп тұрып, қатты ысқырды,
Сол кезде Жоямерген бір түшкірді.
Қимылдап оң аяғы түшкіргенде,
Шаққалы оңайланып жылан тұрды.

Шаққалы аузын ашып оңтайланды,
Заһарын[1] тіліне әкеп жиып алды.
Әкесі ол жыланға сонда тұрып,
«Шақпа, — деп, — әй, Күнсұлу!» айқай салды.

Жыланбек бұ сөзді айтып, айқай салды,
Бір қыз боп мұрынынан түсе қалды.
Сипаты хор қызындай әлгі қыздың,
Порымын қыздың көріп, бек шаттанды.

Әуелде қорқытыпты бәрі осылай,
Болар ма жігіт жақсы өнер қылмай.
«Қызыл тіл — өнер алды» деген қазақ,
Жазайын тебірендіріп қаламымды-ай.

Қор болып бар өнерім, текке жатпа,
Жазайын, шамам келсе, мұны хатқа.
Адам боп күллі жылан біткеннен соң,
Шақырды бұл баланы сонда патша.

«Қасыма сөйлеші енді бермен келіп», —
Тұрады бұл баланы жылан көріп.
«Қанеки, енді, балам, сөйле», — дейді,
Орнынан түсіп, оған тағын беріп.

[1] Заһар /араб/ — у.

Отырды Жоямерген таққа мініп,
Отырды оқиғасын баян қылып.
«Кем қылман енді сені өз баламнан,
Сөз тыңда, әй, шырағым, маған сеніп.

Алдырдым Ғайын деген сиқыршыға,
Сен келдің бұйрығыммен менің мұнда.
Батырсың, бәрекелді, ерлігің мол,
Жұмсаған енді барғын жұмысыма.

Сөз тыңда құлақ салып, балам, маған,
Астында дарияның алтын қазан.
Әкелсең сол қазанды ерлік қылып,
Беремін Күнсұлуды қосып саған».

Патшаға Жоямерген жауап берді:
«Қазанды әкелем, — деп сөз сөйледі. —
Дариясын сол қазанның маған көрсет,
Барамын сол қазанға», — деп сөйледі.

Арада үш күн, үш түн жол жүреді,
Дария оңтүстікте көрінеді.
Батырлар талап қылған барамын деп,
Бір жылда сол қазанды әкеледі.

Жөнелді Жоямерген үйден шығып,
Жүреді оң тарапқа атын мініп.
Бір үлкен ұлық дария көрінеді,
Дарияның жағасына келді жүріп.

Айналып дарияны жүреді енді,
Қараса, алтын қазан көрінбеді.
Сандалып ақыл таппай тұрған шақта,
Тіл бітіп, Ділдәш аты сөз сөйледі.

Әлқисса, Ділдәштің сөйлеген сөзі:

«Мергенім, маған құлақ сал,
Айтқан сөзді ұғып ал,
Бұ дарияның астында
Алтын қазан рас бар.
Ала алмайсың қазанды,
Бұл сөзімді естіп қал.
Медет берсе Құдайым,
Қазанға өзім барайын.
Сенің үшін, жан достым,
Қорлыққа басым салайын.

Суға қазір енемін,
Сапар тартып қазанға,
Дария түсіп көремін.
Үш күн тамам өткенде
Қазанға жетіп көремін.
Су тізеңе келеді,
Қимылдама, Мергенім,
Қимылдасаң — өлгенім!
Төрт күн сонда өтеді,
Бес күнге таман жетеді,
Кіндіктен асып су сонда,
Кеудеңе таман жетеді,
Қимылдама, Мергенім,
Қимылдасаң — су жұтып,
Қаза жетіп өлгенім.
Алтыншы күн көресің
Иекке судың келгенін.
Су иектен өтеді,
Мұрныңа келіп жетеді.
Су көзіңнен өткенде,
Төбеңе келіп жеткенде,
Қазанды алып келем», — деп,
Бәрін де кеңес етеді.
Ділдәш аты Мергенге
Бәрін кеңес қылады.
«Оңайлықпен ол қазан
Біздің қолға түспейді.
Көз жетпейтін бұ дария
Сол қазанның ішінде
Құйылып, су боп тұрады», —
Сөзін тамам қылады,
«Сертіңе жет, — деп, — жан достым»,
Дарияға тамам жүреді.

Дарияның ортасына түсіп кетті,
Ділдәштің түскен жері шымыр етті.
Зар жылап бала тұрды бір Аллаға,
Онан соң үш күн тамам тағы да өтті.

Тұрады бір Аллаға зарлық етіп,
Барады сол уақытта үш күн өтіп.
Болғанда төртінші күн, Құдауанда,
Су жылжып тізесіне келді жетіп.

Тұрады сабыр қылып, бес күн болды,
Су жылжып, кеудесіне жақын толды.
Алты күн, бес күн өтіп болған шақта,
Аузына су келгенін тағы көрді.

Көзіне су жақындап келді сонда,
Көзінен тағы барды қабағына.
«Көрем» деп Ділдәш атын көтерілді,
Қимылдап сонда кетті табаны да.

Су кетіп, қайта орнына тартылыпты,
Көре алмай Ділдәш атын зар қылыпты.
Таңғалып Жоямерген қарап тұрса,
Жарқ етіп дариядан қазан шықты.

Қасына ол қазанның жақын барды,
Дариядан атын іздеп, таба алмады.
Жағалап дарияны жүргенінде
Атының құр құлағы көрінеді.

Дариядан Ділдәш атты алды тартып,
Немене, өліп қапты, көп сөз айтып.
Зарлады Жоямерген бір Аллаға:
«Дүниеде тірі жүрем енді қайтіп?!»

Әлқисса, Жоямергеннің атына зарлағаны:

Жоямерген зарлады,
Тағат-сабыры қалмады.
«Тірілмесең, Ділдәшім,
Ғұмырымды басында
Өткізем», — деп зарлады.
Аты үшін зар жылап,
Сабыр-қарар қылмады.
Үш күн, үш түн зарланып,
Халі бітіп тұрады.
Сол жылаумен зарланып,
Төрт күн тамам қылады.
Бесінші күні тағы да
Онан жаман жылады,
Алтыншы күн болғанда
«Бисмилла», — деп орнынан
Ділдәш ат та тұрады.

Құшақтап атын бала, қылды зарды,
Ділдәш ат бірге зарлап, ол жылады.
Зар жылап бала пақыр тұрған шақта,
Балаға аты тұрып сөз сөйледі:

«Әуелі мен қасыңнан кеттім, — деді, —
Қазанға дәл үш күнде жеттім, — деді, —
Төрт күнде мен білемін, иншалла,

Су жылжып тізеңізге жетті, — деді. —
Қазанды тарттым сонда мен теңізден,
Су келді сонда жылжып кеудеңізден.
Бес күнде кеудеңізден және де өтіп,
Және асты алты күнде көзіңізден.

Су барып қабағыңа сонда жетті,
Қабақтан біраз асып тағы да өтті.
Қаһармен алтын қазан лақтырғанда,
Қимылдап оң аяғың біраз кетті.

Қимылдап оң аяғың кетті сонда,
Су жұттым құдіретімен Құдауанда.
Әзірейіл жанымды кеп алған шақта,
Ұжмақта хор қыздары ұстап алды.

Шақырған дауысыңды естіп едім,
Әурелеп хор қыздары жібермеді,
Болғанда жетінші күн қашайын деп
Ділдәшің қалай-дағы қалды ойға.

Алдыңа бүгін келдім қашып шығып,
Мергенім, бұл сөзімді алғын ұғып.
Жолыққан Қызыр бабаң мені айырды:
«Мергенің тосып тұр, — деп, — зарлық қылып».

Сол жерде Ділдәш атқа алды мініп,
Қазанды ап, бұл арадан кетті жүріп.
Батырлық өнерімен Жоямерген
Қазанды патшасына берді әкеліп.

Падиша ол қазанды алып көрді,
«Батырым, бәрекелді, алып келді!»
Күнсұлу — жалғыз қызын енді патша
Той қылып, қырық күнде қосып берді.

Қаншама көп мал тойға сояды екен,
Қазанды қайнаттырып қояды екен.
Болса да қанша әскер тойға келген,
Бәрі де сол қазаннан тояды екен.

Қазанның қасиетін білген екен,
Жыланбек көп батырды жиған екен.
Көп батыр жұмысына жарай алмай,
Жыланбек қайғыланып жүрген екен.

Мұратын жалғыз Алла хасыл[1] қылды,
Күші көп батырлығын анық білді.
Жайланып Жоямерген қайынында,
Патшаның қызын алып, үш ай тұрды.

Бір күні падишаға Мерген барды,
«Үйіме қайтамын», — деп айтып салды.
Жыланбек осы сөзді есіткен соң,
Сиқыршы Ғайын ерді тағы да алды.

Сиқыршы, шақырған соң, қуық келді,
Баяғы алып келген көзі көрді.
«Қаншама мал беремін жасауменен,
Еліне сен жеткізіп апар», — деді.

Сиқыршы «Болады!» — деп қабыл алды,
Падиша жөнелткелі ыңғайланды.
Күнсұлу еліменен амандасты,
Түскелі дариясына алып барды.

Қызына ата-анасы амандасты,
Күнсұлу қайғыланып, зар жылапты.
«Бетіңнен жарылқасын бір Алла!» — деп,
Беріпті ата-анасы рұқсатты.

Он құл мен Күнсұлуға он күң берді,
Ішіне Ғайын қуық салды енді.
Һәммесін[2] Ғайын қуық салып алып,
Баланы аралына алып келді.

Өзінің аралына әкеп салды,
Қоштасып, Ғайын қуық кетіп қалды.
Қуанып Жоямерген сол кезінде
Өзінің ордасына кіріп барды.

Атасы көргеннен соң кеп көрісті,
Қайғысын баласының жеп көрісті.
«Дүниеден қазір өлсем, арманым жоқ,
Қарағым, көрдім сені», — деп көрісті.

Әлқисса, Құламергеннің баласына жылағаны:

Құламерген жылайды,
Көзінің жасын бұлайды,

[1] Хасыл /араб/ — нәтиже, жүзеге асу, мақсатқа қол жеткізу.
[2] Һәмме /парсы/ — барлық, бәрі.

Жалғызы аман келген соң
Жыламай қайтіп шыдайды?!

«Бүгін өлсем, арман жоқ,
Менде арман қалған жоқ,
Жоямерген, жалғызым», —
Осылай зарлап тұрады,
Талып кетіп сол кезде,
Жанын пида қылады.

«Ғайып болып, жалғызым,
Бір күнде кетіп қалғаның,
Сені іздеп, қарағым,
Күнайымды азғырған
Бұлғар деген шаһарда
Жалмауызға барғаным.
Патшасы мен кемпірді,
Шаһарын қырып алғаным.
Сені іздеп, қарағым,
Бұ жалғаннан көрмедім,
Күдер үзіп, таба алмай,
Мұнда қайтып келгенім.
Зар жылап үйде тұрғанда,
Өзің жетіп келгенің!»

Атасы зар-зар жылап, қылар фаған[1],
Шешесі о да келіп, зар жылаған.
«Қарағым, айым, күнім, шырағым», — деп,
Шешесі о да келіп, талып қалған.

Жылады шешесі де талып түсіп,
Аяғын баласының алды құшып.
Жырларын шешесінің жаза алмадым,
Күні-түн отырған соң ішім пысып.


Бес сөтке тебіренттім жазып қалам,
Әр құлға медет берсін Хақ Тағалам.
Сөзімде қате болса, айып етпе,
Аяғы осылайша болсын тамам.

[1] Фаған /парсы/ — қиналыс.


Бірінші мақам


Орындаған: Қазыбек Әдікей
Нотаға түсірген: Қуаныш Жұмағали

екпіндете




Екінші мақам







Үшінші мақам




Төртінші мақам




Бесінші мақам





Қайырымы





Алтыншы мақам














Жетінші мақам







Қайырымы




Сегізінші мақам





Тоғызыншы мақам





Оныншы мақам















Он бірінші мақам

















Он екінші мақам




Он үшінші мақам




Он төртінші мақам



Он бесінші мақам




قیصهء قولا میرکان

ناشرلری :
کتابچی شمس الدین حسینی ورثهسی
قزانده .

قزانده دومبراوسکی مطبعهسنده

Казань.
Центральная Типографія.
1912 г.

ПРОВЕРЕНО 1953 г.

Қисса-и Құламерген. Қазан, 1912.



Дотан батыр.
Суретші Е. М. Сидоркин

ДОТАН БАТЫР

«Дотан батыр» — мифтік-ертегілік сарындары басым болғанмен, кейінгі эпикалық дәстүрмен байытылған көне эпостың біреген үлгісі. Сондықтан шығарманың мазмұнында қазақ пен қалмақ арасындағы жаугершілік заманды суреттейтін оқиғаларға да елеулі орын беріледі. Дегенмен бұл сюжеттер көне эпоста аса кең тараған батырдың қалыңдық іздеу мақсатындағы жорығы мен сол сапардағы сыннан өту мотивіне байланысты туындап, өріс алады. Шығармадағы ежелгі тұрмыс-тіршілік, батырдың қалыңдық елінде ұзақ тұрып қалуы сияқты анаеркі қоғамынан қалған сарындар эпостың байырғы көне сипатын айғақтайды.

Жыршы Жүсіпбек Шайхысламұлы шығарманы халық арасынан алғаш жазып алып, өзінше толықтырып, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басында бірнеше мәрте Қазанда жеке кітап түрінде бастырды (1884, 1903, 1915), кейін ол «Батырлар жыры» жинақтарында (1961, 2008) жарияланды. Еліміздің сирек қолжазбалар қорында жырдың М. Жүсіпов, А. Сегізбаев, Қ. Амантаев, Б. Қозыбақов жеткізген өзге де 4 нұсқасы сақталған. Ә. Қоңыратбаев, Р. Бердібай, С. Қасқабасов, Ш. Ыбыраев сынды ғалымдар ұлттық эпостануға байланысты жазған еңбектерінде «Дотан батыр» жырына қатысты ой-пікірлерін білдірді.

Томды баспаға дайындау барысында барлық қолжазба нұсқалары сараланып, Қазан нұсқасы (1915) таңдалды. Түпнұсқа Орталық ғылыми кітахана қорында сақталған (1192-Вост.).

Жарандар, сал құлағың, тыңдап бізге,
Сөйлейін бір қиссаны енді сізге.
Кешегі Ормамбет хан заманында
Өтіпті Құбақанбай жапан түзде.

Дүниеде, ойлап тұрсам, әуре-сарсаң,
Жігіттер, тәубе қылғын қайда барсаң.
Сөйлейін бір қиссаны Құбақаннан,
Жарандар, біразырақ құлақ салсаң.

Шығардым көңілімнен әртүрлі жол,
Бітірген соның бәрін он саусақ қол.
Өтіпті Құбақанбай жапан түзде,
Өзінің Құдай берген дәулеті мол.

Өзінің Құдай берген дәулеті көп,
Қырық ұлы, қырық қызы бар — көңілі тоқ.
Алыпты жалғыз өзі тоғыз қатын,
Елсізде жатады екен уайымы жоқ.

Жапанда өскен екен ел көрмей-ақ,
Елсізде жалғыз ауыл жатты саяқ.
Есебі жоқ өзінің көп-ті малы,
Құдайым ұл-қыз берген аямай-ақ.

Бір өзі ұлға да бай, малға да бай,
Өзінің дәулеті мол, көңілі жай.
Құдайым әрне берсе, бірдей берген,
Іздеген төрт түліктің бәрі де сай.

Әзелде[1] артық қылған Хақ Тағала,
Мекені елсіз-күнсіз жапан дала.
Құдайым мол дәулетті берсе-дағы,
Түспепті есігіне келін-бала.

Сөйлейін бек мазмұндап енді мұны,
Белгісіз адамзаттың өткен күні.
Қырық ұл, қырық қыз бір күн ақылдасқан,
Қиссаның тыңдайтұғын келді жері.

Сексені ақылдасты болып қапа:
«Жарамас жүргеніміз, үлкен аға,
Жақында ел бар болса, баралық», — деп,
Салады тұлпарларға алтын таға.

[1] Әзелде — о баста, әуелде.

Сексені ақылдасып, атқа мінді,
Іші пысып, кеңесіп, жиылды енді.
«Жақын жерде барар ел бар ма екен?» — деп,
Малын баққан бір шалдан сұрайды енді.

Балалар әрбір ойды ойлайды енді,
Еркіне шал байғұсты қоймайды енді.
«Жақын жерде ел болса, біз баралық,
Әй, ата, білгеніңді сөйле», — деді.

Дүние екі айналмас, бір келеді,
Балалар байғұс шалды көп тергеді.
Балалар көп жалынып сұраса да,
Шешіліп байғұс шалың үндемеді.

Балалар қоймайды енді сөйлемеске:
«Жауап бер, — дейді, — баба-ай, бұ кеңеске.
Білген ісің бар болса, айтқын бізге,
Білгеніңді айтқаның еп емес пе?»

Сонда шалың сөйлейді байпаң қағып,
Балаларға барады сөзі жағып.
«Оңтүстікте бар еді бір бәйтерек,
Онан жақын нәрсе жоқ, жүрмін бағып.

Ешқайда онан ары барғаным жоқ,
Аралап жердің жүзін алғаным жоқ.
Білгенімді айтайын, шырақтарым,
Жақында ел дегенді көргенім жоқ.

Оңтүстікте бір тоғай бар, — деп айтты, —
Миуалы[1] қалың тоғай тал, — деп айтты. —
Тілімді алсаң менің, шырақтарым,
Бәрің де қару-жарақ ал, — деп айтты.

Әр жолға өзі бастар қадір Тағалам,
Сіздердің мен сөзіңе қайран қалам.
Елсіз, иесіз тоғайда жау бар шығар,
Жүргейсіз тұлпар мініп бәрің, балам».

Адамның сөз білмейді бір қарасы,
Қандырмас құлағыңды сөз жаласы.
Құбақанның қырық ұлының арасында
Бар еді тоқалының бір баласы.

[1] Миуа /араб/ — жеміс.

Құдайым бақ бергей де пендесіне,
Ғаріпті патша Құдай жөндесін де.
Кенжесі Ер Дотанға сөз айтады,
Айтпайды жөнді жауап өңгесіне.

Сөз айтты Ер Дотанға байғұс шалың:
«Сырымды сенен аяр бар ма халім?!
Құлықтан[1] Қаракөк тай туған еді,
Соны ұстап жылқыдағы мінгін, жаным.

Қолыңа мылтық алғын, соны мініп,
Жетерсің айшылыққа күн-түн жүріп.
Тілеулес мен мүсәпір ғарібің», — деп,
Жөнелтті Ер Дотанға бата беріп.

Әр алуан сөз айтады жас балаға,
Ақылды мұсылманға бас балаға.
Каракөк тайды мініп, қару алып,
Ер Дотан жүрмек болды құр далаға.

Қасына ағаларын ертіп алды,
Тұлпар-тай мініп алды майда жалды.
Атасынан рұқсат, бата алып,
Саулатып ол балалар жолға салды.

Не қылса, Қадір Ием өзі білер,
Балалар неше күндер жүріп келер.
Он күн жүріп, он бір күн болған шақта
Қалың тоғай, бір өзен су көрінер.

Ол тоғайды көрді де, келді жетіп,
Аттарын қамшы басып, екпіндетіп.
Сексені шабуылдап жетіп келді,
Не бар, не жоқ, көргенше есі кетіп.

Жағалай келіп түсті ол ағашқа,
Жұпар жағып, аңқытып қара шашқа.
Миуа жеп, баршасы жатып қалды,
Аттарын байлап-байлап қойды басқа.

Бәрі бірдей паңдықпен ұйықтап жатыр,
Тіккені бастарына алтын шатыр.
Иісін адамзаттың алғаннан соң,
Бұларға бір жалмауыз келе жатыр.

[1] Құлық — тұмса құлындаған жас бие.

Білмейді ұйықтап жатып жалмауызды,
Жұтқалы балаларға салды ауызды.
Жалғыз жатқан қалыпты Дотан аман,
Өзгесін, бәрін жұтты ұлы, қызды.

Жалмауыз балаларға келіп қалды,
Бір сұмдық балаларға болып қалды.
Бір ұртына өзгесін тығып тұрып,
Қасына Дотан бала жетіп барды.

Баланы ұйықтап жатқан көрді сонда,
Қайран боп нұсқасына тұрды сонда.
Жұтайын деп баланы келгенінде,
Тай теуіп жалмауызды қалды сонда.

Ол тайдың кемпір көрді қасиетін,
Шалдың Дотан ұғыпты өсиетін.
Тай тепкен соң жалмауыз кейін тұрды,
Көрсетті ол кемпірге көп қайратын.

Баланы тайы теуіп оятады,
Оңтайлап, өзін-өзі жаратады.
Дотан бала оянып, көзін ашып,
«Кімсің?» — деп қу кемпірге сөз қатады.

Түріне жалмауыздың қарай қалды,
Мылтықты атайын деп қолына алды.
Қараса, қасындағы жолдасы жоқ,
Мылтықпен атайын деп оңтайланды.

Мылтықты ұмтылады қолына ала,
Қорықпастан он бір жасар ғаріп бала.
«Ұлсызға — ұл, қызсызға — қызбын», — дейді,
Қу жалмауыз мылтықты көре сала.

Кемпір сонда: «Атпа», — деп жалынады:
«Сабыр қып жөн сұрасаң нағылады?
Шырағым, мені атпай сөз сұрасаң,
Жоғыңның бәрі менен табылады».

Бала сонда кемпірдің сөзін тосты,
Бір Құдай есіркесін көңілі босты.
Баланы тайыменен асап қойып,
Жұтпастан, аузынан қайта құсты.

Сонда кемпірдің балаға айтқаны:

«Шырағым, сөз айтайын саған, — дейді, —
Қызмет қып бересіз маған, — дейді. —
Жолдасыңның бәрін де мен тастайын,
Қызмет қылсаң, болайын анаң, — дейді. —

Сөйлейін бір хикаят саған, — дейді, —
Жолдасың бәрі де тұр тамам, — дейді. —
Жұмсайын сізді, балам, бір жұмысқа,
Жеті жылда жетерсің оған», — дейді.

Сөйлейді сонда бала он бір жасар,
Құдайым сүйген құлын қылмас нашар.
«Қылайын қызметіңді, ана, сіздің,
Бір Құдай қандай жерден нәсіп шашар.

Қылайын қызметіңді, білсем бәрін,
Көңілім осы күнде болды жарым.
Шамам келсе, атқарам қызметіңді,
Әуелі тастасаңшы бауырларым.

Сөзіме менің, кемпір, құлағың сал,
Жаратқан бәрімізді Пәруардигар[1].
Не де болса қылайын қызметіңді,
Өзіңде жолдас болар бір ағам бар.

Әй, кемпір, мұндай сөзді айтасың-ай,
Көңілің аударылған жай тасындай.
Келейін үлкенірек атқа мініп,
Атым нашар астымда, қайтесің-ай».

«Шырағым, ағаларың мен берейін,
Басыңды патшаларға теңгерейін.
Үйіңде саған жарар атың жоқ қой,
Тәуекел деп тайыңмен жіберейін».

Ағаларын қояды бәрін құсып,
Қуанысты баршасы түгел түсіп.
Бір-бірін аман-есен көргеннен соң,
Отырысты баршасы қуанысып.

Кемпір сонда сөйлейді Дотан ерге:
«Жүр, — дейді, — жеті жылдық алыс жерге.
Менен сен енді, сірә, құтылмайсың,
Қанеки, ағаларың жүрсін бірге.

[1] Пәруардигар /парсы/ — Жаратушы, Жасаған, Құдай.

Жеті жылда жетерсің тынбай жүрсең,
Құданың құдіреті-дүр нені көрсең.
Шынтемір деген хан бар күнбатыста,
Ешкімнен кем болмайсың тірі жүрсең.

Қызы бар Шынтемірдің Күнікей деген,
Сол қызға балам ғашық боп жүдеген.
Қараңғы үйде тұрса, жарық қылар,
Ол қызға еш адамзат теңелмеген.

Менен сен, соны әпкелсең, құтыласың,
Болмаса, тағы қайта жұтыласың.
Күнікейдің сұлулығы артық дейді,
Соны әкелсең, батамды сен аласың».

Жас бала қу кемпірдің тілін алды,
Құдайым көңіліне ақыл салды.
«Кемпірдің жұмысына барамын», — деп,
Барды да ағаларға хабар салды.

«Барамын жау кемпірдің жұмысына,
Бір Құдай жәрдем бергін тынысыма.
Ағалар, жолдас болғын енді маған,
Сіздерді берді Құдай ырысыма».

Балаға ағалары сөз айтады,
Тоқтатып кешіктірмей, тез айтады.
«Біздерден еш қайыр жоқ, бара алмаймыз,
Барсаң, өзің жүре бер», — деп айтады.

Бір Құдай, өз пенденді өзің оңда,
Мұхаммед шапағатшы Расул Алла.
Ағалардан еш қайыр болмаған соң,
Бір өзі тәуекел деп, түсті жолға.

Әлқисса, қасына ағалары ермеген соң жылағаны:

Сонда бала жылайды,
Көзінің жасын бұлайды.
«Рақым қыл, — деп, — мен құлға», —
Алладан медет сұрайды.
«Ермедіңдер, ағалар,
Не іс қылсам, ұнайды?
Жеті жылдық жол екен,
Жалмауызға кез болдым,
Ғаріптік деген сол екен.
Аман сақта, Құдай-а,

Арасы сусыз шөл екен.
Он бірге келген жасым бар,
Әуре де сарсаң басым бар,
Құданың жазған тағдыры,
Бармасқа лаж болмады.
Сақтағаны мол екен,
Жолдасым жоқ қасымда.
Қабырғалы ат емес,
Мінгенім тай астымда.
Аман болғын, ағалар,
Салды Алла бір істі
Он бірге келген жасымда.
Ата-анама сәлем де,
Ағаларым, аман бол,
Қай таудың қалам тасында?

Әзелде жазған жазуға
Пенденің болмас шарасы.
Қырық ұл едік, ағалар,
Құбақанның баласы.
Аман болғын, ағалар,
Жүрегімнің парасы.
Хақысын кешсін ата-анам,
Тілінде болып сәнасы[1].
Ғаріптік, мехнат[2] көргенде
Ерлердің болсын әрқашан
Жаратқан Тәңірім панасы.

Көп сәлем де атама,
Батасын маған берсін-ай.
«Мұратына жеткер» деп,
Дұғада болып тұрсын-ай.
Бес уақыт намазда
Көңілін маған бұрсын-ай.
Ғаріп ата-анама
Үш қайтара сәлем де,
Тілегім тілеп жүрсін-ай.
Жалмауыз кемпір қорқытып,
Алысқа мені айдады,
Тілегі мұның құрсын-ай.

Айналайын ағалар,
Аман-есен болыңдар,
Үйге қайтып барыңдар,

[1] Сәна /араб/ — қайғы.
[2] Мехнат /араб/ — азап, бейнет.

Қартайған мұңлық атама
Жақсы қызмет қылыңдар.
Құбақанның ұл-қызы,
Сексен едік атадан.
Мендей мүсәпір іниңді
Аман қайтып келгенше,
Тастамаңдар батадан.
Жолымды Алла оңғарып,
Құтқарсын өзі қападан.
Қызыр, Ілияс жар болып,
Сақтасын Тәңірім жападан.

Жау кемпірдің жұмысы
Маған болды асқар бел.
Көз жасым толды қойныма,
Ағып барып болды сел.
Түстеніп, қонып баратын,
Арада жоқ ешбір ел.
Жүгірген аң, ұшқан құс,
Жолдасым болды соққан жел.
Аман болғын, ағалар,
Қош, риза бол, апалар,
Бізден бұрын неше хан,
Неше сұлтан баласы,
Қыз іздеп жүріп далада
Тартқан екен жапалар.
Аналарға сәлем де,
Жете алмадым он беске,
Ағалар, қалып барасыз,
Бірің ермей жолдасқа.
Маған лаж болмады
Бұған да, сірә, бармасқа».

Дотан бала бұны айтып, жолға түсті,
Не болса, Тәңірі қылар әрбір істі.
Көк тайға екі қоржын алтын артып,
«Алла» деп, ағаларға қош айтысты.

Еліне ағалары кетті қайтып,
Жіберді Дотан бала сәлем айтып.
Жалғыз өзі елсізге шыққаннан соң,
Жылайды ғаріп бала қайғы тартып.

Көк таймен Дотан бала жолға салды,
Жер жөнін сұм кемпірден сұрап алды.
Жүріп бара жатқанда кемпір келіп,
Баланың оң бетінен сүйіп алды.

Ал жөнеді бала, жөнеді,
Алланың салған ісіне
Әрне болса, көнеді.
Жалтаңменен жалтаңдап,
Тайға мініп қалтаңдап,
Жолға түсіп келеді.
Майдан-майдан, майдан жол,
Майдалай басып келеді.
Алтыншы таудан ары асып,
Жетінші тауға жанасып,
Қарсақ жортпас қалыңнан
Қарғып кетіп барады.
Түлкі жортпас түлейден
Түнде кетіп барады.
Бұлың-бұлың жерлерден
Бұлдырап кетіп барады.

Асқар-асқар таулардан
Асып кетіп барады.
Баланың көңілі дариядай
Тасып кетіп барады.
Ауыздығын көк тайы
Басып кетіп барады.
Аузынан көбік бұрқырап,
Шашып кетіп барады.
Жас баланы Құдайым
Айдап кетіп барады.
Екі көзі баланың
Жайнап кетіп барады,
Мінәжат[1] қылып Құдайға
Жағы тынбай, бұлбұлдай
Сайрап кетіп барады.

Бір заманда қыс болды,
Қары жауып, мұз қатып.
Бір заманда жаз болды,
Ұйықтаған жоқ бір жатып.
Ат үстінен ұйықтап,
Қалғып кетіп барады.
Бір заманда жаз болып,
Көк шығады жайқалып.
Астындағы көк тайы
Құнан шығып, жүн тастап,
Жорға болды тайпалып.
Иіп алды бөксесін,

[1] Мінажат /араб/ — жалбарыну, құлшылық.

Екі бұты талтайып,
Құрықтай мойны ұзарып,
Түзеп алды мүшесін,
Сауыры шықты томпайып.

Жаз ортасы болғанда,
Қаракөк құнан түрленді
Ортекедей құнтиып.
Анық тұлпар осы екен,
Жал-құйрығы сымпиып.
«Шу!» — десе, тұлпар ағады,
Ауыздықпен алысып,
Шалқая тартып шіреніп,
Ұшқан құспен жарысып.
Маядай мойнын созады,
Тарта-тарта баланың
Алақаны тозады.
Еті қызып, желіксе,
Бой бермейді қарысып.

Ермегі жоқ, ерікті,
Күндіз-түні жүрумен
Жалғыз бала зерікті.
Арада неше қоныпты,
Талма түстің шағында,
Мидай жапан далада,
Құланның ішкен қағында,
Сұлап жатқан бір жерде
Бір адамға жолықты.
Сұлап жатқан адамды
Анадайдан көреді,
Іркілместен жас бала
Қасына жетіп келеді.
Сипатына қараса,
Жасы үлкен кісі екен,
Иіліп сәлем береді.
Сәлемін алып, ол адам
Мұсылманша сөйлесіп,
Жөнін сұрай береді.

Сонда бала сөйлейді:
«Он екіде жасым бар,
Әуре болған басым бар», —
Басындағы оқиға
Айтып, сөйлеп, қылды зар.
«Жалмауыз кемпір бұйырып,

Қылды маған қатты кәр[1].
Күнбатыста бір шаһар,
Шынтемір деген ханы бар,
Күнікей сұлу дейтұғын
Ханның жалғыз қызы бар.
Сұлулығын сұрасаң,
Күндей болған жүзі бар,
Соны алмаққа барамын
Аллаға қылып тәуекел,
Жеті жылдық жолы бар.
«Алла, өзің оңда!» — деп, —
Мен мүсәпір талапкер».

Әлқисса, сонда ол адам айтты:

— Менің затым — мұсылман, атым — Тыңдаушы деген едім. Елімізді жау шауып, мен елсізде жүргелі жеті жыл болды, ермексіз болған соң, жер астында бір хан қыз ұзатып, той қылып жатыр еді, соны тыңдап жатырмын, — дейді. — Енді мен де сізбен бірге ел табайын, — деп, бірге жаяу жолдас болып жүреді.

Екеуі жолдас болып бірге жүрді,
Арада неше күндер ойнап-күлді.
Екеуі тағы бір жыл бірге жүріп,
Бір үлкен өзен-суға кез болды енді.

Жағалап ол өзенді келе жатыр,
Серік боп бір-біріне екі батыр.
Бірі атты, бірі жаяу келе жатса,
Бір адам мылтық ұстап, қарап отыр.

Қасына іркілместен жетіп келді,
«Бұл кім, — деп, — мекен қылған жалғыз көлді?
Әуелі кім екенін білелік», — деп,
Қасына жақын келіп, сәлем берді.

Ол-дағы сәлем алды түрегеліп,
Тұрады не сұраса жауап беріп.
Мұсылманша тіл біліп, сөйлескен соң,
Барады екеуінің көңілі еріп.

«Ай, ата, жапан түзде нағып жүрсің?
Қай жұрттан, қай рудан, нәсілің кімсің?
Қолыңда мылтығың бар, жолдасың жоқ,
Жөніңді айт, балаларың естіп білсін».

[1] Кәр — қаһар, ашу-ыза.

«Айтайын мен жайымды, балам, — дейді, —
Көңілім қуанып тұр саған, — дейді. —
Далада аңда жүріп, білмей қалдым,
Ел үркіп, кетіп қапты тамам, — дейді. —

Кеткенін елдің қайда біле алмадым,
Қаңғырып ешбір жаққа жүре алмадым.
Бұрынғы менің елім мекені осы,
Кетуге мұны тастап қия алмадым.

Еліміз мұнан үркіп, кеткен жосып,
Сіздерге кез боп тұрмын Құдай қосып.
Кеше түсте атып ем бір аққуды,
Отырмын осы жерде соны тосып.

Әрқашан құс ауаға ұшушы еді,
Қайратым сонда менің қысушы еді.
Ауада ұшқан құсты бүгін атсам,
Уақытында қайта айналып түсуші еді.

Сөйледім мен жайымды сіздерге енді,
Сіздер де маған енді айт жөніңді».
Бұлар да бастан-аяқ айтты сырын,
Сол уақытта аспаннан аққу келді.

Аққуды алып, бұлармен жүрді бірге,
Бір Құдай жолдас қылды Дотан ерге.
Екі жаяу, бір атты жолдас болып,
Келеді неше күндік алыс жерге.

Үшеуі жолдас болып, бірге жүрді,
Сапарда бірнеше күн ойнап-күлді.
Үшеуі жолдас болып келе жатса,
Аң қуған бір жаяуды көзі көрді.

Өзінің тотықұстай басы бар-ды,
Мөлшері жиырмада жасы бар-ды.
Ол жаяудың қасына жақын келсе,
Екі аяқта қазандай тасы бар-ды.

Үшеуі аяңдасып жетіп келді,
Сөйлескелі көңілі кетіп келді.
«Тас байлап, зыр жүгірген неткен жан?» — деп,
Күлісіп, көп тамаша етіп келді.

Киікті жаяу қуып ұстап алды,
Бұлар жақын келген соң тұра қалды.

Екі аяқта қазандай екі тасқа,
Киік ұстап алғанға қайран қалды.

Киікті ұстап, бұларға қарап тұрды,
Көрді де үшеуіне сәлем берді.
Сәлем алып, үшеуі жауап қылды:
«Дүниеде көрмедік, — деп, — сіздей ерді».

«Сұрасаң, менің атым — Желаяқпын,
Адамзаттан шыққан бір қу аяқпын.
Екі аяққа екі тас байламасам,
Тоқтамай, ғайып болып кетер-ақпын.

Қызырдың маған тиген дұғасы бар,
Құданың өзі берген қуаты бар.
Жапан түзде жүрген мен тірі ғайып,
Айтайын мен жайымды, сұрасаңдар.

Мен өзім тірі ғайып түзде жүрген,
Әркімге жолдастыққа іздеп жүрген.
Ұшқан құстан басқаны жібермеймін,
Бір Құдай осылайша қуат берген.

Ағалар, мен жайымды айттым саған,
Сіздер де айт жайыңды енді маған.
Бұ жермен еш адамзат жүрмеуші еді,
Айдаған не себептен Алла Тағалаң?»

Бұлар да Желаяққа сырын айтты,
Қалдырмай, бастан-аяқ бәрін айтты.
«Күнікей — Шынтемір хан қызы, — дейді,
Сол үшін барамыз», — деп барын айтты.

Бұлардың айтқан сөзін біледі енді,
Алладан ізгі пәрмен тіледі енді.
«Сіздермен мен де бірге барамын», — деп,
Желаяқ та ілесіп жүреді енді.

Қосылып, бұл төртеуі жол жүреді,
Күн-түні есебі жоқ, мол жүреді.
Бір жылдай жол жүрген соң алдарынан
Тағы да бір адамзат кез келеді.

Әлқисса, бұлар келіп, ол адамға сәлемдесіп, жөн сұрасады.

Ол адам айтты:

— Мен Көзбайлаушы едім, ермек қылып, әр нәрсемен ойнап жүремін. Өздеріңізге жол болсын? — дейді. Сонда бұлар мән-жайын айтты, одан кейін Көзбайлаушы һәм бірге жүрді.

Басында жалғыз еді, бесеу болды,
Оңдағай патша Құдай енді жолды.
Аз да болса, жолдасы бәрі мықты,
Бөгейтін әрқайсысы мың-мың қолды.

Ат болды алты жасар Қаракөк тай,
Жолдан жолдас қосылып, көңілі жай.
Хазіреті Қызырдың жәрдемімен
Бұларды берген екен патша Құдай.

Жүргелі бұлар тағы бір жыл болды,
Көреді тірі пенде әрбір жолды.
Қаракөк тұлпарының жүрісіне
Дотанның жылдан-жылға көңілі толды.

Келеді неше қабат таудан асып,
Бір Құдай жапан түзден нәсіп шашып.
Келе жатса, үш биік сүмбіл[1] шырпы[2],
Алдында төбенің тұр қатарласып.

Ол тауға жетелік деп аяңдайды,
Жүруден қайран жанын аянбайды.
Шетіндегі екі тау қимылдап тұр,
Қорыққаннан қасына таянбайды.

Дотанның жібереді жалғыз өзін,
Айтқан соң қайырмады жолдас сөзін.
Қол бұлғап, жолдастарын шақырады,
Үш тауға өзі барып жақындады.

Ол тауларға Ер Дотан сәлем берді,
Алдына жетіп барып, жөн сұрады.
Сәлемін жақсы құптап, алады енді,
Жолдастары қасына барады енді.
«Қалай, — деп, — қоқаң-қоқаң еткендерің?»
Таулардан мәні-жайын сұрады енді.

Әлқисса, бұлар диюлар екен.

Ортасындағы үлкені жауап беріп, айтты:

— Мына екеуі менің екі балам еді, екеуі еншіге таласты, сонан соң мен екеуін таластырмай, күшін салмақтап, күші артығына еншіні көп берейін деп тұр едім, — дейді. — Кіші ұлымның күші артық екен, соған артық берейін, — деп, еншілерін берді. Енді бұлардың жөнін сұрады. Бұлар жөнін айтқан соң:

[1] Сүмбіл — қасқыржемдер тұқымдасына жататын әдемі өсімдіктерінің бір туысы.
[2] Шырпы — ағаштың сынығы, ұсақ бұтағы.

— Сіздермен Шынтемір ханға мен де барып, қызық көріп келейін, — деп, тау салмақтаған дию бірге жүрді.

Басында біреу еді — алтау болды,
Қайғыменен күні өтіп, жалқау болды.
«Шынтемір ханға көктемде жетеміз», — деп,
Алтауы ақылдасып келеді енді.

Мұнымен әңгіміміз тұра тұрсын,
Алтауы аяңдасып жүре тұрсын.
Хан жағынан сөйлейік біраз енді,
Жамағат, қандырайын құлақ құрышын.

Әуелі бисмилла-дүр сөздің басы,
Шынтемір хан — бірталай елдің басы.
Мекені Мұхит теңіз жағасы екен,
Бар екен жалғыз қызы, бес баласы.

Өзінің Құдай берген дәулеті асқан,
Нелер қиын патшамен жағаласқан.
Қара қылды қақ жарған әділ екен,
Уақытында патша жоқ мұнан асқан.

Уақытында патша болған салтанатты,
Халқына жағымды екен ғадалатты.
Алтындап, неше қабат сарай салып,
Құдайым берген екен артық бақты.

Күнбатыс уәлаятқа[1] патша болған,
Қазынасы тоқсан екі сарай толған.
Зүбәржат[2], лағыл[3], гауһар тас орнатып,
Қызына алтындатып сарай салған.

Оңаша жатады екен Күнікей қыз,
Қасында нөкері бар жиырма қыз.
Алтын сүйек, ақ тамақ Күнікейден,
Жарандар, аз әңгіме айталық біз.

Сарайы Күнікейдің зүбәржат тас,
Істер бар тамашалы адам нанбас.
Бақ-шарбағы сом лағыл, алтын қақпа,
Баршасын тамам қылып айтып болмас.

[1] Уәлаят /араб/ — аймақ, аудан.
[2] Зүбәржат /араб/ — жасыл түсті асыл тас.
[3] Лағыл /араб/ — қызыл түсті асыл тас.

Күнікей бір күн жатып, түс көріпті,
Түсінде көп тамаша іс көріпті.
Шаһарына алты адам келген екен,
Тамам жұрт алтауынан күш көріпті.

Түсінде алты адам көреді енді,
Күнікей қыз да болса зерек еді.
Түсіндегі көргенін айтайын деп,
Ең үлкен ағасына келеді енді.

Күнікей ағасына жетіп келді,
Қорқып, өңі-түсі кетіп келді.
Жүзіне қарай салып Күнікейдің,
«Не жұмыспен келдің?» — деп сұрайды енді.

«Шырағым, неге келдің, Күнікейжан?
Көңілің қапа тартқан, түсің жаман.
Шырағым, жүзің солғын болды неден?
Жаман сөз естідің бе бір адамнан?»

Әлқисса, сонда Күнікейдің ағасына берген жауабы:

«Жан ағеке-ау, құлақ сал,
Көргенімді айтайын.
Ішіме сыймай барады,
Сізге айтпай қайтейін.
Құлақ салып тыңдағын,
Түнде көрген түсім бар.
Айтқалы келдім, ағеке-ау,
Көңілімде қайғы ісім бар.
Қатты қорқып бір түстен,
Зағыпырандай сарғайған,
Реңім солған түсім бар.

Сарайда жаттым жасымнан,
Арыстан туған ағалар,
Құс ұшырмадың басымнан.
Қайғы түсті көңіліме,
Бір түс көріп тосыннан.
Келе жатыр алты адам
Ақбөкендей жосыған.

Түсі суық алты адам
Күншығыстан келіпті,
Орғыта басып желіпті.
Сол сияқты адамды
Осы келген Күнікей
Қарындасың көріпті.

Ішінде бар бір бала,
Мінген аты сұр жайдақ,
Тайраңдай басқан қу жайдақ.
Жеті жыл болды шыққалы,
Дамыл таппай келеді
Атқан оқтай бұлдырап.
Төрт тұяқтың сарыны
Зәремді алып барады,
Түскен мұздай сылдырлап.
Мойыны құлаш Қаракөк,
Кісінеген дауысы
Төбемді жарды шыңғырлап.

Асқар таудың қиясын
Тегіс жердей басады.
Аруағы баланың
Күннен-күнге асады.
Талма түс мезгіл болғанда
Ойынды еті бұлтылдап,
Бота тірсек, бос мойын,
Аузынан көбік шашады.
Алтауының бетінен
Дәу, перілер қашады.
Ішіндегі қу бала
Дариядай көңілі тасады.
Астындағы Қаракөк
Арандай аузын ашады.
Мен білсем, аға, алтауы
Ерегіскен дұшпанның
Қанын судай шашады.

Келе жатыр бір бала,
Қасқыр бетті сұр бала,
Арыстандай жүректі,
Жолбарыстай білекті,
Он сегіз жасар қу бала.
Жауырыны қақпақтай,
Қайғыменен ah ұрып,
Көзінің жасы көл бала.
Көргенімді айтайын,
Тыңдағын мені, жан аға!

Шаһарыңа келеді,
Қанша дұшпан болса да,
Бәрін жеңіп алады.
Қарсыласқан дұшпандар
Қор болып бәрі өледі.

Ертең түсте келеді,
Өзіңе сәлем береді».

Ағасы сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
«Мен бір жауап айтайын,
Тыңдап мұны тұр, — дейді, —
Көңіліңді бұзбай, шырағым,
Үйіңе қайтып бар, — дейді. —
Келе қалса, шырағым,
Қайратын оның көрерміз,
Сөйлесіп, жауап берерміз.
Саған, қарғам, келсе ол,
Әр іске оны салармыз.
Жарар болса әгарда,
Тұрпатын сынап қарармыз,
Денің сүйсе баланы,
Өзіңе жауап қылармыз.

Еш пендеге шығарма
Ішіңдегі сырыңды.
Күлкі болып жүрмелік,
Көрмей, көңіл сенер ме?!
Мынау жақта бар еді
Қалмақ деген бір дұшпан,
Шамасы оған келер ме?
Көп жылама зарланып,
Көрген түске қорланып,
Мұны қалмақ естісе,
Кәріп қылар біздерді,
Бір-ақ күнде қамданып».

Үйіне қайтып келеді,
Ғаріптерді жияды,
Ер басына бір алтын
Құдайы қылып береді.
Мың пақырды жиып ап,
Садақа нәзір[1] қылады.
Патша қызы Күнікей
Бір баланың тілеуін
Ғашықтықпен тіледі.

Алтауы тынбай жүріп келе жатыр,
Бес жаяу, біреуі атты — өңкей батыр.

[1] Нәзір /араб/ — Құдай жолына берілетін садақа, қайыр.

Арада жеті жылдай сапар жүріп,
Еліне Шынтемір хан жетті ақыр.

Құдайым бұлай айдап, нәсіп етті,
Қорқытып қу жалмауыз тентіретті.
Арада талай бейнет көрген байғұс
Бұралып Шынтемірге жаңа жетті.

Көреді ел қарасын енді бұлар,
Арада талай бейнет көрді бұлар.
Ел қарасын көргенге шүкір қылып,
Бір жерде тамақтанып, демалды олар.

Сол жерде тамақтанып, демалысты,
«Енді елге баралық», — деп, жолға түсті.
Бір өзенді жағалап келе жатып,
Бір жалғыз қараша үйге кез келісті.

Бір ұрғашы, бір еркек ол үйдегі,
Үстінде лыпасы[1] бар, жоқ көйлегі.
Аш-жалаңаш отырған ол мүсәпір,
Бұларға: «Кімсіздер?» — деп сөз сөйледі.

«Сөйлейді сөйле десең, қызыл тілім,
Мехнат, бәрі қиын көрген күнім.
Жеті жылдай сапарда жүріп келдік,
Қызына ғашық болып ханыңыздың.

Айталық жайымызды енді саған,
Көңіліміз жеті жылда-ай жаңа тынған.
Алыстан даңқыменен іздеп келдік,
Ауылы қайсы ханыңның, айтшы маған?

Бұл елдің жақсы адамы кім болады,
Жігітке сапар деген сын болады.
Сұраймыз, әй, мүсәпір, тағы сізден,
Тағы да епті адамы кім болады?»

Ол адам сөз сөйлейді бұларға енді:
«Көңілің мен сөйлесем тынар, — дейді. —
Айтайын білгенімді енді сізге,
Ханымның бес баласы болар, — дейді. —

Көңілің артық туған бала екенсің,
Сен өзің әрбір іске дана екенсің.

[1] Лыпа — денені жауып тұратын жұқа мата.

Күнікейді мал беріп алайын деп,
Шырағым, талап қылып жүр екенсің.

Сөйлейін енді, балам, саған жауап,
Меккені күші жеткен қылар тәуап.
Күнікейдің дидарына ғашық болып,
Он мың қалмақ шаһарды алған қамап.

Өзіңнің артық екен салтанатың,
Жақсы адам шығармайды жаман атын.
Он мың қалмақ шаһарға келіп кетті,
Жазира деп қойыпты оның атын.

Жазира артық патша қуаты көп,
Өзінің ләшкері мол, көңілі тоқ.
«Күнікейді алам», — деп хүкім қылған,
Еш қайрат қыла алмады жиылған көп.

Қорықты жұрттың бәрі көргеннен соң,
Ақырып аюдай боп төнгеннен соң.
Алдынан Күнікей қыз қарсы шықты,
Қорыққаннан ел-жұрты иілген соң.

Көрген соң Күнікейді болған ғашық,
Көңілі қуанғаннан кетті тасып.
Күнікейді бермекке уәде қылды,
Қорыққан ел-жұртымыз қара басып.

Ханымыз бес ұлымен қойдай ықты,
Ол қалмақ Жазира атты, өзі мықты.
«Күнікейді береміз», — дегеннен соң,
Уәде қылып, шаһарына қайтып кетті.

Жолы бар ол қалмақтың тоғыз күндік,
Бермесек Күнікейді, ақыр өлдік.
Ханымыздың бір баласы — ақын Шорман,
Беліне буынғаны — алтын белдік.

Әзелде ақылы артық баласының,
Саны артық, өзі патша қаласының.
Ала алмайсың Күнікейді, қайтқын, балам,
Тілімді менің айтқан аламысың?

Өзің жалғыз баласың, жолдасың аз,
Шырағым, жаным ашып, қыламын наз.
Өлтірер бәрімізді қалмақ білсе,
Несіне, ай, шырағым, боласыз мәз?»

Ол бала сөз айтады онан кейін,
«Сөзіне бұл адамның мен не дейін?!
Көрерміз қалмақ жаудың мәні-жайын,
Ханыңмен сөйлеселік оған дейін.

Жеті жыл Сарығудан шыққаныма,
Жеті жастан үлгі сөз ұққаныма.
Күнікейді еліме алып кетпей,
Көрмей-ақ қу қалмақтан қорыққаным ба?

Мүсәпір, сенің өзің сөз білмейсің,
Жазира бір ақырса, үндемейсің.
Қаңғырған өңшең жаяу не қылар деп,
Бойыңа біз пақырды теңгермейсің.

Сөзіңді сенің айтқан аңғарайын,
Қалмақ жау күшті болса, таң қылайын.
Ауылын ханыңыздың маған көрсет,
Аулына ханыңыздың мен барайын».

Жас бала осылайша жауап етті,
«Қалмақтан көрдің бе, — деп, — хүкіметті[1]?
Шаһарын[2] патшасының көрсеткен соң,
Алтауы жолға түсіп, жүріп кетті.

Атты-жаяу жолменен келе жатыр,
Не көрмес тірілікте пенде пақыр.
Баяғы қыздың түсі рас болып,
Бұларды Шорман аға көреді ақыр.

Алыстан бұлар келді сапар жүріп,
Қайғысы басылды енді, көңілі тынып.
Сымбатын қыздың айтқан таныған соң,
Алдына қызмет қылды зыр жүгіріп.

Баланың түсі кірді баяғыдай,
Ер жігіт айтқан сөзден таяды ма-ай.
Жеті жыл сапар жүріп ара жолда,
Ел көрді тірілікпен аяғында-ай.

Данышпан Шорман аға ақылы артық,
Бақыты заманында тұрды шалқып.
Бұларды мейман қылып, күте берді,
Ешбірі сөйлемейді жауап қатып.

[1] Хүкімет /араб/ — әміршілдік, бұйрық, үкім.
[2] Шаһар /парсы/ — қала.

Сонда Шорманның бұлардан жөн сұрағаны:

«Жол болсын, сөйлей отыр, меймандарым,
Көңіліңе немене еді алғандарың?
Қай жақтан келесіздер, айт жөніңді,
Бір тұқымдас елмісіз осы бәрің?

Әрқайсың мың кісідей бар ғой күшің,
Біледі айтпасаң да, менің ішім.
Қайғылы қапалықпен жүр екенсіз,
Қарасам, әр алуан әрбір ісің.

Жас бала, артық екен сәулетіңіз,
Сөз айтар бар ма бізге нәубетіңіз?
Жасың бар он жетіге жаңа келген,
Қарасам, жаннан артық сипатыңыз.

Сұрасаң, ақын Шорман — менің атым,
Бәріңнің жұрттан бөлек салтанатың.
Жол болсын деп сұраймын, меймандарым,
Боласыз қай рудан, азаматым?»

Сөйлейді сонда жауап Дотан бала,
Нәсілін артық қылған Хақ Тағала.
«Көңілімде әр алуан жұмысым бар,
Айтайын, сіз сұрасаң, жаным аға.

Жерім атын сұрасаң, Сарығу-ды,
Қайғымен көзім жасы бетім жуды.
Басымызға іс түсіп, сапар жүрдік,
Шыққалы елімізден жеті жыл-ды.

Әкем атын сұрасаң, Құбақанбай,
Тілегін артық берген Жаппар Құдай.
Тоғыз қатын әкеміз алған екен,
Жиһанда төрт түліктің бәрі де сай.

Әкеміз бай болыпты жасынан-ақ,
Құдайым дәулет берген басынан-ақ.
Әкеміз сегіз сарай үй салдырып,
Астына мінген екен алтыннан тақ.

Бір күні тақта жатып, түс көріпті,
Түсінде сұлу көркем қыз көріпті.
Сипаты жаннан артық бір қыз көріп,
«Мұны қайдан табам?» — деп күш көріпті.

Қырмызы қызыл жібек, айтса жүзін,
Құлақпен есіткендей айтқан сөзін.
Шынтемір хан кенжесі — жалғыз қызы,
Күнікей деп айтады оның өзін.

Әкеміз көрген түсін бізге айтты,
Сөзін бізге айтқан соң, қайта жатты.
«Соны іздеп табыңдар», — деді бізге,
Әкеме қайғы дерті жаман батты.

Сонан соң талап қылдық ізденуге,
Аралап жер шаршысын кезденуге.
Ағалардан ешбіреу ермеген соң,
Мыналар жолдас болды сонда бізге.

Жеті жыл мен шыққалы болған екен,
Көңіліме қапа-қайғы толған екен.
Даңқыңды сыртыңыздан естіп алып,
Үйіңе меймандарың келген екен.

Жасым бар он жетіге жаңа келген.
Тар жолда ғайып пірім медет берген.
Тай еді мінгенімде Қаракөгім,
Ішінен он мың жылқы таңдап мінген.

Келеміз сонан бері арып-ашып,
Айдады бері қарай тағам нәсіп.
Шаһарыңа есен-аман келгеннен соң,
Отырмын алғандай боп көңілім тасып.

Нелер қиын таулардан асып келдім,
Адам баспас жерлерді басып келдім.
Он жасымнан көргенім — жол бейнеті,
Азып-тозып, қуатым қашып келдім.

Бүгін мен келіп түстім өзіңізге,
Хабар айт патша менен биіңізге.
Ертең тұрып, бүрсікүн жауабың бер,
Тынығып, біз келгенше күйімізге.

Айдаған бізді бұлай Құдай ісі,
Арада тынбай жүрдік жазы-қысы.
Жеті жылдық жолыңды іздегенім —
Әкемнің қайғы болды іші-тысы.

Осы еді жұмысымыз, Шорман аға,
Тайынан Қаракөкке салдым таға.

Жеті жыл азып-тозып жүргеннен соң,
Қалмады іниңізде титтей баға.
Патшаңыз ардақтаған Күнікейін
Қолынан разы болып берсін бізге!»

Сөз айтар ақын Шорман оған қарай:
«Бұл жерге айдап келді Жаппар Құдай.
Көңіліме қатты тиді айтқан сөзің,
Шырағым, Күнікей деген сөзің қалай?

Сөзіңнің артық көрдім затын, сірә,
Қолыңда бар ма жазған хатың, сірә?
Ұшып келген Сарығудан тотықұстай,
Бар ма еді Күнікейде ақың, сірә?!

Арада жеті жылдай жол жүріпсің,
Тоқтамай күні-түні, мол жүріпсің.
Не де болса, Күнікеймен өзің сөйлес,
Сөйлесіп, армансыз боп көңілің тынсын».

Ой ойлар неше түрлі ақын Шорман,
Болмайды бәрі тегіс көңілге алған.
«Тез келіп, мейманларға көрінсін», — деп,
Ағасы Күнікейге кісі салған.

Күнікей шақырған соң келе жатыр,
Күйме мініп, қолға алып алтын шатыр.
Күнікей жарқ-жұрқ етіп кіріп келсе,
Қайран боп қарап тұрды өңшең батыр.

Сәулетпен келе жатыр нөкерімен,
Дүниенің өкінерсің бекеріне.
Қырық қыздың ішінде Күнікейің
Жалтырап маңдайынан күн көрінген.

Күнікей жүдеп жүрген ала жаздай,
Сол елде жалғыз басты көптен аздай.
Күймеден түсті-дағы үйге кірді,
Сызылып көлге қонған қоңыр қаздай.

Әлқисса, Күнікейдің алдынан Шорман ағасы келді.
Сонда Күнікейдің ағасына айтқаны:

«Жан аға, амансыз ба, данышпаным,
Әрқашан дұшпан келсе, алысқаным.
Топқа еш мені, сірә, шақырмаушы ең,
Састың ба бір нәрседен, арыстаным?!

Қырғи құс торғай ілер көкте жүріп,
Жақсы адам іс бітірер ептеп жүріп.
Жақсы мейман келгендей қуанып сыз,
Алдымнан шыға келдің зыр жүгіріп.

Басқамен менің, сірә, ісім бар ма,
Қараңғы үйді жарық қылар түсім барда.
Дауысы бір тұйғынның шаңқылдайды,
Жан аға, бұл үйіңде кісің бар ма?

Жағалай өзен-суға бітер құрақ,
Кімдікі мынау тұрған қару-жарақ?
Бұрын өзім көрмеген істер көріп,
Жан аға, соның үшін тұрмын сұрап.

Қыз едім, еркек емес, менің өзім,
Сарғайған сәнаменен қызыл жүзім.
Осынша топ ішіне шақырып сыз,
Бар еді маған айтар қандай сөзің?»

Сөйлейді сонда ағасы жауап беріп:
«Шырағым, шақырған соң тұрсың келіп.
Не қыларын мұнан былай Алла білер,
Міне, тұр тілеуіңді Құдай беріп.

Бір түсті маған келіп айтып едің,
Асығып, айта салып қайтып едің.
«Шырағым көрген түсі келер ме?» — деп,
Ескеріп, сонан бері байқап едім.

Жалтырап сауытымен келген екен,
Бір саған іңкәр болып жүрген екен.
Өзі қалмақ кешегі Жазира итті
Бұлар да сырттан сұрап білген екен.

Қарағым, Күнікейжан, ақылың артық,
Жүруші ем қу қалмақтан ішім қорқып.
Ер Дотан өзің айтқан іздеп келді,
Біле бер ендігісін ақыл тоқып.

Келтірді сау-саламат жалғыз Алла,
Жүрген соң медет беріп шыбын жанға.
Шырағым, көргеннен соң үйіңе қайт,
Жүрмелік күлкі болып көп дұшпанға.

Дұшпаным осы күнде толып жатыр,
Келіпті сізді іздеп бір өңшең батыр.

Данышпан, ақылы артық адам екен,
Ұнатсаң, мен беруге қылдым ақыл».

Күнікей мына сөзге қуанады,
Ағасы айтқан сөзін құп алады.
Баланы көргеннен соң тамаша қып,
Тез қайтып, өз үйіне жөнеледі.

Үйіне келіп кірді Күнікей қыз,
«Жазира, енді менен үмітіңді үз».
Бір арғымақ құдайы бауыздады,
«Құдай-а, қоса көр, — деп, — балаға тез!»

Құдайға бір арғымақ шалып сойды,
Баланың дидарына көңілі тойды.
Алтын сарай, қазына, ішіктерін,
Бәрін де қуанғаннан ашып қойды.

Көрінді тіпті жақсы қызға бұл іс,
Күнікей енді алмады бір дем-тыныс.
«Құдай-а, бұл балаға қоса көр!» — деп,
Ғаріптерге үлестірді алтын-күміс.

Құдай-ау, бөгеу берме қызыл тілге,
Кез келді алты кісі рулы елге.
Қызды көріп, бұлар да қуанады,
«Бір Құдай, медет бер, — деп, — біздей ерге!»

Қызды көріп, жөнелді ханға бәрі,
Дотанның табылған соң теңі-жары.
Хан үйіне «Сөйлес!» — деп жетіп барды,
Көңілінде Күнікей боп ынтызары.

Сөйлес қылып қақпада тұра қалды,
Көрген адам бұларға қайран қалды.
«Алыс жолдан біз келген меймандармыз,
Қонамыз», — деп патшаға хабар салды.

«Қонсын, — деп, — мейман», үйге кіргізеді,
Алдына қызметкерлер жүргізеді.
Астына кілем жайып, көрпе төсеп,
Неше түрлі тағамдар бергізеді.

Жатады мейман болып ол үйіне,
Бұлар да түсіп жүрген зар күйіне.
«Меймандар қайсы жұрттың адамы екен?
Біліп кел», — деп бұйырды бір биіне.

Ол биі жетіп келіп, сөз сұрайды,
Мейман жайын білуге тез сұрайды.
«Қай жерлік, қайсы жұрттың адамысыз,
Баян қыл мәні-жайың?» — деп сұрайды.

Әлқисса, сол елде Шынтемір ханның Бақтияр деген ақыны бар екен, сол домбырасын қолға алып, «Олардың жайын мен білемін», — деп сөйлегені:

«Ей, ханым, мен сөйлейін, тыңдасаңыз,
Тыңдаңыз, алыс жерді болжасаңыз.
Бар екен Құбақанбай күншығыста,
Айтайын бізге ашу қылмасаңыз.

Жолы бар жеті жылдық, жері шалғай,
Атасы қырық ұлдың Құбақанбай.
Тоғыз қатын бір өзі алған екен,
Беріпті және қырық қыз Жаппар Құдай.

Өзінің Құдай берген дәулеті мол,
Жан-жағы елсіз болар жеті айлық жол.
Һәммасын[1], мәні-жайын білгеннен соң,
Баян қып алдыңызға айтқаным сол.

Ұйықтапты бір күн өзі тақта жатып,
Құдайым түс көрсеткен таңырқатып.
Түсінде бір сарайға кіріп барып,
Аралап, көп қызыққа қалған батып.

Түсінде ол сарайға кірген екен,
Сарайда Күнікейді көрген екен.
Түсінде қызыңызға ғашық болып,
Құдайым қатты қайғы берген екен.

Құбақан сол түсінен оянады,
«Бұ түсім қалай түс?» — деп ойға алады.
Түсінде Күнікейге ғашық болып,
Ішіне жаман қатты қайғы алады.

Түсінде қызың жөнін айтып берген,
Түсінде бәрін мұның қайтіп көрген?!
Жас бала атасы үшін келген іздеп,
Қасында бес кісі бар жолдасқа ерген.

Арада жеті жылдай жүрген екен,
Атасы хатқа жазып берген екен.

1 Һәмма /парсы/ — барлық.

Тақсыр-ау, кесіп алсаң, міне басым,
Алмаққа қызыңызды келген екен».

Мұны естіп, хан орнынан түрегелді,
Меймандарын көрмекке жүреді енді.
«Қандай жандар екенін білейін», — деп,
Үстіне меймандардың кіріп келді.

Келді де Шынтемір хан, сөз сөйлейді,
Отырып тізе бүкпей, тез сөйлейді.
«Жұмысың қиын көңіліңе алған, балам,
Келмейді қолымыздан», — деп сөйлейді.

«Айтайын келмейтұғын жайын, — дейді, —
Қылғалы келіп пе едің қайын? — дейді. —
Жазира атты қалмақтың ханы шығып,
Жау болды бізге осы дәйім, — дейді. —

Аттанып мың сан қолмен келді бізге,
Жарқыным, құлағың сал мына сөзге.
«Күнікейді бермесең, шабам!» — деді,
Сөзім жоқ айтатұғын мұнан өзге.

Оған біздің халіміз келмес болды,
Қанша айтсақ, өзге іске көнбес болды.
«Күнікейді бермесең, шабамын!» — деп,
Айнала қамап алды оң мен солды.

Қорыққан соң Күнікейді бермек болдық,
Жұрт үшін бір баланы құрбан қылдық.
«Берелік Күнікейді, қайтыңыз, — деп, —
Қайтып келіп алғын», — деп сөзді түйдік.

Жазира сонан кейін қайтып кетті,
Уағада келемін деп айтып кетті.
Жазираны өлтірсең, қызды аласың,
Мінеки, тыңдасаңыз біздің кепті[1].

Әліміз біздің, сірә, келмейді оған,
Жау қалмақ алмай қоймас, өзі жаман.
Жазираны өлтіріп, ала алмасаң,
Айтатұғын сөзім жоқ енді саған».

Бұл сөзді мақұл көрді сонда бала,
Көңілін еш нәрсеге қылмайды ала.
«Жазираны өлтіріп берейін», — деп,
Сауытын киіп алды тұра сала.

[1] Кеп /жергілікті/ — әңгіме, оқиға, хикая.

Дотанның ханға айтқан жауабы:

«Тақсыр хан, уағадаңнан жаңылмағын,
Жазира алады деп қам қылмағын.
Жазира өлгеннен соң қызың бермей,
Қаланды бекер-босқа шаң қылмағын!»

Калмаққа жүрмек болды «тәуекел» деп,
«Оңдаса Жаппар Алла, алайын», — деп.
Патшаның Телқоңырын жетекке алды,
«Алдыңа басын әкеп салайын», — деп.

Алмады жалғыз жолдас осы бала,
Оңдасын ердің жолын Хақ Тағала.
Ер Дотан «Иә, Алла!» — деп түсті жолға,
Айдады Жаппар Алла, бар ма шара?

Сауыт киіп, садағын қолына алды,
Алланы мінәжат[1] қып көңіліне алды.
Жалғыз барып қалмақпен соғыспаққа
Бастарын қос тұлпардың жолға салды.

Жалғыз кетті жас бала,
Бір Құдайға жалбарып,
Қылады күнде көп нала.
«Бағымды, Құдай, ашқын! — деп, —
Дұшпанның көңілін басқын!» — деп,
Айтады күнде мың сана.
«Талап қылдым қалмаққа,
Шаһарын бұзып алмаққа,
Жаратқан Тәңірім, бол пана!»

Жөнеді бала, жөнеді,
Шәкпір[2] ұрып келеді,
Құдайға пенде болғансын,
Не салса да көнеді.
Тоғыз күн ұдай жол жүріп,
Азғана емес, мол жүріп,
Қалмақтың шаһарын көреді.
Құбыладан соққан борандай,
Қос тұлпардың тозаңын
Бұрқыратып келеді.
Шаһардың күндік жерінде
Тоғыз кісі аң аулап,

[1] Мінәжат /араб/ — жалбарыну, құлшылық ету.
[2] Шәкпір /парсы/ — дабыл, керней.

Қарауылда жүреді.
Келе жатқан жас бала
Бұларға жетіп келеді.
Бірін-бірі көреді,
Жолын сұрай береді.

Сонда бала сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
«Менің өзім баламын,
Оттай қаулап жанамын,
Жасымнан қайғы көргенім,
Ішім толған сәнамын[1].
Ханыңа барып сәлем айт,
Алла маған жар болса,
Басын кесіп аламын,
Жұртыңа бүлік саламын.
Іздегенім — шәджағат[2],
Мұсылманға панамын».

Сонда бұлар сөйлейді:
«Тұра тұр енді сіз, — дейді, —
Баралық елге біз, — дейді. —
Жапа-жалғыз жас бала,
Майданды неге іздейді?!»

Бала тұра қалады.
Олар шауып желбіреп,
Ханына жетіп барады.
Кіріп барып ханына
Енді сөйлей береді,
Тоғызының ішінен
Біреуі жауап береді:
«Келді жалғыз бір бала,
Он сегізде жасы бар.
Мен байқасам, баланың
Мың кісілік басы бар.
Қоластыңдағы еліңнен
Бір кісі шықпас оған пар.
Қаңтарда жауған бұлттай
Зәһарлы[3] суық түсі бар.
Іздеп келді өзіңді,
Соғысатұғын ісі бар.
Бұл жұрттан бөлек тұрпаты,
Сан кісілік күші бар».

[1] Сәна /араб / — қайғы, дерт.
[2] Шәджағат /араб/ — ерегіс, жанжал.
[3] Зәһар — ашу, қаһар.

Мұны есітіп Жазира,
Жұртына хүкім қылады,
Батырларын жиып ап,
Қайраттарын сынады.
«Алдынан жылдам бар! — дейді, —
Үлкен майдан сал! — дейді. —
Жалғыз жүрген жан болса,
Басын кесіп ал!» — дейді.

Бес жүз кісі аттанды,
Хан Жазира шаттанды,
«Алып кел, — деп, — дұшпанды»,
Үйде отырып мақтанды.
«Ажал айдап бұл жүрген
Нағылған жалғыз адам?» — деп,
Жазира қалмақ саптанды.

Бес жүз кісі барады,
Барып, қалмақ көреді.
Жалғыз тұрған баланың
Жан-жағын қоршап алады.
Қамаған жауды көрген соң,
Аллаға қылып мінәжат,
Тұлпарға қамшы салады.
Ақырды күндей күркіреп,
Қабағынан қар жауып,
Кірпігіне мұз тоңып,
Жауған күндей сіркіреп,
«Алла!» — деп енді ат қойды.
О шетінен кіреді,
Бұ шетінен шығады.
Қойға кірді бір бөрі,
Бөріктіріп, ақырды,
Бір баланың кәрінен
Шыдай алмай көп қалмақ
Үріккен қойдай қашады.
Тұлпарға қамшы басады,
Қайраты судай тасады.
Кез келгенін қырады,
Қылышпенен ұрады.
Қалмақтар жаман сасады,
Жас баланың аруағы
Қалмақтың үстін басады.
Толып жатқан қалмақтың
Қанын судай шашады.
Аттанып келген қалмақтың
Қырғыннан аман қалғаны

Қалаға қарай қашады.
Қашып барды ханына,
Жәбір тиіп жанына,
Ханына арыз қыла алмай,
Тақат қылып тұра алмай,
Қашып кірді тамына.
Мұны көріп қалмақтар
Ханына жетіп барады,
«Бір пәле келді, тақсыр!» — деп,
Алдына басын салады.
«Ойран қылып барады, —
Дейді, — шаһар-қаланы».
Мұны есітіп Жазира
Қорқады жаман сандалып.
Хабар салып шаһарына,
Мінді атына қамданып.
Қалмақтар жаман қорқады,
Ол балаға таңданып.
Атына мініп Жазира
Балаға жетіп келеді,
Іркілмей саспай, паңданып.

Сонда қалмақтың балаға айтқаны:

«Ай, балам, ажал айдап келді сені,
Хан Жазира деп айтар, білсең, мені.
Ажалыңа асық боп жүр екенсің,
Көрерсің көп теперіш тұрсаң әлі.

Ай, балам, кім болады атың сенің,
Қайсы жұрттан болады затың сенің?
Ажал айдап келтірген, сорлы балам,
Қолыңда бар ма белгі хатың сенің?»

Жазира мына сөзге ашуланды,
Шыдамай ашуынан оттай жанды.
«Ай, бала, кезек беріп, мықты бол!» — деп,
Садағын атайын деп қолына алды.

Садағын тартып қалды кезеп тұрып,
Ер Дотан қарап тұрды кезек беріп.
Тасқа тиген оқтай боп тайып шықты,
Тақсыр Қызыр тоқтатты қалқан болып.

Оқ түсті тақсыр Қызыр қалқан болып,
Оғы өтпей, қалмақ тұрды көңілі солып.
Ер Дотан қол қояды садағына,

Қалмаққа сөз сөйлейді сонда тұрып:
«Ай, қалмақ, ажалыңыз енді келді,
Аузыңа қаратыпсың тамам елді», —
Мұны айтып, садағымен тартып қалды,
Кірістен өтіп алып оқ жөнелді.

Қалмаққа кақ жүректен тиді барып,
Оқ кетті қалқан, сауыт қабат жарып.
Жиылған көп қалмақтар батпай қалды,
Тіке қайта жөнелді басты алып.

Қайтадан Дотан жөнеді,
Басты байлап жанына,
Бұрқыратып келеді.
Бір жерлерге келгенде
Телқоңырға мінеді.
Шынтемірден шыққанға
Сонда он күн боп еді.

Кезек-кезек мінеді
Екі тұлпар атына,
Намаз оқып, демалды
Бір таудың келіп шатына.
Онан тағы жөнеді,
Қарамады артына.
Дәл он бес күн болғанда,
Жетіп келді Ер Дотан
Мұнара қорған сатыға.

Сол жерлерге келгенде
Ел қарасын көреді,
«Мұнара қорған» дейтұғын
Қарауыл пана жер еді,
Күнікей сұлу сол халде
Сарайдың шығып үстіне,
Жолына қарап жүр еді.
Әне-міне дегенше,
Ашып көзді жұмғанша,
Ұйтқып саулап келеді.

Жазира кәпір қалмақтың
Басын әкеп салады.
Жасауылдар, билері
Жазираның басын
Ханға алып барады.
Шынтемір хан ал сонда
Басты алып, көреді,

Басты көріп, таниды,
Дотанға жетіп келеді.
Келіп, сөйлей береді:
«Қуанып кеттім, шырағым,
Өзіңді аман көрген соң.
Дұшпаным жау қалмақтың
Басын әкеп берген соң,
Басын танып білген соң.
Ай, қарағым, Дотанжан,
Елі-жұртым жияйын,
Тамаша тойлар қылайын,
Анық батыр екенсіз,
Тағы да бір сынайын.
Тауып келсең сонымды,
Қызымды саған берейін».

Сонда Дотан сөйлейді:
«Шынтемір хан сіз болсаң,
Құлақ салғын сөзіме,
Дұшпаныңа жіберіп,
Уәде қылдың өзіме.
Сіздей әділ жандардың
Уәдесі жалған болғаны
Дұрыс па екен өзіңе?!
Құлақ салғым келеді
Уағданың түзік тезіне».

Сонда ханың сөйлейді:
«Уағдамды бұзбаймын,
Бір уағда қылғансын,
Еш нәрсеге қызбаймын.
Жүз байтал маған тауып бер,
Қалыңмалы сол болсын,
Онан ары созбаймын».

Бұ сөзді естіп Ер Дотан,
Жолдастарға келеді.
Шынтемір ханның жауабын
Айтып, сөйлеп береді.
«Жүз байтал сатып әпкел», — деп,
Бір қоржын басы алтынды
Қолдарына береді.
Жолдастары жүгіріп,
Базарға жетіп барады,
Жүз байталды бір жерден
Сауда қылып алады,
Ханына айдап барады.

Жүз байталды апарып,
Хан алдына салады.
Жылқыны көріп, Шынтемір
Елі-жұртын жияды.
Екеуін де бітірді,
Екі қайта сынады.
Әр түліктен мал сойып,
Енді тойын қылады.
Қызын неках қылмаққа
Дотан сынды батырға
Ақылына сияды.

Жаратқан барша жанды Құдайым-ды,
Жамандар көп ойлайды уайымды.
Той қылып Шынтемір хан гулеп жатыр,
Болады бір бұзықтан сөз дайын-ды.

Той қылып Шынтемір хан гулеп жатыр,
Жиылды тамашаға өңшең батыр.
Бар екен ханның биі Орман деген,
Тойына шақырған соң келе жатыр.

Отырды хан қасында дардай болып,
Шөктірген жота жерге нардай болып,
Аздырмаққа ол ханды ой қылады,
Сөз аңдыған ұрғашы қарыдай[1] боп.

Оңашаға ол ханды шақырады,
Естуге бидің сөзін хан тұрады.
«Жалғыз жүрген жолаушыға қыз берме!» — деп,
Патшаны шайтан болып азғырады.

«Ай, тақсыр, ой ойламай, неге састың?
Малыңды неге сойып, бекер шаштың?
Алдалық амалменен ол баланы,
Ұят-ты қыз алғаны жалғыз бастың!

Жалғыз басқа қыз берме, тақсыр ханым,
Қызың берсең, бұл жұртқа кетер сәнің.
Жүз байталға қызыңды неге саттың?
Атасы хан болмаған, білсең, оның».

Патшаңыз мына сөзге тоқталады,
Бұзуға уағдасын оқталады.
«Кім аты озса, қызды алады!» — деп,
Балаға Шынтемір хан сөз салады.

[1] Қары — жолдан шыққан, жезөкше, бұзық.

«Той болған соң ат шаппай жараспайды,
Жақсыға жаман кісі жанаспайды.
Аты қалса, қызымнан құр қалғаны», —
Деп Шынтемір тағы да сөз бастайды.

«Бұл сөзің, — Дотан бала, — жарар, — дейді, —
Не айтсаң да бәрі аузыңа қарар, — дейді. —
Бәрекелді, ат шаппақ жақсы кеп![1]» — деп,
Ер Дотан мақұл көріп, «барам», — дейді.

Патшамыз уағдасынан неге тайған?!
Қорқытып Жазира хан жүрек шайған.
Уағдасынан патшаның тайғаны сол —
«Аты озған алсын», — деп жауап айтқан.

Дотан бала патшаға кісі салды,
Қаракөкті егерлеп мініп алды.
«Аты озған жан қызыңды алмақ болса,
Шығар, — деп, — бәйге атыңды!» — айқай салды.

Бұл сөзді хан есітті хабар барып,
Ат жиды хан еліне қаһар салып.
«Екі қонып, үшінші күн қайтыңыз», — деп,
Айдады үш жүз тұлпар жиып алып.

Тартады үшінші күн аттың басын,
Сөзіме тыңдаған жан таңырқасын.
Ер Дотан Қаракөкке өзі мінді,
Көрінді үш жүз аттан күші басым.

Ат қайтты Сарыжазықтан шұбатылып,
Жалғызға қылсын Алла жәрдемшілік.
Сан қолдан жеке-дара озып кетті,
Дотанның Қаракөгі жалғыз шығып.

Аруағы Ер Дотанның асады енді,
Қамшыны Қаракөкке басады енді.
Сан қолдан жалғыз келген көк тұлпарды
Көргенсін, Шынтемір хан сасады енді.

Көк тұлпар үш жүз аттан жеке келді,
Бір Құдай бейшараға медет қылды.
Құдайға шүкір қылды Дотан бала,
Қорқытты ханы түгіл, бүкіл елді.

[1] Кеп /жергілікті/ - «іс» деген мағынада.

Қаракөк үш жүз аттан жеке келіп,
Отырды жолаушылар көңілі тынып.
Аты озып Ер Дотанның, алды бәйге,
Аты қалып, хан отыр сағы сынып.

Тағы да ханға Дотан кісі салды,
Жіберді тау көтерген батыр шалды.
«Уағдасымен тез енді қызын берсін,
Бермейтін Күнікейді несі қалды?!
Уағдасын хан енді
Қайта-қайта бұзбасын.
Азғырылып әркімге,
Жел сөздерге қызбасын.
Берсін қызын тез енді,
Уағда қылған,
Бекер қаңғып қозбасын!»

Хан айтты: «Бір бәйге бар, бәйге күрес,
Орынсыз бекер сіздер қылма егес.
Бәйге тігіп, бір палуан тұрғызалық,
Ерлерге асығыстық мақұл емес.

Саған бермей қызымды не қыламын,
Қыз бермекке ел жиып, той қыламын.
«Хан тойы» деп айтады мұның өзін,
Қылалық көп тамаша енді, жаным.

Көрерсіз көп тамаша, әр ойындар,
Тамашаға келіп тұр көп адамдар.
Палуан күрес қылалық бәйге тігіп,
Жарыссын онан кейін жаяу жандар.

Күрессін екі жақтан палуандар,
Көрсетсін әрбір өнер алуандар.
Көрелік палуандардың тамашасын,
Қарасын тамашаға тірі жандар».

Ер Дотан «мақұл» дейді хан сөзіне,
«Не десең де көнемін, хан, өзіңе.
Уағдаңды қайта-қайта бұза беріп,
Күйе жағып жүрмесін, хан, жүзіңе!»

Хан шығарды палуанын батыр Барақ,
Жиылған күллі шаһар тұрды қарап.
Шығыпты Таусалмақтағыш енді бұған,
Келеді күреспекке қылып талап.

Күресті екі күндей екі палуан,
Көрсетті түрлі өнер алуан-алуан.
Тілеуі Ер Дотанның дұрыс болып,
Барақты көтеріп ап, жыға салған.

Балуаны Шынтемір хан жығылады,
Балшыққа басы барып тығылады.
Жаяу бәйге қылғаннан оза алмаса,
Тамам жұрт бір-біріне соғылады.

Қылады жаяу жарыс мұнан кейін,
Жеңілсек не болар деп үшке дейін.
Бір кемпірді шығарды Шынтемір хан,
Азырақ жаяулардан сөз сөйлейін.

Шығарды Желаяқты батыр Дотан,
Медет тілеп тұрады бір Құдайдан.
Екі етекті беліне түріп алып,
Екеуі үш күншілік жерге барған.

Екеуі үш күншілік жерге барды,
Отырып, бір арада демін алды.
«Ай, шешеке, мен қатты шөлдедім», — деп,
Желаяқ қу кемпірге айтып салды.

«Шөлдесең, міне, сусын, ай, қарағым, —
Даярлап қолына алды ақ арағын. —
Жаяуға жеңіл болар бұл, ай, шырағым,
Жанқалтамда бар еді ақ шалабым».

Қулығы қу кемпірдің асады енді,
Арақ ішіп, Желаяқ сасады енді.
Желаяқ мас болып бір қалған жерде
Қу кемпір елге қарап қашады енді.

Бір күн, бір түн жөнелді кемпір қашып,
Желаяқты қалыпты қара басып.
Желаяқ бір күннен соң есін жиып,
Қарады төңірекке көзін ашып.

Қараса, қу кемпір жоқ, кетіп қалған,
Күн көтеріліп, сәскеге жетіп қалған.
Екі етегін беліне түріп алып,
Артынан «Иә, Алла!» — деп бұл да салған.

Екі етегін түріп ап, жүріп кетті,
Жүрген ізін кемпірдің көріп кетті.

Бір күн, бір түн алдынан бұрын кеткен
Кемпірді дәл бесінде қуып жетті.

Бір уыс топырақты қолына алды,
Қасына қу кемпірдің жақын барды.
«Жеттің бе, шырағым?» — деп жалт қараса,
Көзіне топырақты шаша салды.

Кемпір қалды көзіне топырақ кіріп,
Желаяқ кетіп қалды зыр жүгіріп.
Желаяқ тап сол күні күн батпастан
Отырды демін алып елге келіп.

Сонда хан мұны көріп, қайғыланды,
Үшке шейін қалған соң назаланды.
Таң атып, ертең сәске болғанында
Тырбаңдап сорлы кемпір зорға келді.

Хан тағы жарлық қылды жұртын жиып,
Екі жұрт бір қыз үшін жанын қиып.
«Жамбы аттырам!» — деп сонда бәйге қылып,
Бір қарағай орнатты тіптен биік.

Ол жерге тағы келді ел жиылып,
Құдайға бір қыз үшін көп сиынып.
Қалтаға ат басындай алтын салып,
Қарағайдың басына қойды іліп.

Алтынды қарағайға асады енді,
Мергендер мылтықтарын басады енді.
«Оқ тиіп, біреуіміз өлерміз», — деп,
Қорқақтар быт-шыт болып қашады енді.

Атады талай мерген мылтық алып,
Барады талайының көңілі қалып.
Үш жүз мерген жиыпты Шынтемір хан,
Тамам жұрт қарап тұрды көзін салып.

Барады Аққуатқан оған таман,
«Мергендер, келмеді ме бұған шамаң?
Бәрің де түсіре алмай шаршадыңдар,
Азырақ сабыр қылып, берші маған.

Атып болсаң, бәрің де былай тұрғын,
Сіздер менің өнерімді сынай тұрғын.
Жамбыны бір атқаннан мен түсірсем,
Ыза болып бәрің де жылай тұрғын!»

Сұрмерген келе жатыр мылтық алып,
Кезек берді баршасы қарай қалып.
Көздеп тұрып мылтықты басып еді,
Оғы кетті жамбыны жұлып алып.

Жаратқан барша жанды Жаппар Алла,
Әрқашан жалғыздарға болғай пана.
Жамбыны бүгін түсте атып еді,
Түседі қайта айналып сол уағында.

Кешегі атқан жамбысы бүгін келді,
Барша жұрт мұны көріп, қайран болды.
Бәйгені төртке дейін алғаннан соң,
Сандалып Шынтемір хан қайғыланды.

Сонда елін Шынтемір хан жиып алды,
Ұлық-кішік бәріне ақыл салды.
Басындағы азғырып ақыл айтқан
Қасына Орман дейтін биін алды.

«Би едің, өзің қазы, ақылың дана,
Қорқытты ғой мені енді осы бала.
Отыз күндей тоқтаттым амалменен,
Бір ақылды тапсаңшы тағы жаңа».

Орман би сөз сөйледі сабыр қылып,
Сасқанын Шынтемірдің анық біліп:
«Баста күдер үзгізбей, бермеймін деп,
Несіне енді маған тұрсыз келіп?!

Падиша, айырылыпсыз дана сөзден,
Осынша сасып тұрмақ өзіңізден.
Беремін деп қызыңды уағда қылмай,
Неге ақыл сұрамадың бұрын бізден?

Айтайын бір ақылды енді сізге,
Бұл бала бәле болды осы кезде.
Күнікейді бір жаққа қашыралық,
Таппаған боп, қаралық өзіміз де.

Қырық жігіт алып кетсін түнде барып,
Сандықпенен арбаға салып алып.
Қайда кетіп қалғанын қайдан білсін,
Таппаған боп, қаралық ертіп алып».

Хан сонда мына сөзді мақұл көрді,
Жиылып, сарайдағы қызға келді.

Ұйықтап жатқан жерінде оятпастан,
Күнікейді сандыққа салады енді.

Сандықтың тас бекітіп аузын жапты,
Сандықты әкеп арбаға таңып апты.
Қашқалы жатқанында Жертыңдаушы
Бәрін де осылардың естіп қапты.

Жертыңдаушы Сақұлақ бәрін білді,
Білгенсін, жай отырып өзі күлді.
Бұлардың істеп жатқан әрекетін
Қасында жолдастарға баян қылды.

«Мынау ел бір әңгіме ойлап жатыр,
Арба жегіп, аттарын сайлап жатыр.
Күнікейді сандыққа салып алып,
Ол сандықты арбаға байлап жатыр.

Осы күн жүріп кетті, маған нансаң,
Біздердің есіткенімізді білсін қайдан.
Білгенімді мен сізге баян қылдым,
Ер Дотан, айналайын, көңілің тынсын».

Ер Дотан құлақ салды тыңдап тұрып,
Хан бұзды уәдесін Құдай ұрып.
«Соғыс қылып, шаһарды қиратам!» — деп,
Дотан тұра жөнелді атқа ұмтылып.

Ер Дотан қаһарланып, ақырады,
Қасына жолдастарын шақырады.
Көзбайлаушы алдына жетіп келіп,
«Неге қапа болдың?» — деп сөз сұрады.

Ер Дотан сөйлемеді ашу қысып,
Жолдастың бәрі келді жүгірісіп.
«Көзін байлап, талтүсте ап келем», — деп,
Жолдастарға айтады басын қосып.

Барайын дұға оқып, қашқандарға,
Өз-өзінен жалбырап сасқандарға.
Алтауымыз алты мыңдық адамдармыз,
Құтылмас ұшып кетпей аспандарға.

Қашқандарға [жетейін] түнде барып,
Келейін сандығымен ұрлап алып.
Өздері онан ары кете берсін,
Аттарына арбасын байлап алып».

Мұны айтып, Көзбайлаушы жолға түсті,
Не қылмас құдіретті Құдай күшті.
Күнікейді түнде барып, тауып алды,
Еш адам біле алмады мынау істі.

Көздерін қашқандардың байлай салды,
Сандықпен Күнікейді ұрлап алды.
Күнікейді Көзбайлаушы алып қайтты,
Ол жерде ешбір адам білмей қалды.

Көздерін дұғаменен байлап кетті,
Аттарын арба салған айдап кетті.
Күнікейден айырылып, қара басып,
Сорлары байғұстардың қайнап кетті.

Пәлені қашқандарға салып келді,
Бір түнде талай жерді шауып келді.
Түнде кетіп, талтүсте Көзбайлаушы
Өңгеріп Күнікейді алып келді.

Амалы Көзбайлаушы асады енді,
Келген соң тез аттанып, қашады енді.
Үш күн, үш түн жүрген соң бір жерге кеп,
Сандықтың аузын бұрап ашады енді.

Сандықтан қыз Күнікей түрегелді,
Батырды Дотан сынды көзі көрді.
Күнікей түрегеліп, тағзым қылды,
Құдай тілек бергенін енді білді.
Күнікей Телқоңырға мініп алып,
Батырлар елге қарай желеді енді.

Жетеуі, «Иә, Алла!» — деп аяңдады,
Жүруден күндіз-түні аянбады.
Алты жыл дамыл алмай жүріп келді,
Бір жерде үш ай жатып, аялдады.

Алтауы сол арада ақылдасты,
Айтқанын бір-бірінің мақұлдасты.
«Кемпірге қандай хайла қыламыз?» — деп,
Кемпірден енді бұлар жаман састы.

Енді тағы ол жерден бір жыл жүрді,
Құдай оңдап, еліне жақын келді.
«Жалмауызға бір хайла қылыңыз», — деп,
Ер Дотан жолдастарын жібермеді.

Күнікей білмейді екен кемпір барын,
Әбден ұғып біледі соның бәрін.
«Құдай қосқан қосағым, батыр Дотан,
Болды ма енді менің айрыларым?!»

Күнікей мұны айтып қылады зар,
«Деуші едім: «Құдай қосып, жолықтым пар».
Жалмауызға қылатын айла жоқ па?
Әрқайсың мың кісілік өнерің бар».

Ер Дотан қайраттанды мына сөзге,
«Бізді де батыр дейді көрер көзге.
Сізді беріп кемпірге қалғанымша,
Өлелік ажал жетіп екеуміз де».

Аққуатқан айтады Дотан ерге:
«Сіз-дағы, Күнікейжан, жылай берме!
Жалмауыздың амалын мен табайын,
Жаталық үш күншілік жырақ жерде.

Желаяқ сұлу екен жаннан асқан,
Баршасы Желаяққа ақылдасқан.
Желаяқты Күнікей деп алып барғын,
Бұ жерде жарамайды бекер сасқан.

Сіздерменен баралық екеу бірге,
Қос-қолаңды қоялық осы жерге.
Палуанменен екеуміз бірге барып,
Қалалық екеуіміз екі жерде».

Баршасы осы сөзді мақұл көрді,
Мергеннің бұ айтқанын ақыл көрді.
Қылдан өріп, шаш қылып Желаяққа,
Үстіне қыз киімін киіндірді.

Желаяқты Телқоңырға міндіреді,
Ерлердің бұл ақылын кім біледі?
Мерген менен палуанды жолға қойып,
Кемпірге Дотан өзі тік жүреді.

Кемпірге бұл екеуі келеді енді,
Жалмауыз бұл екеуін көреді енді.
Желаяқты Күнікей деп алып келіп,
Қолына жалмауыздың береді енді.

Кемпір тұра жүгірді келген жерден,
Сөз сұрар сонда кемпір Дотан ерден.

«Шырағым, аман-есен келдің бе?» — деп,
Дотанға жақсы қызмет қыла берген.

Дотанның атын байлап, түсіреді,
Неше түрлі тағамдар пісіреді.
Атын байлап, киргізді үңгіріне,
Қыз болып қу Желаяқ күрсінеді.

«Отыр», — деп төрге кемпір киіз салды,
«Қызым», — деп Желаяқты қасына алды.
«Шырағым, Күнікейжан, келдің бе?» — деп,
Бетінен Желаяқтың сүйіп алды.

Қап-қара боп қалыпты сүйген жері,
«Күнікей, — дейді, — қалқам, отыр бері».
Екі ат басы Дотанға алтын берді,
Жөнелді, «отыр, — десе, — әрі-бері».

Ер Дотан кідірместен жүріп кетті,
Жолдағы екеуіне барып жетті.
Жетті-ау деген уақытта Желаяқ
Сұм кемпірге «сиемін» арыз етті.

«Сие қойғын, шырағым балам, — дейді, —
Мен болдым енді сенің анаң, — дейді. —
Мен де бірге сиейін, шырағым», — деп,
Екеуі түзге таман аяңдады.
Жау кемпір сар еткізіп жібергенде,
Желаяқ тұра сала қашады енді.

Кемпір тұра қуады қашқаннан соң,
Дамбалын жия алмады сасқаннан соң.
Дамбалына оралып, үш сүрінді,
Оралып аяғына басқаннан соң.

Желаяқ келе жатыр құстай ұшып,
Жығылды қу жалмауыз жерді құшып.
Дамбалы талқан болып кеткен шақта,
Қосылды жалмауыз да жолға түсіп.

Желаяқ құстай ұшып ағындады,
Жүруі екеуінің сағымдады.
Дамбалға оралмаса кәдік екен,
Палуанға жеткенде жақындады.

Аз жүгірсе жалмауыз жетпек болды,
Аузын ашып, жеткен соң жұтпақ болды.

Теңкейте жеткенінде жалмауызды
Палуан бір төбемен салып қалды.

Ол төбені көтере түрегелді,
Тұра сала тоқтамай, тағы желді.
Бір төбені жұлып ап, тағы да ұрды,
Жығылмастан, төбені ап жөнелді.

Төбені жығылмастан ап жөнелді,
Онан өтіп мергенге қарсы келді.
Маңдайында табақтай жалғыз көзді
Сұрмерген көздеп тұрып басып салды.

Оқ келіп жалғыз көзден тура тиді,
Кемпірдің тыпырлатып жанын қиды.
Тостағандай оғы бар мылтығының,
Көзінің шарасына тура сыйды.

Жалмауыз шошқаға ұқсап шыңғырады,
Желаяқ жолға түсіп дыңғырады.
Хазірет Қызыр жар болған Ер Дотанға,
Болмаса мұндай істі кім қылады?!

Ер Дотан екеуіне келді шауып,
Жалмауыз өліп қалды қаза тауып.
Күнікей мен жолдастарын ертіп келіп,
Қазынасын жалмауыздың алды тауып.

Жеті сарай толы екен алтын-күміс,
Он төрт жылдық бұл өзі болды жұмыс.
Кемпірдің қазынасын тамаша қып,
Сол жерде үш күн жатып, алды тыныс.

Үш күн жатып, еліне жүрмек болды,
Аман болса ел-жұртын көрмек болды.
Аллаға шүкір қылды бейшаралар,
Жалмауызды өлтіріп, көңілі толды.

Әлқисса, Құбақанбай Дотанды сағынып, әрқашан Алла Тағалаға мінәжат қылып айтқан ғазалы:

«Құдірет Алла Жаратқан,
Тілегімді берсеңші.
Дотанымды аман келтіріп,
Көзімнің жасын көрсеңші!

Беріп едің, Құдай-а,
Тілегімді жасымнан.

Дотаным менің келмеді,
Ұшатұғын бола ма
Дәулет құсым басымнан?
Кешіре көр, Құдай-а,
Күнәм менің көп еді
Басымдағы шашымнан.

Перзент, дәулет мол бердің,
Өз құрбымнан асырып.
Ертелі-кеш жылаймын,
Әулиелер аруағы,
Қабіріңе бас ұрып.
Рахман атлық, иә, Алла,
Тілегімді беріп ең,
Неліктен мені зар қылдың,
Қолымнан құсым қашырып?

Үйдегі отыз тоғызы
Бір Дотандай болмайды,
Толып жатқан көп жаман
Қолынан түк келмейді.
Бәріне басшы сол еді,
Бір дұшпан келсе ауылға,
Мұндағы отыз тоғыздың
Біреуін көзге ілмейді».
Құбақанбай зарланып,
Күндіз-түні жылауда,
Аслан[1] ойнап-күлмейді.

«Берсеңші, Алла, тілегім,
Дотанымды аман келтіріп.
Құтылар ма екен, Құдай-а,
Алдындағы дұшпаны
Жалмауызды өлтіріп.

Жаратқан патша Құдай-а,
Көзімнің жасы көл болды,
Жалмауыз деген бір дұшпан,
Алдында асқар бел болды.
Балаларым ер жетіп,
Ел көрем бе деп едім.
Ойлаған ойым баршасы
Ағып кеткен сел болды.

Жаратқан Жаппар Құдай-а,
Берсеңші Дотан баламды.

[1] Аслан /араб/ — «шын» деген мағынада.

Келер уақыты болды деп,
Күндіз-түні зарланып,
Көңілім менің алаң-ды.
Дотаным менің келмесе,
Үйімді келіп көрмесе,
Тілегім Құдай бермесе,
Көрген де күнім қараң-ды».

Құбақанбай осылай деп жүрді жылап,
Құдайдан күні-түні медет сұрап.
Шешесі Ер Дотанның о да бірге
Көл қып жүр көзінің жасын күнде бұлап.

Анасы Ер Дотанның көп еңірейді,
«Келе ме жалғыз ұлым?» — деп еңірейді.
Сегіз қатын ұл-қызы бәрі түгел,
«Мен қу бас болдым ба?» — деп бек еңірейді.

Сол уақытта бұлар елге жақын келді,
«Сүйіншіге біреуің барғын, — дейді. —
Сағынып жүрген шығар ата-анам,
Қуантып, қалағаның алғын», — дейді.

Мергенді сүйіншіге жібереді,
Бір салып атты бұтқа жөнеледі.
Сәлдесін Құбақанның жұлып алып,
«Балаң келді, сүйінші бергін!» — деді.

Мергенге үш тоғыз бен шапан жапты,
Бәрі шулап алдынан қатар шапты.
Дотанды көргеннен соң ата-анасы
Ағытқан қойдай болып жамырапты.

Көрісті атасымен, анасымен,
Асқар таудай басында панасымен.
Шешелермен көрісіп кезек-кезек,
Көрісті отыз тоғыз ағасымен.

Амандасып, көрісіп, елге келді,
Көп сыйлап, жолдастарын мейман қылды.
Күнікейді ата-анасы құрмет етіп,
Алтынды ақ ордаға алып келді.

Құбақанбай бесеуіне бес қыз берді,
Бала қылып алады өңкей ерді.
Жамағат, оқығаның айып етпе,
Сөз қылдым Дотан сынды кеменгерді.

Күнікей келін болды Құбақанға,
Ағалары Күнікейге қалды таңға.
«Қыз тауып, ағаларыңды үйлендір», — деп,
Құбақан бір күн айтты Ер Дотанға.

Сонда Дотан бұ сөзді мақұл көрді,
Атасының айтқанын ақыл көрді.
Қыздарға да күйеулер табамын деп,
Отыз тоғыз ағасын ертіп жүрді.

Бесеуін аға қылып, малға қойды,
Қырық күндей қуанышқа қылды тойды.
Ер басына бір қоржын алтын алып,
Баршасы ел іздеуге қылды ойды.

Баршасы қолына алды қару-жарақ,
Жүреді Дотан ерді мыңға балап.
Айлық жерде, оңтүстікте ел бар дейді,
Бармаққа соған қарай қылды талап.

Отыз тоғыз ағасы Дотанға ерді,
Көрмекке ниет қылды шалғай жерді.
«Бір Құдай бақтарыңды өзі ашсын!» — деп,
Құбақан балаларға бата берді.

Бәрінің де мінгені өңкей тұлпар,
Келеді қыз алмаққа болып іңкәр.
Бір Құдай Ер Дотанға медет берсін,
Қасында жолдасының бәрі дімкәр[1].

Құбақанбай жіберді қырық баласын,
Балалар жақсы көрер өз анасын.
Мінгені өңкей тұлпар, тынбай жүріп,
Көреді он бес күнде ел қарасын.

Ұқсайды жүрістері соққан желге,
Дотанды бәрі балар асқар белге.
Ханы жоқ, қырық мың үйлік бөлек жатқан,
Келеді бөлек жатқан азғана елге.

Бір байға мейман болып келіп қонды,
Сұрайды «Кімсіздер?» — деп енді жөнді.
Мән-жайын бастан-аяқ батыр Дотан
Сұраған ол адамға айтып болды.

[1] Дімкәр — кемтар, мүгедек, жарымжан.

Бұларға мейман қылып, мал сояды,
Алдына екеуара ас қояды.
Құп сыйлап, жақсы қызмет көрсеткен соң,
Қырық жігіт разы болып, бек тояды.

Тамаққа тойғаннан соң жатып қалды,
Шаршап келді, ұйқыға батып қалды.
Таң сарғайған уақытында біреу келіп,
«Тұр, атқа мініңдер!» — деп айқай салды.

Сонда бұлар оянды көзін ашып,
Қараса, елі жатыр асып-сасып.
Айқай салып шулаған елді көріп,
Отырды қайран қалып, таңырқасып.
Таң асып суып тұрған өңкей тұлпар,
Дүбірге шыдамайды жерді қазып.

Еркек қалмай тамам жұрт мінді атқа,
Тауды өрлеп, шауып кетті биік шатқа.
«Иә, Алла!» — деп Ер Дотан түрегелді,
Шулаған қайран болып жамағатқа.

Ер Дотан: «Тұрғын! — деді ағаларға, —
Біреуің мына елге бар хабарға.
Ел-жұрты жаман қатты шуласып жүр,
Неліктен душар болған жапаларға?»

Ағасының біреуі барып келді,
Барып, елден хабарды алып келді.
«Қыз аламын» деп келген жазған байғұс,
Қатты кейіп, ол өзі налып келді.

Ағасынан Ер Дотан гәп сұрады,
«Неге қатты кейідің?» — деп сұрады.
«Әдейі іздеп келіп тапқан елді
Жау шауып алады ғой», — деп жылады.

Ағасы жылап келіп гәп айтады,
Уайым өз басы үшін жеп айтады.
«Жау шапса, мынау жатқан елді шабар,
Біздің немізді алады?» — деп айтады.

Аттарын шалдырады отқа қойып,
Тамақтанып алады әбден тойып.
Түс қайтып, үлкен бесін болған шақта
Жау жеңіпті бұл елді қырып-жойып.

Бесінде «жеңілдік» деп хабар келді,
Елді үркітіп қашырмаққа хабар берді.
Батыр Дотан мініп ап Қаракөкке,
Иірді қашып келген тамам елді.

Батыр Дотан бұл елден сөз сұрады,
Мәні-жайын білуге тез сұрады.
«Қандай жұрт дұшпандарың, баян қылшы,
Білейін мәні-жайын?» — деп сұрады.

Дотанға сұраған соң айтады сөз:
«Қырық мың үй Қырықбоз деген ел едік біз.
Уәлихан дейтұғын датқамыз бар,
Айталық, бастан-аяқ есітіңіз.

Қалмақтан Қалдан деген хан шығыпты,
Көп жанды қырып-жойып, жерге тықты.
Бұ жердегі қазақтың бәрін жеңіп,
Аттанып бөлек жатқан бізге кепті.

Аттанып жүз мың әскер бізге келген,
Қиратты біздің елді келген жерден.
Қалмақтың әскері көп, қаруы сай,
Ешкім қарсы шыға алмады біздің елден.

Бір шетін еліміздің шауып жатыр,
Олжаны біздің елден тауып жатыр.
Он мың үйді сыпырып, малын алып,
Қолға түскен еркекті қырып жатыр.

Біздің ел сол қалмақтан өлмек болды,
Қайтадан тағы олар келмек болды.
«Жарақсыз бекер жатқан ел екен» деп
Олжалап еріккенде алмақ болды».

Бұ сөзді тыңдап тұрды Дотан батыр,
«Қалмақтан жеңіліпсіз болып ғапыл,
Қалмақ алып, ешқайда құтыла алмас,
Айтайын, мүсәпірлер, мен бір ақыл.

Қалмақтан қорқыпсыздар есің кетіп,
Бастарыңа тұр екен зауал жетіп.
Үш мың кісі тауып бер маған бүгін,
Қалмақ малды сіңірмес алып кетіп.

Үш мың ер маған тауып бергін, — дейді, —
Қазір менің артымнан ергін, — дейді. —

Аллаға тәуекел деп мен барайын,
Сіздер менің ерлігім көргін», — дейді.

Мынау ел Дотан сөзін мақұл көрді,
Құдай айдап келіпті мұндай ерді.
Ел жиылып, кеңесіп ары-бері,
Қолына үш мың кісі жиып берді.

Көрсетпек болды Дотан бір қайратты,
Қаракөк мініп алды тұлпар атты.
«Иә, Алла, Қызыр бабам, медет қыл!» — деп,
Ер Дотан көп қалмақты қуып кетті.

Бас болып батыр Дотан өзі барды,
Жолдас қып үш мың кісі қасына алды.
Жер қайысып баратқан көп қалмақпен
Ер Дотан жалғыз өзі соғыс салды.

«Иә, Алла!» — деп Ер Дотан
Қалмаққа жалғыз кіреді.
Кірген жерден әскерін
Мал үстінен түреді.

Батыр Дотан қалмаққа
Қырғынды қатты салады.
Айдаған малы қалмақтың
Далада бекер қалады.
Артындағы үш мың ер
Малды жиып алады.
Бас-басымен қайғы қып,
Батыр Дотан қалмақты
Айдап кетіп барады.
Қойға шапқан қасқырдай
Кез келгенін қалмақтың
Шайнап кетіп барады.

Кейде садақ тартады,
Кейде мылтық атады,
Кейде қылыш шабады,
Қырылғаны қалмақтың
Қойдай жусап жатады.
Қасындағы жолдастар
Қызыққа әбден батады.

Басында Құдай батырды
Жау үшін арнап туғызған.
Бір күн, бір түн соғысып,

Қалмақтың қолын қашырып,
Қанменен бетін жуғызған.
«Қашқан жауға қатын ер»,
Қалмақтың сесі қайтқан соң,
Қасындағы қазаққа
Найзалатып қуғызған.
Жолдастар қызық көрсін деп,
Айдап жүріп қалмақты
Шапқан шөптей қырғызған.

Жар болып Алла Дотанға
Қалмақты жаман қырады.
Үш күн, үш түн қуалап,
Атының басын бұрады.
Тірі қалған қалмақтың
Үсті-басы жаралы,
Сағы жаман сынады.
Атының басын бұрған соң,
Айқай салып Ер Дотан
Өз әскерін жияды.
Қалмақты қырып қашырып,
Тірісін таудан асырып,
Өлігін атқа бастырып,
Қалмақты жаман састырып,
Көңілдері тынады.

Қазақтар енді қайтып, жиды малды,
Дотанның ерлігіне кайран қалды.
Бір тауға қашып кіріп қалған екен,
Екі жүздей қалмақты ұстап алды.

Қалмақты үш күн, үш түн көп қиратты,
Сол күнде-ақ қырық мыңдайын қырып сапты.
Жаралысы, сауы бар төрт жүздейін
Тірі жүрген жерінен тауып апты.

Ер Дотан елге қайтты малды айдап,
Дұшпаннан төрт жүз аса кісі байлап.
Қызыр шалған бір ердің арқасымен
Келеді елдеріне күліп-ойнап.

Кеткен малды түп-түгел айдап келді,
Қуантты жесір-жебір болған елді.
Әрқайсысы өз малын танып алып,
Қуанып елі-жұрты бек шат болды.

Уәлихан Ер Дотанға өзі келді,
Алдына қызмет қылып, аттай желді.

Өзінің барша жұртын жиып алып,
Уәлихан еліменен кеңес қылды.

«Бұл жігіт Құдай айдап келген екен,
Жылаған көздің жасын көрген екен.
Ұнатсаң, хан қылыңдар мұны, жұртым,
Құдайым бір асылды берген екен».

Ал сонда қабыл көрді жұрттың бәрі,
Айтқаны Уәлиханның болды дәрі.
Қариялар билерімен бата қылып,
Дотанды хан көтерді баршалары.

Хан болып батыр Дотан төрге отырды,
Ағалары қасында бірге отырды.
Хан болған Ер Дотанның құрметіне
Әрқайсысына ап келіп бір қыз берді.

Хан болып батыр Дотан үкім қылды,
Патша Құдай мұратқа жеткізді енді.
Пенде болған қалмақтан төрт жүз кісі
Хан айдатып алдына алдырды енді.

«Төрт кісісі еліне қайтсын, — дейді, —
Қалданға бізден сәлем айтсын, — дейді. —
Мекенім Сарыуда, атым — Дотан,
Сол жерден, керек болсам, тапсын», — дейді.

Хан болып сонда Дотан үш ай тұрды,
Ағалары бірталай қызық көрді.
Һәммасына[1] сол елден қыз ап беріп,
Хан Дотан өз еліне кетпек болды.

Хан болып батыр Дотан үш ай жатты,
Көрсетті халайыққа ғадалатты[2].
Өз еліне қайтпаққа батыр Дотан
Жұртын жиып, сұрады рұқсатты.

Сонда жұрт жауап берді Дотан ерге:
«Қайда кетсең, ала кет, енді бірге.
Әр уақыт дұшпан келсе, қор болғанша,
Біз де өлейік, сіз барып өлген жерге».

[1] Һәмма /парсы / — барлық, бәрі, түгел.
[2] Ғадалат /араб/ — әділет, адалдық, турашылдық.

«Олай десең, ал көшіп жүргін, — дейді, —
Көшіп жүріп көп қызық көргін, — дейді. —
Жүз мың үй сиятұғын қонысым бар,
Артымнан іле жортып ергін», — дейді.

Ел сонда көшті дейді мақұл көріп,
Қырық мың үй бір Дотанның соңына еріп.
Өлеңтібел дейтұғын жерге қонды,
Бір ай жарым арада көшіп келіп.

Сарығудың аяғы — Өлеңтібел,
Сол жерге келіп қонды ол көшкен ел.
Маңайына дұшпан жау жолатпастан,
Дотан хан болып тұрды бірнеше жыл.

Патша Құдай Дотанға берген нәсіп,
Ағалары сөйлейді желдей есіп.
Әрқайсысы бір-бір қызды таңдап алып,
Атасына келеді елден көшіп.

Хан Дотан той қылады үйге барып,
Өзінің күллі жұртын жиып алып.
Қырық мың үй, төрт жүз елу қалмақпенен
Кетіпті «қырғыз» деген ел атанып.

Қырық күнде той тарқатты ат шаптырып,
Тойына қырық мың үй ел шақырып.
Алдына хан Дотанның ұлық-кішік,
Һәммасы қызмет қылды тіке тұрып.

Той қылып, Құбақанбай пікір қылды,
Төрт жүз елу қасына отау қонды.
Жалғыз үйі Құбақанның көп ел болып,
Құдайға мың мәртебе шүкір қылды.

Той тарқап, жұрттың бәрі қайтып кетті,
Хан Дотан қылды жұртқа әділетті.
Қара қылды қақ жарған әділ болып,
Сөйтіп жүріп мұратқа бәрі жетті.

Дотанның тірлігінде жау жоқ болды,
Еріксе, олжа қылды оң мен солды.
Жылдық жерде қазақ болса, айдап келіп,
Аузына қаратыпты талай елді.

Хан Дотан талай жауға қырғын салды,
Қалмақтан үш жылда бір алым алды.

Өзінің бектерінің балалары
Құбақанның қыздарын олар алды.

Мұратқа ол адамдар сөйтіп жетті,
Ақыры дүниеден олар да өтті.
Басында ертегі еді, қисса болып,
Аяғы бұл сөзімнің енді бітті.

Бұл сөзді осылайша қисса қылдым,
Мұны да көптің бірі нұсқа қылдым.
Нәсіп болып басылса, олжасы бар,
Көп қызметті бұрын мен босқа қылдым.


Басында ертегі еді мұның өзі,
Осындай қып біреудің айтқан сөзі.
Қисса қып шығаруға лайық көріп,
Жүсіпбектің бұл да бір салған ізі.



Бірінші мақам


Орындаған: Сүгірбай Марат
Нотаға түсірген: Бекмұханбет Бауыржан


толғана




Қайырым


Екінші мақам







Үшінші мақам










үдете









Төртінші мақам








Е - ке - уі та - ғы бір жыл бір-ге жү - ріп, Бір-ұл-кен ө-зен су - ға кез - бол ен - ді.



Жа-ға лап ол ө - зен - де ке-ле жа - тыр, Се-рік боп бір-бі-рі-не екі батыр. Бірі ат-ты бі-рі



жа-яу ке-ле жат-са - а, Бір а - дам мыл - тық ұс - тап қа - рап о - тыр.





Жүсіпбек Шайхысламұлы *(1857-1937) — ақын, жыршы, әдеби мұраларды жинаушы. Қазіргі Түркістан облысының Арыс ауданына қарасты Қожатоғай ауылында туған. Ауыл молдасынан хат танып, кейін медреседе оқып, білімін жетілдіреді. Сол білім ошағында араб, парсы, көнетүркі тілдерін меңгеріп, Шығыс әдебиетімен танысады. Жасынан халық әдебиетіне қызығып, оларды ел арасынан жинап, жүйелеп, жариялау жұмыстарымен айналысады. Өзі де ақындық, жыршылық жолға түсіп, XIX ғаысырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде «Қыз Жібек», «Айман—Шолпан», «Алпамыс», «Қаншайым—Наурызбай» сияқты ұлттық туындыларды, «Сал—сал», «Зарқұм», «Жүсіп—Зылиха», «Мұңлық—Зарлық», «Шәкір—Шәкірат», «Кербаланың шөлі», «Дариға қыз», «Қасым Жомарт» т.б. шығыс сюжетіндегі халық мұрасын өзінше жырлап, Қазан қаласында 30-дан астам кітап бастырды.*

БАТЫРЛАР ЖЫРЫ

«Батырлар жыры» — ел ішінде өте кең тараған, азаттықты, елдік пен ерлікті ту етіп көтерген, тәрбиелік тағлымы мол, мазмұнға бай, көркемдігі жоғары классикалық деңгейге көтерілген жыр жауһары. Батырлық эпостың табиғатынан сонау мифтік дүниетанымнан бастап, фольклорлық сана мен эпостық дәстүр тудырған халық шығармашылығына тән барлық сипаттарды көруге болады. Батырлардың ғайыптан тууы, ерекше қасиеттерге ие болуы, ат таңдауы, жар табуы, сол жолда небір сынақтарға кез болуы, оларды тосын көмекшілері арқылы жеңіп шығуы сияқты мотивтер көне эпостарға тән болса, олардың белгілі мекенде, халық жадында сақталған тарихи кеңістік пен уақытта, аттары тарихтан белгілі ру-тайпалар мен халықтар арасында болуы батырлар жырына тән сипатты танытады. Олар — құрылымдық жағынан шымыр, бас-аяғы бүтін қалыпқа түскен, жыршылардың толассыз жырлауымен жоғары көркемдік деңгейге жеткен, ауызша айтуға лайықталған мақамы берік қалыптасқан синкретті туынды. Мазмұн-мәні мен көркемдік кестесі тұрғысынан олар ежелгі гректердің «Илиада», «Одиссея», француздың «Роланд туралы жыр», карел-фин халықтарының «Калевала», қырғыздың «Манас», қалмақтың «Жәңгір», якуттың «Олонхо» т.б. классикалық эпостарымен иық тіресті ріп қатар тұрады. Фольклортанушы ғалымдар бұл топтағы шығармаларды «батырлар жыры», «классикалық эпос», «қаһармандық эпос», «батырлық жырлар» деп әртүрлі атағанмен, олардың сипаттамасы, айналып келгенде, бір арнаға тоғысады.

Сондықтан томды баспаға дайындау барысында фольклортанушы ғалымдардың ортақ шешімімен «Батырлар жыры» термині алынып, антологияға аса бай эпостық мұраның ішінен «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Ер Едіге», «Шора батыр» секілді жырлар іріктеліп, олардың таңдаулы нұсқалары енгізілді.



Алпамыс батыр.
Суреттi К.Я. Баранов.

АЛПАМЫС БАТЫР

«Алпамыс батыр» — қазақ халқының классикалық үлгідегі ең танымал батырлық эпостарының бірі. Туындының сюжетінде бағзы замандар дүниетанымы, наным-сенімдері бертіндегі эпостық дәстүрмен жымдаса өріліп, тамаша үйлесім тапқан. Сондықтан онда көне түркі сарындары мен жоңғар шапқыншылығы кезеңінің де тарихи табы араласа қылаң береді. Туынды абыз жыршылардың ауызша айтуымен сандаған ұрпақтың жадында жатталып келіп, тек 1899 жылы алғаш рет Қазан қаласында тасқа басылып шықты. Кейін оның өзге де нұсқалары хатқа түсіріліп, XX ғасыр мен XXI ғасырдың басында санмәрте қайта жарияланды. Қазақстанның сирек қолжазбалары қорында жырдың Ә. Диваев, Н. Байғанин, А. Нысанов, С. Жаңбыршин, Ә. Оспанов, Е. Ақынбеков, С. Аққожаев, Әбдірайым Байтұрсынұлы, К. Сергазыұлы т.б. жеткізген 15 нұсқасы сақталған.

Жырдың тарихи мән-мазмұны, типологиялық сипаттары, нұсқалық ерекшеліктері, көркемдік табиғаты туралы В.М. Жирмунский, М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Ә. Қоңыратбаев, М. Ғабдуллин, Т. Сыдықов, Р. Бердібай, С. Қасқабасов, Ш. Ыбраев сынды ғалымдар арнайы зерттеулер жазды. Томды баспаға дайындау барысында эпостың қолжазба нұсқалары, әр жылдары жарияланған баспа үлгілері кеңінен салғастырылып, текстологиялық тұрғыдан қайта сараланды. Нәтижесінде мазмұны қызықты, көлемі ауқымды, оқырмандар арасында кеңінен танылған С. Аққожаев нұсқасы таңдалды. Түпнұсқа М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақталған (50-бума, 2-дәптер).

Бұрынғы өткен заманда,
Біздерге қалған хабарда
Жиделі Байсын жерінде,
Қоңырат деген елінде
Байбөрі деген бай шықты,
Тоқсан мың екен қорасы.
Мұрындық, ноқта тимеген,
Түйешілер мінбеген —
Сексен мың екен маясы[1].
Шұрқырап жатқан бір жылқы,
Тоғай сайын мың жылқы,
Есебі жоқ көп жылқы —
Жиделі Байсын даласы.
Өз алдына бір бөлек
Торысы мен қарасы.
Аңдай болып көрінген
Бозы менен аласы.
Соншама бай болса да
Жоқ еді ердің баласы.
Алланың өзі бермесе,
Пенденің бар ма шарасы?
Атадан жалғыз ер еді,
Еңіреген ердің бірі еді —
Жоқ екен іні-ағасы.
Құлтай деген туысқан,
Немере мен шөбере
Екеуінің арасы.

Азырақ баян етейін,
Құлақ сап бұған қарашы:
Сол уақыттар болғанда,
Сексенге жасы толғанда,
Кетем деп байғұс арманда,
Қайғылы болып қамықты,
Перзентсіз болып қалғанға.
Құбылаға бас беріп,
Екі көзге жас беріп,
Байбөрі Хаққа налынды:
«Алмадың, Құдай, жанымды.
Бір баланың жоғынан
Ағайын жейді малымды.
Айналайын атыңнан,
Жаратқан жалғыз Құдайым.
Бір баланың жоғынан
Зорлық қылды маңайым.

[1] Мая — жалғыз өркешті нар түйенің інгені, аруана.

Өкім қыла сөйлейді
Баласы көп ағайын.
Көретін күнің болар ма
Көзімнің жасын, Құдайым?
Сүйегім кетті жасық боп,
Достым кетті қашық боп.
Көретін көзім көр болды,
Бір перзентке ашық боп.
Аққан жасым тыя алмай,
Перзенттің дағы өтеді.
Баласы жоқ адамның
Әркімге ақы кетеді.
«Байбөрі қубас» деген сөз
Сүйегімнен өтеді.
Жаратқан жаппар Құдай-ай,
Перзентке зар қып қойғанша,
Жаратпасаң нетеді?!»

Байбөрі осылай деп жүрді жылап,
Құдайдан күні-түні бала сұрап.
Сүйегі сырқырайды Байбөріге
Бұл сөзді есіткен жан салып құлақ.

Көз жасы Байбөрінің бетін жуды,
«Көрмей-ақ өтем бе, — деп, — үйден дуды?»
Сол күнде Құлтайдың тезек терген
Тезекші қара күңнен бір ұл туды.

Байбөрі осылайша ойлайды ойды,
Қайғының ішіндегі бәрін жуды.
Балаға таңсық болып жүрген байғұс
Үйіне алып келіп, қылды тойды.
«Туғандай тумаса да қылайын», — деп,
«Ұлтан» деп ол баланың атын қойды.

Біртүрлі болды нұсқасы,
Порымы мынау баланың,
Алдымдағы жақсылар,
Келбетіне қарағын:
Кеудесі болды кепедей[1],
Мұрыны болды төбедей,
Күрек тісі кетпендей,
Кеңірдегінің тесігі
Жүгімен түйе өткендей.

[1] Кепе — жартылай жерден қазылған, қабырғалары балшық немесе шымнан қаланып, төбесі қамыс немесе шөппен жабылатын шағын лашық.

Құлағы болды қалқандай.
Мұрынына қарасаң,
Сығымданған талқандай.
Көзі терең зындандай,
Басқан ізін қарасаң,
Көрінед оттың орнындай.
Аузы үлкен ошақтай,
Азу тісі пышақтай.
Иегі бар сеңгірдей,
Бір батыр болды сол күнде-ай.

Байбөрі мен Құлтайға
«Алжыған қақбас», — дер еді,
Ержеткен соң күніне-ай.
«Малда, жанда нең бар?» — деп,
Намаздыгер болғанша
Жолатпай қойды үйіне-ай.
Есіткен адам зар жылар,
Жыландай зәр тілінде-ай.
Жарының аты — Аналық,
Жылай берді зарланып:
«Көрмедік, — деп, — самалық.
Жасымыз болса кеп қалды,
Енді қандай қылалық?
Мақұл десең, алғаным,
Алаша төсек салғаным,
Әзіреті Сұлтанға
Екеуміз де баралық.
Әулие қылса керемет,
Болар ма екен жаңалық.
Бермесе Құдай шара не,
Далада өліп қалалық».

Мақұл көріп Байбөрі,
Қойдан алды қошқарды,
Басқа малды тастады.
Басына Құдай салғансын,
Екі көзін жастады.
Бәйбіше барды аңырап,
Қоздаған қойдай маңырап,
Қазына аузын ашқалы,
Таратты алтын-күмістен
Қалғанынша мысқалы[1].
Алтын-күміс арттырып,
Асыл кілем жаптырып,

[1] Мысқал /араб/ — болар-болмас, шамалы.

Түйеден алды бураны.
Қаны қашып бетінен,
Іреңі жаман қуарды.
Сәрсенбі күн сәскеде
Жүрмекке қосын шығарды.
Қоңсылары жиналып,
Қош айтысып, шулады.
Бірін-бірі қия алмай,
Не қыларын біле алмай,
Бір күндік жерге шұбады.
Сол уақыттар болғанда
Күн төбенің басында,
Бір төбенің қасында
Үркердей[1] болып тұрады.
«Байеке, болсын жолың, — деп, —
Қабыл болсын мұның!» — деп,
Қол жайып, дұға қылады.

Бай-бәйбіше жөнелді,
Қалғандар малға кенелді.
Заманы қандай болады,
Аналық атты бәйбіше
Танадай көзі жарқылдап,
Жылайды жазған аңқылдап.
Байбөрі бай келеді,
Құзғындай қақсап, қаңқылдап.
Екеуінің дауысы
Қосылады сыңқылдап.
Кей жерде жатып ыңқылдап,
Кей жерде жатад қыңқылдап.

Көбелектей көзі жоқ,
Перзенттен басқа сөзі жоқ.
Жол түгіл, малдың ізі жоқ,
Алдында жатыр құла дүз,
Телміріп қалды екі көз.
Асуы жоқ, жолы жоқ,
Бір жапанға болды кез,
Жүрерін қайда білмеді.
Ызғардың ызғар даласы,
Қырық күншілік шөл еді.
Налыс[2] қылып Құдайға,
Көзінің жасын төгеді.
Адам ұлы көрмеген,
Ешбір пенде жүрмеген,

[1] Үркер — Торпақ шоқжұлдызының құрамына енетін топтанған жұлдыз шоғыры.
[2] Налыс — реніш, күйініш.

Елсіз жатқан жер еді.
Көз жетпеген далада
Көп қорлыққа көнеді.
Бай-бәйбіше жасынан
Жер баспаған ер еді.
Маңдайы күнге күйеді,
Табаны тасқа тиеді.
Байбөрі бай серт қылып,
Көлікке көті тимеді.
Аналық жазған аңырап,
Бұл да көлік мінбеді.
Кей жерде жаяу үдеріп,
Кей жерде жатып түнеді.
Күннен-күнге түн қатып,
Бейшара әбден жүдеді.
Бірнеше күн жүргенде,
Өлдік-талдық дегенде,
Әзіретке келеді.

Әзіреттің төбесін
Күндік жерден көреді.
Жақындасып келгенсін,
Келгенін анық білгенсін,
Алып шыққан дәулетін
Екі жерге бөледі.
Алтын-күміс, гауһарын,
Оны да бөліп үйеді.
Қожаларын шақырып,
Тең жарымын береді.
Көзінің жасы көл болып,
Отырған орны жер болып,
Жеті күн ұдай түнеді.
Бай-бәйбіше екеуі
Ешбір нышан білмеді.
Қожалардан бата алып,
«Жапан кезген» атанып,
Жоғары қарай өрледі.
Самарқанда сансыз бап,
Отырарда Арыстан бап,
Сайрамда бар сансыз бап —
Бәріне бір-бір түнеді.

Әзіреті Қаратау
Әулиенің кені еді.
Өзен, сайын тастамай,
Бәріне бір-бір түнеді.
Әзіреті Ысқақ бап

Бабатада дер еді.
Ілгергі өткен қариядан
Айтылып қалған кеп еді.
Тарыққанда сарғайып,
Ойына бір сөз келеді.
Ол уақытта Бабата
Томпайып жатқан жер еді.
Атбесік салып басына,
Қабырын бұлар түзеді.
Қалған малын сарып қып,
Бұған да үш күн түнеді.

Осымен өтті тоқсан күн,
Ешбірі аян бермеді.
Күдер үзіп бәрінен,
Онан да әрі жөнеді.
Бет алдына қараса,
Асусыз асқар бел еді.
Белге шыға келеді,
Белден арман қараса,
Жалтырап жатқан көл еді.
Көл жағалай қараса,
Суы тұнық айнадан,
Атылып, тасып қайнаған
Жылы бұлақ дер еді.
Басында бар қараған[1],
Моласы жоқ, тамы жоқ,
Төңірегі жалаңаш,
Жағалай біткен шеңгелі.
Шеңгеліне қараса,
Қарағашпен тең келді.
Көзінің жасы төгіліп,
Жылап-еңіреп, егіліп,
Арасында шеңгелдің
Ботадай боздап келеді.

Сол уақыттар болғанда
Топ қараған қасынан,
Бір шеңгелдің басынан
Иіліп келіп бір шыбық
Маңдайынан тіреді.
Жазайыншы дегенше,
Екі елі батып кіреді.
Қан шыққан жоқ онымен,

[1] Қараған — топырақ талғамайтын, құрғақшылыққа, суыққа төзімді, ұсақ гүлді, жемісі бұршақ тәрізді ағаш өсімдік.

«Керемет-ті екен» деп,
Ақылмен ойлап біледі.
Аналық атты бәйбіше
Жұлып алып жаулығын,
Әр шеңгелге іледі.
Жердегі тасты жинап ап,
Бір жерге бәрін үйеді.
Тас үстіне тас қойса,
Қиюына келеді.

Намазшам[1] еді, күн батты,
Құтпанның болды уақыты.
Намазын оқып, шам жағып,
Бұрынғы қылды әдетті.
Бір етегін төсеніп,
Аяқтарын көсіліп,
Бір етегін жамылып,
Көзінен жас ағылып,
Құбылаға бас беріп,
Жарыса түсіп бұл жатты.
Көздері мызғып, ұйқыға
Бейбақтар қылды ретті.
Әне-міне дегенше,
Сарғайып келіп таң атты.
Сол уақыттар болғанда
Көк есегі астында,
Ақ сәлдесі басында,
Сырлы аса қолында,
Өзі Ақтың жолында
Бір диуана келді де,
Асамен түртіп оятты.
Көкірегін оятып,
Бетіне бетін қаратып,
Есектен түспей, тіл қатты:

«Ей, бейшара, мүгедек,
Жаныңызға не керек?
Дейсің ғой: «Маған ұл керек!»
Әулиені қыдырдың,
Жердің жүзін сыдырдың,
Маңдайыңа төбелеп.
Әрқайсысының әртүрлі
Мәртебесі бір бөлек.
Сен үшін бәрі қиналды,
Бір жерге тегіс жиналды.

[1] Намазшам /парсы/ -- кешкі намаз мезгілі, ақшам.

«Бір ұл бер деп осыған»,
Бір жаратқан Құдайдың
Дәргейіне[1] жылады.
Мен де тұрдым ішінде,
Әулиенің күші де
Жаратушы жалғыз Ақ[2]
Дәргейіне ұнады.
Ұнағанын сонан біл,
Бір қыз қосып сыйлады.

Сексен сегіз сәруар,
Тоқсан тоғыз мың машайық[3],
Бәрінің көңілін қимады.
Менің атым — Шашты Әзіз,
Қыламын десең ықылас.
Жарылқады Жаратқан,
Ей, бейшара, көзіңді аш.
Ұлыңның аты — Алпамыс,
Қызыңның аты — Қарлығаш.
Атса, мылтық өтпейді,
Шапса, қылыш кеспейді,
Қалмақтармен болар қас.
Түрегел де қолың жай,
Болады ұзын өмір жас!»

Мұны көріп, екеуі
Түрегелді орнынан.
Аяғына бас ұрып,
Иіскеді қолынан.
Жыртып алды тұмарлық
Диуананың тонынан.
Сол уақытта диуана
Ғайып болды қолынан.
Биттей де нышан қалған жоқ
Диуананың бойынан.
Диуананың бұл сөзі
Кетпеді шығып ойынан.
Ойланды елге бармаққа,
Елінен хабар алмаққа,
Арылып жазған сорынан.

Бұл сырды көңілі байқады,
Іштің кірі тарқады.

[1] Дәргей /парсы/ — қоластық, құзыры, билігі.
[2] Ақ — «Алла», «Құдай» мәніндегі сөз.
[3] Машайық /көне/ — ақылды, абыз адам.

Бәйбіше қайта түрленіп,
Мойнына салды алқаны.
Байбөрі жүр қолайлап,
Атайын деп «сақаны».
Жататын көрпе-төсек жоқ,
Болмаса киген шапаны.

Шапанын салды жатпаққа,
Бір қызыққа батпаққа.
Алты ай көрген бейнеті
Бір сағатта қайтпаққа.
Байбөрі жүр қуанып,
Бірдеңкесін атпаққа.

Бай-бәйбіше ұйықтамай,
Сол күні жатып, түн қатты.
Біріне-бірі қол артып,
Жарыса түсіп бұл жатты.
Бірдеңкесін байекең
Жатысымен бір атты.
Ендігісін айтпайық,
Есіткен жұрттан ұят-ты.

Бай-бәйбіше қуанып,
Қапалы кеулі жұбанып,
Елге қойды қадамды,
Бергесін Алла хабарды.
Жаяулық пен жалғыздық
Жалғанда үлкен жаман-ды.
Неше күндей жол жүріп,
Азғана емес, мол жүріп,
Ойғызды тасқа табанды.
Өткен күнді кім санайд,
Өткізді талай заманды.
Бәйбіше келед алаңдап,
Жас бөрідей жаландап,
Жерігі қанбай сандалды.
Қатып-семіп келеді,
Ешбір тағам жемеді,
Сүзектен жерік жаман-ды.
Байға айтты: «Ер едің,
Ерім, сенен тіледім,
Тойғанымша жер едім,
Тауып берсең қабыланды.

Адалды көңілім қаламай,
Қалайды көңілім арамды.

Не болса ауқат қылуға,
Амалын жүрмін таба алмай.
Жүрегіме ас батпай,
Неғыларым біле алмай,
Өлейін десем, өле алмай,
Өз жанымды қия алмай,
Қазы менен қартаңа
Келеді көңілім қарамай».
Байбөрі сонда сөйледі:
«Рас па сөзің, алғаным?
Алаша төсек салғаным.
Алла Тағала жар болса,
Қара мылтық бар болса,
Беремін атып табанда-ай.
Соңымнан еріп жүр жылдам,
Болмайды қабылан далада-ай».

Мұны естіп бәйбіше,
Қуанды көңілі баладай.
Осыны айтып Байбөрі,
Оқшантайын[1] байланып,
Мойнына мылтық салады-ай.
Базбір жерде жүгіріп,
Базбір жерде кідіріп,
Жүгіре басып барады-ай.
Арт жағында бәйбіше
Келе жатыр анадай.
Шіркін, аңның қызығы,
Біріне-бірі қарамай,
Жетіп келді жүгіріп
Жеті қабат аралға-ай.

Атып тастап келеді
Бұғы мен марал, елікті.
Көрінгенін жібермейд
Құлан менен киікті.
Ешбіреуін жемейді,
Бәйбіше баспай жерікті.
Аузына салса, құсады,
Мейіз бенен өрікті.
Сол уақытта екеуі
Бір қалыңға еніпті.
Екі көзі табақтай,
Саптыаяқты[2] қабақтай

[1] Оқшантай — былғарыдан тігіліп, белдікке тағып, оқ-дәрі, құрал салып жүретін қалта; кісе.
[2] Саптыаяқ — ағаштан шауып жасалған ыдыс.

Бір қабылан көріпті.
Бір ағашты паналап,
Өкпенің тұсын сығалап,
Сыбаға оғын беріпті.
Тарс еткенде, шарт етіп,
Дәлдеген жерден тиіпті.
Ажалдың оғы тиген соң,
Тырп етпей қабылан өліпті.
Арсалақтап жүгіріп,
Асығыста сүрініп,
Кеудесіне мініпті.
Құскездігін суырып,
Кеудесінен тіліпті.
Өкпеден алып суырып,
Жүрегін кесіп беріпті.
Отқа салып бауырын,
Ішіндегі тәуірін
Азуға салып жұлыпты.
Шала-пұла пісіріп,
Мосыдан[1] алып түсіріп,
Қоң етін кесіп беріпті.
Әрқайсысынан бір асап,
Бәйбіше басты жерікті.
Тамақтың қалай қуаты,
Болса да мейлі ұяты,
Қыздағы нұры кіріпті.
Екі беті албырап,
Жас қалпына келіпті.
Көңілі тасып, жөн ұрып,
Байбөріге қосылып,
Езу тартып күліпті.
Мұны көріп Байбөрі,
Ақылмен ойлап біліпті.
Текедей ойнап секірсе,
Шыбыштай[2] күйлеп тұрыпты.
Ұзын сөздің қысқасы,
Айтушылардың нұсқасы,
Әне-міне дегенше,
Діңкесі байдың құрыпты.
Етек-жеңін түрініп,
Қынай белін буынып,
Тәуекел деп, «Аллалап»,
Жолға мойнын бұрыпты.

[1] Мосы — ілгегіне шелек, шәугім іліп, тамақ пісіріп, шай қайнатуға арналған үш тағанды темір құрал.
[2] Шыбыш — бір мен екі жастың аралығындағы ұрғашы ешкі.

Топ ойнаған баладай
Бірін-бірі қуыпты.
Жеткізбейді бәйбіше
Ішіне салып уытты.
Еріккенде ермек қып,
Байекең белін суытты.
Жақындасып келгесін,
Елін аман көргесін,
Қайғының бәрін ұмытты.

Барса, елдер дін аман,
Малы шықты қорадан.
Күңіреніп қоңырат,
Жүгіре шықты алдынан.
Есіткен халық қалмады
Ханы менен қарадан.
Қыз-бозбала, жас-кәрі
Қалмапты ешкім қаладан.
Кеше кетті десе де,
Өтіпті он ай арадан.
Ханы айтты: «Байеке,
Көрдіңіз не сыр баладан?»
Байбөрі бай жылады,
Көргенін айтып даладан.
Әйелге әйел сыр айтып,
«Жақсылық, — дейді, — Алладан».
Мұны естіп қуанып,
Қайтып кетті ханы да,
Бұйымын алып қалаған.
Әр жерден халқы келді де,
«Құтты болсын!» — деді де,
Құрсақ шашу жеді де,
Қайтадан халқы тараған.

Бәйбіше енді түрленді,
Ту биедей бұлықсып.
Күннен-күнге төлежіп[1],
Келіншектей қылықсып.
«Сенің мұның болмайд, — деп, —
Сірә да мейірім қанбайд», — деп,
Жанжалдасады ұрысып.
Онымен кетпейді,
Азанда тұрад шытынап.
Ішінде бала тыпырлап,
Жата алмайды ыңырсып.

[1] Төлежу — жас сәбидің өсуі, есеюі.

Тоғыз ай, он күн біткенше
Шыдады кемпір тырысып.

Тоғыз ай, он күн біткесін,
Туатын мезгіл жеткесін,
Бәйбіше бір күн толғатты,
Толғата барып оң жатты.
Құрып қалған бұлақтың
Жылғасынан су ақты.
Әмірімен Алланың
Арыстай қылып ұл тапты.
Өзге әйелдей болмады,
Денесі болды жинақты.
Қуанып байғұс кеуілі,
«Болғай, — деп, — ұзақ өмірі».
Анаған берді бір атты,
Мынаған берді бір атты.
Арт жағы қызық той болып,
Сойғызды тоқсан құр атты.
Мұрындық, ноқта тимеген,
Түйешілер мінбеген
Тоқсан нарды құлатты.
Тоқсан үйдің ішіне
Тоқсан саба орнатты.
Арақ-шарап, бал құйып,
Ішкеннің бәрін сұлатты.
Байсынның қонып сазына,
Қыс емес, күннің жазына
Жердің жүзін шаңдатты.
Өз алдына сыйлады
Құда мен дос, жекжатты.
Арқасына жапты кеп
Иық ішік жанатты[1].
Бере-бере жазғанда
Дөнен мен бесті қалмапты.
Араласа жылқысын,
Құнан менен тай қапты.
Бәйбішемен сөйлесіп,
Халқыменен кеңесіп,
Қой беруді ұнатты.
Базбіреулер ешкі алып,
Базбіреулер қойды апты.
Бір алғаны екі алып,
Ойламапты ұятты.
Базбіреулер қолдан ап,
Базбіреулер ұрлапты.

[1] Жанат — жанат терісінен тігілген бағалы сырткиім.

Бұл келген адам ішінен,
Үлкен менен кішіден
Демейді ешкім құр қапты.
Онымен тұрмапты,
Сүйінші сұрап түнімен
Бірін-бірі тонапты.
Екі жылы өткенсін,
Үшінші жылы жеткенсін,
Ай мен күндей қыз тапты.
Құдіреті күшті бір Алла
Жылатып жүріп жұбатты.

Келді халқы қуанып,
Бір жерге бәрі жиналып.
Оңайдан берді жаратқан,
Тапқан жоқ бірін қиналып.
Қайтадан келіп су ақты,
Көл еді қалған суалып.
Әркімді Алла қуантқай,
Арт жағы қалмай қуарып.
Алпамыс деп ат қойды,
Халыққа мәшһүр шығарып.
Қызының аты — Қарлығаш,
Аш белге түскен сүмбіл шаш.
Енді бұлар ер жетсін,
Қояйын біраз доғарып.

Әлқисса, шекті деген елінде Сарыбай деген бай бар еді, онда да перзент жоқ еді. Байбөрімен екеуі сөйлескенде, арман қылар еді: «Біреуіміздің ұл, біреуіміздің қыз туса, екеуіміз құда болсақ, қыз бен баланы кемеліне келтіріп, екеуін қосып, бұл дүниеден өтсек, арманымыз қалмас еді-ау», — деп жылайтын еді.

Сол уақытта Сарыбайдың қатыны бір қыз туып, оның атын Гүлбаршын қойды. Екі бай бірінен-бірі сүйінші сұратып, құда болды. Құйрық жеп, бетке ұн жағу — солардан қалды. Ірге басып, қалыңдық ойнау — осылардан қалды. Сонымен, Алпамыс бір жыл қалыңдық ойнады.

Сол кезде, күндерде бір күн Сарыбай ойланды: «Менің күйеуім Алпамыс жалғыз болды, егер жазатайым өліп кетсе, қызым Ұлтан құлға қор болар, қызымды бермей, жер ауып көшейін», — деп ойланып, шекті деген елмен тегіс көшіп кетті.

Сол уақытта Алпамыс он жасқа толып, Жиделі Байсын жеріне, қалың қоңырат еліне бек болып, жұрт сұрап тұрды[1]. Ойнап жүріп ұрған баласы өліп қала беретін болды. Жұрт баласын далаға шығармай, үйінде сақтады.

Бір күні Алпамыс ойнауға бала таба алмай, жаландап келе жатып, өрмек құрып отырған бір кемпірдің қасында ұйықтап жатқан баланы көріп:

[1] Жұрт сұрап тұрды —«ел билеп тұрды», «айтқанын істетті» деген мағынада.

«Ей, бала, тұр ойнаймыз», — деп түртіп қалса, бала түрткенін көтере алмай, өліп қалды. Сонда кемпір өрмегінен түрегеп, Алпамысқа қарап айтқан сөзі еді:

«Далада мен отырмын құрып өрмек,
Жалғызды қасымдағы қылып ермек.
Баламды жалғыз менің өлтіргенше,
Алсайшы Гүлбаршынды, қу жүгермек.
Бекерге жұрт баласын қырып жүрсің,
Ойыңа келгеніңді қылып жүрсің.
Сарыбай қызын бермей, кетті қашып,
Несіне ойын ойнап, күліп жүрсің?!»

Естіген соң бұл сөзді,
Алпамыс берен[1] тұрады.
Сұңқардай мойнын бұрады:
«Түсінбедім, шешежан,
Қайтадан айт», — деп сұрады.

Сонда кемпір сөйледі:
«Атадан жалғыз туғансың,
Туғаннан белің буғансың.
Сайыпқыран ер болып,
Қанменен қолың жуғансың,
Талай бала қырғансың.

Шекті деген елінде
Сарыбай деген бай еді.
Жалғыз қызы Гүлбаршын
Он бесте туған ай еді.
Жасыңнан саған айттырған
Гүлбаршын сұлу жар еді.

Сарыбай бір күн ойлады,
Алғыр құстай бойлады:
«Жалғыз қызым бермейін,
Артынан бала тумады.
Алпамыс қыран өледі,
Артында жоқ көмегі.
Алпамыс батыр өлгенсін,
Құлға қызым тиеді.
Құлға қызым тигенсін,
Қандай қорлық көреді».
Осыны ойлап Сарыбай
Бөліне көшіп жөнеді.
Күшің болса, барсаңшы,

[1] Берен — өжет, мықты.

Жесіріңді алсаңшы.
Намысыңды ойламай,
Қай жерден күлкің келеді?»
Есіткенсін бұл сөзді,
Алпамыс батыр қамықты.
Жаман екен жалғыздық,
Інісі жоқ боп, тарықты.
Ортекедей секіріп,
«Жалғызбын», — деп өкіріп,
Аулына қарай салыпты.
Аузын ашты келді де,
Жұдырықпен бір ұрып,
Қырық кез болат сандықты.

Саймандарын сайланып,
Алтыннан кемер байланып,
Жылқыға қарай жөнеді,
Мінейін деп шонықты[1].
Ұстай алмай ешбірін
Баланың көңілі торықты.
Өстіп жылап тұрғанда,
Ошақтай бар жауыры,
Тартылып қалған бауыры,
Жал-құйрықтан дымы жоқ,
Шабатұғын күйі жоқ,
Заты арық демесең,
Сұлулықтан міні жоқ,
Құнан тісін тастаған
Шұбар дөнен жолықты.

Ұстай алмай ешбірін,
Ер Алпамыс жылады,
Қайғымен көзін бұлады.
Баяғы көрген Байшұбар
«Мені ұста», — деп жануар
Көлденең тартып тұрады.
«Мінбеймін», — деп Алпамыс
Жүгенмен басқа ұрады.
«Жүгенде, — деп, — басымды»,
Жүгенге мойнын бұрады.

Ашуланып Алпамыс,
Жүгенімен басқаа ұрды.
Елемеді оны да,
Қарсы алдынан тақ тұрды.
Ашуланып Алпамыс,

[1] Шонық /жергілікті/ — жақсы ат, тұлпар.

Құйрықтан алып лақтырды.
Жығылмады онымен,
Тақыр жерге тақ тұрды.
Сол уақытта Алпамыс
Қарадан шыққан төре еді,
Не салсаңыз да көнеді.
Шұбар атты абайлап,
Ақылмен ойлап біледі.
Ұстайын деп жақындап,
Қасына таман келеді.
Мойынсұнып жануар,
Жүгенге басын береді.

Сол уақытта Шұбар ат
Төрт аяғы тең болат.
«Дұшпан ұстап алар», — деп,
«Өкіммен құрық салар», — деп,
Жасырып бойын жүр еді.
Жүгендеп басын алғанда,
Үстіне ер салғанда,
Сегіз жасар ат болды.
Дөнен мен бесті бір еді.

Арқа-басын сипалап,
Шұбарды бала ұстады.
Ашуы жаман қыстады,
Үйіне де келмеді,
«Мен кетемін», — демеді.
Жалғыз бауыры — Қарлығаш
Кетерін де білмеді.
Саймандарын сайланып,
Алтыннан кемер байланып,
Абжыландай толғанып,
Қызыл найза қолға алып,
Шұбарға қарғып мінеді.
Құдайдан медет тіледі.
Қарғып мініп жас бала,
Ашуы кернеп, жөнеді.

Ләшкер тартып келеді.
Ауыздықпен алысып,
Ұшқан құспен жарысып,
Кей жерде бала шоқытып,
Кей жерде басын төгеді.
Бір күн шапса Шұбар ат
Айлық жер алып береді.
Осыменен ұдайы

Он екі күн жүреді.
Айналдырып санаса,
Он екі айлық жер еді.
Бет алдында төбе бар,
Төбеге шыға келеді.

Олай-былай қарады,
Сұңқардай көзін салады.
Қарай-қарай баланың
Екі көзі талады.
Астындағы Шұбар ат
Сүмбідей болып жарады.

Бет алдына қараса,
Будақ-будақ шаң көрді,
«Бұл қалай?» — деп таң көрді.
Шаң астына қараса,
Айшықты ала ту көрді.
Ту астына қараса,
Жер қайысқан қол көрді.

Қол артына қараса,
Ақ шатыр мен көк шатыр,
Баратын тура жол жатыр.
Аяғының астында,
Тақтай тастың бетінде
Жазылған таста хат жатыр.
Хатқа бала қараса,
Іші толған тамаша.
Талай-талай кеп жатыр.
Түсінбеген түсінсін,
Болмаған бұрын сөз жатыр.

Қалмақтарда бар екен
Қараман деген бір батыр.
Әрқайсысы бір мыңнан,
Қызметінде көп батыр.
Он қарадан бір қара
Зекеттеп алып, жеп жатыр.
«Гүлбаршын сұлу шонықты[1]
Бересің маған», — деп жатыр.
Көкпарын шауып күніге,
Қызойнағын[2] қып жатыр.
Гүлбаршын тұр көнбестен,

[1] Шонық /жергілікті сөз/ — жақсы ат, тұлпар.
[2] Қызойнақ /этног./ — қыз-жігіттердің ойын-сауық кеші.

Қызойнағын көрместен.
Сарыбай тұр жалғызын
Қалмаққа ұстап берместен.
Арасы да бұлардың
Олқы-толқы боп жатыр.

Семізін таңдап жегенсін,
Өзіне кезек келгесін,
Бір күндері Гүлбаршын
Көңілін қайғы басады,
Үйінен түнде қашады.
Ата-анаға көрінбей,
Еш адамға білінбей,
Кетуіне ерінбей,
Талай қырдан асады.
Енді таудан өте алмай,
Жиделіге жете алмай,
Жалғыз өзі кете алмай,
Қатты жаман сасады.
«Осы жолмен жүрсе, — деп, —
Алпамыс жалғыз келсе, — деп, —
Жалғыз хатты көрсе», — деп,
Тасқа қалам басады.
«Алпамыс» деп ат жазып,
Өзінің атын қосады.
«Көрген күнім осы», — деп,
Көзінің жасын шашады.

Әйелдің жолы жіңішке,
Жұмысы кетті теріске.
Тағы да қайтып кетеді,
Түніменен жүгіріп,
Қыз үйіне жетеді.
Құдіреті күшті Құдайым
Жарылқаса не етеді?!
Қыз үйіне кіргенше,
Алпамыс хатты көргенше,
Арасында бұлардың
Екі-ақ сағат өтеді.

Ауғаннан соң елінен,
Шалқыған шалқар көлінен,
Жерінен ауған жеке оңбас,
Гүлбаршын қызын ап қашып,
Алпамыс қыран теңінен.
Қараманға кез болып,
Тапқандай болды пейілінен.
«Аруақ мені ұрды», — деп,

Кетпейді осы көңілінен.
Қараманға қараса,
Түсі де суық темірден.
Қайратына мас болып,
Тізесін шайнап кемірген.
«Қорықса, қызын берсін, — деп,
Зорлығыма көнсін», — деп,
Жеп жатыр малын семірген.

Үш мәртебе оқыды,
Әр сөзін ішке тоқыды.
Сөз осы хатта көрінген.
Көрді оқып жас бала,
Қайратқа сенген мас бала.
Өз айтқаны болмаса,
Көнбейтін бұл масқара.

Ойланды енді бармаққа,
Сол елден хабар алмаққа.
Қазақ болса, қайрылып,
Әңгімеге қанбаққа.
Қалмақ болса зарада,
Ойлады қырғын салмаққа.
Рас болса хат сөзі,
Ойланды өліп қалмаққа.

Осыны бала ойланып,
Алғыр құстай бойланып,
Қызыл найза қолға алып,
Абжыландай толғанып,
Шұбардың басын түзеді,
Қолтығын Шұбар сөгеді.
Ерігіп жүрген жануар
Төгіле басып жөнеді.
Әне-міне дегенше,
Қолтықтан тері келгенше,
Қазақ пенен қалмақтың
Арасына келеді.
Ұйып жатқан қалмақты
Көзіменен көреді.
Жердің жүзі қайысқан,
Есепсіз қалмақ көп еді.
«Бұл қалай?» — деп сұрауға,
Жолығып ешкім келмеді.

«Рас екен өзі, — деп,
Тасқа жазған сөзі», — деп,

Қыз сөзіне сенеді.
Буырқанып, бұрсанып,
Мұздай темір құрсанып,
Ашуы қысты денені.
Айдаһардың тіліндей,
Салса кеткен білінбей,
Қынабынан суырып,
Қолына алды беренді.
«Ат қойып жалғыз барсам, — деп, —
Жазым болып қалсам», — деп,
Артында көмек жоқтығы
Ойына ердің келеді.
Ата-анасын ойланып,
Жалғыздық түсіп басына,
Көзінің жасын төгеді.

Жад қылып, жылап ер енді,
Сондағы айтқан сөзі еді:
«Жад қылып әуел Алланы,
Тапсырдым Шұбар аланы.
Жалғыз бауырым Қарлығаш,
Тапсырдым, Алла, өзіңе,
Артымда жалғыз қараны.
Көретұғын күн қайда,
Ата менен ананы?
Жердің жүзі қайысқан
Қалмақтың түрі жаман-ды.
Иірген қойдай қораға
Қазақты қалмақ қамады.
Жалғыз өзім шырқырап,
Бұзамын қайтіп қамалды?!
Он қарадан бір қара
Салып тұр бетке жараны.
Қайда барып төгемін
Ішімдегі сәнаны[1]?!

«Қыз, — деген, — ердің олжасы,
Әлі жеткен алады».
Бұрынғыдан соңғыға
Қалған өрнек болады.
Жүз жиырма төрт мың пайғамбар,
Бәріңе жылап қылам зар.
Мәдинеде Мұхаммед,
Әбубәкір, Оспан,
Әлі шері —арыстан,

[1] Сәна /араб/ — мұң-қайғы, зар.

Тақсырлар, көрсет панаңды!
Ғайып ерен Қырық шілтен[1]
Қауыс-қияс жанабы —
Бұларды тегіс санады.
Әрқайсысын бір айтып,
Көзінің жасы тарады.
«Түркістанда Құл Қожа Ахмет,
Самарқанда палуан Ахмет,
Бабайтүкті шашты Әзіз,
Қолыңа ал берген баланды!»

Осыны айтып болды да,
Шыдамады долдыққа.
«Көнбеймін, —деп, — қорлыққа,
Кім шыдайд, — деп, — зорлыққа?»
«Алатаулап» айқайлап,
Шетінен келіп тиеді.
«Алатаулап» ат қоймақ —
Орта жүздің ұраны.
Алпамыс айтқан кеп еді,
Сол уақта Гүлбаршын
Үйіне жаңа кеп еді.
Әкесі мен шешесі:
«Қайдан келдің?» — деп еді.
Күркіреген күндей боп,
Алыстан келген тілдей боп,
Алпамыстың айқайы
Құлағына келеді.
«Кепті ғой», — деп Гүлбаршын
Көзінің жасын төгеді.
«Тілегіңді берді, — деп, —
Алпамысың келді», — деп,
Әкесі мен шешесі
Бетінен келіп өбеді.

Енді Алпамыс бақырып,
«Алатау» ұран шақырып,
Қалмаққа жалғыз тиеді.
Қойға шапқан бөрідей
Талқандап қуып бөледі.
Алтын сапты ақ берен
Деммен тартып тиеді.
Кейбірінің кесіп кәлласын[2],
Кейбіреуін тіледі.

[1] Ғайып ерен қырық шілтен [шілтен /парсы / — қырық дене] — мұсылмандарды жебеп, қолдап жүретін көзге көрінбейтін Қызыр атаның жолдастары.
2 Кәлла /парсы / — бас.

Қалмақтар атқан қалың оқ
Жаңбырдай болып тиеді.
Еті түгіл баланың
Терісіне кірмеді.
Ғайып ерен Қырық шілтен
Баланы қолдап, демеді.
Жанып тұрған жалындай,
Құбылып тұрған сағымдай
Шабылып Шұбар терледі,
Терлеген сайын өрледі.
Ана шетте бір көреді,
Мына шетте бір көреді.
Жүрді бала сонымен
Ерлердің салған жолымен.
Ауып келген халайық,
Мұнан да хабар алайық.
Шекті деген ел еді,
Алты шекті арғынның
Дем алатын белі еді.
«Ә» дегенде, «мә» дейтін
Ішінде ерлер көп еді.
Қаншама батыр болса да,
Қалмаққа әлі келмеді.
Қорқыныш кетіп, қазақтар,
Соңынан бәрі ереді.
Тышқан алған мысықтай,
Тамашасын көреді.
Әр жерден сүйреп өлігін,
Бір жерге бәрін үйеді.
Лампа май құйып, отқа өртеп,
Жынды адамдай күледі.
Тізеден Шұбар қан кешіп,
Шапылдап шауып жүреді.

Сол уақытта бір қалмақ
Барды қашып ханына.
Найза тиіп қоң еттен,
Өлмейтін қылған санына.
Жер-жаһанды ыластап,
Судай ағып қаны да.
Етпетінен жығылды,
Ханның барып алдына:
«Ей, Қараман, Қараман,
Әкім болдың жасыңнан
Айдай әлем қараған.
Шұбар атты бір бәле
Кепті бүгін даладан.
Әскердің бәрі қырылды

Сол келген жалғыз баладан.
Келбетіне қарадым,
Қалмайды мұнан жан аман.

Біле алмадым мәнісін,
Ірі көрдім жұмысын.
Айтайын сізге қылысын,
Әскердің бәрін қырысын.
Жапырып барад жалындай,
Баланың түрі құрысын.
Шапқанын ешкім көрмейді,
Өлгенін ешкім білмейді,
Сілтегенде қылышын.
Жаралы болып санымнан,
Бітіп тұр менің тынысым.
Гүлбаршынды алам деп,
Сенің де пісті «күрішің».

Білмедім өзі —қалмақ па,
Қалмақ емес, қазақ па?
Егер де қазақ болмаса,
Қалмаққа келген ғазап па?!
Бұған өзің бармасаң,
Қаласың ақыр ұятқа.
Жасырынған сайменен,
Көк алалы тайменен
Бар екен бәле бұл жақта.
Халықтың бәрін қырдырып,
Жатасың ба жырақта?

Сұлуды алма ойыңа,
Бермейді сенің қолыңа.
Жанып тұрған бір жалын
Келіпті бүгін сорыңа».
Мұны естіп Қараман,
Ашуланып, долданып,
Жіберді тұлпар қара атқа.
Тағы да біреу шаптырды
Сауыт-сайман, жарақка.
Ашуы қысып, дірілдеп,
Қоспақ нардай күрілдеп,
Қарайды қалмақ жан-жаққа.
Ақырын Құдай оңдағай,
Күллі әулие қолдағай,
Қиын болды бейбаққа.

Ашуланып Қараман,
Мінеді тұлпар қарасын.

Ер-тоқымын саймандап,
Басынан алды дорбасын.
«Қырайын, — деп ойлады, —
Қазақтың күллі баласын».
Жанына байлап қылышын,
Қолына алды найзасын.
Сәскелік жерден шаншады,
Таптырмайды айласын.
«Осы бүгін қылайын,
Көрінсе қазақ қырайын.
Бұл күшімнің көремін
Қай уақытта пайдасын?»

Басына қалқан төңкеріп,
Сауытын алды киініп.
Саймандарын сайланып,
Әбден алды түйініп.
Лашын құстай шүйіліп,
Қабағы тастай түйіліп,
Жауатұғын бұлттай
Келе жатыр қалмақ құбылып.
Келе жатса жолында
Қалмақтардың өлігі
Өртеніп жатыр үйіліп.
Долдыққа сыймай Қараман,
Тістеніп келед кіжініп.
«Қай жақта, — деп, — қазақтар?»
Қарайды қалмақ үңіліп.
Әр төбеге шығады,
Қылышын алып суырып.
Айбатпенен айқайлап,
Жердің жүзін қуырып.
Мұны көріп Гүлбаршын,
Жанынан кетті түңіліп.
Қысылып, зарлап тарықты,
Көзінің жасы төгіліп.
Гүлбаршын сұлу жылайды,
Көзінің жасын бұлайды.
Жад қылып жалғыз Жаппарды,
Баланың жанын сұрайды.
«Жеттім, — деп, — жалғыз, түбіңе,
Сұлулықтан таптым», — деп,
Жылай берді егіліп,
Қабырға кетті сөгіліп.
Сол уақытта Алпамыс
Шұбар атын сигізіп,
Тұр еді келіп кідіріп.

Туған айдай жалтырап,
Көзіне қалды көрініп.
Батырды көріп Гүлбаршын,
Тұра алмады ерініп.
Неше алуан киініп,
Қасы, көзі қиылып,
Алпамыстың қасына
Жетіп келді жүгіріп.

Сол уақытта Алпамыс
Қызға назар салмады,
Сәлем берсе, алмады.
Қалмақты көріп, құнтиып,
Ұрыспағын қамдады.
«Менсінбей батыр тұр ма?» — деп,
Қарары қыздың қалмады.

Көзінің жасы көл болып,
Келді де сұлу зарлады:
«Айналайын қарағым,
Құтты болсын талабың.
Алла Тағала жар болып,
Оңынан тұрсын самалың.
Сен өлсең, егер, мен күйдім,
Жазым боп тайса табаның.
Келеді қалмақ күркіреп,
Айтқалы келдім хабарын.
Тайлы бие, тоғыз қой
Жеп шықты жаңа тамағын.
Өлуі қиын қалмақтың
Бермесе Алла амалын.
Тілімді алсаң, қаш енді,
Болады қандай заманың?»

Сонда Алпамыс сөйледі:
«Ашыса жаның, Гүлбаршын,
Жолама менің қасыма.
Нелер келіп, не кетпес
Ер жігіттің басына.
Сонша жерден келгенсін,
Ар қылмай ерлер қаша ма?!
Жалғыздың жаны бір Құдай,
Біреуден біреу саса ма?!
Әйелдік қылмай, қайт жылдам,
Еркекті әйел баса ма?!
Пешенеге жазылсаң,
Бұйрықсызға қоса ма?!

Үйіңе бар да, жата бер,
Сабырсызға ұқсама!»

Мұны естіп Гүлбаршын,
Кетті қайтып қуанып.
Бала да болса, баланың
Айтқанына жұбанып.
Кішігірім таудай боп,
Келеді қалмақ қуарып.
Күлді: «Қазақ қайда, — деп, —
Шұбар атты бала?» — деп.
Айқайлап даусын шығарып.

Қараманды көрген соң,
Жақындасып келген соң,
Сонда Алпамыс сөйледі:
«Жаратқан Жаппар Құдайым,
Дәргейіңе жылайын.
Қашпағым менің ар шығар,
Өлсем де қарсы тұрайын.

Қабырғам болса қатқан жоқ,
«Барма», —деп атам айтқан жоқ,
Енді қандай қыламын?»
Осыны айтып болғанша,
Шұбарды кейін бұрғанша,
Айтып ауыз жиғанша,
Қарап көзін тыйғанша,
Жетіп келді Қараман
Алпамыстың қасына.
Қолындағы күрзімен[1]
Кетті салып басына.
Осы ұрған күрзіге
Құлар еді шапқанда
Қойқаптың тауы, тасы да.
Атының жалы сел болды
Көзінің аққан жасына.
Ұстайтын еді Қараман
Сәл тұрғанда қасында.
Қарғып кетті Шұбар ат,
Шыдай алмай астында.
Үстінде бала бар еді,
Келмеді әлі басына.

Ап қашты Шұбар баланы
Құла дүз, мидай далаға.

[1] Күрзі /парсы / — шоқпардың бір түрі.

Қараман қамшы басты енді
Астында шұбар алаға.
Енді қалмақ бір жетсе,
Мұнан да адам қала ма?!
Бала жылап барады
Жаратқан жалғыз Аллаға.
Жалынады жас бала
Астында Шұбар алаға:
«Айналайын Шұбар ат,
Қолтығыңда бар қанат.
Тастап кетпе апарып,
Адам көрмес салаға.
Өлігімді тастамай,
Аман-есен алып бар
Атам менен анама!
Мүйіз шықпас басыңа,
Иең жоқ өзің барғанда.
Барғаныңда не дейсің,
Жиделі Байсын қалаға?!
Мұны естіп Қараман,
Салып кетті қамшымен
Қара тұлпар санына.
Қамшы үстіне қамшы ұрды,
«Бір жетсем, — деп, — балаға».

Ашуланып Қараман,
Тұлпарды ұрды сауырлап.
«Жетпедің, — деп, — Шұбарға»,
Ұра берді бауырлап.
Жамандатқыр қара ат
Келе ме деп, ауырлап.
Шабысында айып жоқ,
Келеді желдей дауылдап.

Жеткізбейді Шұбар ат
Атқан оқтай зырылдап.
Құйындай ұшып келеді,
Жал-құйрығы суылдап.
Үстінде бала барады
Бозторғайдай шырылдап.

Қаншама қамшы ұрса да,
Аяғын өрге баспады,
Шабысқа шабыс қоспады.
«Ауыр келе жатыр», — деп,
Сауыт-сайман, жарағын
Әр жерге қалмақ тастады.
Жеңілденіп алды да,

«Енді шап!» –деп қыстады.
Жарақтың бәрін тастатып,
Бір іске Құдай бастады.
Мұны біліп Шұбар ат,
Қиқаңдап ұзап қашпады.
Құдайдан қуат болғансын,
Бала да қорқып саспады.

Сол уақыттар болғанда,
Жарақтың бәрі қалғанда
Шұбарға тұлпар жетеді.
Қаруы жоқ қолында,
Жеткенмен қалмақ нетеді?!
Жеткізіп тұр әдейі,
Қоя берсең, Шұбар ат
Күндік жерге кетеді.
Жеткен жері тұлпардың
Абсиған апай бет[1] еді.
Қалт бергенде, жалт беріп,
Қараманды Алпамыс
Ұрып-ұрып кетеді.
Қаршығадай қайрылып,
Ителгідей сүзіліп,
Ұрып-ұрып өтеді.
Ұрған сайын Қараман
Қарақұстай қалбаңдап,
Қорбаң-қорбаң етеді.

Жақындасып, жанасып,
Тұлпар мен Шұбар жарысып,
Құйындатты Шұбарды
Басымен бала алысып.
Тістенеді Қараман
Қасқырдай жағы қарысып.
Бір арманы қалмақтың:
«Көрмедім, — дейді, — алысып».
Кетпесін деп арманда,
Өтіп кетті бір жерде,
Бір-бір қамшы салысып.

Қаршығадай қайрылып,
Қалмақты бала бір ұрды.
Жасқанайын дегенде,
Қолын ұрып сындырды.
Тағы да шапты қылышпен,
Оңбады қалмақ бұл істен.

[1] Абсиған апай бет — кең алқапты, төскейлі жер деген мағынада.



Алпамыс батыр.
Суретші К.Я. Баранов

Әне-міне дегенше,
Екі қолын тындырды.
Ұрыстан өзін тындырып,
Екі қолын сындырып,
Доңыздай қалмақ шыңғырды.

Енді бала құтырып,
Ителгідей жұтынып,
Жетіп келді ұмтылып.
Жағасынан ұстады,
Буындырып қалмақты,
Ат үстінен мұштады[1].
Бағана жеген құйрығын
Ә дегенде-ақ тастады.
Сүйте-сүйте Қараман
Кесектеп қанды құсады.

Ұстады бала жағадан,
Айырылды патша бағадан.
Қайта шапты Шұбар ат,
Шығарып көкпар қорадан.
«Қай жеңгені келер, — деп, —
Жеңгенге сұлу тиер», — деп,
Әр төбенің басында
Қазақ пен қалмақ қараған.
Құйындай шауып Шұбар ат
Өте шықты арадан.
Күлмеген адам қалмады,
Жеңілген соң баладан.
Гүлбаршынның алдына
Көкпар әкеп тастады,
Өңгеріп серке даладан.

Созылды даудың аяғы,
Өшігіскен қатындар
Жиналды түгел баяғы.
Өлтірмекке қалмақты
Алқымға пышақ таяды.
Сонда қалмақ қорықпайд,
Өлімнен жоқ хабары.
Өңкей әйел болғансын,
Қайтеді дейді қиялы.
Әйелдер болды жүректі,
Сыбанды екі білекті.
Зорлығын көрген қалмақтың

1 Мұштау /көне/ — жұдырықтау.

Берді деп Құдай тілекті.
Кәлласын[1] кеспей қатындар,
Қырықты барып теректі.
Көздеріне қан толып,
Ойламапты керекті.
Қыз алатын мырзаның
Кесіліпті таяғы.
Түбінен кескен көрінед
Айтуынша сияғы.
Жанды жерден жарылып,
Құрылдап қалмақ жөнелді,
Дүниенің болмай баяны.
Дәу ақымақ деген сол,
Қалғансын болды жарағы.
«Жауға барсаң, кесерді ал,
Дауға барсаң, шешенді ал!»
Жарақсыздың мәнісі
Кетеді өстіп аяғы.

Енді бала алшаңдап,
Қайраты тасып қалшылдап,
Қойға шапқан бөрідей
Жан-жағына ырсылдап,
Әлемді алды айбаты,
Қабыландай арсылдап.
Астында Шұбар ойнақтап,
Аузынан көбік былшылдап.
Омыраудан аққан тер
Бақайына тамшылап.
Мысалы үрген местей боп,
Ұсталар соққан пештей боп,
Денесі кетті тырсылдап.

Шұбар атын қаңтарып,
Қалмақтан кегін қайтарып,
Түсті барып бір жерге.
«Алпамыс күйеу келді, — деп, —
Қалмақтың бәрін жеңді», — деп,
Тартылды керней әр жерге.
Құданың қалай беруі
Мың ердің күшін бір ерге?!
Алпамыс қыран келмесе,
Көз жасын Құдай көрмесе,
Қорқыныш кіріп қазақтар,
Көз жеткен еді өлуге.

[1] Кәлла /парсы/ — бас.

Алтын кілем үстінде
Отырды толқып бұл ер де.
Хан қылып халқы көтерді
Есебі жоқ көп елге.
Қатындар ертіп жүгірді,
Отауға барып кірерге.
Қыздар да кетті қуанып,
Гүлбаршынды әкеп берерге.
Гүлбаршын сұлу жүгірді
Мырзаның түсін көрерге.
Лажын тапса аямай,
Құрбан ғып жанын берерге.
Жол тимеді арадан
Құшақтап келіп сүйерге.

Самаурынды қайнатып,
Дастарқанды жайнатып,
Қыздарменен шай келді.
Шырын, шекер, бал келді
Алтын леген үстінде.
Әртүрлі тағам ішінде
Қазы-қарта, жал келді.
Түрегеп күйеу, ізет қып,
Қыздарға төрден жай берді.
Гүлбаршын сұлу айдай боп,
Қысыр емген тайдай боп,
Оң жағына барды енді.
Ашық оты жағылып,
Абыройы жабылып,
Оң қолтыққа алды енді.
Неше түрлі қылықпен
Құйып отыр шайды енді.
Қыз-бозбала ойынын
Ортаға түгел салды енді.
Арасында бұлардың
Біраз мезгіл болды енді.
Ұйқы алып денесін
Қыздардың бәрі қалды енді.
Оятса да оянбай,
Сілесі қатып қалды енді.
Шымылдықтың ішіне,
Мамық төсек үстіне
Шайы көрпе жайды енді.
Аққудай болып байпаңдап,
Бәйге атындай қайқаңдап,
Төсекке күйеу барды енді.
Кермаралдай керіліп,

Басарына ерініп,
Құбылып сұлу жанды енді.
Назданып күйеу әзілмен:
«Қай жақта шіркін мал?» — деді.
Сұлу айтты қылмыңдап,
Неше түрлі жымыңдап:
«Керегің болса ал», — деді.
Осыны айтып болды да,
Қоян алған қырандай
Төсекке тартып алды енді.
Жібектей сұлу есіліп,
Екі аяғын көсіліп,
Сілейіп жатып қалды енді.
Мұнан басқа не шырын,
Тамаша қызық болды енді.
Жұмыстың бәрі кеңіді,
Ұят та болсаң бар енді.

Алпамыс батыр қалмақтарды көндіріп, келмегенін келтіріп, атасы Сарыбайды сол елге хан сайлады. Отыз күн ойын, қырық күн тойын қып, Гүлбаршынды өзі алды.

Бірнеше ай жатып, күндерде бір күн еліне қайтуды ойланып, қоштасуға халқын жинап алып, рұқсат сұрады. Ол елінде жақсылары ақылдасып, кеңесіп, қырық нарға зер артып, алтын отау жасап, Сарыбай қызы менен күйеуін шығарып салды. Бірнеше күн жол жүріп, азғана емес, мол жүріп, өзінің еліне келді.

Алпамыс батыр аман-есен еліне келсе, әкесі Байбөрінің жылқысын Тайшық хан деген қалмақ шауып әкетіпті. Онда Байбөрі «мал ашуы мен жан ашуы бір дегендей», тақат тұтып тұра алмай, баласы мен келініне қуанбай, келген дүниеге көңілі алданбай, ашуға шыдап тұра алмай, Алпамыстың алдынан шығып, Байбөрінің айтып тұрған сөзі еді.

Байбөрі сонда сөйледі:
«Тумай кеткір, Алпамыс,
Тұр, көрінбе көзіме,
Адам болып тимеді
Еш қайратың өзіме.
Тайшық алды жылқымды,
Құртып кетті мүлкімді.
Тұр алдымнан, кет», — деді,
«Кет» деген сөзі кекті еді.
«Тайшық алған жылқымның
Артынан қуып бар, — деді. —
Қалмақтан кегімді ал, — деді. —
Ала алмасаң кегімді —
Пенде боп сонда қал!» — деді.

Сонда Алпамыс сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
«Тайшық алған жылқының
Ал артынан кетейін.
Шаһимардан жар болса,
Артынан қуып жетейін.
Жете алмасам, жан ата,
Жылап жүріп өтейін.
Ата, сенің сөзіңді
Күніге естіп нетейін.

Атқа салдым терлікті,
Дұшпанға қылдым ерлікті.
Мен кеткесін, атажан,
Көрерсің құлдан қорлықты.
Атқа салдым пыстанды[1],
Мен кеткенсін, атажан,
Ақыры жерсің пұшманды[2]
Әке, сенің артыңнан
Бес байталдық бедірек құл
Аңдып жүрген дұшпан-ды».

Сол уақытта осы сөз
Қатты тиді өзіне.
Қажырланса Алпамыс,
Жан көрінбес көзіне.
Буырқанып, бұрсанып,
Мұздай темір құрсанып,
Алып келді Шұбарды,
Мойнына тағып тұмарды.
Бейсенбі күн бесінде
Тайшыққа қосын шығарды.

Алты айлыққа жүрмекке
Алпамыс берен ойлады.
Алтын бауыр Шұбардың
Басын жолға салады.
Тұлпар туған Шұбар ат
Сүмбідей[3] болып жарады.
Үйіне де түспеді,
Бір кесе сусын ішпеді.
Тайшық алған жылқының
Алпамыс атты жас қыран
Артынан қуып барады.

[1] Пыстан /ж / — терлік.
[2] Пұшман — өкініш, опық.
[3] Сүмбідей — «бабына келді», «жарады» деген мағынада.

Халқы жиналып келіп, Алпамыстың кететінін біліп:

— Ей, шырағым Алпамыс, жалғыздық Құдайға жарасқан, жалғыз өзің барма, еліңді жинап, көппен бар, — деді. Онда Алпамыс айтты:

— Жұртым, жалғыздың жары бір Құдай болсын, сіздер маған жандарың ашыса, көрсеткен көмектерің болсын, атам мен анамның қабағына қараңыздар, — деді. — Әйелімнің ішінде жеті айлық бала қалып барады, ұл туса, атын Жәдігер қойыңыздар, — деді.

Осыны айтып, Алпамыс батыр Тайшыққа қосын шығарған күні түнде жатып, қалмақтың ханы Тайшық түс көріп, түсінен шошынып, ел-жұртын жинап алып, өзі мұнараға шығып: «Түсімді жорыңдар!» — деп, халқына айтып тұрған сөзі еді.

Тайшық хан сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй дейді:
«Е, жарандар, жарандар,
Бәрің де бермен қараңдар!
Бүгін жатып түс көрдім,
Түсімде жаман іс көрдім.
Заманым менің қағынды,
Қағынбаса не қылды?!
Құрсаулы қара нар келіп,
Қарсы қарап шабынды.
Көзімнің жасы егілді,
Қабырғам менің сөгілді.
Басымдағы тәж, дәулет
Жерге барып төгілді.
Бір арыстан өзіме
Шабатұғын көрінді.
Талқан қып алды шәрімді[1],
Талауға салды барымды.
Екі бүйірін таянып,
Алатұғын көрінді
Қойнымда жатқан жарымды.
Қаланың аузын қан қылды,
Қақпамның аузын шаң қылды.
Айдарлымды құл қылды,
Тұлымдымды тұл қылды.
Солқылдаған мырзамды
Табанға салып жүн қылды.

Ауызына қарасам,
Сұлуды таңдап сүйгендей.
Келбетіне қарасам,
Қамқапты таңдап кигендей.
Қабағы қалың сол бала,

[1] Шәр, шаһар /парсы/ — қала.

Тіпті шұнақ қу бала
Шұбар ат мініп келеді.
Сол Шұбардың дүбірі
Құлағыма келеді.
Мен білмеймін тап сонан
Қандай адам өледі?!

Жылағанда көзіме
Қанды жасым тола ма?!
Тауға біткен бәйшешек
Қураса бір күн сола ма?!
Жиделі Байсын жерінен,
Қоңырат деген елінен
Алпамыс атты жас берен
Атқа мінген бола ма?!
Алдынан шығып, сол ердің,
Жылқысын берсем, ала ма?!
Жылқысының кегіне
Қызымды берсем бола ма?!
Ер баласы ер еді,
Кегін алмай қояр ма?»

Әлқисса, халқы жиналып айтты:

— Е, тақсыр, түс деген түлкінің боғы болады, қорықпаңыз, ешнәрсе етпейді, — деп жақсыға жорыды. Онда Тайшық хан айтты:

— Жоқ оларың болмайды, одан да ойласып, ақыл табыңдар, — деді.

Ешкім амал таба алмады.

Сол кезде жасы үш жүзге жеткен, ыстық ішкен, сұйық тышқан, көрінгенмен ұрысқан, қабағы қатып тырысқан, дамбалы бұтына қатқан, өзін туғаннан Құдай атқан, бір кез ширек бойы бар, адам таппас ойы бар, тізесіне шекпені жетпеген, басынан жаманшылық кетпеген, басы мүйіз, көті киіз бір мыстан кемпір келді. Ол айтты:

— Патша, сіз өзіңіз патша болсаңыз, сол сияқты дұшпанға жалғыз қызыңыз Қаракөзайымды беремін дегеніңқалай? — деді. —Самайынан ірің аққан, мұрнынан боқ аққан менің таз балам бар, соған қызыңды берсең, дұшпаныңды байлап әкеліп, аяғыңның астына салып беремін, — деді.

Оған патша: «Құп болады», — деп, қызын беретін болып, шарт жасады. Онда кемпір қырық отау, қырық құты арақ алды, ханның қызы Қаракөзайымды бас қылып, қырық қыз алды, қырық отауды Алпамыстың келетін жолына тіктіріп, қырық қыздың басына жаулық салып, қырық келіншек қылып, қырық құты арақты әрқайсысына беріп, мыстан Алпамыстың жолын тосып жата берді.

Бір уақыттар болғанда Алпамыс батырдың мыстанға келіп жолығуы:

Ел-жұртымен қоштасып,
Алпамыс батыр жөнеді.

Ләшкер[1] тартып келеді,
Ауыздықпен алысып,
Ұшқан құспен жарысып,
Астындағы тұлпардың
Ойынды еті бұлтылдап,
Құйындай шаңы бұрқылдап,
Құлақ салсаң, дыбысы
Тау суындай сыңқылдап,
Қолтығынан аққан тер
Тебінгіде сылпылдап.

Маядай мойнын созады,
Шу дегенде жануар
Ұшқан құстан озады.
Тарта-тарта баланың
Алақаны тозады.
Құланнан атты қодықты,
Көлден тартты борықты.
Арада неше қоныпты,
Жетемін деп зорықты —
Жете алмай бала торықты.
Талма түстің шағында,
Айдын көлдің бойында
Тосып тұрған көлденең
Мыстанға келіп жолықты.

Тілеуің құрғыр қу мыстан
Сонда тұрып жылайды,
Көзінің жасын бұлайды,
Бір топ біткен шеңгелге
Құшақтап тұрып аунайды.
Мұны көріп Алпамыс,
Кемпірден келіп сұрайды:
«Далада тұрған, жан шеше,
Мұнша неге жылайсың?
Айтпаймысың сырыңды,
Шығарайын мініңді.
Басын кесіп дұшпаннан,
Әперейін кегіңді.
Аман жүрсем табайын
Кеуілдегі кіріңді!
Жылай бермей, шыныңды айт,
Өлтіріп мен берейін
Дұшпандық қылған еліңді!»

[1] Ләшкер /парсы/ — әскер.

Сонда кемпір сөйледі:
«Күткенім, шырақ, сен едің,
Қамқорың сенің мен едім.
Жиделі Байсын жерінен,
Қоңырат деген елінен
Байбөрі деген бар еді,
Байбөрінің жылқысын
Тайшық хан алып жөнеді.
Қырық балам бар еді,
Қырқы да бірдей нар еді.
Алдынан шықты жылқының,
Таласқан соң малына,
Бәрін де Тайшық өлтірді.
Сол баланың шешесі
Мені «мыстан» дер еді.

Ашылған баудай гүл едім,
Сайраған қызыл тіл едім.
Кеше күндіз Құдайдан
Алпамыс, сені тіледім.
Келеді деп есітіп,
Жолыңды тосып тұр едім.

Айналайын қарағым,
Құтты болсын талабың.
Алла Тағала жар болып,
Оңыңнан тұрғай самалың.
Жеңгелерің қасында
Жатпаймысың, қарағым?»
Осы сөзбен қу кемпір
Алдап ұрды ақылын.
Сөзбенен бойын балқытты
Алпамыстай батырдың.
«Міне, сусын ішсең», — деп,
Алдап берді арағын.
«Мейіріңді қандыр, қарағым,
Бәрі менің қолымда.
Нұрдың қызы секілді
Қырық келінім жанымда.
Атың болса шалдырып,
Ұйқыңды әбден қандырып,
Жүрерсің ертең, шырағым.
Қаза намаз қаза-ды,
Тарттырар Құдай жазаны.
«Елім менің қайда? — деп, —
Ерімді менің сайла», — деп, —
Қырық келінім шуылдап,
Алады күнде мазамды».

Бұл сөзіне кемпірдің
Енді бала сенеді.
Көз жасына жылаған
Рақымы келеді.
Жылқысының келгенін
Ақылмен ойлап біледі.
«Кел, шеше, атқа мінгес», — деп,
Үзеңгісін береді.
Байшұбарға мінбекке
Дұшпан, зәлім, қу мыстан
Оңтайланып келеді.
Адамнан есті жануар
Қос аяқтап тебеді.

Сонда кемпір құлады,
Ұзынынан сұлады.
Жатып есін танады,
Бір мезгілдер болғанда,
Көтеріп басын алады.
Байшұбарды жамандап,
Алпамысқа қарады:
«Тауға біткен андызым,
Суға біткен жалбызым,
Жабыны жауға мінгендей,
Нешеу едің, жалғызым?
Бәлені жабы бастайды,
Жігіттің жолын ашпайды.
Ара күндік жол жүрмей,
Аяғынан ақсайды.
Әжетіңе жарамас,
Жау жеріне тастайды.
Жабыны мінсең оңай ма,
Айналайын қарағым,
Қазанат[1] мінсең болмай ма?
Қарағым, сенің жолыңда
Құрбандық болып өлейін.
Еркелігің қалмапты,
Алпамыс, саған не дейін?!
Астыңдағы Шұбардың
Басын кесіп тастай көр,
Қазанат тауып берейін.
Мұсылманға бас бала,
Қалмақтарға қас бала,
Сен бір байдың жалғызы,
Жаңа өспірім жас бала.

[1] Қазанат — ыстық-суыққа төзімді қазақы жылқының түрі.

Сырты түкті қу жабы
Қылады-ау бір күн масқара».
Долдыққа сыймай Алпамыс,
Денесін ашу қабады.
Ақ қанжарын суырып,
Заманасын қуырып,
Шұбарды басқа шабады.
Ғайып ерен Қырық шілтен
Қылышты қолдан қағады.
Тайып кетіп қылышы,
Қара жерді қабады.
Ат үстінен шіреніп,
Бір Алладан тіленіп,
Қылышын зорға алады.
Атаңа нәлет ит мыстан
Бұған да амал табады.

Алдына түсіп, бүкеңдеп,
Енді кемпір жүгірді,
Омыртқасы бүгілді.
Келе жатып сөйледі,
Сөйлегенде бүй дейді:
«Жау қайырып тұрақтар,
Астында Шұбар ойнақтар.
Жау мұқатып береді.
Алпамыс бала келеді,
Шықпаймысың далаға,
Шуылдаған шұнақ қар?!»
Ерлер мінер алаға,
Көңілім толды сәнаға.
Жаман-жақсы болса да,
Жазудан адам қала ма?
Өңкей сұлу шуылдап,
Жүгіре шықты далаға.
Шылауынан ұстады,
Жан-жағынан қамалап,
«Аттан түс!» — деп қыстады.

Көтеріп аттан алады,
Ақ кілемге салады.
Перизаттай қырық зайып
Көтеріп алып барады.
Көтеріп үйге кіргізді
Алпамыстай төренi.
Кезекпенен арағын
«Алдиярлап» береді.
Біреуі беріп кеткенсін,

Кезегі нәубет[1] жеткенсін,
Біреу және келеді.
Қасын қағып, ыржиып,
Езуін тартып күледі.
Жаңа өспірім жас бала
Күлгенін қызық көреді.
Біреуі асқан бірінен,
Мін табылмас түрінен.
Қыздар да қызыл гүл еді.
Қырық қақпалы қаладан,
Қала менен даладан,
Әр жерден сұлу кеп еді.
Ұзын да емес, қысқа емес,
Бойы да бірдей тең еді.
Жаңа шыққан он бірге,
Бір жылда туған төл еді.
Ханның қызы Қаракөз
Ішінде жүрген пері еді.
Заты адам десе де,
Көргендер пері дер еді.
Ақылменен аңғарып,
Ер екенін біледі.
Кемпірден көңіл суытып,
Ата-анасын ұмытып,
Балаға көңіл бөледі.
Зайылдық[2] кетіп көңілінен,
Ислам діні кіреді.
Жад қылып іштей Алланы,
Аман қыл деп баланы,
Шынымен Ақтан тіледі.
Айтайын деп: «Ішпе деп»,
Үш мәртебе келеді.
Айта алмады сонда да,
Аңдыған қыздар көп еді.
Сол уақыттар болғанда,
Алдияры толғанда,
Кіші бесін болғанда
Арақты ішіп болады.
Қырық қыздан ішіп қырық шиша,
Бала әбден тояды.
Сонда мыстан келеді,
Езуін тартып күледі:
«Іш, шырағым, іш», — деп,
Өзі де құйып береді.

[1] Нәубет /парсы / — ретті, жөні.
[2] Зайылдық /парсы / — әлсіздік, сенімсіздік.

Қапалайды «Шырақ», –деп,
Отауды келіп түреді.
Отауды келіп түргенде,
Көк даңғыл келіп үреді.

Бетіне самал тигесін,
Алпамыс бала құлады.
Бурадайын сақылдап,
Күліседі көп шайтан
Қылған ісін мақұлдап.
«Есіл бала, кеттің, — деп, —
Түбіңе өзің жеттің», — деп,
Ханның қызы Қаракөз
Бір шымшып кетті жақындап.
«Жолама бұған, шайтан, — деп, —
Патшаға бүйтсең, айтам», — деп,
Қыздарды қуып қасынан,
Алпамыстың басынан,
Қу мыстан тұрды тақылдап.

Тігілген қатар әр үйдің
Бірінен-бірі кемі жоқ,
Мінейтұғын міні жоқ,
Бәрі де бірдей болмаған,
Асыл бұйым орнаған.
Кіргендер қайтып шыға алмас,
Қызғалдақтай жайнаған.
Әрқайсысынан бір ұстап,
Көргеннің көзі тоймаған.
«Жан-жағына алақтап,
Жынды адамдай бойлаған
«Алпамыс берен келер, –деп,
Келсе, үйге кірер», –деп,
Басында кемпір ойлаған.

Бірі — қызыл, бірі — көк,
Жаңа піскен шиедей.
Көргеннің іші күйеді.
Отаудың бәрін жықтырып,
Алпамыстың үстіне
Қабаттап әкеп үйеді.

Бұрынғыдан келе атқан
Осылай еді ертегі.
Отаудың бәрін өртеді,
Бүлінсе патша бүлінді,
Кемпірдің несі кетеді.

«Бетке жалын тиер», –деп,
Қыздар да қашып кетеді.
«Патшаға да барам, –деп, –
Келінімді алам», – деп,
Сертіне кемпір жетеді.
Түтіні шықты аспанға,
Қарауылшы біледі.
Тасты деген қаладан
Әскер жетіп келеді.
Алпамыстың үстінен
Отын шашып көреді.
Күрекпенен шоқ салса,
Жақындамай сөнеді.
Барлығы мұны көреді,
От ішінде байлап ап,
Тайшық ханның алдына
Пенде қып әкеп береді.

Кемпір әкеп бергенсін,
Баланың түрін көргенсін,
Тайшық хан кірді күшіне.
Ырза болды кемпірдің
Тындырып келген ісіне.
Қараса, бала дәл өзі,
Көрген шошып түсінде.
Кемпірге төрден жол берді,
Өлтірмегін оң көрді.
Аянсын қалмақ несіне,
Кемпірді жаман есіртті.
«Бес күнгі келген несібе,
Қандай күшім, патша?» – деп,
Тұрды кемпір есіре.

Сол уақытта патша
Қалмақтан шыққан ер еді.
Елде болса екі ер,
Екеуінің бірі еді.
Керней-сырнай тарттырып,
Топ зеңбірек аттырып,
Қырық қақпалы қалаға
Тегіс хабар береді.
Бәрі де бұрын естіп,
Әр жерден адам кеп еді.
Әрқайсысы бір мыңдық
Ішінде дәулер көп еді.
Ақыл салса бәріне,
Өлтіреміз дер еді.

«Олай болса, өлтір, — деп, —
Сабасына келтір», — деп,
Ортасына береді.

Сол уақытта батырға
Атса, мылтық өтпеді,
Шапса, қылыш кеспеді,
Ғайып ерен Қырық шілтен
Қолтықтан сүйеп демеді.
Суға салса, батпады,
Ұйқыдан бала қайтпады.
Неше дәулер, неше ерлер
Не қыларын білмеді.
Тайшық айтты халқына:
«Қайтсек бала өледі?
Түрегелсе орнынан,
Жазамызды береді.
Баяғы көрген қу түсім
Айнымайды келеді».

Ханның қызы Қаракөз:
«Өлтірем, әке, мен, — деді, —
Жеті күн мен жеті түн
Қолыма менің бер, — деді. —
Мыстан кемпір, шешежан,
Өзің де маған ер, — деді.
Көрсетейін уақиға,
Көзіңменен көр», — деді.
Тілеуің құрғыр қу мыстан
Қыз сөзіне сенбеді.
Патшаға айтып, айнытып,
Қыз қолына бермеді.

Сол уақытта Тайшық хан
Қанша айтқанмен хан-дағы.
Өзіндігі бар-дағы,
Бір ақыл ойлап бастады.
Неше қиын жерлерде
Жоқ еді мұның сасқаны.
Бұған ақыл таппаса,
Абыройын жаппаса —
Әбілет[1] енді басқаны.
Қимылдаса бұл бала,
Қалмақ тұр бәрі қашқалы.
Түрегелсе орнынан
Болатын әркім бас қамы.

[1] Әбілет /діни/ — жынның бір түрі.

Патшаның сол күнде
Қазулы оры бар еді.
Сырнайдай аузы тар еді,
Қақпағы бар ашпалы.
Ханы айтты халқына:
«Апарып соған тасталы!»
Қуанып, халқы жүгірді,
Қандектің[1] аузын ашқалы.
Балалардың добындай,
Зеңбіректің оғындай,
Домалатып баланы
Зынданға әкеп тастады.
Жер түбіне жөнелді,
Торғайдай болып мысқалы.
Өлімге қиды нәлеті,
Болғансын ақыр дұшпаны.
Сол уақыттар болғанда,
Ғайып ерен Қырық шілтен
Баланы жолда ұстады.
Құдыққа салған қауғадай,
Ешбір жері ауырмай
Қандектің келді түбіне.
Әлі жатыр ұйқыда,
Ешнәрсе жоқ көңілінде.
Жалғыздықтың саудасы
Түсті ерге бір күнде.
«Далаға шықсаң, жолдас ал,
Жалғыз қиын тегінде».
Келе түсті қандекке,
Ала алмай бала кегін де.
«Алпамыс орда қалды», —деп,
Кім барар дейсің еліне.
Еңбек қылсаң, реті бар,
Салса біткен егін де.
Пұлдың азы бір тиын,
Кім береді тегінге.
Әрекет қылмай дүниеде,
Жеткендер бар ма кемелге?
Әзір бала байланды,
Жастай соры қайнады,
Жеткенше қашан дегенге.

Ұйқысы қанды жатқансын,
Арақтың зәрі қайтқансын,
Қарғып тұрды орнынан.

[1] Қандек — зындан.

Қараса, жатыр қандекте[1],
Арылмай бала сорынан.
Шұбар ат жоқ астында,
Кетіпті жарақ қолынан.
Енді бала жылады:
«Келді, —деп, —заман қырынан».
«Жад еттім әуел, бір Құдай,
Құдіретіңе көңілім сай.
Дәргейіңе жылаймын,
Біздерге қиын, сізге оңай.
Жатырмын жалғыз қандекте,
Ойласам болды бұл қалай?
Атаңа нәлет қу мыстан
Кетіпті жерге тығып-ай.
Тағы да адам болам ба,
Жер бетіне шығып-ай?!

Адам ата, Хауа ана,
Жаралдың әуел нұрменен.
Аршаға атың жазылды
Қаппенен, син, нонменен[2].
Өзіңіз хабар алмасаң,
Алады хабар кім менен?!
Ер де түскен бұл орға
Мен де түскен жолменен.
Әліміз нәзік боп кетті,
Хабарың бар ма ол менен?
Неше мың өткен пайғамбар,
Ажырар қашан сор менен?
Мәдинеде Мұхаммед,
Түркістанда Құл Қожа Ахмет,
Самарқанда палуан Ахмет,
Өте ме күнім орменен?
Ғайып ерен Қырық шілтен,
Үздің бе күдер шынымен?!

Айналайын жан ата,
Өлгенде көрдің бір бота.
Кетерімде бермедің
Ықыласыңмен ақ бата.
Дұға айтпадың кез болып,
Жатырмын азап мен тарта.
Өлшеулі күнім бар шығар,
Қалыппен өлмей мен қайта.
Қарындасым, қарағым,

[1] Қандек /көне/ — қолдан қазылған шұңқыр ор.
[2] Син, нон /араб/ — араб тіліндегі с, н әріптері.

Көзімнен ақты бұлағым.
Ертеңді-кеш зарласам,
Есітер ме екен құлағың?
Ерлігімнен не көрдім,
Қара жер болды тұрағым.
Шығуым қиын ойласам,
Жетпейді қолым, бойласам,
Енді қандай қыламын?
Бір емшектен еміскен,
Тай-құлындай тебіскен,
Қарындасым Қарлығаш,
Ақырын Ақтан сұрағын!
Су сұрасам, бал берген,
Жая десем, жал берген,
Кәріп анам, қайтейін,
Орда жатыр зарланып,
Өлгенде көрген шырағың.

Айналайын жан ана,
Өлгенде көрдің бір бала,
Бір ағаштың басында
Көгертпедің екі алма.
Бір Құданың ісі күшті,
Басқа салды мүшкіл істі.
Ырза бол, нан, сүтіңе,
Тірідей балаң көрге түсті».

Осыны айтып болғанда,
Жылап шаршап, талғанда.
«Кеттім бе? –деп, — арманда?»
Орда жалғыз қалғанда.
Шығатұғын күн қайда
Мынау бес күн жалғанға?
Отырды бала зарланып,
«Кім бар, кім жоқ, — деп жылайд, —
Келгенше заман айналып».
Өлі де емес, тірі емес,
Әр қиялды ойланып.
Сол уақыттар болғанда,
Қандекке кірді бір жарық.
Раушан болып күндіздей,
Атқандай болды таң жарып.
Мысалы ғауһар шамшырақ,
Қарады бала аңғарып.
«Тілекті Алла берді, — деп, —
Бабаларым келді», — деп,
Тәуетті барып айналып.
Сол уақытта бір мысық

Келді жетіп жүгіріп,
Бір таба піскен нанды алып.
Балаға нанды бермекке
Ымын қылды оңданып.
Неше күн жатқан аш бала
Мысықтан жеді нанды алып.
Өлмесе де, өлімші
Болған екен сандалып.
Мысықты жұмсап отырған
Ғайып ерен Қырық шілтен.
Баланы сүйеп қолға алып,
«Кетпесін — деп, — бала өліп»,
Аруақтар тұрды қозғалып.
Жатқаны жалғыз болмаса,
Самалы қалды оңалып.
Қан ойнаған баладай
Ойнады мысық бұралып.
Баланың мейірін қандырды,
Әртүрлі ойын шығарып.
Ермектесіп отырды,
Екі жақтан құралып.
Не десе кеулі тынады,
Келеді мысық күнде алып.

Сол уақытта Шұбар ат
Әртүрлі жұмыс істеді.
Алдына келсе, тістеді,
Артына келсе, тебеді.
Бетіне түгіл, Шұбардың
Сыртына адам келмеді.
Жем қояды шөбімен,
Ешбірін Шұбар жемеді.
Бұл шаһардың ішінде
Мұсылман адам кем еді.
Ішіне бөтен сіңбеген,
Бәрі де қалмақ елі еді.
Өнік[1] жері қалмақтың,
Үйіп жатқан кен еді.
Қаншама көп болса да,
Шұбарға әлі келмеді.
Неше дәулер жабылды,
Бәрін де Шұбар сүйреді.
Біріне-бірі соқтығып,
Қабырғасы күйреді.
Ұшып кетіп кәлләсы[2],

[1] Өнік — құнарлы, өнімді.
[2] Кәлла /парсы / — бас.

Көбейді қалмақ өлгені.
Ордада тұрды ойнақтап,
Шұбарға ешкім мінбеді.

Жанның бәрін сарсаң ғып,
Бір Шұбар-ақ талдырды.
Ашуланып падиша,
Әр жерден ұста алдырды.
Енділігі жеті кез
Темір үйді салдырды.
Темір үйге тастады
Шұбар атты кіргізіп.
Аптада берді бір бау шөп,
Ашықтырып жегізіп.
Он күнде суды бір беріп,
Шөлге де қойды көнгізіп.
Шынжырлап мойнын ноқталап,
Жетектейді жүргізіп.
Шығармайды далаға,
Дарбазасын ілгізіп.
«Арықтатып шұбарды,
Бассақ, — дейді, — құмарды,
Падишаға мінгізіп».
Баланы тастап қандекке,
Шұбарды салып әлекке,
Атаңа нәлет қу мыстан
Еңбекті кетті күйгізіп.

Шұбар атты тындырып,
Баланың белін сындырып,
Мыстан кемпір келеді,
Падишаны көреді.
Келе сөйлей береді:
«Құлағың сал, падишам,
Келінімді бер, — деді. —
«Балаңа қызым берем», — деп, —
Серт қылғансың сен, — деді. —
Айнысаң, патша, оныңды айт,
Есебін табам мен, — деді. —
Балаңнан балам кем емес,
Ұзатқаның жөн, — деді. —
Айыбы таз демесең,
Балаңа балам тең», — деді.
Кемпірдің айтқан бұл сөзін
Халықтың бәрі «жөн» деді.
Сонда патша сөйледі:
«Тыңда сөзді, анамыз,
Он бірде биыл баламыз,

Жиырмаға келген соң,
Той-томалақ қыламыз.
Тоғыз жыл мәулет[1] беріңіз,
Оған дейін шыдаңыз.
Балаға бала үйренсін,
Сіз бенен біз құдамыз.
Ана, сенің ісіңе
Тілектес болып тұрамыз.
Жақсылыққа — жақсылық,
Біз неге мойын бұрамыз?

Бәрі сіздік болды ғой
Жиған-терген малымыз,
Қазынадағы барымыз.
Жиырма жылға келген соң,
Келініңді алыңыз.
Көпті көрген көне едің,
Бұл сөзіме наныңыз.
Қарар тапса көңілің,
Үйіңе енді барыңыз».
Бұл сөзді айтып, ырза қып,
Шығарып салды ханымыз.
Ендігі сөздің қысқасы,
Бұрынғылардың нұсқасы.
Ханның қызы Қаракөз —
Мұнан да хабар алыңыз.

Қаракөзайым бір күні
Келді жетіп ханына,
Айтайын деп бір сөзді
Әкесінің алдына:
«Әке, маған бір үй бер,
Тігейін барып саяға.
Жүз серке бер, ойнатып,
Сап қояйын қораға.
Бетіменен жайылсын,
Қамамайық сораға[2].
Қырық қыз нөкер қосып бер,
Сүрейін дәурен далада.
Тоғыз жылың біткен соң,
Келейін көшіп қалаға.
Армансыз болып кетейін,
Беретін болсаң балаға.
Шөбіме түссе, кетейін,

[1] Мәулет /араб/ — мүмкіндік, уақыт.
[2] Сора — сортаң жерге шығатын алабота тәрізді өсімдік.

Таз дегенмен бола ма?
Сен берсең, ата, мен көндім,
Наяты[1] ол бір жара да».

Ырза болды Тайшық хан
Қызының айтқан сөзіне.
Қуанып қалды көңілі
Қапа боп жүрген кезінде.
«Бәсірең» деп жүз серке
Бөліп берді өзіне.
Бір үйді тікті жайнатып,
Ішіне бұлбұл сайратып,
Тасбұлақтың көзіне.
Жар шақыртып қалаға,
Мәлім қылды далаға.
Жігіт түгіл қыздар да
Баспайтын болды ізін де.
Еріккен қыздар түседі
Бұлақтың күнде көзіне.
Ханның қызы Қаракөз
Ашық еді көргеннен
Алпамыс ердің жүзіне.
«Оңаша жайда жолығып,
Сөйлессем, — дейді, — өзіне».
Сонда да кезі келмеді,
Ізденген бейбақ көзіне.

Қыздарға мұны айтпайды,
Айтайын десе, батпайды.
Күн шығу мен күн бату
Арасында жатпайды.
Ойына алса, бір жерді,
Бір бармай оған қайтпайды.

Құнан қойдай бой тастап,
Бәйге атындай ойқастап,
Мойнына алқа жай тастап,
Шығады қыздар қыр жаққа.
Бір күні кетеді о жаққа,
Бір күні кетсе тау жаққа,
Бір күні кетеді ой жаққа,
Ұсталуы рас баланың,
Тастағанын білмейді,
Алып барып қай жаққа.
Сонда да кезі келмеді

1 Наят /араб / — түбі, аяғы.

Ізденген сорлы бейбаққа.
Самауырынды қайнатып,
Дастарқанды жайнатып,
Қыздарды түнде ойнатып,
Бұлбұлды күнде сайратып,
Қылады қыздар тамаша,
Жан бармайды оңаша.
Бір күні суға бармаққа,
Шомылып қыздар алмаққа.

Құндыздай шұбап күллі қыз
Бұлақтың келді басына.
Жалаңаяқ аяғы,
Қолында талдан таяғы,
Шалбарын түріп тізеге,
Кемпірдің ұлы баяғы
Жетіп келді жүгіріп
Қыздардың енді қасына.
Қыздарды көріп, қылмыңдап,
Болғандай бұрын ашына.
Қаракөзайым қарайды,
«Қандай есер неме», —деп,
Әкесі берген досына.
Ойынға тоймас кезі екен,
Он беске келген жасы да.
Ұмтылады қыздарға
Кепешін басып басына.
Орамал тартып шекеге,
Самайын жүр жасыра.
Сүйкенеді қыздарға
Қотыр нардай қышына.
Түйебас қылып, қырық қыз
Алып ұрды «жездесін»,
Тастақтың барып тасына.
Ұшып кетіп кепеші,
Жарылды тасқа басы да.
Қаны менен іріңге
Былғанды қыздар шашы да.
Тұра қашты сытылып,
Шыдай алмай астында.
Жабылып қыздар қуды енді
Тасбұлақтан асыра.

Күніге келед таз батша,
Елемейді бала да.
Төбелесіп ойнайды,
Балаларда ар бар ма?

Қыздар ұрса, қуанад,
Көңілі ырза жараға.
Бар болғаны қарғысы:
«Барарсың, — дейді, — қалаға.
Берерсің, — дейді — жазаңды,
Алайын деп барғанда.
Ойнап-күлер шағымда,
Қалыңдар, — дейді, — арманда».
Осыменен жеті жыл
Өткізді қыздар далада.
Сыңсыма Баян секілді
Дәурен сүрді арада.
Жеті жылдың ішінде
Көрінбеді кісіге.
Бір бармады қалаға,
Ата менен анаға.
Адамзаттың баласы
Мұнша ашық бола ма?!
Ханның қызы Қаракөз
Қарайып алды қанына,
Екі көзі далада.
Бір көрмекке ынтық боп,
Алпамыс берен балаға.

Жүз серкесі патшаның
Қыздардың жүрді қолында.
Әрқайсысында бір қоңырау
Тағулы жүр мойнында.
Тұла бойын үкілеп,
Әсемдеп қойған бойын да.
Патшаның ақылы
Соямын деп жүр тойында.
Екі жылда той қылмақ
Патшаның ойында.
Жалғыз қызы Қаракөз
Көңілі Ақтың жолында.
Кейқуат дейтін тазша
Бағатын еді оны да.
Жеті жыл ұдай серкенің
Жүретін еді соңында.

Ерте кетіп, кеш келіп,
Жаятын еді Қырымға.
Серкелері семіріп,
Келмейді мойнын бұруға.
Әрқайсысы жылқыдай,
Бармайды қолы ұруға.

Бір күні серке ойнады
Асыр салып секіріп,
Алпамыс жатқан орына.

Енді серке ойнады,
Ойынға бәрі тоймады,
Айқайлады Кейқуат,
Айқайға серке болмады.
Қандектің[1] аузын талқандап,
Бұзылмасқа қоймады.
Ордағы жатқан бейбақты
Күллі әулие қолдады.

Енді серке секірді,
Біріне-бірі асылып.
Екеу-екеу сүзісті,
Бірін-бірі қашырып.
Тұяғымен серкенің
Қақпағы кетті ашылып.

Тайып кетіп тиегі,
Ойнақтаған серкенің
Түсіп кетті біреуі.
Қуаныш кіріп көңіліне,
Жарылып кете жаздады
Алпамыстың жүрегі.
Қашанға дейін жыласын,
Қабыл болды тілегі.

Әлқисса, Кейқуат таз ордың басына, Алпамыстың қасына келіп, айқай салды:

— Ей, Алпамыс, қайдасың, серкем түсіп кетті, шығарып бер, Қаракөзайым маған ұрсар, — деді. Онда Алпамыс:

— Әй, кембағал[2], серкеңнің маған күніге біреуін беріп, мені бағып-қақ, егер де ордан аман шықсам, өзімнен бұрын сені мұратқа жеткіземін, — деді. Онда Кейқуат ашуланып:

— Жеті қабат жердің астында жатып, «мақсатқа жеткіземін» дейсің, сенің бұл күніңді өзіңе көп қылайын, — деп, бір диірмен тасты дөңгелетіп әкеліп үстіне тастап жібереді. Алпамыс тасты қағып алып, салмақтап тұрып, қайтып лақтырып жіберді. Тас басынан асып кетті, Кейқуаттың зәресі қашып кетті. Кейқуат жаман сасып қалды, тас келіп, бір етегін басып қалды. Енді Кейқуат ойланды: «Осының айтқанын қылайын, өлсем, өлейін, өлмесем, жақсылығын көрейін», — деп. Серкенің күніге біреуін беріп тұрды. Сөйтіп жүріп серкенің бәрін тауысты. Бір күні Алпамысқа келіп:

[1] Қандек /көне/ — қолдан қазылған шұңқыр ор.
[2] Кембағал /парсы/ — жарымжан, кедей.

— Ей, Алпамыс, серке таусылды, не қыламын? — деді.

Онда Алпамыс айтты:

— Мынау серкелердің мүйізі, қабырға сүйегінен сырнай істеп қойдым, соны қыздардың жолына барып тарт, сені ұстап алып, «Кім қылды?» —деп сұрар, айтып қойма. Бірақ ханның қызы Қаракөзайымға сездір, — деді.

Кейқуат сырнайды алып, қыздардың жүретін жалғызаяқ жолы бар еді, соған келіп, жабындының астына жатып, сырнайды аңқылдатып тартты. Қыздар естіп, қарап жүріп тауып алды.

— Ей, Кейқуат, мұны кім қылды, қайдан алдың? — деп қыздар сұрады. Кейқуат айтпады. Қыздар отқа қақтады, бұтын таптады, сонда да айтпады. Сол уақытта Қаракөзайым «Маған шынын айтатын шығар», — деп, оңашаға шығарып алып, сұраған жері еді.

Қаракөзайым сөйледі:
«Молдалар сызған ала хат,
Біздерменен бас қосып,
Ойнап-күлмек салтанат.
Қолыңдағы сырнайды
Кім қылды екен, Кейқуат?!
Сұрағанды шын айтсаң,
Сені тәуір көрейін.
Шыныңды айтшы, Кейқуат,
Не тілесең берейін.
Қандай пері қылды екен,
Көзімменен көрейін.
Егер қылса адамзат,
Жолында соның өлейін».

Кейқуат сонда сөйледі:
«Базары пышақ балдақ-ты,
Нәсілің сенің қалмақ-ты.
«Шыныңды айт», —деп қинадың
Көп ішінде, салдақы.
Бір адам қылды ордағы.
Ор ішінде пенде боп,
Алпамыс берен қалған-ды.
Бірдеме қылсаң, салдақы,
Мұны Алпамыс қылған-ды».

Қаракөзайым сөйледі,
Ақылменен тағы ойлады:
«Айналайын, Кейқуат,
Сол Алпамыс қайда еді?»
Алпамысты есітіп,
Ғашық оты өртеді.
Кейқуатқа ілесіп,
Жүгіре басып кетеді.

Арқасы күнге күймеген,
Табаны жерге тимеген
Ханның қызын ертеді.
Бұрынғы өткен халықтан
Осылай екен ертегі.

Бір жерлерге барғанда,
Тазша амал табады.
«Шаршадым», –деп, жүрместен,
Сонда жата қалады.
Қаракөзайым қабынды,
«Жүре гөр», –деп жалынды.
Ғашық жарын есітіп,
Қыздың беті гүлденді.
«Берейін саған пұл, — деді. —
Шыныңменен шаршасаң,
Кел, мойныма мін», — деді.

Кейқуат қылды кесірді,
Екі аяғын көсілді.
Желке шашын тізгін ғып,
Бар киімін шешінді.
Екі емшекке тепкілеп,
Келе жатқан секілді.

Кейқуат сонда сөйледі:
«Қарақан тауда ханшайым,
Жарылқаса еркі ием,
Алпамысқа жүр жылдам,
Шу, жануар, ту бием».
Келді ордың басына,
Алпамыстың қасына.
Алпамыс ордың ішінде,
Сөйлесті кіші бесінде.

Ордың басына келіп Қаракөзайым:

— Алпамыс, бармысың? — деп айқайлайды. Алпамыс:

— Бармын, — деп жауап берді. Онда Қаракөз айтты:

— Сенің жолыңда жүргеніме жеті жыл болды, сонан бері келгенім де, көргенім де осы, енді мен сені қалай шығарып аламын? — деді. Онда Алпамыс айтты:

— Сен мені шығарып ала алмайсың, Шұбар атым қайда, сол шығарады, — деді. Қыз айтты:

— Атың патшаның қолында, жеті қабат темір үйде. Сыртынан қанша адам бағады, мен оның маңайынан жүре алмаймын, — деді. Онда Алпамыс айтты:

— Мына бір кемзалыма[1] неше жылдан бері терім иісі сіңіп кетті, осыны ішіңнен ки, шашыңды түй, әкеңнің аула-жайын аралап, диуана болып жүр, — деді. Қыз: «Құп, болар», — деп, кемзалды киіп алып, шашын шекесіне түйіп алып, қалендерлік киім киіп, әкесінің ордасын аралап, айналып жүре берді. Жел жағынан ық жағына өтіп бара жатқанда, Шұбар ат темір үйді теуіп жіберіп, талқан қылып, мойнынан асырып жіберді, бағып тұрған қалмақтарды қашырып жіберді. Оқыранып шауып келіп, диуананың қойнына тұмсығын тығып, үш мәртебе айналып тұра берді.

Онда патша келіп:

— Жынды диуана, сен Алпамыстың өзімісің, болмаса көзімісің? — деді. Диуана айтты:

— Е, патша, Алпамыс менен он есе үлкен емес пе? — деді. Патша ойланып:

— Алпамысты көргемін, ол сенен үлкентұғын, — деді. Диуана айтты:

— Мен ілгеріде Жиделі Байсын деген жерге, Қоңырат деген елге барған едім. Сонда бұл Байшұбар құнан еді, «ит» тиіп ауырған екен, мен түкіріп емдеп жазған едім. «Диуана, сол күнде қандай едім, қазір қандай күйде тұрмын?» –деп маған шағып жылап тұр, — деді. Онда патша айтты:

— Ей, диуана, осы Шұбар маған үйренбей жүр, үйретіп берші, — деді. Диуана:

— Құп болады, үйретіп берейін, — деді. — Тақсыр, қырық арқан, қырық қойдың құйрығын, Алпамыстың қару-жарағын беріңіз, — деді.

— Мен қайтер екем?

— Жеті күн өтіп, сегізінші күні келіңіз, — деді. — Үйретіп берейін, шарқ ұрып көше-көшеде жүріңіз, — деді.

Патша бәрін түгендеп берді. Алпамыстың қару-жарағын, киім-кешегін — бірін мойнына, бірін беліне байлап, патшаны «Үйіңізге бара беріңіз», — деп алдап шығарып салып, диуана Шұбар атты жетектеп, орға қарап келе жатқан жері екен:

Қаракөзайым қуанып,
Қапалы көңілі жұбанып,
Темір үйдің ішінен
Шұбарды алды шығарып.
Сол уақытта Шұбар ат
Үш мәртебе айналып,
Тұмсығын тықты қойнына.
Арқа-басын сипалап,
Тұмарын тақты мойнына.
Жау-жарағын, киімін
Сыйғызды тұла бойына.
«Мінетұғын болдым», — деп,
Патшаның кірді ойына.
«Екі жыл ұдай қатырып,
Шабамын, — деп жүр, — тойымда».

[1] Кемзал — камзол.

«Так, жануар, так, так», — деп,
Шұбар атты жетектеп.
«Жоламаңдар қасына
Өлтіреді, тентек!» — деп.
Қалмақты кейін қашырды,
Қыз айласын асырды.
«Қай көшеден өтет, — деп, —
Басып-жаншып кетет», — деп.
Шұқыр жер болса тығылып,
Қалмақтар бойын жасырды.

Жаңа ұстаған құлындай,
Жылтылдаған жұлындай,
Жетіп келді алысып,
Екі қолы қарысып,
Алпамыс жатқан орына-ай.
Қандекке арқан жіберді,
Бір ұшын байлап мойнына-ай.
Кетті арқан салбырап,
Шынжырлары салдырлап.
Қараса бала жоғары,
Келеді арқан жалбырап.
Қуанған мен қорыққан бір,
Түрегелді қалтырап.
«Өтірік пе, шын ба?» — деп,
Ұстады барып Аллалап.
Ғайып ерен Қырық шілтен
Көтерді жерден қауғалап.
Бабай ғұмар Шашты Әзіз
Келе жатыр аймалап.
Қаракөзайым тартады
Жер түбінен саумалап.
Тартты Шұбар ышқынып,
Жерді тепсіп, пысқырып.
Бір минуттың ішінде
Келіп қалды шамалап.
Шықты Алпамыс қайқаңдап,
Ордың басын жағалап.

Ордан шығып алғансын,
Кеулі мекем толғансын,
Құйрыққа әбден тойғансын,
Қуаттанып болғансын,
Жарағын киді сайланып,
Жалаң қылыш байланып.
Ызасы өткен қалмаққа
«Шабайын», —деп ойланып.

Омырауын иіскелеп,
«Жылдам мін», — деп тістелеп,
Тұрды Шұбар айналып.

Алмадай мойны ұзарып,
Екі көзі қызарып,
Құйрығын салып сыртына,
Жан-жаққа тұрды таңданып.
Кіндігін тартып бауырына,
Құйрығын салып сауырына,
Жерді теуіп ысқырып,
Жын ұрғандай сандалып.
Темір үйдің ішінде
Жеті жыл жатқан қамалып.
Қырық арқан бойы зынданнан
Егесін алды шығарып.
Үш секіріп, үш түсті,
«Шабамын», —деп қуанып.
Сөйлесті біраз екі шер
Біріне бірі білдіріп.
Қалжыңдасып, ырғасып,
Әзілменен күлдіріп.
Баланың көңілін шат қылды,
Бетіне бетін тидіріп.
Қапалығын шығарды,
Ақ тамағын сүйдіріп.
Бүйрегін тескен түйнектей
Кетті бала бүлдіріп.
Нағылайық басқасын,
Іштеріңді күйдіріп.
Көтерді қыз қолтықтан,
Баланы атқа міндіріп.
Ақсаңдай басып жөнеді,
Қалмаққа ерді жүрдіріп.

Сол уақытта Алпамыс
«Алла!» —деп атқа мінді енді.
Жәрдем тілеп пірлерден,
Қалмаққа қарай жүрді енді.
Шұбарды алдап алғанын,
Бір сойқанның болғанын
Ақылмен Тайшық білді енді.
Көзінің жасын ағызып,
Жағасын дал-дал жұлды енді.
Өгіздей-ақ өкіріп,
Өзін жақтан ұрды енді.
Керней-сырнай тарттырып,

Дағыра-дабыл қақтырып,
Қырық қақпалы қалаға
Тегіс хабар берді енді.
Әрқайсысы бір жақтан
Жүз мың әскер келді енді.
Майданға тақты құрғызып,
Қатар-қатар тұрғызып,
Тайшық хан таққа мінді енді.
Алды-артын бірдей қып,
Сап тартып әскер тұрды енді.
«Мұның өзін қара, — деп, —
Қаңғырып жүрген бала», — деп,
Мазақ қып әскер күлді енді.
Қалмақтың көріп күлгенін,
Алпамыс қыран түрленді.

Тайшық хан айтты: «Балуандар,
Замана бізге болды тар.
Шошынбайын деймін-ау,
Түсімде көрген сырым бар.
Патшалыққа лайық
Бірер күн ермек қылайық.
Жекпе-жекке бірің бар,
Қайсың барсаң, оның бар,
Шұбарын тартып мініп ал.
Шырылдатып тауықтай,
Желке шашын жұлып ал.
Аямаңдар бала деп,
Ала алмай жүрген кегі бар».

Сол уақытта бір қалмақ
Аты ердің Таймас ед.
Қолындағы күрзісі
Отыз батпан алмас ед.
Қаһарланып сілтесе,
Тау болса да қалмас ед.
Бірге жасын жасасқан
Тайшық ханмен жолдас ед.
Неше майдан соғыста
Аш қасқырдай тоймас ед.
Ерегіскен дұшпанын
Еңселетпей қоймас ед.
Таймас айтты: «Падишам,
Әуелі өзім барайын,
Айтқаныңды қылайын.
Ерікке берсең Шұбарды,
Баланың басын қағайын.

Ырза болсын күшіме
Көріп тұрған ағайын».

Осыны айтып болды да,
Шыға келді құтырып,
Ителгідей жұтынып.
Басқа қалқан төңкеріп,
Күрзісін келді көтеріп.
Өзінен басқа жан жоқтай,
Жетіп келді ұмтылып.

Қарсы ұмтылды Алпамыс,
Ақ түйғындай құнтиып.
Ауадан құйған түйғындай
Бір ұрып кетті сыпырып.
Ұшып кетіп кәлләсі[1],
Денесі қалды отырып.
Астына мінген керігі[2]
Шыға келді ойнақтап,
Жап-жалаңаш сытылып.
Мұнан кейін бір қалмақ
Ашуланып, долданып,
Шыға келді жүгіріп.
Жапыратын немедей
Етегін белге түрініп.
Жауатұғын бұлттай
Келе жатыр құбылып.
Ұрсатұғын батырдай
Қылышын белден суырып.
«Бара ғой» деген ешкім жоқ,
Өзінен-өзі жын ұрып.
Өлемін деген ойда жоқ,
Жігіттіктің буы ұрып.
Мұны көріп Алпамыс,
Тұра қалды кідіріп.
Басын қағып жіберді
Жұдырықпен бір ұрып.

Ұшқан кәллә жөнелді
Қалың топты аралап.
Кеудесі жатыр орнында,
Қолымен санын сабалап.
Ұстайын деп қалмақтар
Кәлләға қарай ұмтылды,
Ортаға алып қамалап.

[1] Кәлла /парсы/ — бас.
[2] Керік / көне / — үлкендігі түйедей, өгіз сияқты мандайында жалғыз мүйізі бар аң.

Жаны жоқ кәллә не білсін,
Бес-алтауын өлтірді,
Он шақтысын жаралап.

Сол уақытта Таймастың
Жалғыз ұлы бар еді,
Жарап жүрген нар еді.
Қайсыбірін айтайын,
Сайманы түгел сай еді.
Тайшық хан айтты келді де:
«Майданға, балам, бар, — деді. —
Әлгі ит өлді бекерге,
Әкеңнің кегін ал», — деді.
Күшіне сенген ер еді,
Әкесімен тең еді.

Шыға келді құтырып,
Жарап жүрген нардай боп.
Сүйретіліп аяғы,
Кішігірім таудай боп.
Қарсы ұмтылды Алпамыс,
Қысыр емген тайдай боп.
Қарсыласты екі шер
Үркер менен Айдай боп.
Жетіп келіп қасына,
Салып кетті басына,
Құлады қалмақ жардай боп.
Біле алмады өлгенін,
Келісімен қандай боп.
Үшеуі жатты теңкиіп,
Байлаған орып баудай боп.

Сол уақытта бір палуан,
Келмейді оған әр палуан.
Келе жатыр ұмтылып,
Аяғын жерге сүйретіп.
Олай-былай шапқылап,
Мінген еркін үйретіп.
Неше дәу, неше пілдерді
Өлтірген еді күйретіп.

Келе қалмақ сөйледі:
«Мұның қалай, жас бала,
Қайратқа сенген мас бала?
Сірә, бір кезек бермедің,
Ерлердің жолын білмедің.
Сенің мұның масқара!

Батыр болсаң, кезек бер,
Басыңа қалқан ұста да».

Сонда батыр сөйледі:
«Көзіме толды қанды жас,
Ешбіріңді көрмеймін.
Білгеніңді қыла бер,
Ажалсыз болсам өлмеймін.
Әдісің көп халықсың,
Сендерге, сірә, сенбеймін.
Қырық арқан бойы зынданда
Жеті жыл жаттым мен деймін.
Жеті мың қалмақ өлтірмей,
Сірә да кезек бермеймін!»

Осыны айтып болды да,
Екі ер соғыс бастады.
Шегінісіп қошқардай,
Бірінен бірі қашпады.
Тап бергенде, шап беріп,
Жағадан бала ұстады.
Бірін-бірі сілкілеп,
Ат үстіне мұштады[1].
Қиқылдап қалмақ буынды,
Балаға күші аспады.
Мәлім болды халыққа
Баланың күші асқаны.
Ақ қанжарын суырып,
Заманасын қуырып,
Атыменен қалмақты
Екі бөліп тастады.
Мұны көріп Тайшық хан,
Екі көзін жастады.
Бала тұрды ақырып,
«Жылдам кел!» — деп шақырып,
Қалмақтар қадам баспады.

Тайшық хан енді жылады,
Қайғымен көзін бұлады.
«Жүз мың әскер келсін!» — деп,
Жан-жаққа мойнын бұрады.
Енді қалмақ ат қойды,
Жүз мың әскер лап қойды.
Қарсы ұмтылды Алпамыс,
Қамысқа түскен құдай боп.

[1] Мұш /көне/ — жұдырық.

Біреуді біреу білмеді,
Біреуді біреу көрмеді.
Аспаннан түскен нұрдай боп,
Есепсіз қалмақ қырылды.
Жабысқан будан удай боп,
Майданнан аққан қызыл қан
Сарқырап ақты судай боп.
Ол уақытта еш соғыс
Өткен емес мұндай боп.
Үрістем-Дастан бір майдан,
Өткен екен сондай боп.
Өліктер төбе боп қалды,
Төскейден шапқан қырдай боп.
Есебі жоқ өліктің,
Домалап жатыр пырдай боп.
Неше ерлер айрылды
Әскерінен жұрдай боп.

Қалған қалмақ жабылды,
Әр жерден қақты дабылды.
Жердің жүзі көкпеңбек,
Күннің де көзі шағылды.
Құбыладан соққан дауылдан
Түрленіп бала қағынды.
Майданнан аққан қызыл қан
Өзенге сыймай, ағылды.
Қылыш тисе, шақ етед,
Мылтық тисе, тақ етед.
Мысалы бала шойын-ды,
Күннен-күнге өшігіп,
Көрсетті батыр ойынды.
Бес байталдың кесірі —
Қанша ердің басы жойылды.

Қалғаны қалмақ қайырылып,
Бірінен-бірі айырылып,
Қалаға қашып барады.
Бекітіп алды қаланы,
Далаға тастап баланы.
Қалаға бала кіре алмай,
Неғыларын біле алмай,
Бұл шаһарды айналып,
Түнімен бала шабады.
Түн ортасы өткенде,
Таң мезгілі жеткенде,
Бір тесікті табады.
Ар жақтан хабар алмаққа

Тесікке шауып барады.
Көрінбейді еш нәрсе,
Абайлап әбден қарады.
Астындағы Шұбар ат
Осқырып, үркіп бармады.
«Не бар ед, — деп, — тесікте?
Кірмейсің, — деп, — есікке»,
Шұбарды бала сабады.
Ашуымен қамшының
Енді Шұбар ырғыды,
Оқ жыландай сырғыды.
Арқан бойы жазылып,
Тесіктің асты қазылып,
Өтіп кетті лып етіп,
Жерге тимей аяғы.

Асыл біздей жылт етіп,
Ар жағына бір жерге
Түсті барып дік етіп.
Шынжыр арқан, темір тор
Түсіп қалды сылқ етіп.
Салмағына шыдамай,
Шұбар да қалды ыңқ етіп.

Тесіктің асты ор еді,
Ор жағалай отырған
Қалың әскер қол еді.
Кірмегені Шұбардың
Әсіресе сол еді.
Қазыналы хан дағы
Есепсіз түрі мол еді.
Балаға тағы жабысты,
Ілескен жастан сор еді.

Атаңа нәлет қалмақтар
Бір ақыл ойлап табады.
Жалғыз ауыз жол қылып,
Бекіткен екен қаланы.
Темір шынжыр арқаны
Ұстап берді баланы.
Ауырлығы бір батпан,
Бұршақтай шоқпар ұрады.
Деңгелге қаққан қазықтай
Қасқайып бала тұрады.
Берен мылтық патырлап,
Бұршақтай оғы жауады.
Балағынан баланың
Судай болып ағады.

Ғайып ерен Қырық шілтен
Бәрін де қолмен қағады.
Алпамыс тағы зарлады,
Құдайға қылып наланы:
«Жад еттім әуел жалғыз Хақ,
Өзің жалғыз, мен де тақ,
Тақ ерлерге өзің жақ.
Өзің жалғыз, мен жалғыз,
Беремін десең кәне бақ?!
Аға-іні менде жоқ,
Өліп кетсем, артым шақ.
Қысылғанда қолдай көр,
Әкеме берген аруақ.
Түп қарағаш қасында,
Ақ шеңгелдің басында,
Жылы ғана бір бұлақ,
Армандамын бара алмай,
Басыңа жағып жұп шырақ.
Қолдай гөр бүгін балаңды,
Сіздер — жарсыз, біздер — лақ.
Айналайын Шұбар ат,
Бұл дүниеде бар ма екен
Мен секілді ақымақ?
Ғайып ерен, пірлерім,
Бұл бәледен өзің қақ.

Келіп түстім торға,
Кемпір салды орға.
Жеті жылды өткізіп,
Шығып едім зорға.
Алмаймын деп тіліңді,
Тағы түстім торға.
Тепкеніңде кемпірді,
Өлтірмедің сонда.
Сексен сегіз сәруәр,
Тоқсан тоғыз мың машайық,
Балаңды өзің қорға!»

Осыны айтып өкірді,
Келгеніне өкінді.
Өкінгенін білді де,
Астында Шұбар секірді.
«Жазым болып кетер», — деп,
Үстінде бала бекінді.
Шынжыр арқан, темір тор
Жүн-жүн болған секілді.

Тағы Шұбар бұлқынды,
Үстінде бала жұлқынды,
Қамалап тұрған қалмаққа
Жалғыз бала ұмтылды.
Енді қалмақ сасады,
Қақпаның аузын ашады.
Біріне бірі қарамай,
Қақпаға құлып сала алмай,
Бет-бетімен қашады.
Алдыңғы жағын қалмақтың
Арт жағы келіп басады.

Көп мырзаны ат басты,
Өліктері қан тасты,
Көбісі таудан енді асты.
Көк орданың басында,
Көк өзеннің қасында
Тайшық хандай ханына
Алпамыс берен айқасты.
Қарсыласып қалысты,
Тайынбай найза салысты.
Біріне-бірі айла ғып,
Екі найза қағысты.
Осыменен екеуі
Біраз жерге барысты.
Найзаларын тастасып,
Қылышпенен салысты.
Ат үстінен жүгіртіп,
Бірін-бірі шабысты.

Ошал[1] майдан ішінде
Түзетті бұлар ұрысты.
Ойын екен бұрынғы,
Ірілетті жұмысты.
Ордан бала шыққалы
Алған жоқ әлі тыныстың.
Екеуі де болдырып,
Атының басын бұрысты.
Екеуі де болдырып,

Бірер сағат тұрысты.
Тағы айқасты екеуі,
Жарқылдап шауып қылышты.
Сол уақыттар болғанда,
Бала шаршап қалғанда,
Ғайып ерен Қырық шілтен
Балаға келіп болысты.

[1] Ошал /татар / — осы.



Алпамыс батыр.
Суретші К.Я. Баранов

Ғайып ерен келгенсін,
Балаға жәрдем бергенсін,
Бала судай тасады,
Қайтадан қайрат шашады.
Алпамыстың аруағы
Тайшықтың үстін басады.
Мұны біліп Тайшық хан,
Қалаға қарай қашады.
Қақпаның жетіп аузында,
Тайшық ханды шаншады.

Састырды енді хандарын,
Шырқыратып жандарын.
Талауға салып жіберді
Қазынадағы малдарын.
Өлтірді дұшпан бектерін,
Найзамен шаншып бүйректен,
Алды әбден кектерін.
Біріне-бірін қоспайды,
Арт жағынан келгенін.
От қойып, өртеп жіберді,
Бір жерге жинап өлгенін.

Қаланың аузын қан қылды,
Айдарлысын құл қылды,
Тұлымдысын тұл қылды.
Көрген түсін Тайшықтың
Өтірік емес, шын қылды.

Ашуы баланың тарамай,
Кез келгенін қырады.
Бір жерлерге келгенде,
Баяғы мыстан шешесі
Көлденең тартып тұрады.
Әуелгі дұшпан кемпір ед,
Заманын қандай қылады?!
«Осыны қайтсем екен», — деп,
Ар жаққа кеулін бұрады.
Жаны шығып шошайып,
Әр жерге кемпір бұғады.
«Аманбысың, шеше?» — деп,
Мазақтап бала сұрады.
«Жүрмін ғой, — деп, — шырағым»,
Қамығып кемпір жылады.
Жұдырығын түйіп ап,
Ауызға бала ұрады.
Екпініне шыдамай,

Шалқалап кемпір құлады.
«Осы аузың маған қылды», — деп,
Езуін тіліп жырады.
Талқан болып ауызы,
Азудың бәрі сынады.
Толғанынша іспелеп,
Аузына тасты тығады.
Жарылып кетіп жүрегі,
Осымен кемпір тынады.
Тірсегінен тіледі,
Бәйтерекке іледі.
Көрсетіп қойды халыққа
Үрген местей бұлтитып.
Бар киімін шешіп ап,
Бөксесін қойды тыртитып.
Дұшпанның бәрін өлтіріп,
Батырдың көңілі тынады.
Қалмақтың өлмей қалғанын
Дін мұсылман қылады.
Кейқуатқа көндіріп,
Бағындырып қояды.

Патша болды Кейқуат
Қалмақтың қалың еліне.
Әділдігін жүргізді,
Ешкімнің көнбей ебіне.
Бақ қонарда жігітке
Азы не, сірә, көбі не.
Керней-сырнай тарттырып,
Даңғыра-дабыл қақтырып,
Барып түсті Алпамыс
Қаракөзайым үйіне.
Кер маралдай керіліп,
Басарына еріліп,
Ханның қызы Қаракөз
Түсті шалқып күйіне.
Қыздар жүр бетін шымшылап,
«Тиіп ек», —деп, —көңіліне».
Енді қыздар ойнады,
«Қой» десе де, қоймады.
Тізесіне асылды,
Шөге жатқан нардай боп.
Мойынына асылды,
Қысыр емген тайдай боп.
Түзетті қыздар қатарды,
Құлаған жаңа жардай боп.
Ортада отыр Қаракөз

Он бесте туған айдай боп.
Қызыл күрең іреңі
Құбылып отыр шамдай боп.
Адамзаттың баласы
Туады екен мұндай боп.
Оқтаудай бойы бұралып,
Тартып қойған сымдай боп.
Сөйлеген сөзі қырмызы,
Қамырдан тартқан қылдай боп.
Сүйкеніп өтсе денесі,
Тиеді жұмсақ ұндай боп.
Арманы бар ма жігіттің,
Қосылса жары сондай боп.

Жүрметүз деген бір қыз бар
Қыздардың жүрген ішінде.
Сүрме[1] тартып көзіне,
Орнатқан гауһар тісіне.
Алтын шашбау жарқылдап,
Байлаған шаштың ұшына.
Барлық кесір өзінде,
Екі аяғын көсіле,
Басқа қыздар істесе,
Ұшырайды кесірге.
Өзіне майдай жағады,
Басқаменен ісі не?
Құлпырады құбылып,
Неше алуан түсі де.
Қараңғы үй жарық болады
Жатарында шешіне.
Ата-анасы болмаса,
Көрінбеген кісіге.
Жер астындағы гауһардай
Болады кімге несібе?!
Аламын деген дәулер көп,
Сыртынан жүріп есіре.
Кейқуат келіп ойнаса,
Итереді өшіге.
«Өңім түгіл, Кейқуат,
Көрінбе, — дейді, — түсімде».
Басы ойын алысып,
Аяғы шындап ұрысып,
Қалған екен екеуі
Сол күні күннің кешіне.
Кейқуат кетті ыза боп,
Шыдай алмай пешіне.

[1] Сүрме — қас-көзді бояйтын қынадан жасалған бояу.

Жүрметүз келді құбылып
Алпамыстың қасына.
Мойынынан құшақтап,
Отыра кетті асыла.
Алпамыс айтты: «Жүрметүз,
Кесірің бар басыңда.
«Достығың» маған белгілі,
Әрмен жүр енді, асылма.
Атаңа нәлет, ит қалмақ,
Бар қылғаның осы ма?»

Жүрметүз сонда сөйледі:
«Не десең де, еркің бар,
Қақпаймын, жезде, қолыңнан.
Жаңа жеттік мұратқа,
Осы келген жолыңнан.
Аруағыңа ырзамын
Ажыратқан сорыңнан.
Патшалыққа амал не,
Шықпай жүр ме ойыңнан.
Жердің дәті қалмайды,
Қыздардың шықсаң қойнынан.
Жердің асты у болар,
Арылар сонда бойыңнан».

Бұл сөзді естіп Алпамыс,
Қарғып тұрды орнынан.
Кейқуатқа некелеп,
Қосып берді қолынан.
Ырза болды Жүрметүз
Болғандай ғашық бұрыннан.
Танадай көзі жарқылдап,
Алтын кебіс сартылдап,
Ілесіп алып жөнелді
Кейқуаттың соңынан.
Келіп мініп тағына,
Ие болып бағына,
Арылды жазған сорынан.

Боларында кісіге
Келеді қайдан несібе.
Болмасына келгенде,
Жіберер ісін өшіре.
Кейқуат айтты: «Жүрметүз,
Қылғаның бар ма есіңде?
Өзіңе өзің берік бол,
Түсірейін есіңе».

Жүрметүз айтты: «Падишам,
Жүр едім сізді пісіре.
Қалжың менен ойынды
Сақтапсыз сіз басыңа».
Осыны айтып Жүрметүз,
Көрпеге кірді шешіне.
Ақылы бар, ми толық,
Тұрады сөзді түсіне.
Түсінбесең, мейілің,
Ұзатам сөзді несіне.
Түсінген халық, ырза бол,
Кейқуат патша күшіне.

Керней-сырнай тарттырды,
Даңғыра-дабыл қақтырды.
Кіш-міш, мейіз жегізіп,
Шұбар атын бақтырды.
Неше дәулер, неше ерлер
Қызметіне тақ тұрды.
Отыз күн ұдай той қылып,
Күніге көкпар шаптырды.
Ханның қызы Қаракөз
Алпамыс берен батырға
Қосылмақты жақтырды.
Еңбектің көріп іретін,
Алпамыс қызды ап тұрды.

Осыменен арада
Отыз екі күн өтті.
Отыз үш болып түн жетті.
Қалмақтың қалың шаһарын
Кейқуатқа билетті.
Сол күні жатып ұйқыда
Алпамыс батыр түс көрді.
Түсінде жаман іс көрді,
Төсегінің үстінде
Бір күшіген[1] құс көрді.
Түсі суық құс екен,
Бір түнде соны үш көрді.

Ақырында Алпамыс
Өзі барып ұшырды.
Айбатымен қорқытып,
Қайтадан жерге түсірді.
Кәлласын кесіп денеден,

[1] Күшіген /зоол/ — бүркіт тұқымдас жыртқыш қара құс.

Өкпе-бауырын пісірді.
Бір сойқанның болғанын,
Ауылын жаудың алғанын
Ақылмен байқап түсінді.

Ойланды бала қайтпаққа,
Жол азабын тартпаққа.
Қайғы түсті көңіліне,
Тақат жоқ қайтып жатпаққа.
Қаракөзайымды оятты,
«Қайтамын» деп айтпаққа.

Бұл сырды біліп Қаракөз,
Қарғып тұрды орнынан.
Қараса, түннің іші екен,
Шошынды тұла бойынан.
Сол күні түнде түсінде
Ұшырған екен бұл-дағы
Ақ тұйғын құс қолынан.
«Айтсаңшы енді, ерім, — деп, —
Не сыр көрдің бүгін?» — деп,
Құшақтады мойнынан.
Алпамыс айтты баяндап
Түндегі көрген сырынан.

«Ah! —деді жылап қыз сорлы, —
Арылмадым ба сорымнан?!»
Көзінің жасы ағылып,
Көрпенің шетін жамылып,
Тұра алмады қойнынан.
«Шұбарды әкеп ертте, — деп, —
Көп кешігіп кетпе», — деп,
Тұрғызды сүйеп қолынан.
Жылап-еңіреп жөнелді,
Ылажының жоғынан.

Жолға түсіп елбеңдеп,
Жылайды жазған еңкеңдеп.
Шешіп ала жөнелді,
Тұра алмады кідіріп.
Сылап-сипап ерттеді,
Көзінің жасы төгіліп.
Өксіп-өксіп жіберді,
Тізесін басып бүгіліп.
«Қалдым-ай, — деп, — айрылып»,
Қабырға кетті сөгіліп.
Сол уақытта Алпамыс

Далаға шықты жүгіріп.
«Кеттің бе, — деп, — шынымен?»
Сөйледі сұлу бұрылып:
«Қош-аман бол, алғаным,
Алаша-төсек салғаным.
Табанымнан тас өтіп,
Маңдайыма күн өтіп,
Қайғысын шектім даланың,
Қызығын да көре алмай
Ата менен ананың.
Қылатын ісі осы ма
Ақылы кәміл дананың?
Жаныңа сенің құрбан ғып,
Еліме ойран салғаным.
Ата-анамнан айрылып,
Сырдай болып қалғаным.
Еш болмаса балаң жоқ,
Артыңда белгің қалған жоқ,
Ішімде кетті-ау арманым!
Арман емей немене
Алдыңнан кесте алғаның.
Алғаныңнан айрылсаң,
Қызығы бар ма жалғанның.
Мінемін дедің, мін енді,
Жүремін дедің, жүр енді,
Көрермін басқа салғанын.
Болмаса неғып ілесіп,
Шұбар атқа мінгесіп,
Еліңе неге бармадым.
Қыз деген ердің олжасы,
Ат көтіне салмадың.
«Алғаның кәміл бірің» деп,
Аятын көрдім құранның.
Аман барып, есен жүр,
Жолыңа мен бір құрбаның.
Қош енді, ерім, қош енді,
«Қош» деп айттым үш енді,
Әмірі шығар Алланың».

Алпамыс сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй дейді:
«Затың әйел болғасын,
Ақылың сенің кем, — деді. —
Мен кеткенсін, сен кетсең,
Бұзылмай ма ел, — деді. —
Алла Тағала жар болса,
Шұбар атым бар болса,

Келемін демде мен, — деді. —
Алтын қазық сен болдың,
Айналатын мен болдым,
Тұра бер мұнда сен, — деді. —
Ерлі-зайып арасы
Айтқаның да жөн, — деді. —

Ақсұңқар ұшар жем үшін,
Туады ерлер ел үшін.
Болған білем ата-анам,
Қарақұс туған көгершін.
Жеті жыл болды кеткелі,
Қандай боп қалды үй ішім?
Үйде отырсаң, түзің жоқ,
Түзге шықсаң, үйің жоқ,
Жалғыздың күні құрысын.
Тоқтай алмай барамын
Ағайын-туған кем үшін.
Бейнет шектің мен үшін,
Келермін қайтып сен үшін.
Ырзалықпенен жауап бер,
Алысайық қол ұшын!»

Осыны айтып Алпамыс,
Шұбарға келді мінгелі.
Құбылып шықты құлпырып,
Өңшең жібек кигені.
Көтерді сұлу қолтықтан,
Екі көзі сүрмелі.
Құшақтады мойнынан
Алпамыс берен сүйгелі.
Бетіне беті тигенде,
Ақ тамақтан сүйгенде,
Басылды іштің күйгені.
Алтыатарын асынып,
Жеңіне тығып жасырып,
Тұр еді сұлу өлгелі.
Қош айтысып сұлумен,
Алпамыс берен жөнеді.
Жөнеген кезде түн еді,
Анадай барып қайрылып,
Үш мәртебе келеді.
Айтатын басқа сөзі жоқ,
«Шылым[1] бер», — деп тіледі.

[1] Шылым, чәләм /парсы/ — қор-қор (кальян) тартуға арналған түтікше құралдың ескі атауы.

Сарқанасын[1] қыздырып,
Түзетіп әбден жөндеді.
Көзінің жасы ағылып,
Мойнына гауһар тағынып,
Күндіздей түнге шағылып,
Қолына шылым береді.
Ақылменен аңғарып,
Қимағанын біледі.
Қыз да болса дана еді,
Әкесі Тайшық хан еді.
Рақымы оның келеді,
«Есен барып, сау қайт», — деп,
Аузынан бата береді.
Сол уақытта Шұбар ат
Ауыздық басып ауызға,
«Қоя бер», —деп сүзеді.
Айтып ауыз жиғанша,
Қарап көзін тыйғанша,
Ғайып болды Шұбар ат,
Кеткенін де білмеді.
Енді бала жөнеді,
Шұбардың басын түзеді.

«Алпамыс қашып кетті», — деп,
Қалмақтың келді көңіліне.
Қашты деген ат болды,
Кетпегенсін көріне.
Ертеңіне ойланып,
Түсініп қалды Кейқуат
Алпамыс қылған ебіне.
Ақылынан адасып,
Жынды адамдай бал ашып,
Ханның қызы Қаракөз
Отырды жылап күніге.
Енді Шұбар шабады,
Жер жобасын табады.
Аяғы тиіп ерніне,
Шабатұғын жүйрікке
Ылдиы не, өрі не,
Тигізбейді шаң-тозаң,
Судай аққан теріне.
Күніге шауып жануар,
Түсті әбден күйіне.
Алпамыс жетсе үйіне,
Жіберер дейді үйірге.

[1] Сарқана /парсы/ -- түтікшенің есірткі шөп салып, тұтандыратын басқы ұяшығы.

Сол уақытта Алпамыс
Жад қылады еренді.
Шұбардың басын жіберді,
Таудан аққан тасқындай
Төгіліп Шұбар жөнелді.
Адыр, адыр бел еді,
Адам қорқар жер еді.
Неше қиын жерлерден
Тегістей шауып келеді.
Мейлі дала, мейлі адыр,
Теп-тегіс болды жер енді.
Айдын-айдын көл еді,
Көлдің де аты көп еді.
Жарбаңдап ұшқан қарғадай
Аяғы жерге тимеді.
Сонда Алпамыс сөйледі:
«Айналайын Шұбар ат,
Қолтығында бар қанат.
Жазым болып жығылсаң,
Бір шұқырға тығылсаң,
Өлмеймін бе мен», — деді.
Бұл сөзге Шұбар шамданып,
Мұнан да жаман өрледі.

Кешегі шабыс бүгін жоқ,
Төрт аяғы атқан оқ.
Әртүрлі шабыс бастады,
Пайда еткен жоқ балаға
Шабыстан қорқып сасқаны.
Алдында жатқан аңғалды
Жерошақтай тастады.
Екі көзін тас жұмып,
Бала да ерден ұстады.

Енді Шұбар құтырды,
Ілгері қарай ұмтылды.
Құбылып ұшқан сұңқардай
Жердің жүзін сыпырды.
Қалың жыныс ағашта
Қос құлақты жыпырды.
Ықтияр кетіп өзінен,
Ылажсыз бала отырды.
Басын жерге салмады,
Су ішіп мейірі қанбады.
Осындай болып танбастан
Отыз күн шапқан сықылды.

Келді Алпамыс саламат,
Құстай ұшты Шұбар ат.
Жиделінің шетіне
Жаман-жақсы әр жұмыс
Жігіттің болмақ ниетіне.
Жайылып жатыр көп жылқы
Жиделінің бетінде.
Оқыранды Шұбар ат,
Үйірін танып секіре.
Күллі жылқы шұрқырап,
Ілесіп алды көтіне.
Анасы да бар екен,
Баласы да бар екен,
Тигізді бетін бетіне.
Айғырларын тістелеп,
Құлын-тайын иіскелеп,
Баланың көнбей еркіне.
Оқыранып Шұбар ат,
Жылқыдан алып Шұбар ат,
Шығарды даусын өкіре.
Жаңа түсті есіне
Жүргеніне өкіне.
Тағы да бала тоқтады,
Босаған кеулі бекіне.
Аман-есен келгенсін,
Елінің шетін көргенсін,
Жеткендей болды сертіне.

Алпамыс батыр көңілін қатайтып, жүрегін тоқтатып, келе жатса, жолында бір шатыр тұр. Алпамыс шатырға келсе, ішінде бес бек ұйықтап жатыр. Бес бектің алдында біреу мосыға шай қайнатып отыр. Біресе жылап, біресе қалғып отыр. Назарын салса, әкесіне немере Құлтай деген бабасының Тортай деген жалғыз баласы бар еді, сол екен. Бес бекке қараса, Алпамыс өзі барында жылқы бағатын бес құлы екен. Бұл бесеуін танып, жай-мәнісін сұрағалы диуаналық кейіп киіп: «Аға, бұл кімнің жылқысы?» — деп сұрап тұрған жері еді.

Сонда Алпамыс сөйледі:
«Ассалаумағалайкүм,
Қарахан тауда бабамыз,
Сірә, қабыл болғай да
Аға, сіздің тобаңыз.
Осы бағып жүргенің
Қандай бектің жылқысы,
Бейшара болған бабамыз?!
Кірекеш едік жолаушы,
Қалаға кіріп барамыз.

Байсын деген өз елім,
Жиделі байтақ қаламыз.
Бөтен емес, бөгде емес,
Осы жерде туған баламыз.
Жеті жыл болды кеткелі
Ажырасып арамыз.
Біз кеткенде тірі еді
Ата менен анамыз.
Айналайын Құдай-ау,
Хабарын кімнен аламыз?!»

Сонда Тортай сөйледі:
«Мінген атың қарагер,
Жалғызға, Құдай, пана бер.
Заманым кеткен сорлымын,
Менен несін сұрайсың?!
Көп сөйлемей жүре бер.

Жиделі Байсын жерінде,
Қоңырат деген елінде
Байбөрі деген бай еді,
Төрт түлік малы сай еді.
Маңдайында сорлының
Жалғыз ұлы бар еді,
Жалғыз да болса нар еді.
Байбөрінің жылқысын
Тайшық хан алып жөнеді.
Әкесі айтты балаға:
«Артынан қуып бар, — деді, —
Қалмақтан кегімді ал, — деді. —
Ала алмасаң кегімді,
Пенде боп сонда қал», — деді.
Шыдай алмай ашуға,
Артынан қуып жөнеді,
Кеткенсін қайтып келмеді.
Өткеннен де сұраймын,
Кеткеннен де сұраймын,
Хабарын ешкім білмеді.
Жеті жыл болды кеткелі,
Ел-жұртым қалды демеді.
Ұшырадық зорлыққа,
Көніп жүрміз қорлыққа,
Тілекті Алла бермеді.

Ұлтан құл деген бек болды,
Болғанына көп болды,
Халыққа қорлық көрсетіп,

Қазына-малды жеп болды.
Қарахан таудың түлкісі,
Келмейді ердің күлкісі.
Осы бағып жүргенім
Кешегі кеткен жас берен
Алпамыс ердің жылқысы.
Қарахан тауда қамалым,
Баяғыдай бола ма
Алпамыс келіп, заманым?!
Ежіктеп мұнша сұрадың,
Әр сөздің басын құрадың,
Естідің бе, қарағым,
Келіп тұр менің жылағым,
Кім едің өзің шырағым?!»

Бес бек ұйқыдан оянып, бұл сөзді естіп:

— Ей, қақбас, Алпамысты бізден сұра, Алпамыс қалмақтың қолында өліп кеткен, ел қыдырған диуана не біледі, шайыңды қайнат! — деп, ұрып-соғып, қуалай берді. Сонда Алпамыс батыр бес бекке келіп, араша сұрап:

— Жігіттер, бұларың қалай, мені сыйлаңдар, болмаса, мен де сіздерге өнер көрсетемін, — деп тұрған жері еді.

«Араша, батыр, араша.
Арашалап бұлардың
Қасына келді жанаса.
«Араша», — деп тілеймін,
Тыңдағын сөзім жараса.
Арашаны білмесең,
Іс қыламын тамаша.

Қой-сана, батыр, қой-сана,
Ашуы жоқ бол-сана.
Қой дегенге қоймасаң,
Түсіремін ой сана.
Айналдырған алтауың
Бір кісідей бол-сана».

Қой десе де, қоймады,
Қоятұғын болмады.
«Бұл иттерді қайтем?» — деп,
Ер Алпамыс ойлады.
Буырқанды, бұрсанды,
Мұздай темір құрсанды.
Мойнындағы сотамен
Әрқайсысын бір салды.

Асаменен басқа ұрды,
Тұра алмастай тас қылды.
Бір ұрғанды көтермей,
Бесеуі де мырзаның
Жанын Аққа тапсырды.

Бесеуі де өлгенсін,
Алпамысты көргенсін,
Тілегін Алла бергенсін,
Айқай сап Тортай өкірді.
Мұны көрген Алпамыс
Тақат қылып тұра алмай,
Атынан түсе секірді.
Бірін-бірі құшақтап,
Көзінің жасы бұршақтап,
Көрісе берген секілді.

Көрісіп болған соң, Алпамыс айтты:

— Ей, аға, елдің жайы қалай? — деп сұрады. Тортай айтты:

— Ей, шырағым, елдің несін сұрайсың, өзіңнің Ұлтан құлың бек болды, «Менің тілегімді тілемей, Алпамыстың тілегін тілейсің», —деп, әкеңді түйеге салып, атаң Құлтайды қойдың көтіне салып қойды. Өзіңнен қалған жеті айлық балаң Жәдігерді жалаңаяқ, жалаңбас, мойнына шынжыр, аяғына кісен салып, қозы бақтырып қойды. Өзгесін не қылайын, әсіресе өзіңнің Гүлбаршын жарыңды аламын деп, отыз күн ойын, қырық күн ұдайы тойын қылып, басып-көктеп, бүгін кешке некесін қиятын күні, шырағым, тілімді алсаң, ертерек бар, — деді.

— «Алпамыс келді» деп ешкімге айтпа, — деп, атына мініп, жүріп кетті. Алпамыс келе жатса, әкесі Байбөрі түйесін суға айдап, өзі қалап алған әңгімесін айтып бара жатыр екен, Алпамыс түйенің арасында тыңдап жүре береді. Сондағы Байбөрінің айтқан сөзі еді.

Байбөрі сонда сөйлейді:
«Айналайын Құдайым,
Бір өзіңе жылайын.
Бүйтіп қорлық көргенше,
Көзімнің жасын бұлайын.
Жалғызым менің келер ме,
Көзімнің жасын көрер ме?!
Заманда кеткен баламды
Қадыр Алла берер ме?!
Тауға біткен ақ терек,
Қыздар тағар мойнына
Қалампыр, маржан текшелеп.
Айдасам жөнге жүрмейсің,
Иесіз қалған, ақ шелек.

Арай, жаным, арай!
Сенің бірің қалмағыр,
Сені ешкім алмағыр.
Айдасам жөнге жүрмейсің,
Иесіз қалған жайрағыр.
Арай, жаным, арай!
Қарахан таудың аршасы,
Түсіп қалды үстімде
Киген киім баршасы.
Айдасам жөнге жүрмейсің,
Қарағымның артында
Иесіз қалған наршасы.

Арай, жаным, арай!
Қарахан таудың шиесі,
Байбөрінің келді ме
Пірлерінің киесі?!
Айдасам жөнге жүрмейсің,
Қарағымның артында
Аманат қойған түйесі.

Арай, жаным, арай!
Темірменен құрсаулы
Жәдігерім білегі.
Сірә, қабыл болар ма,
Байбөрінің тілегі?
Айдасам жөнге жүрмейсің,
Қарағымның артында
Иесіз қалған үлегі[1].
Арай, жаным, арай!»

Алпамыс түйенің арасынан шыға келіп:

— Ассалаумағалайкүм, ата! — деп сәлем береді. Байбөрі байдың зәресі ұшып кетті, қолындағы таяғы жерге түсіп кетті. «Ұлтан құлдың әдейі аңдытып қойған адамы екен», —деп ойлады. Алпамыс батыр: «Әкемнің жүрегі жарылып кетер», — деп, әкесіне қарап айтып тұрған сөзі еді:

«Ассалаумағалайкүм,
Қарахан тауда бабамыз.
Сірә, қабыл болғай-ды,
Жан баба, сіздің тобаңыз.
Кетіп еді қай жаққа,
Баба, сіздің балаңыз?!»

Байбөрі сонда сөйледі:
«Тілекті Құдай берді ме,

[1] Үлек — нар түйенің таза тұқымды бурасы.

Көзімнің жасын көрді ме,
Қалмаққа кеткен жалғызым,
Алпамысым келді ме?
Менің бабам екен деп,
Танып сәлем берді ме?

Атқа мінген желеді,
Қоңырат деген ел еді.
Ұлтан патша болғалы,
Сәлем берер кісім жоқ.
Меһрибан[1] болып бұл жерде
Сәлем берген кім еді?!»

Алпамыс сонда сөйледі:
«Ата, саған келгенім,
Келіп, сәлем бергенім,
Біреудің малын бақпашы,
Біреудің отын жақпашы,
Балаңнан хабар білмеймін,
Бекерге жала жаппашы!»

Байбөрі сонда сөйлейді:
«Қой, шырағым, алдама,
Алдағаның бола ма?
Молдалар оқыр кәламды[2],
Бисмилла болар сөз басы.
Кәміл пірім жар болып,
Осы бүгін қолдашы!
Қалмаққа кеткен жалғызым
Алпамысым болмашы?!
Мінген атың қара-ды,
Бауырынан жарады.
Шыныңды айтшы, шырағым,
Жөргектегі иісің
Мұрнымды жарып барады?!
Бейнет көрдің басынан,
Қорлық көрдің жасыңнан.
Айналайын шырағым,
Әкеке деген даусыңнан».
Сонда Алпамыс сөйледі:
«Дария тасып, лайланып,
Дұшпанның жолы байлансын.
«Жалғызым» деген даусыңнан
Мүсәпір болған, жан ата,
Мендей қозың айналсын».

[1] Меһрибан /парсы/ — мейірбан, мейірім.
[2] Кәләм — уағыз сөз.

Осыны айтып Алпамыс,
Атынан түсе секірді.
Тасқа құлай Байбөрі,
Ботадай боздап өкірді.
Аталы-бала екеуі
Айдалада жолығып,
Көрісе берген секілді.
«Әумин», –деп періште,
Қырық шілтен келісті.
Ата мен бала жолығып,
Ботадай боздап көрісті.

Алпамыс тыңдап, Байбөрі жылап, мауқын басып болған соң:

— Ата, елдің жайы қалай? — деп сұрады. Байбөрі айтты:

— Елді сұрама, мынау жерде Құлтай бабаң қой жайып жүр. Ол сенің тілегіңді менен кем тілеп жүрген жоқ, әуелі барып сол Құлтай бабаңды қуант! — деді.

Алпамыс батыр қойға келсе, қойын жусатып, таяғын шаншып, көйлегін көлеңке қылып, бабасы көлеңкеде жатыр еді. Алпамыс батыр өзі барында серке қойған екі лағы бар еді, сол екеуі жеті жасар серке болған екен. Екеуі Алпамыстың екі үзеңгісін иіскеп, ілесіп жүре берді. Құлтай баба таяғы мен көйлегін алуға шамасы келмей, серкелерін «шөрелеп» келе жатып айтқаны:

«Бедеу аттың бестісі-ай,
Адамның азбас естісі-ай.
Қайда кетіп барасың,
Қарағымның артында
Аманат қойған ешкісі-ай?
Шөрей, жаным, шөрей!

Қарахан таудың бұлағы,
Неге шулай бересің,
Қу Құлтайдың құлағы?
Қайда кетіп барасың,
Қарағымның ылағы?
Шөрей, жаным, шөрей!

Атлас еді көрпесі,
Ол Жәдігер жылап жүр
Байбөрінің еркесі.
Қайда кетіп барасың,
Қарағымның артында
Аманат қойған серкесі?
Шөрей, жаным, шөрей!»

Сонда Алпамыс тұрады,
Атының басын бұрады.

«Айналайын ата, — деп, —
Берейін сізге бата, — деп, —
«Серкеңді бер», — деп сұрады.

«Айналайын, жан ата,
Мұнша неге еңіредің,
Көкірегің күрілдеп,
Көзіңнің алды іріңдеп,
Артымнан қуып келгенің.
Мен де сенің бір балаң,
Бір кезіңе келгенім.
Бір кезіңе келгенде,
Бір серкесін балаңның
Құдайы қылып бергенің.
Бере қалсаң, жан ата,
Мені тәуір көргенің».

Сонда Құлтай сөйледі:
«Бұл серкеден айрылсам,
Ғамкүн[1] болып өлемін.
Мен айтайын, сен тыңда,
Соның үшін келемін.
Кебенек киген ер еді,
Кебін киген жоқ еді,
Өлмесе, қозым келеді.
Ертең қозым келгенде,
«Серкем қайда?» дегенде,
Мен сияқты құбас шал
Не деп жауап береді?!
Алпамыс атты баламның
Жеті жыл болды кеткені.
Құлтайдайын бабаңның
Басына қайғы жеткені.
Сұрады деп сөкпейін,
Сен де қой, балам, өкпені!»

Сонда Алпамыс сөйледі:
«Жігітінде жүруші ең
Кіреуке тонды жамылып.
Жеті жылдай жүрдің бе,
Балаңызды сағынып?
Қартайғанда, жан баба,
Жаяу жүрсің нағылып?
Ерлік қылған жігіттің
Тәңірім берген бағы да.

[1] Ғамкүн /араб/ — қайғы, зар, мұң-шер.

Асықпасаң боларсың
Баяғыдай тағы да.
Нағып қойды жайдыңыз
Сақалыңның ағында?
Мұнша бейнет көріпсің
Өлеріңнің шағында.

Қартайғаның емес пе,
Азуыңды шалыпсың.
Мұнша бейнет көргесін,
Ақылыңнан таныпсың.
Жаяу қойды баққанша,
Құл жұмсасаң болмай ма?
Қам-қайыс боп қалыпсың».

Сонда Құлтай сөйледі:
«Сұрағаның бұл сөзді —
Ақылыңның барлығы.
Бабаңның айтып тұрғаны —
Басына түскен зарлығы.
Қойды бағып жүргенім —
Ұлтан құл иттің жарлығы».

Сонда Алпамыс сөйледі:
«Ақша бір жауған қар еді,
Кәріптің кеулі тар еді.
Балаңыздың, жан ата,
Не белгісі бар еді?»

Сонда Құлтай сөйледі:
«Қарағым менің нар еді,
Іздегені ар еді.
Белгісін айтып берейін,
Жаурынының үстінде
Дөңгелек қалы бар еді».

Мінген аты Шұбар-ды,
Ойнауға дайым құмар-ды.
Ағыта тастап кісесін,
Алпамыс өзін танытып,
«Мінеки, қал», — деп шығарды.

Қолынан сүйіп баланың,
Дариядай Құлтай тасады.
Ботадай боздап Құлтекең,
Бауырына басады.
Құдай салса бір істі,

Көтерер пенде әр істі.
Айтып-айтпай немене,
Құлтай менен Алпамыс
Ботадай боздап көрісті.

Алпамыс Құлтаймен көрісіп, әрбір сөзге келісіп:

— Ата, елдің жағдайы қалай? — деп сұрады. Онда Құлтай айтты:

— Балам, елдің жағдайын көрерсің, мына жерде Жәдігер —жалаңаяқ, жалаңбас, мойнында шынжыр, аяғында кісен, қозы жайып жүр, әуелі соны барып қуант, — деді. Алпамыс айтты:

— Ата, мен танымаймын, сіз өзіңіз мына атқа мініп, «Әкең келді!» — деп Жәдігерден сүйінші сұрап келе қойыңыз, — деп атын берді. Құлтай баба атқа мініп, көңілі тасып, бір сөз деген жері екен:

«Айт жануар, Шұбарым,
Мойныңда алтын тұмарың.
Нәсіп толып тарқасын
Бүгінгі күні құмарым.
Сенің шабар күнің-дүр,
Менің жүрер күнім-дүр.
Он бестегі күнімдей
Жайнатты Құдай гүлімді.
Мен шаппай енді қайтейін,
Көрсетті Құдай ұлымды.
Алпамысым өлтірер
Ұлтан атты құлымды.
Қызғалдақ шығар желкілдеп,
Қыздар өлең айтады
Бетін бүркеп күлімдеп.
Сен шаба гөр зырқырап,
Мен шабайын күркіреп.
Үйде отырған Ұлтанның
Көтені түссін бүлкілдеп».

Әлқисса, осыны айтып, көңілі тасып, балаға қайырылмастан, көкпар шауып жатқан Ұлтанның тойына келді. Ұлтан көкпарға құнан атын беріп шаптырып жатыр еді, ешкім көтеріп шаба алмады. Құлтай баба келіп, тірсегінен тіліп, ердің басына іліп алып, Шұбарға өңгеріп, қашып құтылып кетті. Халық Ұлтанға барып, көкпар сұрады. Ұлтан айтты:

— Сендерге адам көрмеген қызық көрсетейін, анау жүрген жеті жасар Жәдігерді көкпар қылып шабыңдар, — деді. Алпамыстың қадірін білетіндер бармады. Қадірін білетін көзкөргендер:

— Кешегі Алпамыс ердің көзі емес пе? — деді. Қадірін білмейтіндер барып, көкпарға шауып, баланы шырқыратып тартып жатты. Сондағы Жәдігердің жігіттерге жалынып айтқаны:

Енді бала секірді,
«Көкежан!» — деп өкірді.
Өксіп-өксіп жылады,
Қайғымен көзін бұлады.
«Жан сауға, — деп, — көкелер!»
Әркімге мойын бұрады.
«Қарама, — деп, — бетіме»,
Әрқайсысы келіп ұрады.
«Қарамайын, жәке», — деп,
Әркімге басын тығады.

«Ақша бір жауған қар еді,
Көріптің көңілі тар еді.
Алдыңа салып қуғандай,
Әрқайсың келіп ұрғандай,
Айналайын көкелер,
Не жазығым бар еді?!
Өзіңнің інің емес пе ем,
Қас болсам, құлмен қас болдым.
Әкем жақсы ер ед деп,
Дәулетіне мас болдым.
Кісен қиып барады,
Аяққа түскен қақпандай.
Зырқыраймын алдында,
Құлаштаған сақпандай.
Ел ішінде еңіредім,
Қылмысымнан тапқандай.
Айналайын көкелер,
Не жазығым бар еді,
Көкпар қылып шапқандай?!
Сағымды Құдай сындырып,
Шешемнің тойын қылдырып,
Өзімнен төмен иттерден
Жегіздің, Құдай, жұдырық.
Ауалап ұшқан дуадақ
Қонады жерге домалап.
Өзімнің итім құтырып,
Өзімді қаптың қуалап.
Ұлтан патша болғалы,
Иі болмаған қайыстай
Көрсетті қорлық уалап.
Айналайын Құдайым,
Дәргейіңе жылайын,
Өзімнің итім қауып тұр,
Қандай бір илә[1] қылайын?»

[1] Илә /татар / — айла, амал-тәсіл.

Осыны айтып Жәдігер,
Жігіттерге жылады.
Жыласа да балаға
Ешбірі мейірім қылмады.
Енді бала зарлады,
Көзінің жасы парлады.
Мейірі жоқ иттерді
Отыра қалып қарғады:
«Аш бүгіліп жарағыр,
Жетім қалып жасыңнан,
Мендей болып жылағыр.
Тарта бер, жұртым, тарта бер!
Ешкі жасын жасағыр,
Аяғыңнан ақсағыр,
Ағайын кетіп қасыңнан,
Досың кетіп басыңнан,
Мендей болып қақсағыр.
Тарта бер, жұртым, тарта бер!
Алпамыстың төресін
Әлі-ақ ертең көресің.
Ұлтан құлдың тіліне
Құдай ұрып ересің.
Ертең әкем келгенде,
«Жалғызым қайда?» дегенде,
Не деп жауап бересің?
Тарта бер, жұртым, тарта бер!»

Алпамыстың қадірін білетіндер келіп, әрқайсысын бір ұрып, қуалап жіберді. Жәдігер кісенмен шапқылап қозыға қарай жөнелді. Бір жерде аяғын кісен қиып, жүре алмай, зарлап жылап отырса, Құлтай бабасы тақымында көкпары бар, сонда келді. Өзі Жәдігерді іздеп жүріп, Жәдігерге келіп тұрып, Жәдігерден: «Шырағым, балам, Жәдігерді көрдің бе?» — деп сөз сұрап тұрғаны еді:

«Жылап жатқан жас бала,
Мұсылманға бас бала,
Айналайын қарағым,
Жәдігерім көрдің бе?»
Жәдігер сонда қарады,
Бабасын тани қалады:
«Немереңді танымай,
Көзің неден ағарды?
Астыңа ат міндің бе?
Үстіңе киім кидің бе?
Өз келінің тойында
Қызық дәурен сүрдің бе?
Ұлтан патша болғанға

Қуаныш қылып келдің бе?
Шешемді алам дегенге,
Төбең көкке тиді ме?
Иә болмаса, жан баба,
Әкемнен хабар білдің бе?»

Құлтай баба:

— Е, шырағым, сен бе едің, сүйінші! — деп, балаға көкпарын беріп, жүріп кетті. «Әкең келді» деп айтуды ұмытып кетті. Жәдігер ойлады: «Менің көкпар шабатын заманым болса, өстіп жүрем бе, бұл көкпарды Қарлығаш апама апарып берейін, жігіттерге асып берсін», — деп, мойнында кісен, аяғында шынжыр, құнан атанды сүйретіп, ауылға алып жүрді. Мұны ауылда тұрып Ұлтан хан көріп: «Бөрінің баласы бөрілігін қылады екен, шешесімен бірге жатқанда бір күні мені өлтіреді екен», — деп қауіп қылып: «Өлтіремін, бар, Қарлығаш, Жәдігерді алып кел», — деп Ұлтан құлдың Қарлығашқа келіп айтып тұрған сөзі екен.

Келе жатқан баланы
Ұлтандайын ханыңыз
Ауылда тұрып көреді.
Баланың күшін көргенсін,
Тек жүрмесін білгенсін,
Қарлығашты жұмсады.
Жұмсағаны құрысын,
Жұдырықпен бір салды:
«Тұр, Қарлығаш, сен, — деді. —
Үкіміме көн, — деді. —
Жәдігеріңді алып кел,
Өлтіремін мен», — деді.
«Өлтіремін» дегенін
Қарлығаш тәуір көрмеді.
Жалғызын ұстап бере алмай,
Ботадай боздап еңіреді:
«Ұлтан атты төреміз,
Айдауыңа көнеміз.
Бірге туған жалғызды
Қайтіп ұстап береміз?
Ұлтан атты бегіміз,
Тараған жоқ па кегіңіз?
Екі бірдей қос жетім
Қолыңызда келеміз.
Ерік өзінде болғансын,
Не қылсаң да көнеміз.

Ашуың кетпей бойыңнан,
Кегің кетпей ойыңнан,
Бес байталдық құл еді

Бұрынғы ата-тегіңіз.
Құл болсаң да бүгінде
Болдың ғой біздің бегіміз.
Құлағы кесік қу құлым,
Теңгерілді кеміңіз.
Дәулет құс бастан ұшқасын,
Болдық қой әзір жеміңіз».
Есіткенсін бұл сөзді,
Ұлтанды ашу кернеді.
Суырып алып қылышын,
Қарлығашқа сермеді.
Қарлығашты бір ұрып,
Жәдігерге келеді.
Оны да салып қалады,
Жеті жасар балдырған
Жағасынан алады.
Бүркіттей-ақ саусағы
Тырыстырып барады.

Қарлығаш көріп, жүгірді,
Өкпесін алып қолына.
Ұлтанға жетіп келеді,
Таяқ жеген жетімді
Арашалай береді.
Әлі келмей Ұлтанның,
Араша беріп, жөнеді.

Қарлығаш сонда жылады,
Көзінің жасы бұршақтап.
Еңіреп тұрды егіліп,
Жәдігерді құшақтап:
«Көкпар шауып, қарағым,
Тұр ма еді әкең алшақтап?
Қарағым, сенің жолыңа
Құрбандық болып өлейін.
Еркелігің әлі бар,
Жәдігер, саған не дейін?»

Осыны айтып Қарлығаш,
Егіліп жылап күңіренді:
«Мен сияқты қарабет
Бозбалаға той қылып,
Асып берер күн бе еді.
Басымнан кетпей қамалым,
Таусылып тұр амалым.
Жаяу сүйреп көкпарды
Не қылғаның, қарағым?
Бозбалаға той қылып,

Асып берер жиын ғып,
Қай жақта қалған заманым?»

Жәдігер бала сөйледі:
«Қой, апажан, жылама,
Жылағанмен бола ма,
Күйіп-жанып тұрғанда
Жанымды жылап қинама!
Бір Құдайға жылайық,
Құдайды да сынайық.
Көрсеткені Құдайдың
Осы болса қайтеміз,
Өлейік те тынайық.
Ұлтан құлдан таяқ жеп,
Далада жылап тұрғаның
Бола ма бізге лайық?!»

Мұны көріп шыдамай,
Байыз қылып тұра алмай,
Жүгірді зарлап анасы.
Алдынан шығып, көрісті
Қызы менен баласы.
Үш мұңлының даусына
Байсын деген өзеннің
Күңіреніп кетті даласы.
Анасы сонда сөйледі:
«Байладың, Құдай, бағымды,
Сындырдың, Құдай, сағымды.
Ертелі-кеш зарлайсың,
Жәдігер, саған не қылды?»

Жәдігер сонда сөйледі:
«Тамаша тойға келгенім,
Тамашаны көргенім.
Құлтай бабам келгені,
Көкпарын маған бергені.
Көкпарымды көре алмай,
Малынан көкпар бере алмай,
Тамаша тойдың құрығаны,
Сонан соң құлдың ұрғаны.
Ұрғанын құлдың кек қылып,
Балаңның жылап тұрғаны».

Анасы сонда сөйлейді:
«Молдалар оқыр кәламды[1]
«Бисмилла» деп жол басын.

[1] Кәләм /араб/ — уағыз сөз.

Кәміл пірім қолдасын.
Абайлап, қалқам, көрдің бе,
Құлтай бабам дегенің
Әкең сорлы болмасын?»

«Қой, апажан, қорықпа,
Бір бәлеге жолықпа.
Менің әкем Алпамыс
Ақ сақалды болып па?»

«Бабай түкті бабасы
Алпыс амал берген-ді.
Ақ сақалды кісі боп,
Ордан шығып келген-ді.
Беті секпіл көрінсе,
Ор азабын көрген-ді.
«Балаң сондай» дегенсін,
Көрейін деп келген-ді.
Құлтай болып, қарағым,
Көкпарын саған берген-ді.
Бүгін жатып түс көрдім,
Түсімде ғажап іс көрдім.
Қуат жәрдем пірлерден
Сондай бүгін күш көрдім.
Жібек баулы ақ сұңқар
Қондырыппын қолыма.
Қалмаққа кеткен әкеңнің
Екі көзім жолында.
Жәрдем болып пірлерден,
Келетін күні болды ма?!»

Ұлтан ауылда тұрып, айқай салды:

— Улап-шулап далада тұрсыңдар ма, ана қозы кетті ғой, — деді Жәдігерге. Қарлығаш пен шешесі қала берді. Бала кісенмен шапқылап, қозыға қарай жүре берді. Қозыға жете алмай, аяғының тікенін шұқылап жылап отырса, бала мен қозының арасынан бір шұбар мінген диуана өте берді. Алпамыс көзіне түскеннен кейін Жәдігер бала мұсылман екенін танып, диуанаға қарап айтқан сөзі еді:

«Ей, диуана, жол болсын,
Жеке басың қол болсын,
Олжа басың мол болсын,
Атыңның басы шап-шақтай,
Садағың оғы бұршақтай,
Диуана, саған жол болсын!
Диуана, маған келе кет,
Мен сорлыны көре кет.

Егер сауап іздесең,
Жетімнен күдер үзбесең,
Сауап үшін қозымды
Бір қайырып бере кет.
Жүрейін десем, жолым тар,
Аяғымда кісен бар.
Басымда үлкен қайғы бар,
Мен бейшара кәріпке
Бір бал ашып бере кет».

Есіткенсін бұл сөзді,
Рахымы түсті басына,
Көзінен аққан жасына.
«Менің де жалғыз қарағым
Осындай болып жүр ғой», — деп,
Диуана келді қасына.

Ал Жәдігер сөйледі:
«Атың сенің жараулы,
Бүкеңдетіп желдің бе,
Қабағың да қатулы,
Түн ұйқыңды бөлдің бе?
Ел-жұртынан айрылған,
Қанатынан қайрылған,
Әкежаным, келдің бе?!
Ауызыңа қарасам,
Сұлуды таңдап сүйгендей.
Келбетіңе қарасам,
Қамқапты[1] таңдап кигендей.
Әкежан деп асылсам,
Мойыныңа мінгендей.
Мен сияқты кәріптің
Қадірін жақсы білгендей.
Кешегі ел ауғанда,
Ел табаны тайғанда,
Іште қалған жетімің
Мен қозыңа ұқсаймын,
Сен атама ұқсайсың.
Торайғырдың тоқтығы-ай,
Тоқ болады шоқтығы-ай.
Әлі сабыр қылғаның,
Әлі де шыдап тұрғаның,
«Жалғызда мейірім жоқ» деген,
Мейіріміңнің жоқтығы-ай».

1 Қамқап — қамқа терісінен тігілген бағалы қымбат киім, ішік.

Тауға біткен шие-ді,
Босатты бала жүйені.
Алпыс екі тамыры
Алпамыстың иеді.
Ат үстінен көтеріп,
Алдына алып, сүйеді.
Сүйсе, мейірі қанады,
Ат үстінен құлады,
Жатып есінен танады.
Басын сүйеп Жәдігер,
Қайрат беріп сөйледі:
«Садағың оғы асыл-ды,
Сүйегің, көке, жасыды.
Жалғыз ұлың Жәдігер,
Зарлап отыр қасыңда.
Көтерші, көке, басыңды!»

Көтеріп басын алады,
Жәдігерге қарады.
Алаудай ішін күйдіріп,
Ақша бетін сүйдіріп,
Мойнындағы шынжырын
Қолымен бұрып сындырып,
Алып тастап кісенін,
Енді алдына мінгізіп,
Жәдігерді қуантып,
Әудем жерге жүргізді.
Шұбарды беріп астына,
Төбесін көкке тигізіп,
Әкесінің барлығын
Тап сол жерде білгізді.

Ашуы кернеп Алпамыс,
Шұбарды мініп алады.
Ауылға қарай жөнеді,
Қозыға тастап баланы.
Ұлтан құлдың тұсына
Диуана болып барады.

Патшаның келіп тұсына
Алпамыс айтқан ғазалы:
«Ей, әу, Алла, Жаппар Хақ,
Кәләндерлер[1] киер пәндә[2],
Ау деген Аллаға пәндә.
Самарқанда Шаһизинда,

[1] Кәләндер /араб/ — диуана.
[2] Пәндә /парсы / — диуана киетін киім.

Су егесі Сүлеймен,
Сіздерден мәдет тілеймін.
Ей, Ұлтан бек, Ұлтан бек,
Еш мүйізің шыққан жоқ,
Әкім болып жұртты жеп!
Ау халахам, ау-хай.
Байлаудағы бедеу ат,
Астыңдағы алтын тақ
Я сенікі, я менікі.
Әу, Алла, диуанаңмын,
Диуана айтар бүгін зарын,
Төгіп айтар беттің арын.
Қатардағы нарларың,
Қазынадағы барларың
Тәңірі берсе, менікі,
Адам берсе, сенікі.
Әу Алла, диуанаңмын.

Отаудағы айымдарың,
Сөзден келер қайымдарың.
Еске түсер-ау айымдарың,
Әу Алла, диуанаңмын».

Ұлтан айтты:

— Мына диуананың ғазалы маған жақпайды, тұқ бермеймін, біреуің барып, қуып жібер! — деді. Диуанаға біреу келіп:

— Әй, диуана, патша ұрсып жатыр, жөніңе кет, — деді.

Енді Алпамыс топтағы адамның ана шетіне қарай жүре берді. Онда Алпамысты өз әйелі Гүлбаршын сұлу көріп: «Мына диуананың басындағы лыпасы[1] болмаса, құтты менің еріме ұқсайды екен-ау», — деп, өзінің қызметкер әйелі Мапия деген сақаудың қолына сегіз тіллә[2] беріп, «Ана диуанаға бал аштырып кел», — деді. Мапия сақау тілләні екі бөліп, жарымын ұрлап, дамбалының ауына түйіп: «Ейтен базайға байып, киім алып киейін, көңілім сүйген жігітпен ойнап-күліп жүйейін, диуананың ежуіне шиейін, төйтеуін беишем де аждық қылмаш», — деп, диуанаға тілләсін беріп тұрған жері. Алпамыс жынын шақырғандай болып айтқан сөзі еді:

«Ал, ер Домбай, ер Домбай,
Шақырғанда кел, Домбай.
Мұңды менен шерлінің
Ырымын шегіп бер, Домбай.
Сақау қатын баллары
Келер ме екен жарлары.
Айтқан сөзі бұл ма екен,

1 Лыпа — үстіге іле салатын жұқа киім.
2 Тіллә — күміс ақша.

Тойға келіп тұр ма екен.
Келер ме екен Алпамыс,
Келмес пе екен Алпамыс,
Ақылы көп қартамыс.
Бұл диуана келіпті,
Ол Гүлбаршын көріпті.
«Бал басы» деп біздерге,
Сегіз тіллә беріпті.
Бұл антұрған Мапия
Төртеуін ұрлап алыпты.
Дамбалына түйіпті,
Езуіне сиіпті.
Тілләмді бер, сақау қар,
Сары қызым біліпті.
Аруағымды айдармын,
Қол-аяғың байлармын,
Сүйтіп, сақау, жайлармын».

Ал Мапия сөйледі:
«Менің атым — Мапия,
Дидаңды алдым қапия.
Ашуданба, шияғым,
Кигізейін басыңа
Бес бидайық тақия.
Қой, айуағыңды айдама,
Қой-аяғым байдама.
Қимесем кебіс кимейін,
Алдия қайсын дидасы,
Денім шау боп жүйейін».

Әлқисса, Мапия сақау тілләсін берді. Сол уақытта Ұлтан хан бір дарақтың[1] басына жамбы қойып, кім атып түсірсе, Қарлығашты беретін болып, бәйге тігіп жатыр еді. Бірқатар жігіттер Ұлтанға келіп:

— Е, тақсыр, тамашаның бәрін көрдік, енді бір күн өлең айттырсаңыз болар еді, — деді. Онда Ұлтан хан:

— Мақұл, жігіттер, кім өлең айтса, «бек болдың» деп, мені мақтап айтсын, — деді.

Ешкім мақтап айта алмады, айтуға бата алмады. Сонда Ұлтанның Бадамша деген сақау қатыны келіп, баяғы Мапия сақауды қосып алып: «Ұйтан бегіме лайық өйеңді өжім айтамын», — деп, екі сақау қосылып, тойды бастап, айтып жатқан аужар өлеңі екен.

«Айдай, айдай, жай-жай,
Айдын көлді жағайай
Қаз баяй-ай, жай-жай.
Заманымда хан болды

1 Дарақ /парсы/ — ағаш.

Ұйтан бегім, жай-жай.
Мақтап-мақтап өйең айт
Бозбаялай, жай-жай.
Күй тайтамын шыбызғы
Тесігінен, жай-жай.
Шошынады жас бая
Бесігінен, жай-жай.
Патшаны мақтап айт
Өйенінде, жігіттей,
Теңге айашын патшадан
Кешегінен, жай-жай.
Бадам ханым киеді
Би-би башып, жай-жай.
Қағыса бей, бозбая,
Есік ашып, жай-жай.
Патшайыққа Ұйтанның
Міні бай ма, жай-жай.
Жүйдік пенен тұйпайдың
Сыны бай ма, жай-жай.
Құдай бейген дәулеттің
Айқасында, жай-жай.
Жәдігейді асамыз
Ейтен дайға, жай-жай.
Айт дегеннен айтамын
Әй, Күйбайшын, жай-жай.
Жақынияқ қасыма
Кей, Күйбайшын, жай-жай.
Құдай бейген дәулеттің
Айқасында, жай-жай.
Біздің жайға тоқай боп
Жүй, Күйбайшын, жай-жай.
Елім көшей Байсынды
Төмен ағып, жай-жай.
Байбөйі бай өзі жүй
Түйем бағып, жай-жай.
Айнанайын Құдайдың
Дәулетінен, жай-жай.
Қайығашты бейеміз
Бәйге тігіп, жай-жай».

Әлқисса, сақау осыны айтып, көңілі тасып:

— Ей жігіттей, бағанағы диуананы ейтіп келіңдейші, би-екі-үш өлең айтып, кеудешіне теуіп, жөніне жібейейін, — деді. Сонда біреуі барып диуананы ертіп келді, сондағы екеуінің айтысы еді.

Бадамша айтады:

«Айшық мүйіз ақ сейке,
Қойды бастай, жай-жай.
Бейі қыпша жігіттей
Тойды бастай, жай-жай.
Бізді мақтап өйең айт,
Бек болдың деп, диуана.
Кеулі кейсе Бадамша
Теңге тастай, жай-жай».

Алпамыс айтады:

«Бисмилла» деп өленді
Көп айтамын, жар-жар.
Асықпасаң, тойыңа
Кеп айтамын, жар-жар.
Мәні-жайын қандайын
Білгенім жоқ, жар-жар.
Ел қыдырған диуана
Нені айтамын, жар-жар?»

Бадамша сақау:

«Бисмийдә» деп өйенді
Көп айтыңыз, жай-жай.
Асықпасаң, тойыма
Кеп айтыңыз, жай-жай.
Тоқай бойған Күйбайшын
Білмеймісін, шикін-ау,
«Құтты болсын тоқайың»
Деп айтыңыз, жай-жай».

Алпамыс:

«Бисмилла» деп тойыңа
Келе алмаймын, жар-жар.
Байың тегін берсе де
Сені алмаймын, жар-жар.
Әлі де болса сен күңсің,
Ол Гүлбаршын бәйбіше,
Сен бәйбіше болады
Дей алмаймын, жар-жар».

Бадамша:

«Бижияма, шикін-ау,
Бижиама, жай-жай.
Миың кетіп басыңнан

Қайжияма, жай-жай.
Ұйтан бегім төбеңді
Ойып қояд, жай-жай.
Бет алдыңа бижиап
Сандияма, жай-жай».

Алпамыс:

«Сен де шаптың бәйгеге,
Мен де шаптым, жар-жар.
Ашуланып бетімнен
Иттей қаптың, жар-жар.
Өлгеніңше мақтайсың
Ұлтан құлды, сақау қар,
Ұлтан құлдан сен қанша
Пайда таптың, жар-жар?!»

Бадамша:

«Сен де шаптың бәйгеге,
Мен де шаптым, жай-жай.
Кейіспедің, бетіңнен
Иттей қаптым, жай-жай.
Мен мақтамай, кім мақтайд
Ұйтанымды, жай-жай.
Заманымда дидадан
Шашбау тақтым, жай-жай».

Алпамыс:

«Өлең айтып алдыңнан
Есейін мен, жар-жар.
Бұл Байсынды жағалай
Көшейін мен, жар-жар.
Заманыңда тағыпсың
Тіллә шашбау, жар-жар.
Осы тіллә шашбауды
Кесейін мен, жар-жар».

Бадамша:

«Өйең айтып айдымнан
Жейдей ешші, жай-жай.
Бұл Байсынды жағадай
Ейдей көшші, жай-жай.
Шашбау түгі дамбайым
Бауы жібек, диуана.
Неғылады тісіңмен
Тістеп шешші, жай-жай».

Алпамыс:

«Жүруші едің, Бадамша,
Отым жағып, жар-жар.
Жүруші еді Ұлтан құл
Малым бағып, жар-жар.
Қалай-қалай сөйлейсің,
Ей, сақау қар, жар-жар.
Өлтірейін астыңа
Қазық қағып, жар-жар!»

Сонда сақау орнынан қарғып тұрып:

— Диуанасы да құйсын, өйеңі де құйсын, бұл кім өжі, өйең айтбаймыз, — деп, жұртты тарқатып жіберді. Сондағы Алпамыстың айтып тұрғаны:

«Ей қатындар, қатындар!
Кең сарай үйде жатыңдар.
Өлеңіңді айтыңдар,
Таң атқансын қайтыңдар.
Айтқызармын өленді,
Тартқызармын күйіңді.
Үйде көрдің түрімді,
Тыста көрдің түрімді.
Өңкей ғана сақау қар,
Қайнатармын сорыңды.
Құрытармын шараңды,
Улатармын балаңды.
Ойламадың Құдайды,
Өңкей надан сақаулар.
Ау халам-ау, ау-ай!» —

деп атының басын бұрып алып, Гүлбаршын сұлудың тұсына келіп, «келін» деп өлең айтып, екеуінің айтысып тұрған жері:

Алпамыс:

«Жаңа көрдім Байсынды,
Жерім деймін, жар-жар.
Жаңа көрдім Қоңырат,
Елім деймін, жар-жар.
Біз бір мейман тұсыңа
Келе қалдық, жар-жар.
Екі-үш ауыз өлең айт,
Келін деймін, жар-жар».

Гүлбаршын:

«Диуана, дедің бізді
«Келін» деймін, жар-жар.
Өлең сөзге айт десең,
Ерінбеймін, жар-жар.
Жеті жылдай қақсадық
Екі жетім, жар-жар.
Құдай бізге бермеді
Өлім деймін, жар-жар».

Алпамыс:

«Келін-ау, мына сөзің
Көрім деймін, жар-жар.
Не себеппен тілейсің,
Өлім деймін, жар-жар?!
Ә дегеннен аузыңа
Өлім түсті, жар-жар.
Ұлтан құлда кетті ме
Кегің деймін, жар-жар?!»

Гүлбаршын сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
«Етегім бе, жеңім бе,
Өлең менің теңім бе?
Айналайын Құдай-ау,
Осы менің бегім бе?!
Құдай салсын аузыма,
Бегім келсін қасыма.
Айналайын Құдай-ау!
Жалғызымның даусы ма?!
Абырой берсін сөзіме,
Көрінеді осы адам
От-жалын болып көзіме.
Айналайын Құдай-ай,
Осы тұрған диуана
Жалғызымның өзі ме?!»

Алпамыс:

«Ендеше, Гүлбаршын, сен той тойладың,
Той-тойлап жүргеніңде нені ойладың?
Сұрайтын енді сенен бір сөзім бар,
Бедірек құлыңменен неше ойнадың?»

Гүлбаршын:

«Белгілі осы Байсын жерім болсын,
Жарқырап жалғыз ұлым керім болсын.
Сөзіне сол құлыңның құлақ салсам,
Некелеп әкем келіп ерім болсын».

Алпамыс:

«Бір Құдай куә болсын сырымызға,
Қосылар күн бар ма екен жарымызға.
Сақтапсыз жеті жылдай орнымызды,
Ырзамыз сізге берген малымызға».
Осыны айтып Алпамыс,
Қатынымен көрісіп,
Амандасып, білісіп,
Еш адамға білдірмей,
Халықтың бәрін бүлдірмей,
Басылар емес көңілі
Ата-анасын күлдірмей.
Енді атына мінеді,
Жамбыға қарай жүреді.
Кетіп бара жатқанда
«Ой, қозым», —деп зарлаған,
Саулы іңгендей аңыраған
Бір адамның дауысы
Құлағына келеді.
Құлақ салып қарады
Алпамыс берен баласы.
Осынша шыдап жүргені
Ақылының данасы.
Арқасында отыны,
Көкке қарап қақылдап,
«Жалғызым», —деп тақылдап,
Жылап-еңіреп келеді
Бейшара болған анасы.
Келе жатып сөйледі:
«Иіні құрғыр тартасың,
Қымқапты қашан киесің?
Ерні құрғыр қышисың,
Баланы қашан сүйесің?
Көзі құрғыр тартасың,
Жалғызды қашан көресің?
Құрып қалған қу емшек,
Нені көріп иесің?»

Әрқайсысын бір айтып,
Босатты кемпір жүйесін.

Аналықтай бәйбіше
Саңырау екен құлағы,
Тарс етіп барып ашылды
Жаңадан парлап бұлағы.
Анасын көріп Алпамыс,
Шыдай алмай, жылады.
Емгендей болып емшегін,
Көзінің жанды шырағы.
Енді атынан түседі,
Есепсіз батыр кісі еді.
«Жалғызың келді, ана», — деп,
Құшақтап алып қысады.
Аналық атты бәйбіше
Құлағы желдей ашылды.
Дұшпанның кеулі басылды.
Анасы мен баласы
Ботадай боздап қосылды.
«Ұлтан ханға барсам, — деп, —
Жамбыны атып алсам», — деп,
Көңілі тасып, құлшынды.

Анасымен көрісіп,
Көздің жасын төгісіп,
Енді атына мінеді,
Жамбыға қарай жүреді.
«Диуана да келді», — деп,
Мазақ қып Ұлтан күледі.
Атайын деп оқталып,
Төсіне садақ тіреді.
Атып тастап жамбыны,
Ұлтанға жетіп келеді.
Етегінен ұстады,
«Бәйгемді бер», —деп қыстады.
Мастанып тұрған Ұлтан хан
Астына да қыспады.
«Антұрған құл, қарашы,
Алпамыс кімге ұқсады?»
Жалт етіп Ұлтан қарай сап,
Алпамысты тани сап,
Топтан шыға қашады.
Жібермеді Алпамыс,
Албастыдай басады.
Арттан келіп Жәдігер,
Найзаменен шаншады.
«Әке, маған бер, — деді, —
Қайратымды көр», — деді.

Баласына береді,
Артынан өзі ереді.
Тышқан алған мысықтай
Тамашасын көреді.
Домалатып ойнайды,
Үйге әкеліп байлайды.
Тез өлтірмей Ұлтанды,
Терісін сойып алады.
Тірсегінен тілдіріп,
Бәйтеректің басына
Салбыратып ілдірді.
«Кешегі ханың Ұлтан», — деп,
Көргеннің бәрін күлдірді.
«Жалғыз ағаң келді, — деп, —
Тілегіңді берді», — деп,
Сүйінші сұрап бір адам
Қарлығашқа білдірді.
Қарлығаш енді келеді,
Сүйіншіні сұраған
Бір түйе, бір ат мінеді.
Жақындасып, жанасып,
Бірін-бірі көреді.
Құшақтасып, көрісіп,
Беттерінен өбеді.
Үш мәртебе тіріліп,
Үш мәртебе өледі.
Басын сүйеп Алпамыс,
Бетіне суды себеді.
Маңдайынан сипалап,
Алпамыс айтқан кеп еді.

Сонда Алпамыс сөйледі:
«Жалғыз бауырым, Қарлығаш,
Басылсын мауқым, көзіңді аш.
Қырық арқан бойы зынданда
Жеті жыл жаттым болып аш.
Мамықтан жұмсақ боп кетті
Астымда жатқан қара тас.
Қызығыңды көрмедім,
Киім де әкеп бермедім,
Бекерге өтті-ау өмір жас.
Тігілгенсін бәйгеге,
Көзімнен ақты қанды жас.
Адамзаттың баласы
Болады екен мұнша қас».

Ал Қарлығаш сөйледі:
«Ырастан, көке, келдің бе,

Жалғыз балаң Жәдігер
Кісендеулі, көрдің бе?
«Қарағым» деп қалқайтып,
Алдыңа алып сүйдің бе?
Қызыл шоқ болып жайнадың,
Өлімге белді байладың.
Күймедің бе, күйдің бе,
Жеті жыл жатып зынданда
Тірімісің, өлдің бе?
Шулап жүрді құлағым,
«Қарлығаш қалқам» дедің бе?
Сол жерде жатып, көкешім,
Менің де қамым жедің бе?»


Қарлығаштың сөзіне
Жиылған халық жылады.
Тозып кеткен ел-жұртын
Тегіс жиып алады.
Тентегі мен телісін
Түзетіп, жөнге салады.
Атасы мен анасын
Боз биенің сүтіне
Шомылдырып алады.
Әкесін таққа мінгізіп,
Сыртынан өзі қарады.
Алпамысқа тілектес
Қаракөзайым баяғы.
Мұнан да күдер үзген жоқ,
Бір жылда екі барады.
Ерлікпен жетті мұратқа,
Еңбектің болып баяны.
Тыңдаған, халық, ырза бол,
Осымен бітті аяғы.




Бірінші мақам


Орындаған: Рүстембеков Бидас
Нотаға түсірген: Тоқжанов Төлепберген

орташа




2
Екінші мақам
25
Бай-бө-рі о-сы-лай деп жүр-ді жы-лап, Құ-дай дан кү-ні түн-ні
29
ба-ла сұ-рап. Сү-йе-гі сыр-қы-рай-ды Бай-бө-рі-ге, Бұл сөз-ге е-сіт-кен жан
33
қайыру
са-лып құ-лақ. Ту-ған-дай, ту-ма-са да қы-лай-ын деп,
36
Ұл-тан деп ол ба-ла-ның а-тын қой-ды е
40
Е А ой
44
е ей
48
Үшінші мақам
Бір түр-лі бол-ды нұс-қа-с(ы)ай, По-ры-мы мы-нау ба-ла-ның.
50
Ал-дым-да-ғы жақ-сы-лар, Кел-бе-ті-не қа-ра-ғын. Кеу-де-сі бол-ды ке-пе-дей,
53
Мұр-ны бол-ды төм-бе-дей. Кү-рек ті-сі кет-пен-дей, Кең-ір-де-гі-нің те-сі-гі-ай,
56
қайыру
Жү-гі-мен тү-йе өт-кен-дей. Е
59
А Е У ай.

Төртінші мақам



Бесінші мақам

4

92

қайыру

Бір са-ғат-та қайт-пақ-қа. Жа-қын-да-сып кел-ге-сің, Е-лін а-ман көр ге сің.


95

Қай-ғы-ның бә-рін ұ-мы-тып ей

100

105






«Алпамыс батыр». (С. Аққожаев нұсқасы)
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қоры. 50-бума, 2-дәптер.

Аққожаев Сұлтанбек *(1872 — 1963) — халық ақыны, жыршы. Бұрынғы Ақмола губерниясының аумағындағы Құланөтпес өзені бойында туған. Бала кезінде әкесі Түркістан өлкесіне, Қаратау маңайына қоныс аударып, сол жерде өсіп-өніп, дүние салған. Сұлтанбек жас кезінен-ақ өлең-жырға, өнерге әуес болады. Ол XIX ғасырдың екінші жартысында Оңтүстікте аса танымал болған Құлыншақ, Молда Мұса, Майлықожа, Майкөт сияқты атақты ақын, жыршылардың соңына еріп, көптеген жыр-дастандарды үйреніп, өзінше жаңғыртып, халық арасына таратады. Олардың арасында «Алпамыс», «Қобыланды», «Қыз Жібек», «Шора батыр», «Болат, Жанат» т.б. эпостық мұралар кездеседі. (Жыршының фотосуреті сақталмаған.)*



Қарақыпшақ Қобыланды батыр.
Қазан. Үміт баспасы, 1914.



Қобыланды батыр.
Суретші К.Я. Баранов.

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР

«Қобыланды батыр» жыры — тарихи мән-маңызы мен құрылымы жағынан классикалық эпос табиғатына сай келетін әлемдік фольклорлық мұраның алтын қорына қосылған қазақ батырлар жырының озық үлгісі. Жырдың басты тақырыбына ел мен жерді қорғау, азаттық, ерлік пен батырлық, ата-анаға қамқорлық, халыққа сүйіспеншілік, ғашық жарға, отбасына, Отанға адалдық сияқты адамгершілік ізгі қасиеттер арқау болған. Бүгінгі күнге жырдың әр дәуірдегі ақын-жыраулар мен жыршылардың ауыздан-ауызға тарату үрдісінде толығып, өңделіп, өзгеріп, жетілген 29 нұсқасы жетті. Олардың арасында Марабай, Мергенбай, Б. Толымбаев, Н. Байғанин, А. Байтабынов, Мұрын жырау, К. Елеманов, Ш. Қалмағанбетов, Қ. Аманкелдіұлы т.б жырлаған озық үлгілері бар. Эпосты алғаш Ы. Алтынсарин Марабай ақыннан жазып алып, 1860 жылы бір үзіндісін «Қырғыз хрестоматиясына» енгізген. Кейбір үзіктерін орыс зерттеушілері В.В. Радлов пен Г.Н. Потанин жариялады (1870 — 1990). Түрлі нұсқалары кеңестік және ел өз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі кезеңдерде сан мәрте басылым көрді.

«Қобыланды батыр» эпосы туралы Ә. Бөкейханов, М. Әуезов, С. Сейфуллин, Қ. Жұмалиев, Ә. Марғұлан, А.С. Орлов, В.М. Жирмунский, М. Ғабдуллин, Т. Сыдықов, Р. Бердібай, О. Нұрмағамбетова т.б. ғалымдар арнайы зерттеулер жазды. Томды баспаға дайындау барысында жырдың қолжазба нұсқалары, әр жылдары жарияланған үлгілері салыстырылып, ғылыми жағынан сараланды. Нәтижесінде оқиғалары қызықты, тілі көркем, халық арасында кеңінен танылған алғашқы Қазан басылымы (1914) таңдалды. Түпнұсқа Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында сақталған (Ш.1994-Вост.).

Бұрынғы өткен заманда Тоқтарбай деген бай өткен. Төрт түлігі сай өткен. Тоқсан тоғай толы малы бар еді. Ол малды бағатын тоқсан құлы бар еді. Тоқсан құлдың бастығы Естімше деген еді. Бұл Тоқтарбайдың еш перзенті жоқ еді. Мал иесіз болған соң Тоқтарбай тұрып жылайды, жад айтып енді Құдайды. Құдайдан бала сұрайды, әулиеге ат айтып, қорасанға қой айтып, шыбын жанын және айтып, етегін шеңгел сыдырып, әулие қоймай қыдырып, шаршап келіп жығылды. Пірлеріне сыйынды. Тоқтарбайға пірлері түсінде аян берді: «Орныңнан шапшаң тұр. Құдай саған перзент берді», — дейді.

Бір ұл, бір қыз береді,
Анық түсті көреді,
Кемпірге сөйлей береді:
«Құдай берді тілекті,
Қуантқай Алла жүректі».
Кемпір менен шал байғұс
Бір-біріне жолықты,
Ешнәрсе болмай, торықты.
Өлдім, талдым дегенде
Жаппар ие жар болып,
Бір нәрсе енді болыпты.
Тоқсанға келген Тоқтарбай
Әулиеге ат айтты,
Қорасанға қой айтты.
Шыбын жанын және айтты,
Тамам малын әм[1] айтты.

Сөйтіп, үйіне келіп, бірнеше күн өткенде, тоғыз ай, он күн жеткенде, алпыстағы Аналық толғатты, толғағы болды тым қатты. Бір қыз бенен ұл тапты, ұлы болды сымбатты. Тоқтарбай сынды байыңыз ел шақырып, той қылып, қаріп-қасерге[2] сый қылып, ұлына ат қойдырды. Жарлыжақыбайды тойдырды. Ұлдың аты — Қобыланды, қыздың аты — Қарлыға болды. Халық тойын жеп тарқасты.

Тоқтарбайдай байыңа,
Кеңіген енді секілді
Дүниенің тарлығы,
Көңілдің кетіп зарлығы.

Бала алты жасқа жетті. Мал бағуға ойланып, тобылғы меңді торы атқа мініп, жылқыға барып, Естімшеге қосылып, ит жүгіртіп, құс салып, мал бағып жүре берді.

Бір күні у-шу дауыс шықты. Қобыланды:

— Әй, Естімше, бұл дауыс не? — дейді. Естімше айтты:

[1] Әм /араб/ — және, тағы.

[2] Ғаріп-қасер /араб/ — кедей-кепшік, жоқ-жітік.

— Қызылбас жұртында Көклен деген кемпір бар, өзі патша еді. Сол кемпір: «Кімнің діні қуатты болса, соның оғы тиер», — деп, елдің ортасына биік баған қағып, басына алтын теңге тағып: «Мұны кім қағып түсірсе, қызым, сұлу Құртқаны соған беремін», — деп жатыр дейді. Әр жерлерден келген батырлар биіктігі жүз саржындай жердегі теңгені атып түсіре алмай жатыр, — дейді. Қобыланды:

— Мен барып атып түсірсем, кемпір маған қызын берер ме? — дейді. Естімше:

— Саған атып түсірсең де бермейді, — дейді. — Неге десең, Құдайдың зор дұшпаны — бойы қырық аршын Қызыл ер деген ер бар. Ол бұл қызға ғашық еді. «Мен оғым тисе де алармын, тимесе де алармын», — деп жатыр. Ол сенің оғың тигенменен де бермейді. Сенің бұғанаң өспеген, қабырғаң қатпаған, оған әлің келмейді, — дейді.

Сонымен бірнеше күн өтті. Бірнеше түн жетті. Күн, күн дыбыс басылмаған соң Қобылекең қисайып соған барды. Көз салып тұрды. Әркімдер атып, тигізе алмады.

Бір кезде кезек Қобыландыға келді. Саржаны[1] тартып қалғанда, теңге қақ бөлініп, жерге түсті. Мұны көрген соң, Көклен кемпір келіп:

— Әй, шырағым, мұсылман заттың баласы екенсің. Күштілігіңнен түсірген жоқсың, дініңнің асылдығынан түсірдің. Мен де сенің дініңе кірдім, қыз Құртқаны саған бердім, — дейді.

Тоқсан нарға жасауды артып, қыз Құртқаны ұзатып жатқанда кемпір айтты:

— Әйелдің бір тегі ерге дұшпан болатұғын, шырағым. Беліңді шешіп, сырыңды айтпағайсың, — дейді. — Қызымның тілі жоқ, сақау, құрт жеген ағаштай ақау. «Қылайын енді саған», — деп ашуланып қарай көрме бетіне, таяқ соға көрме етіне, — дейді де кемпір қала береді.

Бұлар жөнеле бергенде баяғы қырық кез Қызыл ер келіп килікті.

— Мен қарындасыма қырық күн ойын, қырық күн тойын қылмай жөнелтпеймін, — дейді. Қобыланды:

— Не ойнайсың, батыр? — дейді. Қызыл ер:

— Жерден теңге алмақ ойналық, — дейді.

Қобыланды «жарар» деп, тобылғы меңді аттың үстінен жердегі теңгені алып, шауып кетті. Қызыл ер аламын деп ала алмады, аты асау екен. Қобыланды:

— Әй, батыр, сіздің атыңыз асау екен. Мен жас күнімде, мынау аттың арқасына байлап шауып үйретіп едім. Сонан соң атым жуас болып кетті, — деп батырды алдап нандырды. «Батыр аңғырт, бай салғырт» деген сонан қалыпты.

Сонда Қызыл ер айтты дейді:

— Ендеше, менің де екі қолым, екі аяғымды сондай қылып байла, — деп, әм байлауға өзінің қанжығасын беріпті. Қобыланды:

— Сіздің қол-аяғыңызды бұл қанжыға ұстап тұра ала ма? — дейді. Қызыл ер:

— Мен ол қанжығамен талай дұшпанды байлап қарағанмын. Шаншар ханның заманындағы мыстан кемпірдің терісі. Ол үзілмейді, — дейді.

1 Саржа — садақтың бір түрі.

Қобыланды Қызыл ерді қанжығасыменен байлап, бұзау терісі кертартармен тартып қалғанда, бұл Шұбар ат ышқынып тулап ала жөнеліп, батырды тау менен тасқа соғып өлтірді. Сол уақытта қыз Құртқа:

— Қызыл ердің Ағанас, Тоғанас деген екі кішкене баласы бар. Соларды өлтіріп кет. Олар тірі қалып, ер жетсе, әкесінің кегін алмай қоймас, — дейді.

— Олар өскенше кім бар, кім жоқ, — деді де Қобыланды жүре берді.

Бұлар көшіп келіп, бір жерге қонды. Қонған жері көп жылқының іші еді. Сол жылқының ішінен қыз Құртқаның көзі бір биеге түсіп:

— Әй, батыр, мына биені мені берсеңіз де алыңыз, — дейді. Қобыланды:

— Сені берсем, бір рулы елдің малын алмаймын ба? — дейді. Құртқа:

— Мұның ішінде тұлпардан пайда болған бурыл құлын бар, — дейді, — Аман-есен құлындаса, сол құлынды ат қылып, саған берермін. Астыңыздағы торы ат жауға, дауға мінуге жарамайды, жабының баласы.

Сонан соң батыр:

— Жылқының иесі кім екенін білейін, — деп, бір таудың етегінде ұйықтап жатқан жылқышыларға келіп:

— Бұл кімнің жылқысы? — дейді. Тоқсан құлдың бастығы Қаракөшек деген:

— Сәлімбай байдың жылқысы, — дейді. Жөн-жосығын сұрай келгенде, әкесі Тоқтарбайдың інісі болып шықты. Қобыланды батыр Көшекке:

— Сәлімбайға барып, іниіз үй ұзатып келе жатыр екен. Тоқсан нарды артуыменен алсын да кәрі көк Бурылды берсін деп айтты деңіз, — дейді. Қаракөшек байға барып, Қобыландының айтқан сөздерінің бәрін айтты.

Сәлімбай сонда сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
«Айналайын іниміз,
Туған екен күніміз,
Болмасын біздің мініміз.
Жасаған ие жар болып,
Қолтығыңнан демесін
Қырық шілтен ғайып піріміз.
Айтқаның, Көшек, әй, рас па,
Жағып кетті құлаққа.
Биенің несін аяйын,
Шырағым жетсін мұратқа.
Өтірік айтып, Көшегім,
Қалып жүрме ұятқа.
Жүк саламын шанаға,
Үш әйелім бар еді,
Ортаншысы жүкті еді,
Арнап едім мен оны
Ішіндегі соның балаға.
Тайдың несін сұрайды,
Әкете бермей далада.
«Қалауымды алдым», — деп,

Мақтанып барсын алдына
Тоқтар сынды ағаға».

Сәлімбай сөйдеп айтқан соң,
Көшек шауып жөнелді,
Жауабына кенелді,
Бұл да айтулы ер еді.
Сәлімбайдың сөздерін
Бұлжытпай айтып береді.
Қобылан сынды еріңіз
Биені алып, жөнейді.
Тілекті Құдай береді,
Қыз Құртқаға келеді.
Айналдырып биені,
Көзін салып көреді.
Желіні жеткен биенің,
Жақсылығы болсын иенің.
Биесі құлын табады,
Табанын жерге тигізбей,
Маңдайын күнге күйгізбей,
Киімге орап алады,
Жақсылап Құртқа бағады.
Аяқтанып алған соң
Көк ала бие қасында
Айнала құлын шабады.

Бірнеше күн өткенше құлын мен биені сонда бағып, жата береді. Құлын енесіне тоймайды. Қырық қысырақтың үйірін айдап әкеліп, сауып ішкізді. «Армасын, талмасын» деп, жеміне қызыл дәрі қосып жегізді. Құлын әбден аяқтанып болған соң бұлар көшіп елге келіп, отауын әкесі Тоқтардың ордасының жанына әкеліп тікті. Қобыланды:

— Әй, әке, мен кеткелі малдың аман-жаманын білесіз бе? — дейді. Тоқтар айтты:

— Әй, шырағым, мен сені малда жүрген шығар деп едім, қайдан білейін, — деді. Мұны естіп Қобыланды үйіне түспей, ашытқан балын ішпей, Қараспан таудың етегінде жатқан Естімшеге қосылып, ит жүгіртіп, құс салып, мал қызығыменен жүре берді.

Сол уақытта «Қырық мың үйлі қият» деген елдің ішінде Сайым деген бай болып, оның Қараман деген баласы бар еді. Қобыланды туған жылы дүниеге келген жылдас, жасы құрдас еді. Сол Қараман қырық мың кісі алып, ақ-қара бас ту алып, Қарақозы, Аққозы, Қосдәулет, Қарабұқан жауырыншы — соларды алып, қалмақтан Қазан деген ер шығып, қазақтың жерінен Қырлықала, Сырлықала деген екі қала салып, мұсылманның жерін алды дегенменен аттанып келе жатыр еді. «Қарақыпшақ Қобыланды батыр Қараспан тауда Естімше құлменен ит жүгіртіп, құс салып жатыр» дегенді естіп, Қараман: «Жылы жылдас, жасы құрдас еді. Соған бара кетелік, жүрсе, ала кетелік», — деп, жолдастарымен Қобыланды батыр

жатқан жерге келіп қонды. Қобыланды оларға қос басына бір-бірден ту бие сойып берді. Ертеңіне жүрейін деп жатқанда Қараман сөйлейді.

Қараман сонда сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
«Сайымның ұлы Қараман,
Мен Қазанға барамын.
Жүрмеймісің, құрдасжан,
Қолағалық қыламын.
Замандасым, мұңдасым,
Жасың бірге құрдасым,
Жылың бірге жылдасым,
Сен шыққан соң, құрдасым,
Білемін дұшпан оңбасын.
Қазан салған шаһарға
Сапарланып жол шектім,
Жүрмейсің бе, жолбарысым?»

Сонда Қобылан сөйлейді,
Ителгі құстай іледі,
Сүйкімді назбен күледі:
«Барар-бармас жолымды
Үйдегі Құртқа біледі».
Сұрағалы Құртқадан
Естімше құл жөнелді.
Базарда бар ақ мата,
Ойнақтайды жас бота,
Бұл сөзімде жоқ қата.
Қобыландының қасынан
Естімше шықты ел жата.

Тоқтарбайдың жанында
Құртқа тіккен отауға
Естімше тыстан сөз қатты,
Күн шыққан жоқ, таң атты.
«Үйдемісің, қыз Құртқа,
Түздемісің, қыз Құртқа?
Әйел де болдың айла жоқ,
Әгар еркек болғанда,
Болмас па ең тұлға бір жұртқа.

Іс тағдырға сызылды,
Мінгенде аты қызыл-ды.
Жарлының аты кез келсе
Ұрының құрығы ұзын-ды.
Жол қылмаққа дұшпанға
Арыслан көңілі бұзылды.

Мінуге керек қазанат,
Белге керек шарболат[1],
Денеге керек жалаңқат[2],
Жаппарға жаны аманат.
Жалғыз емес Қобылекең,
Қияттан шықты қолғанат.
Батыр мініп шығуға
Жарады ма, Құртқа, Бурыл ат?»

Естімшеден бұл сөзді
Естіген соң қыз Құртқа,
Қылаң етіп, қылт етіп,
Сылаң етіп, сылт етіп,
Алтын шашбау қылт етіп,
Шекеде шоғы жылт етіп,
Саулы іңгендей ыңқылдап,
Күшігендей сыңқылдап,
Сүмбіледей[3] жылтылдап,
Алтын қалпақ, жез телпек,
Көтеріп Құртқа сөйледі
Естімше құлға былқылдап:
«Дүние деген адам ит
Пенде тоймас іңкәрға.
Екі тоқты, бір саулық
Жарамай ма қырқарға.
Жұмсады ма сіздерді
Үйдегі нашар тұлпарға?
Тұлпарына жұмсаған
Көп құлдық бас сәлем айт,
Халық иесі сұңқарға.
Құрбы менен құрдасқа,
Заманы бірге мұндасқа,
Мінемін көшке көк қасқа,
Саламын қамшы жамбасқа,
Бөрі де қастық қылмайды,
Соңынан ерген жолдасқа.
Бәдік пенен той басқа,
Ешкі менен қой басқа.
Шайтан менен жын басқа,
Туған ұл мен құл басқа.
Жұмсады ма сіздерді
Біздей нашар жолдасқа?
Жолдасына жұмсаған

[1] Шарболат — қайыс бауға ілгек арқылы бекітілген шарайнасы бар белдік.
[2] Жалаңқат /көне/ — соғыс кезінде денеге киетін темір сауыт.
[3] Сүмбіле — тамыз айында көрінетін жарық жұлдыз.

Көп құлдық бас сәлем айт,
Халық иесі жолбарысқа.

Құлын Алла алмасын,
Алды-артымды шалмасын.
Тілімді алса, сұлтаным
Бұл сапарға бармасын,
Бұл олжадан алмасын.
Көп жылайды дегейсің,
Үйдегі нашар жолдасың.
Асқар тауда белдік бар,
Құдірет, сізде кеңдік бар,
Құрдаста қанша елдік бар.
Тілімді алса, бармасын,
Сұлтаныма сәлем де,
Біздің баққан Бурылда
Қырық үш күндік кемдік бар».

Ақылды туған қыз Құртқа
Бұл жауаппен жіберді.
Асаулар үзер шідерді,
Аттан бір үзді күдерді.
Аттан күдер үзген соң,
Қараман сынды құрдасы
Қайрап-қайрап батырды,
Қатынға қайта жіберді.

Қараман сонда сөйлейді:
«Бұл барғаннан барсақ біз,
Сол Қазанды өлтіріп,
Шаһарын бұзып алсақ біз.
Сұлуынан қызылбас
Қойынға бір салсақ біз.
Есіктің алды ебенек[1],
Ерлер киер кебенек[2],
Өлген кісі келе ме,
Алғанын Тәңірім бере ме?
Әр талапқа шығарда,
Қатынға ақыл салсақ біз,
Айналайын құрдасжан,
Қатын да емей немене?»

Сонда тұрып Қобылекең,
Тері бір тамып иектен,
Түгі бір шығып білектен.

[1] Ебенек — өсімдік, шөп.
[2] Кебенек — киізден жасалған киім.

Жаны бір тулап жүректен,
Ордалы құлан ұйлықса,
Малақай болар үйектен[1].
Қараманның бұл сөзі
Өтті бір келіп сүйектен.

Сөз сүйектен өткен соң,
Топшақ атқа ер салып,
Ақ алмасқа қол салып,
Шапты батыр ауылға.
Найзасын ұстап бармаққа,
Аттанбаққа қалмаққа.
Әгар келсе үйіне,
Еш жазығы жоқ еді,
Келе жатыр бұл батыр
Үйде отырған Құртқаның
Басын кесіп алмаққа.

Дарбазалы тесікті,
Пайғамбардай несіпті,
Үйде отырған қыз Құртқа,
Аттың дүбірін есітті.
«Атта шапқан кім болсын,
Сұлтаным шығар», — десіпті.
Ашыпты Құртқа жабықты,
Жабықтан көзін салыпты,
Салса, ерін таныпты.
Еріне болған қыз Құртқа
Ат үшін енді жазықты.
Батырдан Құртқа қорыққан соң,
Төмен қарап, жер шұқып,
Өксіп жылап, қамықты.

Енді Құртқа сасады,
Бетінен қаны қашады,
Оң етегін басады.
Сасып жүріп жөн тауып,
Түтікпенен су берген,
Түндікпенен күн көрген,
Төрде тұрған Бурылдың
Басын шешіп алады.
Алып, атты жетелеп,
Алдынан қарсы барады.

Бурыл емес көк дөнен,
Туғалы түзді көрмеген.

[1] Үйек — малдың құрсақ терісі.

Түнектен шыққан Тайбурыл,
Айдалаға шыққан соң
Түлкідей көзі жайнайды,
Қаруы сыймай қайнайды.
Он екі құлаш кезеңнен
Бурыл атып ойнайды.
Алдында жатқан көк тасты
Сулығым деп шайнайды.
Бурыл көкке екі ұшты,
Салмағымен қыз Құртқа
Алып жерге бұл түсті.
Жазығы әйел демесең,
Құртқа-дағы тым күшті.

Отырып Құртқа жылайды:

«Асқар таудың белдігі,
Алланың көп-ті кеңдігі,
Аздың жоқ-ты теңдігі,
Құрдастың жоқ-ты елдігі.
Шығар едің аспанға,
Мен қайтейін, Бурыл ат,
Қырық үш күннің кемдігі».

Кентті жердің жиылса,
Үзілмейді базары.
Қайда қалмас жігіттің
Өлгеннен соң мазары.
Бурылды көзі көрген соң
Құртқадан қайтты азары,
Бурылға түсті назары.

Сонда Қобылан сөйлейді:

«Қыс қыстауым қыстаппын,
Жаз жайлауым жайлаппын.
Бүйтіп жүрген Құртқамды,
Ақылым жоқ мен ақымақ
Шауып тастай жаздаппын».
Құстөсектей мамық-ты,
Арпа, бидай қабықты,
Батыр жақын келген соң
Наз айтса да, қорықса да,
Төмен қарап, жер шұқып,
Өксіп жылап қамықты.

Сонда Қобылан сөйлейді:

«Құстөсекті мамықты,
Арпа, бидай қабықты.
Наз айтса да қыз Құртқа,
Мені көріп, қамықты.
Қараңғы түн ішінде
Шығар едің жарыққа,
Осы кеткен сапардан,
Есен барып, сау келсем,
Әйел де болсаң басыңды
Хан қылармын халыққа».

Қобыланды және сөйлейді:

«Қызыл тілім шешен-ді,
Қатарда басым көсем-ді.
Артық туған, Құртқажан,
Атың әйел десем де,
Халықтан кетер жауапсыз
Менің көзім тіріде
Ердің құнын жесең де.
Құртқажан, неге қамықтың,
Жолбарысың мен есенде?»

Сонда Құртқа сөйлейді:

«Айдын көлден қуаттым,
Керектер болып өтініне
Ойынға балық шығады
Жазғы судың шетіне.
Сіздер — сұңқар, мен — шәулен[1],
Сіз алыстан келгенде
Ажырайып қарарға
Жарармын ба бетіңе?»

Сонда Қобылан сөйлейді:

«Жылқы ішінде аламын,
Қылшаң жүнді қарамын.
Аға менен інім жоқ,
Мен байғұсқа тыным жоқ,
Жеке туған дарамын.
Тоқтарбай мен Аналық
Әулиеге ат айтып,

[1] Шәулен — аналық бүркіт.

Қорасанға қой айтып,
Шыбын жанын және айтып,
Тілеп алған баламын.
Өкпелеме, қарағым,
Шал-кемпірдің қойнына
Жатайын деп барамын».

Қамшы басты Қобылекең
Тобылғы сынды жорғаға.
Дөңгелеп келіседі
Тоқтар тіккен ордаға.
Көлге біткен желкен деп,
Бүршігі жоқ тікен деп,
Ордада тұрған кемпір-шал,
«Келеді қозым екен», — деп,
Жүгіріп шықты далаға,
Көзі түсті балаға.
Бірден келіп екеуі
Шылбырына шырмалды,
Шылауына оралды,
Оң тізгінін қолға алды.
Өлгенде көрген жалғызға
Шәрбаттың суын ішкізді.
Және айналып, толғанып,
Кезек-кезек қолға алып,
Қобыландыны кемпір-шал
Күн батпай-ақ жатқызды.

Жатқызады көрпе-төсекке,
Онда Қобылан тек жатты.
Тілеп алған Қобылекең
Кемпір-шалдан дәм татты.
Ол уақытта пенде жоқ
Қобыландыдай сымбатты.
«Өзіме қара, қалқам», — деп,
Ірге жақта шал тартты.
«Өзіме қара, қозым», — деп,
Оң жақта кемпір бұл тартты.
Ортасында Қобыланды —
Алма-кезек жұмарлап,
Жиырма төрт келген сағатта
Кірпігін қақпай таң атты.

Таң сарғайып атқанда,
Таң шолпаны батқанда,
Шал-кемпірдің қойнында
Қобылекең ұйықтап жатқанда,

Тайбурыл атқа ер салып,
Аз ғана азық, жем салып,
Бәйгеден келген көк дөнен
Түк ұйқыны көрмеген,
Ақ орданың алдынан
Бурыл атты жетелеп,
Өткізді Құртқа көлденең.
...Тайбурыл атқа мінеді,
Үстіне сауыт киеді.
Беліне семсер іледі,
Алладан медет тіледі.

Көп қосыннан соң қалып,
Қобыланды гулеп жөнелді.
Тоқсанға келген Тоқтарбай,
Алпыстағы Аналық,
Қарындасы Қарлыға,
Алған жары қыз Құртқа —
Төртеуі қалмай соңынан,
«Кескілеп кет, — деп, — қолыңнан»,
Қобыландының артынан
Төртеуі жылап келеді.

Түстік жерге келгенде
Қарлыға сонда сөйлейді:
«Халық ұйғарса, қалмайсың,
Көңілің сүймесе, бармайсың.
Құдай мінеп жаратты,
Балдағы алтын болатқа.
Ақсұңқар құс ұшады
Құйрығы мен қанатқа.
Жалғыз аға, жан көкем,
Талаптандың сапарға.
Саздыққа біткен қоқтымын[1],
Бөрік үстінде шоқтымын.
Осы кеткен сапардан
Көкем елге келгенше,
Ел-жұртын аман көргенше,
Артында қалған мен сорлы
Айтыңыз, көке, ниязға[2].

Көзге, көке, жас алдық,
Тағдырға ұсынып бас алдық.

[1] Қоқты — өзен, көл бойларындағы бұта, қамыс, құрақ қалың өскен жыныстық, пана боларлық жер.
[2] Нияз /көне/ — қайыр-садақа.

Көкем елге келгенше,
Ел-жұртын аман көргенше,
Артында қалған мен сорлы,
Болайық сенен тасаттық[1].
Басымда бар алтын шоқ,
Көкем барда көңілім тоқ.
Көкем елде болмаса,
Табаныма тиер шоқ.
Қарғаның жүні қаттасым,
Үйректің жүні оттасым,
Бірге туған сүттесім,
Қысылған жерде топ басым.

Таласып емшек еміскен,
Тай-құлындай тебіскен,
Бірге жатып, бірге өскен,
Кіндігімді бір кескен.
Тоғай толған түйеңді
Жан көке, кімге тапсырдың?
Желі толған жылқыңды
Тағы кімге тапсырдың?
Қора толған қойыңды
Және кімге тапсырдың?
Бәрін айт та бірін айт,
Тоқсандағы әкең Тоқтарбай,
Оны кімге тапсырдың?
Алпыстағы Аналық
Әжеңді кімге тапсырдың?
Қарындасың Қарлыға,
Мен сорды кімге тапсырдың?
Қасыңдағы мұңдасың,
Төсекте жатсаң, сырласың,
Қияметтік жолдасың,
Көклен қызы Құртқаны
Ағеке, кімге тапсырдың?»

Қобылекең сонда тарықты,
Көп ескерді халықты.
Қарлыға даусы шыққан соң,
Шыдай алмай Қобыланды
Ақ найзаға сүйеніп,
Өксіп жылап, қамықты.
Қайта айналып қаз қонар
Ұя салған жеріне.

[1] Тасаттық — садаға, құрбандық.

Әркім де ойнап-күледі
Өзі қатар теңімен.
Көзден аққан қара жас
Қаныменен аралас,
Төмен қарап, жер шұқып,
Қарындасына көрсетпей,
Көзін сүртті жеңімен.

Және Қобылан сөйлейді:

«Тауда болар тарғыл тас,
Тарықса шығар көзден жас.
Арқаңды жапқан қолаң шаш,
Шырағым, сөзге құлақ ас.
Мен кешігіп, келмесем,
Сендерді мұнда тастамас,
Қараспан тауды жайлаған
Қалың қыпшақ қарындас.
Қарлыға, мен айналсам,
Ағызба жасты көзіңнен,
Сай-сүйегім босайды
«Көке» деген сөзіңнен.
Атадан тақ баламын,
Жауға кетіп барамын,
Әлдеқандай боламын.

Армансыз боп өтейін,
Қыз да болсаң бір тудың,
Нашарсынып нетейін.
Қарлыға, бұршы мойныңды,
Көкең сүйсін бетіңнен.
Айдын көлден қу аттым,
Керектер болып өтеннен
Ойынға балық шығады
Жазғы судың бетінен.
Еркек болсаң, қарағым,
Қалмас ең менің соңымнан.
Қыз да болсаң бір тудың,
Нашарсынып нетейін.
Мал сатамын базардың
Бояғы[1] мен бөзіне,
Салған жылқым тоқтайды
Арқаның сары көзіне,
Құлағың сал сөзіме.
Жаратқан Алла бір Құдай,
Жамандық берме өзіме.

[1] Бояқ — батсайы тәріздес қалың кездеме.

Айналайын Қарлыжан,
Тоғай толы түйемді
Сарысуға тапсырдым.
Желі толған жылқымды
Жасанған жауға тапсырдым.
Қора толған қойымды
Аш бөріге тапсырдым.
Азу тісі балғадай
Жас бөріге тапсырдым.
Тоқсанда әкем Тоқтарбай
Құдіретіме тапсырдым.
Алпыстағы шешем Аналық
Фатимаға тапсырдым.
Қарындасым Қарлыға
Қарашашқа тапсырдым.
Қосақ жарым қыз Құртқа
Палуан қызға[1] тапсырдым.
Сендер төртеу, мен жалғыз,
Бір Аллаға тапсырдым».

Кетерін әбден білген соң,
Бет қойып батыр жүрген соң,
Енді батыр Қобыланға
Сұлу Құртқа сөйлейді:
«Жылқы ішінде аласың,
Қылшаң жүнді қарасың.
Алды-артыңды жоқ қылып,
Жеке туған дарасың.
Ата менен анаңның
Әулиеге ат айтып,
Жылап көрген баласың.
Сөйткен бала тастар ма
Атасы мен анасын.
Тоқтамай кетіп барасың,
Жалғызымның шамасын.
Кетер болсаң, сұлтаным,
Енекемнің еміп кет
Төсінде екі мамасын.
Құдай қисық жаратты,
Кімнің тілін аласың?
Сабындаса ағармас,
Іштен туған қарасың.
Өз айтқаның болмаса,
Сөзге түспес баласың.
Дін білмеген дұшпанға
Сұлтаным, жалғыз барасың.

[1] Палуан қыз — Дариға қыз.

Қош, сұлтаным, аман бол,
Әлдеқандай боласың?

Асқар төбе бел дерсің,
Тайбурыл атпен желерсің.
Жақсы-жаман қадірін
Құртқаның сонда білерсің.
Тоқсандағы Тоқтарбай
Бұтында жоқ ыштаны,
Тізесіне тон жетпей,
Ақ табан боп көпірге
Қой баққанда келерсің.
Алпыстағы Аналық
Арқан есіп, жүн түтіп,
Құрт қайнатып жүргенде,
Сұлтаным, сонда келерсің.
Қарындасың Қарлыға
Абадасы[1] қолында,
Дастарқаны белінде,
Бөтен бір жаудың елінде,
Шай қайнатып жүргенде,
Бауырыңды сонда көрерсің.
Көк етіктің мықтысы,
Күзгі жердің шықтысы,
Сенен қалған мен сорлы,
Бір дұшпанның мықтысы
Аламын деп жүргенде,
Сұлтаным, сонда келерсің.

Мінуші едім ақтабан
Айтулы ер мақтаған.
Құданың ісі көп шығар
Өлмеген құлға сақтаған.
Қош, сұлтаным, аман бол,
Қайда жүрсең, аман жүр.
Мерген байлап оқ атар
Ұшқан құстың қойнына.
Иманды қол төс болар,
Қос, көл-көсір суына.
Бұл дүниеге іңкәрсің,
«Құртқамбысың» демейсің.
Аққа қарап жөнелсең,
Ысрапыл көпір аузында,
Пайғамбардың тойында,
Айналайын сұлтаным,

[1] Абада/көне/ — баскиімнің бір түрі.

Сорлы болған Құртқаңды
Еске бір сонда алғайсың».

Бұл сөзді айтып, қыз Құртқа қала берді. Қобыланды сол кеткеннен кете берді. Сонда Құртқа:

— Әй, енеке! Сізге мен ақыл айтамын: сіз сонау шоқ терекке барып, екі аяғыңызды көсіліп, екі емшегіңізді шығарып, балаңызды шақырып, «Шырағым, маманды еміп кет», — десеңіз, сізге келер. Келген соң әкесі, сіз, әм біз төртеуіміз етегінен ұстап, «Бізді кімге тастап барасың, тоқта, болмаса қолыңнан бізді өлтіріп кет», — деп жыласақ, әуелі Құдайдан, екінші сізден, үшінші бізден ұялып, қиып тастап кете алмас, — дейді.

Мұны естіп, кемпір бейшара елпең-елпең жүгіріп, алпысқа келген бейшара етпетінен жығылып, ау деп демін алып, екі емшегін шығарып: «Шырағым, Қобыланды, мұнда келіп, маманды еміп кет», — дейді. Қобыланды мұның ұстап жібермесін біліп, келмейді. Құдай тілекті бермеді. Сол уақытта Аналық әуелі Хаққа, екінші пірлерге тапсырып, осылайша баласына оң батасын берді.

«Әуелі Алла Хақ Жаппар,
Естідің бе сөзімді,
Жылатпа менің өзімді.
Он үш жасар Қобыланды,
Ерінбей сүйген көзімді.
Мұхаммед атты бір жалғыз,
Үмбетім[1] деп еске алғын,
Жалғызымның артынан.
Тар жерде еске ал өлімді,
Ғауыс, Ғияс — екі жар,
Омар, Осман шаһариар,
Жиырма сегіз пайғамбар,
Қырда Қызыр пайғамбар,
Суда Ілияс пайғамбар,
Бас-басыңа бір жандық,
Қолдамасаң, біз қалдық.
Асқар төбе бел кеттік,
Ата жөнін тербеттік.
Ықылас атты Шашты Әзіз,
Дем бермесең, біз кеттік.
Арғымақ ат мақтанса,
О да бір күн кез келер
Қаланың қазған орына.
Ақсұңқар құс мақтанса,
О да бір күн кез келер
Құсбегінің торына.
Осы кеткен Қобыланды,

[1] Үмбет — мұсылман дініне мойынсұнған адам.

Есен барып, сау келсе,
Егіз туған көк айғыр,
Жасаған, сенің жолыңа.
Егіз туған көк бұқа,
Пайғамбар, сенің жолыңа.
Егіз туған көк қошқар,
Қазірет, сенің жолыңа.
Бұл алпысқа келгенде
Қобыландыдай ұл тапқан
Мен бейбақтың соры ма?
Жалғыз қызым орыңа,
Жолықтырма зорыңа.
Үмбетім деп еске алсаң,
Мұхаммед атты бір жалғыз,
Осы кеткен қозымды
Тек тапсырдым қолыңа.
Адасып кетсе, соғып тұр,
Сыртынан қойдай бағып тұр.
Қозыма келген бәлені
Ықылас атты Шашты Әзіз,
Етегің жайып, қағып тұр.

Көл иесі Қамбар-ай,
Жол иесі Қамбар-ай,
Қазанға қайдан жол қылды,
Қараман деген заңғар-ай?
Қамбар, өзің қолдасаң,
Атадан тақ шырақты,
Қорғайтұғын кім бар-ай?
Ағын судың сағасы,
Оқа[1] — ердің жағасы,
Әулиелер ағасы.
Бұхар емес, жоғары,
Құмкент деген шаһары.
Тауықтары бақырған,
Есектері ақырған.
Молда, имам қасында,
Абадасы[2] басында,
Қойны толған қырандай,
Сұбхан Алла — ұрандай.
Етік киген шоңқайлы,
Жүйрік мінген оңтайлы,
Қара мылтық құндақты,
Түзу берен сандықты,

[1] Оқа — жібек және зер жіптермен тоқылған өрнек.
[2] Абада /көне/ — баскиім.

Өз қолыңа тапсырдым
Атадан тақ шырақты.

Он ай жүріп көтерген,
Омыртқамды бүгілткен,
Аязды күні айналған,
Айқара есік таянған.
Бұлтты күні бұралған,
Мұздай бесік таянған,
Даусы шықса, оянған,
Халық тілегін тілеген,
Өлгенде көрген көбеген[1].
Қабырғам жаздай қайысқан,
Қолым жездей майысқан,
Алсам, қолым талдырған,
Сүйсем, мейірім қандырған,
Денемнен шыққан балдырған.
Қыста мықты жылқы өлмес
Ойға біткен қамыстан.
Қалушы емес Тайбурыл
Қатар шапқан жарыстан.
Жақын емес, жалғызым
Жау іздеді алыстан.

Осы кеткен қозымды
Тек қолыңа тапсырдым,
Ғали атты арыстан.
Астында бар Тайбурыл,
Алдында бар саясы.
Қозымды сізге тапсырдым,
Қызыр Ілияс бабасы.
Алла деген Хаққа пенде,
Күнәһарлар күйер жанда.
Құла түзге жөнелген
Самарқанда Шаһизинда,
Қозымды сізге тапсырдым.
Сыйынбасам, маған серт,
Қолдамасаң, саған серт.
Шаһизадам, қыдыр ет,
Жарылқаушы, жәрдем ет,
Аз-кем жанға сабыр ет.
Сіз сүйесең қозымды,
Жұмсаған құдірет құс жендет,
Және сізге бұл міндет.
Қызылбас бөтен, бұл — үмбет,

[1] Көбеген — ерте туған қозы.

Үмбетім деп еске алғын,
Қозымды сізге тапсырдым,
Алланың досы Мұхаммед».

Астында мінген Тайбурыл
Елпең-елпең жортады.
Қобыландыны көрген жан
Жерге енгендей қорқады.
Ерні төмен салынып,
Қара терге малынып,
Қала берді кемпір-шал,
Бір Аллаға жалынып.
Сонда Бурыл гуледі,
Не болғанын білмеді.
Артық туған Құртқаны
Батыр Қобылан біледі.
Артынан Құртқа келеді,
Келіп те сөйлей береді.

— Сіз бұл барғаннан барарсыз. Алалайдың аузында, Сыңсыламаның көпірінде Қараман көп қоспен барып жатып, ар жағына он жеті кісі барша салар. Ол барша, ар жағында бір Індүлі деген тау бар, соның басына шығып, болжал-болжал көрінген Сырлықала, Қырлықала деген Қазанның қалаларын көріп: «Мына жағы бір күндік жол екен», — деп қайтып келер. Бірақ олар жақын десе де қырық күншілік жол болса керек, — дейді. Соған Қараман иланып, бас-аяғы сегіз күндік жер деген соң «Кімде-кімнің аты озса, осы қолға аға болсын», — деп шауып кетер, — дейді. Бірақ сіз онымен бірге шаппаңыз. Не үшін десеңіз, мен көп қосынның астындағы аттарына көзімді салып едім, Қараманның астында Қарақұла жалсыз деген ат бар екен. Табаны жерге тиіп, маңдайы күнге күйіп, арқасын ер тесіп, бауырын айыл кесіп, көзіне күнқақты болып, тер құйылып шаба алмай қалар. Елінде ат бағатұғын адам жоқ-ақ екен. Әгарда ат баға білетін адам болғанда, ол қосында онан озатын ат болмас еді. Сіз онымен бірге шаппаңыз. Бірнеше күн кейін қалсаңыз да, иншалла, озарсыз, — дейді.

Бурылға батыр «Шүу» дейді,
«Шүу» дегенде гулейді.
Табаны жерге тимейді.
Қасиетін Құртқаның
Батыр Қобылан біледі.
Бұрынғы кеткен көп қосын
Алалай деген өзенде
Жатыр екен иіріліп,
Соңынан жетіп келеді.
Қонып жатқан ерлерге
Қобыланды батыр келіпті.

Құртқаның айтқан жерінде,
Жатыр екен көп қосын
Сыңсылама деген өзенде,
Он жетісі сайланып,
Баршаға барып келіпті,
Мұны Қобылан көріпті.

Сонда Қобыланды ойлайды: «Құртқаның айтқаны келді. Енді «Елімді жау алады» деген сөзі расқа келер», — деп уайым қылып, «Не болса да, Құданың жазуыменен болар», — деп жата берді.

Сонда Қараман көп қосынды жинап: «Кімде-кімнің аты озса, осы қолға аға болсын!» — деп жар салды. Қобыланды оған бармады. Сөзіне құлақ салмады. Құрдасының тілін алмады. Қараман көп қосынмен шауып кетті. Қобыланды бір Жөнтөбе деген төбенің басына шығып, жатып қалды. Бір ұйықтаса, қырық күн ұйықтайтын еді. Бірнеше күн өткен соң:

Байлауда тұрған Тайбурыл
Шығыршық атып ойнады,
Ойынға енді тоймады.
Ұйықтап жатқан батырға
Барайын деп ойлады.
Қасына жақын барады,
Ұйықтап жатқан батырды
Маңдайға келіп салады.
Тұяғының даусымен
Тау жаңғырып қалады.
Сонда батыр оянып,
Жан-жаққа көзін салады.
Көрмеді ешбір қараны,
Өзінен басқа адам жоқ,
Жататұғын заман жоқ.
Теңдесе басып ырғалып,
Көп қосыннан соң қалып,
Бурылға Қобылан сөйлейді:

«Төрткілдеп соққан түп еді,
Шынжыр найза жіп еді.
Ескіден қалған күн еді,
Тайтермелі шеге еді.
Жаңылдың ба, Тайбурыл,
Мінейін деп жатқанда,
Шешең Құртқа не деді?
«Қыдыра жалды жылқыдан
Бурылым қалмас», — деп еді.
Әуелі Алла анайым,
Хақ жаратқан Құдайым.
Ұжмақта хордан сымбатты

Үйдегі Құртқа жұбайым.
Жарым жаман болды деп,
Жемеймін, Бурыл, уайым.
Шешең тұлпар деп еді,
Шешеңнің сөзін сынайын.

Жан серігім жалғыз ат,
Жайың қалай, Бурыл ат?
Шырағым, бұл күн шабайын,
Төрт аяғың сом болат,
Қолтығыңда қос қанат,
Мен үстіңде аманат.
Үкілі құйрық, майда жал,
Сөзіме менің құлақ сал.
Кешегі кеткен көп қолға
Тұлпар болсаң, жетіп қал.
Құртқам баққан Тайбурыл,
Ырғала басып жүр жарқын,
Терлемессің, күн салқын.
Жылқыда тұлпар сен едің,
Жігітте сұңқар мен едім.
Сен астымда сау тұрсаң,
Қыдыра жалды қылқұйрық
Сенен озбас деп едім.

Мал сатамын базардың
Бояғы мен бөзіне.
Салған жылқым тоқтайды
Арқаның сары көзіне.
Құлақ сал, Бурыл, сөзіме,
Қырық күншілік шаһарды
Көрсет бүгін көзіме.
Көрсетпесең көзіме,
Онда шешең, мен мұнда,
Қалар бір көңілім өзіңе.

Біздің ауыл Арыста,
Есебі жоқ алыста.
Азулының бойында,
Жылқылары қамыста.
Кешегі кеткен көп құлға
Қоясың ба намысқа?
Қырық күншілік Қазанға
Бір мезгілде жетуге
Сіздей малға алыс па?
Озушы едің қыпшақта
Той бәйгеде, жарыста.

Жаным, тәнім, Тайбурыл,
Ұшқан құстан қалыспа.
Қаса тұлпар болсаң сен,
Қалқам, бүгін қарышта!»

Құралайдың малына,
Алуаның шекер, балына,
Тобылғы сапты қамшымен
Толғап ұрды санына.
Жанға сирек Бурылдың
Жаман батты жанына.
Сауысқан, қарға тойынды,
Санынан аққан қанына.
Санына қамшы басқан соң,
Қаны бір судай аққан соң,
Күндіз батпай, түн батты,
Төменгі ерні қыбырлап,
Жоғарғы ерні жыбырлап,
Екпінімен сыбырлап,
Тайбурыл атқа тіл бітті.

Тіл біткен соң сөйлейді:
«Қарағай мен бітер тал,
Алуа менен шекер, бал.
Кімге келмес керім сал,
Назбедеуге бітер жал.
Аямай тарттың қамшыны,
Артық туған Қобылан нар.
Өлмесек те, кеудеден
Шыға жаздады шыбын жан.
Қызылбастың шаһарына
Мұнша болдың ынтызар.
Ойға алғаның қоймайсың,
Батыр туған Қобылан нар,
Ата-анадан жалғыз тақ,
Жалғыздың кегін менен ал,
Жамбасыма қамшы сал.

Қалалы жерде қарғырмын,
Қазып салған кең орға.
Ақсұңқар құс түседі,
Тамағы үшін ақ торға.
Төрт аяғым тең жорға,
Тізгінім тартпай, сал жолға.
Сен үстімде есенде,
Астында өзім есенде,
Қажу бар ма мен сорға.

Ат қылып Тәңірім жаратты
Сен сықылды лайыққа.
Екі жақсы қосылса,
Бір Тәңірге жылайды.
«Қырық күншілік Қазанға
Бір мезгілде жет», — дейсің,
Қырық үш күнім кем еді,
Жетуге маған оңай ма?
Қиын да болса, Қобыланды,
Қиналамын, қайтейін,
Хаққа уағдаң солай ма?

Намаздыгер өткенше,
Намазшамға жеткенше,
Хуфтан[1] уақты біткенше,
Қазан ағаш бақшасын
Түсірмесем өзіңе,
Көрсетпесем көзіңе,
Жан серігің Бурылды
Сол жерде шал Құдайға».
Сонан соң атқа бел шешіп,
«Шырағым Бурыл, шүу!» — деді,
«Шүу» дегенде гулейді,
Табаны жерге тиместен,
Тау мен тасты өрледі.
Төрт аяқты сермеді,
Құлақтың түбі терледі.
Тер шыққан соң өрледі,
Адырды көзі көрмеді.
Көлденең жатқан көк тасты
Тіктеп тиген тұяғы
Саз балшықтай иледі.

Қараша емес, қауыс-ты,
Қоңыраулатып дауысты,
Күн төбеден аумай-ақ,
Түзеді Бурыл шабысты,
Жақын қылды алысты.
Қос құлағы тігілді,
Қырға біткен қамыстай.

Түс ауған соң бүктелді
Илеуі жеткен қайыстай.
Байлаулы малдай шешілді,
Төрт аяғын көсілді,

[1] Хуфтан (құптан) /парсы/ — қызыл шапақтың жоғалған сәтінен екінші таңның атуына дейінгі мезгіл.

Әбіре сымдай есілді[1].
Кешегі кеткен көп қолға
Жетем деген Қобыланның
Жоқ еді тіпті есінде.
Қол соңынан барады,
Қарабұқан жауырыншы.
Ағыны қатты Бурылмен
Салып келді бесінде.

Бұқанға келді: «Ар ма, — деп, —
Алдыңда кісі бар ма?» — деп.
Сонда Бұқан сөйлейді:
«Жылқы ішінде аланы,
Қылшаң жүнді қараны.
Аты қалар деп пе едің
Өзіңнен үлкен ағаны.
Осынау қырдың астында
Қосдәулет кетіп барады».
Тайбурыл атты құтыртып,
Оған да келді сыпыртып.
«Үлкен едің, ар ма, — деп, —
Алдыңда кісі бар ма?» — деп.
О да айтты аланы,
«Жоқ деп ек Қобылан баланы,
Осынау белдің астында
Аққозы кетіп барады».

Тайбурыл атты құтыртып,
Оған да келді сыпыртып.
«Үлкен едің, ар ма, — деп, —
Алдыңда кісі бар ма?» — деп.
О да айтты аланы,
«Жоқтап ек Қобылан баланы.
Мына белдің астында
Қарақозы кетіп барады».

Тайбурыл атты құтыртып,
Оған да келді сыпыртып.
«Үлкен едің, ар ма, — деп, —
Алдыңда кісі бар ма?» — деп.
Қарақозы сөйлейді:
«Алыстан айқын көрінген
Жылқыда малдың аласы,
Ағынан көп-ті қарасы.
Жеткен-ді деп ойлаймын,

[1] Әбіре сымдай есілді — емін-еркін созылды, жазылды.

Шапқалы көзім көрген жоқ
Өз көңіліммен шамасы
[Құрдасың Қараманның қарасын].
Көппен бірге шапқалы,
Өзіңнен шығып кеткелі
Сонан бері көрмедік,
Не болғанын білмедік».

Көктен жауған тамшыдай,
Шебер қыздың қолында
Балдағы алтын қайшыдай.
Бұландаған Бурылға
Мына тұрған Қобылекең
Баса соқты қамшыны-ай.
Алтынды найза қолынан,
Желі тұрды оңынан.
Бақанға жеткен бесінде,
Қараманның шу салып
Қобылекең жетті соңынан.
Артынан келіп сөйлейді:
«Болғаның ба, досым-ай,
Мақтаған атың осы ма-ай?
Он екі күнде жетерсің
Менің тіккен қосыма-ай.
Жүресің бе, Қараман,
Сен кеткелі он бес күн,
Түсте шауып соңынан,
Бесінде өтіп барамын.
Жағалай тауда татыр-ай,
Жарасар тіксе шатыр-ай.
Он бес күн бізге қарамай,
Бұрын кеткен батыр-ай.
Бүгін түсте шауып ем,
Бесінде жетті қатын-ай.
Қатын да болса, білдің бе
Құртқаның асыл затын-ай.
Жүрмейсің бе, Қараман,
Қатынның баққан аты озды,
Қапыда қалма, батыр-ай».

Қобылекең гулеп жөнелді,
Көп қиятқа қарамай.
Қалың қият көп қосын
Бәрі қалды артында,
Бірі еруге жарамай.
Електен өтсең Есенбай,
Қыс қыстауға Борсықжай,
Бәрінен озды Бурыл тай.

Қобыланды сынды еріңіз,
«Айт, жануар, шүу!» — дейді,
«Шүу» дегенде гулейді.
Табаны жерге тимеді,
Тау мен тасты өрледі,
Құлақтың түбі терледі,
Тер шыққан соң өрледі,
Адырды көзі көрмеді.
Көлденең жатқан көк тасты
Тіктеп тиген тұяғы
Саз балшықтай иледі.
Аманбайдың ақ тікен
Аса қарғып жөнелді.
Заңғар-заңғар таулардан
Секіріп алып жөнелді.
Ол төбе мен бұл төбе,
Бауыры шұбар көл төбе,
Онан да өтіп жөнелді.

Бөктергінің бүкіл сай,
Су түспеген терең сай,
Сыпсың біткен қарағай,
Онан да өтіп жөнелді.
Қамыстының қазды көл,
Қоғалының қулы көл,
Жекендінің жалын көл,
Шағалалы шалқар көл,
Қызғыштының қызыл көл,
Бәрінен өтіп жөнелді.

Айшылықтың көлінен,
Күдерінің қара дөңінен
Бесінде өтті деңінен.
Барлы, барлы, барлы тау,
Басы биік қарлы тау,
Хан жайлаған қара тау,
Би жайлаған ала тау,
Қыз емшекті сүйір тау,
Түйемойнақ иір тау.

Атасу мен Манашы,
Ішейін десе су ащы,
Мал оттауға оты ащы,
Мұнан-дағы жол шекті.
Импей-күмпей[1] қасынан,

[1] Импей-күмпей /жергілікті/ — ісініп-қабынып, кісімсіп.

Жем, Темірдің басынан,
Қалбағайлы[1] болды идан,
Қас-қабақты ылдидан,
Тобылғылы Нұрадан,
Су түспеген жырадан,
Баялышты құмайттан,
Бүлдіргендей шыңайттан
Жалғыз шауып келеді.

Астына мінген Бурылдың
Омырауы есіктей,
Ойынды еті бесіктей,
Сырты сұлу Бурылдың
Құмдаудан қазған кесіктей.
Қос құлағын қайшылап,
Тобықтан тері тамшылап,
Ақ сауыты жылтылдап,
Тобық еті бұлтылдап,
Алдыңғыдан артқысын
Сынық сүйем кем басты.
Жалғасып ұшқан қоңыр қаз
Тозаңынан адасты.

Асқар төбе бел еді,
Бұдан да шауып келеді.
Көлденең жатқан көк тасты
Аяғы барып тигенде,
Саз балшықтай иледі.
Жанында қылыш жалтылдап,
Береннен қиған шалбары
Жел соққанда жалпылдап,
Тозаңы шықты бұрқылдап.
Табанына тас тисе,
Түнде шаққан шақпақтай
От шығады жылтылдап.

Аттың жолы қазылды,
Қысқан жерде ұмтылып,
Бес жүз құлаш жазылды,
Омырау тері көпірді,
Бурыл көкке секірді.
Шаба-шаба шатылды,
Тақиядай көрмеді
Үстіне мінген батырды.
Тұяғына тиген тас

[1] Қалбағайлы — бұлшық етті, мүсінді.

Қызылбас атқан оғындай
Аспан-көкке атылды.
Тұяғымен тоздырды
Құла дүз мидан тақырды.

Бұланда шапқан Бурылдың
Маңдайында месі бар,
Марал ішсе таусылмас.
Арындап аузын ашады,
Аяғын топтап басады.
Бір төбенің тозаңын
Бір төбеге қосады.
Кешке таман Тайбурыл
Жын қаққанға ұқсады.
Құлан менен бұланды,
Киік пенен қоянды
Ұзатпай, алдан тосады.
Көл жағалап отырған
Көккұтан мен қарабай
Көтеріліп ұшқанша
Белінен кесе басады.

Дуадақ пен жек[1] қалды,
Бірқазан құс көп қалды.
Ақсұңқар мен лашын,
Әлде өтірік, әлде шын
Өлген құсты жем қылды.
Көбелек ұшпас көлсізден,
Ебелек ұшпас елсізден,
Құла мидай шөлдерден,
Батпақты талай көлдерден
Жалғыз шауып келеді.
Үмітін үзіп батырың
Қараспанды жайлаған
Қалың қыпшақ елдерден.

Намаздыгер өткенде,
Намазшамға жеткенде,
Белес, белес бел көрді,
Бел астында ел көрді.
Байтақ жерде айтатыр,
Ақты, бозды қой жатыр.
Төтелеп шауып қалаға
Қобылекең келе бұл жатыр.
Құланнан атты қодықты,

[1] Жек — дуадақ тұқымдасына жататын дала құсы.

Өксігін басып, солықты,
Намаздыгер өткенде,
Намазшамға жеткенде,
Бесағаштың түбінде,
Қазан салған қалаға
Келіп батыр жолықты.

Көк алалы көп жылқы,
Бөрі құлақ ен жылқы
Гулетіп жылқыны алады,
Айдап жолға салады.
Жылқыны жолға шығарып,
Қайтадан келіп, ат қойды
Қазанның Сырлықалаға.
Қалаға кірді «Аллалап»,
«Иә Құдай!» — деп ат қойды.
Ай бетінен кіреді,
Айқай-сүрен салады.
Күн бетінен кіреді,
Күн бойы сүрен салады.
Қойға кірді бір бөрі,
Бүрліктіре қырады.
Талай қалмақ сорлады,
Ер қайратын сынады.
Атысқан жауы артық көп,
Қай уақытта тынады.

Бір уақытта Бурылға
Бастан келіп дүбірі,
Тайбурыл салды мойынды.
Толып жатқан қалмаққа
Қобылекең салды ойынды,
Талай қалмақ жойылды.
Қалмақтың көбі шалбарлы,
Шалбарлыны сермеді.
Алқындырды сағақтан,
Бауыздады тамақтан,
Адам шыдар ер емес,
Қар жаудырды қабақтан.

Бір уақыттар болғанда,
Жалғыз жаумен ойнады,
Жауды ерікке қоймады.
Көтеріп салған көк сүңгі
Тіріде қанға тоймады.
Бір уақыттар болғанда,
Жалғыз жаумен ұрысты,

Ит арқасы құрысты.
Ерден жаудың қашуы
Шірітті де борсытты.

Мың жылқының дүбірін
Тайбурыл жалғыз салады.
Мың кісінің дауысын
Қобылекең жалғыз салады.
«Аллалаған» дауысқа
Тау да «Аллалап» барады,
Тасы да «Аллалап» барады.
Екі шеке солқылдап,
Бас домалап барады.

Қаланың аузын қан қылды,
Көшенің аузын шаң қылды.
Салт атын жаяу айдатып,
Туырлығын тоқым қып,
Алтынын артып шанаға,
Қарамай сиыр, танаға,
Өтірік емес, жан аға,
Сырлықала пендесін
Жалғыз адам құтқармай,
Айдап шықты далаға.

Қаланы шауып алады,
Айдап жөнге салады.
Батырдың көзі көреді,
Будақ-будақ шаң шықты.
Шаң алдынан қараса,
Көп қиятқа бас болып,
Қалмақ десе қас болып,
Қазанның Сырлықалаға
Қараман келіп қалады.
Қараманның артынан
Шабылғанын қаланың
Бұлар да енді көреді.
Ор түбінде жиылып,
Бәрі бірдей қамалды.
«Өткіздік бастан заманды», —
Деп қияттар сандалды.

Сол уақытта Қобыланды Қараманға келіп:

— Қалмақтың Сырлықаласын мен алдым. Қырлықаласын сендерге қойдым, — дейді. — Барар жері тар екен. Еңбек қылған ерлерге олжа болғандай бар екен. Алты қабат қала екен, жеті қабат ор екен, алсақ, олжа мол екен, — дейді.

Сонда бұлар жиылып, сөйлесіп, Қараман батыр ат қойды. Мойны алыстан созылып келген ат қарғып кіре алмады. Сонда Қараман қайта шауып Қобыландыға келіп, сөйлейді:

Қараман сонда сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
«Айбалтам тастан өтпейді,
Жамандар сөзді кектейді.
Жүрмейсің бе, құрдасжан,
Қазанның Қырлықалаға
Сенсіз күшім жетпейді,
Өтірік сөзім жоқ», — дейді.

Сонда Қобылан сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
«Арғымақ па екен, ат па екен,
Атан ба екен, нар ма екен.
Жая ма екен, жал ма екен,
Шекер ме екен, бал ма екен.
Ер бұзбаған шаһарды
Қатын бұзған бар ма екен?
Не деп айттың өзіме,
Өлейін деп кетіп ем
«Қатын» деп айтқан сөзіңе.
Ол кезде сен бір айтсаң,
Мінеки, мен үш айттым.
Келмейді ме кезіңе,
Көрінбе менің көзіме.
Үйдегі қалған Құртқамның
Сатса алмаймын өзіне.
Өзі түгіл алмаймын
Сағынғанда бәз күні,
«Қалқамжан» деген сөзіне».

Қараман құрдас өкпелеп,
«Көрмеймін», — деп жер тепкілеп,
Наза боп қайтып жөнелді.
«Жая да емес, жал-ды, — деп, —
Шекер де емес, бал-ды, — деп, —
Қатынымның тілі үшін,
Құрдасым көңілі қалды», — деп,
Гулетіп Қобылан соңынан
Іс келеді қолынан.
Былқылдап Қобылан желеді,
Артынан қуып келеді.
Найза бойы жар екен,
Жардың келіп басына,

Қаланың келіп қасына
Тайбурыл атқа сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
«Жолдасым едің жасыңнан,
Садақа саған қылып ем,
Көп малдарды басынан.
Алты қабат қала екен,
Жеті қабат ор екен.
Жайың қалай, Тайбурыл,
Секіртейін басынан,
Жараймысың, хал қандай?»

Сонда Бурыл сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
«Артта қалды еліңіз,
Болды ма мұнда кегіңіз?
Шешем Құртқа деген соң,
Сатылмайтын теріміз.
Қысылғанда дем берсін,
Жылқышы Қамбар пірміз.
Ойға алғаның қоймайсың,
Қайсар Қобылан серіміз.
Қарғысам қарғып қарайын,
Қарғи алмасам қалайын.
Тәңірі ісіне амал жоқ,
Тәуекел етіп көріңіз».

Бурылға Қобылан «шүу» дейді,
«Шүу» дегенде гулейді,
Табаны жерге тимеді,
Тау мен тасты өрледі.
Әбден қызып алған соң,
Қамшыны баса салған соң,
Алғы аяғын бүгеді,
Артқы аяғын тігеді.

Құлағын естей қадады,
Құйрығын шаштай тарады.
Шекесінен қарады,
Бауырынан жарады.
Қояндай ағып жөнелді,
Ортасына шаһардың
Бурыл барып топ етті.
Төрт аяғы тиген жер
Тесіле жаздап солқ етті.
Әлде өтірік, әлде рас,
Айтып өттік, бәрі шын,
Ебіне келді, нем кетті.

Қалаға Қобылан енген соң,
Еркімен барып кірген соң,
Не қылса да батырың
Тайсалмасын білген соң,
Қара қасқа ат мінген,
Ат құйрығын шарт түйген,
Алдына дабыл төңкерген,
Артына сауыт бөктерген,
Аламын деп дем берген,
Азды көпке теңгерген,
Қара бөркі қалпиған,
Мен сондай деп дандиған,
Қайратымен мал жиған.

Қысқа күнде қырық шапқан,
Тері тонды теріс жапқан.
Мұсылманға оқ атқан,
Қызылбасқа жан тартқан,
Құдайдан дұшпан сұраған,
Найзаның ұстар жеріне
Қолыма жұмсақ болсын деп,
Топтап барқыт ораған,
Шын қаһары келгенде,
Жауған қардай бораған.
Суда болар ақ сазан,
Моллалар айтар бес азан,
Бұрынғы ердің бірімен
Алдынан шықты ер Қазан.
Бұл да айтулы ер еді,
Бірін-бірі көреді.
Келіп те сөйлей береді,
Сөйлегенде не дейді:
«Қашпа, бала, қашпа! — деп, —
Саспа, бала, саспа!» — деп,
Алдынан шапты ер Қазан.

Хан шапқан соң кім қалсын,
Ханның ұлы қарауыл,
Хан шектісі жасауыл,
Бидің ұлы бикеуыл.
Хан қасында қайдақдар[1],
Қатыны жоқ бойдақтар.
Ай басына мың сомнан
Жатып жеген бейбақтар.
Жаудан қашқан кей жаман,

[1] Қайдақ — салт басты, сабау қамшы, бойдақ.

Ұстап атын жайдақтар.
Жауға шабар ер жігіт,
Өткір қылыш мойнақтар.

Хандар мінген қанды атты,
Батыр мінген жалды атты,
Қырық мың әскер салт атты.
Түймелетіп кигендер,
Түрегеліп сигендер,
Масақ құлақ мылтық қолында,
Қара сухар[1] қойнында,
Алтыатары қолында,
Бәйгеден келген дөнені,
Сол шаһардың гөзелі[2],
Иесіз қалды көп әйелі
Талай төре келеді.
Қаланың аузын қандатып,
Салдатын жаяу айдатып,
Шаһардың аузын шаңдатып,
«Ішеміз» деп бал алып,
«Шайнаймыз» деп нан алып,
Қырық мың кісі бұл шықты.

Он кісіден қос болып,
Қобыландыға қас болып,
Қазан ері бас болып.
Базарда болар ақша бөз,
Арқада болар сары көз,
Әлім менен Шөменге,
Жоғары менен төменге,
Төменгі жатқан көп елге,
Мен мұсылман дегенге,
Мағлұм болды біздің сөз,
Жекпе-жек деп келді кез.
Өзі жеке келген соң,
Қобыландыны көрген соң,
Не қылса да батырдың
Тайсалмасын білген соң,
Басын тартып қара аттың,
Қобыландыға ер Қазан
Екі-үш ауыз айтты сөз.

«Қазақтың ұлы, залым-ай,
Кигенің ала қырмызы-ай.
Ат саурысы тасыпты

[1] Сухар /орыс / — кептірілген нан.
[2] Гөзел /парсы/ — әдемі, сұлу.

Көп шабуыл көргендей,
Атыңның жалы жатыңқы,
Алыс жолдан келгендей.
Қабағыңыз қатыңқы,
Түн ұйқыңды бөлгендей.
Қай шаһарға барасың?
Қай орынға қонасың?
Бурыл атты жас бала,
Кімнің ұлы боласың?
Атаң сенің кім деймін?
Анаң сенің кім деймін?
Батыр Қазан мен деймін,
Шын сөзіңмен кел деймін,
Қалжың сөзге көнбеймін.
Ашуыма жолықпай,
Бурыл ат пен ақ сауыт
Қол тигізбей бер деймін».

Қобыланды сонда сөйлейді:

«Пұл жіберіп шығып ем,
Базарда алтын қасыққа.
Арланам атты беруге
Сендей дінсіз жасыққа.
Ат алуың қаша ма,
Демалғанша асықпа.
Қызылбас, неден есірдің?
Жолықпай жатып «ат бер» деп.
«Қызылбас қызы сұлу», — деп,
Демалмай жүріп келіп ем.
Бұл сапарда бұл жақтан
Сұраймыз деп жесірді.
Олай болсаң, қызылбас,
Шыдамасаң, бері кел,
Көрсетейін кесірді.

Арқа деген жайларда,
Атан шығар жыл болса,
Ауада сұңқар түйілсе,
Жүніне қара жоламас.
Жауға шабар ер жігіт
Ешкімнен ақыл сұрамас.
Мұсылманның баласы
Өзім өлмей жыламас.
Аты-тонын әр жерде
Беруші еді сендей нас.

Атасы жаман, атасыз,
Атамды сұрап нетесіз?
Анасы жаман, некесіз,
Анамды сұрап нетесіз?
Атаң бар-ды үлгісіз,
Алланың күні белгісіз.
Зар боларсың бәлем-ай,
Еріксіз жарық көргісіз.
Өзіңнің салған қалаңнан
Зар қылармын жүргісіз.
Ер емессің, масырсың,
Бас білмеген есерсің.
Патшадан келген қаттауың
Қағылмай-ақ шешерсің.
Қара қасқа тұлпардың
Сауырынан түсерсің.
Мойныңнан аққан қара қан
Шаманң келсе ішерсің.

Асқар төбе белсің сен,
Қызылбас деген елсің сен.
Арақ ішіп, нан жесең,
Қала ішінде ерсің сен,
Мұсылманнан кемсің сен.
Көкірегіңнің басынан
Қылышпенен өлтірсем,
«Қапыда қалдым» дерсің сен.
Садақпенен өлтірсем,
«Жазым қылды» дерсің сен.
Сен аға да, мен іні,
Сендер көп те, мен жалғыз,
Білгеніңді қыла ғой».

Жайықтың бойы қамыс-ты,
Бір қызылбас, бір қазақ,
Бермейміз деп намысты,
Басында тәуір сөйлесіп,
Артынан шайтан жабысты.
Шайтан емей немене,
Ырғай сапты сүңгімен
Ырғай, ырғай салысты.
Найза қанға майысты,
Қармақ болып қайысты.
Итерісіп тұрысты,
Ат тізесін бүгісті,
Бүгісе-бүгісе тұрысты.
Тебінгіден тер қатты,

Қақырғанда қан татты,
Түкіргенде жын татты.
Қанжар қалды қайысып,
Семсер қалды майысып.
Жетсе керек ажалы,
Қан қаттаудан төгілді,
Ерлер жаннан түңілді,
Аш күзендей бүгілді.
Екеуінің ақ сауыт
Шығыршықтан сөгілді.

Хал-дәрмені құртылды,
«Түсірем» деп ұмтылды.
Екеуінің ақ сауыт
Ескі бөздей жыртылды.
Сол уақытта Қобылекең,
Найзаны ырғап ендірді,
Қазанды жерге төндірді,
Ат көтіне міндірді.
Туралықтан ай шықты,
Тартып еді, жан шықты.
Үлкен сәске болғанда,
Ішкі қамал тысында,
Сыртқы қамал ішінде,
Ер Қазанның аузына
Қобылекең тықты балшықты.

Шалқасынан салады,
Басын кесіп алады.
Басын кесіп алған соң,
Қанжығаға шалады.
Салмағымен қу басы
Аударып кетіп барады.
Сасқанынан Қобылекең
Қолындағы қанжармен
Басты қиып тастады.
Бас барып жерге топ етті,
Қара жер сонда солқ етті.
Дір-дір етіп қорғанның
Бәрі бірдей құлады,
Ордың іші толады.

Қобыландыдай батырды
Қырық мың әскер қамады.
Шілде уақыты болғанда,
Көктен түскен самал-ды.
Тура келген өлімге



Қобыланды батыр.
Суретші К.Я. Баранов.

Кім табады амалды.
Өлген құлдың басынан
Гулеп өткен заман-ды.
Қырық мың атты қызылбас
Алдында көрді қабанды,
Қабанның ісі жаман-ды.
Сонша қусын көп әскер,
Таба алмады амалды.

Қырық мың атты қызылбас,
Қаладан қашып кете алмай,
Дарбазадан өте алмай,
Қобыландыға жете алмай,
Ор түбінде қамалып.
Мынау тұрған Қобылекең
Бір Құдайды еске алып,
Жан-жағына көз салып,
Жалғыздықтан жабығып,
Жауды көріп, қамығып,
Алдында көп қызылбас,
Артында жоқ жалғасып,
Көмек берер қарындас.
Жалғыздық түсіп есіне,
Қараман көмек бермеді,
Келген екен несіне?
Құдайды айтып жағалап,
Пайғамбарды айтып паналап,
Қобыланды батыр сөйлейді:
«Өзі болат, өзі өткір,
Бұрынғының найзасы.
Бақ қараған пенденің
Басында болар айласы.
Алдымда жау көрінді,
Қараспан толған халқымның
Кәнеки, тиген пайдасы?

Мініп шықтым үмітпен
Шырағым Бурыл дөненді,
Көкке тойған көбеңді.
Ерлігімді кім айтар,
Қараспан тауды жайлаған
Қалың қыпшақ көп елге?
Жар болды Құдай өзіме,
Шыбын жаным көрінді
Бүгін менің көзіме.
Бір жан үшін сыйындым,
Жасаған, сенің өзіңе.

Жазым болып, көз жұмсам,
«Жалғызыңның аты» деп
Кім апарып көрсетер
Кемпір мен шалдың көзіне.

...Бурылыма жаптым сауыт,
Сыйынамын Қамбар, Дәуіт,
Ат қоямын ауық-ауық.
Дұшпаннан қорқып тұрмаймын,
Аттың басын бұрмаймын.
Бүгін қанға боялсын,
Балқынға тіккен ақ сауыт.
Мұсылман ұлы дарқан,
Жауды көрсем, қызды арқам.
Бүгінгі күн бөктерсем,
Жеті қабат діллә қалқан,
Еменнің кесілген талынан,
Кем көрмеймін жанымнан,
Толғамалы ақ сүңгі
Шаншылар майдан күн бүгін.
Бұлғары садақ, бұқаржай[1],
Тартылатұғын күн бүгін.
Жаға басы қақпалы,
Бадана көзді ақ сауыт,
Сөгілер майдан күн бүгін.
Суарып шапқан шар болат
Өтелер майдан күн бүгін.
Толғамалы ақ сүңгі,
Жау ішінде жалтаңдап,
Толғамасам, маған серт!
Толғауыма шыдамай,
Толықсып сынсаң, саған серт!
Алтынды құндақ ақ берен,
Қысылған жерде от беріп,
Ата алмасам, маған серт!
Мен атқанда ұсынып,
От алмасаң, саған серт!
Қарсы атса, оқ өтпес,
Жауын жауса, су өтпес,
Ыстық болса, күн өтпес,
Бадана көзді ақ сауыт,
Шыңдап соққан ер Дәуіт.
Қалмақтың қалың қолына,
Шашақты найза туына,
Қазан салған қалаға,

[1] Бұқаржай /көне/ — Бұхар қаласында жасалатын садақтың жебесі.

Жаяу салған балаға,
Бұл әскердің өзіне
Тая шапсам, маған серт!
Ата-анам сүйген ақ денем,
Оқ дарытсаң, саған серт!»

Қобылекең айтып болған соң,
Белі жазық Бурыл ат
Қиналарын білген соң,
Шиыршық атып ойнады.
Тіктеп тиген тұяғы
Қар кешкендей қаршылдап,
Ауыздан аққан ақ көбік
Төсін жуды шалпылдап.
Шабайын деп Қобыланды
Бойын алды аршындап.
Алтын қалпақ, жез телпек
Баса киді көзіне.
Қырық мың атты қызылбас
Қырық кісідей Қобылекең
Көрінбеді көзіне.
Бурыл атты қамшылап,
Әскердің кірді өзіне.

«Иә Құдай!» — деп ат қойды,
«Мұхаммед!» — деп лап қойды.
Қаланың аузын қан қылды,
Көшенің аузын шаң қылды.
Қызылбас қашып, жосылды,
Ақбөкен аңдай босылды,
Қобылекең келіп қосылды.

Бөлек-бөлек қылады,
Бөрі тиген немедей.
Бөктеріп кетіп барады,
Қасқыр шапқан немедей.
Қырып кетіп барады,
Жолбарыс шапқан немедей.
Жойып кетіп барады,
Тиген жерін алмастай,
Ойып кетіп барады.
Артында жоқ көмегі
«Аллалап» батыр шабады.
Жалғыз өзі Қобылекең
Жарып кетіп барады.
Үш жүз атты бір сайға,
Төрт жүз атты бір сайға,
Аламын деп қайтарда

Байлап кетіп барады.
Жүрген жері шаң болып,
Ақ білегі қан болып,
Жау үстіне жол салып,
Үкімін жауға мол салып,
Жез телпегі басында,
Көмегі жоқ соңында,
Тұлпар мініп, ту алды,
Туын қанға суарды.

Қаладан қашқан қырық мың қол
Әрмен-бермен ырғалды,
Қашайын деп қозғалды.
Артуымен оқ қалды,
Тартуымен топ қалды.
Қобыландының ақ сүңгі
Қызыл қанға боялды.
Соншама адам әйелі
Шаһарда жылап, тұл қалды.
Жетінші күн бесінде
Мұншама қолды сап қылды.
Бурыл атпен бұлғақтап,
Қобылекең жалғыз қалыпты,
Шаһарды жалғыз алыпты.

Бұл қырғынмен қоймады,
Құмары бұған тоймады,
«Жан қалдырмай қырсам», — деп,
Ат қоймаққа ойланды.
Ел шығармай далаға,
Нақ бесінде сыйынды
Жеті кәміл бабаға.
Ақсұңқар құстай шүйіліп,
Лашын құстай түйіліп,
Жеңсіз берен киініп,
Тағы да шықты қалаға.
Қаланың аузын қан қылды,
Көшенің аузын шаң қылды.
Айдарлысын азғырып,
Тұлымдысын жазғырып,
Алтынын артып шанаға,
Баспақты сиыр, танаға,
Қарамай қатын-балаға,
Өтірік емес, жан аға,
Қырық қақпалы шаһардан
Жалғыз адам құтқармай,
Айдап шықты далаға.

Есіктің алды мойыл-ды,
Ашыққан қият тойынды.
Алды үш қыз алады,
Арты екі қыз алады.
Онан соңғы байғұстар
Таңдағанын алады.
Бізге ұқсаған бейшара
Айтса, тілін алмады,
Қыз да оған бармады.
Қорасан шыққан қожыр бет
Құдайға сүйтіп зарлады.

Малды алып болған соң,
Көңілдері толған соң,
Толып жатқан көп қият
Жиылып бәрі, кеңесті,
Кеңескенде не десті.
«Атадан алтау туғандай,
Асылмен белін буғандай,
«Бұрын барып бұлардан,
Қаланы өзім алдым, — дер, —
Жаманға олжа салдым», — дер.
Жалғыз атты қыпшақты
Өлтіріп кетсек нетер, — деп, —
Олжаны бермей кетер», — деп.
Қоста отырған көп жаман
Көтеріліп сөйлейді.

Сөйлегенмен не қылсын,
Бәрінікі құр былшыл.
Бірнеше күн болған соң,
Көпке олжа толған соң,
Елдегі сөзі Құртқаның
Туп-тура анық болған соң,
Қобыландыдай батырдың
Қайтуға көңілі бұзылды.
Мінгенде аты қызыл-ды,
Іс тағдырға сызылды.
Жарлының жалғыз атына
Ұрының құрығы ұзын-ды.

Қобыланды сынды еріңіз
Қайтайын деп тұрғанда,
Қараман сонда сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
«Әй, құрдасжан, қайтпаңыз,
Қайтамын деп айтпаңыз,

Алдыңыз — құз, артыңыз — жар,
Құдай берген ер едіңіз.
Мына жақта Көбікті бар есітемін,
Соған бара кетелік,
Ойранды сала кетелік.

Берік туған құрдасжан,
Құлағың сал сөзіме,
Мен айтайын өзіңе,
Көбікті деген қалмақ бар,
Көрсетейін көзіңе.
Соған енді баралық,
Жылқысын қуып алалық,
Керегесін отын қып,
Ойранды соған салалық».

Сөзіне құлақ салады,
Әйтсе де тілін алады.
Көбіктіні шаппаққа
Іздеп енді барады.
Мінгенде аты дөнен-ді,
Көкке тойған көбең-ді.
Байдың қызы жамылар
Масатыдан берен-ді.
Көп қосынға тапсырды
Қазаннан алған көп елді.

Қараман, Қобылан қосылып,
Кешкі уақыт болғанда,
Көбіктінің шаһарына
Сапарланып жөнелді.
Базарда бар ақ мата,
Ойнақтайды жас бота.
Бұл сөзімде жоқ қата,
Көп қосынның қасынан
Сапар қылды ел жата.
Көбіктінің шаһарына
Келді бұлар таң ата.

Көбікті кеткен ұйқыға,
Жыртылмаған құлпыға
Екі қабан кез келді
Қоба көлдің үстінде
Отарда жатқан жылқыға.
Көк алалы көп жылқы,
Бөрі алалы ен жылқы,
Алдарына алады,

Айдап жөнге салады.
Тізе қосып екеуі
Жылқыны айдап барады.
Көрінім жер келгенде,
Биік-биік қыр екен,
Оқпанды сай жер екен.
Көбікті мінген тарлан ат,
Жамандатқыр сол көк ат
Құйрығын құстай тарады.
Шекесінен қарады,
Бауырынан жарады.
Аспанға қарап есінеп,
«Ием бе?» — деп кісінеп,
Жау екенін білген соң,
Сыртына құйрық салады.

Көк ат қашып барады,
Артынан қуған екеуі
Қарасын көрмей қалады.
Қалаға көк ат еніпті,
Есітті дүбір Көбікті,
Ат барған соң желікті.
Басы — күміс, сабы — алтын,
Базардан келген қасық-ты,
Жаланған болат жасық-ты.
Ақмоншақ атқа Көбікті
Ер салғанша асықты.
Еріндіктен алады,
Астына терлік салады.
Ат басындай тас шоқпар
Тақымына қыстырып,
Мал соңынан салады.
Алтынды найза қолынан,
Жұлдызы туып оңынан,
Таң сарғайып атқанда,
Көбікті жетті соңынан.
Тау суындай сарқырап,
«Таста!» — деп салды барқырап.

Көбікті сөйлеп кетеді:
«Мал иесіз дедің бе,
Жан иесіз дедің бе?
Байлаулы жатқан жылқыны
Байлаудан шешкен кім еді?»
Батыр жігіт қайдасың,
Батыр табар айласын.
Жақсы кісі жаманға

Көп тигізер пайдасын.
Қобыланнан бұрын Қараман
Көбіктінің жүрекке
Келе салды найзасын.
Қараман ерлік бастады,
Ерлігін Қобылан қостады.
Қараманның найзасын
Денесіне тигізбей,
Міне, келген Көбікті
Қолындағы шоқпармен
Допша қағып тастады.
Бұлғары садақ, бұқаржай
Қиядан тартты Қобылекең.
Қобылекеңнің оғын да
Денесіне тигізбей,
Қолындағы шоқпармен
Мұны да қағып тастады,
Жаңадан қайрат бастады.

Аттан түсе алысты,
Бермейміз деп намысты,
Саз балшықтай жабысты.
Қобыландыдай еріңіз,
Бақалшығы қайысты,
Қабырғасы майысты.
Итерісіп тұрысты,
Ат тізесін бүгісті.
Бүгісе, бүгісе тұрысты,
Тебіндігін тер қатты,
Қақырғанда қан татты,
Қанжар қалды қайысып,
Семсер қалды майысып.
Қобылан сынды еріңіз
Бара жатыр бұл жерде
Бақалшығы майысып.

Сол уақытта бабасы:
«Жоқ, балам, жоқ, — деп, —
Болмас, балам, болмас», — деп,
Көк есегі астында,
Шер[1] кітабы қойнында,
Өзі Хақтың жолында,
Есектен түсе қалады,
Қасына жақын барады.
Сол уақытта Қобылекең

[1] Шер (шиыр) /парсы/ — өлең- жыр.

Танымады бабасын,
Қан толды екі көзіне.
«Құлағың сал сөзіме,
Есіге бойлы қара сауыт,
Етегіңіз сіздердің
Орым-орым көрінген
Арт жағынан бұлтиып,
Жаман нәрсең көрінген.
Көрінбе көзіме, жоғал!» — деп,
Иінге түртіп қалады.
Сол уақытта бабасы
Өкпелеп, кейін қалады.
Бұлар кейін қалған соң,
Құдай басқа салған соң,
Көбіктідей батырдың
Аруағы асады,
Ағыны судай тасады.
Көбіктідей батырың
Қобыландыдай батырды
Тақымына басады.
Қос батырдың қос тұлпар
Жылқыға айдап қосады.
Ел қаптайды салаға,
Өтірік емес, жан аға,
Қалыңнан соққан қарсақтай
Салақтатып екеуін
Көбікті кірді қалаға.

Көбіктінің бойжеткен қызы Қарлығаға келіп айтқаны:

Көбікті келіп сөйледі,
Сөйлегенде не дейді:
«Алтын қамзол жеңдіше,
Бидай өңді құбаша,
Орта бойлы дембелше,
Айналайын Қарлыға,
Жер астына бір түсер
Бұл пенденің барлығы.
Қайысқан болат сынғандай,
Асыққан көңіл тынғандай.
Екі пенде әкелдім,
Берсем сені күйеуге
Бас жетімің қылғандай.
Көк шыбын қонсын қабаққа,
Сухарды бергін тамаққа».

Қарлыға мінген кер еді,
Аяңдап басып желеді.

Жазығы әйел демесең,
Қарлыға да ер еді.
Жерде жатқан екеуін
Боқжамаша қолтықтап,
Қарлыға алып жөнелді.
Көк шыбын қонды қабаққа,
Сухар берді тамаққа.
Тастады жауып Қарлыға
Кілті мықты лабаққа[1].

Лабақта бұлар жатты. Бұйырған дәмін татты. Бірнеше күн өтті. Әлденеше күн жетті. Екі батыр солай жата тұрсын, азырақ Қарлығадан сөз сөйлейін. Көбіктінің баласы Біршымбай деген бар еді. Қарлыға сол Біршымбайға айтты:

— Сен Алшағырға бар, «Менің әкем Көбікті Қараман мен Қобыландыны қараңғы үйге салып тастады», — деп хабар сал. Сонда саған Қанікей, Тінікей деген екі қарындасын сүйіншіге берер, — дейді. — Өйткені ол Алшағыр қыз Құртқаға ғашық еді, — дейді.

Мұны есіткен соң Біршымбай көк ала атқа мініп, күн-түн қатып жүріп, Алшағырдың еліне барып, Қобыланды менен Қараманды осылай еткенді құлағына салып, екі қызды сүйіншіге алып, Біршымбай сонда қалыңдық ойнап жата берді. Бір күндері болғанда Қарлыға: «Әкем екі мүсәпірді алып келіп, абақтыға салып қойып еді. Соған барайыншы», — деп келіп, абақтының есігін ашып қалғанда, қараңғы үй жарқ етіп қалды. Екі батыр шошып кетіп, «Бұл немене?» — деп қараса, қыз Қарлығаның сәулесі екен. Сонда Қарлыға сөйлейді.

Қарлыға келіп сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
«Әй, қос батыр, қос батыр,
Сенің өзің ермісің,
Бекер жатар сермісің?
Қолың шешіп қашырсам,
Еліңе барып мақтанып,
Қарлыға қыз қашырмай,
Өзім бір кеттім дермісің?»

Қараман сонда сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
«Менің өзім нашармын,
Кілттің аузын ашармын.
Шеш қолымды, Қарлыға,
Рұқсат берсең, қашармын».

Сонда Қобылекең сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:

[1] Лабақ — абақты.

«Әй, қаш, залым, қасымнан,
Бір сағат болмай ұшты деп,
Дәулет құсы басымнан.
Тіліне дұшпан көнбедім,
Әуелден-ақ жасымнан.
Азар берме бұл шақта,
Көбікті қызы Қарлыға,
Өшті болған әкеңнен,
Өшімді алмай кетпеймін.
Кекті болған әкеңнен,
Кегімді алмай кетпеймін.
Қыс қыстауым — Көзгелі,
Жаз жайлауым — Қараспан,
Бұрынғы жолдан адаспан.
Алты жаста ат мініп,
Он үш жасқа келгенде
Аман қалған жоқ еді
Қызылбас тиіп, жанасқан.
Таңбам әліп, қыпшақпын,
Мұсылманға дін ашқан.
Ел аралап жүргенде
Таулар күйіп, тас жанды,
Алты жаста зарпыма[1]
Асықпасаң, Қарлыға,
Бір мінерсің Бурылдың
Жайдақ сауыр артына.
Әуелі Алла ағындым,
Ата-анамды сағындым.
Жауға менің түскенім,
Жағаласып жатқанда
Кәміл пірім жаңылдым.

Омар менен Османға
Ішім толды пұшманға.
Ықылас атты Шашты Әзіз,
Танымай сізді жаңылып,
Жазым боп түстім дұшпанға.
Әгар пірім жад етсем,
Біздей асыл қошқарлар
Болар ма пенде дұшпанға».

Сонда Қобылан сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
«Қараман, кетсең, аман бол,
Қайтасың ба елдерге?
Елге барсаң, сәлем де

[1] Зарпы /парсы / — қайғы-қасірет, дерт.

Азулы деген көлдерге.
Көп-көп сәлем дегейсің
Ел ішінде серлерге,
Замандас, құрбы, теңдерге.
Бізді дұшпан алды деп,
Аяққа кісен салды деп,
Үлкен аға, кіші іні,
Көз салмасын біздерге.

Қараспан деген белдерім,
Азулы деген көлдерім,
Ел ішінде бар еді
Замандас, құрбы, теңдерім.
Атадан тақ мен байғұс,
Жазым болып көз жұмсам,
Кім сұрайды кемдерін.
Алты жаста аттанып,
Қызылбастың жұртына.
Бұланғаған Құртқаны
Ғибратпен сүйген күндерім.
«Інім жауда қалды, — деп, —
Не қылайын жанды», — деп,
Алдымнан шығар ағам жоқ,
Алладан басқа панам жоқ,
Тәңірі қылды, шарам жоқ.
«Ағам жауда қалды», — деп,
Артымнан жоқтар інім жоқ.
Амалым жоқ, құдірет,
Жалғыздықтан мінім жоқ.
Қазақ «көппін» дегенде
«Мен де көппін» дейтұғын,
Тартынбай айтар тілім жоқ.
Қарағай садақ, қырық кез оқ,
Балдағы алтын белге тоқ,
Басымнан өтер дүние боқ,
Табаныма тиді шоқ.
Жау қолында жатырмын,
Жазым болып, көз жұмсам,
Сүйегім ұстар теңім жоқ.
Қайратымен халық болған,
Қыпшақ деген елім жоқ.

Арқанменен арыған,
Ауыздығымен тараған,
Жаныма серік Бурыл ат,
Қай қызылбас от берсін,
Қай қызылбас су берсін.

Тоқсанға келген Тоқтарбай
Үзілген шығар қияғы.
Алпысқа келген Аналық
Тасқа тиіп кетіліп,
Сынған шығар тұяғы.
Қарындасым Қарлыға,
Алған жарым қыз Құртқа,
Арыстаны мен едім,
Сөнген шығар шырағы».

Қобыланды батыр абақтыдан шықпаған соң Қарлыға мен Қараман ақыл тауып, жылқыдағы Тайбурыл атты алып келіп, тақымына қылшылбыр салып, бұрады. Сонда Бурыл шыдамай, шыңғырып жіберді. Құлағына Тайбурылдың даусы келген соң Қобыланды төзе алмай, жүгіріп шықты. Бұлардың алдап шығарғанын білмеді.

Сол уақытта Қобылекең
Тайбурыл атқа мінеді,
Үстіне сауыт киеді,
Беліне семсер іледі.
Ат мінген соң тұрмады,
Көбіктінің жылқысын
Және айдап жөнеді.
Қаладан қиғаш өткенде,
Қоба көлге жеткенде,
Жамандатқыр сол көк ат
Құйрығын шаштай тарады,
Шекесінен қарады,
Бауырынан жарады.
Аспанға қарап есінеп,
«Ием бе?» — деп кісінеп,
Жау екенін білген соң,
Сыртына құйрық салады,
Көк ат қашып барады.
Жалғаса қуған екеуі
Қарасын көрмей қалады.

Көк ат енді қалаға,
Жәрдем берсін Құдайым
Қобыланды сынды балаға.
Қалаға көк ат еніпті,
Естіді дүбір Көбікті.
«Ояумысың, Қарлыға,
Ат ертте!» — деп желікті?
Қарлыға сонда сөйлейді:
«Ұйқыңды бұзба, Көбікті,
Жамандатқыр Ақмоншақ

«Жем жейін» деп келіпті».
Көбіктіні жатқызды,
Әбілетке[1] батқызды.
Ақмоншақ атқа ер салып,
Аз ғана азық жем салып,
Артында байтақ ел қалып,
Қобылекең еске түскенде,
Қарлыға шері қозғалып,
Ақмоншақ атқа мінеді,
Беліне семсер іледі,
Денеге сауыт киеді.
Қарлыға қыз, мінеки,
Қобыландыға қосылып,
Әкесінің жылқысын
Және айдап жөнеді.

Қаладан қиғаш өткенде,
Сарыөзенге жеткенде,
Пайғамбар Құдай пендесі,
Төменде аттың денесі,
Сілтесе, тастан өтеді
Ғалидың шапқан қылышы.
Оттамай да жусамай,
Жамандатқыр көк бесті,
Қашаған көктің інісі.
Көрінем жерге келгенде
Құйрығын құстай тарады,
Шекесінен қарады.
Аспанға қарап есінеп,
«Ием бе?» — деп кісінеп,
Жау екенін білген соң,
Сыртына құйрық салады,
Көк бесті қашып барады.
Жалғаса қуған үшеуі
Қарасын көрмей қалады.
Көк бесті енді қалаға,
Естіді дүбір Көбікті,
Көбікті батыр желікті.
Көк бестіні көрген соң,
Кеткенін қыздың білген соң,
Көк бестіге мінеді,
Шоқпарды қолға іледі,
Мал соңынан шабады.
Көбікті мұнда келгенше
Қарлыға ақыл табады.

[1] Әбілет /діни/ — жынның бір түрі.

Сонда Қарлыға айтты:

— Әй, Қобыланды мен Қараман, енді ол көк бесті әкеме барады. Әкеме барған соң атқа мініп, бізді қуар, тез жетіп келсе керек. Әкем Көбіктіге атсаң мылтық батпайды. Шаншысаң найза, шапсаң қылыш өтпейді. Өйткені үстіндегі ақ сауытын өзім қолдан жасап едім. Көзін тар қылып едім. Бірақ кіндігінің тұсындағы төрт көзін кем соғып шығарып едім. Өзім бір жақсы адамды сүйіп барам десем, әкем бермесе, сол жерден байлап аттырармын деген жерім еді. «Балам, мына жердің шығыршығы қайда?» — дегенде, «Жетпей қалды», — деп едім. Сол жерінен кіндігі бұлтиып шығып тұратын еді. Сонан байлап атсаң, қаза бар, болмаса, бөтен жерден қаза жоқ, — дейді. Қараманға:

— Ақырын жылқыңды айдай бер. Биең құлын салмасын, тайың жолда қалмасын. Артыңа көзіңді салып жүргейсің. Екі қара көрінсе, Қобыланды мен Қарлыға екен дерсің. Жалғыз қара көрінсе, Көбікті болар. Онда өзіңіз қамыңызды қыларсыз, — дейді. Қараман жылқыны айдап жүре берді.

Қобылекең қисайған оғын түзетіп, тоғайда жол тосып жата берді.

Бір уақыттар болғанда,
Көбікті сынды еріңіз
Таң сарғайып атқанда,
Шолпан жұлдыз батқанда,
Төбеден жұлдыз аққанда,
Көк бесті атқа ер салып,
Тас шоқпарды қолға алып,
Теңселе басып ырғалып,
Енді атына мінеді.
Қобыландының соңынан
Көбікті қуып келеді,
Батыр мұны көреді.

Көтерілді Қобылекең,
Қорамсаққа қол салды,
Бір салғанда мол салды.
«Қалмақы ердің басы деп, —
Қақ жүректің тұсы, — деп, —
Өлер жерің осы», — деп,
Салдыр-гүлдір өткізіп,
Оқ масаққа жеткізіп,
Сонда Қобылан сөйлейді:
«Сыңғыр, қолым, сындың ба,
Шыққыр көзім, шықтың ба,
Шын бір қазам жеттің бе,
Шын бұйрығым біттің бе?
Ықылас атты Шашты Әзіз
Қысылған жерде дем бермей,
Сарт болып-ақ кеттің бе?»
Қобыланды тартты бір кезде.

Тартқан кезде Көбіктінің
Жанына азап көрінді.
Азап емей немене,
Көк бесті аттың үстінде
Бөксесі жатып қалады.
Кеудесі оқпен бөлініп,
Шоқпар қолда қалады.
Шоқпарды қолға алмаққа,
Қобыландыға қарсы тұрмаққа,
Екі қолмен тырбаңдап,
Кеудесі кетіп барады.

Базардың бар мақпалы,
Ұстайды құндыз қақпалы,
Жетіп келді Қобылекең
Алтынды семсер қолға алып,
Көбіктіні шапқалы.
Заманақыр тақалды,
Саудагер сатар бақалды.
Қыздан келген айланы
Біліп енді Көбікті:
«Қыз он беске жеткенде
Өспесін, — деп, — өркені!»
Жұлып та жатыр сақалды.

Діні кәпір, зат басқа,
Аяп болмас атпасқа,
Айласы қанша қыз жасқа.
Екінші сөзді сөйлетпей,
Суырып алып қылышын,
Қобылекең салды қақ басқа.
Шалқасынан сылқ етіп,
Жаны шығып бұрқ етіп,
Өліп қалды сор қасқа.

Бөксесі атпен барады,
Қараманның жылқыда
Құлағын дүбір шалады.
Арт жағына қарады,
Көреді жалғыз қараны.
«Қобыландыны өлтіріп,
Сағатына келтіріп,
Көбікті мұнда келеді, — деп, —
Сазамды менің береді», — деп,
Жылқыдан қаша жөнелді.
Үшінші күдер асқанда,
Қараман жаман сасқанда,

Шығып кетіп оңаша
Артына және қараса,
Жылқы ішінде жүр екен,
Бөксе екенін біледі,
Өз-өзінен күледі,
Жылқыға шауып келеді.
Ат үстінен бөксені
Тартып енді қарады.
Бөксе бұған болмады,
Қараман сөйтіп сорлады.
Аттан түсе қалады,
Аяғынан алады,
Өлдім-талдым дегенде,
Әрең деп жерге салады.

Өтірік емес, оңайдан
Тілейді әркім Құдайдан.
Қос аты бар қолында,
Қуғыншы жоқ соңында,
Қобыланды мен Қарлыға
Көбіктіні өлтіріп,
Сәтіне оны келтіріп,
Аударыспақ ойнасып,
Гулетіп шықты тоғайдан.

Биік-биік қыр екен,
Оқпандай сай, жыра екен.
Көбікті батыр өлген соң,
Қобыландының алдында
Сайымұғлы Қараман
Қарсы түсіп тұр екен.
Бұлар енді келген соң,
Қараман сонда сөйлейді:
«Шешен сөйлер дауға, — деп, —
Қайрат қылдың жауға, — деп. —
Олжа қылған, құрдасжан,
Беріңіз маған сауға», — деп.

— Жая менен жал құрдас,
Шекер менен бал құрдас.
Көбіктінің жылқысын
Олжаға қоспай, ал, құрдас.
— Келіп ем, құрдас, кезіңе,
Мұндай жылқы өзіңе.
Ішіңіз қиып берсеңіз,
Қарлыға сауға өзіме.
— Көбіктінің көрдің өлгенін,

Қыздың көрдің келгенін.
Өзі келді ерлікпен,
Көңілі сүйсе, бергенім.
«Есендік пенен саулық, — деп, —
Тірілік пен барлық, — деп, —
Түйенің көркі нарлық, — деп, —
Жарасар нарға сандық», — деп,
Қарлығаны алып жөнелді:
«Құрдасжан берсе, алдық», — деп.

Ел жайлаған Есілді,
Қарлыға қолға тиген соң,
Қараман батыр шешінді,
Осы жерде қылды кесірді.
Қарлыға қызды ұстады,
«Бола ғой», — деп қыстады.
Қараманның сөзіне
Қарлығадай сұлудың
Ашуы келген сықылды.
Қараманға қылды өкімді,
Жағасынан алады,
Шалқасынан салады.
Қарамандай батырың
Масқара болып қалады.
Жаңылтпа, Құдай, есімді,
Аузыма келген жел сөзді
Аяйын енді несіне.

Қараман, Қобылан екеуі
Қазанда жатқан қосынға
Көбіктінің жылқысын
Айдап келді бесінде.
Қобыланды батыр келген соң,
Иесін көзі көрген соң,
Байлар мінер дөненді,
Жарлы мінер көбеңді.
Байдың қызы жамылар
Масатыдан беренді.
Әкеліп қосты жылқыға
Қазаннан алған көп елді.
Қияттан шыққан көп жаман
Көтеріліп шулайды,
Жатып малға кенелді.
Екі арыстан келген соң,
Қожа бесін болған соң,
Ақсайға барып қонған соң,
Көп қосын көшіп жөнелді.

Жалғызға Қобылан ұқсайды,
Мезгілсіз жылап қақсайды.
Жыламай Қобылан не қылсын,
Жанына серік Бурыл ат
Томар қағып, жүре алмай,
Аяғынан ақсайды,
Келіп қонды Ақсайға.
Ақсайға келіп қонған соң,
Қарлығаны алып келген соң,
Қараман барып алғандай,
Ақымақ қият бірталай
Қараман атты батырды
Көтеріп аттан алады,
Ақ киізге салады.
«Шаһарды бұзып алды», — деп,
Хан көтеріп барады.

Арыстан туған Қобылекең
Атын ұстап тұратын,
Ас пісіріп беретін,
Толып жатқан қияттан
Шай қайнатар кісі жоқ,
Бұл қосынның ісі жоқ,
Қобылекең жалғыз қалады.
Жамандар қорлық еткен соң,
Қараман қият кеткен соң,
Жалғыздықтан жабығып,
Қорлық көріп, қамығып,
Өксіп жылап, қайғырып,
Қайғы тартып, қан жұтып,
Запыран ішіп, май жұтып,
Осынша көптің ішінде
Жалғыз жылап қалады.

«Көптің ісі бітеді,
Жалғыздың ісі кетеді.
Шауып алған олжамды
Қият алып кетеді.
Шамырқанып, шамдансам,
Буырқанып, бұрсансам,
Мұздай темір құрсансам,
Қосыны түгіл, қияттың
Еліне әлім жетеді.
Ақылсыз туған мен ақымақ,
Елден жалғыз шыққанша,
Онды, бесті жаныма
Кісі ертсем нетеді?

Құдіреті күшті Құдайым,
Жаратқанша жалғыз қып,
Жаратпасаң нетеді?
Туғызғанша жалғыз қып,
Туғызбасаң нетеді?
Көп болған соң жалғызға
Жаманның әлі жетеді.

Үйге барсам, түзім жоқ,
Түзге барсам, үйім жоқ.
Осындай жалғыз жүргенде
Өтесің бе, дүние боқ?
Қарағай кестім талымды,
Қайнаттым шекер-балымды,
Әттең, шіркін, жалғыздық,
Бетімнен төктің арымды.
Кетірдің мұнша сәнімді,
Көп қинадың жанымды.
Атадан алтау туса да,
Шірік туған жаманға
Болайын нағып жалынды?
Қазам жетіп, мен өлсем,
Жұрт талайды малымды.
Қай мезгілде көремін
Үйдегі кемпір-шалымды?
«Құлым» десең, Құдай-ай,
Бүгін маған көрсетші
Ататұрын таңыңды.
«Көрсін» десең таңыңды,
Ойла менің қамымды.
Бүгін таңға жеткізбей,
Тауыс менің нанымды».

Қият қылды мастықты,
Жылап жүріп Қобылекең
Ерін қылды жастықты.
Жамандар қылды өсекті,
Наза болып Қобылекең,
Тоқымын қылды төсекті.
Тоқымын төсеп, ер жастап,
Етпетінен Қобыланды
Ұзынынан сұлады.
Алтынды ерге сүйеніп,
Артық туған Қобыланды
Өксіп сонда жылады.
Жылап жатып Қобылекең
Бөлінбеген ұйқыға,
Жыртылмаған құлпыға.

Таң мезгілі болғанда,
Көк есегі астында,
Алтын дастар[1] басында,
Сырлы асасы қолында,
Өзі Хақтың жолында,
Жетіп келіп қасына,
Отыра қалып басына,
Тізесін бүгіп сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
«Ұйқыдамысың, Қобыланды?
Мінгенде атым бозды ғой,
Арқам желге қозды ғой.
Саған келген пәлені
Қорғаймын деп мен сорлы
Етегім әбден тозды ғой.

Құланнан аттым қодықты,
Көлден тарттым борықты.
Сенің әкең Тоқтарбай,
Қартайған шалға жолықтым
Биік-биік қыр екен,
Оқпанды сай жер екен.
Сенің әкең Тоқтарбай
Бұтында жоқ ыштаны,
Қойшы болып кәпірде,
Ақтабан боп жүр екен.
Алпыс жаста Аналық
Арқан есіп, жүн түтіп,
Алшағырдың елінде
Құрт қайнатып жүр екен.
Қарындасың Қарлыға
Пиаласы қолында,
Дастарқаны қарында,
Белдемшесі белінде,
Бөтен жаудың елінде,
Шай қайнатып жүр екен.

Өзіңнен қалған Құртқаны
Қалмақтың ханы Алшағыр
Аламын деп жүр екен.
Шауып кетті еліңді,
Кесіп кетті желіңді,
Өзің тірі тұрғанда
Қыпшақты жаудың алғаны —
О да саған өлім-ді.

[1] Дастар /көне/ — қымбат матадан жасалған баскиім.

Еліңді алған дұшпанға
Көрсеткейсің көрімді.
Жалған айтар демеңіз
Жеті кәміл піріңді.
Қалмақтың ханы Алшағыр —
Бүгін үш күн болады,
Шауып кетті еліңді,
Кесіп кетті желіңді».

Бабасының сөзімен
Қобыланды шошып оянды-ай.
Қылған ісі пенденің
Жаппар Хаққа аян-ды-ай.
Көзін ашып жіберсе,
Таң шымырлап атыпты,
Моллалар азан айтыпты,
Шолпан жұлдыз батыпты.
Көзін ашып қараса,
Мақталы жастық мамық-ты,
Оянып, түске қамықты.
Талауға жұрты түскен соң,
Байлауға малы кеткен соң,
Осыны біліп Бурыл ат,
Қапаланып, ақсап жүр екен.
Пірден хабар тиген соң,
Ақсап жүрген Бурыл ат
Құлындай ойнап қалыпты.
Белгілі төбе бел еді,
Әйел де болса ер еді.
Қараман алған Қарлыға
Батыр жалғыз қалған соң,
Майқара[1] мен көдеге[2],
Жусан менен бетеге,
Шұңқыр менен өзенге,
Түніменен ұйықтамай,
Бурыл атты жетелеп,
Қарлыға бағып жүр екен.
Көзінің жасы мөлтілдеп,
Қос бүйрегі бүлкілдеп,
Елін дұшпан алған соң,
Аяғын басып жүре алмай,
Қарлығаның қасына
Азар келді былқылдап.

[1] Майқара /ботан. / — шөл-шөлейт жерлерде өсетін қара жусан.
[2] Көде — далалы жерде шоқ-шоқ болып өсетін қысқа жапырақты сұлы тұқымдас майда шөп.

Қобыланды келіп сөйлейді:

«Жолдас болдың, Қарлыға,
Алланың қатты жарлығы.
Жер астына бір түсер
Бұл пенденің барлығы.
Жалғыз маған түсіпті
Алланың қысым, тарлығы.
Жау шауыпты елімді,
Дұшпан басып белімді,
Кесіп кетті желімді.
Жалған айтар демеймін
Жеті көміл пірімді.
Қалмақтың ханы Алшағыр
Бүгін үш күн болады,
Бабам айтты өзіме.
Жылқыда құмай аламын,
Атадан жалғыз баламын,
Көмек берер демеймін,
Сайымұғлы Қараман.
Әйел де болсаң, қатар ең,
Мұңымды саған саламын.
Рұқсат берсең, Қарлыға,
Көмегім жоқ соңымда,
Жалғыз да болсам барамын».

Қарлыға сонда сөйлейді:

«Ерлер сасар болар ма,
Етегін басар болар ма,
Үмбетінен пайғамбар
Дінсіздер асар болар ма?
Әуелі Құдай анайым,
Хақ жаратқан Құдайым.
Бөлініп елден шыққан соң,
Сіз болар ма деп едім
Тәңірі қосқан жұбайым.
Өзім сізден қалған соң,
Мұныма жеймін уайым.
Сіздерменен дос болып,
Өз еліммен қас болып,
Сөйтіп шыққан сорлы едім.
Артық туған сұлтаным,
Бір шыбындай жанымды
Сенен бір несін аяйын.
Қайғы ішіп, қан құспай,
Запыран ішіп, май жұтпай,

Бүлінген елге кете көр,
Шабылған елге жете көр.
Асқар-асқар бел болса,
Қараман сынды құрдасың
Жаны ашыған ер болса,
Жинап алып, артыңнан
Тап үш күнде барайын».

Жанына байлап болатты,
Басына асыл жалатты.
Сүйіп мінген Бурылдың
Жел тимеген сауырын,
Күн тимеген бауырын
Қамшымен ұрып, қанатты.
Тайбурыл аттың маңдайын
Қараспан тауға қаратты.

Қаратып тауға, «Шүу!» — дейді,
Атылып Бурыл гулейді.
Тау мен тасты көрмеді,
Құлақтың түбі терледі,
Тер шыққан соң өрледі.
Көлденең жатқан көк тасты
Тіктеп тиген тұяғы
Саз балшықтай иледі.
Ерте шапқан Қобыланды
Кешке шейін шабады.
Бара алмады еліне,
Жете алмады жеріне.
Таң мезгілі жеткенде,
Шолпан жұлдыз батқанда,
Есіктің алды ағын-ды,
Бола жазды шығынды.
Шығынды емей немене,
Екпіндеп шапқан Тайбурыл
Етпетінен жығылды.

Жылап жүріп Қобыланды
Жерге қолын салады,
Жерді сипап қарады.
Ертеңгі таң атыпты,
Бұйырған дәмін татыпты.
Жазығы мал демесең
Адамнан ақылы артық-ты.
Ел барында Құртқаның
Екі мезгіл жем берген,
Жанымен тең көрген,

Алтыннан соққан албарға[1]
Бурыл құлап жатыпты.

Таң ата Қобылан қараса,
Жұрты жатыр, елі жоқ,
Батпағы жатыр, көлі жоқ.
Сандалып жүрген бала жоқ,
Табанына тиді шоқ,
Жанды қара бір де жоқ.
Балта кеспес мұртына
Сүйексіз тілім бел қылды.
Сәске мезгіл болғанда,
Шауып келді Қобыланды
Бұландаған Құртқаның
Отауын тіккен жұртына.
Қылыш сала байланып,
Жұртын жүрді айналып,
Есіктің алды ойыңқы,
От ортасы көбіңкі,
«Томпайған мынау күл ме?» — деп,
Найзаны күлге салады,
Аударып күлді қарады.
Жая менен жал екен,
Шекер менен бал екен,
Өзін қалмақ алғанда,
Босанып қолдан қалғанда,
«Батыр бұған кез келсе,
Қарны ашып келер, — деп, —
Қаны қашып жүрер», — деп,
Көмген екен жұртына
Бір табадай нан екен.
Бұйырғаны осы ғой,
Азды-көпті жиған деп,
«Нанның түбі иман», — деп,
Шетінен тістеп алады,
Қоржынға батыр салады.

Бурыл атқа «Шүу!» — десе,
Етпетінен құлады.
Сонда тұрып Қобыланды
Алтын ерге сүйеніп,
Өксіп-өксіп жылады.
«Тұлпардан туған Бурылым,
Сен де айрылдың анаңнан,
Мен де айрылдым анамнан.

[1] Албар — үй айналасындағы төбесі ашық, қоршалған жер.

Және айрылдым Қарлыға —
Бірге туған бауырдан.
Қарағым, Бурыл, әлменен,
Адаспай шауып жолменен.
Өкпе-бауыр жалменен,
Тұман болды шаңменен.
Ауылға барған кезімде
Құртқа түссе қолыма,
Суартамын балменен.
Сипатармын, шырағым,
Ақ сүңгідей қолменен».

Қобылекең сонда «Шүу!» — дейді,
«Шүу!» — дегенде, гулейді.
Ерте шапқан Қобыланды
Кешке шейін шабады.
Шапса да елге жете алмай,
Іңір болып барады.
Есіктің алды ағынды,
Бола жазды шығынды.
Шығынды болмай немене
Екпіндеп шапқан Тайбурыл
Етпетінен жығылды.
Жерге қолын салады,
Жерді сипап қарады.
Аллаға қанша жазықты
Батыр бұған кез болса,
«Аты арыса, қарны ашса,
Болсын депті атқа жем,
Өзіне қылсын азық-ты».
Тұлпардан туған Бурылдың
Астынан тауып алыпты.
Алтын қазық бес бүктеп,
Ат қоржынға салыпты.

Таң мезгілі болғанда,
Алшағырдай қалаға
Қобылекең жетіп келеді.
«Қолыма алдым найза, — деп, —
Шерменде болған халқыма
Тигізейін пайда», — деп.
Таң атқанда Қобыланды
Шаһарды үш айналды,
«Енуге есік қайда?» — деп,
Бір шетінен өткенде,
Мүсіндеу жерге жеткенде,
Жылқыда құмай аланы,

Атадан тақ баланы,
Күнде қойға барғанда
«Жалғызым» деп Тоқтар шал
Жоқтаушы еді баланы.
Бүгін тағы зарлаған,
Жас қозыдай маңыраған,
Саулы іңгендей аңыраған,
«Уай, балам» деп сарнаған
Тоқтар шалдың дауысы
Сыртта жүрген Қобыланның
Құлағын жарып барады.

Сонда Қобыланды тыңдап тұра қалса, тоқсандағы атасының Қобыландыны жоқтап зарлағаны екен.

Тоқтар шал сонда сөйлейді,
Жадына алып Құдайды.
«Келелі түйем ішінде
Бурадайын айдынды,
Жалғызым, сенен айрылдым.
Омар менен Османға,
Ішім толды пұшманға,
Ай мүйізді қошқардай,
Қозым, сенен айрылдым.
Қолымнан құт кетті енді,
Құтым Қобылан, айрылдым.
Қайыңға біткен жапырақ
Құлан шабар шоқырақ.
Бұл бейнетті көргенше
Неге өлмедім мен шұнақ.
Өлгенде мені кім көмсін,
Тілеп алған қозым жоқ,
Кім салар маған топырақ?
Балтам тасқа өтпейді,
Ауырған жерім бітпейді.
Күнде «ал» деймін Құдайға,
Мезгілсіз ажал жетпейді.
Күн ыстықта қой бағып,
Маңдайымнан тер ағып,
Бұтымда жоқ ыштаным,
Кендірден киген кебене
Бұтыма тартсам жетпейді».

Бүгін айдың нешесі,
Ай қараңғы кешесі.
Алпысқа келген Аналық
Енді оянып, жылайды,

Қобыландының шешесі.
«Өріп едім жібекті,
Құлан тастар тезекті.
Шырағымды жоқтайын,
Шаршаған жерде тоқтайын,
Жан қосағым Тоқтар шал,
Беріңіз маған кезекті.
Алтын бесік иісім,
Күміс еді киісім.
Ернеуі жоқ күмісім,
Жастан қосқан білісім,
Ойнау менен күлісім,
Жалғызымның барында
Кеңейіп еді өрісім.
Қондырып еді өзіме
Бұл дүниенің бейішін.
Түн ортасы болғанда
Шырағым жақтан жел соқты,
Жаңылмасам деп едім.
Шырағым мінген астына
Тайбурыл аттың желісін.
Омар менен Османға,
Ішім толды пұшманға.
Шырағымның жоғында
Пенде болдым дұшпанға.
Жан қосағым Тоқтар шал,
Разымын Тәңірге
Мені саған қосқанға,
Көзіңді сал аспанға.
Төрткілдеп соққан төбемнен,
Шырағым шыққан денемнен,
Жаз болса шығар күн жаққа,
Қыс болса шығар жел жаққа,
Бабасы берген шырақтың
Бұлты келді төбемнен.
Қарағай садақ, қырық кез оқ,
Балдағы алтын белге тоқ.
Бұлты келді, өзі жоқ,
Бұлтын көріп, кеулім тоқ.

Қобыланды үйде барында
Мақпалдан тонды киіп ем.
Айналайын Жасаған,
Көзімнің жасын иіп ең.
Тілегімді берсейші,
Қозы бағып жүргенде
Шырағым менің келсейші.

Оң қабағым тартады,
Шырағым менің келгендей.
Иінім менің тартады,
Қамқаны таңдап кигендей.
Тақымым менің тартады,
Қараспанға ел көшіп,
Парымен жорға мінгендей.
Жан қосағым Тоқтар шал,
Етіме қатқан қос тері
Бұлақ болып есілді,
Жалғыз келіп емгендей.
Бір нышанын көргендей,
Қуанамын мен ғаріп,
Кеткен қозым келгендей.
Алпыста шешең Аналық
Арқан ескен не қорлық?
Өзге қорлық — қорлық па,
Өзің алған Құртқаны
Қалмақтың ханы Алшағыр
Аламын дегені не зорлық?
Мен бір пақыр анаңды
Дұшпаннан халас[1] қыла көр.
Ықылас атты Шашты Әзіз,
Біздерге жәрдем қыла көр».

Қарлыға сонда сөйлейді:

«Қасіретті жан шеше,
Көкеме бүгін түс көрдім.
Бүгін емес, мен кеше,
Адыра қалған айбалта
Тасқа тиіп, кетілді,
Қайрасақ, тағы жетілді.
Тәңірі аямас болар ма,
Біздей сорлы жетімді.
Мойынымда көк моншақ,
Бармақ басым жауһардан.
Жете алмады Тайбурыл
Ақ сауыттың ауырдан.
Қалмақтың ханы Алшағыр
Мал алмас еді ауылдан.

Бүгінгі күн түсімде,
Өзімнің бабам ішінде,
Бұл заманда жан бар ма

[1] Халас /араб/ — құтылу, босау, азат болу.

Қобылекеңдей пішінді.
Қазанның Сырлықаласын
Жалғыз алып жүр еді.
Сарт болмаса пірлерім,
Ықылас атты Шашты Әзіз
Аян беріп жүреді.
Аюдайын ақырып,
Қараманды шақырып,
Қасына енді келген соң,
«Қатын» деген бір сөзді
Бетіне соғып жүр еді.
Қысқаға ұзын жалғатып,
Тайбурыл атты ойнатып,
Қазанды шауып жоқ етіп,
Көп қосынға Қобылекем
Олжа салып жүр еді.

Бүлінбеген ұйқыға,
Жыртылмаған құлпыға,
Жалғыз ағам, жан көкем,
Таң ата алып жүр еді
Көбіктінің жылқысын.
Жамандатқыр Ақмоншақ
Қашып барып еліне,
Терлік салып беліне,
Көбікті мініп атына,
Бұрынғы тартып салтына,
Көбіктіні өлтіріп,
Кемеліне келтіріп,
Ағамның құрып айласы,
Өз аттасым Қарлыға
Көкеме тиіп пайдасы.
Сөйтіп жүрген жан көкем
Қарамандай батырға
Көбіктінің қызы Қарлыға
Сауғаға беріп жүр еді.

Бурыл ақсап қалғанда,
Көкем қақсап қалғанда,
Қалың қосын көше алмай,
Ақсайға қонып жүр еді.
Ақырында көп қосын
Жан көкеме қарамай,
Жұртына тастап жүр еді.
Жеңешем көмген сары нан
Шетінен тістеп жүр еді.
Қоржынға салып жан көкем,

Аллаға қанша жазықты.
«Аты арыса, қарны ашса,
Керек болса атқа жем,
Өзіне қылсын азық-ты».
Жеңешем көмген қазықты
Бурыл ат тауып жүр еді».

Енді Құртқа сөйлейді:

«Аспаннан ай түсірдім,
Хордың қызын құшырдым.
Ойпаң жерге ор қаздым,
Ақсұңқар құсқа тор жаздым.
Шырағым түзде, мен үйде,
Жарғабынды қылғандай,
Бибі Фатима, не жаздым?
Биік таудың жылғасы,
Бауырында ойнар құлжасы.
Әр пендеге бітер ме,
Сұлтанымның тұлғасы.
Тәңірі неден жаратты
Төмен етек ұрғашы.
Аламын деп қинайды,
Діні жаман болмашы.
Шырағым сүйген ару денем,
Бола ма жаудың олжасы?

Құлыны өлген құлыққа
Тай теліген бар ма екен?
Ботасы өлген түйеге
Нар теліген бар ма екен?
Сұлтаным түзде, мен үйде,
Ақсұңқар құстың орнына
Қарға қонған бар ма екен?

Сары бал қойдым аяққа,
Бұғалық[1] салдым саяққа[2].
Өзім баққан Тайбурыл
Менен кеттің қай жаққа?
Мінген атым Шалқасқа,
Алтыннан таға салдырдым,
Таймасын деп тау-тасқа,
Қызмет еттім мен жаста.
Құлықтың сүтін еміздім,

[1] Бұғалық — жылқы ұстауға арналған қыл арқан.
[2] Саяқ — өз алдына бөлек жүретін жылқы.

«Бәрекелді» дегіздім.
Сексен күні біткен соң,
Тоқсан күні жеткен соң,
Құнанда емдің, тайда емдің,
Бес жасыңа келгенде
Бел қызығын көрсін деп,
Бес бедеуге салдырдым.
Алты жаста ақтаттым,
Ат болар деп батырға,
Сені сонша мақтаттым.
Таралып мойны өссін деп,
Алты қабат ала арқан
Жібектен есіп сүйреттім».

Белде белден өткізді,
Бурыл аттың дауысын
Қыз Құртқаға жеткізді,
Періштелер жалғасып.
Таныған сын дауысын,
Жалтырда көлдің қатысын,
Тілеп ала барады
Алшағыр ханның сатысын.
Сатыны тілеп алады,
Сатыны тамға салады.
Сатыға шығып өрмелеп,
Жан-жағына қарады.
Қобыланды менен Бурылды
Құртқаның көзі шалады.

Сонда Құртқа сөйлейді:

«Әуелі Алла алхамым,
Атса мылтық өткізбес,
Үстінде далда қалқаның.
Күнім туды, Құдай-ай,
Дұшпан іздеп жол кешкен
Келген екен сұлтаным.
Қайтып келіп қонар ма
Ұшып кеткен сұңқарым».

Енді Қобыландыны көрген соң Құртқаның балқымаған жері қалмай, аққан судай көңілі тасып, аяғын жылдамырақ басып, Алшағыр ханға айтқаны.

Құртқа сондай сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
«Елімді шапқан, Алшағыр,

Сөзіме құлақ сал, Шағыр.
Сақтағаны сен итке
Бір Тәңірдің бар шығар.
Мінгенде атым кер ме еді,
Кекілден аққан тер ме еді.
Әкелдің де қамадың,
Жарық сәуле көрмедім.
«Құртқа шығып, бой жазып,
Далаға шықсын» демедің.

Рұқсат берсең, Алшағыр,
Ала қапты алайын,
Беліме арқан шалайын.
Тезек теріп, бой жазып,
Далаға таман барайын.
Аянбасаң, Алшағыр,
Екі құл мен екі күң
Бақташыңды сал, Шағыр».
«Теремін, — деп, — тезекті»,
Сәске мезгіл болғанда,
Шahардан шығып барады.
Бақташысы қасында
Екі құл мен екі күң,
Құртқаменен бесеуі
Ақылдаса қалады,
Сөзіне құлақ салады.

Көрінім жер барғанда,
Келді бір сай басына,
Отырды Құртқа қасына.
Отырып, бір сөз бастады,
Күң менен құлдар қостады.
Бір күң менен бір құлды
Осы сайдың басында
«Ойнай бер», — деп тастады.
Күңді құлдар ұстады,
«Бола ғой», — деп қыстады.

Күң менен құл қалған соң,
Бойын жазып алған соң,
Тақырға тұрған құла қақ
Сөйлеген ғазиз тіл мен жақ,
Патшалар мінген алтын тақ.
Ала қапты төрт бүктеп,
Жүкті қатын секілді
Ішіне тықты Құртқажан,
Қобыландыны сынамақ.

Қыл қобызға жаққаным
Қарағайдан шайырды.
Үлкен-кіші жамағат
Тіріде қайыр бермеген,
Ғибадат жүзін көрмеген.

Бұл дүниеден өткенде,
Ақыретке жеткенде,
Білесіз бе байырды.
Мынау шарбақ осы деп,
Иә, болмаса тұсы деп,
Бұл шарбаққа байлаған,
Терек басын шайнаған,
Шығыршық атып ойнаған
Бурылды Құртқа көріпті.

Құртқажанды көрген соң
Тұлпардан туған Тайбурыл
Теректегі шылбырды
Жұлып ала жөнелді.
Бурылды Құртқа көрген соң,
Омырауда он түйме
Құртқа ағытып жіберді.
Есіктің алды ағынды
Бола жазды шығынды.
Шығынды болмай не қылсын,
Сағынып келген Бурыл ат
Қолтығына Құртқаның
Тұмсығын тығып жығылды.

Ат қашқан соң «Тәк-тәк!» — деп
Артынан Қобылан жүгірді.
Ат тоқтаған мезгілде
Құртқажанды көреді.
Ғашық жарын көрген соң,
Артық туған Қобыланды
Езу тартып күледі.
Қобыландыны көрген соң,
Бұландаған Құртқажан
Тұра келіп иілді,
Қол қусырып жиылды.

«Дүниеде іңкәрім,
Бұрын жетті өзіңнен
Астында мінген тұлпарың.
Тұлпар мініп, ту алған,
Туын қанға суарған,

Кеткен жері қуарған,
Келген жері қуанған.
Аман-есен келдің бе,
Жұрт иесі сұңқарым?
Сақтадың жаудың қаласын,
Дұшпанның мініп аласын.
Қалмақтың жегіп шанасын,
Қасіретті қылған данышпан,
Әлдеқандай боласың?
Үкімменен жина-дүр
Кәуірдің[1] дұшпан баласын».

Онда Қобылан сөйлейді:

«Күлме, Құртқа, қой, — дейді, —
Кетті заман баяғым.
Кім ұстамас жылқының
Қырға қашқан саяғын.
Бірді таппа, мыңды тап,
Көріп келдім бұл жолда
Жалғыздықтың азабын.
Омса[2] болмас баяғым,
Адам болып ер жетсе
Өзімнің соғар таяғым».

Қобылекең кеңдік бастайды,
Кетігін Құртқа қостайды.
«Тұл болсын», — деп ақ қапты
Көзінше алып тастайды.
Қап екенін біледі,
Езу тартып күледі.
Аузы айтса да Қобылекең,
Іші қимай тұр еді.
Құртқаны қолдан жетелеп,
Қасындағы тоғайға
Қобыланды алып жөнелді.

Құртқа сонда сөйлейді:

«Көптен дамыл көрмеген,
Күн бесті болған ер едің,
Аз-кем күнге шыдаңыз.
Тайбурылды ойнаттың,
Дұшпаның көп, досың аз,

[1] Кәуір — кәпір.
[2] Омса, омсыраю — олқы, олқылану.

Сұлтаным, бұзба қайратың.
Айдын көлдің бетінде
Ойынға балық шығады,
Жазғы судың шетіне.
Ертеңгі күн, сұлтаным,
Жұрт қолыңа тигенде,
Біреуменен ұрыссаң,
Біреуменен керіссең,
Әзілдесіп, күлісіп,
Жамандардың тілі ащы.
Қадір білмес кей жаман
«Ата-анасын танымай,
Қатынын көрген Қобылан», — деп,
Кінә қылар бетіңе».

Сонда Қобылан сөйлейді:

«Асып туған қыз Құртқа,
Әйел болдың, амал жоқ.
Әгар еркек болғанда,
Болар ең тұтқа бір жұртқа.
Төрткілдеп[1] соққан төбедей,
Алтыннан соққан жебедей,
Сағындырған жарым сен едің.
Соншама күн жол шегіп,
Абыры ажат[2] көп көріп,
Сағынған жұфтым[3] — сен едің.
Құдай қосса, шырағым,
Ертең Бурыл мінейін,
Беліме семсер ілейін.
Қазам жеткен күн болса,
Ата менен анадай
Құрбандық болып өлейін.
Иә болмаса, Тәңірге
Жүгініс етіп көрейін.
«Байқамас па екен?» деуші едім,
Әсіре қыпшақ баласын,
Өткен ерлер шамасын».

Құртқа кейін кеткенде,
Шаһарға барып жеткенде,
Күні мен құлға «жүр» дейді,
Тұрайын десе күң мен құл

[1] Төрткіл — төртбұрышты.
[2] Абыры ажат /араб/ — жапа-машақат, қиыншылық.
[3] Жұфыт /парсы / — жұбай, жар.

Ойындарын қимайды.
Еркіне Құртқа қоймайды,
Күңі мен құлын жинайды.
Ертіп алып қыз Құртқа
Құлдарыменен келген соң,
Қалаға Құртқа енген соң,
Шұбаландап шаң шықты,
Қаңғыр-күңгір даң шықты.
Немене шаң деп қараса,
Саулы іңгендей аңқылдап,
Күшігендей саңқылдап,
Алтын күмбез дулыға
Шекесінде жылтылдап,
Ақмоншақ аты астында,
Қарлыға келді сылқылдап.
Қарлығаның соңынан
Сайымұғлы Қараман
О да келді былқылдап,
Бұл Қараман соңынан.

Есіктің алды балдырған,
Нан пісірдім тандырдан,
Қызылбастың көңілін қалдырған,
Қызылбастың жұртынан
Мұштай деген шаһарды
Тағыболат, Тасболат,
Бұрынғы үш ағасын
Бірдей қырып салдырған.
Шонжар қатар заты бар,
Жіңішке жирен аты бар,
Аллаға жеткен даты бар,
Балалы тауда барда Орақ,
Қосын салған мырзалық.
Айдынды Орақ, айды Орақ,
Айбалтасы қанды Орақ.
«Қобыландының елдерін
Қалмақ алды», — деген соң,
Келген екен бұл Орақ.
Торғай емес, тосылды,
Ақбөкендей жосылды,
Қараман менен Қарлыға,
Аты шыққан Орақжан —
Қобыландыдай батырға
Үшеуі келіп қосылды.

Бұлар тұра тұрсын. Алшағыр ханның шешесі бар еді, денелі, зор кісі еді. Маясоқ[1] домбырақоқ[2], аузы үңгірдей, мұрны пештей, көзі көрдей, сиқы адам құсарлық жаман қатын еді. Құрма тастап, бал ашып, Қобыланды әм Орақтардың келгенін біліп, баласы Алшағырға сөйлейді:

«Мінгенде атым құлаша,
Бидай өнді құбаша,
Құбаған мұрын, қой көзді,
Ұзын бойлы, нұр жүзді,
Сымбат бойлы дембелше,
Алтын қамзол жеңдіше,
Бейне Қобылан секілді,
Келді, балам, тұр-сана.
Қобыландының артынан
Сүйек біздікі, ет бөтен,
Көбіктінің қызы Қарлыға
О да келгенге ұқсайды,
Жалғыз балам, тұр-сана».

«Әуелі тартқан иегі,
Ұстаған садақ білегі,
Үш ай тоқсан болғанда
Шешілер қошқар күйегі.
Он жыл болды Қобыланның
Қайдан келсін сүйегі?»

Тағы кемпір сөйлейді:
«Май жүзінде тортамын,
Қобыланды — деп қорқамын.
Атаң мінген алтын тақ —
Сол мінер деп қорқамын.
Ойран болар жұртыңыз,
Басыңнан ұшып аруақ.
Атаңыз жиған байтақ ел
Бүлінер деп қорқамын.
Тура атқанда оқ өтпес,
Сол киер деп қорқамын.
Емпек-емпек жүгірген,
Еңкейе басып бүгілген.
Ертеден салса, түске озған,
Ертеден шапса, кешке озған.
Томаға көзді, қасқа азбан —
Сол мінер деп қорқамын.
Менің өзім нашармын,

[1] Маясоқ — дөңкиген, қопал.
[2] Домбырақоқ — «үндемес», «бірмойын» деген мағынада.

Кілттің аузын ашармын.
Күнікейдей кекті қыз,
Тінікейдей текті қыз,
Екі қызымды алармын.
Тіл алмасаң қайтейін,
Бассауға қылып қашармын».

Екі қызды алады,
Күймесіне салады,
Кемпір қашып барады.
Көбіктінің қызы Қарлыға
Қиядан көзі шалады,
Қасына жақын барады,
Екі қызды ұрлап алады.
«Арбада қызым аман» деп,
Кемпір кетіп барады.

Сол уақытта Қараман
Мұны көзі көреді,
Қасына жақын келеді,
Келіп те сөйлей береді:
«Екі қызды бер», — дейді,
Қарлыға сонда сөйлейді:
«Апырым-ау, енді не дейін,
Байытқалы келіп пе едім,
Қияттың жаман кедейін.
Өзімнің басым сауғадан
Құтыла алмай тұрғанда
Мен кімге сауға берейін?»

Қараман сонда сөйлейді:
«Мұсылманға мәз ат-дүр,
Қызылбасқа оқ аттыр.
Екі қызды бер маған,
Тіпті сені алмаймын,
Өз басыңа азат-дүр».

Енді Қарлыға екі қызды Қараманға беріп, өз басын босатып алды. Бұл қосынның ең кішісі Орақ екен. Қараман Орақка айтты:

— Мына екі қызды Қаракөзайым жеңгеңе апарып бер, ешкімге көрсетпесін. Әгар көрсетсе, мен ол жеңгеңді «талақ қылармын» деп айтты дегейсің, — дейді. Орақ батыр екі қызды алып барып қатынға тапсырып, Қараманның сөзін айтып, қайтадан бұларға келіп шықты.

Орақ батыр келген соң,
Бірін-бірі көрген соң,
Бұлар енді ат қойды.
Жылқыда құмай алан-ай,

Ер жігітке мал бітпес,
Шыбын жанын қинамай.
Ата менен анаға,
Әсіре қыпшақ балаға,
Жатқаннан соң байлауда,
Қобылекең жалғыз ат қойды,
Күн шығуға қарамай.

Қалаға еніп, ақырды,
Нар түйедей бақырды,
Сыйынып пірін шақырды.
«Атың шыққан, Алшағыр,
Сөзіме құлақ сал, Шағыр.
Менің атым — Қобыланды,
Әбден ұғып ал, Шағыр!»

Оқ өтпес тонды киген соң,
Қарға сүңгі ілген соң,
Қара қасқа ат мінген,
Ат құйрығын шарт түйген,
Алшағыр шықты қаладан.
Түлкідей көзін жайнатып,
Астына мінген тұлпары
Ауыздығын шайнаған,
Қолындағы найзасы
Қара тасқа тигенде
Қарыс сүйем бойлаған.
Қобылекең шықты бұл жақтан,
Тайбурыл атын ойнатып.
Жайықтың бойы қамыс-ты,
Қараспан тау алыс-ты.
«Бермейміз, — деп, — намысты»,
Алшағыр менен Қобыланды
Қарсыласып, қағысты.
Емен найза салысты,
Найза қанға майысты.
Ат тізесін бүгісті,
Бүгісе-бүгісе тұрысты.
Қобыланды сынды батырдың
От шығады ұртынан.
Сәске мезгіл болғанда,
Жұлмаланып жоқ болды
Қара қасқа аттың сыртынан.
Алшағырды құлатты,
Жерге мықтап сұлатты.

Бедеу аттың тағасы,
Қамысты көлдің қоғасы,
Құртқаны алған сапарда

Өлтіріп еді Қобыланды
Қырық кез Қызыл ердің баласы
Ағанас пенен Тоғанас
Жаңа шықты қаладан.
Келісіменен Ағанас
Қобыландыға салды найзаны.
Қызылбасқа тигізіп,
Осы жерде пайданы.
Ағанас сондай жас бала,
Қайраты мол масқара,
Көңілге кінә болмаса,
Қобылекеңнің бөксесін
Қисайтып кетіп барады.

Сол уақытта Қарлыға
Қиядан көзі көреді,
Қарлыға да ер еді,
Шауып жетіп келеді.
Ағанастай баланы
Алып тастап, жөнелді.
Атқа түзеліп мінген соң,
Тоғанастай баланы
Қобылекең алып тастады.
Қазан басты қара дәу
Шығып еді қаладан,
Орақ алып тастады.
Жүзден Тайлақ батыр
Шығып еді қаладан,
Қараман алып тастады.

Берен тонның жағасы,
Көбікті ханның баласы,
Көк ала атты Біршымбай
Қарлығаны бір шанышты,
Қараманды бір шанышты.
Үміт қылды тағы да
Орақ сынды батырдан.
Болар емес Біршымбай,
Сауыты мықты болған соң.
Шығарып алып Қарлыға
Қараман менен Орақты:
«Асқар-асқар бел, — дейді, —
Белден асқан ел, — дейді. —
Бола қалмас сіздерге
Қобыланды батыр болмаса,
Сіздер кейін тұр, — дейді. —
Есебін тауып амалдап,
Өлтірейін мен», — дейді.

Қарлыға айтты:

— Әкем Көбіктінің күші менен мың батпан артық. Әм менен Біршымбайдың күші батпан артық. Үстіндегі ақ сауытты өзім қолдан соғып жасап едім. Атсаң мылтық, шапсаң қылыш, соқсаң найзаң өтпейді. Оған жалғыз інім болған соң, Құдайдан болмаса, пендеден қаза болмасын деп соғып едім. Өзім амалдап, ебін тауып өлтірейін. Әйтпесе, сендерге болмас, — дейді. Біршымбайға шауып жөнелді. Қасына жақын келіп жылай берді:

— Ойбай, менің жалғыз інім, қайда жүр едің? Әкең Көбіктіні өлтіріп, мені ұстап әкелді. «Құдай, жалғызға кез келтір», — деп едім, Құдай тілегімді берді, — дейді, бетіне шашын жайып, жылай берді. Онда Біршымбай:

— Ойбай, апа, сен бе едің? Мен танымадым, өзіме жақын кел, — дейді.

Қасына жақын келген соң апасы жылайды:

— Ойбай, қарағым, менің ауыр науқас әлім бар. Мені бір көз көрмес жерге алып бар, — дейді.

— Пәлен жерде бір таудың үңгірін көріп едім, соған жүр, — дейді. Апасы: — Шырағым, сен алға жүр, — дейді.

Нәзірі арман оған да,
Түстей мақпал көрпеден.
Қарлығасы құрысын,
Біршымбайдың артынан
Найзасын салды желкеден.
«Жан апа», — деп жылапты,
Біршымбайды аттан құлатты.
Жан апасы құрысын,
Өтірік емес, рас-ты.

Бұл Біршымбай өлген соң,
Баспақты сарлы[1] танадан,
Қалмады қатын-баладан,
Пенде болған көп қыпшақ,
Қобыланды қамал бұзған соң,
Шулап шықты далаға.
Ақбөкен аңдай жосылды,
Тоқсандағы Тоқтарбай
Қобыландыға қосылды.
Алпыстағы Аналық,
Қарындасы Қарлыға,
Алған жары қыз Құртқа,
Пенде болған көп қыпшақ
Балаға есен қосылды.

Алшағырдың шаһарын
Жалғыз жүріп шабады,

[1] Сарлы /жер./ — қодас.

Адаспай Қобылан табады.
Байлар мінер дөненді,
Жарлы мінер көбеңді.
Байдың қызы жамылар
Масатыдай беренді.
Пенде болған көп қыпшақ
Олжа малға кенелді.
Қарақыпшақ елдері
Қараспан тауға бет алып,
Ырғытып аттап жөнелді.
Белгілі болды еліне,
Семсер буды беліне,
Нан пісірді деміне,
Келмеді дұшпан шебіне.
Үш ай тоқсан болғанда,
Келді қыпшақ жиылып,
Бөлініп көшкен жеріне.

Пенде болған елдердің
Сірә, қыпшақ баласы,
Олжа малға толады
Қараспан таудың арасы.
Қобылекең сынды батырың
Тайбурыл атпен желеді,
Ел қонаға келеді.
Жағалай елі қоныпты,
Ел жағалай қонған соң,
Салаға малы толған соң,
«Басым екеу болсын», — деп,
Қарындасын Қобыланды
Орақ ерге беріпті.

Қонған жері жыңғыл-ды,
Құмырсқа бел, талма бой
Қарлығаны ұзатып,
Батыр Қобылан той қылды.
Бір-біріне қосылды,
Жібек болып есілді.
Екі аяғын көсілді
Мұратына жетіпті,
Сөйтіп дәурен өтіпті.

Иманды қол көреді
Пайғамбар жатқан Меккесін,
Жарлы тігер кепесін.
Отыз күндей ойын қып,
Қырық күндей тойын қып,

Тоқсан қатын жеңге боп,
Бұландаған Құртқаны
Қасына алып келеді,
Бірін-бірі көреді.
Тойына сойған секілді
Ешкі малдың текесін.
Қыз Құртқаның бұл жерде
Батырға қиды некесін.

Құртқа жатты қасында,
Қосылған деген осы ма,
Бұйырғанын көрсетті
Сүйіп алған досына.
Енді үстіне мінеді,
Сағынысып жүрген ер еді.
Бірін-бірі қинады,
Тұрайын десе, қимады.
Қобылекең асылы
Қыз Құртқаға сыймады,
Бұйырғанын береді.
Тоқсан екі қатын жеңгесі
Ертең түсте келеді,
Жарқырап жатқан асылын
Қатындар келіп көріпті.
Көрген қатын қызықты,
Қызыққанның себебі —
Алтыннан түсі бұзық-ты.
Көрген қатын қызығып,
Қасықпенен алады,
Денесіне салады,
Перзент болып қалады.
Тоқсан екі қатын алған соң,
Денесіне салған соң,
Перзент болып қалған соң,
Тоқсан екі қатыннан
Тоқсан екі бала туған соң,
«Тоқсан екі баулы қыпшақ» деген сөз
Мирас болып қалыпты.

Айлардан ай өткенде,
Тоғыз ай, он күн жеткенде,
Сұлу Құртқа толғатты,
Толғағы болды тым қатты.
Дүниеге жар қылып,
Бала келді сымбатты.
Құндақтап алды баланы,
Тойына сойды аланы.

Үлкендігін сонан біл,
Екі қарыс болыпты
Жас баланың табаны.
Тілекті берді бір Құдай,
Жақсылығы тым оңай.
Жиылып елдің молдасы
Атын қойды — Бөкенбай.

Бөкенбай келді бір жасқа
Жүгіріп бала шығады,
Үйде енді тұрмасқа.
Бөкен келді екіге,
Жан шыдамас лебіне.
Атадан бала сұрайды
Малды бағып кетуге.
Бөкен келді үш жасқа,
Артықша бала іс басқа,
Мықтылығын сонан біл,
Найзасы кірді тау-тасқа.
Төртке келді Бөкенбай,
Қобылекеңнің көңілі жай.
Бес жасына келгенде,
Қобыландымен болды сайма-сай.
Бөкенбай келді алтыға,
Таулар жанды зарпына[1].
Дұшпандарын мұқатып,
Пайдасы тиді халқына.

Бөкенбай алты жасқа келген соң тобылғы торы атын мініп, Естімшемен қосылып, мал бағып жүре берді. Ит жүгіртті, құс салды.

Қобыланды қарындасы Қарлығаны Орақ ерге берді. Көбіктінің қызы Қарлығаны ешкім алмады, жаманға ол бармады. Он екі құлақты алтын шатырын тігіп, Қараспан таудың етегінде жата берді. Ешкім оған келмеді. Қобыланды мұны көрмеді. Бұл мұныменен жата берсін.

Хан Шошай деген бар екен. «Қобыланды Көбіктіні әм Біршымбайды, Алшағырды және Қазанның қырық кез Қызыл ерін өлтірді» деген соң, он екі мың кісі алып, ақ қара бас ту алып, аттаныпты. «Қобыландыны өлтіріп, не өзім өліп келейін», — деп.

Қобыланды енді дұшпанды жеңіп, хабарсыз жатқанда, ұйқыда келіп тиіпті. Қобыланды шошып оянып, арқанда тұрған Тайбурылға бара алмай, сасқалақтап, дамбалын көйлегім деп киіпті. Бөрігін етігім деп киіпті, сасқанның белгісі — білте мылтыққа от бермей, құр ата берді. Сол уақытта қыз Құртқа келіп, мылтыққа от беріп, гүрс етіп даусы шықты. Онда қарындасы Қарлыға «Көкемнің мылтығының даусы мезгілсіз шықты», — деп оянып, қасындағы Орақка «бар» дейді.

[1] Зарпы /көне/ — соққы, күшті әсер.

Сол уақытта Қобыланды
Тайбурыл атқа мінеді,
Қарына сүңгі іледі,
Жау екенін біледі,
«Айт, жануар, шүу!» — дейді,
«Шүу» дегенде гуледі.
Ұшқан құспен жарысып,
Үстіне мінген Қобылекең
Басыменен алысып,
Салып жетіп келеді.
Бірін-бірі көреді,
Бұл да айтулы ер еді.
Екі батыр қосылып,
Соғысуға келеді.
Итерісіп тұрысты,
Тебінгіден тер шықты,
Семсер қалды майысып,
Ерлер жаннан түңілді.
Екеуінің ақ сауыт
Шығыршықтан сөгілді.
Әл-дәрмені құрыды,
Қайрат қылып Қобылекең
Шошайды жерге бір ұрды.
Сол уақытта, мінеки,
Көбіктінің қызы Қарлыға
Қобылекеңдей батырға
Өкпе қылып жүр еді,
Бірін-бірі көреді.
«Өш алғанда өш жоқ» деп,
«Кек алғанда кек жоқ» деп,
Хан Шошайдың алдында
Ескі кекті енді алдым,
Етпетінен бір салдым.
Ашу қылсаң, өзің біл».
«Маған енді қылды», — деп,
Қоңынан найза салады,
Сөйтіп, кегін алады.

Қобылан сынды еріңіз
Шоңқайып аттан құлады.
Сол қалпыменен Қарлыға
Шаһарға қашып барады.
Орақ пенен Қараман —
Бұлар да келіп қалады.
Мына тұрған хан Шошай,
Хан Шошай батыр ақырды,
Аруағын судай сапырды.

«Жекпе-жекке келші!» — деп,
Батырларын шақырды.

Сол уақытта Бөкенбай
Жылқыдан салып келеді.
Хан Шошайды көреді,
Бөкенбай да ер еді.
Хан Шошайменен екеуі
«Жеке-жеке!» — десісті,
Жекелесе қалысты.
Келе найза салысты,
Найза қармақ майысты.
Итерісіп тұрысты,
Ат тізесін бүгісті,
Бүгісе-бүгісе тұрысты,
Тебінгіден тер қатты,
Қақырғанда қан татты.
Қанжар қалды майысып,
Семсер қалды майысып,
Сол уақытта Бөкенбай
Омыртқасы өспеген,
Қабырғасы қатпаған,
Хан Шошайдың қайраты
Өте айырықша масқара.
Еңкейіп кетіп барады,
Бөкенбай сынды жас бала.

Сол уақытта бабасы:
«Жоқ, жоқ, балам, жоқ! — деп, —
Болмас, балам, болмас!» — деп,
Көк есегі астында,
Шар кітабы қойнында,
Өзі Хақтың жолында,
Қасына жетіп барады,
Аяғынан алады.
Хан Шошайдай батырды
Өлдім, талдым дегенде
Бабасы менен Бөкенбай
Әрең деп жерге салады,
Басын кесіп алады.

Сонда бабасы сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
«Айналайын Бөкенжан,
Құлағың сал сөзіме,
Мен айтайын өзіңе.
Бұл не деген мықты-ай,

Сыйынған пірің мен болсам,
Екеулеп әрең жықтық-ай».

Бөкен сынды жас бала
Аруағы асады,
Ағыны судай тасады.
Хан Шошайды өлтіріп,
Сағатына келтіріп,
Талай енді дұшпанды
Табанына басады.

Қобылекеңдей батырдың
Құртқа келді қасына.
Көбіктінің қызы Қарлыға
Дұшпандық етті басына.
Сүйіп алған қыз Құртқа
Ақ дәріні алады,
Жараға үгіп салады.
Саламаттанып Қобылекең
Жазылып енді қалады.
Жан-жағына көз салады,
Шақырады баланы.

Бала келді қасына:
«Ау шырағым, Бөкенжан,
Қайғы түсті басыма.
Сөзіме құлақ сал, — дейді, —
Айтқан тілім ал, — дейді. —
Көбіктінің қызы Қарлыға,
Соған шапшаң бар, — дейді, —
Алып мұнда кел», — дейді.

Бөкенбай сынды жас бала
Тайбурыл атқа мінеді,
«Айт, жануар, шүу!» — дейді,
«Шүу» дегенде гуледі.
Әне-міне дегенше
Салып жетіп келеді.
Көбіктінің қызы Қарлыға,
Қарлыға келіп Бөкенге
Найзаны келіп салады.
Сол уақытта Бөкенбай
Ашуы келіп қалады.
Найзаның тоқал жағымен
Бөкенбай салып қалады.
Сол уақытта Қарлыға
Ат көтіне мініп қалады.

Қарлыға сонда сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
«Айналайын Бөкенжан,
Құлдығым бар өзіңе,
Құлағың сал сөзіме,
Кәрі қақбас әкеңді
Көрсетіп өлтір көзіме».
Бөкен сынды жас бала,
Қайраты болды масқара.
Қарлығаны жетелеп,
Қия жерде төтелеп,
Қарлығаны алып келеді.

Сол уақытта Қараман жүз сексен бас ордасын тігіп, Қобыланды менен Қарлыға екеуін алдырып, бір-бірімен келістіріп, сөйлестірді.


Сонда Қарлыға сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
«Өзімнің әкем Көбікті
Сенің үшін өлтірттім.
Әкемнен шықпай жатқанда
Басымды сауғаға Қараманға бердің.
Оны не қылайын, еліңді жау алғанда,
Қараспан құрып қалғанда,
Жұртың болды арманда,
Төртеуіміз барғанда,
Өзім інім Біршымбай
Төрт-төрттен найза салғанда,
Төртеуіміз меңдеп қалғанда,
Жалғыз інім Біршымбай
«Жан апа» деп жылаттым,
Біршымбайды аттан құлаттым.
Сенің үшін, Қобыланды,
Сонда да қадірім білмедің.
Шақырып едім шатырға,
Сөзімді сыйлап, келмедің,
Халі-жайым білмедің,
Бір қайырылып көрмедің.
Сонан саған өкпелеп,
Хан Шошайдың алдында
Ескі кекті мен алдым.
Етпетінен бір салдым,
Қазір өлтір, міне, бас
Көзімнен аққан, міне, жас», — дейді.

Онда Қобыланды сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:

«Өлгенше ғұмырың тілеген,
Ақ торғынға бөлеген,
Өзің әкең Көбіктіні өлтірдің,
Әкеңнен жақын кім еді?
Қарақыпшақ Қобыланды
Танымайсың нең дейді?
Осы отырған Қобыланды
Не қылғанда саған сенеді?
Жалғыз інің Біршымбай
«Жан апа» деп жылаттың,
Біршымбайды аттан құлаттың.
Іниңнен жақын кім еді?
Осы отырған Қобыланды
Не қылғанда саған сенеді?


Сонда кінә Қарлығаның мойнына ауып, өкіріп жылап қоя берді. Сол уақытта жұрттың бәрі «Құдайдың бұйрығы», — деп, Қарлығаны Қобыландыға неке оқып қосты. Сонан соң Қарлығадан бір ұл туды. Ұлдың атын Киікбай қойды. Киікбай әм мықты болды. Мықтылығы Бөкенбайдан он есе артық болды. Киікбайдың жағын Бөкенбай алып келуге жарамады.

Сөйтіп, бұрынғы қазақтың батырлары мұратына жетіпті.





Бірінші мақам

Орындаған: Әбдуәлиев Ақан
Нотаға түсірген: Тыныбеков Ерасыл




Екінші мақам







Үшінші мақам



Төртінші мақам





قارا قپچاق قوبلاندی باطر.

بورونغی اوتکه‌ن زمانده طوقتار دیگه‌ن بای أوتکه‌ن، هر تولوکگه صای أوتکه‌ن. طوقسان طوغای طولی مالی بار ایدی. اول مالدی باغاتن طوقسان قولی بار ایدی. طوقسان قولدڭ باستغی «ایسدیمچه» دیگه‌ن ایدی. بول طوقتار بایدڭ هیچ فرزندی جوق ایدی. مال ایه‌سز بولغانصوڭ، طوقتار بای طوروب جلایدی، جاد ایتب ایندی خدایدی، خدایدن بالا صورایدی، أولیاگه آط آیتب، قوراسانغه قوی آیتدی، چبن جانن جنه آیتدی. ایته‌گن چیڭگه‌ل سدرب، أولیا قویمای قدرب، چارچاب کیلب جغلدی، پرلرینه صیبندی، طوقتار بایغه پرلری توسونده عیان بیردی: اورنڭنان چاپچاڭ طور، خدای ساغان فرزند بیردی دیدی.

بر اول، بر قز بیره‌دی — آنق توسدی کوره‌دی
کیمپرگه سویله‌ی بیره‌دی — خدای بیردی تله‌دی
قووانتقای الله جوره‌کدی — کیمپر منه‌ن چال بایغوس
بر، برینه جولقدی — هیچ نرسه بولمای طورقدی
أولدم، طالدم دیگه‌نده — جبار ایه جار بولوب
بر نرسه ایندی بولو بدی — طوقسانغه کیلگه‌ن طوقتار بای
أولیاگه آط آیتدی — قوراسانغه قوی آیتدی
چبن جانن جنه آیتدی — قالغان مالن هم آیتدی

سویتوب أوینه کیلب بر نیچه کون اوتکه‌نده، طوغز آی اون کون جینکه‌نده آلپسداغی آنالق طولغاتدی. طولغاغی بولدی طم قانتی. بر قز منه‌ن اول طابدی. أولی بولدی سمباتدی. طوقتار بای سندی بایڭز ایل چاقرب طوی قلب، غریب، قاسارغه صی قیلب اولونه آط قویدردی. جارلی جاقبایدی

2330

СССР Ғылым Академиясы
Центральная научная библиотека

Қарақыпшақ Қобыланды батыр.
Қазан. Үміт баспасы, 1914.



Қамбар батыр.
Суретші К.Я. Баранов.

ҚАМБАР БАТЫР

«Қамбар батыр» жыры — халқымыздың өткен тарихынан, мәдениеті мен әдебиетінен мол мағлұмат беретін, әлемнің классикалық эпостарының қатарынан лайықты орын алған көркем туынды. Жырдың бас қаһарманы — қарапайым халық ортасынан шыққан ержүрек азамат, оның өз жұртының қорғаны ретіндегі күрескерлік бейнесі күнделікті тұрмыс-тіршіліктегі іс-әрекеттері арқылы ашылады. Бұл тұрғыдан келгенде, ол «Алпамыс», «Қобыланды» сияқты жырлардан өзгешеленеді. Онда аңшылық кәсіптен басқа көне эпосқа тән сипаттар солғын, керісінше, руішілік, отбасылық әлеуметтік мәселелер алдыңғы лектен көрінеді.

Орыс зерттеушісі Л. Мейер жыр сюжетін алғаш жазып алып, «Киргизская степь Оренбурского края» журналында) жариялады (1865). XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында «Қисса-и Қамбар» (1888), «Тоқсан үйлі тобыр» (1903) деген атпен екі нұсқасы Қазан қаласында, 1890 жылы Санкт-Петербургте шыққан И.Н. Березиннің «Түрік хрестоматиясында» (3-том) басылым көрді. Кеңестік кезеңде өзге де нұсқалары хатқа түсіріліп, жиі-жиі жарияланып тұрды.

Еліміздің сирек қолжазбалар қорында эпостың М. Балзақов, Х. Шабдаров, А. Шоқатаев, М. Жапақов, К. Сергазиев, Ә. Диваев, Қ. Аманжолов т.б. хатқа түсірген 19 нұсқасы жинақталған. Жыр туралы әр жылдары Л. Мейер, В. Сидельников, В. Карлсон, С. Сейфуллин, М. Әуезов, С. Мұқанов, Л. Соболев, Қ. Жұмалиев, Н. Смирнова, Ә. Марғұлан, М. Ғұмарова, Ж. Рақыш т.б. ғалымдар арнайы зерттеулер жазды. Антологияны дайындау барысында жырдың барлық нұсқалары мен жарияланымдары ғылыми тұрғыда қайта сараланды. Нәтижесінде ең көне нұсқаларының бірі — И. Березин қолжазбасының фотокөшірмесі таңдалып, ұсынылды. Түпнұсқа Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында сақталған (РФ. 329).

Бізден бұрын кім өткен,
Тоқсан түрлі ел өткен,
Үш жүз алпыс ер өткен,
Үш жүз алпыс кісі өткен.
Бірнешесі бек өткен.
Бірнешесі сопы өткен,
Бірнешесі бай өткен.
Әрқайсысы уақытында
Жеті жұртты жебеп өткен.
Қарын салып қыс өткен,
Рақымын салып жаз өткен.
Оң қолына қайшы алып,
Сол қолына шаршы[1] алып,
Кесте тартып қыз өткен.
Сонша мезгіл болғанда
Ноғайлыда кім өткен?
Он сан ноғай бүлінгенде,
Орманбет би өлгенде,
Он екі баулы өзбек,
Өзбек жұртты билеген
Әзімбай патша хан өткен,
Ақылға диқан дана өткен.

Әзімбай патша хан екен,
Ақылға диқан дана екен.
Әзімбай санат патшаның
Жеті ұлының ішінде
Он екі жасар Назымға,
Айттырып оны алуға
Көк етікті келмейді,
Көн етіктіге бермейді,
Әзімбаймен тетелес
Аршахан деген хан екен,
Ақылға диқан дана екен.

Бір күні ерте тұрады,
Беті-қолын жуады.
Нөкерін жиып алады,
Нөкеріне сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
«Ал нөкерлер, нөкерлер,
Әзімбай ханға баралық,
Оған ақыл салалық.
Обалды неге білмейді,
Дүниені неге көрмейді,
Он екі жасар Назымды
Күйеуге неге бермейді?»

[1] Шаршы — кішкене орамал.

Сонша мезгіл болғанда
Аршахан атқа мінеді,
Аңыратып желеді.
Әзімбай ханның тұсына
Сөйлес қыла келеді.
Жұрт сағынған Әзімбай
Қадамды басып шығады,
Патшаның жүзін көреді.
Бозбаланы жинатад,
Алтын шатыр тіктіріп,
Алтынды көрпе жайдырып,
Бал қымызды құйдырып,
Сусынын әбден қандырып.

Сонда Әзімбай сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
«Ол, ол болсын, ол болсын,
Жеке басың қол болсын.
Садаққа салған қырық кез оқ
Дұшпанға атсақ, мол болсын.
Алтынды бөркің басыңда,
Қырық нөкерің қасыңда,
Арша қалқа, саған жол болсын!»

«Әзімбайдай ханымыз,
Ақылға дикан данамыз,
Дүниені неге көрмейсіз,
Он екі жасар Назымды
Күйеуге неге бермейсіз?»

«Олай да болса, Арша хан,
Бұл тіліңді алайын,
Халқыма жарды салайын,
Қойды баққан құл қалмай,
Ешкіні баққан шал қалмай,
Ақсақ, шошақ, таз қалмай,
Мырза, сірә, хал қалмай,
Бәрін жиып алайын.
Сексен үйді тігейін,
Сексен бие сауайын.
Сексен саба толтырып,
Бал қымызды жияйын.
Он екі жасар Назымды
Бір сүйгені бар болса,
Қалыңмал алмай берейін».
Сонша мезгіл болғанда
Жылқы ішіне барады,
Сегіз ат ұстап алады.

Сегіз жігітке береді,
Жұртына хабар салады.
Бұл хабарды есітіп,
Әр түндіктен жан қалмай,
Қатуланып қамданды,
Жұрт жиылып аттанды.

Бір жасармен бүлініп,
Ақсақ кетіп барады,
Бір аяғын ұзартып,
Аяғы ақсақ жағының
Үзеңгісін қысқартып,
Ақ балдағы белінде,
Қу таяғы қолында,
Әзімбай ханға бармаққа,
Назымға көзін салмаққа,
Он екі жасар Назымды
Қалың бермей алмаққа.

Үкісін жандатып[1]
Шекесіне жабысқан.
Жарамды біткен орыстың
Сырғанақ жылтыр мұздай ғып,
Құйқасын жеп тауысқан,
Арт жағына қараса,
Желкесінен бу шығып,
Маса, сона, көбелек пен
Шыбын-шіркей ду шағып,
Тамағы мен табаны
Арасынан су шығып,
Иісін адам көргісіз,
Маңайына адам барғысыз,
Бүкіл итпен жектілер,
Таздар да кетіп барады.
Әзімбай ханға барғалы,
Назымға көзін салғалы,
Он екі жасар қыз Назым
Қалың мал бермей алғалы.

Және тағы, жігіттер,
Бір жосықты адамдар,
Жегі мен құрт екеуі
Мұртына жабысқан,
Кеңсіріктен бергі жерінің
Әкесін қоймай тауысқан,
Шеміршегін жеп тастап,

[1] Жандатып — құлпыртып.

Мұрны бітіп қалған соң,
Аузына таман ауысқан,
Екі беті бұлтиып,
Мұрындарын бір тартып
Пұшықтар кетіп барады.
Әзімбай ханға бармаққа,
Назымға көзін салмаққа,
Он екі жасар қыз Назым
Қалың бермей алмаққа.

Нағиынан[1] сындар[2] адамдар
Бір жеңінен май ағып,
Мұрынынан боқ ағып,
Байтабасын[3] басып сүйретіп
Құлдар да кетіп барады.
Он екі жасар қыз Назым
Қалыңмал бермей алғалы.

Бұл дүниеде құрысқан,
Ілгері жетпей тырысқан,
Ауызында тісі жоқ,
Онда адамның ісі жоқ,
Кемерін қосып тек жатпай,
Араз болған кісідей,
Бір-біріне сөз қатпай,
Шалдар да кетіп барады.
Әзімбай ханға бармаққа,
Назымға көзін салмаққа,
Он екі жасар қыз Назым
Қалыңмал бермей алмаққа.

Бұл жосынға жоламай,
Құдайым ісін оңдағай.
Бір жағынан бөлініп,
Төрелер мен бозбала
Қатар түзеп жөнелді.
Барқыт қамзол үстінде,
Кәмшаттан бөрік басында,
Жасауылдар қасында,
Қарбанады шалбар салақтап,
«Назым қайда, Құдай?» — деп,
Екі көзі алақтап,
Алтыннан сабы салақтап,
Астында мінген арғымақ

[1] Наги /араб/ — естірту.
[2] Сындар /ж./ — сынар, сын айту.
[3] Байтаба — шұлғау.

Әсемдетіп ойнатып,
Сегіз өрме қамшымен
Бауырға соғып өкіртіп,
Қазулы жатқан арықтан
Арғымағын секіртіп,
«Назым сұлу қайда? — деп, —
Алсақ жанға пайда, — деп, —
Мұндай тоты қайда!» — деп.
Әзімбай ханға барғалы,
Назымға көзін салғалы,
Он екі жасар қыз Назым
Алла қолға тигізсе,
Көптен жүрген кектерін
Бір минутта алғалы.

Бұл жиылған жамағат
Сексен үйге түседі,
Бал қымызды құяды,
Сексен бие сояды.
Сусыны әбден қанған соң,
Жұрт мас болып алған соң,
«Араласын, — деп, — көпті,
Назымға хабар салады.

Сонша мезгіл болғанда,
Пердеменен көрініп,
Құдай берген екі аяқ
Бір басуға ерініп,
Бойын балап керіліп,
Аузынан ішкен шекер бал
Кіндігінен көрініп,
Назым кетіп барады.
Сексен үйді аралап,
Төре менен мырзасын,
Бәрін де көріп, саралап,
Біріне көзін салмады,
Хабарына алмады,
Жөней де кетіп қалады.

Төрелер менен мырзалар,
Батыр менен шоралар,
Әсте артынан қалмайды,
Етегін қыздың жалмай-дүр.
Сонда-дағы, жігіттер,
Назым сұлу қызыңыз
Алды-артына көзін салмайды.
Атасының алдына
Назымжан барып, зарлайды,

Зарлағанда не дейді:
«Бұл жиылған көбіңде
Ат ұстап мінер адам жоқ,
Сонша жаман кісіге
Менің де істер шамам жоқ».
Сонда атасы біледі.
«Сексен үйдің ішінен
Бір кісіні жаратпай,
Әуре болдың, дүние боқ».
«Әзімбай сынды ханымыз,
Ақылы диқан ханымыз,
Бұл сөзіңе тұрмаймыз.
Ортаңыздан жар іздеп,
Сәркардан[1] болдым зар илеп,
Құрбандық болған секілді
Бүгін сойған малыңыз.
Жалғызың Назым — мен болсам,
Әзімбай атам — сен болсаң,
Назымның мұнда ісі жоқ.
Сексен үйдің ішінде
Өздігінен жол тауып,
Адамдық қылар кісі жоқ».

Әзімбай ханның алдына
Бір төленгіт келеді,
Қол қусырып сөйледі,
Сөйлегенде не деді:
«Алдияр тақсыр ханымыз,
Жолыңызға бек құрбан
Малымыз бен жанымыз.
Сөзіме құлақ салыңыз,
Ақ өткелден ары өтсе,
Алты күндік жер өтсе,
Отыз үйлі обыр бар,
Тоқсан үйлі тобыр бар.
Отыз үйлі обырда,
Тоқсан үйлі тобырда,
Айдарына малы жоқ,
Шайнарына майы жоқ,
Қара қасқа аттың күшімен,
Садағының ұшымен
Асырап жүрген ер Қамбар.
Тілегін оның Құдайым
Әр заманда берген-дүр.
Мұңы бар нашар адамдар,
Алыстан іздеп келген-дүр.

[1] Сәркардан /парсы/ — сергелдең.

Он екі жасар сол Қамбар,
Иманнан басқа не қам бар.
Патшадан артық басы бар,
Киік пенен құланнан
Осы күнде асы бар.
Жазғаны кедей демесең,
Мұнан артық адам жоқ.
«Тез баршы» деп айтуға
Менің сізге шамам жоқ».

«Кетші әрмен, төленгіт,
Бұл тіліңе ермеймін,
Мақтаған Қамбарды көрмеймін.
Он екі жасар Назымды
Кедейге тіпті бермеймін».

Төленгіттің сөзіне
Назымжан құлақ салып тұр.
Бойы балқып, жігіттер,
Бір бәлеге қалып тұр.
Үйіне таман барып тұр,
Алтын сандық ашып тұр.
Меруерттен сызай[1] қолға алып,
Қамбарға хатты жазып тұр.
Шыдай алмай Назымжан,
Асық та болып азып тұр.

Ханның басы қыргүйек
Қарашамен қауышты,
Абылай төре дауысты,
Бір түбектің құланын
Атып бір алып тауысты.
Атайын десе, құлан жоқ,
Құлан менен бұлан жоқ.
«Қорлықпенен өткіздім
Мынау қымбат жасымды.
Тыныштықты алмай, дүние боқ,
Отыз үйлі обырдың[2],
Тоқсан үйлі тобырдың
Тілегін, Құдай, бермедің.
Зарланғанын, Жасаған,
Құдіретіңмен көр-сана.
Біреуі аштан өлсе де,
Обалы менің мойныма,
Көзінің жасы зарланып,

[1] Сызай — қалам.
[2] Обыр — қомағай, тоймайтын.

Төгілер менің қойныма.
Бір түбектің құланы
Шыдамады батырыңның ойына.
Он сегіз мың ғаламды
Жасатқан сорлы мен бе едім?!»

Түн ортасы болғанша
Төсектің үстінде
Гөй-гөй тартып жылайды-ау.
Таң алакеуім болғанда
Отқа байлаулы
Қара қасқа тұлпары
Жерді де тарпып тұрмайды.
Қара қасқа атқа мінеді,
«Иә Құдай», — деп жөнелді.
Ұршық[1] майы бұлтылдап,
Тұяқтан оты жарқылдап,
Бөкендей шаңы бұрқылдап,
Шақпақ оты жарқылдап,
Найзаның ұшы жарқылдап,
Азулары жарқылдап,
Ауыздықпен алысып,
Ұшқан құспен жарысып,
Алты қырдан өтіп тұр.
Алты күндік жер екен,
Күн шығардың алдында
Ақ өткелге жетіп тұр.
Алтынды бөркі басында,
Қырық нөкер қыз қасында,
Алтын шәйнек қолында,
Дәретке Назым келіп тұр.
Келе жатқан Қамбарды
Назым сұлу көріп тұр,
Оның Қамбар екенін
Тұлғасынан біліп тұр.
Ақ өткелден өтеді,
Көрініп тұрған Назымға
Бір қайырылмай кетіп тұр.

Сонда сұлу сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
«Хан сүйекті Қамбар-ау,
Қара атыңның мойнында
Өкпе-бауыр, жал бар-ау.
Біздікіне түсе кет,

[1] Ұршық — жан-жануардың асықты жілігі мен ортан жілігінің үйіскен жеріндегі қозғалмалы сүйек.

Қант пен мейіз шай бар-ау,
Сен жегендей май бар-ау,
Дәмі тәтті бал бар-ау,
Бір кісіні күткендей,
Аллаға шүкір, жай бар-ау».

Қыздың айтқан сөзіне
Қамбар құлақ салмады,
Бұрылып оған бармады.
Барайын деп көңіл қылса да,
Артында қалған,
Асырап жүрген жамағат,
Бейшаралар зарлайды.
Олардың аштығы
Қамбардың есінен қалмайды,
Сөйтіп, жөней береді.

Қамбардан күдер үзген соң,
Үйіне Назым барып тұр,
Ғазалын[1] оқып алып тұр.
Жеті ағасының қатынын,
Жетеуін бірдей шақырып,
Алтынды айна қолға алып,
Өз көркіне өзінің
Есі кетіп, ауып тұр.

Кіші бесін болғанда,
Алпыс құлан астында,
Тоқсан құлан жанында,
Келеді Қамбар ыстықтап,
Астындағы қара аты
Азуын басып, алақтап.
Келе жатқан Қамбарды
Назым көріп, жүгіріп,
Ақ өткелдің аузында
Алтын шатыр келтіріп,
Алтын көрпе жайдырып,
Бал қымызды құйдырып,
Жібектен өрмек құрдырып,
Назым сұлу келіп тұр.

Қамбар жақын келген соң,
Қамбарға сұлу сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
«Хан сүйекті Қамбар-ау,

[1] Ғазал /кітаби / — түркі халықтарының соңғы екі жолы ұйқасып келетін лирикалық өлең.

Қара атыңның мойнында
Өкпе-бауыр, жал бар-ау,
Біздікіне түсе кет.
Қант пен мейіз, шай бар-ау,
Дәмі тәтті бал бар-ау,
Бір кісіні күткендей
Аллаға шүкір, жай бар-ау.
Жаланбұт өскен заңғар-ау,
Батыр да болсаң, жаным сен,
Бұл сөзімнің ақырын
Ақылың салып аңғар-ау.
Үстіңде бүгін жарғағың,[1]
Бұтыңда бүгін шалбарың,
Қайырылмасаң, қайырылма,
Бір қайырылар күн бар-ау.
Сен кедейге сақтаулы
Ақ төсімнің үстінде
Жан тимеген жай бар-ау.

Қайырылып бермен кел, кедей,
Жүзімді менің көр, кедей.
Қаламменен жазылған
Қарақат көзді қасым көр.
Қолыңа майда етпесе,
Жібекті көр де шашым көр.
Алтыннан соққан зер көрдің,
Түймесін көр де басым көр,
Меруертті көр де тісім көр.
Алтынды шатыр ішінде
Ғажаптап көрген ісім көр.
Жер үстіне қар жауса,
Қарды көр де етім көр.
Қар үстіне қан тамса,
Қанды көр де бетім көр».
Қайырылып Қамбар келеді,
«Қарашы әне айласын,
Келетұғын жолыма
Өрмек құрып тоқтатып,
Кедейлерге жоқтатып,
Әзәзіл боп бұл жерде
Азғыруға тұрғанын.
«Мен бүйтейін бұған», — деп,
Қолына алды қылышын.
Тоғыз құлаш өрмегін,
Жібектен қылған ермегін
Семсермен турап салады.

[1] Жарғақ — түгін сыртына қаратып тіккен сырткиім.

Қырға таман барады,
Бара тағы сөйлейді:
«Әзімбай ханның қыз Назым,
Он екі жасар сен, Назым.
Жас басыңнан жар іздеп,
Күдерің менен үз, Назым.
Мені неге шақырдың,
Мырзаға тисең болмай ма,
Мырзалар сені алмай ма?
Мен кедейге тигенмен,
Не табарсың, бейшара?
Алтынды шатыр менде жоқ,
Мамықтан төсек менде жоқ,
Алтынды көрпе менде жоқ,
Ақ орда үй менде жоқ.
Қорлықпен өтер күніңіз,
Босағамда отырып,
Құлан менен бұланның
Сирағын жиып өлерсіз».

«Базардан келген топты хан,
Сандық ашқан кілтісің.
Ақылың бар ма деуші едім,
Неткен ақымақ жігітсің!
Көңілің маған толмай ма,
Жаманды Құдай оңдай ма.
Алтынды шатыр нетейін,
Мамық төсек нетейін,
Алтынды көрпе нетейін.
Босағаңда отырып,
Атып келген құланның
Өкпесі мен бауырын жеп,
Сорпасын ішіп өтейін».

Сонда Қамбар сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
«Әзімбай ханның қыз Назым,
Азырақ сабыр қыла тұр.
Аузы кәпір демесең,
Мақия деген хан еді,
Ақылға диқан хан еді.
Өзі билеген жұртынан
Көп ел іздеп аралап,
Қыз таппай жүр еді.
Сонша мезгіл болғанда,
Бұл жолы сені есітіп,
Он екі мың қол жиып,
Екі мың ләшкер көп жиып,

Жұртыңды сенің қорқытып,
Сені тартып алуға
Әзімбай ханға келер ол.
Сонда жұртың сасқанда,
Хабарды жұртың бір берер.

Сол хабармен аттанып
Желе бір жортып келермін,
Он екі мың ләшкердің[1]
Сыбағасын берермін.
Бәтуа болса, Назымжан,
Сол мезгілде көрермін».

Сөйтіп, Қамбар кетеді,
Назымға тоқтау түседі.
Жүз отыз құлан теңдеулі
Ауырламай тұрғаны —
Желе де басып барады.
Алдынан қашқан түлкіні
Соғып та алып жүреді.
Сонша мезгіл болғанда
Мақия деген хан екен,
Ақылға диқан хан екен.
Кәпір деген жұртынан
Қыз жаратпай жүр екен.
Жаратқан соң ағалар,
Қыла-дүр кім бесікті?
Ноғайлының жұртында
Назымжан бар деп естіпті.
Он екі мың қол алды,
Екі мың түйе пұл алды.
Сонша мың ләшкер кәпірлер
Ноғайға таман жол алды,
Қару-құрау мол алды.
Аттанып жатқан мезгілде
Келменбет деген кәпірдің
Шешені бірге жол алды.

Мақия ханға сөйледі,
Сөйлегенде не деді:
«Мақия сынды ханымыз,
Ақылға диқан данамыз,
Жолыңызға бек құрбан
Малымыз бенен жанымыз.
Қырық қара көк атпенен
Бес түйеге діллә артып,

[1] Ләшкер — әскер.

Жолдаспенен барыңыз.
Әзімбай ғаріп барайын,
Қырық қара көк ат пенен
Бес түйеге артқан ділләні
Қарғыбау[1] үшін берейін.
Қанша қалыңмал керек,
Есептеп хатқа салайын.
Ел арасын жау қылман,
Татулықпен алайын».
Келменбеттің айтқанын
Ханы қабыл көреді.
Сұрағанның бәрін де
Заматта тауып береді.

Аралары бұлардың —
Қырық алты күндік жол екен,
Отыз бес күнде келеді.
Ордасының тұсынан
Сөйлес қыла қалады.
Жұрт сағынған Әзімбай
Қадам басып шығады.
Алтын шатыр тіктіріп,
Алтын көрпе жайдырып,
Бал қымызын құйдырды.
Сусыны әбден қанған соң,
Мас боп бұлар алған соң,
Әзімбай ханың сөйледі:
«Ол, ол болсын, ол болсын,
Жеке басың қол болсын.
Садағыңа салған қырық кез оқ
Кәпірге атсаң, мол болсын.
Сапар қылып жүріпсіз,
Батыр, саған жол болсын!
Қай патшаның ұлысың,
Қай шарбағының гүлісің?
Қай мәнзелден[2] боларсың,
Қанша жерге барарсың?»

Келменбет сонда сөйледі:
«Алдияр тақсыр ханымыз,
Сөзіме құлақ салыңыз,
Айтқаныма наныңыз,
Бізді бір қабыл алыңыз.
Мақия деген хан еді,

[1] Қарғыбау — құда түскен адамның болашақ келінін иемденгенінің белгісі болсын деп қолына білезік, мойнына алқа не құлағына сырға тағу рәсімі.
[2] Мәнзел / араб / — үй.

Нәсілі кәпір демесең,
Өзіңдей-ақ хан еді.
Өз билеген жұртынан
Қыз жаратпай жүр еді.
Имансыз адам дүниеде
Көп күнәні жиыпты,
Кеудесіне мұндардың
Шайтан лағин[1] ұйыпты.
Әділ патша ханымыз,
Назым сұлу қызыңыз
Құлағына құйыпты.
Асық болып байғұстың
Жүрегі жанып, күйіпті.
Сол себептен, тақсыр хан,
Біразырақ тартұрмын.
Келменбет сынды құлыңыз,
Жарлығыңызға ынтық боп,
Бұл бейшара құлыңыз
Қол қусырып тұрыпты.
Бұл көрінген асылды
Қарғыбау үшін алыңыз.
Артындағы қалыңмал —
Есептеп хатқа салыңыз,
Әміріңізше, тақсыр хан,
Біздің бір қолдан алыңыз.
Жөні болса, сонан соң
Назым бір сұлу қызыңды
Мақия ханға беріңіз».
Жұрт билеген Әзімбай
Дүние-малға қызығып,
Көңілі кетті бұзылып.
«Діні басқа демесем,
Құдайдың бұл да пендесі,
Осынша малды алайын,
Назымды бұған берейін».
Бұл сөйлескен кеңесін
Әзімбай ханның кенжесі
Алшора сұлтан есітті.
Қатуланды, қаттанды,
Қаһарланып, аттанды.
Арғымағын мінеді,
Сақырлатып оқ артып,
Шатырға жетіп келеді.

Қаһарланып Алшора
Ханына сөйлес береді:

[1] Лағин /араб/ — шайтанның аты.

«Көкірегіңді кенейсің,
Ақылдаспай, не дейсің?
Ортада жалғыз Назымды
Кәпірге неге теңейсің?
Мұсылмандық жоқ болса,
Өз басында ерік болса,
Бұлайша неге сөйлейсің?
Сақалың күзеп алайын,
Алжыған десек, не дейсің?
Ол, ол болсын, ол болсын,
Жеке басың қол болсын.
Садаққа салған қырық кез оқ
Кәпірге атсаң, мол болсын.
Мұнда келіп түскен құл,
Көңілің сенің өскен құл,
Келменбет, саған жол болсын?»

Келменбет тұрып сөйледі:
«Қой, қой, бала, қой, бала,
Құрмалдығың сой, бала,
Назым бір сынды сұлуды
Мақия ханға бер, бала.
Әгар шынды бермесең,
Он екі мың қол келер,
Сонша әскер мол келер.
Аламын деп сол келер,
Өзіңді ұстап алар ол,
Жас теріге салар ол.
Сені бүйтіп қойған соң,
Ардақтаған аруыңды,
Назым бір сынды зарлыңды
Тегін де олжа қылар ол.
Ат көтіне мінгізіп,
Зорлықпенен алар ол».

Алшора сынды батырың
Бұл сөзіне күйінді,
Етек-жеңін жиынды.
«Кетші әрмен, Келменбет,
Бұл сөзіңе ермеймін,
Айтқаныңа көнбеймін.
Қатты соғыс қылмастан,
«Күйеу» демен жаным барында,
Кәпірге, тіпті, бермеймін».

Садағына қол салды,
Қозы жауырын оқ алды.
Келменбетке жар болған

Қырық жолдасын көрген соң,
Сыбағалы оқтарын
Аямай-ақ береді.
Алшора сынды батырың
Келменбетке таман келеді.
«Бермен келші сен, құл», — деп,
Құлағын кесіп алады.
«Қойға келген бәледен
Тоқты мен қошқар садаға,
Басқа келген бәледен
Құлақ-мұрын садаға.
Маған жетер атағы,
Мақияға сәлем де:
Оған деген сақтаулы,
Қамбарым бар мақтаулы,
Құдайым өзі жақтаулы».

Келменбет сынды шешенің
Адамдарға таң болып,
Бір пормылы жан болып,
Тұла бойы қан болып,
Қалталақтап жөнелді.
Жолындағы дариядан
Жердей басып өтеді,
Қысылғаны сол құрлы.
Кіші бесін болғанда,
Мақия ханға жетеді.
Мақия сынды ханыңның
Алдына барып тұрады.
Құлағы жоқ, мұрны жоқ
Келменбетті көрді де,
Мақия сөйлей қалады:
«Келменбет сынды шешенім,
Ақылың кеткен есерім,
Барма десем, болмадың,
Өз сөзіңді оңдадың,
Құлақ-мұрның көрмедім,
Тонау берген Келменбет,
Әзімбай ханға бардың ба,
Жібергенім бердің бе?
Оны тағы азсынып,
Қырық кісімді бердің бе?
Ауызыңнан жеңіліп,
Ұялмастан тағы да
Саңырайып келдің бе?
Мұның бәрі салауат,
Кешу болсын, Келменбет,
Назымжанның, дүния,

Алтын жүзін көрдің бе?
Қуанып көңілің тасыған соң,
Көрімдік үшін Назымға
Құлақ-мұрның бердің бе?
Ауызыңнан жеңіліп,
Шонтай болып келдің бе?»

«Алдияр тақсыр, ханымыз,
Ақылың дана ханымыз,
Жолыңызға құрмалдық
Азын-аулақ малымыз,
Құлағым мен мұрнымның
Кегін сонан алыңыз,
Шеру тартып барыңыз,
Біле білсең, тақсыр хан,
Бұл өзіңнің арыңыз».

Сонша мезгіл болғанда,
Мақия сынды ханыңыз
Қатуланды, қаттанды,
Әскер тартып аттанды.
Келменбеттің қасында
Мақия патша келеді,
Сондай қатты желеді.
Үлкендіктен пайда жоқ,
Аламын деп ойлайды.
Бір Құдайдан болмаса,
Кәпірдің көңілі сондай-ды.
Тәуекел қылмай Назымды
Аламын деп келеді.
Көпініп мұндар[1] барсаң да,
Сазаңды Қамбар береді.
Саулап жетіп келеді
Әзімбай ханның еліне.
Түстік жерге түседі,
Шатырларын тігеді.

Патшаға елші жіберді,
Жібергенде не дейді:
«Кешегі дүние-малымның
Баршасы кетсін салауат,
Келменбеттің қырық жігіт,
Бұлар тағы жоқтаусыз.
Елшіге қылған қорлығың,
Келменбетке қылған зорлығың,
Болсын сізге кектеусіз.
Қанша қалыңмал керек,

[1] Мұндар /араб/ — құл, малай.

Есептеп бәрін алыңыз.
Бермек болсаң Назымды,
Жауабын жылдам беріңіз.
«Бермеймін», — деп шалқайсаң,
Бүлінеді еліңіз.
Біздің елшіні көріңіз,
Жауабын жылдам беріңіз».

Алақтады, қысылды,
Әзімбай жаман исінді,
Мақиядан елші келіп,
Сасып, қорқып тұрғанда,
Аршахан мен Алшора —
Екеуі жетіп келеді,
Әзімбайға сөйледі:
«Алдияр тақсыр ханымыз,
Сөзіме құлақ салыңыз,
Он екі күн өткенше
Аял сұрап алыңыз.
Жұртыңа хабар салыңыз,
Ақылмен айла қылыңыз».

Әзімбай хан түсінді
Бұл жауаптың тегіне.
Құлақ салшы, жамағат,
Елшіге айтқан сөзіне.
«Елші, сіздер қайтыңыз,
Мақия сынды ханыңа
Менен сәлем айтыңыз,
Жұртымды жиып алайын.
Күйеудің келген көп қосшы,
Жалғыз шамам келмейді,
Күтіп оны аларға.
Бәтуа болса Назымды
Мереке қылып берейін,
Нәсіп болса Құдайдан,
Күйеудің жүзін көрейін.
Енді сіздер қайтыңыз,
Бұл сөзімді айтыңыз».

Елші қайтып барады,
Естіп білген сөздерін
Мақияға айта қалады.
Әзімбай айтқан жауабы
Көпірге сондай жарлады.
Он екі күн кеңдікке
Тоқтап енді қалады.
Елшілер қайтып кеткен соң,

Жылқысына барады,
Он алты ат ұстап алады.
Сегіз биге мінгізіп,
Қамбарға хабар салады.
Тәуекел қылып Құдайға,
Сегіз би кетіп барады.
Құдіретімен Құдайдың,
Аңда жүрген Қамбарға
Душарласа қалады.
Сәлем беріп, билерің
Амандасып алады.

Есендік сұрап болған соң,
Сегіз биге сөйледі,
Сөйлегенде не деді:
«Ол, ол болсын, ол болсын,
Жеке де басың қол болсын,
Садаққа салған қырық кез оқ
Кәпірге атсаң, мол болсын.
Атың жалы жығыңқы,
Көп шабулар көргендей.
Қабақтарың қатыңқы,
Түн ұйқысын бөлгендей.
Қарның жуан қабақтай,
Балтырың жуан табақтай,
Батырлар, сізге жол болсын!»

«Батыр да туған ер Қамбар,
Мұңымыз көп, көр, Қамбар.
Әзімбай сынды хан еді,
Ақылға диқан дана еді,
Назым да атты патшаның
Жалғыз қызы бар еді,
Бәтуа болса, сіздерге
Беремін деп жүріпті.
Бұл күн болған кебімді,
Батыр Қамбар, көр енді.
Кәпір жұрттың патшасы
Мақия деген хан келді,
Он екі мың қол келді,
Аламын деп сол келді.
Сізге келген бір хабар,
Арашалар жол келді.
Мұсылманның баласын
Кіріптар қылмай кәпірге,
Айырып та алар жөн келді.
Жәрдем сұрап ханыңыз,
Бізді сізге жіберді».

«Мінгенде атым қара кер,
Кімді алмас қара жер.
Кәпірдің қылған қорлыққа
Шыдай алмас бір де ер.
Он екі күн болғанда,
Билер, мені онда көр.
Отыз үйлі обырға,
Тоқсан да үйлі тобырға
Азық жиып берейін.
Бұйрық болса Алладан,
Іздеп келген көп қолдың
Әуселесін көрейін».

Жамандық істер Қамбардың
Нәпсі көңілін иітіпті.
Атысуға керек деп,
Қорғасыннан оқты құйыпты.
Оғын құйып болған соң,
Алты күн дамыл көрместен,
Отыз үйлі обырға[1],
Тоқсан үйлі тобырға[2]
Бір айлық азық жиыпты.
Алты күн атын семіртіп,
Босағасын кеміртіп,
Аттанғалы ерттеп тұрғанда
Шешесі келіп сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
«Ол, ол болсын, ол болсын,
Жеке де басың қол болсын,
Садағыңа салған қырық кез оқ
Кәпірге атсаң, мол болсын.
Алты күн болды, шырағым,
Бұзылып тұрған ойың бар,
Сапар қылар жолың бар,
Жалғызым, саған жол болсын?»

Сонда Қамбар сөйлепті:
«Әзімбай сынды хан еді,
Ақылға диқан жан еді.
Әзімбай ханның қолында
Болмай кеткір бір асыл,
Жалғыз қызы бар еді.
Кедей деп мені қорламай,
Бермек болып жүр еді.
Он екі мың қол келді,

[1] Обыр — тойымсыз, қомағай.
[2] Тобыр — топ адам; қара халық.

Екі мың әскер жол келді,
Мақия ханы бастық боп,
Аламын деп сол келді.
Бұйрық болса келуінің
Лұқсат етсең, барайын,
Кіріптар етпей кәпірге,
Айырып алып қалайын,
Түгел майдан салайын.
Расул Алла, Жаратқан,
Есіркесең, шыдайын.
Әрне болған әміріңе
Риза болып шыдайын.
Рұқсат қылсаң, шешеке,
Жылдамырақ барайын».

Сонда апасы зарланды:
«Жалғызым менің, Қамбарым,
Бұл сөзіңді аңғардым.
Көре алмасам дүниеде
Күйігіңмен зарландым.
Алтыннан қылған тіректі
Гауһар қылсам керек-ті.
Күміс қанат үйректі
Қабыл көрсем керек-ті.
Арқадағы андыздай,
Жұпардағы құндыздай,
Ерте туып, кеш батқан
Өмірзая[1] жұлдыздай.
Өзің берген жалғызды-ай
Аманат қостым, Құдайым!
Туғаннан асыл жеке-дүр,
Дүниенің жайын білер-дүр,
Өзің берген жалғызды
Аманат қосып жібердім.
Жалғызым өлсе — жаманат,
Зарланып қалар жамағат.
Өзің берген жалғызды-ай
Өзіңе қостым аманат.
Масаты кілем жаба алман,
Жалғызым, сенен айырылсам,
Әуара[2] болмай оңалман.
Бір қасық қанның торсыққа
Құй-дағы, жалғыз, жүре бер.
Үйде отырып өлсең де,
Жаныңа қорған бола алман».

[1] Өмірзая — таңға жақын көрініп, ағып түсетін жұлдыз.
[2] Әуара — әуре-сарсаң.

Атына мініп тұрды да:
«Айналайын шешеке,
Анау молтақ[1] көрінген
Бәйтерекке барғайсың,
Ат басындай түбіне
Алтын тығып қойғанмын,
Алтынды қазып алғайсың.
Обыр менен тобырға
Тамақ қылып бергейсің.
Ғаріптердің, шешеке,
Көңілін аулап жүргейсің».

Қара атына мінеді,
«Иә Алла!» — деп жөнелді.
Тобық майы бұлтылдап,
Тұяқтан оты жылтылдап,
Шақпақ оты шақылдап,
Найзаның ұшы жарқылдап,
Азулары шықырлап,
Ауыздыққа қарысып,
Ұшқан құспен жарысып,
Алты қырдан асып тұр,
Көпірді бейнет басып тұр.
Ұлы бесін болғанда
Ақ өткелге жетіп тұр.
Алтын шатыр тігулі,
Алтыннан көрпе жаюлы,
Бал қымызы құюлы,
Назым сұлу күтіп тұр.
Ат үстінен Қамбардың
Ауызынан сүйіп тұр.

Мұнараның басында
Түстік жерде Келменбет
Мұның бәрін көріп тұр.
Сонша мезгіл болғанда,
Келменбет шешен біліп тұр.
Кедейден шыққан Қамбардың
Ер екенін көріп тұр.
Сол заманда Келменбет
Өзіне-өзі айтып тұр:
«Туғанымда анадан,
Мұсылман едім мен жастан.
Өзіме серік аз болып,
Мен дінім бұздым әу бастан.
Айналайын Құдайға,

[1] Молтақ — келте, қысқа, шолақ.

Жолықтырған Қамбарды.
Құлшылық қылып бағайын,
Мұхаммедтің алдына
Иманды болып барайын.
Енді бір айла ойлайын,
Қамбарымды өлтіртпей,
Бір қасық қанын тілейін.
Әгар да қанын бермесе,
Мақияны һәлак[1] қылайын.
Кәпірге қызмет қылғанша,
Қаңғырып жүріп өлейін.
Екі де шердің алысқан
Майдандарын көрейін.
Әгар Қамбар жеңілсе,
Мен де артынан өлейін».
Құлақ салып қараңыз
Келменбет сынды батырға,
Иманды жанға айып емес,
Дозаққа күйіп жанарға.
Қамбар ханға бар бітер
Қара атын байлап шатырға.
Жаман көзбен қарады
Шалқасынан жатқан кәпірге.
Көзі көзге түскен соң,
Мақия қорқып сөйледі:

— Ноғайлының жас бала,
Арақ ішкен мас бала,
Күшің жеткен кісінің
Жандарына қас бала,
Біз сықылды батырға
Даярлап қойған ас бала,
Он екі күн болғанша,
Неғып келмей жатырсың?
Қорыққаның сонан белгілі,
Неғылған жаман батырсың.
Түсіңнен сенің белгілі,
Қорқып келіп отырсың.
Ашуым менің келіп тұр,
Не жауабын қатасың?

— Олай емес, Мақия хан,
Айыптама мені сен,
Өз сөзіңнен тұтылсаң.
Келе жатқан жолымда
Атым менің аруда.

[1] Һәлак /араб/ — құрбан.

Мақия ханды көрген соң,
Көңілім менің жаруда.
«Бір Алла» деген адамның
Кеудесіне иман даруда.
Сізді іздеп үйден шыққалы
Он екі күн болыпты.
Шыққан күні түс көрдім,
Жібектен баулы құс көрдім.
Үш күнді текке жіберіп,
Тоғыз күннің ішінде
Таңғалғандай іс көрдім.
Жаңғалақ адам тұрады
Ақылынан адасып.
Жақсыға айтқан әр сөзім
Жерде қалмас адасып.
Бір қаршыға қаз іліп,
Жапалақпен екеуі
Жатыр екен таласып.
Бұйрық болса, тақсыр хан,
Дидарын сұлу көресің.
Үш күн ойлап, солардың
Әзер бердім төресін.

— Бұйрықпенен, ер Қамбар,
Дидарымды көресің,
Қалай бердің төресін?

— Қаршығаға сөйледім:
Сенің күнде ілгенің қаз еді,
Жапалақ байғұс нашардың
Ілер құсы аз еді.
Бұл себеппен, тақсыр хан,
Жапалаққа әпердім.

— Сөзің дұрыс, ер Қамбар,
Ұялсаң, шығар ащы тер.
Алты күн өтіп кетті енді,
Қалған күнді сөйлей бер.

— Мен сөйлесем, тақсыр хан,
Құлақ сал да есіте бер.
Бүлкілдеген бүйрекке
Бүлдіршігі[1] шығар көйлекке.
Қарға жатыр таласып
Лашын ілген үйрекке.

[1] Бүлдіршік — өндіршек, өңештің бойы.

— Қаһар қылсам, ер Қамбар,
Қорлықты менен көрерсің,
Қалайша бердің төресін?

— Тәуекел қылып сыйындым,
Шыққанымда Аллаға,
Жолда жатқан бақпадым
Алтын-күміс олжаға.
Үш күн ойлап, тақсыр хан,
Лашындағы үйректі
Алып бердім қарғаға.

— Ноғайлының жас Қамбар,
Жаман көзбен қарайсың.
Ерік өзіңде бар болса,
Алла Тағала жар болса,
Иелікке тым-ақ жарайсың.
Ораза қаза қылсаңыз,
Жаныңның таптың сауабын.
Тоғыз күнді өткіздің,
Үш күннің берші жауабын.

Сонда Қамбар айтады:
«Батырлардың ішінде
Мойнына таққан дуамын.
Дұшпаным қорқып қашқан соң,
Артынан сонда қуамын.
Құлақ салып құп тыңда,
Мен берейін жауабын.
Олай бар да, бұлай бар,
Алдыңда қалың ноғай бар.
Өтірікті айтсаң да,
Табатұғын Құдай бар.
Таласқан екен бір байғыз
Сұңқардың ілген қуына,
Жасаған ием жар болар
Серіксіз туған жалғызға.
Үш күн ойлап, тақсыр хан,
Сұңқардың қуын әпердім
Нашар туған байғызға.
«Батырдан сауға, — дегенмін, —
Не боларсың жегенмен?
Шабыт қылсаң тағы да,
Ілерсің қуды», — дегенмін.
Кәпірдің ханы Мақия
Қалыңдап салып төсекті,
Надандығың білермін.

Күлмесең де сен өзің,
Ұқсатып, өзім күлермін».

Сонда айтады Мақия:
«Жап-жас қана баласың,
Дұшпанның салған бәлесін.
Тәуір көрдім сөзіңді,
Ақырын қара көзіңді.
Қаршыға болып біз тұрмыз,
Жапалақ қылдың өзіңді.
Атама Қамбар атыңды,
Он екідегі жасыңды.
Лашынға теңедің
Менің мынау басымды.
Қатты-қатты сөйледің,
Сыйламадың жасымды.
Қарға болдың байғұсым,
Әжептәуір басыңды,
Мен аяймын жасыңды.
Аямасам жасыңды,
Алар едім басыңды.
Сені көріп кенелдік,
Қу ілген сұңқар біз болып.
Бақытың бар немесің,
Байлана бердің кез болып,
Байғызбын деп сөз болып.
Еркектікті бастайын,
Бұл сөзіңнен аспайын.
Үлкендік қылсам, Қамбарым,
Соғысудан қашпайын.
Үндемесең, батырым,
Мен қайтемін бұл қызды,
Бұйрық болса, сен-ақ ал.
Тәуекел қылып қайтамын,
Әзімбай ханға айтамын.
Қамбар деген кедейің
Тілеп алды қызыңды.
Мен тастадым, Әзімбай,
Әуелгі айтқан сөзімді.
Енді сүзбен көзімді,
Батыр деп білдім өзіңді».

Сонда Қамбар сөйледі:
«Есітпеймін, Мақия,
Бір сенің айтқан сөзіңді,
Ұрамын ба көзіңді.
«Хан жарағы — бір» деген,

Екеу қылып айтпасаң,
Атқа мініп келген соң,
Қас ақсүйек болсаң сен,
Соғыспай-ақ Қамбармен,
Қатын болып қайтпасаң,
Қорлаған, хан, сөзіңді
Ұмытпа бәлем, Мақия,
Қамбар ояр көзіңді,
Енді есітпен сөзіңді».

Ашуланып ақырып,
Қамбар атқа мінеді.
Мұны Мақия көреді,
Иттен жаман үреді.
Сонша мезгіл болғанда
«Жекпе-жек!» — деп Қамбар келеді,
Шыдай алмай Мақия хан,
Атқа мініп келеді,
Қарсыласып тұрады,
Адырнасын құрады,
Кезектерін сұрады.

Қара қасқа атқа тіл бітті,
Мақия тұр көл бетті.
Ат айтады Қамбарға:
«Айтқанына көнгейсің,
Әуелгі ату кезекті
Үшке шейін атуға
Мақия ханға бергейсің».
Кезекті Қамбар береді.
«Атшы, дінсіз кәпір!» — деп,
Қарсы қарап тұрады.

Мақия хан со жерде
Садағына қол салып,
Қол салғанда, мол салып,
«Қалмақы ердің қасы, — деп, —
Дәл жүректің басы, — деп, —
Өлер жерің осы», — деп,
Толғап-толғап ұрады,
Құдайым оған бұрады.
Әуелгі оғын тартқанда,
Айналайын қара ат
Жүресінен жата қалады.
Мақияның тартқан ол оғы
Үстімен кетіп қалады.
Екінші оғын тартқанда,
Бұған шейін қара ат

Тұрымтайдай бұлтылдап,
Нажағайдай жалтылдап,
Өнер қылып қалады.
Үшінші оғын тартқанда,
Бозторғай боп аспанға
Шырылдап қара ат шығады,
Астымен өтіп кетеді.
Төртіншіге келгенде,
Қамбарға кезек береді.

Садағына қол салды,
Қол салғанда мол салды,
Қозы жауырын оқ алды.
«Қалмақы ердің қасы, — деп, —
Қақ жүректің басы, — деп, —
Керегі саған осы!» — деп,
Толғап бір толғап ұрады.
Тартқанына шыдамай,
Қара ат жата қалады.
Жатқан аттың үстінде
Батырың айқай салады.
Мақтанған Мақия ханыңның
Кеудесі кетіп барады,
Бөксесі тұрып қалады.
Мақия хан өліп қалған соң,
Он екі мың кәпірге
Қамбар ойын салады.

Сонша мезгіл болғанда
Көрген екен Келменбет,
Аршахан мен Алшора.
Алшора кірді бір жақтан,
Келменбет кірді бір жақтан,
Кәпірге ойын салып жүр.
Шашынан ұстап, иттердің
Басын жұлып алып жүр.
Қамбар сынды батырың
Қарын қанға малып тұр.
Мұнараның басында
Назым да сұлу апаңыз
Соның бәрін көріп тұр,
Құдайға шүкір қылып тұр.
Қаріп пенен қасерге
Шақыртып алып қасына,
«Қамбар батыр үшін», — деп,
Алтын-күміс беріп тұр.
Он екі мың көп кәпір
Бәрін қырып салған соң,

Үсті-басы қан болып,
Әзімбай ханға барып тұр.

«Әзімбай сынды ханымыз,
Ақылға диқан данамыз,
Сөзіме құлақ салыңыз.
Он екі мың кәпірді,
Мақия хан бастық қып,
Жалғыз өзім мұқаттым.
Мінеки, қалыңмалыңыз,
Күйеулікке қолқа, біліңіз.
Біз де Құдай құлымыз,
Толды ма екен пұлымыз?
Отыз үйлі обырым,
Қырық үйлі тобырым
Аштан өліп барады.
Бермек болсаң қызыңды,
Жөнелту қамын қылыңыз».

Сонда Әзімбай хан ием,
Ақылы жоқ хан ием
Жөнсіз сөзді сөйледі,
Сөйлегенде не деді:
«Кетші әрмен, қу кедей,
Бұл тіліңе ермеймін,
Тіпті сені көрмеймін.
Назым да сынды жалғызым,
Жалаңаяқ, саған бермеймін.
Отыз үйлі обырың,
Тоқсан үйлі тобырың
Айдарына малы жоқ,
Шайнарына майы жоқ.
Оны күтіп тұрғандай
Назымжанның жайы жоқ».

Сол арада сөйледі
Алшора мен Аршахан:
«Азырақ аял қылыңыз,
Көкжал туған Қамбарым,
Мұның артын аңғарың.
Ақылы жоқ Әзімбай,
Қызығы бар ма, жігіттер,
Мәрт болмағаны байлардың».

Сонда айтады Әзімбай:
«Айналайын қызым-ай,
Түспедің ғой парқына.

Сынап айтқан сөзіме,
Қатты айттыңдар көзіме.
Мен ұйыдым сөзіңе,
Аршахан, бердім мен саған,
Не қаласаң өзіңе,
Қызық көрсет өзіме.
Риза бол сөзіме,
Отауын көрсет көзіме».

Сол арада Аршахан
Қамбарды ертіп алады,
Отауға таман барады.
Әзімбайың жарады,
Түсіп жатқан Қамбарға
Назым сұлу қарады.
Жиылып тұрған билерге
Қыз күйеуі жарады.
Жеңгелері жиылып,
Назыммен бірге барады.
Амандасып, жеңгелер
Үйлеріне тарады.
Батыр Қамбар қасында
Назым сұлу қалады.
Бір-бірінен ғашықтар
Тілектерін алады.
Ханның елі жиылып
Тойын қыла қалады...

Отыз күн ойын өткізіп,
Қырық күн тойын өткізіп.
Мың түйеге жүк артып,
Жүз түйеге алтын мен ділдә артып,
Құл-құтанын бірге артып,
Ырғап-жырғап жөнелтті.
Байларға Қамбарды
Назым сұлу теңгертті.
Үш күншілік қалғанда
Күйеу жөнін қылған боп
Алдында бұрын барыпты.
Жиып берген құланның
Әр үйінде, жігіттер,
Бір-бір саннан қалыпты.
Кейін қалған Назымың
Үш күннен соң келіпті.
Жылқыдан айғыр сойдырып,
Ұлы тойды қылыпты.
Отыз үйлі обырға,

Тоқсан үйлі тобырға
Киіт үшін Қамбарың
Бір түйеден беріпті.

Аң аулаудан Қамбарың
Өзін сайып алып тұр.
Отыз үйлі обырлар,
Тоқсан үйлі тобырлар
Жылқыны айдап салып тұр,
Қылығына қанып тұр.
Өтірік емес, кісілер,
Осы сөзім анық-дүр,
Мейліпше қанып тұр.
Мұны есіткен жақсылар,
Асық болмақ турасын
Ойларынан шығармай,
Көңіліңе салып тұр.
Халің келген сұлулар,
Бозбаланы есіңе алып тұр.


Оқытушы жамағат,
Көңілің болса білмекке
Нәсілін Қамбар батырдың,
Жауһар деген тасыңыз —
Барша тастың анасы.
Керей менен уақтың
Жұға деген жұртыңыз —
Уақтың ноқта ағасы,
Ер Қамбар — соның атасы.
Назым да сұлу апаңыз —
Олардың болған анасы.
Кешегі өткен Ер Көкше —
Екеуінің баласы.

Бұл өлеңнің ішінде
Артық сөзі бар болса,
Маған қойма жаласын.
Қашық қылғын, Құдайым,
Шайтан деген бәлесін.


Бірінші мақам

Орындаған: Сәрсенбай Өсербай
Нотаға түсірген: Балмаганбетов Бекарыс

жүрдек




Екінші мақам



2

Үшінші мақам







Березин И.Н. *(1819–1896) – орыс шығыстанушысы, Қазан, Санкт-Петербург университеттерінің профессоры. Ол алғаш «Шығыс тарихшыларының кітапханасы» жинағын құрастырып, оған ортағасырлық оқымыстылардың қатарында Қадырғали Жалаири мен Әбілғазы шығармаларының орыс тіліндегі аудармасын енгізеді. Кейін ғалымның «Түрік грамматикасына қосымша», «Шығыс елдеріне саяхат», «Шейбанинаме», «Түрік хрестоматиясы», «Түрік тайпасының халық мақалдары» т.б. еңбектері жарық көрді. Князь В.А. Кудашев арқылы Абай өлеңдерінің қолжазбасымен танысып, оларды жоғары бағалады. Қолжазбаның Орыс география қоғамына тапсырылуына және жариялануына ықпал етіп, П.П. Семенов Тян-Шанский мен П.М. Мелиоранскийге өтініш жасады. Санкт-Петербургтың Шығыстану институтының И.Н. Березин қорында ғалымның әр жылдары Абайдың немере інісі Халиоллаға, Құнанбайға, ауыл молдасы Хабитханға жазған хаттарының түпнұсқалары сақталған. Сондайақ ол Омбы кадет корпусының оқытушысы Н.Ф. Костылецкий арқылы Ш.Уәлихановпен байланыс жасап, пікірлесіп, өзара қарым-қатынаста болды.*



Ер Тарғын.
Суретші К.Я. Баранов.

ЕР ТАРҒЫН

Ноғайлы дәуіріндегі оқиғаларды, ерлік пен елдік қасиеттерді, татулықты, ынтымақ-бірлікті, достық пен адал махаббатты дәріптейтін классикалық эпосқа тән сипаттарды толық сақтап қалған ұлттық жәдігерлердің бірі — «Ер Тарғын» жыры. Оны алғаш Н. Ильминский Марабайдан жазып алып, Қазан қаласында (1862) жеке кітап түрінде жарыққа шығарды. Кейін бұл жыр өзгеріссіз төрт рет қайта басылды (1892, 1893, 1909, 1913). Академик В. Радлов та бұл жырға қызығушылық танытып, бір нұсқасын жазып алып «Түркі тайпалары халық әдебиетінің нұсқаларына...» (1870, 3-т.) енгізді. XX ғасырдың басында Н. Саркин Орынборда (1904), Ә. Диваев Ташкентте (1922) басқа да нұсқаларын жариялады. Эпос кеңестік кезеңде де, ел өз тәуелсіздігін алған кейінгі жылдарда да үздіксіз жарияланып отырды.

Еліміздің сирек қолжазбалар қорында жырдың Ә. Диваев, Қ. Иманов, Н.Нұрғалиұлы, З. Бекарыстанов, Н. Саркин т.б жеткізген 6 нұсқасы сақтаулы. «Ер Тарғын» жыры туралы М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, М. Ғабдулин, Т. Сыдықов, Р. Бердібай, Ш. Ыбыраев сияқты эпостанушылар өз зерттеулерінде ғылыми пайымдар айтқан. Томды баспаға дайындау барысында редакциялық алқа эпостың қолжазба нұсқалары мен әр жылдары жарияланған баспа үлгілерін саралай келіп, халық арасында кеңінен танымал болған Н. Ильминский жеткізген Марабай нұсқасын (Қазан, 1913) ұсынды. Жырдың түпнұсқасы Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (3076-Вост.).

Ертеде, қырғыз заманында, бір Тарғын деген батыр өзінің қырғыз халқынан кісі өлтіріп, ханына қылмысты болып, қашыпты. Қашып, қырық сан Қырым жұртына келіпті. Ол уақытта Қырымда қырық мың мешіт бар еді, қырық ханы бар еді. Сол ханының үлкені Ақшахан деген еді. Сол ханның қоластына келіп кірді. Сонда ел арасында жүрді. Бірталай заман болды, айдан айлар өтті, ешбір кісі мұның батыр екенін білмеді, тек қонақ болды да жүрді. Ол уақытта Қырым жұртының арғы жағында бір жауы бар еді. Он сан Оймауыт, тоғыз сан Торғауыт деген ханның елі еді. Олалай, Бұлалай деген ноғайда көп батырлар өтсе де, Олалай, Бұлалайдың елін бұрын алғандары жоқ еді.

Бұл уақытта Ақшахан неше мың шерік[1] әскер болып, талап етіп аттанды. Сол Тарғын ешбір кісі де оған жүр деп айтпай-ақ аттанған әскерлермен бірге аттанып кетті. Тарғынның ол әскердің ішінде екенін тағы да ешкім білмеді. Бұл аттанған әскер Торғауытқа барып жетті. Бұлар барып жеткен соң Торғауыт халқынан шың қағылып, барабан соғылып, неше мың көп әскер жиылып, соғыс қылды. Жер жүзіне қан сел болды. Олай болса да ешбір бұзып ала алмады. Алмаған себебі — қамалдың ішіне кіре алмады, сыртында тұрып ұрыс қылды. Ол уақытта Тарғын батыр ұрысқан жоқ еді, ешбіреуі де мұны танып, «Соғысқа бар», — деп айтпады. Ақшахан көп кісілерін өлтіріп, Торғауытты ала алмай, кері жұртына қайтпақ болды.

Ақшахан жұртына қайтпақ болып тұрғанда:

Тарғын сынды батырың
Қайтарын жұрттың біледі,
Алладан пәрмен тіледі.
Құйысқанын қысқартып,
Екі айылын бек тартып,
Енді атына мінеді.
«Өлгенім жақсы бұдан», — деп,
Тоғыз санды-ай Торғауыт,
Он санды-ай Оймауыт
Барабан соғып, шың қағып,
Алдымнан әскер жүргізіп,
«Бұйым болды бұл да», — деп,
«Аллалап» батыр шабады.
«Жалғыздың жары — Құдай», — деп,
Сары ала туы салбырап,
Шапты батыр тебініп,
Жалмауыздай емініп.
Сырттағы жүрген әскерге
Қарамайды бұл батыр,
Ішкі қамалға кірді желігіп.

Бұл Тарғын қамалға кірген соң Ақшаханның әскері бұның Тарғын екенін танымаса да: «Е, тәйірі біздің ноғайлымыздың бір батыры ғой», — деп,

[1] Шерік — «әскер», «жауынгер» сөздерінің көне атауы.

соңынан олар да кірді. Сонан соң бұлар қамалды бұзып алады, көңілдері ашылды. Ақшахан еліне қуанып қайтты. Елге келген соң таранып, тыныштанып, көңілі қош болған соң тағында отырып Ақшахан үкім қылды: «Сол жауды бұзып алған батырды тауып, маған алып келіңіз», — деп. Тарғын батырды тауып, хан алдына алып келеді. Хан онымен көрісіп, жөнін сұрап: «Сен кімсің?» — дейді. Тарғын айтты: «Мен қырғызбын», — деді. Хан айтты: «Сен қырғыз болсаң, біздің жұртымызға неге келдің, не жұмысқа келдің?» Онда Тарғын айтады: «Мен ханымыздың бір жақсы бегін шаһид[1] еттім, онан соң жұртым тынышсыздады, сол себептен сіздің қоластыңызға қашып келдім», — деді. Сонда хан: «Сен кешегі жауды бұзған қайратыңды сені тынышсыздаған жұртыңа көрсетпедің бе?» — дегенде, Тарғын айтады: «Нақақтан өз жұртымды жылатуға шариғат қоспайды», — деді.

Онан соң Ақшахан үкім жүргізіп, Тарғын батырды әскербасы қылды. Бұл батыр әскербасы болған соң күні-түні жарақтанып, сақтанып жүрді. Ол уақытта Ақшаханның бір қызы бар еді.

Шашын дәнденменен[2] тараған,
Бектер мінген бедеудей
Бауырынан жараған.
Бет ажарын қарасаң,
Жазғы түскен сағымдай.
Бет ажарын байқасаң,
Терісінен айырған
Жарма бидай ақ ұндай.
Қасы саржадай керілген,
Кірпігі оқтай тігілген,
Бұралып белі бүгілген,
Қараған кісі үңілген.
Қолаң шашты, қой көзді,
Әйелдегі бір сөзді,
Ақжүніс атты ару еді.

Бұл мәрттің мұндай батырлығын, ерлігін, қайратын қарауылшы құлдары, қарауылшы күндері Ақжүніс аруға түсіндіріп айтты. Ол бозжігіттің асылын, қайратын есіткен соң төзіп тұра алмады, бір құлын шақыртып алып, құлына мың діләә[3] беріп, айтты:

— Діләәні беріп, сенің тіліңді кескенім, — деді, — осында қырғыз жұртынан келген Тарғын дейтұғын бір батыр жігіт бар деп есіттім. Сол жігітті ешкімге білдірмей, маған шақырып алып келіп жолықтыр, егер де өзіңнен басқа кісіге білдірсең, сенің неше жеріңнен кесіп өлтіргенімді көр. Егер де алып келсең, кісі жатпастан бұрын менің мынау ашпалы алтын тереземнің тұсына алып кел! — деді.

Бұл құл Тарғынға барып жолығып, қыздың айтқан сәлемін айтып, алтын терезенің тұсына Тарғынды алып келді де, қызға хабар берді. Қыз

[1] Шаһид — «өлтіру» деген мағынада.
[2] Дәнден /парсы/ — тарақ тісі.
[3] Діләә — күміс ақша.

терезеден Тарғынды үйіне кіргізіп алып, жөн-жосықтарын сұрасып, ассу ішкізіп, ойнап-күлісіп отырысты. Онан соң Тарғын қайтпақ болғанда, қыз Тарғынға айтты:

— Осы жұртымызда сіздей ерлігі болмаса да қырық сан Қырымның мырзасы — Жалмамбет дейтұғын жігіт бар еді, мен сол жігітпенен ашына едім, сол жігітті өлтірдім. Өлтіргенімнің мәнісі — «бөтен жігіт екен» деп, білмей, қате өлтірдім. Соның күйігінен ішер астан, ұйқыдан айырылып жатушы едім. Сол мырзаның қайғысы менен әркез кетпес еді, бұл уақытта сізді естіп, біліп, шақыртып алып, сізбенен сөйлесіп, ойнап-күліп отырдым. Сізден басқа ешбір кісімен Жалмамбет мырза өлгеннен бері сөйлескенім жоқ. Енді сіз арқылы мырзаның қайғысы менен көтерілсін, менен хабар болған уақытта жаныма келіп жүріңіз. Менің сізді шақырған лебізімді әркез жерге тастамаңыз, — деді.

— Бұл айтқан жарлығыңызды қабыл алдық, — деді де, Тарғын батыр қайтып кетті.

Әр заман Ақжүніс бұл Тарғын батырды уақытыменен шақыртып алып жүрді. Бір замандар болғанда, бұл қызды бір ханның баласына айттыруға жаушы келді. Сонда Ақшахан қызына кісі жіберіп, сұратты:

— Мына айттыруға жаушы келіп жатыр, менен рұқсат, қызымның өзінің күйеуге барғысы келе ме екен, келмей ме екен? — деп білмек үшін. Сонда қызы айтты:

— Әкем маған үш күн мұрсат[1] берсін, — деді. Қыз бұл үш күн ішінде Тарғын батырды шақыртып алды да Тарғынға айтты:

— Мына мені бір хан баласына айттыруға жаушы келіп жатыр екен. Әкем мені ол ханның баласына бермекші болып, менен рұқсат сұрай маған кісі жіберіпті. Мен ондай хан баласына таңсық емеспін, өзім де хан баласымын, сұлуға таңсық емеспін, өзім де сұлумын. Мен кімнің бақыты зор болса, сондай кісіге барамын, — дейді. — Енді мені осындай кісіге қор қылғанша, батыр екенің рас болса, сен мені ал да қаш, мен саған тиемін, сенен басқа еш кісіге тимеймін, көңілім бек саған ауды. Егер де маған келмесең, мен шыдап тұра алмай, сенің қайғыңнан өлемін, — деді.

Сонан кейін Тарғын бұл қызды Ақшаханның қанаты, «Қара» дейтұғын бір жорғасына мінгізді де алып қашты. Үш күн өтті, үш күннен соң хан қызының қарауылшы құлдары Ақшаханның бір қазысына барып, хабар берді:

— Солай да солай, ханның қызы Ақжүніс сұлу сарайында жоқ, қашып кетіпті. Кіммен қашқанын білмейміз, — дейді. Қазы барып, Ақшаханға хабар береді. Хан айтты:

— Ол жалғыз қашқан жоқ шығар, бір жігітпен қашқан-ды, жігіттерді түгендеңіз, — деді. Жігіттерді түгендеп қараса, Тарғын батыр жоқ болды.

Сонан соң ханға хабар берді. «Солай, Тарғын батыр жоқ», — деп. Сонда хан айтты:

— Мұнда оның ру-туғаны жоқ, өз жұртынан қашып келген жігіт еді. Ол жоқ болса, алып қашып кеткен-ді, — деді. Онан соң өзіне қараған бүтін ел-жұртын жиып, үкім айтты:

— Мен бұл қызымның ол қырғызбен кеткеніне риза емеспін, ол қара кісі еді, қызым хан баласымен кетсе керек еді, сүйек қорлап, қара кісімен

[1] Мұрсат — уақыт; рұқсат.

кетті. Қызымды кім қуып жетіп, айырса, сол кісі алсын! Құй[1] бай болсын, құй жарлы болсын, құй жас болсын, құй қарт болсын, тек кім айырса, сол алсын, егер де қуып жетіп, өлтірсе, құны жоқ. Тек Тарғыннан айырыңыз да, өзіңіз алыңыз. Оның үшін қызыма бек қатты көңілім қалып өкпеледім, соның үшін айтамын, — деді.

Хан солай деген соң жұрт қуды, бір мырза екі атпен, бір мырза үш атпен, тапқан кісі атын жетелей берді, бір атым болдырса, бір атпен қуып жетермін деп. Әскер былай далаға шыққан соң жиылып, кеңесті:

— Біз мұны қусақ та Тарғын бізге бермес, оны ала алмаспыз, егер де қаһары келсе, бізге қырғын таптырар, — деді де, жұрт қорқып, қумай, үйлеріне қайтты. Сол қуарға шыққан кісілердің ішінде алпыс беске келген бір қарт кісі бар еді, жалғыз-ақ сол қайтпай қалды:

— Мен үйден қуамын деп шыққан соң қумай, үйге қайтып барғаным да өлім, қуып барып өлгенім де бір өлім, мен қайтпаймын, қуамын, қазам жетсе, өлермін, шамам келсе, ол қызды алармын, — деді де, қуып кетті. Бұл қуып жетіп қалғанда, кетіп бара жатқан Тарғынның астындағы Тарлан аты пысқырды. Ол ат артынан бір жау келе жатқанда пысқыратын еді. Тарғын аты пысқырған соң артына қараса, артында бір жалғыз кісі келеді екен.

Сонда Тарғын сөйледі,
Сөйлегенде не дейді:
«Ақжүністей жолдасым,
Қыз да болсаң, мұндасым.
Қолаң шашты, қой көзді,
Әйелде ару сен едің.
Аш арыстан жүректі,
Палуан жолбарыс білекті,
Жігіттің мәрті[2] мен едім.
Құдіреті күшті Құдайым,
Сындырмағай белімді,
Тарылтпағай жерімді.
Нендей заман, білмеймін,
Арт жағыма қарасам,
Қайнаған қара бұлттай,
Қайнап біткен болаттай.
Тұлғасына қарасам,
Сайдан шыққан құла аттай.
Қабағы тастай түйілген,
Лашын құстай шүйілген.
Жеңсіз берен киінген,
Жалғыз қара көрінді.
Енді жүрсем, «Қашты, — дер, —
Аруағым менің басты, — дер, —
Менен қорқып, састы», — дер.

[1] Құй — мейлі.
[2] Мәрт /парсы / — жомарт, қолы ашық.

Ажалым болса бұл жерден,
Жемей қоймас жебір жер,
Кіргізбей қоймас қазған көр».

Толғана мойнын бұрады,
Ақжүніспенен екеуі
Аз әңгіме құрады.
Жалғыз қара келгенше,
Қашатұғын қатын ба,
Қасқайып қарап тұрады.
Ертеңнен шапса, кешке озған,
Ылдидан салса, төске озған,
Томаға көзді қасқа азбан[1].
Біткен сүйек долантып[2],
Саурысын[3] бедеу сұлантып[4],
Дауылдай жалы суылдап,
Құйрығы құйындайын шуылдап,
Теріскейден төмен желеді.
Ақжүніс пен Тарғынды
Көріп, көңілін бөледі.
Алпыс бесте жасы бар,
Қорқатұғын ер емес,
Салып жетіп келеді.
Келді, Тарғын көреді,
Бұл да өзіндей ер еді.
Қарсы алдынан қараса,
Алпыстан асқан ағасы,
Ақ сақалды бабасы.
«Жасы үлкен ағам, — деп, —
Ақ сақалды бабам», — деп,
Тарғындайын еріңіз
Әлгі келген қартыңа
Иіліп сәлем береді.
Қарсы алдынан қараса,
Омырауы даладай.
Әлпетіне қараса,
Тамнан соққан моладай.
Ердің берген сәлемін
Жақсы құптап алады.
Енді Тарғын сөйлейді:
«Батыр, сынап жүрмісің,
Тамам таудың арасын?
Аруағыңды байқасам,
Қаптаған қардай борайсың.

[1] Азбан /жергілікті/ — піштірілген еркек мал.
[2] Долантып — «дөңгеленіп», «жұмырланып» деген мағынаны білдіреді.
[3] Саурысын — май жамбас.
[4] Сұланту — көлбей құлату.

Көк бүркіттей түйіліп,
Лашын құстай шүйіліп,
Қай сапарға барасың?»

Сонда қартың сөйлейді:
«Аспандағы жұлдызым,
Маңдайдағы құндызым,
Ажары сұлу көркем-ді,
Қыз да болса, серкем-ді,
Ақжүністей аруды
Алып қашып барасың!
Беліме семсер ілемін,
Жазығым қарттау болмаса,
Бір Тәңірден тілеген,
Қазам жетсе, өлемін.
Егер қазам жетпесе,
Қасыңдағы Жүністі
Айырып ала келемін».

Сонда Тарғын сөйлейді:
«Асу-асу бел едің,
Асудан соққан жел едің,
Жолдасымды бергендей
Қай батырдан кем едім?!
Менен қызды алғандай,
Өзің қандай, мен қандай,
Айтшы жөніңді, кім едің?!»

Сонда қартың сөйлейді:
«Мен, мен-дүрмін, мен-дүрмін.
Мен де өзіңдей кен-дүрмін.
Менің жөнім сұрасаң,
Қырық сан Қырым елінде,
Асыл жауһар белінде,
Арғы атам — Ер Күлік,
Өзімнің әкем — Қоянақ,
Мен — Қоянақұлы Қарт Қожақ.
Оза шауып олжа алған,
Таласты жерде жүлде алған,
Жасанған жауға қол салған,
Ортадан ойып жол салған,
Қарт Қожақ деген ер едім».

«Өзің үлкен данасың,
Өрттей қаулап жанасың.
Ерлігіңнен мінің жоқ,
Ер де болсаң, бұл қызды
Не қылып менен аласың?!»

Сонда Қожақ сөйледі:
«Алла тізгін оңдаса,
Көк сүңгіні салармын.
Балдағы алтын ақ берен
Қызыл қанға малармын.
Тәңірі тізгін оңдаса,
Не көрмеген бейбақпын,
Ер де болсаң, алармын.
Жер жазығы төмен-ді,
Сені қорқақ демен-ді.
Әуелгі кезек менікі,
Соңғы кезек сенікі,
Қалаған жерден атамын.
Айтпай туған ер болсаң,
Кезегімді бер енді!»

Сонда Тарғын сөйлейді,
Толғай мойнын бұрады,
Әңгіме-дүкен құрады.
Бұл жанынан қорқар ер емес,
«Кезегін баба алсын», — деп,
Қарт қояндай қасқарып,
Қарсы қарап тұрады,
Шошынып тізгін жимады.
Буырқанды, бұрсанды,
Мұздай темір құрсанды.
Жау жағадан алған соң,
Беренге батыр сыймады.
Бұл сықылды батырды
Қарт Қожақтай еріңіз
Атарына қимады.
Аруақты туған ер-дағы
Тарғынды Қожақ сыйлады.

Тарғын бұл Қарт Қожаққа кезек беріп, «Атсаң ат», — деп, қарсы қарап тұрып еді. Қожақ мұны сыйлап, атарға қимайды: «Не үшін десеңіз, мен алпыс беске келген, сақалым қуарған бір қарт шалмын. Қой, жас болса да қасындағы Ақжүністей сұлуды қиып, һәм өзінің жанын қиып, маған қарсы тұрды, бұл бек батыр екен, мұның өзін де атпайын, атын да атпайын, тек мұның қорамсақтағы жүз алпыс кез оғын жалғыз доғал оқпен атып уатайын, сонымен өзімнің оны аяп атпағанымды білдірейін. Сонан бұл ақылды болса, ойлап білер де, қызды маған тастар да, жүре берер», — деп, бір жалғыз доғал оқпенен салып қалғанда, Тарғынның қорамсақтағы жүз алпыс кез оғын күлпара қылып, уатып кетті. Сонан соң Тарғын: «Кезегің болды ма?» — деп, қылышын суырып, Қожаққа дүрсе қоя берді. Қожақ айтты:

— Тоқта! Менің кезегім біткен жоқ, — деді. — Мен сені аяғаннан өзіңді атпай, оғыңды атып едім, өзімнің ерлігімді білдірмек үшін. Егер де

ақылың болса, менің аяғанымды білер де, қызды тастап, жүре берер деп. Сен менің аяғанымды білмедің, ендеше, барып тұр! Жаңадан өзіңді тура атамын, — деді.

Сонда Тарғын ойлады: «Мұның мұнысы рас екен. Бұл ғой менің өзімді байлап атса, таудай өзіме, таудай атыма тигізбей ме? Аяғаны рас екен, мен мұның қадірін білейін», — деді де, қызды тастап, жүре берді. Сонан Қожақ қыздың қасына келіп еді, қыз атынан түсіп, киімін басына бүркенді де жылай берді. Сонда Қожақ айтты:

— Сен неге жылайсың, сен мені қарт деп жылаймысың, жә болмаса жаман деп жылаймысың? Әкеңнің айтқан уәдесі бар. Кім қызымды қуып жетіп, айырса, сол өзі алсын. Егер өлтірсе де, құны жоқ деген, көп жылай берсең, басыңды қылышпен кесіп, жүре берермін, — деді. — Қарт та болсам, мен жек көретұғын қарт емеспін, ешкімнен де кем емеспін. Сен бүйтіп жылай бергенше, тұр, жылама! Басыңдағы бүркенгеніңді ал, өзіңді маған көрсет. Басыңды да, қасыңды да, бойыңды да, қабағыңды да, жарасаң, аламын, егер де бір жерің жарамаса, алмаймын, — деді. Сонда қыз толғап айтады:

«Ей, қарт Қожақ, қарт Қожақ!
Атыңның басын тарт, Қожақ!
Менің немді сұрайсың?
Бұқар барсаң, қолаң бар,
Қоланды көр де шашым көр!
Зергер барсаң, қасында
Алтыннан соққан түйме бар,
Түймені көр де басым көр.
Молдаға барсаң, қасында
Қиюлы жатқан қалам бар,
Қаламды көр де қасым көр!
Емран[1] барсаң, пісте бар,
Пістені көр де мұрным көр!
Әр шаһарға қарасаң,
Құрулы тұрған күзгі[2] бар,
Күзгіні көр де көзім көр.
Самарқан барсаң, сандал бар,
Сандалды көр де тісім көр!
Ұсталарға барсаң, қасында
Тартулы жатқан сымдар бар,
Сымды көр де қолым көр!
Тоғайға барсаң, тоғайда
Домаланған қоян бар,
Қоянды көр де жоным көр!
Қара жерге қар жауар,
Қарды көр де етім көр!
Қар үстіне қан тамар,

[1] Емран /парсы/ — абатталған, бақшалы.
[2] Күзгі — айна.

Қанды көр де бетім көр!
Мен Қырымның ішінде
Ақшаханның қызы едім.
Ата менен анамның
Асыранды қазы едім.
Қойда бағлан қозы едім,
Жылқыда шаңқан боз едім.
Қытай менен Қырымнан
Тамам жақсы жиылса,
Аузындағы сөзі едім.
Менің немді сұрайсың?
Бұл уақыт болғанда,
Бұл заманның шағында,
Жылап тұрған көзім бар,
Жалынып тұрған сөзім бар,
Өксіп тұрған жасым бар,
Әуре болған басым бар.
Алғанымнан айырма,
Мені өзіңе қайырма!
Батыр Қожақпын десең,
Біз сықылды бейшара
Жылап тілек еткен соң,
Тілекті бермес болар ма,
Сіз сықылды асылдар!

Бес жасыңда қарт Қожақ
Жас шыбықтан жай тарттың,
Жалғыз шиден оқ аттың,
Атқан оғың жоғалттың,
Қане шыққан мүйізің?!
Он жасқа келгенде,
Қызыл-жасыл киініп,
Қынай белің буынып,
Қызбалықты көрініп,
Бала болдың бір кезек,
Қане шыққан мүйізің?!
Жиырма беске келгенде,
Ақ балтырың түріліп,
Оймақтай аузың бүріліп,
Қарт бурадай қамданып,
Қас батырдай шамданып,
Сыртыңнан дұшпан сөз айтса,
Шыныңменен арланып,
Қызды бақтың бір кезек,
Қане шыққан мүйізің?

Отыз беске келгенде,
Қоңыраулы найза қолға алдың,

Қоңыр салқын төске алдың,
Жауды көрсең, шүйілдің,
Жеңсіз берен киіндің,
Көксерек атты борбайлап,
Қамалды бұздың айқайлап,
Қане шыққан мүйізің?!
Қырық бес жасқа келгенде,
Қырым деген шаһардың
Жел жағына қаласың,
Ық жағына панасың.
Қырдан қиқу төгілсе,
Елге таман үңілсе,
Мың кісіге бір өзің
Саспай жалғыз барасың,
Қане шыққан мүйізің?!
Елу беске келгенде,
Топқа бардың бой түзеп,
Дауға бардың тіл безеп,
Билік сұрадың бір кезек,
Қане шыққан мүйізің?!

Алпыс беске келгенде,
Сақал-мұртың қуарып,
Бойға біткен тамырдың
Бәрі бірдей суалып,
Алайын деп тұрмысың,
Мені көріп қуанып?!
Өлтірсең де тимеймін,
Теңдік берсең, сүймеймін.
Бұрын батыр болсаң да,
Сенің басың бұл күнде
Жерде жатқан қу тезек».

Сонда Қожақ ойлады: «Бұл ғой менің бес жасымнан елу бес жасыма келгенше, менің не қылғанымның бәрін де тапты. Енді тап менің өзімнің қасымда жүргендей, асылзада патшаның баласы тағы енді менің бұл елу бес жасыма шейін не қылғанымды тапқанда, алпыс жасымдағымды таппай ма? Мұны мен алсам, обалына қалады екенмін», — деді. «Енді бұл асылзаданың баласының тапқан сөзін таппады демейін, мұны өзінің сүйгеніне қосайын!» — деп, Тарғын батырға қосты да қоя берді.

— Барыңыз, менен озған дәурен екеуіңізге құтты болсын! — деп.

Тарғын ол қызды алып, сол кеткеннен кетіп, Еділдегі Орманбеттің он сан ноғайына барды. Он сан ноғайдың он ханы бар еді, сол он ханның ішінде бір Ханзада деген ханы бар еді. Сол ханның қоластына барып, бір бидің үйіне қонып еді. Би мұнан сұрады: «Сіздің асылыңыз кімнен?» — деді. Тарғын айтты: «Біздің асылымыз қырғыздан», — деді. «Әмә, бұл уақытта асылым қырғыздан болса да, Қырым жұртына жақынбыз», — деп. «Олай болса, сіздің атыңыз кім?» — деді. Сонда Тарғын айтты: «Менің

атым — Тарғын», — деді. Ол би айтты: «Қасыңдағы жолдасың кім?» — деді. Тарғын айтты: «Жолдасым — Ақшаханның қызы Ақжүніс сұлу», — деді. Бек айтты: «Ақшахан патшаның қызы Ақжүніс сұлу бұл болса, сахараға шығып, жұрт асып жүргені не себептен?» — деді. Сонда Тарғын айтты: «Мен алып қашып жүрмін», — деді. Онда бек айтты: «Ақжүністей сұлуды алып қашып жүретұғын сен қай Тарғынсың?» — деді. Онда Тарғын айтты: «Олалай ханның Торғауыт деген жұртын харап еткенмін», — деді. Енді бек бұларды сыйлады. Сыйлаған себебі — мұның ерлігін есіткені бар еді, соның үшін сыйлады. Онан соң бұл бек Ханзада ханға барып, мағлұм қылды. Хан есіткен соң Тарғын менен Ақжүністі шақыртып алып, бір алтын сарайдың ішіне кіргізді де, хан бекке айтты:

— Бұл батыр Ақжүністің қасында он күн, он бес күн отырған соң жұртын, тағы батырларын, мырзаларын, шораларын сағынар, онан соң бұл дертті болар, іші шерлі болар. Бұл батырға менің қоластымдағы батырларымды, шораларымды аралатып көрсетіп, үйір қыл! Сөйтіп аралатып болған соң Ақжүністің қасына алып кел, сонан соң ол мұндағы жақсыларды көріп, таныс болған соң өз жұртын сағынбас, — деді.

Сонан соң бұл бек ханның жарлығы бойынша Тарғын батырды жұртын аралатып, жақсыларын көрсетіп, таныс қылып, ханға алып келді де, үйіне кіргізді. Бұл Тарғын батыр жұртты аралап қайтып келген соң барша Ханзада ханның батырлары, мырзалары, жақсылары жиылып, хандарына келіп, ханменен мәслихаттасып, сөйлесіп, Тарғынның ерлігін, батырлығын ханнан сұрап білді. Сонда барша жиылып отырған мырзалар, билер айтты: «Бұл Тарғын батыр болса, біздер оны бек құрметтеп сыйладық, сіздің жарлығыңыз жерде қалмасын деп». Тағы да ханнан өтінді: «Бұл Тарғын батыр болса, біз мұны Шаған деген судың бойындағы қалмаққа жұмсалық, қалмақты Шағанның бойынан ығыстырып, бізге жерін тартып алып берсін», — деді.

Сонда хан Тарғынды шақыртып алып, айтты:

— Сен өз жұртыңнан қашып, Қырым жұртына бардың. Ол Қырым жұртының Олалай, Бұлалай деген жауын алып бердің. Енді сен біздің қоластымызға келген соң, мынау Еділден шыққан Шаған дейтұғын судың бойындағы қыл жалаулы көп қалмақты ығыстырып, солардың жерін бізге тартып алып бер, — деді. Сонда Тарғын:

— Жарар, тақсыр, — деді. — Алла тілесе, бірақ менің қасыма үш кісі жолдас беріңіз! — деді. Хан айтты:

— Кімдерді аласың? — деді. Тарғын айтты:

— Бізге беріңіз Қарасайұлы Көбенді, Алшағырұлы Тегенді, Өміруұлы Себенді. Сол үшеуімен барып қарармыз, бізге айтқан жарлығыңыз жерде қалмас, — деді де, үш кісі жолдасын алып, Тарғын батыр қалмаққа барып жетіп, қалмақты Шағанның басына қарай бостырды. Қалмақтың аруағы қашып, бұларменен босқын тауып, ұрыса алмады. Қалмақты Шағанның басындағы белден асырды, қонысын адыра қалдырды. Сонан соң батыр Шағанның басындағы белдің үстіне бір жалғыз біткен емен бар еді, сол еменнің басына шықты, егер де қалмақтың бізбенен ұрысарға ойлары болса, әскер жиған ба, соны қарайын деп. Сол еменнің басында бір жалғыз-ақ көлденең біткен бұтағы бар еді, сол бұтағына атша мініп отырса, ол бұтақтың түбі шіріген екен, бұтақ сынып жерге түсті, Һәм Тарғын

да бірге түсті. Тарғынның сонда бел омыртқасы буынынан шығып кетті. Сонда қасындағы үш жолдасы өздерінің найзаларын төрт бұрышты қылып қиындастырып, Тарғынның найзасының төрт бұрышына екі аяғын, екі қолын байлап, алдарына өңгеріп, екі айда Ханзада ханға алып келді. Ханзада бұл батырды неше кіре бақтырып қараса да, ешбір жазыла алмады. Жатқан орнынан қозғала алмады. Ол уақытта бұл Ханзада ханның елі Бұлғыр тау дейтұғын таудың ішін жайлайтұғын еді. Бұл Бұлғыр таудың ішінде алты бұлағы бар еді. Бұл Бұлғыр таудан ханның елі көшті де, баяғы қалмақтың жайлауы Шағанға барып қонды. «Тарғынды, Шағанның бойына барып қонған соң қайтып келіп алармыз», — деп, Ақжүніс сұлуды, Тарғынды Тарлан атымен, атын арқандап, алты-жеті күндік азығыменен жұртқа тастап кетті. Бұл тастап кеткен азығы таусылды. Ханзададан ешбір кісі келмей, Тарғын мен Ақжүністің азығы жоқ, арқандаулы тұрған Тарлан атты бағатұғын кісі жоқ, бұлар аштан өлім халіне жетті. Сол уақытта Тарғынға қайғы түсті. Мұның Қырым жұртында қырық құрдасы бар еді. Һәм бірнеше мырзалары бар еді. «Олардың қасында болсам, мұндай пәлеге ұшырамас едім, — деп, — менің бір қызға бола, өз жұртымнан айрылып, бұл жұртта жатқаным қате екен», — деп сөйлеп жылайды, жылайды да толғайды:

«Бұлғыр, Бұлғыр, Бұлғыр тау,
Бұлдырап тұрған құрғыр тау.
Қаптай қонар елім жоқ,
Елім, күнім кәрі боз.
Сөйлесетұғын тілің жоқ,
Ел таптырар ма екенсің?
Арысаң да жануар,
Көрсетер едің бір қара.
Саған мінер белім жоқ,
Белге қылар емім жоқ.
Бұл шамаға келгенде,
Ажалым аштан болды ма,
Ауызға жеуге жемім жоқ?
Егер өлсем бұл жерде,
Сүйегімді ұстар теңім жоқ!
Көк шалғынның үстінде
Көгеріп келіп жатырмын.
Үстіме киер кебін жоқ!
Еңіреп жүрген ер едім
Қаптаған қара борандай,
Өткені ме дүние боқ?!

Ащылы тоғай Алабас,
Ақ сары алдым Бозағаш.
Алтынды сарай, қара шаш,
Алабастан боран бораса,
Бозағаштан борамас.
Тұлпардан туған талаудың

Артынан телміріп қиқу таянса,
Қара терге боялса,
Алдынан найза бойы жар келсе,
Жабыдайын жалтаңдап,
Жануар түсер жерін қарамас.
Қапыда өткен дүние-ай,
Тұяғына айдай таға қақтырып,
Еділдің күзгі қатқан көкше мұзында
Шауып кетсем, тая алмас.
Қарындасы кімнің бар болса,
Жамандық жер кез келсе,
Көкіректегі жанын аямас.
Жаттың жаман болмағы,
Жамандық жер кез келсе,
Ат саурысын бір берсе,
Қайырылуға жарамас.

Шағанның бойын шаңдатып,
Кешегі кеткен ит ноғай
Жұртына тірі тастап кеткені,
Есімнен қалмас бүйткені!
Ақжүністей аруым,
Болғаны ма мұнан да
Ит тигендей арам ас.

Көк көгершін, көгершін,
Көк кептер ұшар жем үшін.
Баданамды баса бөктеріп,
Қасыма жаттан жолдас ертіп,
Күн-түн қатып жортқанмын.
Атаңа некес[1] қалмақтың
Жайлау, қыстау жері үшін,
Еділден шыққан ен Шаған
Қалмақтан ноғайға тартып әпердім,
Атамнан арыстан туған ер үшін.
Атаңа нәлет ноғай-ай,
Елемеді өзімді,
Сыйламады сөзімді!
Жаудыратып көзімді,
Тастап кетті жұртына
Бір мертіккен бел үшін.

Қапыда өткен дүние-ай,
Тарғын, Тарғын дейтұғын,
Қолынан сарқыт жейтұғын,
Жамандық жер кез келсе,

[1] Некес /парсы/ — жат, бейтаныс.

Қайрылмай кетпен дейтұғын
Қарасайұлы Көбенді,
Алшағырұлы Себенді,
Бірге жортқан жолдасым,
Бейілі жаман оңбас!
Осындай қиын жерлерде
Келмей кетті не үшін?!
Аюкенің ауыр қол,
Алты күндей атысып,
Қара қанға батысып,
Бәрін бірдей қырғанда,
Саяға шығып тұрғанда,
Балалы марал келгенде,
Қоянақұлы қарт Қожақ
Баласын байлай атқанда,
Атқанына жығылмай баласы,
Ақсай басып өткенде,
Біздің деңге жеткенде,
Тарғын созып тартқанда,
Атқан оғы маралдың
Атасының қос жауырынынан өткенде,
Иегін сүйей жатқанда,
Қасымдағы қырық жігіт
Суыра алмады оғымды
Тасқа кірген тартқанда!
Қайда өткен дүние-ай,
Басымнан дәулеттің құсы ұшты ма,
Фәлактің[1] қайғысы мұндай қысты ма?!
Ішім оттай жанады,
Жалыны жүрегімді шалады,
Бұл істерді айтқанда,
Дін кәпірге болмаған,
Оған тиген оңбаған.
Азнау деген аз қала
Алпыс атын бақтырған,
Үлкені әрне қылса жақтырған.
Ақ сыбанның баласы
Ақ айуанды жүһудтің[2]
Алпыс атын алған мен едім!
Сол сапардан үйге қайтқанда,
Балтаға бардым тал үшін,
Талды кестім сал үшін.
Айналасы алты айшылық Еділге
Тарланды талай-талай салғанмын.
Еділдің арғы жағында

[1] Фәлак /араб/ — әлем.
[2] Жүһүд /араб/ — жөйт, яхуди, еврей.

Атаңа нәлет қалмақтың
Сыңсып жатқан малы үшін,
Аттанбадым олжа үшін.
Аттанғанмын кәуірге
Атамның ежелден
Ескі кегі бар үшін.
Қолаң шашты, қой көзді,
Қастауыш қасты Ақжүніс,
Айттым сені Құдай жолына.
Кешегі ноғай жұртына
Тастап кеткенде,
Көкіректегі шыбындай жан үшін.

Айналайын Тарланым,
Бектер мінген бедеуге
Сен тұрғанда, бармадым!
Қырдан қиқу төгілсе,
Елге таман үңілсе,
Жалғыз-ақ сені қармадым!
Қиялай қиқу болғанда,
Қараңғы тұман толғанда,
Сеніменен еді дәрменім.
Мінбей, түспей қарыдың,
Арқанда тұрып арыдың.
Алдыңа келіп бітсейші
Қамысты көлдің құрағы.
Суғаратұғын балам жоқ,
Алладан басқа панам жоқ,
Тәңірі қылды, шарам жоқ.
Маңдайыңнан ақсайшы
Құрғыр Қаратаудың бұлағы!
Қаламдай қасы сүрілген,
Оймақтай аузы бүрілген
Ақжүністей арудың
Алғанынан айырып,
Сөнгені ме енді шырағы?!

Құдіреті күшті Құдайым,
Ақжүністей арудың
Көз алдында көлбектеп,
Ашыққаннан еңбектеп,
Көзіме менің көрсетпей,
Алдыма келіп өлсейші,
Киіктің жалғыз жетім лағы!
Менің бүйтіп жатқаным —
Өз шәһарымның жырағы!
Еңірей-еңірей кетейін,
Қырымда қалған ерлердің

Есіткей тағы құлағы!
Сол батырлар келмесе,
Жайымды солар білмесе,
Кеткен жақтан қайрылып,
Бір-бірінен айрылып,
Екеуімізге кім келсін?!
«Атам қалды» дейтұғын
Өзімнен туған балам жоқ.
«Балам қалды» дейтұғын
Атам менен анам жоқ!
«Бауырым қалды» дейтұғын
Ағам менен інім жоқ!
Белімнен басқа жарам жоқ,
Ауызға жерге парам жоқ.
Бір қайрылып келмеді,
Не болғаным білмеді,
Ер Тарғынды көрмеді.
Атаңа нәлет ақсүйек.
Ойлай-ойлай қарасам,
Ханзада ханнан сараң жоқ.

Асыл туған Ақжүніс,
Күнді бұлт қоршайды.
Күнді байқай қарасам,
Күн жауарға ұқсайды.
Айды бұлт қоршайды,
Айды байқай қарасам,
Түн жауарға ұқсайды.
Көгілдірін еріткен
Көлдегі қулар шулайды.
Шулағанға қарасам,
Көктен сұңқар соғылғанға ұқсайды.
Бойды байқай қарасам,
Қол-аяғым көсіліп,
Аузы-мұрным ісініп,
Алланың хақ бұйрығы
Маған таянғанға ұқсайды.

Көктен бұлт сөгілсе,
Көктеп болмас не пайда?!
Көктегі жұлдыз сиресе,
Есептеп болмас не пайда?!
Көлденеңдеп тұрған тұлпарым,
Шабысыңнан маған не пайда?
Көріп алған көрікті едің,
Таңдап алған текті едің,
Маған теңіңнен сенің не пайда?
Алладан әмір болған соң,

Жас мезгілі толған соң,
Көрмеймісің жатқанын
Арыстаныңның бір сайда?
Қолаң шашты, қой көзді,
Алшаңдаған аруым,
Ажарыңды салма көзіме!
Раушан нұрың көргенде,
Өлейін деп жатсам да,
Қай-қайдағым құрсайды!

Мінбей-түспей қарыдың,
Арқанда тұрып арыдың.
Айналайын Тарланым,
Бектер мінген бедеудей
Безектей басқан аяғын.
Сен тұрғанда бармадым,
Сен құлында емдің, тайда емдің,
Құнан жаста арда емдің.
Дөнен жаста үйреттім,
Алты қабат ала арқан
Жібектен өріп, сүйреттім!
Бес жасыңа келгенде,
«Белдің қызығын көрсін» деп,
Бес бедеуге салдырдым.
Алты жаста ақтаттым,
Аттай мұрның қанаттым.
Алшақтатып ойнаттым,
Арпа-бидай асаттым!
Жеті жасқа келгенде,
Жер төпелді желгенде.
Дұшпанның көзі қорықты,
Көлденеңнен көргенде!
Қандай қатын қинайды
Таудан асқан тұлпарым,
Иең Тарғын өлгенде?

От орнындай тұяқтым,
Омыртқаң бар отаудай.
Жаурыныңа қарасам,
Сыпыра шапқан тақтадай.
Құйрығыңа болайын,
Қынаптан шыққан қанжардай!
Жалыңа сенің болайын,
Күлтеленген жібектей!
Шықшытыңа болайын,
Оралып жатқан түбектей!
Құлағыңа болайын,
Көлге біткен құрақтай!

Қабағыңа болайын,
Қара албасты қабақтай!
Тамағыңа болайын,
Піскен алма сағақтай!
Екі көзіңе болайын,
Қорқыттан жанған шырақтай!
Танауыңа болайын,
Тығынын алған шелектей!
Бауыздау жеріңе болайын,
Сарттың мақтадан соққан келептей!
Омырауыңа болайын,
Еділден шыққан аңғардай!

Телміріп қиқу келгенде,
Шұбар туды шұлғанып,
Қара терге бұлғанып,
Ақ сүңгіні қолға алып,
Мінер ме еді заңғарды?!
Сауырыңа болайын,
Зәнтекті қара көмірдей!
Сүбелік жеріңе болайын,
Тастан соққан қорғандай!
Жамбасыңа болайын,
Ұста соққан сандалдай!
Тұрпатыңа болайын,
Тұлпардан туған жорғадай!
Қартайғанша мінбедім,
Өлгеніңше дәурен сүрмедім!
Ойлап келіп қарасам,
Жігіттегі мен байбақ
Болғаным дағы сор маңдай!»

Енді Тарғын Ақжүніспен, атымен амандасып болды. Сонда Ақжүніс ойлайды: «Мен Қырымда болсам, асыл ханның қызы едім, бұл ел-жұртынан, атасынан, анасынан айрылып, мені осындай алыс жерге жолдас қылып алып келіп еді, бұл ғой өзі өлейін деп жатса да менімен, атымен толғауменен амандасты. Енді мен де толғап, мұнымен амандасайын! Егер де дүниеден көше қалса, бұл батырдың маған көңілі қош болсын!» — деп. Сонда Ақжүніс толғайды:

«Арыстанымның барында,
Оқалы[1] байпақ кигенмін,
Оқасын жерге төгілтіп.
Әлде неден азғырдың,
Асыл туған арыстанды
Әзіз жаннан түңілтіп.

[1] Оқа /көне/ — жібек және зер жіптерден өрнектеле тоқылған зер.

Атасы басқа жат ру
Жаман екен, дүние-ай!
Тастап кетті жұртына,
Екі бірдей асылды,
Асылдан шыққан нәсілді!
Екеумізді үңілтіп,
Қосаяқтай көшкенде.
Қатар-қатар қара нар
Көш болып қашан түзелер?
Қыл жалаулы қалмақтан
Дүркін-дүркін қуалап,
Келіп тұрған көп жылқы
Қашан келіп күзелер?
Байлауда қалған ақ сұңқар
Бұрынғыдай бола алмас,
Көлден үйрек ала алмас.
Күндердің күні болғанда,
Құрағытып барып түленер.
Кетпек болсаң, алғаным,
Нағылғаным сенен қалғаным?!
«Кетемін» деп шыныңды айт,
Артыңда қалып, нетемін?
Алдыңда сенің кетемін!
Арыстан кетіп, мен қалсам,
Артыңда қалған бейбағың
Құрсаулы шелек қолға алып,
Қай шәһардан тіленер?!
Сүйіп мінген Тарланың
Басын көкке қаратып,
Бауырынан жаратып,
Тұяқтан ұшқан тозаңын
Жауырынан жауған қардай боратып!
Арқадан соққан борандай
Жер түбіне желген ер!
Атасы некес[1] кәуірдің
Мәстегін[2] айдап келген ер!
Бекіре ойнар ақ теңіз
Өңгеге терең болса да,
Сіз өтейін дегенде,
Белгілі өткел болған ер!
Ит мінезің ұстаса,
Қайсардың қара тасына
Қарауыл салмай қонған ер!
Шыныңменен тілесең,
Қайда кетті тілегің,

[1] Некес /парсы/ — жат, бейтаныс.
[2] Мәстек — аласа бойлы.

Тәңірің тілек берген ер!
Баданаңды баса бөктеріп,
Жаттан жолдас ертіп,
Еділ, Жайық — екі су
Ерінбей жортып, дүние-ай,
Басы-аяғын көрген ер!
Ерлігіңде шама жоқ,
Ағаштан белің мертігіп,
Қызметші қара құлдарша
Қорлықпенен өлген ер!
Қай батырдан кем едің,
Өлерде болдың қара жер!»

Бұл Тарғын ойлайды екен: «Мені жұрт ағаштан құлап өлді демес, Шағанның бойындағы көп қалмақты асырамын деп жаудан өлді дер», — деп. «Қатыным бұлай деген соң басқа жұрт та мені ағаштан жығылып өлді дер. Ойлап тұрсам, менің мұным бек ұят екен», — деп, бек қатты қорланды. Бұрын емшілерге белін қаратқан уақытта, белін бастырмайтұғын еді. Қаһары келген соң «Бүйтіп жатқанша, біржолата өлейін», — деп, белін қолымен басып қалғанда, бел омыртқасы сырт етіп, орнына түсіп кетті.

Алты құлаш белбеумен
Алып, белін орады.
Алладан медет сұрады,
«Бабадан жәрдем болғай!» — деп,
Таяна барып тұрады.
Тұрмасына арланды,
Төңірегін қарманды,
Ақжүніске сөйледі:
«Берер болғай Тәңірім тілекті,
Қуантар болғай жүректі.
Алып кел, Жүніс, Тарланды!»
Алып келді Ақжүніс
Шұбалта басып Тарланды.
Арқанда тұрған Тарлан да,
Хайуан бұл да зарланды.
Алып келді, ер салды,
Оңалмаған енді не қалды?!

Атын ерттеп болған соң Тарлан атқа екеуі мінгесті. Ақжүніске барша қару-жарағын асындырды, алдына мінгізіп, өзі артына отырып, Ақжүніске ұстатып: «Кеше жұртына тастап кететұғын ноғайдың еліне қарай жүр», — деді. Ал енді жүрді.

Бір уақыт болғанда,
Бұл Тарланы пысқырды.
Пысқырғанменен қоймады,
Және жерді тебінді,
Хайуан бүйтіп не білді?

Сонда Тарғын Ақжүніске айтты:

— Әй Ақжүніс, бұл Тарлан қашаннан бергі менің жолдасым, хайуан да болса, мұның сыры маған белгілі. — Бұл Тарлан артынан бір нәрсе келе жатса пысқыратұғын еді, егер де алқынып терге бұлғанып шабылатұғын болса, жер тебетұғын еді, һәм бұл екі әдетін бірдей қылды, жан-жағыңа қарашы, бір кісі келе жатпасын, менің бұрылып қарауға әлім келмейді, — деді. — Менің ауру, науқас әлім бар, біз бүйтіп келе жатқанда, бір жау болып, беймаза етіп жүрмесін, — деді. Ақжүніс олай-бұлай қарады да:

— Ешбір нәрсе көрінбейді, бірақ алдыңғы жағымызда бір-екі қара көрінеді, — деді. Сонда Тарғын сөйлейді:

«Хақ Тағала Құдайым,
Ақ тарыдай ақтарып,
Шешіп жаздың белімді!
Белім түсіп орнына,
Тағы іздедім кешегі
Тастап кеткен елімді.
Елдің шеті бола ма,
Емескі екі қара көрінді?
Сен, Тарланым, пысқырма,
Таудан үлкен күш қылма!
Көрінген қара ел болып,
Ең кірістен жау шапса да,
Бір шығарман теріңді!
Кім үшін сені қинайын,
Бір омыртқам мертігіп,
Жалғыздығым білінді!
Ару, саған ұнаса,
Кел, тапсам қайтер екен жөнімді?»

Солай деді де Тарғын аттың басын тартып тұрады. Сонда Ақжүніс айтады:

— Бұлай етпеңіз, белініңнің жазылғандығын білдіріп, бұл тастап кеткен ноғайдың ішіне барып, хан, халқына көрініп, жақсысына ой салып, жамандарын қорқытып, сүйтіп қайтыңыз! — деді. — Егер де бармай, қайтып кетсеңіз, «Қырым халқынан, Ақшаханның қоластынан бір Тарғын деген батыр келіп, омыртқасы сынған соң қайтіп бұйымға аспай, қарға-құсқа жем болып, Бұлғыр таудың бұлағында өліп қалды» дер, — деді. Тарғын: «Ендеше, жүр», — деді. Бұл екеуі ел шетіне келіп түсті, елге бармады.

Бұл Тарғын мен Ақжүністің келіп түскенін қойшы, малшы көріп, таныды да, елге шауып барып, хабар берді. «Тарғын келді», — деп, ел биге шапты, би ханға шапты. «Тарғын батыр ел шетіне келіп түсіпті», — деп. Бұл уақытта ханның еліне кешегі Шаған бойынан Тарғынның қуып жіберген көп қалмақ келіп, қамап жатыр екен, «шабамын» деп. Шабамын десе де шаба алмай жатыр екен. Шаба алмай жатқаны — оның үшін Ханзада ханның бір сұлу қызы бар екен. «Сол қызыңды берсең, шаппаймын, егер де қызыңды бермесең, шабамын», — деп, сол қызды алу үшін шаппай жатыр екен. Ал олар олай-бұлай деп, өтірікпен жұбатып жатыр екен. Тарғынның келгенін естіген соң ханы, халқы, мырзасы, биі — баршасы жиылып барып, көрісті, отырысты.

— Айыпқа бұйырмаңыз, сізге бара алмадық, оның үстіне жұртымызға жау келіп жатыр еді, — деді. — Бұл уақытта өзіміз бек қатты қайғыдамыз. Өзіңіз аман-есен жазылып келдіңіз бе? Батыр айтты:

— Иншалла, шүкір, келдім, — деді. Хан айтты:

— Бұл қалмақты әуелгідей қырып, қуып, бізді бұл жаудан бостан қыл! — деді. Сонда Тарғын айтты:

— Менің аз жерде жауға шабатұғын қуатым жоқ, — деді. — Бұл әскерлəшкердің қашатұғын айласын мен сіздерге үйретейін, өзіңіз барыңыз сол үйреткен менің айламмен. Үйреткен айламды қылсаңыз, өздеріңізден де қашар, — деді. Онда хан айтты:

— Ондай шабуға әліңіз жоқ болса, үйретіңіз! — деді. Сонда Тарғын үйретті. Үйретерде сөйледі:

«Ауан, ауан, ауан су,
Ауандап үлкен балық жүзген су.
Қараша құбан[1] қанды су,
Ақ туған бұдан жанды су,
Үш өзен Самар даңды су.
Су болғалы екеуі —
Кəпір менен мұсылман
Ерлеріменен даулы су.
Даулы жерде тұрмаймын,
Мен кетемін, кетемін,
Кеткенменен айдалаға кетпеймін,
Айналып Еділді өтемін!
Қадір білмес сен итке
Қарашы болып нетемін?!
Иірімі жоқ суларға
Иірілген шабақ не табар?
Қайырымы жоқ сұлтанға
Ерген нөкер не табар?
Қатын қалса, бай табар,
Қарындас қалса, ер табар.
Талапты туған жігітке
Тәңірім қайғы бермесін!
Алтыннан соққан кеудесі
Ат басындай шер табар.
Әй, жебір сұлтан, сен білмейсің,
Елден кеткен ер жігіт
Ылдидың құба жонында
Тәңірім жөнін берген соң,
Тарланға мінгесіп жүріп жөн табар!
Мінбей, түспей қарыған,
Арқанда тұрып арыған
Тарлан жауға мінілмес.
Мінілсе де бұл Тарлан,

[1] Құбан — сұр, сұрғылт.

Бұрынғыдай жүгірмес.
Қалған белім үзіліп,
Балдағы алтын ақ болат
Енді белге ілінбес,
Ерлігім жауға білінбес.
Шығыршығы шираған,
Бадана көзді кіреуке
Шарайнасы бес қабат.
Жау қарысы жетпеген,
Жез айырдың оғы өтпеген.
Сатуға басын сұраған,
Сан ділдәға бітпеген.
Енді үстіме киілмес,
Батыр жауға шүйілмес.
Неге десең, сұлтаным,
Қатып қалған көнім бар,
Шілде түспей, жібімес.
Қатты қалған көңілім бар,
Май құйсаң да ерімес.
Жебір сұлтан, сен білмейсің,
Мен бір аңқау туған бөрімін.
Көп екен деп, саған иек сүйемен,
Нәсібімді бір Тәңірден көрермін.
Бұл барғаннан барармын,
Қырымға таман барармын.
Қырымда қалған қырық құрдас
Қырқын қасқа алармын!
Алла маған жол берсе,
Бері қарай, сұлтаным,
Сапарланып, салармын.
Есен барып, сау келсем,
Домалатып басыңды алармын,
Жұртыңа бүлік салармын!»

Тарғын мұны айтты да:

— Жаудың қашатұғын айласы осы, кет, көзіме көрінбе! — деді. Тарғынның бұл сөзіне ханы, халқы қорықты. Ханзада хан айтты:

— Олай болса, райыңыздан қайтыңыз, — деді. — Бұлғыр тауға сені жалғыз тастап кеткендігімнің ұятынан Ақжүніс сұлудың үстіне саған жалғыз қызымды берейін, — деді. — Жығын[1] жұртымның саған бармаған айыбы үшін қолыңды бер! — деп, қолын алды. Сонан соң бұл батыр райынан қайтты да, Ханзада ханның ордасына келді. Бірнеше күнде белінің ауруы бітіп, жазылды. Баяғы келіп жатқан қалмақ Тарғынның осында екенін білмеді. Қызын бермеген соң атқа мініп, ханның елін шаппақ болып, барабандарын соғып, ханның үстіне келді.

[1] Жығын /татар/ — жиын, топ.

Жау келгенін білген соң,
Бұл әскерді көрген соң,
Сарала туы салбырап,
Сауытының шашағы
Тұс-тұсына саудырап,
Қабағына қар жауып,
Кірпігіне мұз тоңып,
Жаурыны жазық, мойны ұзын,
Атарына қолы ұзын,
Құланды қақтан қайырған,
Егескен ханды елінен,
Алтын тақтан айырған.
Ертеңнен салса, түске озған,
Ылдидан салса, төске озған.
Оза-оза зырлаған,
Басын тартса, болмаған,
Көк айыл болып көпірсе,
Айшылықты алты аттауға ойлаған.
Артынан қиқу таянса,
Қара терге боялса,
Дамбауыл көрсе, қарғыған,
Қарғи барып атылған,
Атыла барып тік түскен.
Аяғының даңымен
Қазандай тасқа жік түскен.
Томаға көзді Тарланды
Жауға қарай тебініп,
Жалмауыздай емініп,
Толып жатқан әскерге
Келді Тарғын желігіп.
Алты құлаш ала атпен,
Үсті толған болатпен,
Сайдан шыққан құла атпен
Көңілін тоқсан бөледі.
Бұл да айтулы ер еді,
Келе жатқан Тарғынды
Сонда байқап көреді.
Қалмақ тағы болмаған,
Домбауыл деген бір жайсаң
Жекпе-жекке Тарғынға
Соғысуға келеді.

Келе қалмақ сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
«Алайын десем, оңайсың,
Алмайын десем, тоғайсың.
Айтшы маған жөніңді,
Нағылып жүрген ноғайсың?»

Сонда Тарғын сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
«Асудан асу — бел, — дейді, —
Аса бір соққан жел, — дейді. —
Сұрасаң жөнімді айтайын,
Әкең Тарғын мен, — дейді, —
Іздегенім сен, — дейді. —
Еркек қара қарғадай,
Қоқаңдаған өлім құл,
Сен де бір жүрген ер, — дейді, —
Қағысалық кел», — дейді.

Домбауыл сонда сөйлейді:
«Асу да асу — бел, — дейді, —
Аса соққан жел, — дейді. —
Қарсы алдыңнан қарасам,
Жасың кіші жас ұлсың,
Кезегімді бер!» — дейді.

Толғана мойнын бұрады,
Алладан пәрмен сұрады.
Қашатұғын қатын ба,
Табатұғын сарсаң ба?
«Кезегім бер» деген соң,
Қасқайып қарап тұрады.

Атаңа нәлет ит қалмақ
Қорамсаққа қол салды.
Суырып алған қу жебе,
Көп оғына жол салды.
Кезегендей қалады,
Созағандай алады.
«Тарлан аттың басы, — деп, —
Алтынды ердің қасы, — деп, —
Қақ жүректің тұсы, — деп, —
Өлер жерің осы!» — деп,
Толғанып тұрған Тарғынды
Толғап атып салады.
Кірістен[1] шығып кетеді,
Тарғынға таман жетеді.
Тоғыз қабат торғауыт —
Сегізінен өтеді.
Жыртыла жазды сауыттың
Қатарлатқан жағасы.
Қабыл еді Тарғынның
Ежелден бермен тобасы.

1 Кіріс — садақтың керме бауы.

Өтер еді мұнан да,
Жібермеді бұл оқты
Сыйынып жүрген Тарғынның
Бәтуашы бабасы.
Сонда Тарғын сөйлейді:
«Атаңа нәкес ит Домбауыл,
Атың мінген күймелі,
Ақ сауытың түймелі,
Кесілмесем қарымнан,
Айрылмасам барымнан,
Қасқайып қарсы тұр солай.
Мен тартқан соң көрсетпен,
Бәлем, саған дүниені-ай!»

Желігіп келген Ер Тарғын
«Алла!» — деді, ақырды,
Аруағын судай сапырды.
«Иә, бабам!» — дей берді,
Жарандар қамын жей берді.
Қорамсаққа қол салды,
Бір салғанда-ақ мол салды.
Кезегендей қалады,
Созағандай алады.
«Алаша аттың жасы, — деп, —
Қалмақы ердің қасы, — деп, —
Қақ жүректің тұсы, — деп, —
Өлер жерің осы!» — деп,
Толысып келген қалмақты
Толғап Тарғын салады.

Зырқырай оғы кетеді,
Қалмаққа таман жетеді.
Көкірек қысқан көбеден,
Қалмады қабыл жебеден,
Зырлауменен өтеді,
Бұған тоқтар қайрат па,
Мұнан да өтіп кетеді.
Бір төбеге жетеді,
Төбені төңкере тастай кетеді.
Атқан оғын көрген соң,
Мықтылығын білген соң,
Аттанып келген әскердің
Көңіліне қайғы бітеді.
Оқ тоқтаған мезетте
Домбауыл барып құлады,
Туы қолда тұрмады.

«Лалай, лама лух[1]», — деп,
Бәлем қалмақ сұлады.
Толып жатқан көп қалмақ
Атына өпшін[2] жабады.
Ары-бері кеңесіп,
Ақыл-айла табады.
Тарғындайын батырды
Тұрған жерде қамады.
Қамағанын көрген соң,
Жалғыздығын білген соң,
Сонда Тарғын сөйледі:
«Олайым да бұлайым,
Көтере көр, Жаббар Құдайым.
Алты мыңдай ауыр қол,
Өзіңнен медет болмаса,
Бұған не амал қылайын?!
Жаман-жақсы болса да,
Алланың бұлай әмірі.
Қорлық берді басыма,
Жақындап келді қасыма,
Нағылып бұған шыдайын?!
Алты қырлы ақ мылтық,
Ата алмасам, маған серт!
Мен атқанда ұсынып,
Ұта алмасаң, саған серт!
Қозы жауырын қу жебе,
Алтыннан ойған алпыс кез,
Тартатұғын шақ болды,
Жан-жағыма жау толды.
Қиғаш салып жауырыным,
Тарта алмасам, маған серт!
Талайдан бермен жұмсаған,
Қан көрмесең, сусаған,
Қанға тойсаң, жусаған,
Тауға салсам, тас кеткен,
Кеудеге салсам, бас кеткен,
Алты аршын ақ болат,
Қынаптан алып суырып,
Шаба алмасам, маған серт!
Қанға тойсаң, саған серт!
Айдаһардың тіліндей,
Салсам кеткен білінбей,
Қарағайға самғатқан,
Шұбар туға шұлғаған,
Аруаққа көрсетіп,

[1] Лалай лама лух — будда дініндегілердің рухани көсемі, сиынушы қамқоры, абызы.
[2] Өпшін /көне/ — ат жабу.

Талай жауға мақтатқан,
Төрт қырлаған көң[1] сүңгі,
Жау ішінде жалданып,
Толғамасам, маған серт!
Толғауыма шыдамай,
Толықсынсаң, саған серт!
Қысқа бақай, тар мықын,
Кебеже қарын, кең құрсақ,
Құлжа мойын төгерек[2],
Ұмтыла шапқан Тарланым,
Алты мыңдай кісі екен,
Тіл жіберсең, саған серт!
Сен желігіп жүргенде,
Таяна шапсам, маған серт!
Тауыса шапса бұл жауды,
Сонда бітер Тарлан бәйгесі.
Осындай жауды көрген соң,
Жау екенін білген соң,
Керегелеп кірген соң,
Қаса қатын болмаса,
Бізге ұқсаған ерлердің
Көкірегінде болар ма
Қайран Тәңірім, қайғысы?!»
Алтыннан соққан кіселі,
Әжептәуір мүшелі,
Бұлайша толғап Ер Тарғын,
Енді атынан түседі.
Қысқартты келіп құйысқан,
Өзінде жоқ Тарғынның
Алладан басқа туысқан.
Мұндай, мұндай жауларға
Неше дүркін жуысқан.
Жуысқан жаудың жүрегі
Мұз құйғандай суысқан.
Тартты бекем айылын,
Жасынан көрген қайынын.
Білмесеңіз, Тарғынның
Білдірейін зайырын[3].
Шабайын деп батыр тұр,
Қырылуға кәпір жүр,
Алла берсін қайырын.
Мінді батыр еріне,
Іздеген жауға көріне.
Келген қалмақ жолықты

[1] Көң — ескі, көне.
[2] Төгерек /жергілікті/ — төңірек.
[3] Зайыры /араб/ — анығы.

Тарғын сынды бөріге.
Кеудеден жаны кетпесе,
Әл-қуаты бітпесе,
Тарғын намыс берер ме?!
Ақыл-айла табады,
Келді қалмақ, қамады.
Сарала туы салбырап,
Қабағы тастай түйіліп,
«Аллалап» Тарғын шабады.
Ай бетінен кіреді,
Күн бетінен шығады.
Қойға кірді бір бөрі,
Бөріктіре қырады.
Талай қалмақ құлады,
Ер қайратын сынады.
Атысқан жауы артық көп,
Қай уақытта тынады?
Сөйтіп, мінген Тарланға
Басты келіп дойырды[1].
Тарлан салды мойынды,
Толып жатқан қалмаққа
Тарғын салды ойынды.
Талай қалмақ жиылды,
Қару қанға тойылды.
Бір уақыт болғанда,
Салды келіп қамшыны-ай.
Сауырынан тер кетті
Көктен құйған тамшыдай.
Қысылды-ау батыр, қысылды,
Қысылмай батыр не қылсын,
Сауытын қанға малшыды.

Бір уақыт болғанда,
Толғады батыр найзаны.
Жалғыз жаумен ойнады,
Жауды еркіне қоймады.
Көтеріп салған көк сүңгі
Тіріде қанға тоймады.
Бір уақыт болғанда,
Суырды белден қанжарды.
Жауға таман ол барды,
Қалмақтың көбі жалбарды[2].
Жалбарлыны сермеді,
Іліндірді сағақтан,
Бауыздады тамақтан.

1 Дойыр — өзегіне қорғасын салып өрілген, сабы қысқа, жуан өрмелі қамшы.
2 Жалбару — жалбарыну, жалыну.

Қарсы алдынан қараса,
Адам шыдар ер емес,
Қар жаудырды қабақтан.
Бір уақыт болғанда,
Қынабынан суырды
Қиялай тартып қылышты,
Жалғыз жаумен ұрысты.
Жау қарасын көрген соң,
Ұмтылмай кетер ер ме еді,
Ет арқасы құрысты.
Ердің жаудан қашуы
Шариғатта дұрыс па?
Алты күн айқай салғанда,
Жетінші күн болғанда,
Тарлан сонда түзеді,
Жылмия басып жүрісті.
Сегізінші күн болды,
Көп қалмақтың басына
Ататұғын түн болды,
Ер жігітке сын болды.
Қорамсақтан суырды
Қуалай тартып садақты-ай.
Келген қалмақ көп еді,
Көп те болса қалмақтан
Алты күн айқай салғанда,
Азғантай қалды қадақтай.
Тоғызыншы күн болды,
Мойынынан алады
Атайын деп мылтықты-ай.
Неше батыр болса да,
Түтінін қосты түтінге,
Ыңтықты батыр, ынтықты-ай.
Санын садақ үзген көп қалмақ
Сынған санын сүйретіп,
Тарғынның күшін көрген соң,
Қашты сайға сылтықтай.
Тап он бір күн болғанда,
Ердің жүрген намыспен,
Күні-түні шабыспен,
Қиқу салған дабыспен
Ұмтыла шапқан Тарланның
Мойынынан жал кетті,
Аяғынан әл кетті.
Неше жүйрік болса да,
Бір тынымы болмады,
Болдыратұғын күн бітті.

Мойнын барлай қараса,
Өкпе-бауыр, жалы бар.
Аяғын барлай қараса,
Болар-болмас әлі бар.
Он екі күн болғанда,
Болдырды дейді жануар.
Аруағы қашты кәпірдің,
Сұсы басты батырдың.
Болдырған соң Тарланға,
Қанары келді батырдың,
Басты келіп тепкіні.
Сонда Тарлан ұмтылса,
Әлі де болса бедеудің
Үй жыққандай екпіні.
Жауды қоймас білемін,
Бұл батырың сықылды.
Нағылып қойсын бұл жауды,
Ежелден жауға әйгілі
Тарғын ердің ерлігі.
Бұл уақыт болғанда,
Қарайды да күн батты,
Сарғайды да таң атты,
Қызара келіп күн шықты.
Күн шыққанда қараса,
Болған екен тамаша.
Қырылып жауы батырдың,
Өзі қапты оңаша.
Астына мінген Тарланның
Тұрпатына қараса,
От орнындай тұяқтан
Оймақтайы қалыпты.
Етектейін ернінің
Екі елісі қалыпты.
Қиған қамыс құлақтан
Бір тұтамы қалыпты.
Жалбыраған жалынан
Жалғыз қарыс қалыпты.
Бір құшақтай құйрықтан
Бір уыстай қалыпты.

Тұла бойын қараса,
Он жеті жерден жаралы,
Сонда да Тәңірім алмайды,
Ол жараға болмайды.
Әлі де ойын салады,
Қос тізгінін созады.
Артынан қиқу таянса,

Ет арқасы қызады.
Қос тепкіні салған соң,
Қамшыны басып алған соң,
Шаршады Тарлан десек те,
Жер басқаннан озады.
Отырысы нән болып,
Тұла бойы қан болып,
Жүрген жері шаң болып,
Көргендерге таң болып,
Төскейден төмен желеді,
Көңілін жауға бөледі.
Ханзада сынды ханына,
Қара ноғай еліне
Аман-есен келеді,
Бірін-бірі көреді.
Ханы, биі, мырзасы
Иіліп сәлем береді.

Бұл Тарғын жаудың қырғанын қырып, қашырғанын қашырып, аман-есен келіп, Ханзада ханға көріскен соң, мұның қуанышына ат шаптырып, той қылып, арап-шарап ішіп, тойдың қызығымен таңның атқанын, күннің батқанын халық білмеді. Олай да болса, хан «қызын беремін» деген уәдесіне тұрып, қызын бермеді. Хан айтты:

— Жеті атаңнан бергіңді сұрап келіп отырсам, қожа мен төреге ешбір шатасқан жерің жоқ екен. Соның үшін саған қызымды беруге аталарымның аруағынан қорқамын, — деді. — Енді бұл он сан Орманбеттің ішін қыдыр, қандай сұлу қыз тапсаң да алып берейін, — дейді. Сонда Тарғын айтты:

— Биылғы Бұлғыр таудың ішіне жалғыз тастап кеткеніңнің күнәсін кешіп едім. Енді бұл «қызды беремін» деп, жауыңды қырдырып алып тұрып, қызыңды бермегендігіңді кешпеспін, — деп, Ақжүністі алды да Қырымға қарай жүре берді. Сонан соң хан елі бек қатты қорықты. «Бұл кетіп, қайтып келген соң бізді жаман қылар», — деп малын баға алмады, отын жаға алмады, ас іше алмады. Ханы, халқы жақын болды, сонша жұрты әбігер тартты. Ол уақытта жүзден асып жатқан бір Сыпыра жырау деген бар еді. Ол Сыпыра жырау өз өмірінде қолынан тоғыз ханды өткізіп, толғау айтып, тоғыз ханды түзеткен кісі еді. Жұрт сасқан соң ханы, халқы жиылып, Сыпыра жырауға барды, Сыпыра жыраудан сұрады:

— Біз Тарғын батырды екі алдадық, әуелі Бұлғыр тауға жалғыз тастап кетіп, «қайтып келеміз» деп, келмей кеттік, екінші «қызымды беремін» деп, жауымызды қырдырып алып, бермей қалдық. Сонан соң ол ашуланып, «Қырымдағы қырық құрдасымды алып келіп, жұртыңды қырамын», — деп кетті. Ол өзі Қырымнан қыз алып қашты, ханына қылмысты болып жүрген кісі еді, ол жұртына барып, мұнда қайтып келер ме, иә болмаса, ол бізге өтірік айтып, алдап, бізді қорқытып кетті ме? Соны болжап, бізге айтшы, көпті көрген көне едің, әрне десең, сіздің ақылыңызбен боламыз, — деді. Сонда Сыпыра жырау айтты:

«Хан мен төрем келіпсің,
Би мен мырза отырсың.
Бізге ақыл салсаңыз,
Біздің тілді алсаңыз,
Тарғындайын батырға
Жиылып барып бәріңіз,
Қараң түгіл, ханыңыз,
Қимылдаған жаныңыз,
Батырды еске алыңыз,
Етегіне басың салыңыз!
Егер кетсе еліне,
Тату болып қалыңыз!
Буырқанып, бұрсанса,
Мұздай темір құрсанса,
Жыртпай кетпес жағаңды,
Жаңылтар келсе, тобаңды.
Шулатпай кетпес балаңды,
Қан етпей кетпес қаланды.
Бір түбектей бір қылар
Жалпы жатқан даланды.
Қырым деген ағаң-ды,
Ағаның ісі жаман-ды».

Сонда хан қызын бермек болып, Сыпыра жырауға айтады:

— Біздің шаһарымыздың ханының да, халқының да өтірігі шықты. Біздің ішімізде тілімізге нанатұғын бір кісіміз қалмады. Оны нағылып тоқтатамыз? Осы өз қоластыма қараған кісімнен сол Тарғын тіліне нанатын бір кісі тауып бер, — деді. Сонда Сыпыра жырау айтады:

«Батырдың жіберіңіз артынан
Қызметін қылған бөлініп
Қара ноғай халқынан.
Қасына ерген баяғы
Қарасайұлы Көбенді,
Алшағырұлы Тегенді,
Өміруұлы Себенді.
Аруақты туған ерлердің
Аллаға берген уәдесі бар болар.
Қызмет жасаған қосшының
Тарлық жері тап келсе,
Тілегін бермей кетпен деген-ді».

Бұл үш кісі Тарғынның
Соңынан қуып кетті енді,
Батырға қуып жетті енді.
Етегіне басын салды енді,

Ашуын тілеп алды енді.
Елге қарай жүрді енді,
Ел ішіне кірді енді.
Ханы, халқы жиылып,
Хан ордаға кірісіп,
Бірін-бірі көрді енді.


Бұл Тарғын ханның үйіне келген соң ханы, халқы жиылып, хан өзінің ұятынан ешбір сөз бастап айта алмады. Һәм Тарғын да ешбір сөз бастамады. Сонда Тарғын батырға қарап тұрып Сыпыра жырау сөйледі:

«Ай, батырым, батырым!
Тауда Тарлан ақырса,
Тас інінен бөріні
Ару сұңқар шақырса,
Көгілдірін ертіп,
Көлден қулар ұшар ма?
Әділ туған хандары
Қара берен батырға
«Беремін» деп, бермеді,
Өтірік сөзден өлмеді.
Бұл сықылды хандары
Бұл сықылды батырды
Жалған сөзбен қысар ма?
Хан мен қара келген соң,
Сіз сықылды батырға
Ашуын бермей кетсе, ұқсар ма?

Ай, батырым, батырым,
Сөз айтады алдыңда
Сыпыра жырау пақырың.
Ханы, халқың жиылып,
Айтып отыр біздерге.
Құлақ салып тыңдасаң,
Біз айталық сіздерге.
Аруақты туған ер болсаң,
Нағыласың бұл қызды?!
Жас баладай жайдақтап,
Жас тайлақтай ойнақтап,
Шыға берме түздерге!
Мына отырған ханыңыз,
Қимылдаған жаныңыз,
Сый қылады, алыңыз!
Қара лашын береді,
Көлден көлге салсайшы!
Қара арғымақ береді,
Елден елге мінсейші!
Ақ падиша жіберген


Балдағы алтын ақ берен
Мұны сізге береді,
Аш беліңе ілсейші!
Бадана көзді кіреуке
Мұны сізге береді,
Баса келіп кисейші!
Нағыласың бір қызды?
Бес жүз атан береді,
Шағаннан көшсең суытып.
Бес жүз бие береді,
Желілеп мұны байлашы!
Нағыласың бір қызды?
Бес жүз ауыл береді,
Өз алдыңа сұлтан боп,
Сүйген жерің жайлашы!
Неше батыр болсаң да,
Алмаймысың бұл сыйды?
Миың болса басыңда,
Айтып тұрмын қасыңда,
Осы жерін бір ойлашы!»

Бұл батыр енді райынан қайтып, ханның, халықтың берген сыйын алды. Қара ноғайдың ханы, халқымен татуласып, табысты да, жанарыстан Үш Тарғын деген тауға барып, жайлады һәм қыстады. Һәм су жерді мысыр етті. Сол елге Тарғынның өзі хан болды және батыр болды. Сөйтіп жүргенде Тарғынның өзі қартайды, ажал келіп, дүниеден көшті. Бұл Ақжүністен бір Ардаби деген ұл туды, бұл да бек ер болды, бек асыл би болды, Ардадан екі бала туды. Үлкені — Әжікерей мырза. Әжікерей мырза жиырма жасында дүниеден өтті. Енді жеті жасар кенже баласы — Айқожа қалды. Бұл Айқожа бес қалаға хан болды, сөйтіп, жұрт иесі болып, хан болып, тақ қа мініп, бес қаланы билеп, мұратына жетті.




Бірінші мақам


Орындаған: Көшенеев Арнұр
Нотаға түсірген: Тыныбеков Ерасыл



Екінші мақам



Үшінші мақам



Төртінші мақам

2 22

Ас-қап-тан соқ-қан түй-ме бар, Түй-ме-ні көр де ба-сым көр!

24 Асықпай

Мол-да-ға бар-саң, қа-сын-да Қи-ю-лы жат-қан қа-лам_ бар,

26

Қа-лам-ды көр де қа-сым көр!

Бесінші мақам

27

29 Бұл-ғыр, Бұл-ғыр, Бұл-ғыр тау Бұл-ды-рап тұр-ған құр-ғыр тау.

Қап-тай қо-нар е-лім жоқ, Е-лім, күн-нім кә-рі боз. Сөй-лей-тұ-ғын ті лің жоқ,


32

35 Ел тап-ты-рар м(а)е-кен-сің? А-ры-сың да жа-ну-ар, Көр-се-тер е-дің бір қа-ра.

Са-ған мі-нер бе-лім жоқ, Бел-ге қы-лар е-мім жоқ. Бұл ша-ма ға кел-ген-де,

38

А-жа-лым аш-тан бол-ды ма? А-уыз-ға жеу-ге же-мім жоқ.





Марабай Құлжабайұлы *(1841—1898) — атақты ақын, жыршы. Ол қазіргі Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданының аумағындағы Жаңақоныс деген жерде туған. Бала кезінен Шернияз ақыннан тәлім алып, өлең-жыр айтып, халыққа ерте танылады. XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген белгілі ақын-жыршылардың көбімен шығармашылық байланыста болып, Жұмырбай, Көкей қыз, Базар жырау, Қашаған, Сүгір сияқты ақындармен айтысқа түскен. Ол эпостық мұраларды да өзінше жырлап, халық арасына кеңінен таратқан. Марабайдың аузынан Н.И. Ильминский «ЕрТарғынды», Ы. Алтынсарин мен Ә. Диваев «Қобыланды батыр» жырын жазып алып, түрлі басылымдарда жариялап отырған.*



Сайын батыр.
Суретші Е.М. Сидоркин.

ЕР САЙЫН

«Ер Сайын» жыры — ұлттық тарихтың Ноғайлы кезеңін көркем бейнелейтін рухани құндылықтардың бірегейі. Эпостың сюжетінде ерлік істермен бірге ел бірлігі, мемлекеттілік идеясы алдыңғы орынға шығарылады.Орыс ғалымы В.В. Стасов түркі-моңғол және орыс эпостарын типологиялық тұрғыда зерттеген еңбегінде туындының оқиғалар желісінен мысалдар келтіріп (1848), жырды алғаш ғылыми айналымға түсіреді. Кейін В. Радлов бір нұсқасын жазып алып, «Сайын батыр» атауымен «Түркі тайпалары халық әдебиетінің нұсқаларында...» (1870, 3-т.) жариялады. Туынды кеңестік кезеңде түрлі басылымдар мен жинақтарда оқтын-оқтын жарияланып тұрды.

Еліміздің сирек қолжазбалар қорында жырдың В.В. Радлов, М.Ж. Көпеев, Р. Игнатьев, Қ. Иманов жинаған 4 нұсқасы кездеседі. Жыр туралы А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Ә. Марғұлан, А.С. Орлов, Қ. Жұмалиев, Ә. Қоңыратбаев, Р. Бердібай, Ш. Ыбраев, Г. Абитова т.б. ғалымдар пікір айтқан. Томды баспаға дайындау барысында жырдың қолжазба нұсқалары мен жарияланған үлгілері салғастырылып, оқырман қауымға кеңінен танылған В.Радлов нұсқасы таңдалып, ұсынылды. Жырдың түпнұсқасы Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (576 к/с).

Бұрынғы елдің барында,
Өткен елдің заңында,
Сол елдердің тұсында
Ноғайлы деген халық өтті,
Үш шарбақты кент өтті.
Ноғайлының үш кенті[1]
Заманында жарлы өтті.
Ел дәулеті мал кетті,
Жарлылықтың зары өтті.
Халқы жарлы болған соң,
Әжептәуір жігіттің
Ақ бетінен қан кетті.
Жап-жалаңаш болған соң,
Әйелінен ар кетті.

Үш шарбақты ол кентте
Кірлі киім кимеген,
Жортақы атқа мінбеген,
Аллаға тілі тимеген,
Түстік жерге жүрмеген,
Бес уақытта ақ намаз
Біреуін қаза қоймаған,
Бір Құдайды ойлаған,
Ноғайлының халқында
Сондай бір бай болған,
Өз алдына шәр болған.
Қара басы хан болған,
Байлығы жұртқа заң болған.
Байлығының белгісі —
Малы алашқа таң болған.
Байлығының белгісі —
Тоқсан қара құлы бар,
Тоқсан тоғай малы бар.
Дүниеқор сол байдың
Дүниеден жалғыз мұңы бар.
Дүниеқор Бозмонай
Өз алдына шәр[2] болған.
Алпыс жастан өткенше,
Құдай қосқан қосағы
Елу жастан өткенше,
Бір перзентке зар болған.

Әлі күнге келеді,
Өкшесі, сірә, қанамай,

[1] Кент /парсы/ — қалашық.
[2] Шәр (шаһар) /парсы/ — қала.

Еміреніп сүймеді
Жаңа иісті баланы.
Елде тәуіп қоймады,
Тәуіптің бәрі жиылып,
Кең сарайда орнады,
Сөйтсе де перзент болмады.
Бір уақыт болғанда,
Жылқыда жүрген тоқсан құл
Қымыз ішіп, мас болды.
Мастығыменен тек тұрмай,
Үйдегі баймен қас болды.

Мына құлдар кеңесті,
Төбеде тұрып сөйлесті,
Сөйлескенде не десті:
— Қызыл шапан кимедік,
Қырыншыл[1] ат мінбедік.
Ноғайлының кермекқас
Жігіттей дәурен сүрмедік,
Өтерін дүние білмедік.
Мына жүрген Бозмонай
Бізді ұлындай көрмеді.
Бөлініп жатқан малынан
Бізге қалың бермеді.
Ертеменен бай келсе,
Екі қолын байлайық,
Кірерге көрін сайлалық.
Бозмонайды өлтірсек,
Біз сәтіне келтірсек,
Тоқсан тоғай жылқыны
Тоқсан бөліп алалық.
Бұл сықылды тегін мал
Қайдан іздеп табалық?!
Қарағай найза сықылды
Қарсы шабар ұлы жоқ.
Артынан іздеп келетін
Қатарланған халқы жоқ.
«Құл кеңесіп жатыр» деп,
Байға айтқан кісі жоқ,
Онымен байдың ісі жоқ.

Бір ЗАМАНДАР болғанда,
Ертеменен бай тұрды,
Арқаннан атын алдыртты.
Алтынды ер-жүгенді

[1] Қырыншыл — бір-біріне бұра тартып үйірсектеп жүретін.

Тоқымынан салдыртты.
Қара тонын белсеніп,
Қас патшадай теңселіп,
Бозжорға аты найқалып[1],
Жылқысының алдынан
Бозмонай шықты шайқалып.

Қара басы хан болған,
Өз алдына шәр болған.
Тоқсан құлдың біреуі
Бүгіліп сәлем бермеді,
Байды көзі көрмеді.
Сонда бай тұрып бұрқанды,
Мұздай темір құрсанды.
Тоқсан құлдың бәрінің
Атын атап шақырды.
Ашуменен Бозмонай
«Қырармын!» — деп ақырды.
Шетте жүрген бір құлын
Бай да ұстап алады.
Қолға түскен сол құлды
Ашумен бай сабады.
Біреуін сабап жатқанда,
Тоқсан құл байды қамады,
Жаңбырдай құрық жауады.
Басына таяқ тиген соң,
Жалғыздығын білген соң,
Өзінің қолы кірген соң,
Бозаттың басын бұрмалап,
Сарайға қашты Алдалап[2].
Ойбай салған даусына
Жер күңіреніп барады.
Үйде тұрған бәйбіше
Құлағы естіп шалады.

Сарайдан шықса жүгіріп,
Келеді екен Бозмонай
Өз-өзінен бүлініп.
Атынан келіп Бозмонай,
Теріс жағынан құлады,
Жер бауырлап жылайды.
Қосағыменен екеуі
Ойбай салған даусына
Үш шарбақты ноғайдың

[1] Найқалу — ырғалу, тербелу.
[2] Алдалап — «Аллалап» деген мағынада.

Жамағаты жиналды.
Жұрт келсе де тұрмады,
Көтеріп басын алмады.
Ойбайынан танбады,
Бозмонай бай жылайды.
Жад айтады Құдайды.

Жылағанда Бозмонай:
«Ашамайға[1] мінгізіп,
Көш алдына жүргізіп,
Әжептәуір құрбының
Алдына алып сүйгізіп,
Алашқа атын білгізіп,
Ұл қызығын көрмедім.
Астына жорға мінгізіп,
Үстіне қамқа[2] кигізіп,
Орынды жерге бергізіп,
Алаштан бекзат келтіріп,
Қыз қызығын көрмедім.
Еркімен түскен дұшпаннан
Жау қорлығын көрмедім.
Алыстан келген сол жауға
Малым үшін өлмедім.
Құлдан қорлық көргенше,
Күнде бүйтіп өлгенше,
Сүймес пендең мен бе едім?
Құлдан қорлық көргенше,
Тезінен өлім бермедің»!

Кең сарайға бармады,
Көтеріп басын алмады,
Сол жылаудан танбады.
Жылауменен бай жатты,
Қызарып барып күн батты.
Түніменен бай жатты,
Сарғайып барып таң атты.
Алымдар[3] азан айтқанда,
Бейнамаз ұйықтап жатқанда,
Ақ шалмалы бір адам
Жетіп келді қасына,
Таянып тұрды басына.
Екі қойны толыпты,
Бозмонайдың сол күнде
Көзінен аққан жасына.

[1] Ашамай — баланы атқа мінуге үйрету үшін қолданылатын ер.
[2] Қамқа — өңделген жұмсақ қой терісінен тігілген қыстық киім.
[3] Алымдар — дін жолындағы адамдар.

«Ә, Бозмонай, Бозмонай!
Не тілегің бар? — деді, —
Тілегің болса ал», — деді.
Сол уақытта Бозмонай
Ұшып тұра келеді,
Көзінен жасын төгеді:
«Ен дәулеттің тұсында
Қара басым хан болдым,
Бір перзентке зар болдым.
Сол перзенттің зарынан
Жиын-тойға кірмедім,
Өтерін дүние білмедім.
Құлдан көрдім қорлықты,
Жалшыдан көрдім зорлықты.
Өз малыма бара алмай,
Белден мамық сала алмай,
Тыныштық ұйқы ала алмай,
Өз жанымды қия алмай,
Өлейін десем, өле алмай,
Сол құлдардың қорлығынан
Өз малымды көре алмай».

«Тілегенің ұл болса,
Бар тілегің сол болса,
Бабай Омар бабасы
Қабыл болған дұғасы.
Тілегенің ұл болса,
Бар тілегің сол болса,
От жағалай отырып,
Оттың басын толтырып,
Көп аламысың сен? — деді. —
Бірін мыңға балайтын
Бірді аламысың сен? — деді. —
Қалағанды ал!» — деді.

«Жер ортасы болғанда,
Пайғамбар жасқа толғанда,
Жігіттік күн озғанда,
Оттың басын боқ қылып,
Қырға шығар ішінде
Бір оңдысын жоқ қылып,
Мен нетейін көбінді.
Бір де болса, сол маған,
Бірін мыңға балап бер!
Өмір жасын ұзақ қып,
Берсең маған қалап бер!»

«Бердім бірді мен, — деді, —
Күтіп алсаң сен, — деді. —
Жатса Құдай демейтін,
Қылған ісін жөндеген.
Өзге жұрттың тілегін
Бұл сықылды бермеген.
Оның көрген қызығын
Еш пендесі көрмеген.
Белін шешіп жатпаған,
Аңсамай саумал ішпеген.
Ертең мінген атынан
Кешке дейін түспеген.
Сансыз дұшпан батпаған,
Бет алғаннан қайтпаған.
Дұшпаннан Алла сақтаған,
Жұрттың сөзін сөйлеген,
Алар жауын көздеген,
Батыр Сайын болсын! — деп, —
Үстіне аруақ қонсын! — деп, —
Көңілі разы болсын!» — деп,
Ала есегін қайқалап[1],
Ала қоржын арқалап,
Шер[2] кітабы қойнында,
Асатаяқ қолында,
Жүрген Ақтың жолында,
Жаны Алланың қолында
Жөнеле берді бұл адам.

Екі етегін түріліп,
Бозмонай үйге жүгірді,
Жатыр екен бәйбіше
Етпетінен бүгіліп.
«А, бәйбіше, тұр! — деді, —
Беті-қолыңды жу! — деді. —
Әулиең жарды жүректі,
Құдайың берді тілекті,
Арылтар болғай бейнетті.
Есен болсаң көрерсің
Сайын атты перзентті.
А, бәйбіше, тұр! — деді, —
Қойдан қошқар ал! — деді, —
Құдай жолына шал!» — деді.

«А, Бозмонай, Бозмонай,
Дәулетті берген бір Құдай.

[1] Қайқалау — белі қайысқанша ауыр жүк арту.
[2] Шер (шиыр) /парсы/ — өлең-жыр.

Ертеменен кеткен ол қойға,
Жете алмаймын жүрсем де.
Сен алпысқа жеткенде,
Мен елуден өткенде,
Жігіттік күн кеткенде,
Кәрілік қарсы жеткенде,
Енді берсін не Құдай?!»
«Бермесе Құдай қайтесің,
Қошқарды аяп нетесің?
Аяғанмен малдарды
Қай түбіне жетесің?
Бермесе де бар! — деді, —
Қасқыр жеген бір қошқар —
Алып келіп шал!» — деді.

Сонда бәйбіше барады,
Алып келіп, шалады,
Жұртын жиып алады.
Жұрты тарқап кеткен соң,
Бір-бірінен сұрады.
«Қашан болар екен?» — деп,
Екі міскін жылайды.
Бір күндері болғанда,
Елуге келген буаз кемпір —
Қарыны шықты қампиып,
Құрсағы шықты шампиып.

Біраз заман өткенде,
Жаңа жылға толғанда,
Уәдесі болғанда,
Бейсенбінің күнінде,
Ұлы жұма түнінде
Буаз кемпір толғатты.
Ноғайлының үш кентін
Түгеліменен оятты.
Бет біткенде сұлу жоқ
Ол сықылды сымбатты.
Таң сарғайып атқанда,
Сайын сынды қасқаның
Желкесі жерге тақ етті,
Маңдайы күнге жарқ етті.
Дүниеқор Бозмонай
Екі етегін түрінді,
Өріске таман жүгірді.
«Оң қолымды жаярмын,
Мұнан немді аярмын.
Бүгін өліп кетсем де,

Аманатқа даярмын.
Төрт түлік, саған қыламын,
Елі-жұртым жиямын».

Аямай малын қырады,
Ат жетерді жияды.
Жұрты жиылып болған соң,
Табақ тартып берген соң,
Алтын тақта хан отыр,
Қас жақсының ұлы отыр.
«Өлгенде көрген перзенттің
Атын жөндеп қойыңыз.
Түсімде қойған аты бар,
Соны тауып қойғаның
Тоқсан торқа киесің,
Тоғыз жорға мінесің.
Хан мен билер отырып,
Ақылмен ойлап білесің.
Хан менен билер отырып,
Жорға менен торқаға
Қоймай жатып таласты.
Қымыз ішіп, мәз болып,
Билер есінен адасты.
Адасқанның белгісі —
Бір-бірінің отырып
Жағасына жармасты.
Жұдырықтасып жүргенде
Мұрындары қанасты.
Хан мен билер ұрысты,
Сол заманда аз екен
Хан да, би де ұрысты.

Сонда келді Бозмонай:
«Хан мен билер ұрыспа,
Ұрысқаның дұрыс па?
Тәңірі өзіңе бермесе,
Маңдайыңа ырыс па?
Тоқсан торқа ки, — дедім,
Тоғыз жорға мін, — дедім,
Бұл айтқаным дұрыс па?
Екі күн жатсаң, сақтаймын,
Біреуіңе де қайт деп айтпаймын.
Бар дәулеттің тұсында
Қалай тамақ таппаймын?»

Екі күн жатты, таппады,
Шұбырған кедей қайтпады.

Ондай-мұндай қойған ат
Бай көңіліне жақпады.
Соған дейін сол жұртты
Дәулетпенен сақтады.
Сонша адам жиылып,
«Сайын» атын таппады.
Сол уақытта бір адам
Жүз отызға келіпті,
Талай мақұл көріпті.
Ноғайлының жұртында
Онан үлкен адам жоқ.
Өзі жарлы болған соң,
Онымен жұрттың ісі жоқ.
Хан мен билер қасына
Шал байғұс келді таянып:
«Бәрекелді, хан мен би,
Жарасады жатқаның.
Байлығымен, Бозмонай,
Мыстан табақ тартқаның.
Қамалып жатып хан мен би,
Жаңа туған жас түлек
Кәнеки, атын тапқаның?!»

Хан мен билер отырып,
Шалға қарап ұрысты.
Таппаған соң хан мен би,
Намысына тырысты:
«Егер атын таппасаң,
Он екі қақпа сарайға
Сені байлап қоймасам».
Шал да аңырып тұрмады:
«Мұның атын сұрасаң,
Беліндегі бес қару
Тал бойына жарасқан,
Ерлік еткен алаштан
Батыр Сайын болмас па?!
Үстіне аруақ қонбас па?!
Хан мен билер қамалып,
Соны тауып қоймас па?!»

Хандар қайтты томсарып,
Билер қайтты құмсарып.
Тоғыз жорға жетектеп,
Тоқсан торқа алысып,
Шал жөнелді заң салып.

Тойы тарқап кеткен соң,
Күмістен бесік ойдырды,

Алтыннан түбек құйдырды.
Қара кіске[1] «қатты» деп,
Бала кіске «бапты» деп,
Бала кіске бөлетті.
Жаңа туған жас бала
Емшек берсе, ембеді,
Етті берсе, жемеді.
Анасының қарасын
Егіз екі көрмеді.
Бозмонай бай сасады,
Шәріне таман барады,
Үлкенінің құлағына салады:
«Кеше туған жас бала
Емшек берсе, ембеді,
Ет берсе де жемеді.
Анасының қарасын
Егіз екі көрмеді.
Дағдардым, жұртым, мен, — деді, —
Айласын тапшы сіз», — деді.

Ноғайлы жұрты кеңесіп,
Сайын сынды мырзаға
Үш күнде бір бие сойғызды.
Ортан жілік майымен
Үш күнде бір тойғызды.
Бір жасына келгенде,
Біліктіден би болды.
Екі жасқа келгенде,
Еліменен тең болды.
Үш жасына келгенде,
Ерттеп мінген атынан
Кешке дейін түспеді,
Шақыртпай асын ішпеді.
Төрт жасына келгенде,
Қарағай найза толғайды,
Жауға жүрсем деп ойлайды.
Бес жасына келгенде,
Қадір түнін күзетті,
Ноғайлының үш кентін
Түгелімен түзетті.
Езу тартпай ол өтті,
Абыройлы қыздай ұл өтті.
Халқы жақсы болған соң,
Қаріп[2] пенен міскіндер[3]

[1] Кіс — орман-тоғайда тіршілік ететін терісі бағалы аң, бұлғын.
[2] Қаріп, ғаріп /араб/ — бейшара, байғұс.
[3] Міскін /араб/ — тақыр кедей, асыраушысы жоқ адам.

Сайынның арқасында күнелтті.
Алты жасқа келгенде,
Атын таңдап мінгенде,
Алты қырлы ақ сүңгі[1]
Оң қолына алғанда,
Қындағы алтын шар болат
Аш беліне шалғанда,
Момыннан сондай туғанда,
Алланың артық қылғаны.
Айбынды бала туған соң,
Қарабай қорқып қаз болды,
Қиыршық қорқып саз болды.
«Сайын келді» дегенде,
Тоқсандағы кемпірлер
Қысылғаннан қыз болды.
Ақпандағы алты ай қыс
Атқа мінсе, жаз болды.
«Сайын келді» дегенде,
Тоқсандағы шалдарың
Қырық күн шілде болғанда,
Төсектен басын көтермей,
Төбесі жиділп, таз болды.

Бір күндері болғанда,
Тоқсан құл тұрып кеңесті.
«Мына жүрген Ер Сайын
Баяғыда әкесін
Алдымызға сап қуған-ды,
Көптеп ұстап ұрған-ды,
Әлі күнге білген жоқ.
Бұл да бір күн білгенде,
Құлағына тигенде,
Бәрімізді қырады.
Бұған адам шыдар ма?
Жорға менен жүйрікті
Түн ішінде алалық!
Сусыз шөлге бас қосып,
Біз де қаша берейік».
Жорға менен жүйрікті
Сүйтіп олар алады.
Сусыз жерге бас қосып,
Құлдар қашып барады.

Ертең келді Ер Сайын
Қарала атты ойнатып.

[1] Сүңгі — екі басты, ұзын сапты найза.

Жылқыдағы құлдың бәрі жоқ,
Қашты деген көңілінде
Ер Сайынның кірі жоқ.
Құл кеткенін білген соң,
Батыр бала тұлданды:
«Тоқсан құл, саған не қылдым?
Атама қылдың зорлықты,
Шешеме қылдың қорлықты,
Соны есіме алмадым.
Ат терлетіп келсең де,
Етіңе қамшы салмадым.
Өз обалың мойныңа,
Тобаң сені қойды ма?
Қарадан жаман түспесем,
Қарадай сенің ізіңе.
Азар болса қашқансың
Сусыз шөлдің түзіне.
Келтірсе Құдай кезіме,
Болармын деп жүргенмін
Дұшпанның жалғыз мыңына!»

«Шүу» деп еді, Қарала ат
Қырдан асып қылт етті,
Жұлдыздай ағып жылт етті.
Шауып, тоқтап, барлатып,
Ұлы сәске болғанда,
Аңырап шықты Ер Сайын
Қара төбе басына.
Тоқсан құл кетіп барады
Аяғының астында,
Қосылып өлең айтысып,
Сырнай күйін тартысып.
Сол төбенің басында
Ер Сайын тұрып толғады,
Жалғыздығын ойлады:
«Ай, жаратқан жалғыз Құдайым,
Өлемін деп қалмаймын,
Бұған нағып шыдайын?!
Тоқсан құлмен тоғыссам,
Әбүйірді тауыссам.
Егер жазатайым іс болса,
Жалғызға түсер күн болса,
Қартайғанда атамнан
Енді зейнет туар ма?!
Сараң Ием болмаса,
Қанатсыз мені қылар ма?!
Тоқсан құлдан құр қайтсам,

«Құл кетті» деп елге айтсам,
Жиын-тойға кіре алман.
Бармасам да барайын,
Бармай нағып қалайын?
Қынынан шықпас ақ алмас,
Суырып қыннан алайын,
Көтерсе Құдай тілейін!

Екі тісі сақылдап,
Езуден көбік бұрқырап,
Жау көрмеген жас бала
Құлға ұмтылды қалшылдап,
Ойын емес, шынынан.
«Шүу» деп еді Қарала ат
Жұмырланды қырынан.
Түнеріп бала келген соң,
Енді өлетінін білген соң,
Құл қорқысып барысты,
Аттан түсіп қалысты.
Жылағанға болмады,
Жалынғанға қоймады,
Екпіні қатты жас бала.
Құлдарменен ойнады,
Өзгесін қырып салды да,
Отызын жиып алды да,
Қара төбе басына
Жаяу айдап барады.
Сол төбенің басында
Ту сыртынан жарады,
Қармап етін алады.
Қасқаның көңілі тынған соң,
Тоқсан құлды қырған соң,
Сайгүлігін қуалап,
Қонарға шәрге келеді.

«Құл қырдым» деп айтпады,
Бұрынғыдай сол мырза
Шіреніп үйде жатпады,
Мал көтінен қалмады.
Мал бақ қаны құрысын,
Жақын жатқан жылқыны
Айшылыққа айдайды.
Айшылыққа барады,
Елдің шиыр шетінде,
Дұшпанның жүрер бетінде
Қарауыл да салады.

Күні-түні Алладан
Жауды тілей береді.
«Қайда кеткен алаштың
Найза ұстаған батыры?!
Тап менің тұсымда
Еркек мұнда таусылып,
Қалған ба жұрттың қатыны?!»
Бір күндері болғанда,
Алысы менен жуықты
Ат үстінде барлаған.
Дүниенің төрт бұрышын
Ыңғай жүріп шарлаған.
Қамалды бұзып, жылқы алған,
Күймені бұзып, қыз алған.
Дұшпанды көрсе, бір күнде
Отыз екі түрленген.
Он жасына келгенде,
Жау атысын үйренген.
Қарақыпшақ Қобыланды
Ноғайлардан ер туды.

«Ер Сайынға барайын, — деді, —
Сол батырды қолға алып,
Алыста жатқан қалмаққа
Бір соғысты салайын!» — деді.
Мың кісіні қолға алып,
Ер Сайынмен жолықпаққа ойланып,
Қарауылда жүрген Ер Сайын
Жау екен деп қашпады,
Жалғызбын деп саспады.
Ақ алмасын суырып,
Тасқа егеп қайрады.
Найзасының басына
Алтынды туын байлады.
Қобыландының қасында
Найзагері қорқады,
Аттың басын тартады.
«Қашпасақ болмас», — деп,
«Тоқта» десе — тұрар ма,
Аттың басын бұрар ма,
Қашпай адам шыдар ма?

Сонда Қобыланды айтады:
«Жамандар, мұнан қашпаңыз,
Өлемін деп саспаңыз,
Өзім жауап берермін.
Ақбоз атпен аңқылдап,

Ер қалпағы солқылдап,
«Батыр Сайын сен болсаң,
Қобыланды ағаң мен болам.
Ел шетінде кез болсаң,
Лоқылдатпа қылышың,
Мың кісілік тұсыңа.
Бұл дұшпанға, Ер Сайын,
Қылышыңды суырсаң,
Кімге қайрат қыларсың?
Жаушылыққа келмеймін,
Сені көрерге келемін.
Атадан артық туған ерсің,
Қол тізгінін беремін.
Іздеп шыққан жауым бар,
Қызығыңды сонда көремін».

«Олай болса, Қобыланды,
Мына жатқан жылқымның
Кел, қарасын көрмей жүр!
Ұйықтап жатқан құлынның
Кел, үйқысын бұзбай жүр.
Қонағасын беремін,
Жүретұғын жағыңа
Мен соңыңнан еремін,
Ерлігің жауда көремін».
Мың кісі алып келеді,
Қонағасын береді.
Тоқсан асау береді,
Қаруын түзей барады.

Әке-шеше жылайды:
«Өлгенде көрген жалғызым
Аттанып кетсе жорыққа,
Қалады басым қорлыққа!»
Таянып келді Бозмонай
Қобыландының қасына:
«А, Қобыланды, Қобыланды,
Тентектігің қоймадың,
Жұрт тіліне болмадың!
Бұрынғылар алмаған,
Адам жүрмес бір жауға
Жүремін деп ойладың.
Мына жүрген Ер Сайын
Он жасына жеткен жоқ,
Жеті жастан өткен жоқ,
Үш наурызды берсеңші!
Сайын оған жеткенде,

Қызығын сонда көрсеңші,
Бұл тілегімді берсеңші!»

«Құдай деген бай едің,
Өз алдына шәр едің,
Қарыңа сенің қалмаймын,
Сонда естен салмаймын.
Үш наурызды беремін,
Сол үш наурыз өткен соң,
Уәдеге келемін.
Соған дейін Ер Сайын
Жау жарағын сайласын,
Мінер атын байласын!
Біз келерміз сау болсақ,
Уәдеден таймасын!»
Мың кісі дуылдап қайтады,
Тілегін алып, қуанып,
Бай үйінде жатады.

Белден төсек салған соң,
Бай ұйқысы қанған соң,
Бәйбіше тұрып толғайды,
Байды еркіне қоймайды:
«Толып жатқан малың бар,
Сарайыңның саны бар,
Осынша көп малың бар.
Бір Сайыннан басқа тағы
Қанша ортақ жаның бар?
Үш-ақ наурыз өткенде
Жалғызың кетер жорыққа.
Есен қалған бұл малың
Кедейге түсер зорлыққа.
Толып жатқан малыңнан
Сұрап қалың берсеңші.
Үш шарбақты ноғайлы
Ылайық қыз көрсеңші,
Сөйтіп, келінді болсаңшы!

Сонымен Бозмонай
Бозжорға атқа ер салды,
Үш шарбақты ноғайлы
Қыздарына көз салды,
Ылайық қыз таппады.
Көрген қыздың бәрі де
Бай көңіліне жақпады.
Сайынның әкесін көрген қыздар
Шықты андап таласып.

Үш шаһардың қызынан
Жиылған қыздың көптігі
Жол тимеді бір көпірге таласып.
Бай көңіліне жақпады,
Сонан соң сұлу таппады.
«Мен бармаған ел бар ма,
Есіткен жерде Сайынға
Ылайық туған қыз бар ма?»

Ноғайлының халқы айтты:
«Өзің теңді адам да
Қырды жайлап, шет қонған,
Дұшпанына бет болған.
Айттырғанға бермеген,
Мұндай теңі келмеген.
Айтқаныңа ол берсе,
Сені адам ол десе,
Көбік байдың үйінде
Беті желге тимеген,
Езу тартып күлмеген,
Бөтен үйге енбеген
Аюбикеш сұлу бар.
Қолаң қара шашы бар,
Қырғауылдай керілген,
Тамағынан ішкен асы көрінген.
Тақалып күнге қараса,
Бетінен күн сәулесі білінген,
Ылайық сұлу, сұра, — депті. —
Қорықпай жүріп барсаңыз,
Шаманң келіп алсаңыз».

Соған кетті Бозмонай,
Судың бойын көбелеп.
Қартайғанша Бозжорға ат
Өзі мінген жебелеп.
Сарайдың келді қасына,
Шәрдің келді басына.
Он екі қақпа сарайы
Көтерілген талайы.
Есігінің қасында,
Қақпасының басында
Тұрады екен күзетіп
Екі қара малайы.
Екі тісі кетілген,
Оң танауы сетілген.
Құл да болса сол өзі,
Тілге шешен жетілген.

«Ноғайлыда, Бозмонай,
Сен де неге зар едің?
Ноғайлы жұрттың басы едің.
Таңсәріден жүріпсің,
Ашулы болған кісідей,
Қабағыңды түйесің.
Жолың болсын, ә, байым,
Не есітіп білесің?»

«Байың есен-саулық па,
Қатты сөйлеп, мұндар құл,
Жүрегімді жарып даурықпа!
Көбік үйде бар болса,
Жетектеп шықпас па қызын.
Ылайық болса балама,
Енді айттырып беремін.
Айтқаныма бермесе,
Шақырғанға келмесе,
Елге таман қайтамын.
Тентек туған Сайынға
Бара сала айтамын».

Шетік құл келді иіліп
Көбік байдың қасына:
«Әй, Көбік, тұр, — деді, —
Мұнан жаның қалар ма?
Ноғайлының Бозмонай
Сарайыңа келіп тұр.
Айттырса бермес адамға,
Келмес еді қасыңа,
Сарайыңа бүйтіп басына,
Ер Сайынға сеніп тұр».

Көбік жатып бұрқанды,
Мұздай темір құрсанды:
«Шауып алса, мал да көп,
Үйден алса, қыз да көп,
Сайындай тентек ұл да көп.
Бүгін келсін сол Сайын,
Ұрысуға даярмын.
Жалғыз қыздың тұсында
Кімнен жаным аярмын?
Адам екен демеңіз,
Еңсеп келген Бозмонай
Үйден сусын бермеңіз».

Бозмонай естіп біледі,
Аттың басын бұрады.

Бай бір ашу қылады:
«Бұл барғаннан бармасам,
Үш шәрдің адамын
Мінгізіп атқа алмасам.
Бұл бермеген қызыңды
Ат көтіне салмасам,
Бозмонай болып жүрмейін,
Боз жорға атқа мінбейін!
Еркегіңді қырмасам,
Жұрт күлгендей қылмасам,
Шәріме есен кірмейін».
Бозмонай үйге қайтады,
Білген хабарын айтады.

Алтын тақты хан келді,
Жиылып түгел шәр келді:
«Көбік, неге қызың бермедің?
Сол сықылды Сайынды
Нағып күйеу көрмедің?
Бұл қызды егер бермесең,
Сайынды күйеу көрмесең,
Аттанып Сайын келген соң,
Оған елді бүлдіртіп,
Сенің қызың құрысын,
Залалын шәрге тигізіп.
Бұл қызыңды бермесең,
Сайынды күйеу көрмесең,
Ноғайлыға көшкенім,
Шайқарсың сен ырысын».

«Бермесе де болмас-ты,
Еркіне Сайын қоймас-ты.
Бермегенмен бұл қызың
Қанша маған жолдас-ты?
Шақырып кел, Шетік құл!»
Мінейін десе о құлға
Ерттеулі тұрған аты жоқ.
Тақа жаяу жүрерге
Шетіктің жүйрік аты жоқ.
Қарт түйедей еңкілдеп,
Жалғыз танау желпілдеп,
Табан терісі түріліп,
Жөнелді Шетік жүгіріп.
Көз көрім жерден өткенде,
Бозмонай байды шақырды:
«Атыңның басын бұра тұр,
Ашуланбай тұра тұр.

Жұрт қауымға енді ғой,
Өзі жаяу демесең,
Құл шақыра келді ғой,
Қалаған қызын берді ғой».

«Шақырса да бармаймын,
Малға берсе сол қызды,
Бір тоқтыға алмаймын».
«Сенен малды алмайды,
Саған кісі бермейді,
Тілеген қызды береді.
Асы болар Аюбике
Деген қызды алмасаң,
Ұлық болар Аллаға
Шақырған Көбікке бармасаң».
Қолды артына салады,
Қайта кетіп барады.
Жетіп келсе Көбікке,
Келмей, тойын қылады.
Төрге көрпе салғызды,
Шақыртып үйге алғызды.
Ашуланбай табысты,
Қалаған қызын алысты.
Еліне қайтып келді де,
Ноғайлының үш шәрін
Сегіз жерге орнатты.

Сайын сынды батырың
Ер-тоқымын оңдайды.
Үш шаһарлы ноғайлы
Қосшылыққа отыз кісі сайланды.
Отыз жігіт қолға алып,
Соған таман түн қатты.
«Сайын келді» деген соң,
Көремін деп сайланды.
Қимылдаған жан келді,
Мұнара басып шаң келді.
Көрген жұрттың бәрі де
Жас баланы таң көрді.
Көрмеген жанның бәрі де
Көрген жаннан сұрасты,
Көркіне жұрт таласты.
Сайын келді деген соң,
Қыз бен жігіт дуласып,
Сол сықылды батырға
Қылған тойы мұнасып[1].

[1] Мұнасып — лайық.

Нақ отыз күн ойын қылып,
Тақ қырық күн тойын қылып,
Уәдесі болған соң,
Жұрт жақсысын жияды.
Ғалымдарды алғызып,
Ақ некесін қияды.

Ақ некесін қиғанда,
Ақ ордаға барғанда,
Ойнап ойыны қанғанда,
Қатты ұйықтап қалғанда,
Таң сарғайып атқанда,
Үйде жүрген ағасы,
Бабай Омар бабасы
Тұсына жетіп келеді:
«Сайын батыр сен болсаң,
Некеңді қиғанда,
Сәтті күні кез болсаң,
Қолыңды жай, сен, — деді, —
Берейін бата мен», — деді.
Ұшып тұра келеді,
Қолын жая береді.
«Екі перзент көресің,
Ең үлкені — Бөкенбай,
Екіншісі — Киікбай.
Сол Киікбай туғанда,
Дүшпанға салар бүлікті,
Аруағы соның биік-ті».
Ала есекке қайқалап,
Ала қоржын арқалап,
Жөнеле берді бір адам.

Бай сұлуды ұзатты,
Жазғы құдай ыңырантып,
Жарылған мұздай күңірентіп,
Талшыбықтай бұралтып,
Тоты құстай тарантып,
Қас патшадай найқалтып,
Қаса бидей шайқалтып,
Түйе артуға күң берді,
Ат ерттеуге құл берді.
Бәйшешектей түрлентіп,
Ұзатты сұлуды жөнелтіп.

Сұлуды алып келген соң,
Шәр тамаша көрген соң,
Жаңа түскен сол сұлу
«Қыздай жүкті келді» деп,

Ноғайлыға таң болды.
Ноғайлының шаһары
Өсек айтып, күледі.
Бір Алланың бергенін
Жалғыз Сайын біледі.

Кәдесі болғанда,
Сәтке сұлу толғатты,
Қыз-келіншек те орын апты.
Бет біткенде сұлу жоқ
Ол сықылды сымбатты.
Толғатып, сұлу ұл тапты,
Өріске таман бай шапты.
«Оң қолымды жаярмын,
Мұнан немді аярмын.
Бүгін өліп кетсем де,
Аманатқа даярмын.
Аямай малым, қырайын,
Ноғайлыны жияйын.
Есіркеген Құдайым,
Қызыққа неге тояйын?!»

Ноғайлы жиылып келеді.
«Жиылып тұрған ноғайлы,
Мына тұрған перзентім,
Арылып тұр бейнетім.
Бірер аттан үлкенің мініңіз,
Кейінің бірер тоннан киіңіз,
Атын жөндеп қойыңыз».
Ат қоярға келгенде,
Айдалада түсе салып,
Жүрегі жүрген жарылып.
«Мына туған перзентің —
Қолыңда бар дәулетің,
Не қылсаң да жарасар.
Мынаның атын сұрасаң,
Мұның аты — Бөкенбай,
Ең кішісі — Киікбай».
Бөкенбай қоя береді,
Бөкенбайдай сол бала
Бір жасына толғанда,
Сонда келді Қобыланды,
Үш жылдың уәдесі толғанда.
Ел шетіне келген соң,
Сайынға хабар берген соң,
Ақбоз атқа ер салды.
Байлаулы тұрған Қара атқа

Қосын тартып алады.
Үш шарбақты ноғайлыдан
Қырық жігіт таңдап алады.
Қобыландыға қосылып,
Аттанып кетіп барады.
Құлан жүрмес жар қалды,
Адам ішпес шөл қалды.
Алтыншы ай өтеді,
Ат мойнынан жал кетеді.
Олар сынды ер жоқ-ты,
Ерінбей жортқан келбетті.
Нақ он екі ай болғанда,
Қалмақтың ен шетіне қол жетті.
Аттың ерін алысады,
Түстенісе қалысады.
«Қалмақ жақын екен», — деп,
Батырға хабар салысады.

Жағалбайлы атасы
Сөзінде болмас қатасы.
Жауырынмен сөйлескен,
Жауырын жағып қарады.
Батыр Қобылан сұрады:
«Бұл жауыңа бармаймын,
Жылқысы жолда тұрса, алмаймын.
Жылқы аламын деп бұл жолда,
Қасқа менен жайсаңның
Обалына қалмаймын.
Тілімді алсаң, мұсылман,
Бәріңе де айтқаным,
Бәрің тілім алмасаң,
Алпыс кісі қосшымен
Өзім елге қайтамын».

Қобыланды батыр отырып,
Ер Сайынды шақырды:
«Сайын сынды батырым,
Бұзылмасын ақылың!
Екпінің күшті қыраным,
Маңдайың сұлу жарқыным,
Алар болсақ, мал да көп,
Тоғысарға жан да көп.
Есендік пен саулықта,
Жұрт аманда барлықта
Жау тосқалы бар», — деді. —
Бозбаладан айрылсақ,
Жұртқа не айталық?!»

Қайт дегенде тұлданды:
«Аттанған жаудан қайта алман,
Бұл көрген жаудан қорынып,
Алғанымның қойнында
Күлкі болып жата алман.
Бұл қамалға келген соң,
Айғырдайын алыспай,
Қызыл қанға батыспай,
Сары жақтың кірісі
Үзілгенше тартыспай,
Жалғыз да болсам қайта алман».

Қобыландының мың кісі
Елге тіке тартады.
Ноғайлының қырық жігіті
Қалмаққа тіке тартады.
Қалмақ естіп біледі,
Құлағына тиеді.
«Қобыланды, Сайын келді» деп,
Берік жерге қамал тартады.
Келе жатыр қырық жігіт
Қамалдарды қақ жарып.
«Қалай жүрген батыр?» — деп,
Жолдастары таң қалып.

Ақ төбенің басына
Шыға келсе Ер Сайын,
Қалмақтың көрді сансызын.
Қаланы көріп таңғалды,
Қасындағы қырық жігіт
Жанынан қорқып сандалды,
Төмен қарап жыласты.

«А, қырық жігіт, жылама,
Сіздер кейін қалыңыз,
Таза жерге барыңыз!
Есен болса жанымыз,
Жақсылығым бар болса,
Бұл заманда ұрыста
Өзің теңдес жау болса,
Маңайыңа жуытпа!
Бұл кеткеннен келмесем,
Қазам жетсе, өлермін.
Егер қазам жетпесе,
Басыма аман күн туса,
Бір уақытта келермін.
Қош, қош-аман болыңыз!

Мұсылманның ұлымын,
Бір шіріген жұмыртқамын».

Бір мезгілде Ер Сайын
Жөнелді Бозатпенен аңқытып,
Айқай салған даусына
Қарағай жарылып барады.
Көрінген жылқы алады,
Қуалап кетіп барады.
Жылқыны қуып келгенде
Ақ төбенің қасына,
Қырық жігіттің орнына
Қуып келсе Ер Сайын,
Қырық жігіттің бірі жоқ.
Тұр деген жерде тұра алмай,
Айтқанын ердің қыла алмай,
Кеткен екен қашысып,
Кейін қарай асысып.

Қалмақ жатыр дуылдап,
Атын жиды жау шуылдап.
Тұсаулы атқа жармасып,
Мәстегіне тармасып.
Қашан қалған шашылып,
Ер-тоқымнан адасып,
Келе жатыр ит қалмақ
Жаман даусын салысып.
Жердің жүзі қайысып,
Көдедей[1] шықты майысып.
Мәстектің шаңы бұрқылдап,
Қылыштары келеді
Өкпесіне сартылдап.

Ақ төбенің басында
Жалғыз Сайын қарап тұр,
«Келгенменен бұл қалмақ,
Не қылады маған?» — деп,
Мазақ қылып жарқылдап.
Жауы әбден келген соң,
Боз аттың басын бұрмалап,
Тоғысты қасқа «Аллалап».
Бөлек-бөлек қылып жүр,
Бөлінген қойдай қырып жүр.
Қалмаққа мүшкіл туып жүр.
Қалмақтың жатқан жерінде

1 Көде — сұлы тұқымдас өсімдіктің бір түрі.

Екі батыр бар екен.
Бірінің аты — Жоламан,
Бірінің аты — Еламан.
Еламан мен Жоламан
Тау тасалап қашып жүр.
«Алады, — деп, — жұртымды»,
Осы қалмақ сасып жүр.
Еламан мен Жоламан,
«Көрер күнің бар ма», — деп,
Азуын қатты басып жүр.

Көбін қырып болғанда,
Со сықылды Ер Сайын
Алланы еске алмады.
Қайратына мас болып,
Бабай Омар бабасына
Жалбарына жүрмеді.
Пірі үстіне қонбады,
Баяғы қайрат болмады.
Оймақ құрам сау жері
Тұла бойында қалмады.
Жарадан қасқа жауыр да,
Әр жарадан аққан қан
Су сықылды саулады.

Ерден медеу кеткен соң,
Жығыларға жеткен соң,
Аттың басын бұрмалап,
Жөнелді қасқа «Аллалап».
Егесіп тұрған ит қалмақ
Соңына түсті қуалап.
Тоғыз сан кісі қуса да,
Жеткізбей кетті құтылып.
Ертең кеткен қырық жігіт
Артынан жетті ұмтылып.

«Бәрекелді, қырық жігіт,
Түге[1] қасқа ерлігің.
Атыңның басын бұрып ап,
Қырық жігіт, шаппай тұра тұр!
Тоқпақ жалды Ақбоз ат
Тоқтата алмай келемін.
Қалмақ тоғыз сан, мен жалғыз,
Тонау бермей келемін.
Тезірек көріп қалыңыз,

[1] Түге — «қомсыну» мағынасындағы сөз.

Жарам нешеу санаңыз.
Омыртқада он жара,
Қабырғада қырық жара,
Қақ жамбаста бір жара.
Жалаңаяқ жүрмеген,
Бісмілләні білмеген
Салып еді бір қалмақ
Сырылдаған сары қайың оқпенен,
Қабырғаның түбінен,
Омыртқаның жігінен
Қан сарқырап тыйылмас.
Қырық жігіт, сізден болмаса,
Ноғайлының жұртынан
Топырақ маған бұйырмас.

Ай, қырық жігіт, қырық жігіт,
Қарағай түбі қара өлең,
Бәрің жақсы, саналым,
Шақпақ шақсам, от түспес.
Қарағайдың бұл күнде
Селбі[1] болған қуынан.
Шықпаған-ақ екенмін
Жұлдызымның оңынан.
Мен дұшпанға мерт болдым,
Қарақыпшақ Қобыланды
Ердің жоғынан.
Мен шыққанда жаз еді,
Алла бізге жар еді.
Жауырынменен сөйлескен
Қарақоныс бар еді.
Жан тіле деп нанбадық,
Қайт дегенде бармадық.
Қас әулие сол екен,
Тілін алмай, жауладық.
Аттанған жерім сұрасаң,
Жылқы алған бұл жерім
Бүгінде мұнан шұқырлау.
Бейнетіме бұл қалмақ
Хабар тауып желеді.
Қырық жігіт, сен болмасаң,
Жұрт көрерім қиын-ды.
Күлдір-күлдір кісінетіп,
Күреңді мінер күн қайда?
Күйме бұзып, қыз алып,
Қамалды бұзып, жылқы алып,

[1] Селбі — ағаштың қу бұтағы.

Қара арғымақ қатырып,
Қарсыласқан дұшпанға
Жүрегінен найза батырып,
Мына жатқан қалмаққа
Ат жүгіртер күн қайда?

А, қырық жігіт, азамат,
Маған бола өлмеңіз,
Сендер бейнет көрмеңіз,
Менің үшін өлмеңіз!
Қарағайдан табытым
Бекем қылып салыңыз!
Таңдап мінген көк атым
Басыма мықтап байлаңыз!
Шүберек киім кигізбе,
Қанды етіме тигізбе,
Жібекке орап қойыңыз!
Ел шетіне барғанда,
Әкем шығар елпілдеп,
Шешем шығар еңкілдеп.
«Сайыным қайда?» дегенде,
Не деп жауап берерсіз?!
«Ел шетіне жау келді,
Кірерге болды» дегейсіз!
«Қара арғымақ арыды,
Оттата қалды» дегейсіз.
Бір күн де болса қуансын,
Ақырында бейшара
Есіткен күні суалсын!

Түптен таңдап алғаным
Ауыл үстінде жоқ еді.
Найзакерден арманым,
Дүниенің көрдім жалғанын.
Аюбике сұлуға
Дұғай сәлем дегейсіз!
Таң сәріден тұрарсың,
Беті-қолың жуарсың!
Қынай белін буынсын,
Бүгілген бес саусақ
Бетіне жара салмасын!
Егіз екі сол сұлу
Дұшпанның тілін алмасын!
Өзімнен қалған жақсыны
Жат көрмесін, өз көрсін!
Құдай қосқан қосағым
Дұғай сәлем дегейсіз,
Ақиретте кезіксін!

Қарақыпшақ Қобыланды
Батыр ерге сәлем айт!
Мен кеткенде тумаған,
Оғын жасын қылмаған
Киікбай менен Бөкенбай
Айрылып сонан қалмасын.
Әкем өліп қалды деп,
Енді жауға бармасын!
Өздері адам болғанша,
Қарақыпшақ Қобыланды
Көзінен таса қылмасын.

А, қырық жігіт, азамат,
Ашып кетші бетімді,
Салқын соқсын етімді!
Сіздер бұлай кеткен соң,
Мұсылманнан көре алман
Қыдырып жүрген жетімді».

Қырық жігіт кетті қыр асып,
Қимай кетті жыласып.
Олар елге жетпестен,
Елі хабар білместен,
Аюбике — сол сұлу
Түнде жатып түс көрді,
Түсінде талай іс көрді,
Өз басына күш көрді.
Таң сәріден тұрыпты,
Екі етегін түріпті,
Енесіне келіпті:
«Мен бүгін бір түс көрдім,
Жауырыным тола қара шаш
Жайылыңқы көрінді.
Бедерлеген бес тырнақ
Қанға малыңқы көрінді.
Шешем берген боқшасы[1]
Шашылыңқы көрінді.
Жауда жүрген балаңның
Астында жүрген Ақбоз ат
Құйрығы келте көрінді.
Қолына алған ақ сүңгі
Ортасынан, әй, ене,
Үзіліңкі көрінді».

Сонда енесі жорыды:
«Жауырының толған қара шаш

[1] Боқша /көне/ — киізден, матадан тігілген қалта, дорба.

Жайылыңқы көрінсе,
Ертеменен қой қыдыр,
Енеңнің сөзіне нан, балам!
О да соған көрінсін!
Бедерленген бес тырнақ
Қызыл қанға, ә, балам,
Малыныңқы көрінсе,
Таңда, тал түс болғанда
Қызылменен боятсаң,
О да соған көрінсін!
Жауда жүрген баламның
Астындағы Ақбоз ат
Құйрығы келте көрінсе,
Жау қарасын көргенде,
Жал-құйрығын сүзген-ді.
Қасындағы жолдасы
Жау көрмеген жамандар
Жаннан күдер үзген-ді.
Қолына алған ақ сүңгі
Ортасынан, ә, балам,
Үзіліңкі көрінсе,
Жүрген шығар жалғызым
Қалмақтың белін сындырып.
Келеді екен жалғызым
Барған ісін тындырып,
Жамандарға қуғызып».

Келе жатыр қырық жігіт
Аяғынан су өтіп,
Маңдайынан күн өтіп.
Қарағай найза сүйретіп,
Жылауменен күнелтіп,
Азар жетті жеріне.

«Қырық жігіт келді» деген соң,
Шәрі естіп, білген соң,
Бозмонай келді алдынан:
«Қырық жігіт, келдің бе?
Есендік пен саулық па?
Азамат түгел барлық па?
Көрілік мұндар ұрмаса,
Көзім жасқа толмаса,
Сайын сынды жалғызым
Көрінбеді көзіме».

Қырық жігіт сонда айтады:
«Бара сала Ер Сайын

Қалмақтан ойып жылқы алды.
Күнде тиіп қалмаққа,
Сарайынан ұйқы алды.
Жау жерінен өткенде,
Мұсылманның жерінің
Шетіне жетіп келді.
Аттан медеу кеткенде,
Қалмақтар жетті салысып.
Ат бұрауға көнбеді,
Жалғыздың әлі келмеді.
Алған жылқы айрылдық,
Ел шетінде жау келді.
Қара арғымақ арыды,
Жетектей соны келеді.
Ақ кіреуке сөгілді,
Сыя алмай келеді».

«Маған десе, сол балам,
Тағы талай жол жүрсін.
Есендік пен сау болса,
Дұшпаннан аман бар болса».
Соны айтып, бай кетті,
«Сау» дегенге қуанып,
Өтірік сөзге жұбанып.
Қайдан білсін Сайынның
Қалғанын оның суалып.
Үйде сұлу білген соң,
Сұлу шықты жүгіріп.
Қырық жігіт келді деген соң,
Алдынан келді жүгіріп:
«А, қырық жігіт, азамат,
Неге бұлай жаурайсың?
Ақ сақалды атамды
Өтірік айтып алдайсың?!
Айлалы айтқан сөзіңе,
Егіз екі нанбаймын.
«Сайын өлді» десең де,
Біріңді ұстап алмаймын».

Сонда қырық жігіт сасады,
Жылап тұрып айтады:
«Сайын сынды сол қасқа
Сан қалмақпен тоғысты.
Ерікпей, қылды соғысты,
Қалмаққа Құдай болысты.
Оймақ құрам сау жері
Тал бойында қалмады.

Жарадан қасқа жауыр-ды,
Қарағайдан табытын
Бекем қылып сайлатты.
Қалап мінген Боз атты
Көз алдына байлатты.
«Бас көтерер күн болса,
Еріктіріп мінермін.
Мінгендей бұған күн болса,
Күнінде бір күн көрермін».

Сайын сөйтіп қалған соң,
Оны сұлу білген соң,
Екі бетін алады,
Қара шашын жаяды.
Үйге кетті жұлқынып,
Жын қаққандай құтырып.
Сарын салды отырып,
Батырды сұлу жоқтайды:
«Беліндегі бес қару
Тал бойына жарасқан.
Сендей теңім табылмас,
Жеті алашты қыдырсам.
Сендей теңім еш болмас,
Алашта мұңдық мен болдым.
Ханышадай күнімде,
Ер қасқамнан адасқан.
Қарағай найза өңгерген,
Өзінің жұртын меңгерген,
Азды көпке теңгерген.
Аттанған жаудан келмеген,
Алты қанат ақ орда
Қалқам ішіне келмеген.
Мендей мұңдық бар ма екен,
Ойнар-күлер шағымда
Еркін ойнап күлмеген.
Өзім тірі жүргенде,
Кеудеме еркек мінгізбен.
Алмадай болған қызыл бет
Қиғаш ерінге сүйгізбен.
Берен төсек, құс жастық,
Маңайына бойдақ жүргізбен.
Маңдайың құлаш Ер Сайын,
Қылығың еске түскенде,
Жанымды нағып күйгізбен?!
Ауызым тола қан болса,
Дұшпаныма білгізбен.
Сен кеткелі он бес жыл,

Бөтен үйге бармадым,
Езу тартып күлмедім.
Мен сарғайып жатқанда,
Неден көңілім қалдырдың?!
«Бұл заманда жоқпын» деп,
Түсіме нешік кірмедің?!
Ертең қылған даусымды
Түске келіп қоярмын.
Кешке қылған даусымды
Түн батқанда қоярмын.
Алмадай болған қызыл бет
Тырнақпенен соярмын.
Мөлдіреген екі көз
Жылауменен оярмын.
Ел шетіне жау келсе,
Қара қабылан қоярмын».

Жылап-жылап уанды,
Беті-қолын жуынды.
Киікбай менен Бөкенбай
Оқ атысып жүр екен,
Екеуі келді жүгіріп,
Анасы отыр бүлініп.
Екеуі есінен адасты,
Адаса тұрды екеуі,
Бір жүгенге таласты.

«Үйде жатқан әкемді
Неге әкеткен алысқа?
Сонша жерге бастасып,
Жау жеріне тастасып,
Бұл барғаннан бармасам,
Екі бірдей көк ала
Арғымаққа мінбесем,
Өңшең темір кимесем,
Қобыланды, саған қылмасам.
Біткеніңді қырмасам,
Ер Сайыннан тумайын!»

Жылқыға кетті жүгіріп,
Тұрмады үйде кідіріп.
Сұлу үйден барады
Енесінің қасына.
Енесі бейбақ жылайды,
Жад айтады Құдайды:
«Құдайдың берген жалғызы,
Таласып емшек еміскен,

Құнан-тайдай тебіскен.
Беліндегі бес қару
Тал бойына келіскен.
Атаң қалды кеңестен,
Шешең қалды жіп ескен.
Жауға айқайлап кеткенде,
Оң иініңе қонбады
Төрт мүкрәр[1] періштең».

«А, сорлы болған енем-ай,
Дауыстағанмен келмейді-ай!
Сайын сынды баланды
Мандайы құлаш ер еді,
Мен тұл үйіңде тұра алман,
Күнде дауыс қыла алман.
Жер жүзінде бар болса,
Өзім іздеп табармын,
Жаралы болса, бағармын.
Дүниенің төрт бұрышын
Тексеріп мен кезермін.
Со сықылды батырды
Іздемей нағып тынармын?
Сайын сынды со батыр
Отыз екі ерден бата алған,
Бірде-бірі кем бе екен?
Шешем берген үйімде
Аюдың бар ақ дәрісі,
Жарасына ем бе екен?
Шешем берген үйімде
Сол дәрісі бар ма екен,
Іздеместей ер ме екен?
Жылқыдағы қос күрең
Жылқышыға алдыршы,
Жыламай, тоқым салдыршы».

Бұрын дүзге жүрмеген,
Түстік жерге бармаған,
Қырға шыға алмаған,
Жөнелді бейбақ жыласып.
Кетіп барад қарасып,
Бет алдына жарасып.
Қос күреңнің басымен
Күні-түні барады.
Жылауменен күн өтіп,
Жол білмеген әйелді

[1] Төрт мүкрәр — Жәбірейіл, Мекайыл, Әзірейіл, Исрапыл періштелер.

Алланың өзі түзетіп.
Әр төбенің басына
Сұлу шығып, қарайды,
Көрінер заман болмайды.

Бір күндері болғанда,
Ай мен күнге таласқан
Қара төбе көрінді.
Со төбені көргенде,
Сұлудың көңілі бөлінді:
«Ай, мүскін болған екем-ай!
Қаратөбе қасында,
Бәйтерек тұр басында.
Ала-құла сауысқан
Қан көргендей болады.
Балаңның қалған жерлері
Сонау бір жер болады.
Мен тұсынан озамын,
Неге қарап тұрамын?»

Енесі сұлуды оздырды,
Күреңше аттың мойынын
Жездей қылып создырды.
Оңды-солды қамшылап,
Бұлттай ұшты жамшылап,
Кекілден тері тамшылап.

Сұлу озып келген соң,
Аттан түсе қалады,
Түсе сала жылайды.
Бұрылып көрер күні жоқ,
Сөйлейтұғын тілі жоқ.
Тостағандай тола көз
Төңкере келіп салады.
Сұлу басын құша құлады,
Көтеріп келіп алады.
Суға арқалап барады,
Қанын жуып алады.
Аюдың ақ дәрісін
Аударып, сұлу жағады,
Тез тірілтіп алады.
Су басында екеуі
Ойнап, ойыны қанады,
Ақ жарылқап қалады.

Келе жатыр кемпір сұм
Бауырына қамшы таянып.

Өлді деген баласы,
Аңсап келген анасының
Алдынан шықты алшаңдап.
Өлгені жүр тіріліп,
Елге тиген панасы.
Құшақтасып көрісті,
Бетінен сүйіп, өбісті.
Қайтасынан жасады,
Алласы көзін ашады.
Аттың ерін алысты,
Үшеуі ұйықтай білмеді,
Үстіне келіп орнады.
«Жолдасы елге барды» деп,
«Жаралы Сайын қалды» деп,
Қалмақ естіп біледі.
Еламан мен Жоламан
Сансыз қалмақ қолға алып,
Сайынды іздеп жүреді.
Жатқан жерін көреді,
Үстіне келіп орнады,
Бірде-бірі тұрмады.

Бір мезгілде Ер Сайын
Көтеріп алса басын да,
Жеткен екен Жоламан
Шаншар жердің тұсына.
Сайын тұра сасады.
«Е, Құдайым, Құдайым,
Өлемін деп қылмаймын,
Бұйрық жетпей уайым.
Тарқамаған бола ма,
Жалбарынған Құдайым,
Баба Омар бабам-ай!
Жаңылдым ба тобам-ай?!
Ақыр жаудан бола ма
Туғаннан менің қазам-ай?!
Алпыстағы анам-ай,
О да жауға бара ма?!
Құдай қосқан қосағым-ай,
Оны бір дұшпан ала ма?
Ноғайлының кең шәрға
Сайын есен бара ма?
Жар бола көр, Аллам-ай?!»

Ер-тоқымын арқалап,
Бозатқа келді «Аллалап».
Ер-тоқымын салғанда,

Айылын тартып алғанда,
Ауыздығын Бозат шайнады,
Адамдай тұрып сайрады:
«Батыр Сайын, саспашы,
Көп екен деп қашпашы!
Құдайдың берген қуатын
Осы жолы басташы!
Қатарланған қамалды
Қақ жармасаң, саған серт!
Оқ жеткізсем, маған серт!»
Жыландайын жыбырлап,
Қыздардайын сыбырлап,
Ақ сауыт сонда сөйледі:
«Батыр Сайын, қорықпашы,
Бөтен сөзді айтпашы!
Қатарланған қамалды
Бұза алмасаң, саған серт!
Тоқсан қабат оқ жетсе,
Оқ өткізсем, маған серт!
Сақтасын мықтап Құдірет!»

Атыменен сөйлесіп,
Ақ сауытымен кеңесіп,
Кемпір менен сұлуға:
«Артымнан қалмай жүр», — десіп,
Қамалап тұрған қалмақты
Қабандайын қақ жарып,
Сайын шықты құтылып.
Еламан мен Жоламан
Кемпір менен сұлуды
Ұстай алды ұмтылып.

Қалмақтар тұрып кеңесті:
«Қаптай қусақ Бозаттың
Қарасын жылқы көрмес-ті ,
Сайын да қолға бермес-ті.
Алғаны менен анасын
Қолаң шашын жұлдырып,
Ат үстіне салыңыз,
Тамам қалмақ алыңыз.
Төбе шашы жұлынса,
Даусы шығар шырқырап.
Анасына шыдамай,
Сайын шабар бұрқырап,
Қашпаңыз сонда тырқырап».

Ат үстіне салғанда,
Анасы сондай жылады,

Ұлынан өтіне сұрады:
«Маған бола келмеші,
Шырағым, жанымды көрмеші!
Мен жанымды нетейін,
Сенің үшін, шырағым,
Құрбандық болып кетейін!»
Алғаны сонда жылайды:
«Е, Сайын атты ерім-ай,
Алланың қосқан теңім-ай,
Сенен ары айшылық
Менің шыққан жерім-ай!
«Шыбықтай бойы ұзын», — деп,
«Алмадай беті қызыл», — деп,
Әйел (дің) түбі дұшпан-ды.
Қызық көрме, Ер Сайын,
Біз кетті деп ұрысқан-ды.
Мен кетсем де аларсың,
Тірі болсаң кегіңді.
Екі ұлыңды қасыңа ал!»

Шаппасына болмады,
Бір еркіне қоймады.
Алпыс екі періште
Үстіне келіп орнады.
Бозаттың басын бұрмалап,
Ұмтылды қалмаққа туралап.
Арықтың суы тасқаны,
Қалмақтың қалай сасқаны.
Кемпір менен сұлуды
Тастай салып қашқаны.
Қуа барып Ер Сайын
Қалмақпенен тоғысты,
Ерінбей қылды соғысты,
Он үш күн ұрысып, тауысты.
Үстіне келген қалмақтың
Жан адамын қоймады,
Атын, тонын алды да,
Еліне таман айдады.
Батыр Сайын келгенше,
Ел хабарын білгенше,
Бөкенбай менен Киікбай
Қобыландыға барыпты,
Аттанып еліне келіпті.
Жасанғанда қайтпаған,
Сансыз дұшпан батпаған.
Со сықылды Қобыланды
Екеуінен қорқыпты.

«Ай, Қобыланды батыр сен болсаң,
Топтың бетін көрмеген,
Көрген кісі әкемді
«Маңдайы құлаш ер» деген,
«Қас ерменен тең» деген.
Қалған жерден алып кел,
Өлтірген жауды тауып кел.
Үйде жатқан әкемді
Жау жеріне бастадың,
Қандай шөлде тастадың?
Бармасаң да барарсың,
Бармай нағып қаларсың?»

Қобыланды сонда айтады:
«Алдыңа түсіп барайын,
Неге іздемей қалайын.
Қалмаққа бүлік салайын,
Сайынның кегін алайын!»
Мың кісіні алады,
Аттанып кетіп барады.
Айшылық жатқан қалмаққа
Барып, бір соғыс салады.

Қалмаққа барса, ор екен,
Оры терең зор екен.
Киікбай сонда айтады:
«Е, Қобыланды, Қобыланды,
Бүйтіп бұған тұрмалық,
Қорыққан кісі сықылды
Тұрып кеңес қылмалық.
Ордан арман өтелік,
Қалмаққа тегіс тиелік!»

Бөкенбай мен Қобыланды,
Киікбаймен үшеуі
Ордан арман өтеді,
Қалмаққа кіріп кетеді.
Бөкенбай мен Қобыланды
Екі батыр қашады,
Ордан бермен асады.
Қобыландының мінген ат
Ордан өтті кідірмей.
Бөкенбайдың Көкала ат
Артқы аяғы ілінді.
Ер-тоқымын құшақтап,
Орға түсіп жүгірді.
Киікбай шапты қамалға,

Көкала атты борбайлап,
«Бауырым!» — деп ойбайлап.
Қалмақтың құрған қамалын
Бұл жағынан шапқаннан
О жағына бір өтті.
Ар жағынан шапқаннан
Бер жағына бір өтті.
Батырлары ақырды,
Палуандары шақырды:
«Тұс-тұсынан барыңыз,
Бірер арқан алыңыз!
Шабатұғын жағына
Керме ұстай қалыңыз,
Кермелеп ұстап алыңыз!»

Көздеп тұрып Киікбай
Аласа қылған арқанның
Үстіменен кетеді,
Биік қылған арқанның
Астыменен кетеді.
Тап сегіз күн болғанда,
Бәрін қырып кетеді.
Ордан бір хан асады,
Дария судай тасады.
Орда жатқан Бөкенбай
Қанмен ағып барады.
Қобыланды со батыр
Сонда суырып алады.

Қалмақтың елін өрт қылып,
Топырақтай ұшырып,
Барлық малын көшіріп,
Жалғыз өзі Киікбай
Айдап шықты шәріден
Қалмақтың қарасын қоймай-ақ,
Қызығына тоймай-ақ.

Қасқаның көңілі тынған соң,
Қалмаққа қалағанын қылған соң,
Жылқыны түске салған соң,
Қалмақтан кегін алған соң,
Қол түстеніп жатқанда,
Келе жатыр бір адам.
Туырлықтай туы бар,
Мың кісінің шаңы бар,
Артында қанша жаны бар?

Қобыланды батыр айтады:
«Киікбай батыр, барыңыз,
Қандай дұшпан болады,
Алды-артын шалыңыз!»
Сонымен Киікбай
Тұрымтайдай түйіліп,
«Қылармын!» — деп кіжініп,
Қарсы шығып келеді.
Келе жатыр Ер Сайын
Өлген жерден тіріліп.
Жиылып жатқан қалмақтың
Тоғысы бар деп кезеніп.

Киікбай оны танымай,
Әкесі деп ойламай,
Әкесінен күшті жас бала:
«Қақ жүректің басы, — деп, —
Өлер жерің осы!» — деп,
Табандап найза салады.
Сайын сынды әкесін
Танымады со бала.
Сайын сонда айтады:
«Сайын әкең мен, — деді, —
Көрісейік кел, — деді, —
Есенбісің сен?» — деді.
Аттан түсе қалады,
Суырып найза алады.
«Жазалы болды қолым-ай,
Ерлік қылған құрысын,
Мұнан былай жоламан!»

«Құрымасын жолың, — деп, —
Жазалы болмас қолың, — деп, —
Атаң мұнан нағылсын?
Неше ердің көрмедім
Бұл сықылды найзасын.
Көріп жүрмін Жасаған
Бір Алланың пайдасын.
Атаң мұнан өлмейді,
Тек жүрегің қорықпасын!
Бар, Киікбай, бар, — деді, —
Қобыландыдай атаңнан
Барып сүйінші ал! — деді. —
Тастап кеткен Ер Сайын
Жазылып келді сау», — деді.

Киікбай қолға шабады,
Ат аямай барады.

Тіке салып сонымен
Қобыландыға келеді.
«Болып тұрған бұл шақта,
Қобыланды батыр, күніңіз,
Жаралы болған келіпті
Сайын атты іниіңіз.
Озып келдім мен сізге
Не бересіз, е, батыр?»

«Қуантқан үшін сүйіншіге
Тартып піскен торсықтай
Өзі сұлу Тайбурыл,
Рас болса келгені,
Ал, сыйладым мен сізге!»

Сайын сонда келеді,
Келгенін қарап Қобыланды
Танып, көрісіп біледі.
Атқа мініп, желеді,
Көп шүкірлік қылады.
Атқа мініп қайтысты,
Шәріне таман тартысты.
Шәрге есен келген соң,
Ноғайлының көп жұртын
Көріп, сәлем берген соң,
Бозмонай тұрып той қылды.

Аттанған жауын алысып,
Көңілдері тасысып,
Аман-есен қайтқанға
«Аллаға шүкір» көп қылды.
Той тарқап кеткен соң,
Батыр Сайын сөйледі:
«Енді дүзге жүрмелік,
Қолға найза алмалық,
Қалмаққа енді бармалық!
Қобыландыдай батыр-ай,
Киікбай мен Бөкенбай,
Екі ұлыңа бата бер!
Жолымызды берелік,
Үйіңе бар да жата бер!»


Айтқанынша Сайынның
Қобыланды бата береді:
«Алла ашсын жолыңды,
Ұзын қылсын қолыңды!
Танып жүргей, е, балам,

Оңың менен солыңды!»
Сөйтіп бата берген соң,
Қобыланды батыр қайтады.
Еліне барып, сол батыр,
Батырлық құрмай жатады.
Екі ұлының тұсында
Сайындайын батырдың
Іргесін дұшпан баспады,
Қолынан дәулет қашпады.
Ел шетіне жау келсе,
Сайын сынды батырдан
Киікбайдың ерлігі
Анағұрлым асады.
Екі ұлының тұсында
Бәрінің дайын болды тірлігі.
Үш алашқа жайылды
Екі ұлының ерлігі.
Өлген жерден тірілткен
Қалмаққа атын жүгірткен,
Сайын сынды батырдың
Сондай екен кеңесі,
Адамнан артық денесі.

Бірінші мақам

Орындаған: Тоқтасынов Жылыбек
Нотаға түсірген: Бекмұханбет Бауыржан

жүрдек



Бір құ - дай - ды ой - ла - ған, Но - ғай - лы - ның хал-қын - да

Оу! Сон - дай да бір бай бол - ған, Өз ал - ды - на шәр бол - ған.

Қа - ра ба - сы хан бол - ған, Бай - лы - ғы жұрт - қа заң бол - ған.

Екінші мақам

Оу! Шер кі-та-бың қой-ның-да Қош-қар-ды а-яп не-те-сің?

Жырдың қайырымы

Ая - ған ме-нен мал-дар-ды Қай тү - бі - не же - те - сің? Бер-ме - се де бар де - ді,

Қас-қыр же-ген бір қош-қар А-лып ке-ліп шал де - ді(и). и и и

и и и и и и и и и и и и и и и ей.





Василий Васильевич Радлов (Фридрих Вильгельм) *(1837—1918) — шығыстанушысы, этнограф, Ресей Ғылым академиясының академигі. Ұлты — неміс. Берлин университетін бітіргеннен кейін жас ғалым Ресейге қоныс аударып, тіл үйрену мақсатымен Алтай өңірінде оқытушылық қызмет атқарады. Осы кезден бастап түркі халықтарының әдеби мұраларын жинап, зерттеумен шұғылданады. Ол Еуразия аумағында бірнеше ғылыми экспедициялар ұйымдастырып, түркі және Сібір халықтарының мол фольклорлық мұраларын жинақтады. Соның негізінде 1870 жылы жарыққа шығарған «Түркі тайпалары халық әдебиетінің нұсқалары...» атты көптомдық еңбегінің 3-томында қазақ ауыз әдебиетінің мол үлгілерін жариялады. Олардың арасында ғашықтық, батырлық, тарихи жырлар, аңыз-әңгімелер, қисса-дастандар, айтыс үлгілері мен ақын-жыраулар мұрасы да қамтылды. Ғалым тарихи-салыстырмалы зерттеулерінің нәтижесінде Орта Азия, Қазақстан және Сібірдегі түркі халықтары фольклорының түп төркіні ортақ екенін дәлелдеді.*



Еділе батыр.
Суретші К. Князевич.

ЕР ЕДІГЕ

«Ер Едіге» жыры — XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырдың басындағы Алтын Орданың, Ноғай Ордасының, Әмір-Темір әулетінің, Дешті Қыпшақтың тарихынан мол мәлімет беретін жалпытүркілік мұра. Жыр сюжеті бір кездері тұтас Еуразия аумағына ықпал еткен тарихи тұлғаның өміріне, тарихи ортасына, күрес жолдарына қатысты түрлі тарихи оқиғалардан елес бергенмен, жырда көне эпосқа тән қиял-ғажайып оқиғалар да молынан кездеседі. Яғни жыр әйгілі тұлғаның атын иемденгенмен, оның құрылымы фольклорлық сана мен эпостық дәстүрге лайық ерекше сипатқа ие болған күрделі бітім құрайды.

Едіге туралы жырдың мазмұнын алғаш орыс жазушысы Г.И. Спасский жазып алып, «Сибирский вестникте» (1820) жариялады. Кейін зерттеуші А. Ходзько басқа да бірнеше нұсқасын Астрахань ноғайларының айтуынан хатқа түсіріп, ағылшын тіліне аударып, «Парсы халық поэзиясы» жинағына (Лондон, 1842) енгізді. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында эпостың Ш. Уәлиханов нұсқасын П. Мелиоранский (1905), тағы бір үлгісін Ә. Диваев (1896) бастырды. Едігеге қатысты жырлар кеңестік кезеңнің басында жарияланып тұрғанымен, 1939 — 1989 жылдар аралығында оған тыйым салынды. Тек Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін ғана жыр нұсқалары жинақталып, бірнеше дүркін жеке басылым көрді (1995, 1999, 2006).

Еліміздің сирек қолжазбалар қорында жырдың Ә. Диваев, М. Көпеев, Қ. Сәтбаев, Қ. Жапсарбаев, А. Өмірзақов, Мұрын жырау, Н. Кенжеғұлұлы т.б. жеткізген 15 нұсқасы сақталған. XX ғасырда «Ер Едіге» жыры туралы Қ. Сәтбаев, В. Жирмунский, Р. Бердібай, Ж. Асанов, Е. Мағауин сияқты ғалымдар арнайы зерттеулер жазды. Томды баспаға дайындау барысында оның қолжазба нұсқалары баспа үлгілерімен қоса салғастырылып, қалың оқырманға кеңінен мәлім болған Ш. Уәлиханов нұсқасы ұсынылды. Түпнұсқа Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (Р9 к-В 155).

Ерте заманда Баба Омар деген әулие бар екен. Он бесте әулиелік қылып кеткен екен. Сол уақытта бір қызға көзі түскен екен. Көзі түскен сол қыз аяғы ауыр болып, ұл тапты. Ол ұлының атын «Баба Түкті Шашты Әзіз» қойды. Жиырма бес жасқа келгенде, әулиелік қылып жөнелді. Ағұн дариясына барды. Дария жағасында алтын шашын алдына алып, тарап отырған қызды көрді. Қызға жақын жеткенде, ол суға шомып кетті. «Мен Баба Түкті Шашты Әзіз боламын, мен де соңыңнан шомайын!» — деп, қыздың артынан сүңгіп кетті.

Дарияның астында алпыс ақ отау тұр екен. Отауға кіріп барды. Ішінде ай десе, аузы, күн десе, көзі бар бұлғарыдай[1] бұлқыған[2], балауса жұпар аңқыған, сондай ғажайып қыз отыр екен. Қызды көрді де қайта шықты. Қыз етегінен ұстап:

— Иә, жігіт, қайда барасың? — деді.

— Мен саған сөйлессем, күнәкар боламын деп барамын. Мен сені іздегенім жоқ, жібер, — деді.

Қыз айтты:

— Егер мені алмай кетсең, он бестегі күнәм сенің мойныңда, — деді.

Жігіт: «Мен мұны алмай кетсем, күнәм жоқ болар деп едім, алмай кетсем, күнәм көп болады екен, алайын», — деп ойлады. Некелеп алды.

Қызға айтты:

— Менікі болдың ба?

— Иә, болдым, жігіт! Мен етігімді шешкенде, аяғыма қарама, көйлегімді шешкенде, қолтығыма қарама. Шашымды жуғанда, басыма қарама, — деді.

Бір күні етігін шешеді, аяғы ешкінің аяғындай, оны жігіт көрді. Бір күні көйлегін шешті, қолтығынан өкпесі көрініп тұр. Жігіт тағы көрді. Қыз көргенін білді. Аспанға ұшып кетті. «Қайран кет құдайым!» — деп қайтып түсті.

Тағы күндерде бір күні қыз шашын жуды. Бас терісін алдына алып, тарап отыр. Жігіт тағы көрді. Қыз аспанға ұшып жөнелді.

— Әй, жігіт, ішімде алты айлық балаң кетіп барады. Ніл дариясының басында, Құмкент шаһарының қасында баланды тастап кетермін, өзің іздеп тауып ал, — деді.

Сөйтіп, қыз кетті. Баба Түкті Шашты Әзіз баланы іздеп, Ніл дариясын қыдырды. Ніл дариясының басында, Құмкент шаһарының қасында жібек орамалға ораулы баласын тауып алды. «Елсіз, күнсіз жерде туды», — деп, атын «Едіге» қойды да, жауырынына таңып алды. Тоқтамыс ханның ауыл-жұртына алып келді. Ноғайлының жұрты екен. Үш жасына кіргенше қолында ұстап, молдаға берді. Баба Түкті Шашты Әзіз баласының бар парызынан құтылған соң ғайып болды. Онан соң бала сегіз жасқа шейін оқуда тұрды, тоқсан баламен бірге болды. Сол балалармен күрескенде, бәрін де жықты. Бәрінің киімдерін алып, бір жарға үйіп салды, киімдердің үстіне шығып отырып айтты:

— Міне, Тоқтамыс ханның тағының үстіне отырдым! — деді де, киімдерін қайтарып берді.

---

[1] Бұлғары — былғары.

[2] Бұлқу — былқиған.

Бір күні екі кісі келе жатыр еді. Едіге балаларға айтты:

— Өздерің сәлем бермеңдер, егер олар сәлем берсе, алыңдар. Егер «Сәлем бермедіңдер», — деп бізді сөксе, жауабын мен берейін, — деді.

Екі кісі келді, балалар сәлем бермеді.

— Балалар, неге сәлем бермейсіңдер? — деді. Едіге жауап берді:

— Бастап өзіңіз неге сәлем бермедіңіз? — деді.

— Біз үлкенбіз бе, жоқ сендер үлкенсіңдер ме? — деді Едігеге екі кісі. Едіге айтты:

— Біз — үлкенбіз.

— Сендер қалайша бізден үлкен боласыңдар? — деді екі кісі.

— Егер мен тоқсан баланың жасын санап салсам, сонда біз үлкен болмаймыз ба? — деді Едіге. Екі кісі сөзден жығылды да:

— Бағанағы дауымызды осыған салайық, — десті. — Әй, бала, даулы болып Тоқтамыс ханға бара жатыр едік, енді біз дауымызды саған саламыз. Бітіресің бе?

— Егер Құдай аузыма салса, бітірермін, — деді.

— Мынау — Алшын атасы Көкжалды мерген, мен — Кеңестің Кеңжанбайымын. Еділ мен Жайық менікі еді. Онан қашқан қоян да менікі еді. Жайықтың жағасында, Аққөлдің сағасында жатқан ақ қоянды көрдім де, «атайын» деп мылтығыма кеттім. Мен мылтығымды алып келгенше, Көкжалды атып алыпты. Соның төресін беріңіз.

Бала Көкжалдыдан:

— Сен қандай жерден аттың? — деп сұрады.

Ол қанша жерден атқан өлшеуін көрсетті.

— Егер бір төрелік берсем, екеуің де көнесіңдер ме? — деді бала. Баланың төрелігін екеуі де қабыл көрді. Қоянды алып, бір балаға құшақтатты. Кеңестің Кеңжанбайына айтты:

— Балаға тигізбестен, қоянды атқан жерден ат. Егер балаға тигізсең, құнын бересің. Оқ далаға кетсе, қояннан бейдамақ[1] бол, тигізсең, қоян сенікі болсын! — деді.

— Сенің бұл төрелігіңе көнбеймін. Тоқтамыс ханға барамын, — деп, Кеңжанбай ашуланып, кетті. Ұзамай, қайтып келді:

— Ұстат балаңа, атамын! — деді.

Балаға тигізбестен, қоянның қалаған жерінен тигізді. Едіге:

— Бұрын көрген сен, қоян сенікі!

Көкжалды:

— Бұл төрелігіңе көнбеймін, — деп ашуланып, кетті. Екеуі Тоқтамыс ханға барды. Кеңжанбай айтты:

— Бір төре болып еді, — деді. Тоқтамыс хан:

— Қандай төре болып еді? — деп сұрайды.

Кеңжанбай баланың берген төресін айтты. Сонда Тоқтамыс хан:

— Сол баланың төресі — төре, біз ондай төре бере алмаспыз да, — деді.

Сол бала Едіге сегіз жасқа келген соң оқудан шықты. Мал табамын деп біреудің қойын бақты. Бір күні төрт кісі келеді. Орталарында бір аяғы ақсақ жетегі бар. Төртеуі «Мынау көті боқ қойшыға жүгінейікші», — деп, Едігеге келеді. Төртеуі ағайынды екен:

[1] Бейдамақ болу /көне түрік/ — қамсыз, алаңсыз болу.

— Ортамыздағы бір қара еді. Осы ақсақ мал біздің еншімізге тиген еді. Осы ақсақ мал барып, көпірдің егініне түсіпті. Басы үлкен ағамызға, төрт аяғы төртеуімізге тиген еді. Көпір төрт аяғының тиген жеріне төрт жүз ділдә сұрайды. Біз соған даулы болып отырмыз. Төрелігін бересіз бе? — деді.

— Алла аузыма салса, берермін, — деді. — Мынау ақсақ аяғы қайсыңызға тиесі еді? — деп сұрады. Ең кішісі:

— Маған тиіп еді, — деді.

— Ендеше, төлеуден сен бейдамақ бол! — деді. — Екі жүзін басын алған аған тартсын. Екі жүзін екі аған тартсын, өйткені ауру аяғын сау аяғы сүйреп барып бастырған, — деді. Үш ағасы:

— Бұл қылған төреңе көнбейміз, — деп, Тоқтамыс ханға барды. Хан алдында кішісі:

— Біз біреуге жүгініп едік, — деді.

— Жүгінген уақытта қандай төрелік беріп еді? — деп сұрады хан. Баланың берген төрелігін айтты. Сонда хан:

— Соның төрелігі — төрелік, мен ондай төрелік бере алмаймын, — деді.

Тағы бір күні бір атан түйені жетелеген екі кісі келе жатып:

— Мынау қойшыға жүгінейік, — десті. Келді.

— Иә, қойшы, осы түйеге даулы болып келдік, төрелік бересің бе? — деді.

— Беремін, — деді. Біреуі айтты:

— Осы менің бота күнінде жоғалған түйем екенін танып тұрмын. Ұрлаған ұрым — осы.

Едіге екіншісіне:

— Сен сөйлеші, — деді.

— Өз түйемнің ботасы, өз бурамның баласы. Бұл маған жала жауып тұр!

— Сендерде енесі бар ма? — деп сұрады Едіге:. — Бұл жерде бір арқан керек. Екі іңгенді алып келіңдер, төрелігін берейін, — деді.

Сұраған нәрселері даяр болған соң Едіге атанның тақымына арқан салып, бұрады. «Жоғалтып едім» дегеннің іңгені атанның үстіне боздап түсе қалды. Бала айтты:

— Мұның ұрлатқаны шын, сенің ұрлағаның шын екен. Мұның түйесін бер! — деді.

— Ол төрелігіңе көнбеймін, — деп Тоқтамыс ханға барды. Дауды айтты. «Сондай біреу төрелік етіп еді», — деп, қойшының төрелігін айтып берді.

— Соның төрелігі — төрелік, мен ондай төрелік бере алмаймын, — деді хан.

Тағы да қой бағып жүргенде, екі қатын, екі еркек — орталарында бір баласы бар, балаға таласып келді.

— Мынау қойшыға жүгінейік, — десті.

— Жүгінсек, жүгінейік, — деп, төртеуі бірдей алдына келеді. — Иә, қойшы, біз даулы болып келеміз, төрелік бересің бе?

Едіге:

— Төрелік берейін, — деді.

Бір қатын мен еркек айтты:

— Осынау баланы бесікте жоғалтып едік. Жүгіріп жүргенде көріп, таныдық.

— Мен он ай көтеріп, омыртқамды бүгілтіп тапқан балама жала қылып, жабысады, — деп соңғы екеуі айтты.

Мәзкүр[1] төртеуіне айтты:

— Төрелік беремін, көнесіңдер ме? — деп.

— Көнейік, — деді.

Баланың екі қолынан екі қатынға ұстатты. «Жоғалтып едім» деген қатын үндемей тұр, анау қатын:

— Не қылсаң да мейлің білсін, — деді. Сол уақытта:

— Семсермен баланы екеуіңе бөліп беремін, — деп, семсерді көтерген сәтте «жоғалтып едім» деген қатын білегінен ұстай алды.

— Өлтірмеңіз, менен туған бала болса, өскенде мені табар, — деді. Сонда үндемеген қатынға айтты:

— Сенің ұрлағаның шын екен. «Өлтірсе, өлтірсін», — деп үндемедің. Ал шын анасы өз баласын қимаса да өлтіруге аяп, білегімнен ұстай алды. Мұның баласын бер! — деп бұйрық қылды.

«Өзім таптым» деген қатын мен еркек:

— Бұл төрелігіңе көнбейміз, — деп, Тоқтамыс ханға барды. Төрелік тимеген қатын еркек айтты:

— Біз даулы болып, сізге жүгінейік деп келдік.

Нақ баланың шешесі айтты:

— Бір төрелік болып еді, — деп. Хан:

— Қандай төрелік болып еді? — деп сұрады. Қойшы баланың берген төрелігін айтты. Хан:

— Соның төрелігі — төрелік, мен ондай төрелік бере алмаймын, — деді.

Мұнан соң Тоқтамыс хан:

— Төрт мәрте төрелік берген қандай кісі?! Мұнда шақырыңдар! — деді. Дереу Едігені ханның алдына алып келді. Хан сұрады:

— Төрт мәрте төрелік берген сен бе?

— Мен, тақсыр.

— Атың кім? — деді.

— Атым — Едіге, — деді. Үстіндегі киімі сондай жаман екен. Хан:

— Бұл жаман киімдеріңді таста, — деді.

Жауырындары жақталы[2],
Түйме бауы тартпалы,
Ал қара кіс[3] тон берді.
«Мұны үстіңе ки, — деді, —
Көк ала жорға ат мін, — деді. —
Көнте[4] белбеу бу, — деді. —
Ұшан теңізді айнал, — деді. —
Тұтам бауы сом алтын
Ақсұңқар құс беремін.
Көл айнала шүй, — деді. —

[1] Мәзкүр /араб/ — аталмыш, айтылған.

[2] Жақталы — жақтаулы, жақталған.

[3] Қара кіс — терісі бағалы аң, құндыз.

[4] Көнте — көн тері, былғары.

Қырымнан қиын дау келсе,
Едігем, соны сен бітір! — деді. —
Қырымнан қалың жау келсе,
Едігем, соны сен қыр!» — деді.

Еділе дауды бітірді, жауды қырды. Тоқтамыс хан тыныш болып, жайына тұрды. Жұртты билеп, билігін алды. Сөйтіп тұрды. Күндерде бір күн Тоқтамыс ханның ханымы айтты:

— Осы алып жүрген жалшы балаңыздың аруағы сіздің аруағыңыздан басым екен, — деді. Хан айтты:

— Әй, тентек ханым, есігімдегі жалшының аруағы неғып менен артық болсын? — деді.

— Сіз білмеген екенсіз, «Алла жар болсын!» — деп кіріп келгенде, өзіңіз селк етесіз. Сескенгеніңізді өзіңіз білмейсіз. Егер де біздің сөзімізге иланбасаңыз, киіміңіздің етегіне тебен ине түйрейін, селк еткеннің белгісі мәлім болар.

Сол уақытта Еділе: «Алла жар болсын!» — деп, есіктен еніп келгенде, хан селк ете түсті. Түйрелген тебен ине ортасынан екі үзіліп, аспанға ұшты.

Ханымы айтты:

— Енді білдіңіз бе Едігенің аруағының зорын?

«Аруағын түсірейік», — деп ханым, бір аяқ қатық ұйытып, ішіне зәрін араластырып қойды. Еділе келіп, отырған соң қатықты қолына берді. Үңіліп қарап, жанынан пышағын суырып алып, қатықты төрт тіліп, ортасын бұлғап, көтеріп ішіп салды. Ханым айтты:

— Еділе, тәтті ме екен?

— Ыдысы ескі болмаса, тәуір екен, — деп, үйден шығып кетті. Ханымға хан айтты:

— «Ыдысы ескі болмаса, тәуір екен» дегені несі?

— «Кәрі қатынның зәрі болмаса, тәтті екен» дегені.

— Пышақпен осып-осып ішкені несі?

— «Жұртыңды төрт бөлек қылармын» дегені. Ортасын бұлғап ішкені — «Жұртыңды осындай қылып бұлғармын» дегені.

— Онда мұны өлтірейік.

Ханым айтты:

— Мұны бүйтіп жүргенде өлтіре алмассыз, — деді. — Арап-сарап[1] жияйық, алпыс басты ақ орданы шетке тігейік. Ноғайлы жұртының баржоғын жиыңыз. Едігені аяқшыға қойыңыз. «Едігем, кел, батыр», — деп баршасы арақпен сыйласын, мас боп жүргенде өлтірерсіз.

Едігенің алты жасар Аңғысын атты досы бұл сырларды естіп жүретұғын еді. Естігенін Едігеге айтты:

— «Кел, батырлап» зорлап аяқ бергенде, ішпей, осы меске құя бер, — деп, серке терісінен жасалған бір мес берді.

— Мен келген кісілердің аттанар жақ үзеңгі бауын қиып қоярмын. Сол мезгілде даладан өзіңе бір ауыз сөз айтармын, берік бол.

[1] Арап-сарап /жерг./ — арақ-шарап.

Арап-сарапты жиды, ақ отауды тікті, ноғайлының ауыр жұрты бар-жоғын жиды. Тоқтамыс Едігені алпыс алыпқа айдаладан аңдытты. Едігенің бала досы Аңғысын аттардың аттанар жақ үзеңгі бауын қиып қойды. Едігені үйге кіргізді. Аяқшыға қойды. Серке терісі месті ішінен буындырды. Едігені «кел, ішіп қойға» салып, әрқайсысы аяқ берді. Ішкенін ішіп, меске құйып жүр. Бойы қызып жүргенде Аңғысын досы үйінің тұсынан келіп қарап, айтты:

Табаны жалпақ тарлан боз
Түн қатуға көнсе игі.
Үстіндегі қамқа тон
Төрде отырған билерге
Құлық шақпаққа болса игі.
Менің атым — Аңғысын,
Берген саған алғысын.
Барлағайсың түнеугі
Сөзіміздің соңғысын.

Едігенің жадына түсіп, үйден шықты, бір аяғы босағаға тигенде, бір аяғы тарланның үзеңгісіне тиді. Қарауылға қойған Тоқтамыстың тоғыз ері бірі-бірін пышақтады. Тарланға атып мініп, садағын ерден алып, жөнеле бергенде, тарланның жамбасы жерге бір тиді. Жөнелді. Тоқтамыстың алпыс алыбы бастары түсіп, бата алмай қалды.

Сол кеткеннен Едіге кетті, Еділ мен Жайық арасынан өтті. «Бір тіл алып кетейін», — деп жатты дейді. Ноғайлының ауыр жұрты абдырады, айланып, кеңес таппады. Сонда Тоқтамыс тоғыз ерін алып келіп, есігінің алдына қойды. Бір-бірден шақырып, ақыл сұрады. Біреуін үйге енгізіп, Тоқтамыс айтты:

«Есенімде ескімді берсем, елемес,
Егескенде жыға тисем, кектемес,
Есентай ұлы Құдайберді батырым,
Сен бір толғашы», — деп еді.
Еңкейіп үйге кіргеннен,
Қол қусырып тұрғаннан,
Тұрды-дағы сөйледі.
Айтып еді бір сөзді,
Өкіліне[1] түспеді,
Байыбына бармады.
Оның бұл сөзін жаратпай,
Оған «Үйден шық!» — деді.

«Қос-қос пышақ асынған,
Қосалқы отау тіктірген,
Көшкенде байтал тарттырған,
Салтанатын хан ұлынан арттырған,

[1] Өкіліне түспеді — «санасына жетпеді» деген мағынада.

Мүйтендерден[1] ер шыққан
Екі бірдей Қосдәулет,
Егізіңменен кіріп, толғашы!» — деп еді.
Еңкейіп үйге келген соң,
Қол қусырып тұрған соң,
Толғап, толғап салып еді.
Ол екеуінің сөзін жаратпай,
Байыбына бармады,
Өкіліне түспеді,
«Екеуің де үйден шық!» — деді.

«Көшкенде көшін айналған,
Өткір семсер байланған,
Жау қарасын көргенде
Жауар күндей торланған.
Кетер құстай сайланған,
Алладан тілек тілеп зарланған,
Арғындардың басы едің,
Қарақожа батырым,
Сен бір кіріп, толғашы!» — деп еді.
Еңкейіп үйге кіргеннен,
Қол қусырып тұрғаннан,
Ол да толғап салып еді,
Өкіліне түспеді,
Байыбына бармады.
Оған да: «Үйден шық!» — деді.

«Қараңғыда жол тапқан,
Қапы жерде сөз тапқан,
Жауырының үлкен қақпақтай,
Айдарың үлкен тоқпақтай.
Адам тілін алмаған,
Өз райысы[2] болмаса,
Асу жерге бармаған,
Қарақыпшақ Қобыландым,
Сен бір кіріп ойланып,
Толғап көрші!» — деп еді.
Еңкейіп үйге кіргеннен,
Қол қусырып тұрғаннан,
Ол да толғап салып еді,
Оның да сөзін жаратпай,
Байыбына бармады,
Өкіліне түспеді.
«Енді үйден шық!» — деді.
«Қарт қояндай қасқарған,

[1] Мүйтен — қарақалпақ ұлтындағы ру атауы.
[2] Райысы — еркі.

Қараңғы меңіреу түндерде
Сансыз қолды басқарған,
Күнде бір сұңгі сындырған,
Ер көңілін тындырған,
Сұңғісіне кісі міндірген,
Алмаған жау қоймаған,
Ішсе, қанға тоймаған,
Елге бір аз да, жауға көп,
Ақбалтыр ұлы Уағым,
Мәнжүр ұлы Шуағым,
Егізіңменен бірге кеп
Толғап көрші!» — деп еді.
Егізімен екеуі
Үйге кіріп келгеннен,
Қол қусырып тұрғаннан,
Екеуі де толғап салып еді,
Олардың сөзін жаратпай,
Байыбына бармады,
Өкіліне түспеді,
«Екеуің де үйден шық!» — деді.

«Садағын қырық нарға тарттырған,
Салтанатқа үлде менен бүлде арттырған.
Тойға келсе, ерке едің,
Қасқита басқа кигенің
Алтайы қызыл бөрік еді.
Кеңесімнің бұрышы едің,
Кең қарнымның құрышы едің.
Кеңестің ұлы Кеңжанбай,
Шаршамайтын дүлділім,
Шалдырмайтын бұлбұлым.
Сен толғашы!» — деп еді.
Еңкейіп үйге кіріп келгеннен,
Қол қусырып тұрғаннан,
Ол да толғап салып еді,
Оның да сөзін жаратпай,
Байыбына бармады,
Өкіліне түспеді,
«Сен-дағы үйден шық!» — деді.

Ноғайлының ауыр жұрт
Абдырады, айланды,
Айланып кеңес таппады.
«Аузында отыз тісі босаған,
Сұм аяқты, сұпа[1] бөрікті,
Сыпыра сынды сұм жырау

[1] Сұпа — ұсқынсыз, көріксіз.

Жағын жібекпен тарттырып,
Салтанатқа үлде мен бүлдені арттырып,
Алып келші бері!» — деп еді.

Сұм аяқты, сұпа бөрікті,
Сыпыра сынды сұм жырау
Алып бір жетіп келгеннен,
Еңкейіп үйге кіргеннен,
Қол қусырып тұрғаннан,
Тұрады-дағы толғайды.
Толғайды да сарнайды,
Сарнайды да жырлайды.
Толғап, сарнап жырласа,
Сансыз ноғай қорлайды,
Өкіліне түскен жақсылар
«Бұл не оқиға болды?» — деп,
Шыдай алмай, жылайды.
Өкіліне түспес жамандар
«Қартайғанда қазымыр
Сандырақ басты», — деп,
Жүре-бара тыңдайды.

«Мен қартыңмын, қартыңмын,
Не көрмеген қартыңмын?
Бастықта бастық Бастық хан —
Оны көрген қартыңмын.
Одан соңғы Кедей хан —
Оны көрген кәріңмін.
Одан соңғы Ала хан —
Оны көрген кәріңмін.
Одан соңғы Қарахан —
Оны көрген кәріңмін.
Құлағы шұнақ Назар хан —
Оны көрген кәріңмін.
Он екі тұтам оқ тартқан
Онан соңғы Ер Шыңғыс —
Оны да көрген кәріңмін.
Мұнарасы қырық құлаш,
Өзден сұлтан Жәнібек —
Оны көрген кәріңмін.
Ұлы бабаң Домбауыл —
Соны көрген кәріңмін.
Жас та болса Тоғым хан —
Сені көрген кәріңмін!
Мен жүз сексен беске келгенде,
Шықпаған жан жүргенде,
Менен дәурен кеткенде,
Саған дәурен жеткенде,

Сонша хандар өткенде,
Кешегі кеткен еңселі,
Ерні салпы құбаша ұл,
Сонша жасқа келгелі
Сондай ерді көрмеген кәріңмін!

Артынан келіп сынасам,
Қаһардан пайда болғандай.
Алдынан келіп сынасам,
Лапыдан[1] пайда болғандай.
Сонау бір жалғыз кетер сол,
Сәтемір ханға жетер сол.
Сәтемір хан қол берсе,
Алла Тағалам жол берсе,
Қырқада біткен қырық адыр —
Қырық басып жүрер-ді.
Қырық күншілік шөліңе
Айдынды бұлақ салар-ды.
Бұт сауырлы күреңше ат —
Бұтқа тартып мінер-ді.
Екі түгей торыша ат —
Ылауға жайдақ алар-ды.
Алақаншық күндей боп,
Алды-артыңнан шығар-ды.
Ноғайлының ауыр жұрт,
Баяу жатқан қайран жұрт
Аш күзендей бүгіліп,
Аш бөрідей шүйіліп,
Шетіңнен қиқу асыр сап,
Ащылы сүрең салар-ды.
Есілдің екі жағы Қызылжар,
Аспадан суат салар-ды.
Ертістің басы қара дөң,
Екі арасын қосар-ды.
Алтыннан соққан Ақ ордаң
Күмістен соққан ақ есік,
Түсі суық шым болат,
Ұшыменен ашар-ды.
Төрге төсек салар-ды,
Төсі аршынды сұлуды
Сұлулығын аямай,
Төс астына алар-ды.
Керегеңді кертер де,
Туырлығың тілер ол,
Тіліп, тоқым қылар ол.
Тоқсан басты ақ орда —

1 Лапы /қарақалпақ/ — кенет, аяқастынан.

Тонамай ие болар-ды,
Торылы жылқы тобыншақ
Топтап жиып алар-ды.
Қанікейдей көріктіні,
Тінікейдей тектіні
Ат көтіне міндіріп,
Ал ендігін солдырып,
Тегін олжа қылар-ды.
Сонау бір жалғыз құбаша ұл
Әлі де ұзап кеткен жоқ,
Еділден әрі өткен жоқ.
Тоғыз мынау еріңді,
Тобыменен жібер де,
Алдап-сулап қасыңа ал,
Қасыңа ал да, басын ал!
Есен-аман кетсе сол,
Еділден арман өтсе сол,
Сәтемір ханға жетсе сол,
Осы өшін сірә да
Сенен алмай қалмас-ты», —
Деді-дағы сұм жырау,
Жағы түсіп, өледі.

Тоқтамыс тоғыз ерге айтты:
«Әй, тоғыз ер, тоғыз ер,
Сен тоғызың бар да көр.
Алдап-сулап Едігені,
Қасыңа ала көр!
Алдап-сулап қасыңа ал,
Қасыңа ал да, басын ал!
Тоғыз ер кетті алданып,
«Бір Алла!» — деп зарланып.
Еділдің бойына барғанда
Едіге отыр қасқайып.

Едігені көрген соң,
Жалбарынып, тоғыз ер
Айбарынан қорыққаннан,
Қасына барып жетпеді.
Сөйлесуге батпады.
Тоғыздан төртеу бөлініп,
Бір-бірінен өтілді[1].
Ең соңында өтілдің
Кеңестің ұлы Кеңжанбай
Келді-дағы сөйледі:
«Әй, Едіге, сен енді қайт-сана,

[1] Өтіл — ақыл-кеңес, өтініш, тілек, талап.

Қайтып Еділ өт-сана!
Еңсесі биік ақ орда,
Еңкейіп сәлем бер-сана!
Ернеуі жұқа сары аяқ,
Хан сарқытын іш-сана!
Жауырындары жақталы,
Түйме бауы тартпалы
Ал қара кіс[1] тон береді,
Үстіңе соны ки-сана!
Көкала жорға ат мініп,
Көн дауылпаз байланып,
Ұшан теңізді айналып,
Тұтам бауы сом алтын
Ақсұңқар құс береді,
Көл айнала шүй-сана!
Арбаң да арбаң жүгіртіп,
Адымын жерде қуыртып,
Арғымақ ат береді,
Салтанатқа мін-сана!
Құлағын біздей қадаған,
Кекілін қыздай тараған,
Жүргенде ізін санаған,
Бауырын тартып жараған,
Қысыр жылан өзекті,
Қолтырауындай танаулы,
Саптыаяқтай ерінді,
Сарымсақтай азулы,
От орындай тұяқты,
Қиған қамыс құлақты,
Табаны жалпақ тарлан боз
Ат береді, мін-сана!
Байтал бөліп береді,
Байлап, қымыз іш-сана!
Байтақ бөліп береді,
Падышалық өмір сүр-сана!
Алған жарың атақты
Омар ханның қызы еді,
Айтулының өзі еді.
Оймақтайын үзілді,
Сағынды да сарғайды,
Салқын түспей бар-сана!
Ыбыр-сыбыр екі жақ
Сыбырласып сөйлесіп,
Сыңқылдасып күлісіп,
Жең ұшынан жалғасып,
Ши түбінде сырласып,

[1] Қара кіс — терісі бағалы аң, құндыз.

Не дегенін біл-сана!
Тоқтамыстай хан иең
Саған өкпе қылады,
Өкпе пәни сөзіңді
Хан алдында арыз қып,
Өз аузыңнан айт-сана!
Кел, Едіге, бауырым,
Енді райдан қайт-сана!»

«Мен қайтпан-ды, қайтпан-ды,
Қайтып Еділ өтпен-ді.
Еңсегей биік боз орда —
Еңкейіп сәлем бермен-ді,
Еңсеме қатты иманнан
Болат шоқпар тиген-ді.
Ернеуі жұқа сары аяқ
Хан сарқытын ішпен-ді,
Ернім желге былғанды.
Жауырындары жақталы,
Түйме бауы тартпалы
Тон берсең де кимен-ді.
Иініме ноғай қотыр шыққан-ды.
Көкала жорға ат мініп,
Көн дауылпаз[1] байланып,
Ұшан теңізді айналып,
Тұтам бауы сом алтын
Ақсұңқар құс берсең де,
Көл айнала шүйе алман.

Қолымнан құт кеткенде.
Арбаң да арбаң жүгіртіп,
Адымын жерде қуыртып,
Арғымақ ат берсең де,
Салтанат қылып мінбен-ді,
Салтанат бізден кеткен-ді.
Құлағын біздей қадаған,
Кекілін қыздай тараған,
Жүргенде ізін санаған,
Бауырын тартып жараған,
Қысыр жылан өзекті,
Қолтыраудай танаулы,
Саптыаяқтай ерінді,
Сарымсақтай азулы,
От орнындай тұяқты,
Қиған қамыс құлақты

[1] Көн дауылпаз — көн теріден жасалған, соғыста, аңшылықта пайдаланылатын ұрмалы аспап.

Ат берсең де міне алман,
Ауымнан құт кеткен-ді.
Байтал бөліп сен берсең,
Байлап, қымыз іше алман,
Алла өзіме бермесе.
Байтақ бөліп сен берсең,
Падышалық сүре алман,
Алла, аруақ бермесе.
Алған жарым айтулы
Омар ханның қызы еді,
Сағынбақтан сарғайсын,
Салқын түспей барман-ды.
Ыбыр-сыбыр екі жақ
Сыбырласып сөйлесіп,
Сыңқылдасып күлісіп,
Ши түбінде сырласып,
Жең үшінен жалғасып,
Мен не дегенін білмен-ді,
Құлағым саңырау болған-ды.
Тексіз иең Тоқтамыс —
Енді еңкейіп барман-ды.
Өкпе пәни сөзімді
Көкте оғым зуылдап,
Зымырап барып айтпаса,
Сірә, аузымнан айтпан-ды!
Еркек боп атқа мінген соң,
Бір жол алып жүрген соң,
Қатындай болып қайтпан-ды!

Салпаң-салпаң жортармын,
Сары азбанға қосым артармын.
«Ұшайын» десем, қанат жоқ,
«Қонайын» десем, құйрық жоқ.
Әй, жалғыздық, қайтермін,
Сұм жалғыздық, қайтермін?!
Жалғыз да болсам кетермін,
Сәтемір ханға жетермін.

Сәтемір хан қол берсе,
Қыдыр Алла жол берсе,
Тілегімді мол берсе,
Қырқада біткен қырық адыр —
Қырық басып жүрмесем.
Қырық күншілік шөліңе
Айдынды бұлақ салмасам.
Бұт сауырлы күреңше ат —
Бұтқа тартып мінбесем.

Екі түгей[1] торыша ат —
Ылауға[2] жайдақ ілмесем.
Алақаншық күндей боп,
Алды-артыңнан шықпасам.
Аш күзендей бүгіліп,
Аш бөрідей сумаңдап,
Ноғайлының ауыр жұрт,
Баяу жатқан қайран жұрт,
Шетіңнен қиқу асыр сап,
Ащы сүрен салмасам.
Есілдің екі жағы Қызылжар —
Аспадан суат салмасам.
Ертістің басы қара дөң —
Екі айрығына қумасам.
Алтындап соққан ақ ордаң,
Күмістен соққан ақ есік,
Түсі суық шым болат
Ұшыменен ашпасам.
Төрге төсек салмасам,
Төсі аршынды сұлудың
Сұлулығын аямай,
Төс астыма алмасам.
Керегеңді кертпесем,
Кертіп, отын қылмасам.
Қос туырлығың тілмесем,
Тіліп, тоқым қылмасам.
Тоқсан басты ақ ордаң —
Тонамай ие болмасам.
Торылы жылқы тобышақ —
Топтап жиып алмасам.
Қанықейдей көріктіні,
Тінікейдей тектіңді
Ат көтіне міндірмесем.
Тегіннен олжа қылмасам,
Осы өшімді алмасам,
Дегеніме жетпесем,
Айтқанымды қылмасам.
Күні кеше жапандай
Есіл ерді еңкейтіп,
Екі тізесін жауыр ғып,
Кәмар[3] белін ауыртып,
Ніл дариясының басында,
Құмкенттің шәрі қасында
Баба Түкті Шашты Әзіз

[1] Түгей — жарамды, жаратылған қосалқы ат.
[2] Ылау — елден ат сұрап міну.
[3] Кәмар (кемер) /араб/ — белдік, белбеу.

Мені сонда тауып алып,
«Едіге» деп ат қойғанда,
Едіге атым құрысын!

Мен, мен-дүрмін, мен-дүрмін,
Менменсінген мінезден
Тауба қылған ер дүрмін!
Досымның отын сөндірмен,
Дұшпаным отын жандырман,
Өзім демес нәмартқа
Шаңқан боз ат міндірмен.
Тоқсанды жебе салдырман,
Асылын сұрамай, ас бермен.
Атасын сұрамай, дос қылман.
Өзім демес нәмарттың
Еңсесіне бір мініп,
Иманнан шоқпар төндірмен.
Мұнан әрі мақтанбан.
Мұнан әрі мақтансам,
Он екі тұтам оқ тартқан —
Бұрнағы өткен ер Шыңғыс,
Өзіменен тең дүрмін!
Тауға ұялар сұңқармын,
Тау бөктерлей жортармын.
Тұрлаусыз өскен құланмын,
Мезгілсіз жусап, өрермін.
Бұжығаннан[1] ащымын,
Шербет құйсаң, тұщымын.
Буыршыннан қаттымын,
Бұйдаласаң да еш шөкпен!
Буырылштан[2] асаумын,
Бұғалық салсаң, тоқтаман!
Өзім деген жақсыны
Өлгенімше боқтаман.
Шалғынды көл төңірек,
Шалулы сөзің не керек!
Қоғалы көл төңірек,
Маған қорлықты сөзің не керек!
Жекенді[3] көл төңірек,
Мені алдап, желген сөзің не керек!

Қарағайдан биік біткен терекпін,
Басымнан дауыл ұрса, теңселмен!
Қарағайға қайнап біткен бұтақпын,

[1] Бұжыған — қатты ашыған.
[2] Буырылш — құрық-жүген тимеген тұл асау, ересек жылқы.
[3] Жекен — сазды, батпақты жерлерде өсетін көпжылдық өсімдік.

Балталасаң, айырылман.
Еменге айыр біткен бұтақпын,
Еңкейіп келсем, оңдырман.
Қарағайға қарсы біткен бұтақпын,
Қарсылассам, оңдырман.
Қылтыңдаған күреңше ат,
Қыдырауды[1] жыққанмын.
Жағасы алтын кіреуке —
Жағаласып жыртқанмын.
Тоқсан баулы ақ көбе —
Тоғысқан жерде кигенмін.
Садақ толған сай жебе —
Саудыратып төккенмін.
Атанға тартсаң, ауырмын,
Батпанға тартсаң, бастырман.
Таразыға тартсаң тең дүрмін,
Мұнан әрі мақтанбан.
Жел ұсатқан қарт Көкшенің
Өзіменен тең-дүрмін.

Тұра тұршы, тоғыз ер,
Туған жерім айтайын,
Айтайын да қайтайын.
Баба Омар бабамды
Мен батамда көргенмін,
Баба Түкті Шашты Әзізге
Арқа беріп жүргенмін.
Әзірейіл сынды періштеге
Алты күн арыз еткенмін.
Жәбірейіл сынды періштеге
Жеті күн арыз еткенмін.
Омар менен Оспанға,
Әбубәкір, Сыздыққа,
Әзірет Әлі бабама
Арқа беріп жүргенмін.
Мұхаммед атты піріме
Мекке деген шәріңде
Барып, арыз еткенмін.

Тәңірі үйі Меккені
Үш айналып, зыр кешіп,
Бар күнәмнен пәк болып,
Сонда айрылып қайтқанмын.
Түсімде аян берді
Ақ шалмалы бір кісі,
Оқымысты дүр кісі.

[1] Қыдырау — «жалды», «мықты» деген мағынада.

Енді Едіге батырды
Шаужайға қағып, именіп,
Тоқтатамын деген қайсысың?
Тоқтамыстың тоғыз ер,
Сен тоғыз да мен жалғыз,
Мәнің болса кел, доңыз.
Қамшы тиер мойныңа,
Қан сорғалар қойныңа.
Шыдамассың бірда-ақ
Тарқы[1] қылған ойынымa.
Кеңестің ұлы Кеңжанбай,
Кеңесің кеткен боқ Жанбай,
Ашпа, көзің тесермін,
Сөйлеме, тілің кесермін.
Сенің атаң қара кісі еді,
Мал бергеннің құлы еді.
Енең қара кісі еді,
Ас бергеннің күңі еді.
Мен салпаң-салпаң жортармын,
Сары азбанға[2] қосым артармын.
Алла бір жалғыз жаратты,
Бір шыбындай қаріп жан
Кім алар деп қорқармын.

Осыны айтып, Едіге жөнелді де кетті. Тоғыз ер бата алмай қалды. Едіге одан-бұдан құралып, он сегіз кісі болды. Едігенің атқа жүруіне он жеті кісі шыдамады. Ас ішуіне қарны ашып, шыдамады. Бұлардың шыдамағанын Едіге ойлап білді.

«Әй, он жеті дос,
Біз жиылсақ — он сегіз!
«Мен шаршадым», — деп налықпа,
«Сусадым», — деп қамықпа,
«Қарным ашты», — деп тарықпа!
Тамағың сенің таусылса,
Тамақ тауып берейін.
Киімің сенің жыртылса,
Киім де тауып берейін.
Атың өлсе, төлейін,
Өзің өлсең, не дейін?
Арық атты көк жасық,
«Сірне» қылып, жесейік.
Жаңбырдан тұрған қызыл қақ,
Шербет[3] қылып ішейік.
Он жеті дос, сен өлсең,

[1] Тарқы — «өрескел», «дөрекі» деген мағынада.
[2] Азбан — піштірілген еркек мал.
[3] Шербет (шәрбат) /араб/ — тәтті, дәмді сусын.

Жаназаңды шығарып,
Баялыштан[1] от жағып,
Таза арулап көмейін.
Бәрін айт та бірін айт,
Мен тіріде өлмессің,
Он жеті дос, кедейім!»

Егіге бір күні түс көріп, шошып оянады. Ояна сала жолдастарына айтты:

«Әй, он жеті дос, сүйінші!
Түрегеліп, киінші.
Белінді қынай буыншы,
Беті-қолың жуыншы.
Мен бүгін бір түс көрдім,
Жақсылық түс сол болса,
Жақсылыққа жорышы.
Жамандық түс сол болса,
Осы он сегіз кісіні
Төңіректеп, қорышы.
Мен бүгінгі күн түсімде
Алтынды ерлі ақбоз ат
Жалынан тартып, мініппін.
Ақсұңқар құс болыппын,
Көкке таман ұшыппын.
Көкте жүрген періште
Оларға барып сөйлесіп,
Онан да аса ұшыппын.
Төбеде жүрген қоңыр қаз
Көк үстінде іліппін.
Тұр тауына қоныппын,
Төс етіне тойыппын,
Ол не болар, он жетім?»

Он жеті дос ұйлықты,
Ұйлыққанның белгісі —
Бір-біріне жилықты.
Еш амалды таппады
Тұрған енді бәрісі.
Бір ақылды тауыпты
Бар екен ішінде
Бір көп жасаған қарт кісі.
Түс жоруын сол тапты:
«Алтынды ерлі ақбоз ат
Түсіңізде сен мінсең —
Бар мұратқа жеткенің.
Көкке таман сен ұшсаң —

[1] Баялыш — шөлді, құмды жерде өсетін тікенді, бұталы өсімдік.

Жұрт алдына шыққаның.
Көкте жүрген періште —
Оларға барып сөйлессең,
Ерендер қолтықтап жүрген-ді.
Одан да асып сен ұшсаң,
Қызыр сүйеп жүргені.
Төбедегі қоңыр қаз —
Көк үстінде алсаң сен,
Төр тауына қонсаң сен,
Төс етіне тойсаң сен,
Сені жұртынан қуған Тоқтамыс —
Соны быт-шыт қыларсың,
Тояттап, мейірің қанарсың».

Ал жүріп кетті. Бір күні алдынан бір ақ, бір көк шатыр көрінді. Атын он жеті досына беріп, өзі сорға[1] аунап, бір таз көбеген[2] болып, шатырға барды. Қараса, өзі іздеп бара жатқан Сәтемір ханның қызын дәудің ұлы Қабантиын алып келе жатыр екен. Айдаған қырық биесі бар, зорлықпен алып келе жатқан қырық қосшысы бар екен. Бұларды көрген соң Едіге жолдастарына қайтып барды.

— Әй, он жеті досым, мен бара жатқан Сәтемір ханның қызын осы алып зорлықпен әкетіп бара жатыр екен. Енді мен барып, алыпқа қосшы болайын. Сендер осының қонған жеріне қонып, түстенген жеріне түстеніңдер. Мен сендердің тамақ-азықтарыңды әрбір жұқа бұтаның түбіне жасырып қойып кетермін. Тауып алып, тамақтанып, еріп отырыңдар, — дейді.

Өзі қайтып келіп, алыпқа қосшы болып тұрды, қырық қосшыдан артық қосшы болды. Едіге қырық қосшыға су тасытып, алыпты айламен далаға қондырды. Жасырын күн сайын бір биені сойып, кейінгі жолдастары үшін жұқа бұтаның түбіне қойып кетеді. Оны жолдастары алып, жеп, қонған жеріне қонып, түстенген жеріне түстеніп, еріп келеді.

Бір күні Едіге қыздан:

— Сен кімнің қызы едің? — деп сұрады.

— Мен Сәтемір ханның қызы едім, мені осы алып зорлықпен әкеле жатыр.

— Осы алыпты өлтіріп, сені есен-аман жұртыңа алып барсам, атаң мені жақсы көрер ме еді? — деп сұрады. Қыз:

— Егер мені есен-сау жұртыма алып барсаң, сені өзінен соңғы патша қылар, — деді.

— Алыптың қашан ұйықтайтынын маған айт, — деді Едіге. Қыз айтты:

— Мен саған қанша бауырсақ берсем, содан білгейсіз, — дейді. Бір күні жеті жарым бауырсақ берді. Едіге: «Жеті күн өтіп, түс жарымда ұйықтайды екен», — деп ойлады. Жеті күн өткен соң бір бауырсақтың жарымын берді. Қызға Едіге:

— Мен жолдастарыма барып, бір оғымды кезеп, бір оғымды тістеп келермін, сен төсін аша бергейсің, мен сонда атып салайын, — деді. Үйден

[1] Сор — тұзы аппақ болып бетіне шығып жататын жер.
[2] Көбеген — «ерте туған қозыдай» деген мағынада.

шығып бара жатып, алыптың оқ-жайын көрді. Қолына алып, тартып қарады. «Бекер қорқып жүр екенмін, күші өзімдей екен, артық емес», — деп, желіп жүре берді. Қырық қосшыны суға жіберіп, келсе, қалдырып кеткен аттарын жеп, он жеті жолдасы семіріп алған екен. Жолдастарына:

— Алладан тілеп тұрыңдар, бүгін ойын болады, — деді. Бір оғын кезеп, бір оғын тістеп, ұйықтап жатқан алыпқа жақын келіп, қызға:

— Төсін аша бер! — деді. Қарға жүнді, қозы жауырын, масақты[1] оғымен тартып өте шыққанда, алыптың бөксесі жатып қалып, кеудесімен сермегенде тарланның құйрығы қолына түсті, тартып еді, жата қалды.

— Бал аштырғанда, балгерлер айтушы еді, «Өзіңдей перінің қызынан туған Едігеден ажалың болар», — деуші еді, Сол қалтақ Едіге сен болдың ба? — деп, жаны шықты.

Едіге манағы суға жіберген қырық қосшыға жетіп барып:

— Не қып жатсыңдар? Алыбың бәрімізді «қырамын» деп жатыр! — деді. Қосшылар:

«Жалғызға жасақ болған,
Жаяуға таяқ болған
Едігені қайдан алып келерсің?
Қарны ашқа тамақ болған,
Аты жоққа ат болған,
Ол қайдан келер дейсің?! —

деп жылады.

Едіге бұлардан:

— Егер де Едіге келіп, алыпты өлтірсе, не берер едіңдер? — деп сұрады.

— Егер де Едіге келіп, алыпты өлтірсе, біз әркімнің жалғызы едік, бізге ерік берсе, біз жол батасын берер едік.

Едіге:

— Олай болса, Едіге деген ер — мен. Алыпты жаңа өлтіріп келдім, — деді. Сонда қосшылар:

— Біз әркімнің жалғыз баласы едік. Біз сізге жол батасын берейік, сіз ерік батасын беріңіз. Барып, ата-анамызды қуантайық, — деді. Едіге оларға:

— Ендеше бәріңе де ерік бердім. Барыңдар, Сәтемір ханға дұғай сәлем айтыңдар. «Алыпты өлтіріп, қызыңды Едіге есен-аман алып келе жатыр», — деп айтыңдар!

Қырық қосшының бәрі де батасын берді. «Жортқанда жолың болсын, жолдасың Қыдыр болсын!» — деп, жолға шығып кетті.

Сол қырық ердің батасы тиіп, Едіге ер болды. Қырық ер Сәтемір ханға барып айтты:

— «Едіге ер» деген бір ер шығып, алыпты өлтіріп, қызыңды алып келе жатыр, — деді.

Сәтемір хан қуанып, үш сан қол жіберді, «Күнге, желге тигізбей, Едігені алып келіңдер», — деп. Үш сан қол күндік, түстік жерге келгенде:

[1] Масақ — садақ оғының ұшы, үшкір жағы.

Жалғыз атты кедейді
Қайдан тауып аламыз?
Іздеткен хан тентек пе,
Іздеген біз тентек пе? —

деді де, кейін қайтты.

Едіге қайтқандарын біліп, ашу қылды. «Қашан болса да сендерді қырмасам ба!» — деп серт қылды. Енді ел шетіне барып кірді. Хан алдынан кісілер жіберіп, өз ордасының қасына түсірді. Төбел бие сойды. Төрт қырлап ошақ қазды. Сәтемірдің сансыз қолының барлығын жиды. Үлкен бір той қылды. Арап пенен сарапқа жұрты жаман тойды. Ақ некесін қиды, қызды Едігенің қойнына салды. Қыз:

— Мені алдың ба? — деді. Едіге:

— Алдым сені! — деді.

Қыз сонда бір байталды көрсетіп, айтты: «Сол байталға айғыр шапқан күні мен алыппенен ойнап едім. Биенікі су болса, менікі де су, — деді. Биені сойып қаратты. Сүр ет болмай, су болып тұр екен. Қыз:

— Ендеше өзіңдікі жеңер, — деді. Сонан соң қыз буаз болып, айы жетіп, күні толған соң бір ұл туды.

Қара кіске бөлетті,
Ал қара кіс батар деп,
Бала кіске бөлетті.
Алтыннан шүмек ойдыртты,
Күмістен түбек қойдыртты.
«Хан қасында туды», — деп,
Атын «Хан Нұралын» қойдыртты.
Беліне садақ будыртты,
«Көкірегі жаулы өссін», — деп,
Қашқан бір жауды қудыртты.
Хан Нұралын туғанда,
Сәтемірдің сансыз қол
Бары-жоғын жидыртты,
Төбел бие сойдыртты.
«Жалғызыма алғыс тисін!» — деп,
Арап пенен сарапқа
Сонда бір жұртты тойдыртты.
Үлкен бір той қылдыртты,
Көңілін солай тындыртты.

Нұралын он екі жасқа келгенде, асық атып ойнады. Торғай атып күн көрген жаман шалдың жіліншігін атқан асығы үзіп кетті. Шал айтты:

— Жүгірмек, менің жіліншігіме әлің жеткенше, әкеңді жұрттан қуып шығарған Тоқтамыс ханнан барып, кегіңді алсаңшы, — деді. Нұралын ашуланып, үйіне келді.

— Иә, ата, сіздің бойыңызда бұрыннан қалған ескі кек бар екен! — деді. Атасы Едіге кегін ұмытып бара жатыр екен, жадына түсіреді. Сәтемір ханға білдірді. Үш сан қол берді. Бұрынғы ішкен анты бар-ды. Едіге де қолмен бірге аттанды.

Қырқа да қырқа — қырық адыр,
Қырық басып жортыпты.
Қырық күншілік шөлдерге
Айдынды бұлақ салыпты.
Бұт сауырлы күреңше ат —
Бұтқа тартып мініпті.
Екі түгей торыша ат —
Ылауға[1] жайдақ алыпты.

Алдына жай төгіп, жалтыр-жалтыр судан ішіп барады. Жарандар сұрайды:

— Бұл қандай қуы жоқ, құтаны жоқ, жекені жоқ, борығы жоқ, неткен көлдер? — деп.

— Бұл — «қоғалы көл, қорлы көл, жекені жоқ, борығы жоқ сорлы көл» деген — осы көл.

Едігенің атқа жүруіне шыдамай, бір саны қайтып кетті. «Көрген судан су ішемін» деп, ауру болып, бір сан қол қырылды. Су құрып қалған жерлерде түтігіп, тағы бір сан қол қырылды. Аталы-балалы екеуі кетті. Алдында бір қара тау көрінді. Тауға келді. Едіге Нұралынға айтты:

— Бұл тау — Тоқтамыс ханның қарауыл қарайтұғын тауы. Бізден күндік, түстік жерде тұр, — деді. — Тоқтамыстың қарға бұтты қара кемпірі осы қара таудың басына торғай қонса да көретұғын. Берік болып шық, — деді.

Нұралын тауға шыға келді. Қарға бұтты қара кемпір қарауыл қарап отыр екен. Нұралынды көрді. Бірақ кісі екенін, қара құс екенін айыра алмады. Кемпір жұртына кісі шаптырды:

— Тауға бір қара шықты, құс екенін, адам екенін айыра алмай тұрмын, жұрт берік болсын! — деп. Нұралын атасына:

— Бір қара жәмші[2] алып кел, бір амал қылайын, ол кемпір не екенімді айырмай тұр, — деді.

Қара жәмшіні алып келіп, екі шетінен ұстап, құстың қанатындай қылып жайды, бір уыс топырақты шашып, таудан түсті. Кемпір жұртына кісі жіберді:

— Бейбіт болсын, қара құс екен, ұшып кетті, — деп. Жұрт бейбіт боп жатқанда, аталы-балалы екеуі ел шетіне кіреді. Ел қорқып, бүлінді. Тоқтамыс ханға хабар етті:

— Едіге екеулеп келіп ел шетіне жетті, — деді. Хан айтты:

— Әй, жұртым! Қойыңызды сойыңыздар, қол қусырып, алдына барыңыздар. Сіздерге тимес, менің үшін бүлінбеңдер, — деді.

Елдің бәрі қойын сойып, қол қусырып Едігеге барысты, қабыл алынды. Тоқтамыс ханның жұртынан айырылғандағы жыры:

«Едігем менің ер еді,
Едігемнің мінгені
Ауызы ақтан кер еді.
Едігемнің ашу ісі сол еді,
Өзінен бір жас үлкенге:

[1] Ылау — ауыстырып мінетін ат.
[2] Жәмші /парсы/ — мата.

«Әзіз ағам, сіз біліңіз», — дер еді.
Өзінен бір жас кіші тұрса,
«Үкем[1], сен тұра тұр,
Мен сөйлейін», — дер еді.
Едігемнің ескіден кегі бар еді,
Кете алмай-ақ жүр еді.
Көре алмасы көп болды,
Көтермесі жоқ болды.
Едіге сынды батырдан
Қапыда сөйтіп айрылдым,
Сұм жыраудың айтқаны
Ақырында дөп келді», —

деп жылап, тұрған жұрттың алдында Сыпыра жыраудың бастап айтқан жырын айтып, тоқпақ жалды торышаны алдырды. Тоғыз көзді кіреукені[2] киді. Жеті кетпеннен ағыс атады екен. Тоғыз көзді кіреукесінен өтпейді екен. Қарағай найзасына таянып, тоқпақ жалды торы атына мініп, жұртын жиып, айтқан сөзі:

«Ей, жігіттер, шоралар!
Орманбет би өлгенде,
Он сан ноғай өнгенде,
Саназар батыр жаудан
Жаралы барып келгенде,
Алаш та алаш болғанда,
Алашадан хан болғанда,
Аязды күндер аршындап,
Арасат[3] оты жанғанда,
Бура мұздан тайғанда,
Буыршын[4] бас көтеріп тұрғанда,
Ханнан қайрат кеткенде,
Биге медет енгенде,
Хан қашып, би қуғанда,
Хан Тоқтамыс қарланып,
«Байтағым», — деп зарланып,
Айтып жылай жөнелді:
«Әй, байтағым, байтағым,
Бастатып сені алдырттым,
Ал аман бол менен соң!
Байтағымның ішінде
Он сан менің ноғайым,
Сені тағы алдырттым.
Он сан ноғай ішінде
Үш жүз алпыс отау қазағым,

[1] Үкем /көне/ — «інім» деген мағынада.
[2] Кіреуке — оқтан, найзадан қорғану үшін жорықта киетін темір сауыт.
[3] Арасат /араб/ — Мақшар күні.
[4] Буыршын — аруана мен үлектен туған төрт жасар жас бура, іңген бұзар.

Сені тағы алдырттым,
Ал аман бол менен соң!

Он бес шорам арта алмас,
Он екі атан тарта алмас,
Байдалы туым, басты ордам,
Бастата сені алдырттым,
Ал аман бол менен соң!
Өзен де өзен, өзен су,
Өзектеп ордам қонған жұрт.
Өзектей соққан сом темір
Есігіме шынжыр болған жұрт.
Жағасынан балапан торғай ұша алмас,
Басқұрдан[1] баса қонса, жарылмас.
Балығы жылқы жусатпас,
Бақасы кісі ұйықтатпас.
Маралы бар киіктей,
Балдырғаны білектей,
Алмасы бар жүректей.
Еділ менен Жайығым,
Сені тағы алдырттым,
Ал аман бол менен соң!

Орманбет би өлген жұрт,
Он сан ноғай өнген жұрт.
Саназар батыр жауынан
Жаралы болып келген жұрт.
Бие сауған сүтті жұрт,
Қымыз ішкен құтты жұрт,
Атам күйеу болған жұрт,
Еңкейіп тәжім еткен жұрт.
Анам келін болған жұрт,
Иіліп сәлем еткен жұрт.
Көрікті туған сұлуым,
Алғаным келін болған жұрт,
Ақ бүркеншік салған жұрт.
Ал ендігін жаққан жұрт,
Қызыл маржан таққан жұрт.
Ақбоз атқа мінген жұрт,
Жалғыз да қарғам Қадірберді,
Қадірберді сұлтан туған жұрт.
Қапылы қамқа[2] жыртқан жұрт,
Он сан ноғай жиған жұрт.
Үлкен бір той болған жұрт,

[1] Басқұр — киіз үйдің ішін безендіру үшін әрі уық пен керегенің түйіскен жерін сыртынан бастырып таңатын өрнекті жалпақ құр.
[2] Қамқа — иі қандырылып өңделген жұмсақ қой терісінен тігілген қыстық киім.

«Жалғызыма алғыс тисін», — деп,
Қаріп[1] пенен қасерім[2]
Арап пенен сарапқа
Сонда жаман тойған жұрт.
Жабағылы нар тайлақ
Жардай атан болған жұрт.
Адасып қалған бір тоқты
Жайылып, мың қой болған жұрт,
Ал аман бол менен соң!

Жапырағын жайқалтқан,
Жардай атан семірткен,
Жарлыны байға теңгерткен.
Суы менен жары тең,
Құлыны менен тайы тең,
Өзені менен сайы тең.
Үш алпаты үлкен су,
Сені тағы алдырттым,
Ал аман бол менен соң!

Алыстағыны көре алман,
Жуықтағыға жете алман.
Жаяулық басқа түскен соң,
Алдымда қатер болған соң.
Сап-сап жүре, сап жүре,
Сай азамат қосылып,
Жауды жайқай ала алман.
Қарақыпшақ Қобыландым,
Сен секілді ерден соң,
Отырушы едік жайласып.
Көгорайға бие байласып,
Құлын-тайдай ойнасып.
Аяласып отырып,
Асылдан саба толтырып,
Тең-құрдасқа қосылып,
Өтіліп қымыз іше алман,
Ноғайлының ауыр жұрт,
Сен секілді елден соң!

Маңдайым күнге күймедім,
Табаным жерге тимедім.
Басқа зорлық түскен соң,
Жалғыз да қалқам Қадірберді,
Маңдайынан иіскеп сүймедім!
Бұл барғаннан барармын,

[1] Қаріп /араб/ — бейшара, кедей.
[2] Қасер /араб/ — байқұс, әлсіз, сұраусыз.

Телікөлден асармын.
Көкүлдінің көліне
Баса барып жатармын.
Тілеуімді тілеп тұрғайсың,
Аллам ие ес берсе,
Аруақтар дес берсе,
Он үш жыл айналғанда,
Қайта айналып келермін!» —

деді де, жүріп кетті.

Бара жатып сусады. Бір кемпірден бір аяқ ас сұрап ішті. Бара жатып алқынды. Тоғыз көзді кіреукені шешіп алып, бөктерді. Кіреукесі[1] қанжығасынан босап, түсіп қалды. Со барғаннан Телікөлге барды. Онан қорқып, Көкүлдінің көлін баса барып жатты. Қалған байтағына Едіге ие болды. Тоқтамыстың екі қызы бар еді. Едіге қызының біреуін алды, енді біреуін баласы Нұралынға бермек болып қойды. Нұралын Тоқтамыс ханды іздемек болды.

— Әй, балам, маған қырық ерден бата тиген-ді, іздесең, табарсың. Тауып, Тоқтамыстың басын аларсың, — деді.

Кеңестің ұлы Кеңжанбайы отыр еді:

— Қай жағыңнан жолығар екен? — деді. Едіге:

— Әйтеуір бір жағыңнан жолығар, — деді. — Егер жаны үшін жалынып сөз айтса, басын ал. Өзіңмен қарсыласып сөз айтса, бір ерге тимегейсің, — деді.

— Бұл қызды маған сақтап қоярсың, — деп, Нұралын жөнеліп кетті.

Хан Тоқтамыс ас сұрап ішкен кемпірден Нұралын да ас сұрап ішті. Бара жатып, тоғыз көзді кіреукені тауып алып, үстіне киді.

Көкүлдінің көлінде жатқанда Тоқтамыс ханның жүрегі дүрсілдейді, найзасы солқылдайды, көгорай жапырылады. Су толықсиды. Қызғыш құс үстінен түйіп-түйіп ұшады. Хан мұның бәрінен қорқып, зарланып жылайды:

«Бекер тұрып туламашы, торыша ат,
Күн-түн қатсам, тұрарсың.
Бекер тұрып дүрсілдеме, сұм жүрек,
Едіге екеу де, мен — жалғыз,
Сайысқан жерде тынарсың.
Солқылдама, ақ найза,
Сайысқан жерде сынарсың.
Бекер тұрып жапырылма, көгорай,
Бұл қатерден жан қалса,
Ноғайлының ауыр жұрт —
Басшы болып мен келсем.
Ен дәулетті байларым
Баса қонып үстіңнен,
Төрт түлік малын жайғанда,
Қу шөп болып соларсың.

1 Кіреуке — дөңгелек темір шығыршықтардан өрілген, жейде түріндегі торлы сауыт.

Толықсыма, тұнық су,
Дәулеті ен байларым,
Жылқыларын баса айдап,
Жалдатып бір суарса,
Құрдым батпақ боларсың.
Қиқулама, қызғыш құс,
Даусың зарлы байғұс құс,
Қанатың құшық, мойның бос.
Баттауық[1] толған жылқым жоқ,
Тор толған жұмыртқаң —
Етектеп алар ұлым жоқ.
Мен елімнен айырылдым,
Сен көліңнен айырылсаң,
Сен де мендей боларсың!
Бұл қатерден жан қалса,
Аллам ие ес болса,
Жұртымның ауыр көшіне
Бас болғандай күн болса,
Міністерлерім үстіңнен
Алғыр қара лашынын
Бастыра келіп сілтесе,
Сонда бір қорқып жымарсың!»

Қызғыштың тиіп шығып тұрған жеріне Нұралын жетіп келгенде, хан орнынан түрегелді. Бір-біріне сәлем беріп, Нұралын ханға:

— Ат! — деді. Хан:

— Жоқ, сен ат, — деді.

Хан үш мәрте атты. Өзінің жоғалтқан тоғыз көзді кіреукесінен өтпеді. Кезегі біткен соң:

— Өз құраныма жолықтым, — деп, хан басын ұсына берді. Нұралын басын кесіп алып, қанжығасына байлап, желіп жүре берді. Көрініп тұрған бір бәйтерекке түстенерге жетіп барды. Терек саясында бір адам қара арғымақты кесе қаңтарып, ұйықтап жатыр. «Өлтірейін», — деп ойлады да, «Ұйықтағанды өлтірген қатынның ісі», — деп, оятты. Адам сарнай түрегелді:

«Әй, Нұралын, Нұралын,
Еш бермесін мұрадың.
Тоғыз көзді кіреукем,
Оны неттің Нұралын?
Сауырғы бие сүті еді,
Байсалды жұртқа құт еді.
Тоқтамыстай хан ием —
Оны неттің Нұралын?»

Сонда Нұралын айтты:
«Тоқпақ жалды торыны

[1] Баттауық — батпақты жерде өсетін өсімдік.

Тонаған жерде мінгенмін.
Тоғыз көзді кіреукең
Өлтірген жерде кигенмін.
Сауырғы бие сүт болса,
Байсалды жүртқа құт болса,
Телікөлде ізін шығарып,
Көкүлдінің көлінде
Баса барып жеткенмін,
Теңкитіп басын алғанмын!»

«Әй, Нұралын, Нұралын,
Еш бермесін мұрадың!
Төбеге шыққан төртеуге
Төре берер күндер тумай ма?
Арқада тұрған алтауға
Аға болар күндер тумай ма?
Арқада тұрған Алатау
Ер аттар күндер тумай ма?
Төбедегі төрт жұлдыз
Таң атар күндер тумай ма?
Төбел торы ат құйрығы
Төрт шалуға келмей ме?
Қалған-құтқан ел болып,
Қадірберді сұлтан хан болып,
Бұрынғыдай ел болып,
Ту желкілдеп шықпай ма?
Бізге туған осы күн
Саған-дағы бір туып,
Шүйделі балта қолға алып,
Иініне бір міниіп,
Төбеншік көзді бабаңды
Төпелер күндер туар ма?..»

Атасының Нұралынға: «Қарсы сөз айтса, ерді өлтірме» деген сөзі бар еді. Сондықтан Нұралын тілін тартпай қасқиып тұрған жігітті өлтірмей, жүре береді.

Нұралын жолға кеткен соң Кеңжанбай жасырынып, «атасы мен Нұралынды шағыстырайын» деп, Едігеге жетіп келеді. Келді де Едігеге:

— Тоқтамыстың бір қызын қуантып, бір қызды қуартып қойғаның не? Бір дәуір сүргенде, екеуін де өзің алсаңшы, баланың ырысы өзінде емес пе? — деді.

Кеңжанбайдың шағыстырып отырғанын білмей, Едіге екі қызды да өзі алды. Үлде менен бүлдеге малды. Екі қолын екі қыздың үстіне салды. Бір заманда Нұралын кіріп келді. Ерні кезеріп, көзі бозарып, екі қыздың үстіне қолын салып отырған әкесін көрді. Сол заман ашуы келіп, атасына «Ә!» — дегенде, атасының көзі шықты. «Мә!» — дегенде қолы сынды. Едіге енді зарланып жылады:

«Әй тумағыр, тумағыр,
Сені қайдан тудырдым?
Сен туғанда, Нұралын,
Төбел бие сойдырдым,
Төрт қырлап ошақ қаздырдым.
Сәтемірдің сансыз қол
Бары-жоғын жидырдым.
«Жалғызыма алғыс тисін», — деп,
Қаріп пенен қасерді
Арап пенен сарапқа
Сонда жаман тойдырдым.
Сен туғанда, Нұралын,
Қара кіске бөлеттім.
Ал «қара кіс батар» деп,
Бала кіске бөлеттім.
Алтыннан шүмек ойдырттым,
Күмістен түбек қойдырттым.
Хан қасында туды деп,
Атыңды «Хан Нұралын» қойдырттым.
Белiңе садақ будырттым,
«Көкірек жаулы» өссін деп,
Қашқан жауды қудырттым.
Қарға қонбас қара ағаш —
Қаз қондырдың, Нұралын.
Құзғын қонбас қу ағаш —
Қу қондырдың, Нұралын.
Қу қанатын сал етіп,
Еділден көктей өттің, Нұралын.
Қара суға қан құйдың,
Суды қайдан ұрттарсың?
Қара арғымақ қатырдың,
Атты қайдан мінерсің?
Қара лашын қашырдың,
Құсты қайдан шүйерсің?
Жан дегенде жақының
Жалғыз атаң мен едім,
Алғаштан көзім шығардың,
Бергештен қолым сындырдың,
Қайда барсаң тынарсың?»

Сонда Нұралын айтты:

Қарға қонбас қарағаш —
Қаз қондырдым жұрт үшін.
Құзғын қонбас қу ағаш —
Қу қондырдым жұрт үшін.
Қу қанатын сал етіп,
Еділ-Жайық өзеннен

Көктей өттім жұрт үшін.
Қара суға қан құйсам,
Суды шәрбат ұрттармын.
Қара арғымақ қатырсам,
Ат тұлпарын мінермін.
Қара лашын қашырсам,
Құста сұңқар шүйермін.
Қаулы жерге өрт қойсам,
Шүйгін шөпті оттармын.
Жан дегенде жақыным,
Жалғыз әкем сен болсаң,
Алғаштан көзің шығарсам,
Бергештен қолың сындырсам,
Тәңірім үйі Меккені
Үш айналсам, тынармын», —

деп, жұртты екі бөліп алып кетті. Судың екі жағында екеуі жатты. Едіге жалғыз баласын сағынып, сарнап айтқаны:

«Терлігім алтын болмады,
Теңім мінер болмады.
Хан жиені, би ұлы —
Нұралын хан болмады.
Хан болғанның несі артық?
Өзіміздең соңғыға
Жора болып қалмады.
Алыстан қара көрінсе,
Айналысқан мырза ұлым.
Жуықтан қара көрінсе,
Толғанысқан мырза ұлым.
Жетекшісі келіссе,
Жер жаңылмас мырза ұлым.
Жеті дария қосылып,
Көбіктеніп тасқанда,
Желқайықтай омырауын
Желге беріп қасқиып,
Көктей өткен мырза ұлым.
Борай да борай қар жауса,
Керіскей[1] кигіз мырза ұлым.
Борасындап оқ жауса,
Темір шымды болаттай
Қалқа болған мырза ұлым».

Бір күні Нұралынның қатыны баласының құйрығына болат бізді сұғып алып, жылатты. Баласының жылағанына Нұралынның ашуы келді. Сол уақытта қатынның айтқаны:

[1] Керіскей — қыста, суық түсе киетін сыртқы киім.

— Қара кіске оратқан, алтыннан шүмек қойдыртқан, әлпештеп өсірген атаңа не көрсеттің? Бұл да бізге не көрсетер?

Нұралын өзін бір кісіге жетелетіп, бір кісіге қамшылатып, атасы Едігенің алдына барып, татуласты.

Тоқтамыс ханның баласы Қадірберді сұлтан жүз кісімен қашып кеткен еді. Жанына жиналған қалған-құтқан ел болып, Қадірберді сұлтанды хан сайлайды. Сол уақытта Қадірбердінің жылқысындағы бір Құлаша құлынында емді, тайында емді, құнанында арда емді. Дөненінде үйретті. Бестісінде жібек арқан сүйретті. Алтысында адуынды ат болды. Жетісінде желіктеніп толды. Сегізінде серіппей құлан атты. Тоғыз жаста әбден толысты. Он жасына келгенде пат[1] құндыздай өңісті[2]. Он бір жасқа келгенде оқжыландай қарғыды. Бір мезгілде Қадірберді садағын байланды. «Жұртқа құрбан боламын», — деп жұртын үш қайтара айланды. Ақылын ішінде сақтап, кіжінді. Құлашаға мініп алып, жұртына сырын айтпай, Едігені іздеуге жөнелді. Талтүсте ел шетіне келіп кірді. «Едігенің ордасы қайсы?» — деп сұрады. Бір адам: «Едігенің үйі анау!» — деп көрсетті. Көрсеткен үйге Құлашамен желіп келіп түсті. Үйіне еніп келісімен төрде жатқан Едігенің кеудесіне мінді.

— Кімсің кеудеме мінген? — деп сұрады. Сонда Қадірберді:

«Төбедегі төрт жұлдыз
Таң атудың кезінде,
Төбел торы ат құйрығы
Төрт шалуға келгенде,
Қалған-құтқан ел болып,
Қадірберді сұлтан хан болып,
Әуелгідей біздің жұрт
Желкілдетіп ту ұстап,
Шүйделі балта қолға алып,
Төрде отырған сіресіп,
Төбеншік көзді Едігенің
Шүйдесіне мінетін,
Бізге туған ауыр күн
Саған-дағы бір туып,
Төбеңдегі шүйдеңе
Төпелер кез болған-ды», —

деп, басынан үш қайтара секіріп түсіп:


— Ер болсаң, өлерсің, жаман болсаң, жүрерсің, — деді де шығып кетті. Бұл қорлыққа шыдамай, Едіге мен Нұралын — аталы-балалы екеуі де құсамен өлді. Қадірберді сұлтан қайтып келіп, жұртына хан болды. Өмірін кешіріп қалды.

[1] Пат /парсы/ — жарқыраған.
[2] Өңісті — өңденді, құлпырды.


Бірінші мақам

Орындаған: Өтешов Ақылбек
Нотаға түсірген: Балмағамбетов Бекарыс


жылдамырақ




Екінші мақам




2




Үшінші мақам




3




Төртінші мақам





Бесінші мақам





4
















Алтыншы мақам













Уәлиханов Шоқан (Мұхамедханафия) *(1835 — 1865) — қазақ халқының ұлы ғалымы. Ол алғашында ауыл мектебінде сауат ашып, араб, парсы, көне түркі тілдерін меңгереді. Кейін Омбы кадет корпусына түсіп, еуропалық деңгейде жан-жақты білім алды. Бұл біліктілігін халқының игілігіне жаратып, оның әдебиетін, тарихы мен этнографиялық мұрасын жинап, зерттеп, жарыққа шығарып, әлемге танытуды мақсат етті. Шәкірт шағынан бастап әкесінің көмегімен «Қозы Көрпеш—Баян сұлу», «Едіге» жырларының алғашқы нұсқаларын хатқа түсірді. Өзі жетекшілік еткен ғылыми экспедициялары кезінде қырғыздың «Манас» эпосын, қазақтың ертегілерін, аңыз-әңгімелерін, халық поэзиясының үлгілерін көптеп жазып алып, орыс тіліне аударып, оларға қатысты зерттеулер жазды. Олардың қатарында «Қазақ поэзиясының түрлері», «Орта жүз қазақтарының аңыз-әңгімелері», «XYIII ғасырдың батырлары туралы тарихи аңыздардан», «Жоңғария очерктері», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Алты шаһардың, яғни Қытайдың Нан-Лу провинциясының (Кіші Бұхараның) жайы» т.б. еңбектері бар.*



Қисса Нәріктің ұлы Шора батыр. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қоры. 127-бума, 5-дәптер.



Шора батыр.
Суретші І.Жақанов.

ШОРА БАТЫР

Қазақ халқының батырлық эпосында тарихи мәнімен де, көркемдік сипатымен де айрықша орын алатын айтулы шығармалардың бірі — «Шора батыр» жыры. Ол көбіне Қазақстанның оңтүстігі мен батысында кеңінен таралып, түрлі нұсқаларда сақталып қалған. Шығарманың батыс нұсқаларында тарихи сипат басым болып, басты кейіпкердің өлімімен аяқталса, оңтүстіктегі үлгілері төгілген жыр кестесімен ерекшеленеді және қуанышты оқиғалармен түйінделіп отырады.

Жырдың хатқа түсуі XIX ғасырдың екінші жартысынан бастау алады. Демограф-зерттеуші Б. Залесский қазақ жыршысы Мырзақайдан жазып алған алғашқы нұсқаны тәржімалап, поляк тілінде жариялаған (1884). Тағы бір үлгісін М. Әлиакбарұлы деген азамат «Қисса-и Нәріктің ұғылы Шора батыр» деген атпен Қазанда (1884) жарияласа, Ә. Диваев Майлықожа нұсқасын Ташкентте (1895, 1917, 1920) жеке кітап етіп бастырды. Кеңестік кезеңнің 40-50 жылдары эпосты жариялауға тыйым салынып, ел өз тәуелсіздігін жарияланғаннан кейін ғана оның барлық нұсқалары топтастырылып, жеке жинақ болып жарық көрді (2003, 2007).

Еліміздің сирек қолжазбалар қорында эпостың Мұсабай, Майкөт, Ә. Сариев, Молда Мұса, Б. Есдәулетов, Мұрын жырау т.б. жеткізген 30-ға тарта нұсқалары жинақталған. «Шора батыр» жыры туралы Ш. Уәлиханов, П.А. Фалев, В. Жирмунский, С. Сейфуллин, Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, А.С. Орлов, Р. Бердібай, Б. Қорғанбеков, А. Мамытов сияқты ғалымдар зерттеулер жүргізді. Антологияға жырдың қолжазба нұсқалары мен әр жылдары жарық көрген баспа үлгілері түгел сараланып, солардың ішінде ғалымдардан жоғары баға алған «М. Әлиакбарұлы нұсқасы (Қазан,1884) енгізілді. Бұл нұсқа М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалары қорында сақтаулы (127-бума, 5-дәптер).

Нәрік батыр өз жұртынан барып, Ақша ханға жолдас болып, көп заман жүрген еді. Бұл Нәрік Ақша ханға бек жағымды болып, талай жыл Ақша ханның қолында жақсы тұрды. Бір күні Ақша хан өзі сапарға жүрер уақыты болып, Нәрікке өз ел-жұртын аманаттап, жүрерге ниет етті. Ақша ханның бір жүйрік тазысы бар еді. Ол тазысы өзіне бек қадірлі еді. Нәрік батырға Ақша хан айтты: «Мен аман-есен қайтсам, саған бек зор мархаматым болар. Бұл тазыны бек жақсы қылып сақта, ешкім алмасын!» — деп, сапарға жүріп кетті.

Бір күні ханның үйінің қасынан қоян қашып бара жатқан-ды. Ақша ханның қызметшілері Нәріктен сол тазыны сұрайды. Нәрік байғұс: «Ханға қиянат еткен болармын», — деп, бермеді. Сол қызметшілердің ішіндегі бірі айтты: «Бұл қаңғырып келген Нәріктің сөзі бізге не керек», — деп, тазыны ұстап алып, қоянға жібереді. Қоянды қуған тазы елден қарасын үзіп кетеді. Қызметшілер іздеп, таба алмайды. Нәрік: «Енді ханға не деп жауап берермін?» — деп қайғырып, Ақша ханның бір арғымақ атына мініп, жылай-жылай далаға, қоян мен тазы кеткен тарапқа қарай кетті. Көп жерге барды. Бақса, бір іннің аузында тұрған қылышты көрді. Ол қоян мен тазының орына келгенде, қылышты қолына алып, сол іннің ішіне түседі. Іннің іші толған алтын екен. Нәрік оны көріп, қатты таңғалады. Іннің ішінен бір пұттай алтынды алып шығып, бір аулақ орынға қайта көмді. Біраз уақыттан соң Ақша хан сапардан қайтты. Нәрік байғұс ханның алдынан шығып, басынан кешкен мұңын айтып, түсіндірді. Хан айтты: «Сөйлемегін, ешбір қорықпа, нәсіп солай болған-дүр», — деді. Нәрік байғұс бек қуанып, шүкірлік айтты.

Бұл Нәрік біраздан соң сарғайып, жүдеп, ас-судан қалды. Бек арықтады. Сонда алтын көргенін ханға айта алмады. Хан мұның сарғайып, жүдеп кеткеніне бек қайғырып, «Неден бұлай болды екен?» — деп, түрлі тәуіптерге қаратыпты. Тәуіптер: «Бұның ішінде алтын қайғысы бар», — дейді. Ақша хан енді оны бір сыншыға сынатып, ол айтты: «Бұл Нәрік алтын көрген, соның қайғысы сарғайтып тұр», — дейді. Ақша хан Нәрікке:

— Алтын көргенің рас па? — дейді. Нәрік:

— Бір іннің іші толған алтын көріп едім, — деді.

Хан барып, сол алтындарды алды. Нәрік бұрынғыдан қадірлі болды. Ханға жағымды болды. Билік пен хакімдікке кірісті. Билердің барлығы Нәрікті күндеп жүрді. Нәрік бұлардың күндеп жүргенін біліп, ханға барып, «Елімді сағындым», — деп айтқан бір сөзі:

Арғымақ үйірін сағынар,
Сағынғанда не қылар?
«Тау көбелей желсем, — деп, —
Үйірімді көрсем», — деп,
Тұяғын тақыл бір тұқыл қағынар.
Ер туғанын сағынар,
Сағынғанда не қылар?
Дін тұрағы Мекке менен Мәдина,
Мәдина, Мекке еске алып,
Қоңыр салқын төске алып,

Күдеріден[1] алты тармақ
Бауларын мұның бек сайлап,
«Көбе[2] тонды кисем, — деп, —
Ауыр әскер ертсем, — деп, —
Дұшпанымды көрсем», — деп.

Сағынғанның белгісі —
Құймалы күміс, шын тоға,
Айыл да тұрман тағынар.
Ақсұңқар үйір сағынар,
Сағынғанда не қылар?
«Көк бұлттың ішінде
Көлденеңнен ұшсам, — деп, —
Көрдемлі[3] ханға ұшсам, — деп,
Тұғырына жете алмай,
Тақыл да тұқыл қағынар.
«Елім» демес ер болмас,
«Үйірім» демес ат болмас,
«Ұяласым» демес құс болмас.
Мезгіл болса, падишам,
Әркім де өз жұртын сағынар.

Дек ғазал[4]:
Қауыста қайтқан қараша
Қиқулап қонар көліне,
Өсіп бір өнген жеріне.
Садағым сала байланып,
Үш қысаңды айналып,
Іздеп келдім, падишам,
Сізден бір медет, падишам,
Болар ма деп беліме?
Ордада жатып, білмейсің,
Жақсының сөзі жетеді,
Жаманның қолы тиеді,
Бұл қорлыққа не үшін шыдайын?
Рұқсат болса, падишам,
Амандасып отырмын,
Қайтарға тұрмын еліме.
Өз жерімде жүргенде,
Еңіреп жүрген ер едім,
Адам да шықпас шеніме».

Хан: «Бұл Нәрік байғұс «Өз жұртыма қайтсам», — деп рұқсат сұрайды. Бұған қарсы бір жауап айтарлық кім бар екен?» — дейді. Сонда Меңдісұлу деген бір қыз сөйлейді.

[1] Күдері — әбден иі қанып жұмсартылған тері.
2 Көбе — батырлардың соғыста кебенек (киіз кеудеше) сыртынан киген сауыты.
[3] Көрдемлі — көрнекті, даңқты.
[4] Дек ғазал — мағыналы, мықты өлең деген мағынада.

Сонда Меңді сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
«Батыр-ау, төре, асыл-ау,
Таудағы өскен тастүлек,
Жемдесе дейді жемсауды,
Жемсауы бұның толғанда,
Жем берсеңіз, көрмес пе?
Өз жерінде жүргенде,
Қазы-қарта, жал жеген,
Шекер менен бал жеген,
Жаман атқа мінбеген,
Жаман киім кимеген,
Жамандармен жолдас болмаған,
Анайы артық туған сол еді.
Жеті түрлі тәттіні
«Же», — деп берсең, тұрмас па?
Шаруа малдың жақсысы —
Жез бұйдалы нар тайлақ,
Жетелетсең, тұрмас па?
Аты да жүр ме келіспей?
Қара арғымақ қатырып,
«Мін», — деп берсең, тұрмас па?
Киімі жүр ме келіспей?
Жағасы алтын ала тон,
Жарасатұғын киімді
«Ки», — деп берсең, тұрмас па?
Қызыққа жігіт айналар,
Қара лашын қайтарып,
«Шүй», — деп берсең, тұрмас па?
Шашын діліндәнменен[1] тараған,
Басына друфасын[2] ораған.
Бектер мінген бедеудей
Бауырынан жараған.
Бет ажарын қарасаң,
Жазғы да түскен сағымдай.
Ет ажарын байқасаң,
Тірісінен айырған, бидай ақ ұндай.
Қасы жайдай керілген,
Кірпігі оқтай тігілген,
Бұралып, белі бүгілген,
Қараған кісі үңілген,
Қастауыш[3] қасты аруды-ай
«Сүй», — деп берсең, тұрмас па?»

[1] Діліндән (дәндән) /парсы/ — тарақ тісі.
[2] Друфа /орыс/ — дуадақ. Ол кезде дуадақ қауырсыны қадалған орамалды сәндік үшін басқа ораған.
[3] Қастауыш — егіннің қара күйе болып кететін ауруы, қара түсті зиянды шөп.

Сонда хан айтады: «Ай, Нәрік батыр, сізге мәслихат болса, бұл қызды саған некелеп берейін», — деп, Меңдісұлуды Нәрікке берді. Нәрік пен Меңдісұлу екеуі қауышады. Бұлар бек жақсы, тату болып тұрады. Күндерде бір күн ханның халқы, билері Нәрікті күндеп, ханға: «Меңдіні сен өзің ал», —деп мәслихат қылады. Хан: «Мен ол Меңдісұлуды қалай етіп аламын?» — деді. Сонда билер: «Бұдан Шағым Керей ханға «өлтір» деп үшкіл[1] хатты жазып жіберсек, өлтірер, одан соң аларсың», — деді. Оны сонда жұмсап, қағаз жазып берді. Нәрік ол қағазды оқып қараса, өзін «өлтір» дегенін біліп, бармай, қайтып келіп, өзінің үйінде жасырынып жатты. Хан енді Нәрік Шағым Керей ханға кетті ғой деп, Меңдісұлуға кісі жібереді. «Меңдісұлуға қонақ болып барамыз, бізді қонақ етіп күтсін», — дейді.

Меңдісұлу ханды билерімен қонақ етіп, билер қайтып кетті. Хан Меңдісұлуға:

— Төсек салыңыз, бүгін біз қонақ болайық, — дейді. Меңдісұлу ханға:

— Ай, тақсыр, бір әңгіме айтайын, — дейді. — Тақсыр, біздің атамыздың байлығы өзіңізге мағлұм. Атамыздың тоғыз тоғай толған малы бар еді. Бұл малынан жылқысы бек зияда[2] өсер еді. Жылқысынан күнде бір ту бие жоғалып тұрған еді. Атамыздың жылқышысы: «Ай, тақсыр, күнде бір ту бие жылқыдан жоқ болып шығады, не ғажап? Өзіңіз атқа мініп, жүріп көрсеңіз», — дейді. Сонан соң атам атқа мініп, бір тауға келді. Таудың астында бір арыстан жатыр екен. Арыстанға айтыпты: «Ай, арыстан, сіз бізден рұқсатсыз бұл жылқыдан күнде бір ту бие алып жейді екенсіз», — дейді. Сонда арыстанға Алла Тағала тіл бітіріп:

— Ай, бай, сіз бай болған соң, сізден бізге ризық нәсіп болған-дүр, — дейді.

Сонда бай атам арыстанға айтыпты:

— Саған күнде бір ту бие ас болсын. Жылқышы күнде бір ту бие келтіріп берер, — депті.

Жылқышы күнде бір ту биені алып барып, таудың басына байлап қояды екен. Бір күні байланған биені арыстан жемей қойыпты. Атам бұған келіп айтыпты:

— Ай, арыстан, бұл саған халал-дүр, не себептен жемедіңіз? — дегенде, арыстан:

— Біреуден қалған сарқытты мен неге жейін? — депті. Атам:

— Бұл ту бие өз жылқымның төлі, — дегенде, арыстан айтты:

— Бұл ту бие құлын уақытында бір бөрі келіп, артқы санынан тістеді. Бізге біреудің тісі тигені керек емес, — депті. Тақсыр, енді біз де сол қасқыр тартқан құлындай болып тұрмыз, өзіңіз білесіз... — депті Меңдісұлу жылап.

Меңдісұлу жылаған соң Нәрік батыр қылышпен ханның басын кесіп, Меңдісұлуды алып, Шағым Керей ханға қарашы болып тұрды. Үйі ішінде қараңғыда нұр пайда болып, Шора мен Шырын егіз туды. Шора онға келгенде Ақтанкер дейтұғын аты болды. Ол атты әуелгі Ақша ханның алты биі келіп, Шора үйде жоқ уақытта тартып алып кетіпті. Шора сол уақытта қайынында жатыр екен. Нәрік барып, түнде отауының сыртында тұрып, баласына бірер бәйіт сөйлегені:

---

[1] Үшкіл — үшбу.

[2] Зияда — артық, мол.

«Ай, батыр-ау, батыр-ау,
Келгенімді айтайын,
Айтайын да қайтайын.
Ақша ханның алты би
Ақтанкерді әкетті.
Саған да келмей қайтейін?
Ақша ханның алты би
Ақтанкерді алды енді.
Басына ноқта салды енді,
Ноқталасып алды енді.
Ақша ханның алты би
Ақтанкерді жетелеп,
Халқына қарай төтелеп,
Еліне таман барды енді.
Қайрат етер халы жоқ,
Сексенге келген қарт бабаң
Жылай да жылай қалды енді».

Сонда батыр таң атқан соң Ақжелең атын мініп жөнелгенде, қасындағы Қарабек сұлудың сөйлегені:

«Бұқара жұртын жидырған,
Әшкере тойлар қылдырған,
Хақ некесін қидырған,
Алған жарың мен едім.
Кетсең, мені ала кет,
Өз атыңа сала кет.
Кетсең, маған жоқсың ғой,
Құрбаныңа шала кет.
Ақылы болса, айтар ол,
Кәрі анаңа бара кет».

Сонда Шора батырдың анасынан рұқсат сұрап тұрып сөйлегені:

«Баданалы көбе жарылса,
Бақыраш жамап болар ма?
Түбі балшық лай су,
Жылқы жапсам, қанар ма?
Шора менің арыстаным,
Тұғырдағы сұңқарым.
Торлық құсын қор еткен,
Аспандағы ақ бұлт
Араламай қонар ма?
Ақша ханның алты би
Ақтанкерді әкетті,
Оған да бармай қояр ма?»

Шора анасынан рұқсат алып, алты бидің артынан жетіп барады.

Сонда Шора сөйлейді:

«Ассалаумағалейкум, Әліби!
Аман-есен бе, Қалы би!
Ақтанкерді жетелеп,
Қалаңа қарай төтелеп,
Қайда бір кетіп барасың?
Қоңыралы менен Сары би,
Ақтанкер аттың басына
Қалай бір түсті ноқтаңыз?
Сөйлеселік, тоқтаңыз!
Қалдар менен Дәрі би,
«Ақтанкерді әкел», — деп,
Бұйырды ма ханыңыз?
Бұйрықпенен жиылып,
Шығып па едің бәріңіз?
Бұйрықпенен жиылып,
Шыққан болсаң бәріңіз,
Құр кетпеңіз, алыңыз.
Алпыс жылқы алыңыз.
Алып, ханға барыңыз,
Тарқар ма, билер, қаһарыңыз?»

Билер Шора батырдың сөзін тыңдамады.

Сонда тағы біраз сөз сөйледі:

«Арқада борай қар жауса,
Борасын маған борамас.
Арқадағы ақ киік
Адамнан пана сұрамас.
Тауда сұңқар түлесе,
Жанына қарға жоламас.
Таудағы сұңқар мен едім,
Ақша ханның алты би,
Ала қарға сен едің.
Атымды қалай ұстадың?
Бұл ақылың ұнамас.
Атымды енді қоя бер,
Қылыш бір тиер мойныңа,
Қан сорғалар қойныңа!
Сен билердің құныңды
Менен де кісі сұрамас.

Шамырқанып, шамданып,
Шар темірдей шарланып,
Буырқанып, бұрсанып,
Мұздай темір құрсанып,

Артыңнан қуып келген соң,
Ақтанкерді алмасам,
Жылқышыға жер болып,
Қойшыларға жер болып,
«Қорқақ Шора» атанып,
Халқыма қайтіп мен сияйын?
Біреуіңнен қан алмай,
Ашуымды қайтып тияйын?
Артыңнан қуып келген соң,
Ақтанкер атым бермесең,
Артық туған енеңді,
Жалғыз аттай көрмесең,
Лашын алған құдайын,
Көк желкеңнен қияйын.
Алтауыңды өлтіріп,
Қоғалы көлдің басына
Сүйегіңді бәріңнің
Арық қойдай жияйын!»

Ақша ханның алты би
Бір ат үшін өліпті.
Алты бидің жазасын
Батыр Шора беріпті.
Алты биді өлтіріп,
Дегеніне келтіріп,
Қайта Шора желіпті.
Нәріктен хабар жеткен соң,
Шалкезұлы Құлыншақ
Іс өткен соң келіпті.
Алты бидің сүйегін
Әркімдер-ақ көріпті.
Алты биді өлтіріп,
Салды Шора бүлікті.
Ер Шораның қылғанын
Жұрттың бәрі біліпті.
«Билер кімге жағымды?
Өлсе бәлем жатсын!» — деп,
Есіткен кісі барлығы
Ол билерге күліпті.

Әлқисса, Ақшаның алты биін өлтіргенсін, Шора батырдың «Қазанға барамын», — деп сөйлегені:

«Қазыналы Қазанды
Кәпір алды», — дегенсін,
Анығын оның білгенсін,
Еңіреп жүрген Ер Шора
Қарабекке қарамай,
Қазанға қарай жүрді енді.

Әлқисса, Шора «Қазанға барамын», — дегенсін, атасы Нәрікпен біраз мұңдасып, айтқаны:

«Тасжүректі балам-ау,
Есіне мені ала ма-ау?
Мені есіне алмайды,
Көзімнің жасын төксем де.
Өзім де жеттім сексенге,
Қуатым жоқ бөксемде.
Жалғыз бір көзге шөп тиіп,
Сөнді ғой көздің шырағы.
Арыстаным менің кетті ғой.
Шорадай ұл туар ма,
Жер жыртып, егін ексем де?
Жалғыз көзге шөп тиіп,
Сөнді ғой көздің шырағы.
Арыстаным кетті ғой.
Бұл — дүниенің болды ғой
Бір тарылған аймағы.
Қазыналы Қазанды
Сол көпірден айырсаң —
Тигей еді сауабы.
Тіл алмасаң, енді жүре бер,
Қалсам да жалғыз, қайтейін,
Жалғыздыққа үйренген,
Атаңмын, Нәрік шырағым».

Әлқисса, Шора «Қазанға барамын», — деп анасынан рұқсат сұрағанда, анасы Меңдісұлудың жылап сөйлегені:

«Баданалы көбе[1] жарылса,
Бақыраш жамап болар ма?
Түбі батпақ лай су
Малды жапсам, қанар ма?
Шора менің арыстаным,
Тұғырдағы сұңқарым.
Торлық құсын қор еткен
Аспандағы ақ бұлт,
Араламай бір қонар ма?
«Қазыналы Қазанды
Көпір алды» дегенсін,
Анығын оның білгенсін,
Арыстаным, сұңқарым,
Еңіреп жүрген шырағым,

[1] Баданалы көбе — кіреуке сауыттың кең көзді бір түрі.

Қолда қуат барында,
Оған бармай тынар ма-ау?
Жетпіске келген қарт анаң,
Сексенге келген қарт бабаң,
Қайта жасап, ұл тумас.
Артыңда неше ұл туса да,
Еңіреп жүрген шырағым,
Сенің орның толар ма?

Тоғыз ай, он күн көтерген,
Дайғы[1] қылдың күшімді,
Жандырдың оттай ішімді.
Жолдастыққа ерте көр
Керекті сүйген кісіңді.
Тіл алмасаң, бара бер,
Мен қайтейін, шырағым,
Қиямет күні болғанда
Көргізген тағы түсімді?
Ерінсең, ермек етерсің,
Көзге күйік қылғанша,
Көзі жайнап тұрғанша,
Алып кет тағы, шырағым,
Мына ақсұңқар құсыңды».

Әлқисса, сонда Шырын қарындасы зарланып, ағасы Шораға сөйлейді:

«Ай, жан ағам, жан ағам,
Кімге тастап барасың
«Қырым» деген шаһарыңды?
Тоғай толған малыңды?
Жүзі күндей балқыған,
Иісі жұпар аңқыған,
Бұғағы[2] судай толқыған,
Кімге тастап барасың,
Ақ некелі жарыңды?
Артыңды даулы қылып барасың,
Алты биін өлтіріп,
Ақша деген ханыңды.
Ай, жан ағам, сенен қалмаймын,
Күндердің күні болғанда,
Басқа тарлық түскенде,
Өзімді-өзім бауыздап,
Саған құрбан қылармын
Бір шыбындай жанымды».

[1] Дайғы /араб/ — бекер, босқа.
[2] Бұғақ — иек, тамақ асты.

Әлқисса, сонда қарындасы Шырынға Шора батырдың назым айтқаны:

«Берген жанын өзі алар
Бір Жасаған Құдайым.
«Мені жаудан өлер», — деп,
Ай, күнім, жеме уайым.
«Қазыналы Қазанды
Кәпір алды» дегенсін,
Анығын оның білгенсін,
Далада Шора болғанша,
Өзімді-өзім сынайын.
Қазанда бар-ды сендей арулар,
Аузы түкті сары орыс
Теңдіксіз жылатып жүрді ғой.
Өзім Шора болғансын,
Оған бармай қайтіп тұрайын?»

Әлқисса, сонда қарындасы Шырын Шора батырға назым айтқаны:

«Қазанды орыс аралап,
Қол салып па байы менен биіне?
Есен барып, сау қайтсаң,
Тұлпарың тоқта шаппағын,
Келтіріп мін күйіне.
Жан ағам тірі жүргенде,
Аузы түкті сары орыс
Теңдіксіз қолы жетті деген не болар,
Біз пақырлардың етіне?»

Сонда Шора сөйлейді:
«Аспандағы көп жұлдыз,
Аумайтұғын орнынан
Темірқазық сен едің.
Жер үстінде көп адам,
Табаны оның таймайтұғын
Арыстан туған — мен едім.
Орнынан Темірқазық аумаса,
Аспаннан тас бұршақтай жаумаса,
Тізгін тартып тоқтаман,
Ай, күнім, қош аман бол, жөнелдім!»

Әлқисса, Шора мен Құлыншақ батыр Қазанға бара жатқанда, ноғай елінің ішінде Мақтым ару деген қыз Шораның Қазанға бара жатқанын естіп, Шора батыр оның үйіне тура келе жатқанын, қыз жоғары шарбақтың үстіне шығып, дүрбі арқылы Шора мен Құлыншақ батырды қарап тұрған екен.

Шора аттанып келеді,
Ақтанкері астында,
Құлыншақ батыр қасында.
Шора арыстан сол уақыт,
Тақ он екі жасында,
Оқалы бөркі басында,
Ақсұңқары қолында,
Орманбет бидің он сегіз мың ноғайы
Арыстан Шора батырдың
Жүретұғын жолында.

Әлқисса, Шора жақындап келгенде Мақтым арудың назым айтқаны:

«Сымбатыңа қарасам,
Қара емессің, төресің.
Қара да болсаң, бола қал,
Қарадан артық туған данасың.
Оң қолыңа, шырағым,
Ақсұңқардан құс алып,
Оқалы бөркің басыңда,
Арыстаным, жөніңді айта кет.
Мен біліп бір қалайын,
Қай сапарға барасың?»

Әлқисса, Шора батыр Мақтым сұлуға қарап, біраз назым айтқаны:

«Төре емеспін, қарамын,
Көкістің ұлы тамамын,
Тама ішінде шыбамын[1],
Нәріктің ұғлы Шорамын,
Мен Қазанға барамын.
«Қазыналы Қазанды
Кәпір алды» дегенге,
Қайрат ете барамын!»

Мақтым сөйлейді:

Сонда Мақтым сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
«Шора батыр сенбісің?
Нәрік ұғлы сен болсаң,
Ноғайлының ішінде
Ару Мақтым мен едім.
Сен артық па, мен артық,
Иә болмаса, теңбісің?
Ай, батырым, арыстан,

[1] Шыба — таза, асыл.

Егер берсем, қолымнан
Тәтті тағам жеймісің?
Қазыналы Қазанды
Сол көпірден айырып,
Қайта бағыт қойғанда,
«Алдымда сұлу Мақтым бар ма?» — дермісің?»

Әлқисса, сонда Шора батыр Мақтымға сөйлейді:

«Қаратасың қасыңды,
Шығарасың шашыңды.
Үбрешіммен[1] қаптаған
Сала бір құлаш шашыңды.
Жалғаншыға болар от-жалын,
Көзден ағың төндірміш[2],
Қайғымен, жаным, ішіңді.
Ақ некелі болғаным —
Ойындық бізден басылды».

Мақтым сөйлейді:

Сонда Мақтым сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
«Жалаң қылыш белінде,
Ер қаруы ол еді.
Мылтығың жоқ мойныңда,
Уайымың жоқ бойыңда,
Бір күдік жоқ ойыңда,
Мұнан қайтіп өтесің?
Асқар-асқар тауы бар,
Ақ сабылдың[3] алдында
Қырық мың әскер жауы бар.
Оқалы бөркің басыңда,
Құлақшын бөркің сенің жоқ,
Үш тоқсан қаһары бар,
Жауатұғын қары бар.
Берсем, дәмім татпайсың,
Қайда барып оңарсың,
Мойныңда алты бидің қаны бар?»

Сонда Шора сөйлейді:
«Нәрікұғлы Шорамын,
Мен Қазанға барамын.

[1] Үбрешім /парсы/ — бүріліп тігілген жібек мата.
[2] Төндірміш — төндірмеші.
[3] Сабыл — жол бойындағы су ішетін, су таратылатын жер.

Мен Қазанға барғанша,
Қар жаумасын, нұр жаусын.
Мен Қазанға барған соң,
Қар жаумақтан қан жаусын.
Хақ тілекпен шыққанмын,
Тізгін тарттың нең үшін?»

Әлқисса, арыстан Шора батыр енді Қазанға барып, пішен базарында Қабыл мырза дегеннің үйіне келеді. Қабыл мырзаға кәпірлер келіп:

— Сізден салғырт үшін тауық жұмыртқасын алуға келдік, — дейді. Шора мен Құлыншақ бұны естіп тұрыпты. Қабыл мырзадан Шора мен Құлыншақ:

— Бұл кәпірлер мұнда не қылып жүр? — дейді. Қабыл мырза жөнін айтыпты.Шора батыр бұны есіткен соң ол кәпірлердің бастарын кесіп, біреуін үйіне қайтарыпты. Қабыл мырза бұны көріп, қорықты. Шора батыр:

— Кәпірден қорқып не қыласың? Қандайы болса да, иншалла, жайына салармыз, — дейді.

Сол уақыт кәпірден хабар келіпті:

— Қабыл мырзаның үйінде Шора батыр бар екен. Батырды ұстап алыңыз, — депті. Арыстан Шора батыр бұны естіп, бір назым айтқаны:

«Стамбұл, Қазан — қос шаһар,
Ежелгіден бері белгілі,
Мұсылманның медеу еді беліне.
Бұрынғы адамдар тентек-ау,
Қалай етіп салдырған,
Қазыналы Қазанды
Шынты[1] Мәскеу төріне.
Еділдің бірге қосылып,
Екі айырылған жеріне.
Енді біздің бұл шаһарда
Жатуымыз қанды ғой,
Тұруымыз енді не?

Қырым бір Қырым болғаны —
Қырымға қырық мың мешіт салғаны.
Бұл Қырымның ішінде
Қорлықсыз өскен ер едім.
Талшығыма күнінде
Тайлы бие жер едім.
Қазыналы Қазанды
Бұл кәпірден айырсам,
Ай, Құлыншақ, батыр-ау,
«Іс бітірдім», — дер едім.

Ақтанкерді әкелші,

[1] Шынты — нағыз, нақ.

Ерімді ерлеп мінейін.
Сауытымды әкелші,
Мұны үстіме киейін.
Мына тұрған кәпірге,
Алланы үш мәртебе айтып, тиейін!»

Қазанның Қабыл мырзасы
Құлыншақ пенен Шораны
Қыстай қонақ етіп сақтаған.
Алты мезгіл арпалап,
Ақтанкерді баптаған.
Шора аттанып келеді,
Қазанда болған батырдан
Алпыс батыр ереді,
Жау қарасын көреді.
Жау қарасын көрген соң,
«Бұл жау бізге болмас», — деп,
Алпыс батыр тоқтаған.
Құлыншақ батыр ашудан
Батырларды боқтаған.
Шора аттанып, шапқанда,
Шораның жолын ашқанда,
Батыр Шора аруағымен
Дария суы толып, қаптаған.
Атқан мылтық өтпейді,
Шапқан қылыш кеспейді,
Шора түгіл Құлыншақтың етінен,
Неге тайсын сертінен?
Бұл қырылған кәпірдің,
Қисабын алайын деп қараса,
Он екі арба толады,
Кескен секер құлаққа[1].

Шора аттанып келеді,
Ақтанкер аты астында.
Ақтанкердің тұяғы
Жерге тимей, ойнайды.
Шора арыстан шапқанда,
Соры қазандай қайнайды.
Қайрат етер халі жоқ,
Көпірдің көзі жайнайды.
Бәрін бір жерге қырыпты,
Құлыншақ батыр алдына
Қойдай топтап айдайды.

[1] Секер құлақ — өлген адамның кесілген құлағы. Ертеде жау жағының қанша шығын болғанын білу үшін олардың құлағын кесіп санайтын болған.

Бұл құлақты көрген соң,
Падишасы бұйырды,
Жез пұтына сиынды.
Екі жұма болғанда,
Қазанды алды кең төске,
Жүз мың әскер түйілді.

Шора аттанып келеді,
Күнді мұнар шалады,
Кәпірдің көзін тұтады
Ер Шораның аруағы,
Аждаһа болып, жұтады.
Шора аттанып шапқанда,
Шораның жолын ашқанда,
Ер Шораның аруағынан
Бәйтеректер келіп құлайды.
«Бұрынғы Хазіреті Ғали келді», — деп,
Кәпірлер шулап жылайды.
Үш уақыт шапқан құлаққа
Алпыс арба толады.
Қазандағы халқының
Мұраты сонда болады.

Шора сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
«Ат жақсысын көргенмін
Әндіжан менен Қазанда.
Тон жақсысын көргенмін
Хиуа, Ташкент, Бұхарда.
Бұрынғы адам тентек-ау,
Қалай етіп салдырған
Шынты Мәскеу төріне?
Еділдің бір қосылып,
Екі айырылған жеріне
Қазыналы Қазанды.
Күндердің күні болғанда,
Тарттырмай қоймас жазаңды.
Алмай қоймас мазаңды,
Бермей қоймас жазаңды.
Шаң етпей қоймас даланды,
Қан етпей қоймас қаланды.
Бізден дәурен өткенсін,
Ақша сұрап күнінде
Бір шулатар кәпір-ді,
Қатын менен баланды».

Әлқисса, Шора батыр енді қайтып келе жатқанда, алдынан бір адам

келіп, ел-жұрты, мал-жандарының амандығын естіп, алдынан жолдасы Құлыншақ батырды жіберді. Құлыншақ батыр барып көрсе, Шораның отауынан түн уақытында бір жігіт шығады. Құлыншақ мұны көріп, көңіл соғысын күтіп, кері барып, Шора батырға сөйлейді:

«Ай, батыр-ау, батыр-ау,
Біз кеткен соң ордаңыз
Құтсыз жерге қоныпты,
Көрінген адам толыпты.
Шырынның ат басындай жүрегі
Мыстай болып солыпты.
Қалыңдығың — сұлу Қарабек
Келмеске бізді жорыпты.
Ендігісін өзің білерсің,
Өзің ұйыған жүрекке
Бір құладын[1] қоныпты».

Әлқисса, Шора батыр Құлыншақтан бұл хабарды естіп, қылышын суырып алып, қайраттанып келе жатқанда, қарындасы Шырын сұлу біліп, алдынан қарсы барып айтқан сөздері.

Сонда Шырын сөйлейді:
«Ай, жан аға, жан аға,
Тар құрсақта тебіскен,
Таласып емшек еміскен,
Жан аға, жалғыз сен едің.
Баланы жаудан айырған,
Қатынды жаудан қайырған,
Бұрынғы Хазіреті Ғалименен тең едің.
Хазіреті Ғали демей, не дейін,
Тамағыңа күнінде
Тайлы бие жер едің.
Жеңешемде кінә жоқ,
Құлыншақтан болды ғапылдық.
Ағамнан қайрат кеткен соң,
Түнде жылқы бағамын,
Отауда жатып шыққан
Қарындасың Шырын мен едім».


Әлқисса, Шораның қылышы енді ашуы келгеннен ұтыры[2] қынына сыймай, астындағы Ақтанкер атын шауып өлтірді. Одан соң ашуы басылып, райынан қайтып, атасы мен анасы, барша ел-жұртымен есендесіп, мұратына жетіпті.

[1] Құладын — қаршыға тұқымдасына жататын жыртқыш құс.
[2] Ұтыры — қылыштың басы.


Бірінші мақам

Орындаған: Барлыбаев Жақсыбек
Нотаға түсірген: Балмаганбетов Бекарыс

орташа



Екінші мақам



2

27 *Қайырымы*

Ақ - тан-кер - ді же - те - леп...

Үшінші мақам

30

Төре емес-пін қа - ра-мын, Көкіс-тің ұ - лы Та - ма-мын.

32

Та - ма - і - шін-де ша - ба-мын, ей Нә - рік-тің ұ - лы Шо - ра-мын.

34

Мен Қа-зан-ға ба - ра-мын, қа - зы - на - лы Қа-зан-да Кә - ші-рәл-ді де -

36

ген-ге қай-та е-те ба-ра-мын. Сон-да Мақ-тым сөй-лей-ді, сөй-ле-ген-де бүй дей-ді:

39

Шо-ра-да ба-тыр сен-бі-сің, Шо-ра ба-тыр сен-бол-саң, Нә-рік ұ-лы сен-бол-саң,

42

Ей, Но - ғай - лы - ның і - шін - де А - ру - мақ - тым мен е - дім.

44 *Қайырымы*







Қисса Нәріктің ұлы Шора батыр. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қоры. 127-бума, 5-дәптер.

СУРЕТТІ СӨЗДІК


Адырна — жақтың (садақтың) ату қызметін атқаратын негізгі серпінді бөлігі. Адырнаның иіні, екі басы, белі әртүрлі ағаштан жасалып, иіні серпінді болу үшін мүйізбен, белі берік болу үшін сүйекпен күшейтіліп, өн бойына тарамыс жапсырылып, сырты қайыңның тозымен қапталады. Ату үшін адырнаға қайыстан, тарамыстан немесе жібектен керме жіп — кіріс байланады. Көне магиялық түсініктердің негізінде пайда болған лингвистикалық тыйымдарға (табу) байланысты көшпелі түркі халықтарында әскери кәсіпте қарудың өз атауының орнына метонимиялық әдіспен оның материалының немесе бөлігінің атауы магиялық жанама атау ретінде қолданылды. Бұл магиялық ғұрып бойынша, әскери істе қолданылатын заттың өз атын басқа атауымен ауыстыру оның зиянды кесірінен сақтайды деп саналған. Сондықтан «адырна» атауы жақтың негізгі ату қызметін атқаратын бөлігі болғандықтан, ол жақ атауының орнына, оның эвфемистік жанама атауы ретінде де қолданылған.




Айбалта — жүзі өткір, жалманы жарты ай сияқты дөңгеленте соғылған жауынгерлік балта. Жүзінің дөңгеленген түрде жасалуы айбалтамен шабу арқылы да, кесу арқылы да зақым салуға мүмкіндік береді. Кейбір айбалталардың шүйдесі балға түрінде жасалып, қосымша ұру, соғу арқылы зақым салу үшін де қолданылған. Орта сапты айбалта ат үстінде соғысуға арналса, ұзын сапты айбалтаны хан ордасының күзетшілері ұстаған.



Ақ алмас – қару жасауға қолданатын шыныктырылған асыл болаттың бір түрі. Суғарылған құрыштың қазіргі атауы — «болат (фулад, пулад)» сөзі түркі тіліне парсы-араб тілінен ауысқан, түркі тіліндегі асыл құрыштың бұрынғы төл атауы «алмас» болатын. Алмастың суғару барысында қабылдайтын түсіне қарай оның «ақ алмас», «қызыл алмас» деп аталатын түрлері болды.



Алмас — дайындау әдісіне сәйкес өзіндік ерекше құрылымымен, өзіндік өрнегімен, аса қаттылығымен және иілгіштігімен ерекшеленетін шынықтырылған асыл құрыш темірдің түркі тіліндегі көне атауы. Кейін түркі тіліндегі «алмас» атауын араб-парсы тілінен енген «болат» (ар. фулад) сөзі ауыстырған (қараңыз: **болат**). Балқыту барысында пайда болатын сапасына сәйкес алмас ақшыл немесе қызғылт түске енетіндіктен, оның түрлерін «ақ алмас» және «қызыл алмас» деп атаған. «Қызыл алмас» сапасы жағынан алмастың ең асылы саналған. Алмастан найза, қылыш, семсер, айбалта бастары, дулыға және сауыттар соғылған.



Ақ балдақ (көк балдақ) — қылыш, семсерлердің халық ауыз әдебиетінде кездесетін эвфемистік жанама атауы. Қылыштың, семсердің сабы мен басының арасында көлденең орналасқан тірегіш темірі — «балдақ» жауынгердің қолын қарсыластың қаруынан қорғап тұратын маңызды конструкциялық элементтің қызметін атқарады. Қазақтардың дәстүрлі наным-сенімдері бойынша, әскери істе қолданатын құралдың өз атын атамай, оны метонимиялық әдіспен бөлігінің немесе материалының атауымен ауыстырып, эвфемистік жанама атаумен атайтын болған. Бұл магиялық ғұрып бойынша, қолдану барысында құралды және адамды зиянды рухтардың кесірінен сақтайды деп есептеледі. Балдақ қарудың маңызды бөлігі болғандықтан, соғылған болатының — ақ алмастың түсіне байланысты «балдақ» атауына «ақ» сөзі қосылып, темірден жасалса «көк» сөзі қосылып айтылып, метонимиялық әдіспен «ақ балдақ (көк балдақ)» атауы қылыштың, семсердің өз атауының орнына олардың магиялық жанама атауы қолданылды.

Ақ берен — жауынгерлік қару-жарақтың кейбір түрлерінің эвфемистік жанама атауы. Берен сөзі тілімізде «асыл болат» деген мағынаны білдіреді (қараңыз: **берен**). Көне магиялық түсініктердің негізінде пайда болған лингвистикалық тыйымдарға (табу) байланысты көшпелі түркі халықтарында әскери кәсіпте қарудың өз атауы метонимиялық әдіспен оның материалының немесе бөлігінің атауымен ауыстырылып айтылған. Дәстүрлі кәсіби істе қолданылатын заттың өз атын атауға тыйым салу қолдану кезінде оның зиянды кесірінен сақтайды деп сенген. Сондықтан қазақ тілінде «ақ берен» сөзі ақ болаттан соғылған кейбір қару-жарақ түрлерінің өз атауының орнына қолданылған эвфемистік жанама атауы болып қалыптасты. Халық


ауыз әдебиетінде «ақ берен» сөзі үш мағынада қолданылды: 1) оқпаны ақ беренен соғылған ескі мылтықтың бір атауы ретінде; 2) жүзі ақ беренен (болаттан) соғылып жасалған қылыштың (семсердің) бір атауы ретінде; 3) қорғаныс тақталары беренен соғылған сауыттың бір атауы ретінде.

Ақ сауыт — металдан жасалған сауыттар тобының ортақ атауы. Қазақтардың дәстүрлі қару-жарақ атауларында металдан жасалған қару-жарақ атауларына кейде «ақ» сөзі қосылып айтылып, олардың ақ алмастан (болаттан) соғылғанын көрсетеді. Сондықтан болаттан соғылып жасалған сауытты кейде «ақ сауыт» деп те атайды. Осы мақсатта металл сауыттардың «көбе», «кіреуке», «берен сауыт» сияқты жеке түрлерінің атауына кейде «ақ» сөзі қосылып, **«ақ көбе»**, **«ақ кіреуке»**, **«ақ берен»** деп те атайды. Органикалық материалдардан (сүйек, мүйіз, теріден) жасалған сауыттар атауында «ақ» сөзі қолданылмайды.

Ала балта — басы, сабы әшекейленіп жасалған жауынгерлік балта. Қазақ ұсталары кейбір балталардың басын алтынмен және күміспен булау, алтынмен және күміспен қақтау әдістерін қолданып, әшекейлеп жасаған.




Алдаспан — басының жалманы жалпақ болып келген, қынсыз, жалаң ұстайтын үлкен, ауыр қылыш. Ауыр қару түрі болғандықтан, алдаспандарды тек мықты батырлар ғана ұстап, оны иыққа қойып алып жүрген. Алдаспан негізінен жаудың темір сауытпен қаруланған жауынгерлеріне қарсы қолданылды, ал отқарудың пайда болуына байланысты ауыр қаруланған атты әскердің жоғалуымен алдаспан да XIX ғасырда жауынгерлік қолданыстан шықты.




Алты қырлы мылтық — оқпанының ұңғысы алты қырлы болып соғылған мылтық атауы. Ескі мылтықтарда оқпанның ұңғысының ішін қырлап жасау мылтықты атқанда оқтың түзу, алысқа ұшу мүмкіндігін арттырған. Ұңғысының қырлылығына сәйкес оқпанның сырты да алты қырлы болып соғылған.




Алтын балдақ — қылыш, семсерлердің халық ауыз әдебиетінде кездесетін бір атауы. Балдақ — қылыш, семсер, қанжарлардың адам қолын қарсыластың қаруынан қорғап тұратын маңызды құрылымдық элементі. Қолға ұстағанда да, қында тұрғанда да қылыш, семсерлердің балдағы көрініп тұрады. Бұл ерекшелік асыл, бағалы қылыш, семсер балдақтарының сәнді, әсем болуын қажет еткен. Сондықтан балдағы алтындалып әшекейленген қылыш, семсерлерді жанамалап «алтын балдақ» деп те атаған.




Алтын дулыға — төбесі алтынмен әшекейленіп жасалған дулыға. Мұндай дулыға адамның биік әлеуметтік мәртебесінің белгісі болып саналған. Сондықтан алтын өрнектеліп әшекейленген дулығаларды хандар, атақты батырлар киген.



Алтын садақ — жақтың алтындалып әшекейленген қабы. Садақтың қабы теріден, матадан тігіліп жасалып, беттері өрнекті металл (алтын, күміс, жез) шытыралармен әсемделіп, түсті жібек жіптермен кестеленген. Алтын әшекейлермен көркемделіп, алтынмен кестеленіп жасалған сәнді садақтар «алтын садақ» деп аталған. Мұндай садақты көбіне хандар, сұлтандар, қолбасшылар сән-салтанат үшін таққан.





Арғымақ — жүйріктігімен, алысқа шабар ұшқырлығымен ерекшеленетін асыл тұқымды жылқы. Арғымақтың дене бітімі сұлу, шоқтығы биік, белі ұшқыр тазының беліндей иілген, жіңішке мойынды, басы кішкене келген, аяқтары ұзын, жіңішке, тұяқтары кішкентай, құйрық-жалы қысқа, жүні тықыр болады. Яғни, оның тұла бойында жүйріктік пен шабысқа бейімділік көрініс тапқан. Арғымақ — қазақтардың жергілікті табиғи ортаға бейімдеп өсірген өзіндік асыл жылқы тұқымының бірі. Қазақ арғымақтарының негізі таза қанды түркіменнің ахалтекесі (текежәуміт) немесе таза қанды араб жылқысы болды, бірақ қазақ даласына, оның климатына сәйкес бейімделіп өсірілгендіктен ыстық-суыққа төзімділігі, алыс қашықтыққа шабуға шыдамдылығы жағынан олардан асып түседі. Арғымақ жақсы күтімді, ерекше баптауды қажет ететін бағалы асыл тұқымды жылқы болғандықтан, оларды хандар, билер, батырлар, байлар мінген.



Әзірет Әлі/Ғали — төртінші халиф (656-661 жылдары билік құрған), мұсылмандардың аты аңызға айналған батыры, Мұхаммед пайғамбардың күйеу баласы. Тарихи тұлға Әлі ибн Әбу Талиб 661 жылы қарсыластарының қолынан қаза болғаннан кейін, исламда оның бейнесі киеленіп, мұсылман мифологиясының мифтік кейіпкеріне айналды. Мұсылман аңыздарында Әзірет Әлінің жасаған бірнеше қаһармандық ерліктері мен кереметтері, дана биліктері, одан қалған көптеген нақыл сөздері айтылады. Мұсылман бейнелеу өнерінде Әзірет Әлі оның киелігін көрсететін белгісі — басының сыртын қоршаған жалынмен, қолында Мұхаммед пайғамбардан мұраға қалған екі басты қылышы — зұлпықармен, жауынгерлік аты — Дүлдүлмен бейнеленеді. Ислам дінін қабылдаған соң Әзірет Әлі қазақ батырларының қолдаушы киелі пірлерінің біріне айналды. Қазақ батырлары жорықта, соғыста, шайқас алдында, жауынгерлік жекпе-жекке шыққанда басқа пірлерімен бірге Әзірет Әлінің де киелі есімін атап, сыйынып, одан қолдау сұрайтын болған.

Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде Әзірет Әлінің есімі батырлықтың символына, атақты қылышы — зұлпықар асыл қылыштың символына, эпитетіне, оның жауынгерлік аты — Дүлдүл батырдың тұлпарының эпитетіне айналды. Әзірет Әлі қазақтың халық ауыз әдебиетінде «Алланың Шері», «Арыстан», «Шер Әлі», «Әлі шер», «Шаһимардан» деген бірнеше лақап аттарымен де аталады.

Баба Түкті Шашты Әзіз — қазақ батырларының аңызға айналған пірі, ол қазақ фольклорында әулие кейпінде суреттеледі. Бұл батыр-әулиенің шашы ұзын, денесін түк басқан, қасиетті күш иесі болғандықтан Баба Түкті Шашты Әзіз аталған. Бұл мифтік тұлға қазақтың батырлар жырында бас кейіпкерлерге қиналған кезде демеуші, аян беруші аруақ тұлғасында бейнеленеді. Мұсылман аңыздары бойынша, ол — халиф Әбу Бәкірдің ұрпағы, Меккеде патша болған әулие саналады. Ортағасырлық түркі тілді жазба әдебиеттерде Баба Түкті Шашты Әзіз түркі халықтарына ислам дінін таратқан әулие батыр, қолбасы ретінде суреттеледі. Қазақ ауыз әдебиетінде Баба Түкті Шашты Әзіз Алтын Ордада билік жүргізген Едіге бидің бабасы ретінде көрінеді. Баба Түкті Шашты Әзіз мазары Жамбыл облысы Құмкент ауылының маңындағы Жылыбұлақ деген жерде орналасқан. Қазақ арасында тараған аңыз бойынша, оны салдырған бабаның жетінші ұрпағы Едіге батыр көрінеді.



Бадана көзді кіреуке — ірі темір шығыршықтардан тоқылған кіреуке сауыт түрі (қараңыз: **кіреуке сауыт**). Кіреуке шығыршықтарының ішкі диаметрі халықтық терминология бойынша «көз» деп аталды. Әр кіреукеде шығыршықтардың көзі (ішкі диаметрі) әртүрлі болатындықтан, бұл параметр кіреуке типін анықтайтын басты өлшем (критерий) болды. Шығыршық көзінің көлемі «бадана» атты өсімдік пиязшығының көлеміндей болатын кіреуке сауыт түрін қазақтар «бадана көзді кіреуке»/«бадана кіреуке»/«бадана» деп атаған. Ірі шығыршықтардан тоқылып жасалған бадана кіреуке сауыттардың ішіндегі ең берігі саналды. Сәнді баданалардың жеңі, етегі бірнеше қатар жез шығыршықтармен, жағасы алтындалған шығыршықтармен тоқылған.

Байрақ — ағаш сапқа, қару-жарақка, тағы басқа заттарға тағылатын арнайы айыру белгі. Байрақ жібектен, немесе аттың, қодастың құйрығының қылынан жасалған шашақ, қабыланның (барыстың) құйрығынан және түсті матадан тігілген бау түрінде жасалып, ағаш сапқа не найзаның басына жекелеп немесе қосарлана тағылған. Байрақтардың басы

киелі символдармен, бейнелермен әшекейленген. Түркі халықтарының әскери ұйымдарында ағаш сапқа немесе найза басына тағылған байрақ әдетте әскер қосындарындағы ондық, жүздік бөліктерінің әскери белгісі болды. Осы әскери бірліктерді басқаруға әскербасылық қызметке тағайындалған батырларға, әскербасыларға лауазым белгісі, әскери билік белгісі ретінде байрақ тапсырылған. Шайқаста әскерді басқару барысында әскербасы байрақты түрліше қозғау — сілтеу, айналдыру, бұлғау арқылы әскерге түрлі дыбыссыз сигнал беру үшін де пайдаланды. Қыл, жібек шашақ, мата бау түріндегі байрақтар ту дәрежесінің жоғарылығын білдіретін белгілер ретінде әскери тудың басына тағылып, оның бір құрамдас элементі де болды.



Балта — шабу арқылы зақым салатын жауынгерлік қару. Жауынгерлік балталардың басы болаттан, темірден соғылып, сабы қатты ағаштан жасалып, шығып кетпес үшін басы сабына қосымша екі темір бекітпелер арқылы ұстатылады. Қазақ балталарының жүзі әдетте күміс қақтау, алтын-күміспен булау, қырнау әдістері арқылы, ал металмен қапталған саптары баспалау әдісі арқылы өсімдік өрнекпен әшекейленеді.






Батыр/бахадүр – көшпелі қазақ қоғамындағы кәсіби әскерилер әлеуметтік жігінің өкілі. Адамзат қауымында қоғамдық еңбек бөлінісінің нәтижесінде соғыс ісімен, әскери іспен кәсіби деңгейде айналысатан адамдар қоғамда жеке әлеуметтік топ болып қалыптасты. Көшпелі түркі-моңғол халықтарында кәсіби әскерилерді «батыр (бахадүр)» деп атаған. Бірақ кәсіби әскерилер әулетінен шықса да «батыр» атағына адам соғысқа қатысып, өзінің жеке ерліктерімен көзге түсіп, жауынгерлік қасиеттері арқылы ие болған. Батырлар айыру белгісі ретінде баскиіміне, дулығаға құс қауырсындарынан жасалған «жыға» шаншып, найза

мен сүңгілеріне өздерінің жеке туларын тағып жүрген. Батырлар көшпелілердің көп ғасырлық әскери тәжірибесін жинақтаушы, соғыс ісі дәстүрін сақтаушылар болды. Батырлардың ерекше әлеуметтік жік ретіндегі басты сипаты — олардың тек қана әскери кәсіппен айналысуы. Әскери кәсіп батырлар әулетінде атадан балаға мұра болып қалатын кәсіп болған. Батырлар әулетінде туған бала жастайынан жауынгерлікке, батырлыққа дайындалып, соғысқа қатысып, әскери кәсіппен айналысуға міндетті болды.



Бек сауыт — жиектері темір шығыршықтармен жалғасқан жіңішке кішкене болат пластиналардан теріліп жасалған шығыршықты-пластиналы сауыт түрі. Бұл сауыт атауының түбірін қазақ тілінде «берік» деген мағынаны білдіретін «бек» сөзі құрайды. Яғни, «бек сауыт» атауы «берік сауыт» дегенді білдіреді. Бұл сауыт түрі ауыз әдебиетінде «бек сауыт» деп аталса, жазба дереккөздерде бұл сауыттың түркі тіліндегі басқа атауы — «бектер» атауын кездестіреміз.




Берен — қару-жарақ соғуға қолданылатын асыл болаттың қазақ тіліндегі бір атауы. Асыл болаттың соғу барысында қалыптасатын өзіндік құрылымынан туындайтын ерекше өрнегі болады. Шығыста болаттың бұл өрнегін асыл матаның өрнегіне ұқсатып арабша-парсыша «пиринд»/«фиринд» деп атап, метонимиялық әдіспен өрнекті болатты да «фиринд» деп атаған. Қазақ тілінде бұл атау «берен» болып өзгеріп, асыл болаттың атауы ретінде қолданылды.


Берен оқ — жебесі берен болаттан соғылған садақ оғы. Береннен әдетте сауытбұзар оқтың жебесі соғылды. Берен оқты батырлар жекпе-жекте сауытпен жарақтанған жауға қарсы қолданған.



Берен мылтық — оқ атқанда жарылмас үшін оқпаны береннен (асыл болаттан) соғылып жасалған мылтықтың эвфемистік атауы. Берен болаттан соғылған оқпанда асыл болатқа тән өзіндік өрнегі көрініп тұрады.


Берен сауыт — болат тақталарды жұмсақ астардың ішінен бекітіп жасаған сауыт түрі. Оларды бекітетін қайырма шегелердің бастары сауыттың мата тысының сыртына шығып тұрды да, белгілі бір өрнек құрап орналасты. Сәнді болу үшін әдетте шегелердің бастары түрлі пішінді болып жасалып, алтынмен әшекейленді. Қазақтар бұл сауыт түрін «беренді (береңгілі) сауыт»/«берен» деп атаған, яғни «берен (болат) тақталы сауыт» деген сөз.





Болат/полат — дайындау әдісіне сәйкес өзіндік ерекше құрылымымен, өзіндік өрнегімен, аса беріктігімен және иілгіштігімен ерекшеленетін арнайы суғарылған құрыш темір. Асыл құрыштың атауы ретінде болат (арабша «фулад») сөзі түркі тіліне араб тілінен ауысқан. Болаттың ерекше жалқынды өрнегінің арабша «жауһар» аталуына сәйкес қазақтар өрнекті болатты «жауһарлы болат» деп те атаған.

Бұлғары/былғары садақ — жақтың жақсы иленіп, жұмсақ өңделген теріден жасалған қабы. Орта ғасырларда көне Бұлғар елінде жұмсақ иленген тері өндірісі жақсы дамығандықтан, өңделген тері және теріден жасалған бұйымдар сыртқа экспортталды. Шыққан жеріне қарай бұл жұмсақ өңделген терілер басқа халықтардың тілінде, оның ішінде қазақтарда да «бұлғары (былғары)» аталып кеткен. Осы былғары теріден тігіліп жасалған садақ түрін қазақтар «бұлғары (былғары) садақ» деп атады.



Бұхаржай/бұхаржа — орта ғасырларда Шығыста қолданылған жақтың бір түрі. Бұхара қаласы орта ғасырларда жақсы жақ жасайтын орталықтардың бірі болды да, онда өндірілген жақтар сыртқа экспортталды. Жасалған жеріне байланысты бұл жақтар басқа халықтардың тілінде, оның ішінде қазақтарда да «бұхаржақ/бұхаржай/бұхаржа» деп аталған.

Гүрзі/күрзі/күрсі — басы металдан бөлек жасалып, сапқа орнатылатын ауыр шоқпар түрі. Бұл атау түркі тілдеріне парсы тілінен ауысқан. Гүрзінің бастары шойыннан, қорғасыннан құйылып жасалып, сыртынан

болат темірмен қапталды. Басы ауыр болғандықтан, соққы кезінде сынбас үшін гүрзінің сабы да металмен қапталып, осал жерлері металл сақиналармен буылды.




Ғайып ерен, Қырық шілтен — түркі халықтарының мифологиясындағы көзге көрінбейтін, адамдарды қорғап жүретін киелі 40 батыр рух. «Шілтен» сөзі парсыша «қырық тұлға, дене» дегенді білдіреді, яғни көзге көрінбейтін қырық адам түріндегі рухтар. «Ғайып ерен» олардың басшысы саналады. «Ғайып» — арабша көзге көрінбейтін деген сөз, «ерен» көне түркі тілінде «ер», «батыр» дегенді білдіреді.


Дауылпаз — әскерге арнаулы дыбыстық сигналдарды беруге арналған үлкен, көне, ұрмалы музыкалық аспап түрі. Дауылпаздың шанағы металдан жасалып, аузына мембрана түрінде тері тартылады. Өткен ғасырларда дауылпаз әскери оркестрдің құрамына кіретін. Әскери оркестрде басқа аспаптармен бірге екі дауылпазды аттың немесе түйенің ерінің алдыңғы қасына екі жағынан іліп алып жүрді. Дауылпазды қолмен немесе басы домалақ таяқшалармен ұрып ойнады.




Дабыл — соғыста және аңшылықта түрлі дыбыстық сигнал беруге арналған, ердің қасына байлап алып жүретін ұрмалы музыкалық аспап. Дабылдың шанағы жарты сфера формалы, түп жағы сәл шығыңқы болып металдан (жезден) соғылып, түбіне қайысбау тағуға арналған шығыршық бекітіледі. Дабылдың шанағының аузына көн тері тартылды. Сәнді дабылдардың шанақтары алтынмен қақталып, қырнау, қарала жүргізу әдістерімен ою-өрнек салынып, көркемделіп, әшекейленеді. Әр батырда ердің алдыңғы қасының оң жағына байлап алып жүретін жеке

дабылы болды. Дабылды белгілі бір ырғақпен ұру арқылы батырлар соғыста жау жағының батырларын айқас алдында жекпе-жекке шақыру, жауынгерлерге айқастың басталуы туралы белгі беру сияқты түрлі сигналдар беруге пайдаланады.






Дулыға — басты қарсыластың қаруынан қорғау үшін киілетін, металдан жасалатын жауынгерлік бас киім. Дулыға дәстүрлі мәдениетте қорғаныс қызметінен басқа белгілік (символдық) сипатқа да ие болған. Дулығаға құс қауырсынынан жыға, түсті матадан жалау және жібек жіптен немесе аттың қылынан жасалған шашақ сияқты адамның әлеуметтік мәртебесін көрсететін түрлі дәреже және әскери айыру белгілері тағылды. Әлеуметтік дәрежесі жоғары жауынгерлерге арналған салтанатты дулығалар көркем әшекеймен де ерекшеленеді.



Дүлдүл — мұсылмандардың аңызға айналған батыры, төртінші халиф Әзірет Әлінің (Али ибн Абу Талиб) соғыста мінген атының атауы. Дүлдүл шындығында жылқы мен есектің буданы — қашыр болған. Мұсылман бейнелеу өнерінде Әзірет Әлі қолында қасиетті қылыш — зұлпықармен, осы дүлдүлдің үстінде, ал дүлдүл қашырға тән ерекшеліктерімен (ұзын құлағымен, үлкен басымен) бейнеленеді. Ерлігімен аты шығып, аңызға айналып, исламда мифтік киелі кейіпкерге айналған Әзірет Әлінің соғыста мінген



аты да қасиетті сипатқа ие болып, киелі тұлпардың символына айналды. Мұсылмандықты қабылдап, Әзірет Әліні пір тұтқан қазақ батырлары өз тұлпарларын да дүлдүлге теңеп, қазақ тілінде «дүлдүл» сөзі батырлардың тұлпарының, жүйрік аттың эпитетіне айналған.


Ер Дәуіт — Құранда айтылатын пайғамбарлардың бірі. Дәуіт пайғамбар жас кезінде сақпанмен Джалут алыпты (Голиафты) өлтіріп, ерлік көрсеткендіктен, қазақтар оны Ер Дәуіт деп атайды. Мұсылман мифологиясында Дәуіт пайғамбар — темір өңдеуді, қару-жарақ жасауды игерген бірінші адам. Құранда Алла Тағаланың Дәуітке темірді балқыту және сауыт жасау өнерін үйреткені айтылады, сондықтан сауыт жасау өнері мұсылман халықтарында Дәуіт пайғамбармен байланыстырылады. Арабтарда кіреуке сауытты «Дәуіттің сауыты» деп атаған. Исламды қабылдаумен бірге қазақ ұсталары Ер Дәуіттті өздерінің пірі санай бастайды. Қару-жарақ жасарда ұсталар арнайы дұға оқып, Ер Дәуіттен қолдау сұрайтын болған. Қазақ түсінігінде ұсталардың жасаған қару-жарақтарында Дәуіттің балғасының ізі болады, оны Дәуіт соғады деп сенген. Өзі батыр, өзі сауыт жасаушы киелі кейіпкер болғандықтан, Ер Дәуіт пайғамбарды қазақ батырлары да өздерінің пірі тұтып, айқас алдында одан медет тілеп, сыйынған.

Ер киімі — соғыста жаудың қаруынан қорғану үшін тері, металл, сүйек сияқты әртүрлі материалдарды қолдану арқылы, түрлі әдістермен жасалып, денеге киілетін қорғаныс жарақтары. Қазақтардың жауынгерлік қару-жарақты жіктеудің қалыптасқан дәстүрлі халықтық жүйесі бойынша, «ер киіміне» дулыға, сауыт, шарайна, жеңсе, тізелік, балтырлық сияқты жауынгердің денесінің әр бөлігін: басты, кеудені, қолды, белді, санды, тізені қорғап тұратын қорғаныс жабдықтарының бірнеше топтары жатады.




Ер қаруы – бес қару — қазақтардың дәстүрлі жауынгерлік шабуыл қаруының толық кешені. «Ер қаруы — бес қару» сөз тіркесінде қазақтардың жауынгерлік қаруды жіктеудің — қару-жарақ түрлерін бөлудің, топтаудың қалыптасқан халықтық дәстүрлі жүйесі көрініс тапқан. Қазақтар «ер қаруы» деп кәсіби әскерилер ғана ұстайтын, соғысқа ғана қолданылатын жауынгерлерлік қару түрлерін аталған. Ер қаруына өзіндік жұмсау тәсілімен ерекшеленетін жауынгерлік қарудың негізгі бес тобы — ату қаруы (садақ, оқ), түйреу қаруы (найза, сұңгі), кесу қаруы (қылыш, семсер, сапы), соғу қаруы (шоқпар, гүрзі), шабу қаруы (балта, айбалта,

шақан) жатады. Әскери өнердің талабы бойынша, кәсіби әскерилер ер қаруының бес тобын қолдануды түгелдей жетік меңгеруге және олармен қарулануға міндетті болды. Фольклорда ер қаруы — бес қаруды асыну — қаруланудың, жорыққа шығудың, соғысқа аттанудың символы ретінде қабылданды.



Жазайыл/жазайыр/жезайыл/жезайыр — оқпаны үлкен калибрлі ауыр, көне мылтық түрі. «Жазайылды» жеке ұрыста да, майдандағы шайқаста да, қамал қорғанысында да қолданды. Ату әдісі бойынша «жазайыл» шоқтанған пілтемен от беріп атылатын пілте мылтық түріне жатады.



Жақ/жай/жа — адам қолының күшін қолдану арқылы атылатын дәстүрлі ату қаруы. Жақ негізгі екі функционалды бөліктен тұрады: серпінді етіп бірнеше материалдардан жасалған, негізгі ату қызметін атқаратын бөлігі — «адырна», оған керілген, оқты тіреп қоятын жібі — «кіріс». Жақ көшпелі халықтардың басты қаруы болды. Ерте заманнан көшпелі халықтар «жақ атушы» мергендер ретінде танымал болған.



Жалаңқат – жалаң (бір) қабат металдан тұтастай соғылып немесе теріден тұтастай сомдалып жасалатын жауынгерлік сауыт (кираса). Бұл сауыт түрі екі бөліктен — кеуделік және арқалық бөліктен тұрды. Сауыттың бұл екі бөлігі бір бүйірінен топсалар арқылы, бір жағынан және екі иық тұсында бау, ілгек арқылы байланды. Сыртқы формасы


жағынан жеңсіз кеудеше (жилет) пішіндес, етегі белден сәл ғана түсіп тұратын қысқа болған. Теріден сомдалып жасалған жалаңқаттар кеуде тұсында қосымша болат айналармен, жеңі, етегі, мойыны, белі металл таспалармен күшейтілген. Бұл сауыт түрін ортағасырлық қыпшақ батырлары киген, сондықтан оның бейнесін қыпшақтардың балбал тастарынан көреміз.



Жалау — түсті матадан жасалған әскери айыру белгі. Бұрынғы кезде, арнаулы әскери униформа болмаған жағдайда, шайқас кезінде өз әскерін жау әскерінен айыру үшін, әр әскери қосындардың жауынгерлері айыру белгі ретінде дулығаның төбелдірігі мен найзаның (сұңгінің) басына біркелкі түсті жалау тағатын болған. Жалау түсті матадан үшбұрышты немесе төртбұрышты кішкене желек түрінде жасалып, соғыс жағдайында жақсы көріну үшін жалауға қызыл, жасыл, сары, көк, күлгін сияқты ашық, шаңқай түстер пайдаланылған. Әдетте жалау әскери қосынның байрағының, туының түсіне сәйкес болады. Әскери белгі ретінде жалаудың әскери тудан айырмашылығы — ту киелі әскери белгі ретінде әр әскер бөліктерінде біреу ғана болса, жалауды әр қосынның барлық жауынгері дулығаға да, найзаға да тағып, оның түсі жауынгердің қай қосынға жататынын көрсететін белгі болды.




Жалаулы найза — басына әскери айыру белгі ретінде түсті матадан жалау тағылған найза атауы. Жалау ашық түсті матадан үшбұрышты немесе төртбұрышты пішінде жасалып, әскери қосындардың айыру белгісі болды.



Жебе — жақ оғының, найзаның, сүңгінің басындағы зақым салуға арналған негізгі құрылымдық элементі. Көшпелі халықтарда «жебе» металдан (темірден, болаттан, қоладан), сүйектен, мүйізден, ағаштан жасалып, ағаш сапқа орнатылады. Қолдануына қарай қазақтарда оқтың металл жебесінің «қозыжауырын», «сауытбұзар», «көбебұзар» деген түрлерін айырады. Сүйектен, мүйізден «доғал оқтардың», «ысқырғыш» оқтардың жебелері жасалады. Тілдегі метонимиялық құбылысқа байланысты «жебе» сөзі ауыз әдебиетінде садақ оғы атауы орнына да қолданылады.


Найза, сүңгі жебелері темірден, болаттан жалпақ немесе бірнеше қырлы болып соғылды.



Жекпе-жек — майдандағы үлкен шайқас алдында кәсіби әскерилердің — батырлардың жауынгерлік жеке ұрысы. Көшпелі халықтардың әскери өнерінде соғыс кезінде батырлар жекпе-жегін өткізу дәстүрі өте маңызды орын алды. Жауынгерлік жекпе-жекке қатысу батырлардың соғыстағы басты міндеттерінің бірі болды, жауынгерлік борышы саналды. Жеке айқаста жау батырларын жеңу батырдың атын шығарып, дәрежесін өсіретіндіктен, кәсіби жауынгер үшін оған қатысу үлкен абырой болды. Көбіне жауынгерлер батыр (баһадүр) титулына осындай жекпе-жекте жеткен жеңісінің нәтижесінде ие болатын. Осындай жеке айқаста ғана кәсіби әскерлердің жауынгерлік өнері сынға түсіп, шеберлігі шыңдалып, ерлігі жетілді.



Жеңсе — жауынгердің білегін қарудың соққысынан қорғау үшін киілетін қосалқы қорғаныс жарағы. Жауынгерлік жеңселер металдан соғылып немесе кішкене пластиналардан көбелеп теріліп, темір шығыршықтардан тоқылып




жасалады. Сәнді темір жеңселердің беттері оюланып алтындалып, қолға жұмсақ болу үшін іші мақпалмен, барқытпен астарланады. Мұндай жеңселер **«алтын жеңсе»** деп аталды.



Жеңсіз берен — берен сауыттың бір атауы (қараңыз: **«берен»**). Үлкен болат тақталар негіздікке қозғалмайтын болып бекітілетіндіктен, берен сауыт әдетте жеңсіз жасалды, сондықтан берен сауытты «жеңсіз берен» немесе «жеңсіз» деп те атайды. Қорғаныс элементтері тысы мен астарының арасында жасырын орналасқандықтан, бұл жауынгерлік жарақты әскери киім ретінде де киюге болатын. Берен сауыттың тысына қымбат, әдемі маталар қолданылып, сәнді етіп жасалатын, оны көбіне хандар, қолбасшылар киген.

Жеті кәміл пірлер – батырлар жырында айтылатын батырлар пірлерінің ортақ атауы. Әдетте «жеті пірлер» немесе «жеті кәміл пірлер» деп аталады. Халық әдебиетінің деректеріне сүйенсек, олардың ішінде Ықылас ата, Баба Түкті Шашты Әзіз, алғашқы халифтер Әзірет Әлі, Омар және Оспан сияқты пірлер болған.




Жыға — бас киімге тағылатын құс қауырсыны түріндегі адамның биік әлеуметтік мәртебесінің дәреже белгісі. «Жыға» атауы түркі тіліне парсы тілінен енген, парсы тілінде «жикка», «жига» сөзі «құстың төбесіндегі айдары» деген мағынаны білдірді. Әлеуметтік дәреже белгісі ретінде жыға тағу құқына әміршілердің, хан, патша, шахтардың әйелдері және ұл, қыз балалары (яғни ханзадалар, ханымдар, ханшайымдар), ақсүйек текті атақты адамдар ие болды. Жығаға қырғауылдың, тырнаның, құтанның, түйеқұстың қауырсындары қолданылған. Қауырсындар металдан (күмістен, алтыннан) жасалып, өрнектелген, асыл тастардан көз салып әшекейленген түпке орнатылып, түбінің төменгі ұшы ине, түйреуіш түрінде жасалды да, сол түйреуіші арқылы жыға баскиімнің төбесіне, маңдайына, желкесіне немесе екі шеке тұсына шаншылды. Мұны қазақтар «жыға шаншу»,

«жыға қадау» деп атайды. Жығаның қауырсындары біреу, екеу, үшеу болып келуі мүмкін. Адамның атақ, дәрежесіне қарай оның баскиімінде бір не екі жыға қадалатын болған. Кейде жығалар қауырсын пішінінде түгелдей алтыннан да жасалып, асыл тастармен әшекейленген. Мұндай жығаны Шығыста «алтын жыға», «тіллә жыға» деп атаған. Көшпелілердің хандары да, соның ішінде қазақтың хандары да, батырлары да, қоғамдағы биік әлеуметтік мәртебесінің дәреже белгісі ретінде алтындаған жыға таққан. Дәреже белгісі болғандықтан хандар, қолбасылар, атақты батырлар соғыс кезінде жығаны дулығаларға да қадады. Жыға дулығаның төбелдірігінде, кейде дулығаның маңдайында немесе төбесінде арнайы орнатылған түтікшелерге шаншылды.


Зұлпықар — басының ұшы екіге бөлініп жасалған ерекше қылыш түрі. «Зұлпықар» (арабша зу-л фикар — «жасын» деген сөз) — Әзірет Әлінің (Мұхаммед пайғамбардың немере інісі әрі күйеу баласы, төртінші халиф Әлі ибн Әбу Тәліптің) аты аңызға айналған қасиетті екі басты семсерінің (қылышының) жеке атауы. Тарихи деректер бойынша Бадра шайқасында олжаға түскен бұл қылышты кезінде Мұхаммед пайғамбар ұстаған. Мұхаммед пайғамбардың бүкіл мұсылман үмметінің басшысы мәртебесін білдіретін белгі ретінде мифологиялық тұрғыдан санкцияланып, бұл қылыштың пайда болуы құдайдың әмірі түрінде түсіндіріліп, киелеу процесінен өткен. Аңыз бойынша зұлпықар жаннаттан арнайы түскен төрт қасиетті қылыштың бірі саналады. Кейін Мұхаммед пайғамбар бұл қылышты күйеу баласы Әзірет Әліге берген соң, зұлпықар ислам үшін соғыста жауынгерлік ерлігімен даңқы шығып, мұсылмандардың қасиетті батыры болған Әзірет Әлінің жауынгерлік атрибутына айналды. Шығыс бейнелеу өнерінде Әзірет Әлі қолында осы екі басты қылышы — зұлпықармен бейнеленеді. Осы аңызға айналған қылышты қасиеттеу, оған еліктеу барысында мұсылман Шығысында ұшы екіге айырылатын, «зұлпықар» деп аталатын қылыш түрі пайда болды. Басының ерекше пішініне байланысты бұл қылыштың соққысымен салынған жара өте ауыр да қауіпті болған. Сондықтан зұлпықар қылыштар Шығыста өте жоғары бағаланған.




Керней — жезден, мыстан жасалған ұзын үрмелі музыкалық аспап. Бұл аспап түркі тілдес халықтар арасында кең таралған. Бұрынғы заманда керней соғыста әскери сигналдар беру үшін қолданылып, әскери музыкалық аспаптар құрамына кірді. Қазақтарда кернейді ағаштан да жасап, жарылмас үшін сыртын түйенің өңешімен қаптаған.




Кіреуке сауыт/кіреуке — пішімі қысқа жеңді жейде түрінде жасалып, дөңгелек металл шығыршықтардан тоқылған торлы сауыт. Кіреуке шығыршықтарының ішкі диаметрі дәстүрлі халықтық әскери терминологияда «көз» деп аталды да, шығыршық көздерінің көлемі кіреуке сауыттың түрін анықтайтын негізгі типологиялық белгі болды. Қазақтар шығыршық көзінің көлеміне сәйкес кіреукелердің **«шөже көз кіреуке»**, **«торғай көз кіреуке»** және **«бадана көзді кіреуке»** деп аталатын үш түрін айырады.



Көбе сауыт/көбе — металл, сүйек, тері тіліктерін астарға тігіп немесе астарсыз қайысбаумен өзара байлап, бір-бірін бастыра (көбелеп) бекіту арқылы жасалған жауынгерлік сауыт. Сауыттың бірінбірі баса орналасқан қорғағыш элементтері — сүйек, металл тіліктері де «көбе» деп аталады. Сондықтан осы қорғаныс элементінің



атауымен сауытты «көбелі сауыт», «көбе сауыт» немесе «көбе» деп атайды. Түркі заманынан бастап XV – XVII ғасырларға дейін көбе сауыт көшпелі түркі-моңғол халықтарында ең жиі қолданылған сауыт түрі болды.



Қазанат – батырлар соғысқа міну үшін арнайы сұрыпталып, бапталып өсірілген жауынгерлік ат. Қазанат – ауыр сауыт киіп, қару асынған батырды көтеретін, жорықта ұзақ жолға шыдамды, соғыста шаршамайтын, айқаста қару тіресіне мықты т.б ерекше қасиеттері бар қазақы әскери жылқы тұқымы болды. Мұндай асыл жылқы тұқымын қазақтар арғымақтар мен далалық қазақы жылқы тұқымдарын (арғымақтар айғыры мен жабы биелерін) будандастыру арқылы алған. Орта Азияда бұл тұқымды «қарабайыр» деп те атайды. Қазақтарда да қазанатты кейде «қарабайыр» деп атау кездеседі. Қазанат бойында арғымақтың жүйріктігі, ұшқырлығы және жабының беріктігі, қиындыққа төзімділігі, аштыққа, суыққа шыдамдылығы бар. Қазанаттың сырт келбеті (экстерьері) де жауынгерлік атқа сай болып, дене бітімінен жүйріктік те, күш те бірдей сезіліп тұрады. Оның омырауы үлкен, кеудесі кең, салпы ерінді, күпшек санды, тұяғы үлкен, жалпақ, толарсағы жіңішке, шоқтығы биік, құйрық-жалы қысқа және сұйық, басы онша үлкен емес, танауы кең, мойны жуан болды. Қазанаттар арнаулы әдістер арқылы бапталуымен қоса соғысқа да арнайы жаттықтырылған. Қазанат батырдың өзі сияқты еш қауіптен тайынбайтын көзсіз ерлігімен ерекшеленді. Қазанат тұқымын әскери іспен кәсіби деңгейде айналысқан, көшпелі қазақ қоғамында билеуші тап өкілдеріне жататын, белгілі дәрежеде материалдық байлық иелері болған батырлар әулеттері ғана ұстаған.




Қалқан – жаудың қаруынан қорғану үшін қолға ұстап қолданылатын қорғаныс жарағы. Қалқандар қалың теріден сомдалып, металдан соғылып жасалған. Болат темірден соғылып жасалған қалқан түрі **«болат қалқан»** деп аталды. Қалқандардың формасы дөңгелек, дөңес болып жасалып, қолға ұстайтын баулары және иыққа асып алып жүруге арналған қайысбауы бекітілетін ілгектері орналасқан жерінде төрт кішкене

күмбезшелері болады. Сәнді болат қалқандардың беттері оюланып, алтындалып әшекейленеді, құраннан аяттар жазылады.

Қамбар ата – Орта Азия халықтарының мифологиясындағы жылқының киелі пірі саналатын мифтік кейіпкер. Батырлар үнемі жорықта, жолда жүретіндіктен, өздерінің тұлпарларының пірі — Қамбар атаны да пір тұтып, оған да сиынды. Қамбар ата туралы халық арасында аңыз-деректер әртүрлі. Кейбір зерттеушілер Қамбар ата есімін Мұхаммед пайғамбардың күйеу баласы, төртінші халиф Әзірет Әлінің атбегісі болған Ганбар есімді тарихи тұлғамен де байланыстырады.

Қанжар — басы қысқа, түзу, екі жүзді, кесу-сұғу арқылы жарақат салатын суық қару. Түркі тіліне «қанжар» атауы араб тілінен ауысқан. Қанжарды арнаулы қынына салып, белге іліп жүреді. Жауынгердің жанында, белдікте тұрақты ілініп жүретіндіктен, ертеде қазақтар қанжар, пышақтарда батырдың жаны орналасады деп сенген.




Қарумен серттесу — әскери қаруды магиялық серт сөздерімен арбау арқылы шайқас алдында орындалатын әскери магиялық ғұрып. Қаруды жанды нысан ретінде қабылдау магиялық ойлау жүйесінде түрлі әскери және тұрмыстық магиялық ырымдарды қалыптастырды. Соның бірі — «қаруды арбау». Дәстүрлі мәдениетте «арбау» — белгілі бір затты қолданғанда магиялық сөздік формулалардың көмегі арқылы заттың жанды рухының және адамның арасындағы шарттасу, яғни материалды дүниеге табиғаттан тысқары жолмен әсер ету үшін қолданылатын магиялық ырым. Қазақтың қаһармандық эпостарында кездесетін батырдың қарумен серттесу сөздері — әскери магиялық ырымдарда қолданылған жауынгерлік қаруды арбау сөздерінің бізге жеткен үлгісі. Бұл қаруды арбау сөздері эпосқа ырымдық фольклордан енген. Серттесудің сөздік формулаларында қарудың әр түріне мадақ айтылып, оларды жасау кезінде орындалған магиялық ырымдар еске түсіріліп, қолдану кезінде қаруға дұрыс, нәтижелі әрекет ету бұйырылып, әрекеті нәтижесіз болса — қаруға, ал дұрыс қолдана алмаса, батырдың өзіне жаза болуына серттеседі. Магиялық арбау ырымын жасау барысында жауынгерлік қарудың өз аты аталмай, оның орнына магиялық жанама атауы қолданылады.

Кесер — әскери магияда қарудың өз атын атауға тыйым салынып, магиялық жанама атауды қолданудан пайда болған, қылыштың әрекетін көрсететін сөзге негізделген эвфемистік бір атауы.

Қырқар — әскери магияда қарудың өз атын атауға тыйым (лингвистикалық табу) салынып, магиялық жанама атауды қолданудан пайда болған, қарудың әрекетін атайтын сөзге негізделіп жасалған, қылыштың, семсердің эвфемистік бір атауы.


Кездік — аңшылық пышақ. Кездіктің басы пышақтікіндей түзу, бір жүзді, бірақ жай пышақтан үлкендеу болады. Кездікті қынға салып, белге тағып алып жүреді.






Қаттау/қаттама сауыт — бірнеше қабат матадан сырылып тігілетін жұмсақ сауыт. Бұл қорғаныс жарағының атауы «қат» — қабат деген түбір сөзден туындаған, «қаттау» — қабаттау, қабатталып жасалған деген мағынаны білдіреді. Яғни, бұл сауыттың атауында оның қорғаныс қасиетінің жасалу әдісі көрініс тапқан. Бұл жарақ жауынгерлер үшін әрі жылы киім, әрі қарудан қорғайтын сауыт болды. Жұмсақ матадан тігілетіндіктен бұл сауыттың ұзын етегі, ұзын жеңі және тік жағасы болған.

Қозы жауырын жебе — пішіні қозының жауырынына ұқсас болып келетін, жалпақ етіп соғылған жебе. Жебесі осындай оқты «қозы жауырын оқ» деп атайды. Мұндай жебе, мұндай оқтар сауытсыз қарсыласқа қарсы қолданылады.




Қоңыраулы найза — басына қоңырау тағылған найза атауы. Халық ауыз әдебиетінде «қоңыраулы найза қолға алу» жорыққа шығуды тұспалдайды. Найзаның басына қоңырау тағу өте ертеде қолданылған дәстүр


болады. Мұндай найза ұстаған батыр бейнесін көне түркілердің тастағы суреттерінен көреміз. Кейінгі уақыттарда найзаға қоңырау тағу дәстүрден шығып қалған.




Қылыш — басы бір жүзді, сыртына қарай қайқы болып келген, кесу-шабу-түйреу арқылы зақым салатын қару. Ертеде магиялық түсініктерге байланысты әскери жорықта қылыштың өз атауын атауға лингвистикалық тыйым салынып, оның орнына эвфемистік жанама атаулар қолданылған. Сондықтан қазақ ауыз әдебиетінде қылышты кейде жасалған материалының немесе басты бір бөлігінің атымен атай береді. Ауыз әдебиетінде қылышты соғылған болатының реңіне қарай «ақ берен» («көк берен»), «ақ алмас», «қызыл алмас» деп, алтынмен әшекейленген балдағына сәйкес «алтын балдақ», «ақ балдақ» («көк балдақ») деп атау кездеседі. Бірақ бұлар қылыш типінің атауларына жатпайды, бұл қаруды киелеуден туындаған қылыштың эвфемистік жанама атаулары. Бұл эвфемизмдер алғашқыда тілдегі метонимиялық құбылысқа сәйкес заттың өз атауының орнына жүріп, кейін қарудың бір атауына айналып кеткен.



Қорамсақ — жақтың оғын салып жүруге арналған қап. Қорамсақты теріден, матадан жасап, оның бетін теріге бедерлеп салған ою-өрнекпен, түсті жібек кестемен, өрнекті металл (алтын, күміс, жез) шытыралармен әшекейлеген.



Құрама дулыға — металдан соғылып, төбесі бірнеше сайдан (пластиналардан) құралып жасалатын дулыға. Бұл әдіс ұсталарға дулығаны тез, оңай жасауға мүмкіндік береді.




Қызыр-Ілияс — Шығыс мұсылман аңыздарында айтылатын, жер бетінде мәңгілік өмір сүретін әулие-пайғамбарлар. Қызыр баба Шығыста ислам дініне дейін де әулие саналып, кейін ислам діні кең тарауымен мұсылман әулиелерінің қатарына енген. Мұсылман мифологиясы бойынша, оған және Ілияс пайғамбарға Алла Тағала мәңгі өмір сыйлаған. Кейбір аңыздар бойынша олар мәңгі тірлік суын ішіп, өлмейтін қасиетке ие болған. Көбіне Қызыр ата мен Ілияс әулиенің аттары Қызыр-Ілияс болып бірге айтылады. Мұсылман халықтарының наным-сенімі бойынша Қызыр-Ілияс көрінбей жер бетінде жүреді. Қызыр ата құрлықта, Ілияс әулие суда жүретін жолаушыларды қорғап, көмектеседі деп сенім бар. Сондықтан қазақ батырлары жорықта, жолда жүретіндіктен өздерінің




қолдаушы пірлері ретінде Қыдыр (Қызыр) ата мен Ілияс пайғамбарға да сыйынған. Мұсылман өнерінде Қызыр-Ілияс бастарының айналасын әулиеліктің, пайғамбарлықтың белгісі саналатын нұрлы жалын қоршаған қария адамдар түрінде бейнеленеді.

Қылшан — жақтың оқтарын салып алып жүруге арналған жеке жабдық. Көшпелі халықтарда орта ғасырларда қолданылған қылшандар түбіне қарай сәл кеңейтілген цилиндр пішінде, қайыңның тозынан, ағаштан, теріден жасалады. Қылшан көшпелі халықтарда көне түркі заманынан бастап қолданыла бастады. Қылшанға оқтар жебесі жоғары қаратылып салынады.



Мылтық — оқ-дәрімен атылатын қол отқаруының негізгі түрі. Бұл қару түрінің атауы арабтың «мултук» сөзінен шыққан. Қазақ мылтықтары оқпанындағы дәріге от беруге арналған тетігі — шүріппе жүйесімен айырықшаланатын бірнеше түрге бөлінеді. Оқпанның қазынасындағы оқ-дәріге шоқтанған пілтемен от беру арқылы атылатын мылтықтар «пілтелі мылтық», ал дәріні шақпақпен тұтататын мылтық «шақпақты мылтық», пистонмен атылатын мылтық «шиті мылтық» деп аталды. Сонымен бірге ауыз әдебиетінде қазақ жауынгерлері қолданған мылтықтардың «жезайыр», «құлдыр-мамай», «самқал» (шамқал) деп аталатын түрлері айтылады.




Найза — түйреу, шаншу арқылы жарақат салатын, ұзын сапты қару. Металдан соғылып жасалатын, зақым салуға арналған жебеден және ұзын ағаш саптан тұрады. Найза сабының қолға ұстайтын тұсына (ортасына) және төменгі жағына қайыстан «ілгектер» тағылады. Жорықта сол ілгектерінен қолдың қарына және етік пен үзеңгінің басына іліп алады. Жауынгерлер соғыс кезінде найзаның басына әртүрлі әскери дәреже және айыру белгілерін — ту, байрақ, қыл (жібек) шашақтар, жалаулар (желектер) таққан. Ту — қолбасылық, байрақ — әскербасылық,

батырлық дәрежесінің, шашақ — жауынгерлік белгісі саналады. Түсті жалау әскер бөліктерінің айыру белгісі болады.



Наркескен — басы өте қайқы болып соғылған өткір қылыш түрі. Қылыштың бұл түрінің қайқылығы бірден алқымынан басталды, сондықтан кесу күші жоғары болады. Наркескендерді қазақтар өздері де соққан, басқа елдерден, басқа халықтардан да сатып алып отырған. Басының өте қайқы болып келуі әдетте исфахан (парсы) қылыштарына тән болды. Ш. Уәлиханов қазақтардың мұндай қылыштарды да «наркескен» деп атағанын жазады.



Нөкер — әскери қызмет атқаратын вассал. Түркі тіліне «нөкер» сөзі монғол шапқыншылығы кезінде моңғол тілінен енген. Моңғол тілінде «нухур» сөзінің мәні — «дос, жора-жолдас», «өз көсеміне қызмет етуге міндет алған жауынгер» дегенді білдірді. Жазба және ауызша деректерде нөкерлер ханның немесе феодалдардың әскери қызметінде жүрген кәсіби жауынгерлер ретінде айтылады. Әскери қызметі үшін нөкерлер феодалдар тарапынан тамақ, киім және қарумен қамтамасыз етілді, кейін әскери олжаның бөлігін иеленді, ал ірі әміршілерден нөкерлер елді мекендерді, жер бөліктерін (халқымен бірге) уақытша иелікке алды. Бұл оларды ірі феодалдардың әскери қызметін атқаратын вассалына айналдырды.




Түркі халықтарында да нөкер — «әскери серік», «әскери қызметші» деген мағынаға ие. Түркі халықтарының эпостарында нөкер ханның, батырдың жанындағы жауынгер серіктері ретінде сипатталады. Әдетте олардың саны 40 болып келеді. Көшпелі түркі халықтарының тілінде «нөкер» атауына «жора», «шора» атауы сәйкес келеді. Қазақ, қырғыз ауыз әдебиетінде жора, шора — эпостық батырлардың әскери серіктері. Бірақ қазақ ауыз әдебиетінде бұл атаулармен бірге осы мағынадағы «нөкер» сөзі де қолданылады.




Пырақ — мұсылман мифологиясында пайғамбарларды аспанға көтеру үшін Алла тарапынан жіберілетін қасиетті қанатты жануар. Ислам дінімен бірге енген «бурақ» сөзі қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес өзгеріске түсіп, «пырақ» болып айтылады. «Пырақ» (ар. бурақ, әл-бурақ) сөзі «жасындай жылдам» дегенді білдіреді. Мұхаммед пайғамбар ғалайһиссалам бұл ғажайып жануарды қасиетті «Миғраж» түні Құдыс (Иерусалим) қаласына түнгі сапар шеккенде және Жәбірейіл періштенің бастауымен жеті қат аспанға көтеріліп, Алланың тағының алдына барғанда мінген. Аңыз бойынша, бұл қасиетті жануар оған дейін басқа пайғамбарларға да қызмет еткен, оны Алла Тағала пайғамбарларға әдейілеп аспаннан түсіріп отырған. Мұсылман дәстүрінде Пырақ ақ не шұлан түсті, денесі жылқыға ұқсас, адам басты, алдыңғы аяғында ақ қанаттары бар ғажайып жануар түрінде сипатталды. Әдетте мұсылман бейнелеу өнерінің каноны бойынша, шығыс миниатюраларында пырақ басының айналасында, оның киелілігінің белгісі ретінде, жалын бейнесімен, ал құйрығы тотықұстың құйрығындай түрлі түсті болып салынады.

Пышақ — басы түзу, бір жүзді, ұшы сыртына қарай дөңгелене үшкірленген, кесу-сұғу арқылы жарақат салатын суық қару. Пышақ атауы көне түркі тіліндегі «кесу» дегенді білдіретін «пышу» («пішу», «бышу») түбірінен туындаған, «кесетін зат» деген сөз. Пышақтар негізгі қызметіне байланысты соғыста жауынгерлер қолданатын жауынгерлік пышаққа, аңшылар аң аулауға шыққанда қолданылатын аңшылық пышаққа,



күнделікті тұрмыста пайдаланылатын тұрмыстық пышаққа бөлінеді. Өткен ғасырларда қазақтар кісе белдікке міндетті түрде қынға салынған пышақ іліп жүретін, сондықтан белдікке ілінген пышақ қазақтың ұлттық ерлер киімінің бір тұрақты элементіне айналған.

Пілте/білте мылтық — оқпандағы оқ-дәріге шоқтанған білтемен от беру арқылы атылатын мылтық түрі. Пілтелі мылтықта дүмінің оң жағында теріден жасалған, пілте салуға арналған «қалтасы» болды. Пілтелі мылтықта оқ-дәріге от беру екі иінді рычагтан тұратын шүріппе арқылы іске асты. Шүріппенің жоғарғы иінінің ұшы — шаппасы екі айыр болып жасалып, арасына мақтадан жасалған, тез тұтанғыш «пілте» (фитиль) қыстырылды, ал шүріппенің төменгі иінінде оны кері қайтарып тұратын серіппе бекітілді. Мылтықты ату үшін шүріппенің шаппасында қыстырылған пілтені «шақпақпен» тұтатып, шүріппені басып, оқпанның құлағына салынған тұтатқыш дәріге тигізіп от бергенде, оқпанның түбіндегі тесік арқылы оқпан ішіндегі негізгі оқ-дәрі тұтанып, мылтық атылады.



Пір (парс. — ақсақал, қарт кісі, әулие) — Кіші және Орта Азиядағы түркі тілдес халықтарда белгілі бір кәсіптің киелі қолдаушысы. Шығыс халықтарында кәсіптің иесі туралы түсініктер исламға дейінгі дәстүрлерден басталады. Кейбір пірлер шығу тегі жағынан исламға дейінгі жергілікті киелі мифтік кейіпкерлер болды. Ислам дінінің енуімен көне киелі құдіреттердің кейбірі олардың қызметтерін қабылдаған мұсылман мифологиясының кейіпкерлерімен ауыстырылды. Қазақтарда да әрбір кәсіптің киелі пірі болады деген сенім, кәсіби жұмысты істеуде сол пірге сиыну дәстүрі ертеден қалыптасты. Көне діни түсініктер бойынша, бұл қолдаушы пірлер кәсіп иелеріне өз саласында жақсы жетістіктерге қол жеткізуге көмек беріп, істерін бағыттап, қорғап отырады-мыс. Сондықтан бір істі бастарда кәсіп иелері міндетті түрде өз пірлеріне сыйынып, дұға оқып, олардан медет сұраған. Көшпелі қазақ қоғамында әскери істі тұрақты кәсіп еткен кәсіби әскерилер — қазақ батырларының да кие тұтып, көмек сұрап, қолдау тілеп сыйынған киелі пірлері болды. Олардың кейбірі мифтік, аңыздық қаһармандар немесе тарихта болған, аттары аңызға айналған тарихи тұлғалар, кейбірі ислам дінімен енген мифтік кейіпкерлер. Бірақ олардың бәрін біріктіретін басты ерекшелік — олардың бәрі де атақты батыр болып, соғыста ерен ерлік көрсеткен тұлғалар. Олар — түркі-иран халықтарына ортақ, Иран, Тұран батырларының пірлері, аңызға

айналған мифтік қаһармандар Рүстем мен Дастан, мұсылмандардың аты аңызға айналған батыры Әзіреті Әлі, ұсталықтың иесі, өзі де батыр болған Ер Дәуіт пайғамбар, түркі халықтарына ортақ мифтік кейіпкері — Баба Түкті Шашты Әзіз.

Рүстем-Дастан — иран және түркі халықтарының мифологиясындағы мифтік қаһармандар. Рүстем мен Дастан — көне замандағы систан немесе сақ-соғдылық эпикалық шығармалар циклының кейіпкерлері. Систан — Ирандағы әкімшілік аймақтардың бірінің атауы, оның қазіргі Иран жеріне кіретін бөлігі — Забул өлкесі саналады. Б.з. дейінгі II ғасырда Систан аумағын және онымен шегаралас аймақтарды Қазақстан даласын мекен еткен сақ, массагет тайпалары жаулап алды. Бұл аймақтарға орныққан сақтар бұл өлкеге өзінің тайпалық атауын беріп Сакастан («Сақтар елі») деп атады. Кейін уақыт өте келе Сакастан/Сигистан/Сиджестан/Сеистан/Систан болып өзгерген бұл мекеннің тұрақты тұрғындарына айналған сақтар иран әлеміне Забул батыры Рүстем туралы көне аңыздар циклын енгізді. Кейін Рүстем парсының ұлы ақыны Фирдоусидің шығармашылығында көне аңыздар мен тарихи деректердің негізінде жазылған Иранның даңқты эпосы «Шахнаменің» басты қаһарманына айналды.




«Шахнамеде» Рүстем — сақ тайпалары мекен еткен Систан елінің даңқты батыры. Рүстемнің әкесі — мифтік патша Жәмшидтің әулетінен шыққан Самның баласы Заль батыр. Көне мифологиялық аңыз бойынша, шашы, кірпігі ақ, денесі қызыл (альбинос) болып туғандықтан әкесі Зальді орманға апарып тастатқызып, оны мифтік алып құс — Самұрық асырап өсіріп, бойына алып күш дарытып, әртүрлі ғылым, білім, жетпіс екі тіл үйретіп, баланың атын Дастан қояды. «Дастан» — айлакер, әділетсіз деген мағынаны білдіреді. Шығыс бейнелеу өнерінде Дастан шашы, қас, кірпігі ақ түсті батыр түрінде бейнеленеді. Заль батырдан (Дастаннан)


туған Рүстем батыр жойқын күш иесі болып, атса — оқ, шапса — қылыш өтпейтін батыр болып, 500 жыл өмір сүреді. Шығыс бейнелеу өнерінде Рүстем дулығасына жолбарыстың бас терісін, сауытына жон терісін жамылған, Рахш атты күрең тұлпар мінген батыр түрінде бейнеленеді. Жолбарыс терісінен жасалған жауынгерлік сауыт Рүстемнің басты атрибуты саналады. «Шахнамеде» Рүстем мен Дастан иран батырлары болып айтылғанмен, олар түркі тілдес халықтар үшін де белгілі мифтік қаһармандар болған. Олар қазақ батырларының да сыйынатын киелі пірлері саналады. Қазақ эпостарында бұл әкелі-балалы мифтік батырлардың есімдері қосарланып Рүстем-Дастан болып айтылады. Қазақ батырлары соғыста, шайқас алдында жауынгерлік жекпе-жекке шыққанда Рүстем-Дастаннан медет тілеп, қолдау сұрап, сыйынатын болған.

Сарыжа/Сарыжай — жақтың көне бір атауы. «Сарыжа», «сарыжай» сөзі «сары жақ» сөзінің бір нұсқасы. Бұрынғы кезде кеппеу үшін, дымқыл тартпас үшін жақтың сыртын қайыңның тозымен қаптайтын болған. Тоздың сарғыш түсіне байланысты жақты кейде жанамалап «сары жақ / сарыжай / сарыжа» деп те атаған. Жақты кейде «садақ» деп те атайтындықтан (қараңыз: **«садақ»**), ауыз әдебиетінде бұл сөздің **«сарсадақ»** нұсқасы да қолданылады.




Садақ — жақты салып алып жүруге арналған қабы. Садақты матадан, теріден тігіп жасады. Беттері баспалап бедерлеу, түсті жібек жіппен кестелеу әдістерімен көркемделіп, асыл тастармен, өрнекті металл шытыралармен әшекейленеді. Бойға асыну үшін садақ пен қорамсақ «садақбау» деп аталатын арнаулы белдікбауға (портупеяға) тағылады. Қазақ тілінде оқ салынған қорамсақ және жақ салынған садақтың садақбауымен қоса біртұтас жиынтық атауы да — «садақ». Сонымен бірге «садақ» атауы эвфемистік атау ретінде жақтың өз атауының орнына да қолданылып, жақтың бір атауына айналып кеткен.






Сайыс — үлкен ас пен тойларда өткізілетін найзаласу жекпе-жегі. Түркі тілінде «сай» сөзі «түйреу», «шаншу» дегенді білдіреді. Бұл сөздің осы мағынасы кейбір түркі халықтарының тілінде сақталған. Яғни, «сайысу» — найзаласу, найзамен жекпе-жек деген мағына береді. Соғыс кезінде майданда өтетін батырлардың жауынгерлік жекпе-жегі батырлардан ер қаруының барлық түрін қолдану тәсілдерін шебер меңгеруді, жеке айқасты жүргізудің әдістері мен тактикасын толық игеруді талап ететін. Бейбіт уақыттарда әртүрлі үлкен ас пен тойларда өтетін жамбы ату, бәйге, көкпар тартыс, аударыспақ, балуан күрес және сайыс кәсіби әскерилер үшін қажетті әскери жаттығулар болатын. Мұндай сайыс шарты бойынша, сайыскерлер қолдарына ұзындығы 2,5-3 метрдей ұшы доғал найза алып, сол найзамен бір-бірін аттан аударып не итеріп түсіруге тырысқан. Сайыс бүкіл халық жиналған астарда, тойларда өтетіндіктен, сайыста да батырлар майдандағы жауынгерлік жекпе-жектегі сияқты ел намысы үшін сынға түсіп, өз руының атынан шыққан.



Сапы — басы түзулеу келген, бір жүзді, сабы балдақсыз, шабу-кесу арқылы жарақат салатын қару түрі. Сапымен негізінен шабу арқылы зақым салады, қарудың осы жұмсалу ерекшелігі оның атауына негіз болған. Бұл қару атауының кейде «шапы» нұсқасының да кездесуі «шабу» түбірінен туындағанын айғақтайды. Сапыны «қынап» деп аталатын арнаулы қабына салып, белге тағып алып жүреді.




Сауыт — айқаста қарсыластың қаруынан қорғану үшін денеге киілетін дәстүрлі қорғаныс жарағы. Бұл атауда осы қорғаныс жабдығының жауынгер денесін қаптап тұратын ерекшелігі көрініс тапқан. Сауыт түрлі технологиялық әдістермен — бір-бірімен бекітілген металл шығыршықтардан өріліп, металл пластиналардан және тақталардан теріліп, металдан тұтастай соғылып немесе жұмсақ материалдан қабаттап тігіліп

жасалады. Кейбір сауыттарда бұл қорғаныс жасау әдістері аралас қолданылады. Қорғаныс қасиетін қалыптастырудың осы әдістеріне байланысты бұл қорғаныс жарағы қазақтарда «кіреуке сауыт», «көбе сауыт», «берен сауыт», «жалаңқат сауыт», «қаттама сауыт» деп аталатын бірнеше түрге жіктеледі.




Сауытбұзар оқ — сауытпен жарақталған қарсыласқа қарсы қолданылатын садақ оғы, оқтың жебесі. Көшпелі халықтарда садақ оқтарының соғыста және аңшылықта әртүрлі мақсатта қолданылатын бірнеше түрі болды. Оқ жебесінің пішіні, жасалу материалы оның қолданылу қызметімен анықталды. Сауытпен жарақталған жауға қарсы қолданылатын оқ жебесі металдан төрт қырлы немесе үш қырлы болып соғылды. Қолданылуына байланысты мұндай жебелі оқты қазақтар **«сауыт бұзар»** немесе **«көбе бұзар»** деп атаған.



Селебе — пышақтың қанжар сияқты үлкен түрі. Оның басы түзу, бір жүзді болып келеді. Бұл пышақ түрі қылыш, сапы сияқты соғыста қолдануға арналған. Бұл қарумен кесу арқылы да, шабу арқылы да зақым салады.



Семсер — басы екі жүзді, түзу келген, сабы балдақты, шабу-түйреу арқылы жарақат салатын қару. «Семсер» арабтың «шамшир» сөзінің (екі жүзді кесу қаруы атауының) өзгерген түрі. Шығыста (иран, үнді халықтарының тілінде) «шамшир»/шемшир/шамшер» сөзі қылыш түрінің атауы ретінде қолданылады. Кейде қылышты «семсер» деп атау қазақтарда да кездеседі. Қазақ ауыз әдебиетінде семсерді соғылған болатының реңіне қарай «ақ семсер», «ақ берен» («көк берен»), «ақ алмас» деп, алтынмен әшекейленген балдағына сәйкес «алтын балдақ», «ақ балдақ» («көк балдақ») деген эвфемистік атаулармен де атай береді.



Сүңгі — түйреу-шаншу арқылы зақым салатын, жебесі үшкір, жіңішке, бірнеше қырлы болып жасалынған, сауыт киген жауынгерлерге қарсы қолданылатын ұзын сапты қару түрі. Зақым салуға арналған, металдан соғылып жасалатын жебеден және ұзын ағаш саптан тұрады. Кейбір сүңгілердің екі басында да жебесі болады. Сүңгі негізінен сауытпен жарақтанған жауынгерлерге қарсы қолданылатын қару. Сүңгі сабының қолға ұстайтын тұсына (ортасына) және төменгі жағына қайыстан «ілгектер» тағылып, жорықта сол ілгектерінен қолдың қарына және етік пен үзеңгінің басына іліп алып жүреді. Соғыс кезінде сүңгінің басына әртүрлі әскери белгілер — ту, байрақ, қыл (жібек) шашақтар, жалаулар (желектер) тағылады. Ту — хандық билік, қолбасылық билік, байрақ — әскербасылық, батырлық дәрежесінің, шашақ — жауынгерлік белгісі саналеды. Түсті жалау — әскер бөліктерінің айыру белгісі болады.





Сүрен — әскердің өз рухын көтеру үшін салатын қатты айқайы. Сүрен қатты айқай түрінде болатындықтан, кейде «айқай-сүрен» деген нұсқада да айтылады. Соғыс кезінде әскер өзінің рухын көтеріп, жаудың мысын басу үшін майданда жау әскерімен қарама-қарсы тұрғанда және айқасқа кіргенде бір-бірін ұрысқа шақырып, қатты айқайлап сүрен салады. Сүренді жеке жауынгер емес, өзінің біртұтастығын, бірлігін, біріккен күшін сезіну үшін бүкіл әскер бірігіп айқайлайды. Сүрен де ұран сияқты жұртты ұрысқа шақыратын айқай болғандықтан «ұран-сүрен» деген қос сөз түрінде де айтылады.



Сыпай — Шығыста (Орта Азияда, Иранда, Түркияда) әскери қауымнан, яғни феодалдық аристократиядан құрылған атты әскер жауынгерінің атауы. «Сыпай» парсыша «сипах» сөзінің қазақшаланған нұсқасы. Көне парсы тілінде бұл сөздің түбірі «асб», «аспа», парсыша «ат» деген сөз. Сипахтар — өзі де, аттары да сауытпен жарақтанған жауынгерлер. Қазақ тілінде бұл сөз «сыпа» және «сыпай» болып екі фонетикалық нұсқада кездеседі. Ауыз әдебиетінде «сыпай/сыпа» сөзі қазақ қоғамындағы кәсіби әскерилер қауымның өкілі — батыр атауының баламасы ретінде қолданылады.

Сырнай — алдыңғы жағы кеңейіп келген қысқа түтік түріндегі үрмелі музыкалық аспап. Сырнайды жезден, мыстан, ағаштан, мүйізден жасаған. Әртүрлі дыбыстар шығару үшін өн бойында бірнеше тесіктері болады. Бұрынғы заманда сырнайды керней, дауылпазбен бірге соғыста әскери белгі беру үшін қолданып, әскери музыкалық аспаптар құрамына кірген.






Темір телпек/жез телпек — металдан соғылып және шығыршықтан тоқылып жасалған жауынгерлік жеңіл баскиім. Темір телпек негізгі екі бөліктен: темірден немесе жезден соғылып жасалған дөңгелек төбеліктен және оған ілінген кіреукелі мойын жапқыштан тұрады. Темір телпектің формасы да, қолданылуы да телпекке (тақияға) ұқсас. Тақияның сыртқы баскиімнің ішінен де, жеке де киілетіні сияқты, темір немесе жез телпек те әдетте дулығаның астынан қосымша қорғаныс ретінде де киілді, жеке де қолданылды.

Темір тон — денені қарсыластың қаруынан қорғауға арналған темір сауыттардың жалпы атауының ескі нұсқасы. «Тон» сөзі көне түркі тілінде «денеге киілетін киім» деген мағынада қолданылды. «Темір тон» атауында «тон» сөзінің осы көне мағынасы сақталған, батырлар киетін «темір киім», «темір сауыт» дегенді білдіреді. Халықтық әскери терминологияда сауыттың синонимі ретінде «тон» сөзі жауынгерлік сауыттың жеке түрлерінің атауларында да қолданылып, кіреуке сауыт — «кіреуке тон», көбе сауыт — «көбе тон», берен сауыт — «берен тон» деп атала береді. Ауыз әдебиетінде басынан аяғына дейін осындай темір сауыттармен жарақтанған батырлар әдетте «темір тон киген», «сауыттан тон жамылған» адамдар ретінде сипатталады.

Торғауыт сауыт/торғауыт — теріден жасалған сауыт. Әдетте ауыз әдебиетінде бұл сауыт түрі бес қабат, тоғыз қабат болып сипатталады. Итальян саяхатшысы Плано Карпини орта ғасырда моңғолдардың теріден бірнеше қабаттап сауыт жасайтынын сипаттап жазған. «Торғауыт сауыт» та осы әдіспен бірнеше қабат теріден жасалған болса керек. Торғауыт — моңғол тайпасының бірі. Оларда ортағасырлық моңғолдарда қолданылған, бірнеше қабат теріден сауыт жасау дәстүрі сақталған сияқты. Теріден бірнеше қабаттап жасалғандықтан, «торғауыт сауыт» өте берік болды. Батырлық жырларда мұндай сауытты көбіне қалмақ (жоңғар) хандары, батырлары кигені айтылады.



Ту — киелі әскери белгі. Ағаштан сапталып, матадан тігілген желектен және металдан жасалып, тудың басына орнатылатын киелі рәміздер — тудың ұштығынан тұрады. Тудың желегі әдетте үшбұрышты, төртбұрышты немесе трапеция формалы болып жасалып, желектің негізгі бөлігіне түсті матадан жасалған бірнеше (бір, екі, үш) таспалар түріндегі ту құйрықтары бекітіледі. Майданда жақсы көрінуі үшін тудың желегі мен құйрықтарына әдетте ашық қызыл, көк, жасыл, сары түсті маталар пайдаланылды. Тудың желегіне түрлі киелі бейнелер (қасиетті аңдар мен жануарлар, зұлпықар қылыш, періште, айдаһар, т.б. суреттер) салынып, киелі жазулар (әртүрлі



ұран, қасиетті сөздер) жазылады. Мысалы, орта ғасырлардағы көне түркілердің туларында олардың тотемдік символы болған бөрінің басы салынған. Тудың ұштығында әр халық өздеріне тән киелі діни рәміздерін бейнелеген. Бұл рәміз туға күш, киелілік беруге тиіс болды. Мұсылман халықтарында, оның ішінде қазақтарда да, тудың ұшында ислам дінінің символдары бейнеленді — жарты ай бейнесі салынып, Алланың есімі, Құран сөздері жазылды. Кейбір туларда ұштығының астына қылшашақтан, мата таспадан байрақтар тағылды. Ту — мыңдық, түмен, лек сияқты үлкен әскери қосындардың киелі әскери белгісі болды. Киелі белгі болған тудан айырылу әскердің жеңіліске ұшырауымен бірдей саналғандықтан, соғыста туды ұстап жүруге ержүрек, батыр жауынгерлер тағайындалған.

Тұлпар — қазақтың көне дүниетанымындағы қасиетті ат түріндегі мифологиялық бейне. Мифтік сипаттағы ертегілерде, эпостарда тұлпар мифтік қаһармандардың — батырлардың көмекші қасиетті жануары ретінде көрсетіледі. Қазақтар болашақ батыр туғанда оның тұлпары онымен бірге туады деп сенген, яғни мифтік қаһарманға оның қанатты тұлпары аспан әлемінен арнайы түсіріледі. Қазақтар тұлпардың қолтығының астында көзге көрінбейтін қанаты болады деп санайды. Тұлпар — көшпелі халықтардың мифологиясында үш мың жылдай бұрын қалыптасқан көне мифтік бейне, ол — аспан дүниесін мекен ететін, мифтік қаһармандарға көмектесу үшін арнайы жерге түсетін киелі рух түрінде суреттелген. Көне мифтік қанатты тұлпардың бейнесін біз үйсін, ғұн, сақ-скиф тайпаларының көне өнер ескерткіштерінен көре аламыз. Эпостық қаһарман Қобыланды батырдың аспанға ұшатын Тайбурылы — осындай қанатты тұлпар.




Шақпақты мылтық/шақпақты — шақпақты шүріппелі ескі мылтық түрі. Шақпақты мылтықта шүріппе шаппасының басы шақпақты бекітуге



арналған, бұрандамен тартылатын қысқаш түрінде жасалған, тұтатқыш дәрі салатын құлақ оқпанға емес, мылтық құлыбының тақтасына орнатылып, оқпан қазынасының тұтатқыш тесігімен жалғасқан. Құлақтың үстінде ашылып, жабылып отыратын арнаулы темір оттық түріндегі қақпағы болады. Шүріппені басқанда шаппаның шақпағы оттыққа ұрылып, соққыдан шыққан от ұшқыны құлақтағы тұтатқыш дәріні жандырып, одан тесік арқылы оқпандағы дәрі зарядына от берілді. Пілтелі шүріппемен салыстырғанда шақпақты мылтықта атылу процесі біршама жеделдетілді.

Шарайна — қайыс баулармен жалғанған бірнеше төртбұрышты немесе дөңгелек болат тақталардан құралып жасалған, сауыт сыртынан кеудеге, белге киілетін қорғаныс жарағы. Бұл жарақ тақталарының беттері айнадай жалтыратылып қоятындықтан олар «айна» деп аталған. Жарақ атауындағы «шар» сөзі — «төрт» дегенді білдіретін парсы тілінен ауысқан сөз («шардақ», «шарбақ», «шарқат» сөздеріндегідей), яғни «шарайна» — «төрт айна» дегенді білдіреді, бұл жарақ көбіне төрт тақтадан тұратындықтан, осылай аталған. Тақталары болат темірден соғылып жасалғандықтан, шарайнаны кейде «шарболат» деп те атайды, яғни «төрт болат тақта» деген сөз.



Шоқпар – ұру, соғу арқылы зақым салатын қару. Бұл қару атауының түркі тілдеріндегі шокбар/чокмар/чокум/чокмак/токмак сияқты әртүрлі нұсқалары бұл атаудың түбірі соғу сөзі екенін, яғни соқпақ (соғатын, ұратын зат) дегенді мағыналайтынын көрсетеді. Шоқпарды жауынгерлер алдыңғы не артқы жақтан белге қыстырып алып жүрген. Ұзақ жолда, жорықта жүргенде шоқпарларды тақымның астына бастырып немесе алдыңғы қанжығаға байлап алатын болған.



Қалиолла Ахметжанов,
өнертану ғылымдарының кандидаты

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алпысбаева Қ., Әуесбаева П. Қолжазба қорларындағы батырлық жырлардың жиналу тарихы. — Алматы, 2017.
2. Арабско-русский словарь. Составитель Х.К. Баранов. — М., 1968.
3. Әуезов М. Қазақ әдебиеті. — Алматы, 1991.
4. Бердібаев Р. Қазақ эпосы. — Алматы, 1982.
5. Березин И. Турецкая хрестоматия. Т. 3. ч. 2. — СПб., 1890.
6. Гацак В.М. Предисловие к книге: Типология народного эпоса. — Москва, 1975.
7. Ғабдуллин М., Сыдықов Т. Қазақ халқының батырлық жыры. — Алматы, 1972.
8. Древнетюркский словарь. Л., Наука, 1969.
9. Ер Тарғын. — Қазан, 1913.
10. Жирмунский М.В. Тюркский героический эпос. — Ленинград, 1974.
11. Короглы Х. Туркменская литература. — Москва, 1972.
12. Қазақ тілінің сөздігі. — Алматы, 1999.
13. Қасқабасов С.А. Таңдамалы. 4-том. — Астана: Фолиант, 2015.
14. Қобыланды батыр. — Қазан, 1914.
15. Қорғанбеков Б. Шора батыр эпосы: нұсқалары, генезисі, тарихилығы. — Астана: Фолиант, 2014.
16. Қоңыратбаев Т. Эпос және этнос. — Алматы, 2000.
17. Мағауин Е. Едіге халық эпосы. — Алматы, 1993.
18. Матыжанов К.І. Қазақтың отбасы фольклоры. — Алматы, 2007.
19. Нұрмағанбетова О. Қазақтың қаһармандық эпосы Қобыланды батыр. — Алматы, 2003.
20. Орлов А.О. Казахский героический эпос. — Москва, 1945.
21. Персидско-русский словарь. — Москва, 1970.
22. Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в южной Сибири и в Джунгарских степях. 3-том. — СПб., 1870.
23. Рақыш Ж. Қамбар батыр жыры және оның текстологиясы. — Алматы, 2009.
24. Турецко-русский словарь. — Москва, 2005.
25. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. — Алматы, 1993.
26. Ыбыраев Ш., Алпысбаева Қ., Әлбеков Т. Халық әдебиетін жинау, жүйелеу және сақтаудың әдістемелік құралы. — Алматы, 2009.

Қолжазбалар

1. Дотан батыр. Қолжазба, 328-бума, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты.
2. Қамбар батыр. Қолжазба, 36-бума. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты.
3. Қобыланды батыр. Қолжазба, 2330-бума, Орталық ғылыми кітапхана.
4. Құламерген. Қолжазба, 849-бума, Орталық ғылыми кітапхана.

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова приступает к изданию 10 томов «Антологии Степного фольклора», которая является частью программы «Рухани жаңғыру» («Духовное возрождение»), предложенной Первым президентом Казахстана Н. Назарбаевым в статье «Семь граней Великой степи».

В первый том вошли лучшие образцы эпического наследия казахского народа. Известно, что эпосы в казахском фольклоре представляют собой наиболее художественно выразительные произведения, богатые как по содержанию, так и имеющие большое воспитательное значение, - им присущ дух высокого патриотизма. Казахский эпос в своем развитии достиг классических форм и входит в мировую сокровищницу культуры.

Эпосы давно обрели всенародную любовь — они имели самое широкое хождение в народе и сохранились в многочисленных рукописных вариантах, были многократно изданы и стали объектом многих научных исследований. Эпосы заслуженно считаются жемчужиной казахского фольклора.

Вниманию читателей впервые предлагается первый том «Антологии Степного фольклора», включающий героические эпосы. В результате тщательного текстологического отбора в книгу включены эпосы «Куламерген» в исполнении сказителя А.Бектасова и «Дотан батыр», записанный Ж.Шайхисламовым, а также героические поэмы, уходящие своими корнями в многовековую давность и имевшие широкое распространение среди многих тюркских народов: Алпамыс батыр, Камбар батыр, Кобланды батыр, Ер Таргын, Ер Саин, Ер Едыге, Шора батыр.

Казахский архаический эпос является отражением мироощущения древних людей и их верований, он построен на мифологических, сказочных и легендарных событиях, показывающих уровень художественного восприятия человеком окружающего мира. В сюжетах архаического эпоса как правило преобладают мифические персонажи, такие как, например, ведьмы, джины, злые демоны, драконы, ангелы и т.д. Со временем, древние эпосы обрастают сказочными свойствами, а затем трансформируясь во времени обретают формы героических эпосов.

Эпос «Куламерген» — один из образцов древнего эпоса, в котором преобладают характерные черты сказочно-мифологического повествования, где персонажи обладают волшебными силами. Несмотря на то, что по времени эпос относится к эпохе матриархата, тем не менее в нем показана главенствующая роль мужчины в доме. Охотничьи и снайперские навыки человека со временем обретают черты героизма.

Одним из древних эпосов является «Дотан батыр» и, хотя в нем преобладают сказочно-мифологические черты, тем не менее он со временем наполняется более достовреными событиями. Поэтому в произведении немало места занимают картины вооруженной борьбы между казахами и калмыками. Также основной сюжетной линией произведения является поход героя в поиске за суженой и описание испытаний, через которые он вынужден при этом пройти. Выживание героя в стране невесты, а также архаические черты общества того времени, доказывают древность происхождения эпоса.

Героические эпосы воспевают идеи свободы, народного героизма и независимости от внешних врагов. В природе героического эпоса, берущего

свое начало еще с мифологического миропонимания, можно увидеть фольклорное самосознание и эпическую традицию, характерную для народного творчества.

Сокровищницу культурного наследия казахов представляет эпос «Алпамыс батыр» — по своему содержанию и художественной выразительности его можно сравнить со всемирно известными произведениями как «Одиссея», «Манас», «Калевала», «Жангер», «Олонхо». Сохранились более десяти вариантов эпоса. В данный том включен один из лучших вариантов произведения в исполнении сказителя Султанбека Аккожаева.

«Кобыланды батыр» — эпос, который в истории фольклористики стал одним из первых объектов научного исследования. Это произведение является известным памятником казахского эпического наследия. К публикации был отобран вариант Б.Толымбаева (Казань, 1914), сохранившийся в редком фонде Центральной научной библиотеки.

Эпос «Камбар-батыр» — повествование, дошедшее до нас из глубины веков в изустной передаче. Существует 19 вариантов эпоса. Для публикации взят вариант, изданный русским востоковедом И.Н Березиным в 1890 году в Санк-Петербурге в известной серии «Турецкой хрестоматии».

Сюжет эпоса «Ер Таргын» отображает исторические события ногайлинской эпохи — то время, когда шло формирование казахской нации. Имеется несколько вариантов произведения. Один из наиболее известных вариантов эпоса — вариант сказителя Марабая. Текст эпоса, записанный со слов сказителя русским миссионером Н. Ильминским, лег в основу издания 1862 года и он включен в настоящий том.

Эпос «Ер Сайын» занимает в репертуаре казахских сказителей важное место и входит в число особо почитаемых в народе героических сказаний. Существет несколько вариантов эпоса. В настоящее издание включена версия эпоса, опубликованная академиком В.Радловым в 1870 году.

Эпос «Ер Едиге» стоит в ряду произведений, посвященных историческим событиям ногайлинской эпохи. Для включения в издание были изучены различные варианты эпоса, сохранившиеся как в рукописях, так и опубликованных в разное время в книгах. Одним из наиболее полных вариантов оказалось издание середины XIX в., записанное со слов Чингиза и его сына Чокана Валиханова, которое и вошло в антологию.

Казахский вариант эпоса «Шора батыр» входит в цикл о «сорока ногайских батырах», получивших широкое хождение в народе. В настоящий том включен вариант эпоса, опубликованный впервые в 1884 г. в Казани под названием «Қисса-и Нәріктің ұғылы Шора батыр» по версии М.Алиакбарова.

Издание снабжено справочным аппаратом: комментарий к каждому произведению, этнографический словарь, комментарии к историческим персоналиям, сведения об исполнителях и собирателях текстов эпосов и их портреты, библиография, резюме на русском и английском языках. Издание богато иллюстрировано и сопровождается электронной версией и аудиозаписью произведений. Для записи на аудиодиск были приглашены жыршы, представляющие разные школы сказительства.

С помощью указанного на обложке книги QR кода читатель может получить доступ к электронным и аудио версиям издания, размещенным на сайтах.

SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Art starts publishing 10 volumes of "Anthology of the Steppe Folklore", which is part of the program "Rukhani zhangyru" ("Spiritual Revival"), proposed by the First President of Kazakhstan N. Nazarbayev in the program article "The Seven Facets of the Great Steppe".

The first volume includes the best patterns of the epic heritage of the Kazakh people. It is known that the epic in Kazakh folklore are the most artistically expressive works, which are rich in content and have great educational significance - the spirit of high patriotism is typical for them. The Kazakh epic in its development has reached classical forms and is included into the world treasury of culture.

Epics have gained national love - they had the widest circulation among the people and were preserved in numerous manuscript variants, and were published many times and became the object of many scientific studies. Epics are deservedly considered the pearl of Kazakh folklore.

The first volume of "Anthology of the Steppe Folklore", which includes heroic epics, is proposed to the readers' attention for the first time. The book includes patterns of the Kazakh archaic and classical epic - these are the ancient epic works "Kulamergen" and "Dotan", as well as heroic poems which root back to the ancient centuries and are widely used among many Turkic peoples: Alpamys batyr, Kambar batyr, Koblandy batyr, Er Targyn, Er Sain, Er Edyge, Shora Batyr.

The Kazakh archaic epic is a reflection of the philosophy of ancient people and their beliefs, and it is built on the events in the myths, tales and legends, which show the level of artistic perception of the surrounding world by human.

Mythical characters such as, for example, witches, genies, evil demons, dragons, angels, etc. usually prevail in the plots of the archaic epics. Over time, ancient epics acquire fabulous properties, and then, being transformed in time, get the forms of heroic epics.

As a result of a careful textual selection from many existing ancient epics, the epics "Kulamergen" performed by the narrator A. Bektasov and "Dotan Batyr" recorded by Zh. Shaikhislamov were selected for publication.

The treasury of the cultural heritage of the Kazakhs is represented by heroic epics. So the epic "Alpamys Batyr" in terms of the content and artistic expression can be compared with globally known works such as "Odyssey", "Manas", "Kalevala". More than ten variants of the epic have been preserved. This volume includes one of the best variants of the work in artistic aspect, which is well known among the people thanks to early publications, performed by the narrator Sultanbek Akkozhaev.

"Kobylandy Batyr" is one of the epics, which in the history of folklore studies became almost the first object of scientific research. This work is a famous monument of the Kazakh epic heritage and has become widely known in the world thanks to the Moscow scientific publication. As a result of a thorough comparative textual analysis, the variant of B. Tolymbayev (Kazan, 1914),

which was preserved in a rare collection of the Central Scientific Library, was selected for publication.

The epic "Kambar-batyr" - a narrative that has preserved to date from the ancient times through oral transmission, has gained popularity among people. There are 19 epic variants. We have taken the variant published by the Russian orientalist I.N. Berezin in 1890 in St. Petersburg in the famous series Turkish Chrestomathy for publication.

The plot of the epic "Er Targyn" reflects the historical events of the Nogai era, the time when the formation of the Kazakh nation took place. There are several variants of the work. One of the most well-known artistic variants of the epic is the variant of the storyteller Marabai. The text of the epic, recorded from the words of the narrator by the Russian missionary N. Ilminsky, formed the basis of the edition of 1862 and is included into this volume.

The epic "Er Saiyn" occupies an important place in the repertoire of the Kazakh storytellers and is among the heroic legends especially honored by the people. There are several variants of the epic recorded among its performers. This edition includes the variant of the epic published by academician V. Radlov in 1870.

The epic "Er Edige" is among the works dedicated to the historical events of the Nogai era. For inclusion in the publication, various variants of the epic were studied, which preserved in manuscripts and published at different times in books. One of the most complete variants was the edition of the mid-19th century, recorded from the words of the father Chingiz and his son Chokan Valikhanovs, which was included into the anthology.

The Kazakh variant of the epic "Shora Batyr" is included in the cycle on "forty Nogai batyrs" that was widely circulated among the people. This volume includes the variant of the epic, published for the first time in 1884 in Kazan under the title "Kissa-i Nuriktin ugyly Shory Batyr" according to M. Aliakbarov's variant.

The publication is supplied with a reference data: comments to each work, an ethnographic dictionary, comments on historical personalities, information about artists and collectors of epic texts and their portraits, bibliography, and summary in Russian and English. The edition is richly illustrated.

With the help of the QR code indicated on the cover of the book, the reader can access the electronic and audio versions of the publication posted on the websites.

МАЗМҰНЫ

Дала фольклорының жанрлары 7
Құрастырушылардан 13

Көне эпос 15
Құламерген 17
Дотан батыр 59

Батырлар жыры 119
Алпамыс батыр 121
Қобыланды батыр 237
Қамбар батыр 331
Ер Тарғын 367
Ер Сайын 407
Ер Еділе 455
Шора батыр 495

Суретті сөздік 515
Әдебиеттер 551
Резюме 552
Summary 554

ДАЛА
ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ
АНТОЛОГИЯСЫ

1 том

ГЕРОИЧЕСКИЙ ЭПОС
(на казахском языке)

Утверждено Ученым советом
Института литературы и искусства им. М.О. Ауэзова

Редакторы Ж. Қайранбай
Корректор Ә. Орынбаева
Компьютерге терген Е. Сманова
Аудиожазбаны дайындаған Е. Елгезек
Дизайнер Т. Сорокина
Беттеген А. Жұмағалиев

Басуға 28.10.2019 ж. қол қойылды.
Офсеттік басылым. Қаріп түрі «DS Baltica».
Пішімі 70×108 $^{1}/_{16}$ Көлемі 35,0 б.т.
Таралымы 10 000 дана.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.

«Brand Book» ЖШС баспаханасында басылды